

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ЖӘНЕ
ПРАВОСЛАВИЕ МИССИОНЕРЛЕРІ:
ҚЫЗМЕТІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ
(XIX – XX ҒҒ. БАСЫ)**

Алматы, 2022

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 86,38
Қ 18

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынды (2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 7 хаттама).

Редакциялық алқа:

т.ғ.д, проф. **З.Т. Садвокасова** (жауапты редактор), т.ғ.д, проф., т.ғ.д, проф. **О.Х. Мұхатова**, т.ғ.к., доц. **С.К. Рүстемов**, магистр, ғылыми қызметкер **А.С. Маргулан**, магистр, ғылыми қызметкер **Б.Б. Бурханов**

Рецензенттер:

т.ғ.д, профессор **А.Ш.Махаева** (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті)
т.ғ.д, (PhD), жоғары гуманитарлық ғылымдар мектебінің проф. **А.М.Садықова**
(КеАҚ «Павлодар педагогикалық университеті»)

Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX – XX ғғ. басы). Монография. Авт.коллектив: З.Т. Садвокасова, О.Х. Мұхатова, С.К. Рүстемов, А.С. Маргулан, Б.Б. Бурханов – Алматы: 2022 ж. – 461 с.

ISBN 978-601-7342-58-6

Қарастырылып отырған мәселенің өзекті болатын себебі, мұнда біздің еліміздегі және посткеңестік кеңістіктегі қазіргі конфессиялық жағдай туралы айтылады. Түрлі діни ағымдардың пайда болуы, олардың қатарына жастарды тарту, экстремистік ұйымдардыңрадикалдануы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді. Қазіргі миссионерлер өздерінің бұрынғы тәжірибелерін қолдана отырып, жастарды өз қатарына тартудың әдістері мен тәсілдерін жаңартуда.

Монографияда жаңа анықталған мәліметтер негізінде XIX – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы мұсылман және православие уағыздаушыларының байырғы тұрғындар мен қоныс аударушылар арасындағы қызметі қарастырылды. Ғылыми басылымның ерекшелігі –христиан және исламның дәстүрлі емес бағытындағы миссионерлердің жұмысын жариялау. Сондай-ақ бұл жұмыста мұсылмандардың күнделікті өмірі, мектептер мен медреселерде балаларды оқыту, исламның күшеюі көрсетілген.

Монография АР08855385 «Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX – XX ғғ. басы)» жобасының күнтізбелік жоспарына сәйкес орындалған.

Мазмұны үшін авторлар жауапты

© ҚР ЖБҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, 2022
© ЖК «Мадияр», 2022

Мазмұны

Кіріспе	4
----------------------	---

I тарау. Қазақстандағы миссионерлікті зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері

1.1. Мұсылмандықтың насихатталуын зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері мен тарихнамасы және деректемесі	9
1.2. Қазақстандағы православие миссионерлері қызметінің зерттелуі.....	31
1.3. Православие миссионерлерінің қызметін зерттеу мәселесі бойынша дереккөздерге шолу	62

II тарау. XIX ғасырдағы қазақтардың күнделікті тұрмысында ислам мәдениетінің орнығуы

2.1. Қазақстан мұсылмандарының діні мен мәдениеті	95
2.2. XIX–XX ғасырдың бас кезіндегі мектептер мен медреселер.....	121
2.3. Отарлық әкімшіліктің мұсылман діндарлары позициясының күшеюіне қарсылығы.....	148

III тарау. Мұсылман миссионерлігі

3.1. Қазақ даласының оңтүстік өңірінде Қоқан хандығы үстемдік құрған тұстағы мұсылмандықтың насихатталуы	180
3.2. Татар молдаларының қазақ даласында ислам дінін таратуға атсалысуы	208
3.3. XX ғасыр басындағы мұсылмандық қозғалыстағы қазақ қоғамы	241

IV тарау. Православие миссионерлерінің қызметі

4.1. Қазақтар арасында православие дінінің таралуы.....	267
4.2. Қалмақтарды шоқындыру және оның зардаптары.....	298
4.3. Қазақтарды христиандандыру саясатына қарсылықтар	329

Қорытынды	360
------------------------	-----

Қосымша. Архив құжаттары	368
---------------------------------------	-----

КІРІСПЕ

XIX – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы миссионерлердің қызметін терең зерттеу бүкіл посткеңестік кеңістіктегі және соның ішінде біздің еліміздегі қазіргі заманғы діни ахуалмен байланысты болып отыр. Жетпіс жылдан астам уақыт бойы қалыптасқан коммунистік идеологиядан бас тарту адамдардың санасында вакуумның пайда болуына әкелді. Ол өз кезегінде әлемдік діндер өкілдерінен бастап, дәстүрлі емес ілімдерге дейінгі әртүрлі бағыттағы уағызшылардың қызметіне қолайлы жағдай жасады. Бүгінгі миссионерлер өткен тәжірибені қолдана отырып, өз діндеріне адамдарды тартудың жаңа жолдарын іздеді. Қазіргі уағызшылардың қауіпті болатын себебі, олардың мүмкіндіктері мол.

Бүгінде біздің көз алдымызда бөгде аумақтарды басып алу сипаты өзгеруде. Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың өзекті болатыны да сондықтан. Мұндай үрдіс империя құрамына қосылуы барысында қазақтардың рухани санасына күшті ықпалын тигізді. Ал қазір біз мүлде басқа дәйектіліктің куәсі болып отырмыз. Қазір байланыс, ақпарат және коммуникация құралдарының кеңінен таралуы экспансионистік ұмтылыстар арқылы шынайы революцияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі заманда өзге елдің экономикасына ақпараттық, идеологиялық шабуылдар арқылы да еруге болады. Ауқымы шексіз мұндай шабуылдар үшін ешқандай шекара жоқ. Сондықтан миссионерлердің, әсіресе дәстүрлі еместердің қауіп-қатерін ешбір жағдайда елемеуге болмайды. Кеңес мемлекеті ыдырағаннан кейін ғалымдардың конфессиялық мәселелерге бет бұра бастағаны да сол себепті. Оның хронологиялық ауқымы ежелгі дәуірден бастап бүгінге дейінгі әртүрлі кезеңдерді қамтиды.

Жарияланған ғылыми еңбектердің көпшілігінде қазақтар арасында православие дінін насихаттауға баса назар аударылды. Алайда ислам мен христиан діндеріндегі дәстүрлі емес бағыттар миссионерлерінің әрекеттері жеткіліксіз қамтылды. Осы орайдамұсылмандар мен православтардың санасына әсер етуге тырысатын секталар мен ұйымдардың қазіргі уақытта да бар екендігін айта кетуге тиіспіз.

Діннің дәстүрлі емес бағыттары және солардың өмірлерін насихаттаумен айналысатын тұлғалардың қызметі бүгінге дейін жеткілікті деңгейде зерттелген жоқ. Ресми миссионерлер

үлгілі мінез-құлқымен ерекшеленуі керек еді, христиан дінін насихаттамайтындармен достық қарым-қатынас орнатып, адамдармен өзара құрмет пен «мейірімділікке» негізделген қатынастар орнатуы керек еді.

Миссионерлік қызметтегі беделді және тәжірибелі адамдардың ұсыныстары тартымды болды. Православиенің қызу жақтаушысы және бұратаналар арасында сенушілер санын арттырушы миссионер Н.И. Ильминский ерекше табысқа жетті. Оның қызметі бұратаналарды оқытумен тығыз байланысты болды. Мұндағы басты рөл – «жергілікті адамдарды» білім беру арқылы христиандандыру болды. Ильминскийдің жергілікті халықтан шыққан мұғалімдер бұратаналарға сабақ беруге қолайлы деген гипотезасын православиелік уағызшылар қолдады. Ғалым 1865 жылы бұл принципті жаңаша тұжырымдай отырып, оның этикалық және тілдік факторлары жайлы: «Ондай адам біріншіден, рудың біртұтастық күшіне, халықтың үлкен сенімі мен жанашырлығына сүйенеді; екіншіден, ол соған бейім болады, яғни бұратаналардың ортасынан шыққан мұғалім өз руын түсінудің өлшемі мен жолын жақсы біледі; үшіншіден, жергілікті адам тұрмысы қанша тапшы болса да, туған жерінде өзін жайлы сезінеді, ал басқа адам үшін бұл ауыр болады»¹, – деп жазды.

Татарларды, қазақтарды және басқа да орыс емес халықтарды христиандандыруға үлкен мән берілді. Православие дінін тарату бойынша атқарылған жұмыстарды күшейту үшін мұсылмандарға қарсы әдебиет түрінде рухани азық қажет болды. Осыны басшылыққа алған Қазандағы теологиялық академия әкімшілігі қаржылық қиындықтарға қарамастан, Ресей империясының губернияларына арзан бағамен, кейде тегін таратылатын «Миссионерлердің мұсылмандарға қарсы жинағын» шығара бастады. Бастапқыда «баспаға жұмсалатын шығындар» баспа туындыларын сатудан түскен кіріс есебінен бірден жабылады» деп болжанды². 1885 жылы осы жинақтың бірнеше данасы Жетісу облысы губернаторының өтініші бойынша Ташкенттегі (және басқа облыстардағы) кітапханаға жіберілді.

Орыс шенеуніктерінің бағалауына сүйене отырып, қазақтар қаншалықты немқұрайлы болса да, ислам православиеге қарағанда кең таралды және қолдауға ие болды. Ал бұл мәселеде түсініксіз

¹ Джераси Р. Окно на Восток: Империя, ориентализм, нация и религия в России. – М.: Новое литературное обозрение. 2013. – С. 85.

² Историческая записка о состоянии Казанской духовной Академии после ее преобразования. 1870-1892 / Под ред. С. Терновского. – Казань. 1892. – С.365.

жағдай орын алды. Қазақстанда Орта Азияның отырықшы егіншілікпен айналысатын халқымен салыстырғанда, қалың бұқараға мұсылман дінбасыларының ықпалы әлдеқайда әлсіз болды. Бұл жағдай осы кезеңдегі Қазақстанның бірқатар өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Өздеріңіз білетіндей, XVII – XIX ғасырларда қазақтардың құқықтық қатынастарында ислам дініне негізделген шарифатпен қатар әдет-ғұрып құқығы болған. Қазақтардың барлық мүліктік-құқықтық және отбасылық қатынастарында діни-құқықтық нормалардың осы екі түрі өздерінің практикалық қолданысын тапты. Осыған байланысты Жетісу облысы қазақтарының құқықтық нормаларын зерттеу материалдарында: «Шамалған болысы қырғыздарының құқықтық өмірі, жалпы барлық мұсылмандар сияқты, ең алдымен шарифатпен – жазбаша заңмен айқындалады. ... Олардың өмірін реттейтін екінші дереккөз – олардың пікірінше, шарифат ережелеріне қайшы келмейтін, қырғыз өмірінің көшпелі ерекшеліктеріне қатысты шарифат нұсқауларын толықтыратын және бейімдейтін әдет»³.

Бұл исламның Орталық Азия орталықтарынан ең шалғай жатқан Қазақстанның солтүстік және солтүстік-батыс аймақтарында мұсылман дінінің халықтың қалың бұқарасына ықпалының Бұхара, Хиуа және Қоқанмен шектесетін Қазақстанның оңтүстік аймақтарына қарағанда аз болғанын ішінара түсіндіреді.

Қазақ даласына ислам дінінің әлсіз енуі басқа жағдайлармен де түсіндіріледі. Атап айтқанда, тұрақты көшіп-қонып жүретін экстенсивті көшпелі шаруашылық, отырықшы аймақтардағыдай мешіттер мен медреселер салуға мүмкіндік бермеді.

Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы діни орталықтар Түркістан, Әулие-Ата және Сайрам қалалары болды. Бұларда ислам уағызшылары дайындалды. Солардың ішінде Түркістан Орталық Азияның барлық діндар мұсылмандары үшін киелі мекен болып саналды. Ақмола уезінің бастығы өз баяндамасында былай деп жазды: «Киелі жер саналатын Түркістан қаласында да қожалар тұрады... Түркістан қаласының жақындығы, негізінен олармен тұрақты байланыс мұсылмандықтың басты бағыттаушысы болып табылады»⁴.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстанның солтүстік және солтүстік-батыс облыстарында ислам діні қазақ бұқарасының кең ауқымын

³ ҚР ОМА. 64 қ. 1 т. 360 іс. 10-11 п.

⁴ ҚР ОМА. 369 қ. 1 т. 3696 іс. 15 п.

қамти бастады. Негізінен Қазан, Бұхара және Түркістаннан келген қожалар мен қашырлардан тұратын мұсылман уағызшыларының саны артты. Исламның таралу себебін патшалықтың отаршылдық саясатынан іздеу керек. Өздеріңіз білетіндей, аймақты отарлаудың алғашқы кезеңдерінде патшалық жергілікті ақсүйектердің дініне «төзімділік» көрсетті. Ресей патшалығы өзінің жаулап алу саясатында феодалдық биліктің өкілдеріне сүйене отырып, ислам дінін отаршылдықтың қаруына айналдыруға ұмтылды. Исламды өзінің отарлық жаулап алу саясатында кеңінен қолданды. Сондықтан мешіттер мен медреселер салу арқылы қазақ даласында ислам дінінің таралуы жан- жақты көтермеленді. Осыған орай қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов былай деп жазды: «Қырғыздар, орыс бодандығына кірмес бұрын, тек мұсылман атанғаны болмаса, мұсылман әлемінде ерекше сунниттік алауыздық туғызған. Қырғыздар ешқашан мұсылман заңдарын қабылдамаған, ол заңдар үкіметтік бастама арқылы сыртқы бұйрықтардың күшімен ғана енгізілген»⁵.

Қазақ даласындағы исламның жай-күйіне арнайы тоқталған шенеуніктер өздерінің баяндамаларында патшаның исламға қатысты көтермелеу саясатын жазды. Мәселен, даланың генерал-губернаторына берілген нотада былай делінген: «Даладағы үстемдігіміз басталғанда саяси мүдделер қырғыз халқынан және бүкіл Орталық Азияда өз сенімінің мызғымастығына көз жеткізуді талап етті. Хандарды, сұлтандарды, жалпы даланың беделді адамдарын өзіне бағындыруды ниет еткен үкіметіміз исламшылдыққа толық төзімділік танытып қана қоймай, тіпті біршама қамқорлық жасауға да мәжбүр болды»⁶.

Ислам православиенің таралуына тосқауыл болды. Сондықтан билік қазақтардың діни өмірінің жай-күйін бақылап отырды. Алайда Қазақстанда мұсылмандар санының өсуіне байланысты жағымсыз нәтижелерге қол жеткізді. Қазақ қоғамының исламдану қарқынының артқанын куәландырған факт Меккеге қажылық жасау үшін шетелдік паспорттарды ресімдеу статистикасы болып табылды. Мысалы, «Орал облысында 1882 жылы – 44 қырғыз, 1883 жылы – 49, 1884 жылы – 86, ал қазіргі 1885 жылы – 241 шетелдік паспорттарды пайдаланды. Меккеге және басқа да қасиетті орындарға қарттар мен ауқатты қырғыздар ғана емес, сонымен бірге жас адамдар да барады»⁷.

⁵ Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи // Собр. соч. – Т.4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 1985. – С. 71-76.

⁶ ҚР ОМА. 64 қ. 1 т. 361 іс. 497 п.

⁷ ҚР ОМА. 369 қ. 1 т. 3696 іс. 10-17 п.

Авторлар ұжымының ғылыми зерттеулерінде жаңа дереккөздерін енгізу негізінде XIX – XX ғасырдың басындағы Қазақстан халқы арасындағы православие және мұсылман миссионерлерінің қызметі қамтылған.

Авторлар ұжымы монографиядағы құжаттық және мұрағаттық материалдарды іздеу, анықтау және пайдалану бойынша ауқымды және күрделі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жобаға қатысушылар келесі тараулар мен бөлімдерді жазды: З.Т. Садвокасова (кіріспе, 1 тарау, 2,3 параграфтар; 4 тарау, 1,3 параграфтар, қорытынды), С. К. Рүстемов (1 тарау, 1 параграф; 3 тарау, 1,2,3 параграфтар), О. Х. Мұхатова (4 тарау, 2-параграф), Р. Е. Оразов (2 тарау, 2 параграф), Н.Ы. Жетпісбай (2 тарау, 3 параграф), Б.Б. Бурханов (2 тарау, 1 параграф). Атаулар мен географиялық көрсеткіштерін Б.Б. Бурханов құрастырған. Монографияны баспаға дайындаған А. С. Марғұлан.

Авторлар ұжымы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (Алматы қ.), Орынбор облысы мемлекеттік архивінің (Орынбор қ.), Башқұртстан Республикасы Ұлттық архивінің (Уфа қ.), Ресей Географиялық қоғамы ғылыми архивінің (Санкт-Петербург қ.), Татарстан Республикасы Ұлттық архивінің қызметкерлеріне құжаттармен жұмыс істеу процесінде көрсеткен көмектері үшін алғыс білдіреді.

Орынбор, Уфа, Қазан, сондай-ақ Ыстамбұл қаласының Ататүрік, Сүлеймани, IRCICA, ISAAM (Түркия) ғылыми кітапханаларының қызметкерлеріне XIX – XX ғасырдың басында Ресей империясындағы христиан және ислам дінінің жағдайы туралы ғалымдардың монографиялары, ғылыми жарияланымдармен жұмыс жасап, ғылыми зерттеулеріміз үшін қызықты материалдарды іздеуге және анықтауға көмектескені үшін алғыс айтамыз.

I тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИССИОНЕРЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1. МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ НАСИХАТТАЛУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕСІ

Ғылыми білім ауқымы кеңейіп, шынайылық деңгейі арта түскен сайын ғалымдар жаңа білімге қол жеткізу бағытындағы әдіс-тәсілдерді талдау және негіздеу қарқынын күшейте түседі. Жаңа білім алудың тәсілдерін зерделеу ғылымиәдістеме арқылы жүзеге асады⁸. Сондай-ақ ол танымның одан әрі дамуына жол ашып, оның ауқымы кеңеюіне қызмет етеді. Таным дегеніміз білімді игерумен сипатталатын рухани әрекет болғандықтан, ол аяқталған нәтиже емес, шынайылық сипатқа ие анағұрлым толық әрі терең білімге ұмтыла түсетін үрдіс іспеттес. Ол адамның шығармашылық ізденісімен тығыз байланыста дамып, оның қоғамдық, тарихи үрдістегі өз орнын айқындауына ықпал етеді. Сонымен бірге таным мен әдістеме өзара байланыста дамиды. Ғылыми танымның жетілуімен бірге жаңа білімге жетуге жол көрсететін ұстанымдар, тұжырымдамалар мен теориялар қалыптасады немесе оларға деген көзқарас өзгеріске түседі. Бұл, әрине, тарих ғылымына, оның жекелеген проблемаларын зерделеуге, соның ішінде ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы мұсылмандықтың насихатталуы тарихын қарастыруға да қатысты.

Көрнекті неміс философы Карл Ясперстің пайымдауынша, тарих тұжырымдамасының міндеті бүгінгі дәуірді түсінуге ықпал етумен қатар ондағы орнымызды көрсету болып табылады⁹. Бірақ осы міндетті атқарады деп түрлі кезеңдерде ұсынылған бірқатар тұжырымдамалар таным ауқымының кеңеюіне сәйкес теріске де шығарылады. Мұндай жағдай ғылыми таным методологиясын зерттеуші Г.И. Рузавиннің пікірінше, ғылым саласындағы алға басудың, теория мен зерттеу тәсілдерінің жетіліп жатқандығының көрінісі болып саналады¹⁰.

⁸ Рузавин Г.И. Методология научного познания. – М.: ЮНИТИ-ДАНА. 2005. – С. 7-8.

⁹ Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Политиздат. 1991. – С. 99.

¹⁰ Рузавин Г.И. Методология научного познания. – М.: ЮНИТИ-ДАНА. 2005 – С. 28.

Тарих ғылымында да теория мен тұжырымдамалар теріске шығарылмай немесе жетілдірілмей қалмайды. Бұған таяу уақыттарға дейін еліміздегі тарих ғылымында үстемдік құрып келген маркстік-лениндік ілімге негізделген мұсылмандықтың насихатталуын барынша қаралайтын атеистік ұстанымның қалыптасу, даму және құлдырау кезеңдерін бастан кешуі дәлел бола алады.

Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ кеңестік тарих ғылымының методологиялық базасы ретінде саналып, ол маркстіл тарихшылардың буржуазиялық тарихшылардан ара-жігін ажыратып алуға қызмет етті¹¹. Маркстік-лениндік ілімге сәйкес дүниежүзілік тарихи үрдіс қоғамдық-экономикалық формациялардың бірінен соң бірінің алмасуы түрінде түсіндірілді. Формациялық ұстанымның тарихи үрдісті зерттеудегі бірден-бір ұстаным ретінде кеңестік тарих ғылымында орнығып, өзге теорияларды теріске шығаруы елдегі ғылыми танымның ауқымына және тарихи білім беру жүйесіне өз нұқсанын тигізді. Өткен дәуірдегі тарихи құбылыстарды бір қалыпқа салған маркстік-лениндік ілімге негізделген методология мұсылмандықтың насихатталу мәселесін зерттеушілерге қандай да бір елдің және халықтың тарихи дамуындағы өзгешелік пен күрделілікке баса назар аударттырмай, тап күресіне ерекше көңіл бөліріп, революциялық дамуды абсолюттендіріп, дамудағы эволюциялық үрдістің маңызына мән беруді екінші кезекке ығыстырты. Соның салдарынан тарих ғылымындағы көптеген мәселелер зерттеу аясынан тыс қалды. Формациялық ұстаным зерттеушілерге социализм құрудың теориясы мен практикасы аясынан және осыған орайластыра жасалған білім беру мен тәрбиелеу жүйесі арнасынан шығуға мүмкіндік бермеді¹². Соған сәйкес қазақтар арасында ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында мұсылмандықтың насихатталуы кертартпа күштердің халық арасындағы зиянды әрекеті түрінде ғана түсіндіріліп, қазақтардың 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан ахуалға орай «капитализмге соқпай, социалистік құрылысқа көшуі» барынша дәріптелді.

Қатаң идеологияландырылып, қызыл империя саясатының қызметшісіне айналдырылған кеңестік тарих ғылымы маркстік-

¹¹ Пронштейн А.П., Данилевский И.Н. Вопросы теории и методики исторического исследования. – М.: Высшая школа. 1986. – С. 8.

¹² Поляков Ю.А. Как отразить многомерность истории? // Новая и новейшая история. – 2003. – № 4. – С. 3.

лениндік ілімдегі тап күресі теориясы мен интернационализм ұстанымын басшылыққа алып, ұлттық мүддені ескермеді. Мұндай ұстаным Ресей империясының жаулап алған елдеріндегі қазақтар мен түркі-мұсылман халықтары секілді өзге ұлттардың Кеңестер Одағы құрамында болуын «ірі жетістік» ретінде дәріптеуге ыңғайлы болатын. Соған орай патша өкіметінің отарлық саясаты империя құрамына енген халықтарға «зор қасірет» емес, керісінше оларға «болар-болмас қасірет» әкелген болып шықты. Бұл өз кезегінде ұлттық мүддені, рухани болмысының негізгі тірегі болған мұсылманшылығын қорғау мақсатында қазақ және басқа да түркі-мұсылман халықтарының діни қайраткерлерінің өткен дәуірлерде бірлесе әрекет етуге талпынысын назардан тыс қалдыруға әкеліп соқтырды. Сондай-ақ бұл мәселе ғылыми әдебиеттерде айтыла қалғандай жайт болса, оны ұлтшылдықтың, исламшылдықтың көрінісі ретінде бағалау орын алды. Соның салдарынан дінді насихаттап, мұсылманшылықты дәріптеген дін өкілдерінің атқарған қызметі объективті бағаға ие бола алмады.

Кеңестер Одағы ыдырап, оның құрамындағы республикалар өз тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап посткеңестік республикалардың тарих ғылымында онды өзгерістер бой көрсетті. Ондай өзгерістер қатарына тап күресі теориясына негізделген формациялық ұстанымның отандық тарих ғылымындағы монополиялық жағдайынан арылуын жатқызуға болады. Бүгінгі таңда тарихшылар жаңа әдістік көзқарастарды қалыптастыруға, ойлау әдістерін жасауға, тарихи үрдісті оның өзі қандай болса сол күйінде өзара байланысты, тұтастықпен ұласқан, диалектикалық даму қалпында көруге талпынуда. Уақыт өткен сайын отандық және посткеңестік тарих ғылымында өркениеттік ұстаным перспективалы ұстаным ретінде орнығуда. Түрлі тарихи кезеңдерде Ф. Вольтер, Дж. Вико, О. Шпенглер, А. Дж. Тойнби, Ф. Бродель, С. Е. Десницкий, Н.Я. Данилевский, М. Вебер, Л.Н. Гумилев, С. Хантингтон секілді т.б. ғалымдар дамытуға үлес қосқан өркениеттік ұстанымы бүгінгі таңда формациялық ұстанымды алмастыра алатын әрі ағартушылық пен тәрбиелеу функцияларын атқаратын және ұлттық тарихты зерттеу мен ұлттық идеяның орнығуына қызмет ететін әмбебап парадигма ретінде санала бастады¹³.

Өркениеттік ұстаным марксизмнен әлдеқайда бұрын өмірге келіп, үздіксіз жетілу үстінде болды. Бұл үрдіс әлі күнге өз жалғасын

¹³ Андреев И.Л. Осторожно с «часами» истории (методологические проблемы цивилизационного процесса) // Вопросы философии. – 1998. – № 9. – С. 39.

табуда. Дегенмен осы ұстаным аясында еуроцентристік көзқарас та бой көрсетпей қалмады. Мәселен, XVIII–XIX ғасырлардағы еуропалық ағартушылар арасында көшпелі немесе дала өркениеті өкілдерін отырықшы өмір салтымен мәдениеттің, христиандықтың жауы, «жабайылар» ретінде көрсету, еуропалықтардың Шығысты жаулауларының «объективті» екенін негіздеуге тырысу, Еуропаның Шығыстағы үстемдігін негіздеуде еуроцентристік идеяларды методологиялық тірек ретінде пайдалану орын алды. Кейіннен мұндай еуроцентристік тұжырымдаманы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі орыс зерттеушілерінің бірқатары пайдаланып, Ресейдің Орталық Азиядағы экспансиялық саясатын «орыстардың өркениеттік миссиясы» ретінде дәлелдемек болды. Мұндай көзқарасты жақтаушы орыс зерттеушілері қазақтар мен өзге түркі-мұсылман халықтары арасындағы отарлық билік орындарының жергілікті халықты еуропалық өркениетпен «байланыстырушы көпір» қызметін атқаратындығын дәлелдеуге тырысып, мұсылманшылықты насихаттаушыларды кемсітуді көздеп, ұлыдержавалық мүддені жоғары қойды. Әрине, олар қазақтардың арасындағы мұсылманшылықты уағыздаушыларды «төменгі даму сатысындағы, өркениеттің соңында қалған халықтардың өкілі» деп түсіндірді. Ал қазақтар мен өзге де түркі-мұсылман халықтарының патшалық Ресейдің ислам дініне қатысты саясатына, отарлық билігіне бірлесе қарсылық көрсету әрекеті «озық өркениетті» қабылдауға наразылық, «тағылық сарқыншақтары» ретінде бағаланды. Сондықтан да еуроцентристік көзқарас шынайылықты көрсетпейді, керісінше, бір халықтың екінші халыққа, яғни еуропалықтардың үстемдігін ақтауға бағытталған ұстаным деп бағалануы тиіс. Мұндай көзқарас тарихи процесті шынайы тұрғыда түсіндіре алмайтындығын кезінде көрнекті тарихшығалым М.Қ. Қозыбаев өз еңбегінде айта келіп, А. Тойнби, О. Шпенглер секілді ғалымдардың құрамына қазақтар мен қырғыздар да кіретін түркі халықтарын өркениетсіз халық етіп көрсету әрекеттерін сынға алған болатын¹⁴.

Тарихи зерттеулердің теориялық-әдістемелік мәселелеріне байланысты еңбек жазған ғалым Л.Р. Хут өркениет теориясы қазіргі заманда өз дамуының жоғары сатысына көтеріліп, онда өркениетті элеуметтік-мәдени құрылым ретінде пайымдаушылық белең алғанын, бұл теорияның аясында тарихи жадыны түлету, тарихи үрдісті

¹⁴ Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: «Сөздік-Словарь». 2001. – 14 б.

гуманистік тұрғыда әрі эволюциялық сабақтастықта қарастыру жүзеге асатындығын айтып, әлемдік-тарихи және мәдени-тарихи тұжырымдамалар өміршеңдік танытып отырғанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, әлемдік-тарихи тұжырымдама халықтар тарихын прогрестік дамудың бірегей үрдісі ретінде қарастырады, ал мәдени-тарихи тұжырымдама еуропалық емес халықтардың арттақалушылығы немесе тоқыраушылығы дегенді қолдамай, әрбір мәдени аймаққа өзіндік даму жолы тән екенін негіздейді¹⁵.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтардың рухани өмірінде, діни ахуалында орын алған тарихи құбылыстар мен оқиғалардың астарын терең түсініп, дұрыс пайымдауда мәдени-тарихи тұжырымдаманың орны ерекше. Бұл тұжырымдамаға сәйкес әлеуметтік-мәдени, психологиялық, этникалық факторлардың өзара ықпалдастығына, олардың қоғамдық дамудағы орнына және мұсылманшылықтың насихатталуына әсері деңгейіне назар аударылады. Сонымен қатар бұл тұжырымдамада қазақтардың көшпелі өркениет өкілдері екені және кез келген өркениеттің әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде өзіндік рухани, ел билеу, тіршілік ету, адамдар арасындағы өзара қатынас, еларалық байланыс мәдениетіне ие болатыны ескеріледі. Бірақ бұл әлемдік-тарихи тұжырымдама қазақтардың арасында мұсылмандықтың насихатталуын ашып көрсетуде дәрменсіз дегенді білдірмейді. Әлемдік-тарихи тұжырымдаманың арнасында қазақтардың арасындағы сол тарихи кезеңдегі діни ахуалды әлемдік тарихтың, Шығыс әлемі, Ислам әлемі тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға жол ашыла түсетіндігін де назарда ұстаған абзал. Сондай-ақ бұл тұжырымдама мұсылмандықты насихаттауда қазақтардың басқа мұсылман халықтарымен өзара байланысының сипаты мен өрбу қарқынына әсер еткен сыртқы факторларды бағамдауға мүмкіндік береді.

Өркениеттілік ұстаным тарихи зерттеулер методологиясының тарихилық (историзм) принципімен де үйлесімділік табады. Бұл принцип XIX ғасырдың алғашқы жартысында Германияда интеллектуалды ағым ретінде бой көрсетіп, кейіннен бүкіл Батысқа тарады. Сол кезде Берлин университетінің профессоры Леопальд фон Ранке тарихилық принципін жақтаушылардың ең ірі өкілі ретінде танылған-ды. Ол тарихшының басты міндеті өткен

¹⁵ Хут Л.Р. Новистика: вопросы теории. – М.: Изд-во Московского педагогического университета. 2003. – С. 54.

дәуірдің менталитетіне үңіліп, сол дәуірдің адамдары басқаша емес, неге дәл солай әрекет еткенін айқындауы керек, сонда тарихи шындық бұрмаланбайды деп санады. Оның ізбасарының бірі И.Г. Дройзен болса, бұл пікірді дамыта отырып, тарихилық принцип өткен дәуір туралы тура түсінік қалыптастырумен бірге қоғамның әрі қарай қандай жолмен жүруі керектігіне бағыт бере алады, тарихи зерттеудегі қателік әйтеуір бір қоғам дамуына кері әсерін тигізбей қоймайды деген тұжырым жасаған болатын¹⁶. И.Г. Дройзен осындай пікірі арқылы өркениеттілік ұстанымды жақтайтынын және оны формациялық ұстанымға балама ретінде ұсынатынын байқатумен қатар, тарихтың басты мақсаты – танымның тарихи заңдылықтары мен тарихи білім деңгейін айқындау екенін көрсеткен еді¹⁷.

Тарихилық принципін жақтаушылар тарихи сананы тарих қалыптастыратынын негіздеді. Олар тарих ғылым ретінде тарихи сананы жаңғыртуға және өткен дәуірдегі тарихи оқиғалар мен құбылыстар жайлы түсінігіміздің шынайы болуына қызмет етуі тиіс деп есептеді. Сондай-ақ олар белгілі бір проблеманы зерттеу барысында өткен дәуір мен өз заманының айырмашылығын көре білу керектігін, объектіні қоршаған ортасынан бөліп алмай, онымен контекстте қарастыру қажеттігін және тарихи құбылыс басқа оқиғалармен диалектикалық байланыста әрі үрдіс ретінде көрсетілуі тиістігін қолдады¹⁸. Ұсынылған осы қағидалар бойынша XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтар арасындағы мұсылманшылықтың насихатталуы тарихи оқиғалармен тығыз байланыста қарастырылып, қазақтардың басқа мұсылман халықтармен өзара байланыстарының өрбуін шынайы түрде көрсетуге мүмкіндік аламыз. Бұл ретте қазақтар арасында мұсылманшылықтың насихатталуына 1814 жылы Қоқан хандығының Түркістан қаласын өз иелігіне қаратуы, патшалық Ресейдің Түркістанға әскери экспансиясы, 1868 жылы қазақтардағы дін істерінің Орынбор мұфтилігінің қарамағынан шығарылуы,

¹⁶ Кириленко Е.И. Традиция историко-методологических исследований в немецком либеральном историзме // Методологические и историографические вопросы исторической науки / отв. ред. Б.Г. Могильницкий. – Томск: Изд-во ТГУ. 1992. – С. 82.

¹⁷ Алимгазинов К.Ш. История и ее рефлексия на источниковедческую концепцию И.Г. Дройзена // Отан тарихы. – 2007. – № 3. – С. 138.

¹⁸ Джуманалиев А.Д. Методология исторической науки и некоторые проблемы историографии Кыргызстана XX века // Вопросы истории Кыргызстана. – 2006. – № 4. – С. 9-10.

1898 жылғы Әндіжан көтерілісі, бірінші дүниежүзілік соғыс секілді т.б. оқиғалар мен құбылыстарға назар аударылады. Сондай-ақ мұсылмандықты насихаттаудағы мүфти Мұхамеджан Хүсейінов, мүфти Сәлімгерей Тевкелев, Науан хазірет, Ахмет қажы Оразаев, Досжан ишан, Сейіт Ата, Ахмет Тефик секілді т.б. қайраткерлердің келбетіне, ұстанымдарына және атқарған қызметтеріне көңіл бөліну керектігі аңғарыла түседі. Мұнымен қоса қазақтардың өмірінде орын алған оқиғалар мен құбылыстарға сол дәуірдегі жекелеген адамдардың, дін иелерінің қатысы болғандығы айқындалады. Адам – қоғамның жемісі әрі субъектісі екені ескеріледі. Мәселені осы тұрғыдан қарағанда, ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезінде қазақтар арасында мұсылманшылықты насихаттауда қазақ дін иелерінен басқа қоқандық және бұқаралық діндарлардың әрі татар молдаларының белсенділік танытуының себептері мен нәтижелерін және ондағы жеке тұлғалардың рөлін бағамдауға деген мүмкіншілік артады.

Халықтар арасындағы өзара әлеуметтік және рухани байланыстар үрдісі көптеген адамдар мен жеке тұлғалардың тағдырына және мүдделеріне әсер еткен оқиғалар мен құбылыстардың жиынтығы іспеттес. Оның өрбу қарқыны мен сипатына жеке тұлғалардың белгілі бір мүддені қорғау жолындағы әрекеттерімен қатар өзге бір көршілес елдердің саяси ұстанымдарындағы ерекшеліктер мен геосаяси ахуалдағы өзгерістер де өз әсерін тигізбей қоймайды. Мұның өзінен халықтар арасындағы байланыстар тарихын зерттеудің көп қырлы екені аңғарыла түседі. Осындай жайтты ескере отырып, тарих методологиясын зерттеуші ғалым В.Ф. Коломийцев халықтар арасындағы қарым-қатынасқа орай қалыптасқан тұжырымдамалар мәселесіне байланысты жазылған еңбегінде әлемдік саясат жанжалдар мен ымырашылдықтың қосындысы екенін алға тартқан болатын. Ол халықтар арасындағы байланыстарды қарастыруға қатысты жанжалдар мен ынтымақтастық тұжырымдамалары барын атап көрсетеді¹⁹. Бұл тұжырымдамалардың қарастырып отырған мәселеге, қазақтар арасында мұсылманшылықтың насихатталуында орын алған жанжалдар және өзара келісімдер мен ынтымақтастық жайттарын зерделеуге де өзіндік қатысы бар. Алайда осы тұрғыда халықтар арасындағы қатынасты қарастыруда ымыраға келушілікке, гуманистік саясатты қолдаушылыққа және өзара ынтымақтастыққа мән беру жөніндегі тарих философиясын зерттеуші, немістің көрнекті ғалымы

¹⁹ Коломийцев В.Ф. О некоторых концепциях международных отношений // Государство и право. – М.: Наука, 1994. – № 12. – С. 81-82.

Э. Трельчтің пікірін де²⁰ ескерусіз қалдыруға болмайды. Соған орай қазақтардың арасында мұсылманшылықты насихаттауда ортаазиялық діндарлар мен татар молдалары арасында орын алған жанжалдарды және өзара мәмілегерлікке назар аудару қажеттігі артады. Қазақтар арасында мұсылманшылықты насихаттауда ортаазиялық діндарлар мен татар молдалары ғана емес, османдық түріктер де бой көрсетті. Олар діни уағыздары барысында халықтар арасындағы ауызбірлік, ынтымақтастық және гуманизм қағидаларын да дәріптеді.

Бүгінгі таңда қоғамның, күллі ғаламның мүддесі үшін мемлекеттердің ішкі-сыртқы саясаттарында гуманизм идеяларын басшылыққа алу, халықтар арасындағы қарым-қатынаста гуманизм қағидаттарына жүгінуді жүзеге асыру маңызға ие. Гуманизм – адамгершілікті, адамға сүйіспеншілік идеясын білдіретін көзқарастар жүйесі ретінде адамзаттың еркіндігі мен теңдігін ардақтайды және әрбір жеке тұлғаның ар-намысын құрметтейді. Гуманизм – тек дүниетанымдық тұжырымдама ғана емес, ол әрі экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси қатынастарды қамтитын практикалық өмірдің үлкен бір бөлігі. Ол экономикалық, саяси және мәдени өмірдің тұтастығын, адамзат бұл дүниенің жоғары құндылығы екендігін дәріптейді²¹. Тарихтан адамзат тәлім алғанда одан ең бастысы адамгершіліктің мәңгілік құндылықтарына жетудің жолын аңғаруы тиіс²². Қазақтар арасында мұсылманшылықтың насихатталу тарихын қарастыру барысында гуманизм тұжырымдамасы басшылыққа алынған жағдайда тарихтың тәрбиелеу функциясының елеулі бір бөлігі жүзеге асырылып, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруі, ынтымақтастығы, гуманистік құндылықтар дәріптеледі.

Тарихи білім саласына гуманистік мазмұн беру мәселесі тарихшылардың «Анналдар мектебі» өкілдеріне де тән еді. Бұл мектептің басында тұрған француз ғалымдары – Л. Февр мен М. Блок тарихты қазіргі қоғам өмірімен байланыстыру, ғылыми айналымға бұрын қосылған деректерді жаңаша пайымдап оқу, зерттеулердің дәстүрлі емес әдістерін қолдану мәселелерін көтерді. Олар 1929 жылы негізін қалаған «Анналдар» атты басылым алғашқы санынан-ақ тарихты зерттеуді кең ауқымда жүргізуге, қоғамдық пәндер арасындағы байланысты нығайтуға үндеді. «Анналдар

²⁰ Трельч Э. Историзм и его проблемы / пер. с немецкого. – М.: Юрист, 1994. – С. 687.

²¹ Сенявский А.С. Теоретические проблемы исторической науки // Новая и новейшая история. – 2002. – № 2. – С. 190.

²² Басовская Н.И. Цель истории – История. – М.: РГГУ, 2002. – С. 9.

мектебінің» ғалымдары тарихтың мазмұндылығын арттыруға, «барлығын қамтитын (жаһандық) тарих» арнасында тарих ғылымының методологиясын жетілдіре түсуге ерекше мән беріп, өткен дәуірлерді тарихи проблемалар түрінде қарастыруды, деректерге сыни тұрғыда қарауды ұсынып, салыстырмалы-тарихи әдісті зерттеулердегі нәтижелі әдіс ретінде санады²³. «Анналар мектебі» өкілдерінің ұстанымына сәйкес XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы мұсылманшылықтың насихатталуындағы ерекшеліктерді проблема ретінде қарастырылуына, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктерінің айқындалуына, зерттеудің өзге қоғамдық пәндермен ұштастырылып, оның мазмұндылығының артуына, бұрындары бұрмаланып түсіндіріліп келген оқиғалар мен құбылыстардың деректерді ой елегінен қайта өткізу және жаңа әдістерді қолдану арқылы шынайы тұрғыда жазылуына кең жол аша түседі. Бұл мектеп өкілдерінің деректерді сұрыптауды жүзеге асыратын және ғылыми проблеманы қарастыру қырын айқындайтын зерттеушінің шығармашылық белсенділігіне сенім арта отырып, тарихшылардың деректік материалдарға тәуелділігін мойындауымен²⁴ келісуге болады. Ғылыми таным методологиясын зерттеуші ғалымдар деректік материалдарға негізделген дәйектемені (аргумент) жасалған тұжырымдарға көз жеткізудің методологиясы ретінде қарастыруды ұсынуда. Сондай-ақ олар дәйектеменің фактілік (айғақтық) және логикалық аспектілері белгілі бір тұжырымдама бойынша жасалған тұжырымның сенімділік көрсеткіші деп санайды²⁵. Осындай пікір негізінде қазақтар арасында мұсылманшылықтың насихатталуы тарихына қатысты жаңа деректік мәліметті жаңа тұжырымдар жасауға алып келеді деп те есептеуге болады. Сонымен қатар әрбір жаңа деректің ғылыми айналымға тартылуы арқылы қазақтар арасында мұсылманшылықтың насихатталуы жайлы таным деңгейін арттыруға қызмет етеді деп қабылдануы тиіс.

Белгілі бір тарихи оқиғаға немесе құбылысқа түрлі қырынан қарап, оған түрліше баға беруге болады. Бұл ғылымдағы плюрализмнің көрінісі. Берілген осы әрқелкі бағалардың біреуі ғана дұрыс болып табылады. Дұрыс бағаның өзіне танымдық үрдістің жетілуі негізінде

²³ Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. – М.: Дрофа. 2004. – С. 226-227.

²⁴ Сонда, 229 б.

²⁵ Герасимова И.А., Новоселова М.М. Аргументация как методология убеждения // Вопросы философии. – 2003. – № 10. – С. 78-79.

көз жеткіземіз²⁶. Оның өзінде дәйектеменің айғақтық аспектісі мен жасалған тұжырымның логикалық тұрғыда үйлесімді болуы елеулі рөл атқарады. Бұл ретте қазақтар арасында мұсылманшылықты насихаттауда болған оқиғаларды бағалауда да түрлі деректік материалдарды ғылыми айналымға тартудың өзіндік танымдық маңызға ие екенін назарда ұстау қажет. «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананың қалыптасу тұжырымдамасында» Қазақстан тарихының дереккөздеріне жаңа көзқарас қалыптастыру қажеттігінің баса көрсетілуі бұл пікірді нақтылай түседі. Жаңа деректерді іздестіру, оларды сұрыптап талдау негізінде арғы-бергі тарихымыздың «ақтандақ» беттерін толтырудың жолдары мен әдістері айқындалады²⁷. Мұны тарихтың теориялық-методологиялық мәселелерін зерттеуші-ғалым Н.И. Смоленский де растайды. Ол тарих ғылымы бірегей, ортақ ұстанымға мойынсына қоймайтынын, тарихшылардың ізденісі өз дәуірінің білім деңгейі мен қоғамдық сұранысқа байланысты екенін, кезкелген ғылым деректердің жинақталуынан бастау алатынын, оның өз кезегінде білімді дамытып, методологиялық проблемаларды айқындауға негіз болатынын атап көрсеткен-ді²⁸.

Тарих ғылымы саясат пен идеологиядан тысқары қала алмайды. Оған саясат пен идеология белгілі дәрежеде ықпал етпей қоймайды. Сонымен бірге ол белгілі бір идеологиялық құндылықтарды қорғай отырып, қоғамдық сананың қалыптасуына септігін тигізеді. Бұл ретте тарихты «идеологияның жай қызметшісі» деп сипаттауға әсте болмайды. Өйткені тарих ғылым ретінде идеологияны, қоғамдық сананы түлету, оны гуманистік бағытқа бұру потенциалына ие²⁹. Ол жаһандану дәуірінде өзекті мәселеге айналған ұлттық құндылықтардың беріктігіне қызмет етеді³⁰. Соның өзінде де тарихтың неғұрлым шынайы болуы шарт. Соған орай қазақтар арасында ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында мұсылмандықтың насихатталуы мәселесін ғылыми айналымға деректерді талдай отырып молынан

²⁶ Лазарев Ф.В., Лебедев С.А. Проблема истины в социально-гуманитарных науках: интервальный подход // Вопросы философии. – 2005. – № 10. – С. 105.

²⁷ Нұрпейіс К. Қазақстанның жаңа тарихы // Таным таразысында. – Атырау: Атырау-Ақпарат, 2006. – 70 б.

²⁸ Смоленский Н.И. Теория и методология истории. – М.: Академия. 2007. – С. 4-5.

²⁹ Могильницкий Б.Г. Методология истории в системе университетского образования // Новая и новейшая история. – 2003. – № 6. – С. 13

³⁰ Страд В. Глобализация и история // Новая и новейшая история. – 2002. – № 6. – С. 60.

енгізу арқылы, ол үрдісті диалектикалық даму, өркениеттік ұстаным мен тарихилық принцип пен гуманизм, ынтымақтастық және мәдени-тарихи тұжырымдамалар тұрғысынан қарастырудың маңызы зор деуге болады.

Ғылыми ізденістің методологиясынан зерттеудің әдісін (методика) бөліп қарауға болмайды. Олар өзара байланысты. Бірақ методология мен әдіс өзара ерекшеленетін өзіндік таным формаларына ие. Әдіс арқылы методология жүзеге асырылады³¹. Әдіс кең мағынасында теориялық немесе практикалық мақсатқа жетудің ретке келтіріле ұйымдастырылған тәсілі, зерттеу жұмысының технологиясы ретінде пайымдалады. Қазіргі кезде ғылым алға қойылған міндеттер мен проблемаларды шешуге байланысты басшылыққа алатын түрлі тәсілдерді ұсынуда. Мұның өзі ғылыми зерттеу әдісінің жетілу, жаңғыру үстінде екенін аңғартады³².

Ғылыми зерттеулерде анализ бен синтез басты әдіс ретінде саналатыны белгілі. Олар бір-бірінен өзара нақтылы түрде межелене ажыратылған және сырттай қарағанда бір-біріне қарсы қойылған зерттеу әдістері іспеттес. Аталған екі әдіс таным үрдісінің әрқелкі сатысына қызмет етеді. Таным зерттеу объектісі туралы бытыраңқы бөлшектер түріндегі бейберекет түсініктен бастау алады. Сол бытыраңқылықты ойша құрастыра тұтастандыру, яғни синтездеу нәтижесінде объект туралы толығырақ түсінік қалыптасады³³.

Қорыта айтқанда, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақтар арасындағы мұсылмандықтың насихатталуы тарихын қарастыруда тарихи зерттеулерде қолданысқа ие анализ бен синтез, ретроспективалық, салыстырмалы-тарихи және сипаттап баяндау әдістері ұсынылған методологиялық ұстаным мен принципті және тұжырымдарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мәселеге қатысты жаңа қорытындылар жасауға өзіндік игі ықпалын тигізеді деп санауға болады.

Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан аумағында мұсылманшылықтың насихатталуы мәселесіне қатысты алғаш пікір білдірушілердің бірі Ш.Ш. Уәлиханов болды. Оның XIX ғасырдың ортасында жарық

³¹ Смоленский Н.И. Теория и методология истории. – М.: Академия. 2007. – С. 217.

³² Рузавин Г.И. Методология научного познания. – М.: ЮНИТИ-ДАНА. 2005. – С. 4.

³³ Шеуджен Э.А. Введение в методологию научного исследования. – Майкоп: Изд-во Адыгейского гос. университета. 2001. – С. 27.

көрген «Даладағы мұсылмандық туралы»³⁴ және «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары»³⁵ атты еңбектерінде сол тарихи кезеңдегі қазақтар арасындағы мұсылмандықтың насихатталуына қатысты тұжырымдар білдірілген. Ш.Ш. Уәлихановтың пікірінше, XIX ғасырдың 50-ші жылдарына қарай қазақтар арасында ортаазиялық діндарлар мен татар молдаларының әрекеті нәтижесінде мұсылмандықтың насихатталуы екпін ала түскен. Соған орай қазақ даласында «мұсылмандық кейіпке түскендер қатары көбейген. Ш.Ш. Уәлиханов мұсылмандықтың насихатталуына қарамастан қазақтар арасында исламға дейінгі діни наным-сенімнің қалдықтары сақталып қалғанына да назар аударып, ондай шамандық белгілерін ортаазиялық діндарлар мен татар молдаларының дүние-мүлікке қол жеткізу жолындағы көзбояушылық, қулық секілді кері әрекеттерімен байланыстырады. Сондай-ақ патшалық Ресей билігінің дінге қатысты ұстанымының астарында қазақтарды орыстандыру мен шоқындыру пиғылы жатқанын да атап өтеді.

Қазақтар арасында ғана емес, оған көршілес өзге де түркі тілдес мұсылман халықтары арасында, атап айтқанда, Шығыс Түркістанда, ортаазиялық хандықтардың мұсылманшылықты насихаттауда елеулі рөл атқарып жатқаны Ш.Ш. Уәлихановтың «Алтышар мемлекеті жайлы»³⁶ еңбегінде көрініс тапқан. Бұл еңбегінде Ш. Уәлиханов қашқарлық мұсылман дінбасылардың патшалық Ресейдің қол астындағы қазақтарға елеулі ықпалы болғаны жайлы пікір білдіреді. Мұндай пікірді 1870 жылдары Қашқарға саяхат жасаған Роберт Шаның еңбегінен³⁷ де кездестіруге болады. Оның еңбегінде Қашқар билеушісіне Бұхар әмірінің діни тұрғыда өзіндік әсері болғаны, XIX ғасырда Бұхар әмірлігінің дінбасылары Шығыс Түркістанға ғана емес, бүкіл түркі әлеміне мұсылмандықты насихаттауымен ерекшеленді деп бағаланады. Р. Ша

³⁴ Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи // Собр. соч.: в 5 т. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – Т.4. – С. 71-77.

³⁵ Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собр. соч.: в 5 т.- Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – Т.4. – С. 48-70.

³⁶ Валиханов Ч.Ч. О состоянии Алтышара или шести восточных городов Китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии) в 1858 – 1859 годах // Собр. соч.: в 5 т. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – Т. 3. – С. 97-218.

³⁷ Ша Р. Очерки Верхней Татарии, Яркенда и Кашгара (прежней Китайской Татарии). – СПб.: Тип. М.Хана, 1872. – С. 31-33.

сол тарихи кезеңде Қашқарда өз көзімен көргендерін баяндаған, оның ақпарат алған адамдары қатарында Орталық Азиядағы Бұхар әмірлігі мен Қоқан хандығынан шыққандарда болған. Орталық Азияның өкілдері Р. Шаға Бұхар әмірлігіндегі медреселердің түркі тілдес халықтардың рухани өмірінде ерекше рөл атқаратындығын, оған қазақ даласынан ғана емес, Еділ-Орал өңірінен де білім алушылар келетіндігі жөнінде мәліметтер берген. Мұндай мәліметтер Р. Шаның еңбегінің құндылығын арттыра түседі.

Р. Шадан кейін 1873 жылы Шығыс Түркістанға саяхат жасаған Г. Беллью де түркі халықтарының әлеуметтік-саяси өмірімен қатар рухани жағдайы көрініс тапқан еңбек³⁸ қалдырды. Бұл еңбекте ортаазиялық діндарлар Шығыс Түркістанның жергілікті халықтарына және Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар арасында мұсылманшылықты насихаттауда белсенділік танытып отырғанын атап көрсеткен. Күнделік үлгісімен жазылған Г. Белльюдің еңбегіндегі мәліметтер Д.Ч. Боулгердің 1878 жылы жарық көрген еңбегіне³⁹ негіз болды. Д.Ч. Боулгердің еңбегінде Шығыс Түркістанда болған Г.Белльюдің және Р. Шаның қалдырған мәліметтері кеңінен ғылыми айналымға тартыла отырып, Қашқардың билеушісі Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздарға ықпал етуде исламшылдықты пайдалануға талпынды деген тұжырым жасалады.

Г. Белльюдің еңбегіндегі исламшылдық жайлы пікір негізсіз емес еді. Мұны ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген Н.А. Аристовтың⁴⁰, А.П. Хорошхиннің⁴¹ және А.П. Куропаткиннің⁴² еңбектеріндегі мәліметтер негіздей түседі. Бұл авторлардың еңбектерінде ортаазиялық және қашқарлық діндарлардың Түркістанда жүргізген діни насихаты исламшылдықтың көрінісі ретінде сипатталған.

³⁸ Беллью Г. Кашмир и Кашгар. Дневник английского посольства в Кашгар в 1873-1874 г. – СПб.: Тип. Товарищества «Общественная польза», 1877. – С. 229.

³⁹ Boulger D.C. The life of Yakoob-beg; atalikchazi, and Badaulet; amer of Kasgar. – London: W.H. Allen, 1878. – 344 p.

⁴⁰ Аристов Н. Отношения наши к дунганам, Кашгару и Кульдже// Материалы для статистики Туркестанского края – СПб.: Издательство Туркестанского стат. Комитета, 1874. – Ч.3. – С. 170-181.

⁴¹ Сборник статей, касающихся Туркестанского края А.П. Хорошхина. – СПб.: Типография А. Траншеля, 1876. – С. 51.

⁴² Куропаткин А.Н. Кашгария. Историко-географический очерк страны ее военные силы, промышленность и торговля. – СПб.: Типография М.С. Балашева. 1879. – С.166.

Қоқан хандығында өмір сүрген Мухаммад Юнус Тоиб⁴³, Мушриф Мирзоолим⁴⁴, Махдум Қожа⁴⁵, Ысқақхан төре Ибрат⁴⁶ және Мағзуни⁴⁷ секілді тарихшылардың еңбектерінде де Исламды насихаттаудағы қоқандық діндарлардың рөлі сипатталған. Сондай-ақ олардың еңбектерінде Қоқан хандығы исламшылдықты патшалық Ресейге қарсы күресте пайдалануға тырысқандығы жөнінде мәліметтер келтіріледі. Аталған қоқандық тарихшылардың еңбектері жайлы мәлімет көрнекті қазақ тарихшысы Т.К. Бейсембиевтің еңбегінде⁴⁸ берілген. Осы орайда Бұхар әмірлігіндегі мұсылмандықтың насихатталуынан мәлімет беретін шығармалардың дені Л.М. Епифанова әзірлеген жинаққа⁴⁹ енгенін айта кеткен жөн. Бұл жинаққа енген бұхаралық тарихшылардың еңбектерінде де исламшылдықты насихаттауға мән берілген.

Түркістан аумағында қоқандық және бұхаралық діндарлардың белсенді әрекеті қашқарлық тарихшы Молда Мұса Сайрамидің еңбегінде қарастырылып, ортаазиялық діндарлардың Шығыс Түркістандағы рухани өмірге ХІХ ғасырдың 50-70 жылдары қарқынды түрде араласты деген пікір білдіреді. Молда Мұса Сайрамидің еңбегі 1905 жылы Қазан қаласында көрнекті шығыстанушы Н.Н. Пантусовтың атсалысуымен жарық көрді⁵⁰.

Ресей империясы аумағындағы түркі-мұсылман халықтарының арасында діни-ағартушылық бағытта ортаазиялық дін иелерімен қатар татар діндарлары дақызу жұмыстар жүргізді. Бұл мәселеге

⁴³ Мухаммад Юнус Тоиб. Тарихи Алимкули Амирлашкар // Шаркюлдузи. – 1996. – №1. – 214-223 б.

⁴⁴Мушриф Мирзоолим. Ансоби у-салодин вагаворихул-хавокин: «Султан-лар насаби вахақонлар тарихи» (Қуқонхонлиги тарихи). – Тошкент: Ғ. Ғуломномидаги Адабиёт васанъат нашриёти, 1995. – 128 б.

⁴⁵ Мулла Олим Махдум Хожи. Тарихи Туркистон. – Қарши: «Насаф» нашриёти. – Тошкент: 1992. – 151 б.

⁴⁶ Исхоқон Тура Ибрат. Танланганасарлар. – Тошкент: «Маънавият», 2005. – 200 б.

⁴⁷ Мағзуни. Фарғана хандарынын тарыхы. – Бишкек: «Турар», 2007. – 275 б.

⁴⁸ Бейсембиев Т.К. Коканская историография: исследование по источниковедению Средней Азии XVIII-XIX веков. – Алматы: ТОО «Print-S», 2009. – 1263 с.

⁴⁹ Епифанова Л.М. Рукописные источники Института востоковедения АН УзССР по истории Средней Азии периода присоединения ее к России. – Ташкент: «Наука». 1965. – 75 с.

⁵⁰ Молла Мұса бин Молла Ғайса Сайрами. Тарихи Әмине. – Изданное Н.Н. Пантусовым. – Казань: Тип. Императорского университета, 1905. – 320 б.

алғаш назар аударғандардың қатарында Ш.Маржаниді ерекше атауға болады. Оның 1883 жылы жарық көрген еңбегінде⁵¹ татар діндарларының қазақтар арасында діни насихат жүргізуі XVIII ғасырдың соңына қарай қарқын ала түскені, мұның себебі 1888 жылы Орынбор мүфтилігінің ашылуына байланысты екені көрініс тапты. Ол өз еңбегінде мүфтиліктің мұрағатындағы материалдарды кеңінен пайдалана отырып, діни басқарманың ашылуы және XIX ғасырдың соңына дейінгі мүфтилердің өмір жолы мен атқарған қызметі жайлы айтып, әрбір мүфтиге өзіндік баға берген⁵². Мүфтилерге баға беру барысында олар патша өкіметінің нұсқауларынан шыға алмай, соның аясында ғана қызмет етті деп тұжырымдайды. XVIII–XIX ғасырдағы түркітілдес халықтардың, соның ішінде қазақтардың да рухани өмірі көрініс тапқан Маржанидің еңбектерін жуырда А.Н. Юзеев орыс тіліне аударып, жинақ етіп⁵³ және түсіндірмелермен толықтырылған жеке кітап⁵⁴ түрінде бастырып шығарды.

Қазақтардың арасында татар молдаларының қызметі мәселесіне Қ. Халидтің «Тауарих хамса» атты еңбегінде назар аударылып, оған пікір білдірілген. 1910 жылы Қазанда басылып шыққан бұл кітапта татар молдалары патша өкіметі нұсқауын басшылыққа ала отырып, қазақтар арасында отаршылдықтың «сойылын соғуға септігін тигізді» деген мазмұнда бағамдалған⁵⁵.

XX ғасыр басында қазақтар арасындағы мұсылмандық мәселесіне Алаш қозғалысының жетекшілері де көңіл бөле бастады. Бұл ретте Ә. Бөкейханның 1910 жылы жарық көрген «Қырғыздар» («Қазақтар») атты еңбегін ерекше атауға болады. Осы еңбегінде ол қазақтар арасында екі саяси бағыт қалыптасып келе жатқандығын, оның бірі батысшылдар, яғни қоғам дамуында батыс дәстүрін үлгі тұтушылар, ал екіншісі, қазақтарды бүкіл мұсылмандармен біріктіруге ұмтылған ұлттық-діни, түрікшіл бағыт екендігін көрсеткен-ді. Өз ойын қорыта келіп, Ә. Бөкейхан патша өкіметінің орыстандыру саясатына қолдау танытуының нәтижесінде батыс мәдениетіне күмәндана қарайтын

⁵¹ Мәржани Ш. Мукадима китаб вафийат әл аслаф ва тахийат әл-ахлаф. – Казань: Тип. Императорского университета, 1883. – С. 52.

⁵² Мәржани Ш. Мөстәфадел – әхбарфиәхвали Казан вә Болгар (Казан вә Болгар хәлләре турында файдаланылған хәбәрләр). – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1989. – с.209-217

⁵³ Очерки Марджани о восточных народах. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – С. 175.

⁵⁴ Марджани Ш. Вафийат ал-аслафватахият ал-ахлаф (Подробное о предшественниках и приветствие потомкам). – Казань: «Иман», 1999. – С. 125.

⁵⁵ Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы. 1992 – 69-71 б.

діншіл, түрікшіл бағыт қазақ даласында белсенділердің көпшілігін құрап отыр деп жазған болатын. Сонымен бірге Ә. Бөкейхан қазақтар арасында мұсылмандықты насихаттауда Науан хазіреттің ерекше көзге түскенін атап өтіп, ол қазақтардың рухани өмірінде елеулі рөл атқарды деп бағалап және мұндай тұлғаны билік орындарының қудалауға салуын айыптайды⁵⁶.

Ресей империясының қол астындағы түркітілдес мұсылман халықтарының арасында ХХ либералды ағымның екпін алуы барысында мұсылмандық насихат мәселесін көтерген еңбектер жарық көре бастады. Мұндай еңбектер Ф. Туктаров⁵⁷, М.Бигиев⁵⁸ секілді татар зиялылары тарапынан жарық көрді. Ф. Туктаровтың еңбегінде Мемлекеттік думаға сайланған мұсылман депутаттарының өз алдына жеке фракция құрып, мұсылмандардың діни мәселесін өткір көтеруі дәріптеледі. Ол мұсылман депутаттарының мұндай әрекетін мұсылмандықты насихаттауға серпін беретін құбылыс болды деп бағалайды⁵⁹.

М. Бигиевтің еңбегінде ХХ ғасыр басындағы Ресейде тұратын мұсылмандардың рухани-діни өмірі кеңінен көрініс тапқан. Автор өз еңбегінде Ресей мұсылмандарының белсенді тобының бірінші орыс революциясы тұсында үш бірдей съезд өткізіп, жеке партия құруға талпынуы патша үкіметі күтпеген белсенділіктің көрінісі болды деген тұжырым жасай отырып, сол тарихи кезеңде ерекше көзге түскен дін иелеріне де баға береді. Онда негізінен Орынбор мүфтилігінде қызмет еткен дін иелерінің келбеті сипатталады. М. Бигиев өз еңбегінде «Ғалия», «Усмания» және «Расулие» медресесінде білім алған қайраткерлердің мұсылмандықты насихаттаудағы рөліне жоғары баға береді⁶⁰.

ХХ ғасыр басында мұсылмандықтың патшалық Ресей империясы аумағында екпін алу себебі К. Залевскийдің еңбегінде⁶¹ мұсылмандардың рухани өміріне жасалған қысымшылық жауап ретінде түсіндіріледі. Автордың пікірінше, мұсылмандықтың нәтижелі түрде насихатталуына белгілі дәрежеде мұсылман халықтары арасында таптық жіктелістің орын алуы өзіндік кері әсерін тигізген.

⁵⁶ Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 577-600 б.

⁵⁷ Туктаров Ф. Беренче, икинче вә өченче Дума деги мөселман депутатлар һәм аларның килган эшларе. – Казань: «Карими матбугеси», 1912 – 196 б.

⁵⁸ Бигиев М. Ислахат эсаслари. – Пг.: «Максудов матбугеси», 1915. – 262 б.

⁵⁹ Туктаров Ф. Беренче, икинче вә өченче Дума деги мөселман депутатлар һәм аларның килган эшларе. – Казань: «Карими матбугеси», 1912 – 112 б.

⁶⁰ Бигиев М. Ислахат эсаслари. – Пг.: «Максудов матбугеси», 1915 – 262 б.

⁶¹ Залевский К. Национальные движения // Общественное движение в России в начале ХХ века. – СПб.: «Общественная польза», 1911. – С. 149

Кеңестік кезеңде мұсылмандықтың тарихы жөнінде жазу ресми саясатқа тәуелді болды. Мұсылмандықтың насихатталуы кеңестік тарих ғылымында «панисламшылдықтың» көрінісі ретінде түсіндірілді. Бұған А. Аршаруни мен Х. Габидулиннің еңбегінің⁶² мазмұны айқын дәлел бола алады. Бұл еңбекте ХХ ғасыр басындағы мұсылмандық қозғалыстың азаттық күрестегі алатын орнына назар аударылмай, оның өңі бұрмаланып, діндар, үстем тап өкілдерінің реакциялық сипаттағы іс-әрекеті ретінде түсіндірілді. Осылайша аталған авторлар еңбектерінде түркі тілдес мұсылман халықтарға діни, рухани өмірде қысымшылық жасалмау керектігін патша өкіметінен талап еткен мұсылмандық қозғалыстың өмірге келу себептері мен тарихының әртүрлі кезеңдеріне объективті баға берілмеді.

XVIII ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезі аралығында мұсылмандықты насихаттау мәселесі кеңестік тарих ғылымында барынша қараланып көрсетілді. Бұған Л.Климовичтің патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындағы Ислам мәселесіне арналған еңбегінің⁶³ және Н. Сабитовтің «панисламизм» жөнінде жазған кітабының⁶⁴, сондай-ақ М.С. Бурабаевтың Қазақстандағы діни дүниетаным мен «мұсылмандық социализм» жайлы жазған мақаласының⁶⁵ мысал ретінде келтіруге болады. Атеистік ұстанымды басшылыққа алған кеңестік тарих ғылымы Қазақстан аумағындағы мұсылмандықты насихаттау мәселесін шынайы тұрғыда жазуға мүмкіндік бермеді. Дегенмен кейбір кеңестік ғылыми әдебиеттерде патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындағы мұсылман халықтарының діни басқармалары жөнінде, соның ішінде Орынбор мүфтилігі хақында жазылған М.М. Кульшариповтың⁶⁶ және Н.М. Давыдова мен В.Г. Хазиеваның⁶⁷ еңбектерінде татар молдаларының қазақтар арасында ағартушылық жұмыстар жүргізгені жайлы айтылды.

⁶² Аршаруни А., Габидулин Х. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. – М.: Безбожник, 1931 – 242 с.

⁶³ Климович Л. Ислам в царской России. Очерки. – М.: «Гос. религиозное изд.», 1936. – 405 с.

⁶⁴ Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР. 1950. – С. 44.

⁶⁵ Бурабаев М.С. Из истории борьбы марксизма против религиозного мировоззрения и «мусульманского социализма» в Казахстане // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1964. – № 2. – С. 24-39.

⁶⁶ Кульшарипов М.М. Открытие Духовного собрания мусульман в Уфе // Социально-экономическое развитие и классовая борьба на Южном Урале (Дореволюционный период). – Уфа.: Башк. гос. ун-т. 1988. – 110 с.

⁶⁷ Давыдова Н.М., Хазиев В.Г. Фонд Оренбургского магометанского духовного собрания // Южноуральский археографический сборник. – Уфа: Башкирский филиал АН СССР. 1973. – 212 с.

Кеңестік билік ыдырағаннан кейін жарық көрген бірқатар ғылыми әдебиеттерде мұсылмандық насихат мәселесін шынайы тұрғыда жазуға деген талпынушылық белең алды. Мұндай әдебиеттердің дені Орынбор мүфтилігінің тарихына немесе патшалық Ресейдегі исламдық институттарға арналған еңбектер деуге болады. Мәселен, Д.Д. Азаматовтың еңбегінде⁶⁸ Орынбор мүфтилігінің құрылу алғышарттары, ол мүфтиліктің құрамында қазақтардың болуы және мүфтиліктен қазақтардың шығарылу себептері, ал А.Ю. Хабутдиновтің еңбегінде⁶⁹ Орынбор мүфтилігінің қазылары мен имамдарының діни ағартушылықтағы орны мен рөлі және мектептер мен медреселердегі білім беру жайы айтылған. Сонымен қатар И.К. Загидуллиннің еңбегінде⁷⁰ патша өкіметінің дін саласында ұстанған саясатының ерекшелігі, Ресей аумағында мешіттер құрылысының жүргізілу жайы және Орынбор мүфтилігінің Орталық Азия халықтарының рухани өміріне ықпалы мәселесі архивтік құжаттар негізінде талданған. Орынбор мүфтилігінің қазақтар арасындағы ағартушылық жұмыстарын жүргізуіне оң баға берушілік Л.А. Ямаеваның⁷¹, А.Н. Юзеевтің⁷², Т.К. Ибрагимнің⁷³, Р. Амирхановтың⁷⁴ еңбектеріне тән. Аталған ғалымдардың еңбектері Қазан, Уфа, Санкт-Петербург және Москва қалаларының архивтерінен мол құжаттардың ғылыми айналымға тартылуымен ерекшеленеді.

XVIII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Қазақстан аумағында Ислам дінінің насихатталуы мәселелерін зерттеуде Н.Нұртазина жазған еңбектердің орны ерекше. Оның еңбектерінде Түркістан халықтарының интеграциясындағы Исламның рөлі, ишандардың рухани қызметі⁷⁵, софылық ілім, мұсылман

⁶⁸ Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII – XIX вв. – Уфа: «Гилем». 1996. – 196 с.

⁶⁹ Хабутдинов А.Ю. Миллет Оренбургского духовного собрания в конце XVIII – XIX веках. – Казань: «Иман». 2000. – 160 с.

⁷⁰ Загидуллин И. Исламские институты в Российской империи: Мечети в европейской части России и Сибири. – Казань: «Татар. кн. изд-во». 2007. – 416 с.

⁷¹ Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение. – Уфа: «Гилем». 2002. – 300 с.

⁷² Юзеев А.Н. Татарская философская мысль конца XVIII – XIX вв. – Казань: «Татар. кн. изд-во», 2001. – 192 с.

⁷³ Ибрагим Т.К., Султанов Ф.М., Юзеев А.Н. Татарская религиозно-философская мысль в общемусульманском контексте. – Казань: «Татар. кн. изд-во», 2001. – 239 с.

⁷⁴ Амирханов Р. Татарская дореволюционная пресса (в контексте «Восток – Запад»). – Казань: «Татар. кн. изд-во», 2002. – 239 с.

⁷⁵ Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX – XX веков). – Алматы: «Қазақ университеті». 2008. – 166 с.

реформаторлығы⁷⁶, көшпелі өмірдегі мұсылманшылық пен мұсылмандық мәдениет⁷⁷ мәселелері мол дереккөздеріне негізделе отырып қарастырылып, нақтылы тұжырымдар жасалған.

Ресейлік зерттеуші Д.Ю. Арапов Ресей мемлекеттік тарих мұрағатының құжаттарын ғылыми айналымға тарта отырып жазған «Ресей патшайымы II Екаторинаның билігі тұсындағы Ислам дінінің ахуалы туралы»⁷⁸, «Патшалық Ресейдегі заңнамалар аясындағы Ислам діні жайлы»⁷⁹, «Ресей империясының басқару жүйесіндегі православиелік емес діндер хақында»⁸⁰, «Мұсылмандардың қажылыққа баруы жайлы»⁸¹ және «Мұсылман дворяндар жөніндегі»⁸² тәрізді еңбектерінде мұсылмандықтың Орталық Азия аумағында насихатталуына қатысты мәселелерді қарастырған. Ал Ибрагим Мараштың⁸³, Р.Г. Ланданың⁸⁴, П.П. Литвиновтың⁸⁵, А.В. Малашенконың⁸⁶, Ф.Г. Ислаевтің⁸⁷, Р.М. Мухаметшиннің⁸⁸,

⁷⁶ Нұртазина Н.Д. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: «Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты» – Алматы, 2002. – 208 б.

⁷⁷ Нуртазина Н.Д. Распространение Ислама и формирование Казахской мусульманской традиции (XVIII–XIX вв.). – Алматы: «Қазақ университеті». 2016. – 354 с.

⁷⁸ Арапов Д.Ю. Императрица Екатерина II и положение ислама и мусульмане Российской империи // Сподвижники Великой Екатерины. – М.: ИРИ. 1997. – С. 107.

⁷⁹ Арапов Д.Ю. Ислам в системе государственного законодательства Российской империи // Российская государственность: традиции, преемственность, перспективы. – М.: РГГУ. 1999. – 315 с.

⁸⁰ Арапов Д.Ю. Неправославные религии в системе управления Российской империи // Государственное управление: история и современность. – М.: 1997. – 227 с.

⁸¹ Арапов Д.Ю. Первый российский указ о паломничестве в Мекку // Россия в средние века и новое время. – М.: РОССПЭН. 1999. – 348 с.

⁸² Арапов Д.Ю. Политика Российской империи по отношению к славянским и неславянским группам дворянства на территории бывшей Речи Посполитой. // Межславянские взаимоотношения и связи: Средние века и новое время. – М.: Ин-т славяноведения РАН. 1999. – 208 с.

⁸³ Мараш И. Религиозное обновление в тюркском мире (1850-1917). – Казань: «Иман». 2005. – 199 с.

⁸⁴ Ланда Р.Г. Ислам в истории России. – М.: «Вост. лит.». 1995. – 311 с.

⁸⁵ Литвинов П.П. Государство и ислам в Русском Туркестане. 1865 – 1917. (по архивным материалам). – Елец: ЕГПИ. 1998. – 319 с.

⁸⁶ Малашенко А.В. Исламское возрождение в современной России. – М.: Центр Карнеги. 1998. – 222 с.

⁸⁷ Ислаев Ф.Г. Ислам и православие в Поволжье XVIII столетия: от конфронтации к терпимости. – Казань: Изд-во Казан. ун-та. 2001. – 214 с.

⁸⁸ Мухаметшин Р.М. Ислам в общественной и политической жизни татар и Татарстана в XX веке. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2005. – 312 с.

Н.Наганованың⁸⁹, Е.И. Кэмпбеллдің⁹⁰, А.В. Ремнёвтің⁹¹, И.Речкинаның⁹² және А.Франктың⁹³ еңбектерінде жаңа дәуірдегі түркі халықтары арасындағы мұсылмандықтың насихатталуы әрқелкі қырынан зерттеліп, осы мәселеге қатысты жаңа ізденістерге серпін берді.

Қазақстан аумағындағы мұсылмандықтың жаңа дәуірде насихатталуы әлі де зерттеле түсуді қажет етеді. Осыған орай бұл мәселені зерттеуде архив құжаттарын, жарияланған материалдар жинақтарын, зерттеу мәліметтерін ғылыми айналымға енгізуге мән берілді.

Мәселені зерттеуде Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің, Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің, Ресей мемлекеттік тарих архивінің қорларынан алынған құжаттардың мәліметтері дерек ретінде қолданыс тапты. Атап айтқанда, 15 қор (Семей облыстық басқармасы), 25 қор (Торғай облыстық басқармасы), 41 қор (Верный уездік басқармасы), 44 қор (Жетісу облыстық басқармасы), 64 қор (Дала өлкесі генерал-губернаторының кеңсесі), 78 қор (Ішкі қырғыз ордасын басқару жөніндегі Уақытша кеңес), 119 қор (Түркістан уездік басқармасы), 145 қор (Түркістан бөлімшелік приставы), 232 қор (Перовск уездік басқармасы) және 369 қор (Ақмола облыстық басқармасы) қорларындағы мәліметтер ғылыми айналымға тартылды.

Патша өкіметінің билік орындарына келіп түскен Қазақстан аумағында мұсылмандықтың насихатталуы жөніндегі материалдар осы аталған қорларда жинақталған. Ол материалдар мешіттердің ашылуы, ондағы дін иелерінің қызметі, мешіттер жанынан мектептер мен медреселердің қызмет етуі және іргелес өңірлерден діндарлардың келіп мұсылмандық насихат жүргізуі жайлы мәліметтер алуға болады.

Мұсылман діндарларының Түркістан өлкесіндегі қарқынды қызметіне 1898 жылы Әндіжанда орын алған көтеріліс өзіндік әсерін тигізгенін 44 қор материалдары аңғартады. Мәселен, осы қордағы «Әндіжан көтерілісіне қатысушылар жөнінде» деп аталатын № 7184 істің құжаттары аталмыш көтерілістен соң Сырдария мен Жетісу

⁸⁹ Наганова Н. Формирование мусульманского общества через царскую администрацию: махалля под юрисдикцией Оренбургского магометанского духовного собрания после 1905 г. // Татарские мусульманские приходы в Российской империи. – Казань: Ин-т истории им. Ш. Марджани. 2005. – С. 101- 128.

⁹⁰ Кэмпбелл Е.И. Мусульманский вопрос в России: История обсуждения проблемы // Исторические записки. – 2001. – №4. – С. 132-157.

⁹¹ Ремнёв А.В. Татары в казахской степи: соратники и соперники Российской империи// Вестник Евразии. – 2006. – №4. – С.5-31.

⁹² Речкина И. Мусульманская политика российских властей в казахской степи (конец XVIII – 60-е годы XIX века) // Вестник Омского университета. – 2006. – № 2. – С. 11- 21.

⁹³ Франк А. Татарские муллы среди казахов и киргизов в XVIII–XIX века // Культура, искусство татарского народа: истоки, традиции, взаимосвязи – Казань: ИЯЛИ. 1993. – 136 с.

облыстары аумағында ишандардың қарқынды түрде насихат жүргізе бастағаны жайлы мәліметтер береді. Бұл мәліметтерде ишандардың халық арасында уағыз жүргізумен қатар діни мазмұндағы үнпарақтар таратқаны жайлы ақпарат айтылады. Мұндай мәліметтер 41 қордың (Верный уездік басқармасы) құжаттары арасында да бар. Осы қордың №197 ісінде Меккеге қажылыққа барған қазақтарды қатаң бақылау жөніндегі материалдар бар. Бұл құжаттарда қазақтардың қажылыққа бару үшін билік орындарынан рұқсат алуы, қажылыққа аттануы, сапары жайлы толық мәліметтер берілген десе де болады.

Қазақстан аумағында Осман империясының діндарларының мұсылмандық насихат жүргізуі жөніндегі мәліметтерді 15 қор (Семей облыстық басқармасы), 64 қор (Дала өлкесі генерал-губернаторы кеңсесі) және 369 қор (Ақмола облыстық басқармасы) құжаттарында қамтылған. Мәселен, 64 қордың «Түрік дәрігері Тефиктің шағымы» атты № 417 ісінде османдық түрік Ахмет Тефиктің Ақмола және Семей облыстары аумағында мұсылмандық насихат жүргізуге атсалысқаны жайлы айтылады. Осы қордың «Ішкі істер министрлігімен дала өлкесінен түрік азаматтарын шығару жөніндегі байланыс хаттар» атты № 992 істе Керім Тамасукоғлы, Эмин Махмет-қажы Бекероғлы секілді бірқатар азаматтардың насихаты қазақтарға кері әсер етеді деп Дала өлкесінен шығарылуы жөнінде айтылады. Мұның өзі османдық түріктердің қазақтар арасында насихат жасауға атсалысқанын айғақтайды.

Түркістан генерал-губернаторлығы Жетісу және Сырдария облыстарындағы мұсылмандық мәселесі Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің №145 қорында (Түркістан бөлімшелік приставының басқармасы), №786 қор (Шымкент уезінің бөлімшелік приставы), 154 қор (Түркістан қаласының полициялық приставы), №146 қор (Әулиеата уездік басқармасы) және №232 қор (Перовск уездік басқармасы) құжаттарында қамтылған. Бұл құжаттарда ишандар мен басқа да мұсылман діндарлардың насихат жұмыстарын жүргізу әрекеттері қамтылған.

Мұсылмандықтың жаңа дәуірде қазақтардың арасында насихатталуын қарастыруда Өзбекстан Республикасының орталық мемлекеттік архивіндегі И-1 қор (Түркістан өлкесі генерал-губернаторының кеңсесі), И-17 қор (Сырдария облыстық басқармасы) және И-461 қор (Түркістан аудандық күзет бөлімі) құжаттары қолданыс тапты. Түркістан өлкесі генерал-губернаторының кеңсесі атты қордың құжаттары арасында Жетісуда және Сырдария өңірінде Қоқан хандығы мен Бұхар әмірлігі діндарларының мұсылмандық насихаты жөніндегі мәліметтер бар. Бұдан өзге

ерекше назар аудартатыны 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен кейін мұсылмандықтың насихатталу жайы. Осы қорда Түркістан генерал-губернаторы Духовскийдің 1899 жылы императордың атына жазылған «Түркістандағы ислам» атты баянхаты сақтаулы. Бұл баянхатта мұсылмандықты насихаттаудағы мектептер мен медреселердің рөлі, ишандардың жергілікті халық арасында рухани басшылық жасауға талпыныс танытуы жайы қамтылған. Мұнда генерал-губернатор мұсылмандық насихат империялық мүддеге қайшы келеді деп бағалап, діни насихатқа барынша билік орындарының қарсы шара қолдануы тиістігін жақтайды. Осындай құжаттар мұсылмандықтың насихатталуына билік орындарының қарсы әрекеттерін бағамдауға мүмкіндік береді.

Ресейдің мемлекеттік тарих архивіндегі («Шет діндер департаменті» деп аталатын №821 қорындағы материалдар қазақтар арасында жаңа дәуірдегі мұсылмандықтың насихатталуын зерттеуде ерекше маңызға ие. Өйткені бұл қорда қазақтар арасындағы мұсылманшылық жайлы облыстық әкімшіліктер тарапынан жіберілген материалдар, орталық билік орындарының Ислам дінінің насихатталуына қатысты ұстанымдары жөнінде түрлі ақпараттар жинақталған. Әсіресе бұл қорда ерекше назар аудартатыны Орынбор мүфтилігі туралы құжаттар. Осы діни басқарма жөніндегі құжаттар №471, 594, 602, 624, 842, 843, 844 істерде сақталған. Аталған істердегі құжаттар Орынбор мүфтилігінің құрылу жайынан, бұл мүфтилікке қазақтардың діни істерінің қаратылуы және қазақтардың діни істерінің мүфтиліктен шығарылып, облыстық әкімшілікке қаратылу жайы көрініс тапқан. Мұның өзі №821 қор материалдарының деректік тұрғыда құнды екенін айғақтай түседі.

Қазақтар арасында мұсылмандықтың насихатталуын зерттеуде жариялаған құжаттар мен материалдар жинақтарын назарда ұстауға мән берілді. Бұл ретте деректік құндылығы жоғары деп есептелінетін «Орынбор мүфтилігінің қызметіне қатысты»⁹⁴, «Ресей империясы аумағында ислам дініне қатысты билік орындарының ұстанымы»⁹⁵, «Ресейдің мұсылмандық әлеммен байланысы»⁹⁶ және миссионерлік»⁹⁷ туралы жинақтар қолданыс тапқанын атап өткен жөн.

⁹⁴ Сборник циркуляров и иных руководящих распоряжений по округу Оренбургского Магометанского Духовного Собрания 1836-1903 г. Казань: «Иман», 2004. – 169 с.

⁹⁵ Ислам в Российской империи (законодательные акты, описания, статистика) – М.: «Академкнига». 2001. – 367 с.

⁹⁶ Императорская Россия и мусульманский мир (конец XVIII– начало XX в.). Документы и материалы. – М.: «Наталис». 2006. – 480 с.

⁹⁷ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты. Документы и материалы. – Алматы, «Литера-М». 2021. – 528 с.

1.2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРАВОСЛАВИЕ МИССИОНЕРЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Православие уағызшыларының миссионерлік қызметін зерттеу патшалық, кеңестік және қазіргі кезеңдерге жатады. Кеңестік дәуірге дейінгі басылымдар, әдетте барлық конфессияларды зерттеуге, Ресей империясы мен оның ұлттық аймақтарындағы діни жағдайды жан-жақты талдауға арналған. Бұл еңбектерде дінаралық қарым-қатынастарды сипаттауда православиеге айқын басымдық беріледі, себебі жарияланған шығармалардың авторлары көпшілік жағдайда діни қызметкерлер мен патша әкімшілігінің өкілдерінен тұрды. Олардың тарапынан миссионерлік жұмысқа оң баға берілді. Дегенмен еңбектерде православие уағыздаушыларының қызметіне сын да айтылады, қателіктері де көрсетіледі.

Қазақстанға орыс қоныс аударушыларының көптеп келе бастауы XIX ғасырдың екінші жартысына, шаруаларды басыбайлық езгіден босату жөніндегі патшалық реформадан кейінгі кезеңге сәйкес келеді. Орыс және қазақ халқының интеракциялары туралы И.Л. Яворскийдің «Средняя Азия. Культурные успехи и задачи в ней России» еңбегінде айтылды. Автор Орталық Азияда елу жыл ішінде орыс отарлауы үлкен жетістіктерге жетті деп есептеген. Жетісу облысының өзінде сол кезде орыс халқы өкілдерінің саны 100000-нан астам адамға жетті⁹⁸. Автордың назары тек шаруашылықтар бойынша орналастыруға ғана емес, қоныс аударушылардың қазақ өмірінің рухани саласына тигізетін әсеріне де аударылды. И.Л. Яворскийдің пікірінше, қоныс аудару саясатының маңызды жағы жергілікті халықтың орыс шаруаларымен ассимиляцияға түсуі болып саналады. Ол былай деп жазды: «Орыс тайпасының отарлау қасиеті және ең бастысы, күшті ассимиляциялық қабілеті бар⁹⁹. Қазақтардың едәуір бөлігі қазірдің өзінде орыстанған, егер олар орыс халқымен бір ағзаға бірікпесе, онда бұл уақыт еншісінде ғана»¹⁰⁰. Түбегейлі бірігу үшін қазақтарды толығымен христиандыру қажет болды.

Белгілі миссионер Н. Остроумов Азияның байырғы тұрғындарының рухани өмірін зерттей отырып, өзінің «Способны ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры?»

⁹⁸ Средняя Азия. Культурные успехи и задачи в ней России» / Под ред. И.Л. Яворского. – Одесса. 1893. – С.31.

⁹⁹ Сонда, 32 б.

¹⁰⁰ Сонда, 33 б.

еңбегінде «қырғыздар арасындағы миссионерлік қызметтің алғашқы тәжірибелері өте табысты болып, болашақта толық табысқа жетеді деген үміт ұялайды» деген қорытындыға келді¹⁰¹. Алайда кейіннен миссионердің сенімі расталмады. Өйткені жаңа сенімді таратушылар еңсерілмейтін кедергілерге тап болды. Солардың бірі – қазақтардың ата-бабаларынан келе жатқан діні ислам еді.

Н.Остроумовтан басқа да миссионерлік қызметпен тікелей айналыспаған қайраткерлер христиандандырудың әртүрлі тәсілдерін ұсынды. Алайда православие дінін уағыздаушылардың жаңа жақтастарды тартудағы әрекеттері отаршылдық әкімшіліктің шенеуніктері тарапынан түрлі ұсыныстардың туындауына әкелді. Олардың көпшілігі Миссионерлік қоғамның құрметті, ал кейбіреулері толық мүшелері болып табылды.

1897 жылы Алтай округі тұрғындарының шаруашылық және рухани өмірін сипаттайтын «Краткий исторический очерк Алтайского округа (1747-1897 гг.)» еңбегі жарыққа шықты. Қазақтардың діни өміріне ықпал еткен Алтай діни миссиясының ашылуы да осы очеркте көрініс тапты. Бұл кітаптың шығуы Министрлер кабинетінің округтегі жер қатынастары, қоныс аудару және қаржы саласындағы саясатты негіздеу және қорғау қажеттігімен байланысты болды. Қысқаша очерктің мақсаты – «отырықшы бұратаналардың қазіргі орыстардан еш айырмашылығы жоқтығын: өмір салты, тілі, діні бір, сайып келгенде, сыртқы келбетінің де бір» екенін дәлелдеу еді¹⁰².

Қазақ даласындағы кейбір орыс зерттеушілерінің бұратаналарға деген жанашырлық қатынасы «О положении русских инородцев» кітабының авторы М.А. Миропиевтің наразылығын туғызады¹⁰³. «Рухани жұмсақ әсер етудің орнына билік беделіне ие миссионерлерді» қолдау туралы ұсыныстар және «түземдіктерді орыстардан кері итеретін» епсіз православиелік уағыз туралы ескертпелер әсіре шараларды қолдаушылардың сынына ұшырады¹⁰⁴.

Сібір публицисті Н. Ядринцев «Сибирь как колония» және «Сибирские инородцы, их быт и современное положение» кітаптары үшін барлық бөгде дүниені қолдайтын адамдар қатарына қосылды,

¹⁰¹ Остроумов Н. Способны ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры? – Изд. 2. – Москва. 1896. – С. 11.

¹⁰² Краткий исторический очерк Алтайского округа (1747-1897 гг.). – СПб. 1897. – С. 62.

¹⁰³ Миропиев М.А. О положении русских инородцев. – СПб., 1901. – 515 с.

¹⁰⁴ Сонда, 60 б.

ал оның орыс тегінің аталуы «көрсетуге де ыңғайсыз» деп саналды¹⁰⁵. Оларда ешқандай тыйым салынған немесе орысқа қарсы ештеңе жоқ болатын. Тек баяу әрекет ету, жат жұрттықтың жан дүниесіне барар жолдағы әр қадамды ойластыру туралы ұсыныстары ғана болған еді. Шаш ал десе бас алмай, жергілікті тұрғындардың наразылығын туғызбау ұсынылған еді.

Орыс тегіне лайық емес деп танылған, Н.М. Ядринцевтің «Сибирские инородцы, их быт и современное положение» кітабын зерделеу оған берген М.А. Миропиевтің сынының негізсіз екенін көрсетті. Еңбек мазмұны бөгде халықтардың діни өміріне қатысты патша үкіметінің саясатына толық сәйкес келеді. Мысалы, Н.М. Ядринцев жат жұрттықтарды былайша «қолдайды»: «Жұбаныш ретінде біз күйзелуші пұтқа табынушы бұратанаға: орыстан, сонда біз саған басқалармен бірдей қамқорлыққа жататын зат ретінде қараймыз; шоқын, содан кейін біз саған мейірімділік танытамыз, – деп айтамыз»¹⁰⁶. Көріп отырғанымыздай, мұндай қызу пікірталастың тақырыбы – бұл жаман немесе жақсы ма деп сұралатын отарлауға деген көзқарас емес, бұл жерде Миропиев пен Ядринцев пікірлес. Олардың келіспеушіліктері мүлдем басқа шеңберде – отарлау жолдары мен әдістері туралы.

Жоғарыда айтылған ұсыныстар христиандардың жат жұрттықтар туралы алаңдаушылығынан емес, кейін олардан пайда көру үшін меркантильдік тұрғыда жасалды. Сондықтан «Бұл жасақ төлеушінің жаны сақталуы және қорғалуы керектігі» ұсынылды¹⁰⁷. Шоқындыру рәсімінен өткендер рәсім қабылдағанға дейінгі жағдайларда өмір сүрулерін жалғастыра берді. Ал миссионерлер бұған қоса шоқындырылғандардың жағдайларының нашарлағаны туралы фактілерін келтірді.

М.А.Миропиевтің «О положении русских инородцев» еңбегінде уағызшылардың қызмет аясын кеңейту, Қазақстандағы орыстардың позициясын нығайту үшін басқарудың жаңа жүйесін бекіту қажеттілігі де қарастырылған. «Мұнда православиелік миссия мен орыс ағартушылығы ақылға қонымды мектептер арқылы неғұрлым тезірек дамыған сайын, бүкіл қырғыздарды басқару қатаң орыс жүйесіне соғұрлым тезірек енеді, қырғыздарға (автор – қазақтарға)

¹⁰⁵ Миропиев М.А. О положении русских инородцев. – СПб., 1901. – С. 65.

¹⁰⁶ Ядринцев Н.М. Сибирские инородцы, их быт и современное положение. – СПб., 1891. – С. 155.

¹⁰⁷ Сонда, 203 б.

да, орыстарға да пайда әкеледі»¹⁰⁸. XIX ғасырдың соңындағы орыс бұратаналары және солармен бірге қазақтардың жағдайын еңбектің мазмұнына сүйене отырып, жақсы деп атауға келмейді. Бұратаналардың жүргізіліп жатқан саясатқа қанағаттанбауы туралы автор келтірген жағдайлар жергілікті халықтан келетін орыстар үшін үнемі қауіп төніп тұрғанын айғақтайды. Қазақтар тарапынан ауылдарда пайда болатын православие уағызшыларына қатысты наразылықтар жиі орын алып тұратын. Миссионерлердің қазақтар арасында болуларының шынайы мақсаттарын жасырулары кездейсоқ емес еді.

XIX ғасырдың кейбір басылымдарында православие діндарының діни өмірінде кең таралған сектанттыққа қарсы бағытталған миссионерлік жұмыс туралы да айтылады. «Зұлымдық православие қамалына ашық түрде шабуылдай бастады, оның негіздерін әлсіретіп, шіркеудің шынайы перзенттерін оның қорғауынан шығаруға тырысуда» деп атап көрсетеді¹⁰⁹. Зұлымдық ретінде мұнда әртүрлі секталар, әсіресе Ресейде таралған раскольниктер айтылады. Секталарға қарсы миссионерлік комитеттер құрыла бастады. Олардың мақсаты – сектанттарды православие дініне қайтару және олардың шіркеуге келушілерге ықпал етуіне кедергі жасау болды.

Бірқатар еңбектер секталардың пайда болу тарихына арналған¹¹⁰. Мысалы, «Современное состояние русского баптизма» кітабында баптистер тобының Англияда XVII ғасырдың басында пайда болғандығы айтылады. Олар нәрестелердің шоқындыру рәсімінен өтуін, ант беруді, әскери және үкіметтік қызметті жоққа шығарды. Баптизм Ресей империясының бүкіл аумағына, соның ішінде ұлттық аймақтарға таралды. Кейбір мәліметтерге сәйкес, 1910 жылдың 1 қаңтарына қарай 10935 орыс баптистік қауымдастық болған¹¹¹. Православие қызметкерлері баптистермен үнемі күресіп келді. Өйткені олар шіркеуге қарсы болатын. Православиедегі өмір оларға күнә мен көргенсіздікке құл болу түрінде көрінетін. Баптистік уағызшылардың барлық сөздері тек өздерінің «шынайы сенушілер», «қайта туылғандар», «әулиелер» болып табылатындары, «тек олар ғана «Мәсіхпен (Христос) қасиетті қарым-қатынаста болатын тірі шіркеуді құрайтындары» туралы бір ойға біріктірілетін. Баптизмнен тыс дүниелер, мысалы, православие олардың

¹⁰⁸ Мироппев М.А. О положении русских инородцев. – СПб., 1901. – С. 376.

¹⁰⁹ Монастырев М.Я. О миссионерских противосектантских комитетах в Екатеринославской Епархии. Екатеринослав. 1891. – С. 4.

¹¹⁰ Князьков С. Как начался раскол русской церкви. СПб. 1911. – С. 110.

¹¹¹ Сонда, 20 б.

көзімен «жалған христиандық», «салттық» «аты ғана христиандық» деп саналды¹¹².

Әдеттегіден тыс секталар жеке кітаптарда да көрініс тапты. Олардың біріне орыс діни ағымының бір түрі – адасқан тентектікке (шалопутство) сипаттама берілген басылым жатады. Алайда олар өздерін адасушылар қатарына жатқызбайды. Православиедегі әр алуан пікірлердің пайда болу себебі, автордың ойынша, миллиондаған орыс тәуелді шаруалары бұқарасының өздерінен ғасырлар бойғы құлдықтың камытын алып тастаған басыбайлық құқықтың алынуы. «Осы уақытқа дейін ер адам помещиктің қол астында өмір сүрді. Ол үшін тер төгіп жұмыс істеді, өз еркі болмады. Бұл оны ішінара өз ақыл-ойымен өмір сүру қажеттілігінен алыстатты»¹¹³.

Басыбайлы тәуелділіктен босатылған шаруа бастапқыда өзінің жаңа позициясынан аз ғана пайда көрді. Басына түскен экономикалық қиындықтары иығына ауыр жүк болды. «Сахнадан құдіретті помещик кетіп, жаңа, бірақ одан жақсы емес қанаушы – кулак тұрпаты пайда болды. Міне, осы кезде біздің жер перзентіне капитализм игіліктерімен танысуға тура келді, еш дайындықсыз күйде онымен күресуіне тура келді»¹¹⁴.

Дінде дұрыс емес жолды таңдаған адасушылардың православиеден бірқатар айырмашылықтары олардың өмір салтымен байланысты. Егер бұл сектанттардың кейбір әрекеттері православиеталаптарынан аса ерекшеленбесе, кейбірінде негізгі айырмашылықтар болды. Адасушылардың жиналыстары Құдай сөзін оқудан басталып, қарапайым бауырлас ішімдіксіз тамақпен аяқталып отырды. Мұндай жиындарда адасушы өзінің қызығушылықтарына қанағат тапты. Автор атап өткендей, адамдар арасында «ол өзін жақсы сезінеді, сондықтан оны ішімдік ішетін орынға тартпайды; өзінің қайғысы мен қуанышын ол осында әкеледі; осы жерде онымен қуанышымен қайғы-қасіретін бөлісетін адамдарды кездестіреді»¹¹⁵. Сипатталған өмір салты православиет қызметкерлерінің де елеулі шағымдарын тудырмайды. Алайда дүниежүзілік су тасқыны туралы інжілдік әңгімені адасушылар ортодоксальды шіркеуден басқаша түсіндіреді. «Жерді батырған су емес, адамикемшіліктермен жалпы

¹¹² Князьков С. Как начался раскол русской церкви. СПб. 1911. – С. 66.

¹¹³ Старообрядничество и Сektанство. Исторический очерк русского религиозного разномыслия). СПб., 1908. – С. 365.

¹¹⁴ Сонда, 366 б.

¹¹⁵ Старообрядничество и Сektанство. Исторический очерк русского религиозного разномыслия). СПб., 1908. – С. 368.

күнәлік құлдырау; ал кеме ретінде барлық сенушілер құтқарылып, ұрпақтар үшін дін мен барлық таза ізгіліктердің қасиеттілігін сақтаған шынайы шіркеуді түсіну керек»¹¹⁶. Адасушылар Қасиетті үштік туралы іліммен келіспеді, ал әулиелер түрінде адамзатқа іс жүзінде пайда әкелгендерді ғана мойындады. Мысалы, ұлы азап шегуші Варвара, Алексей және т.с.с. сектаның православиеден өзгеше басқа да ерекшеліктері болды. Бұл оны шіркеу үшін зиянды ағымдардың тізіміне қосуға себеп болды.

Барлық уақыттарда шеткері ұлттық аумақтар тұрғындарының ақыл-ойларының күй-жағдайы жергілікті биліктің үздіксіз бақылауында болды. Бұл тұрғыда оқиғаларға бай ХХ ғасырдың алғашқы жылдары жөнінде де осылай айтуға болады. Мұсылман халықтарының ұлттық санасының оянуына деген қызығушылық Н.А. Бобровниковтың зерттеліп отырған мәселе бойынша еңбегінің шығуына себеп болды¹¹⁷.

Н.А.Бобровниковтың пайымынша, ислам дінін ұстанатын шығыс халықтарының ұлттық өзіндік сана-сезімі еуропалық халықтарға қарағанда әлдеқайда кеш ояна бастаған. Оның пікірінше, бұған басты себептер «азиялық деспотизмнің тұлғаны жоюшы езгісі және халық бұқарасының ой-санасына үстемдік ететін, негізінен діннен басқа, қоғамдық өмірдің бастауларын мойындамайтын ислам»¹¹⁸. «Азиялық деспотизм» сақталған тұста дегенмен ұлттық сана-сезімнің көтерілуіне апаратын өзгерістер орын алды. Бобровников мұны байқамай, мұсылман халықтарының бірігуге деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл олардың дүниетанымы мен көңіл-күйінде үлкен төңкеріс жасады. Патша шенеуніктері «қараңғы инертті нөпір» деп санайтын және ұзақ уақыт бойы іс жүзіндегідей болмаған мұсылмандарға деген көзқарас өзгере бастайды¹¹⁹.

Шіркеу қызметкерлерінің, патша үкіметінің және оның шенеуніктерінің православие уағызшыларының миссионерлік қызметіне назар аударуының өз мақсаттары болды. Бір жағынан, орыс емес халықтардың христиандануы патшаның сеніміне, яғни басқарылатын адамдармен біртұтас сенімге (дінге) әкелуі тиіс еді. Басқа жағынан алғанда, православие уағызшылары ОПШ (орыс православие шіркеуі) ережелері мен атрибуттарын жоққа шығаратын

¹¹⁶ Старообрядничество и Сектанство. Исторический очерк русского религиозного разномыслия). СПб., 1908. – С. 369.

¹¹⁷ Бобровников Н.А. Современное положение учебного дела у инородческих племен Восточной Сибири. – Петроград. 1917. – 36 с.

¹¹⁸ Сонда, 3 б.

¹¹⁹ Сонда, 3 б.

секталарға кірген орыстар арасында да өз жұмыстарын жүргізуге мәжбүр болды. Миссионерлік қызметті сипаттаумен байланысты жұмыстар сектанттардан келетін зиянды ашып көрсетті.

Жалпы алғанда, революцияға дейінгі тарихнама ұлттық мүддені ескермейтін еңбектерді қамтиды. Жарияланған еңбектерде қазақтардың рухани өмірі туралы да мәліметтер бар. Қызмет бабымен Қазақстанда болған кейбір адамдардың жарияланымдары Дала өлкесіне аттанған орыс шенеуніктері үшін, әсіресе православие уағыздаушылары үшін таныстыру материалы болуы тиіс еді. Жергілікті билік өкілдерінің арасында Орталық Азия мен Қазақстанда әскери жорықтарға қатысушылар да болды. Олар жергілікті тұрғындардың өмірімен танысты және қолда бар кітаптарды өздері толықтырып, дінге қызығушылық білдіргендер ақпарат ала алатын өз кітаптарын да шығарды. Кеңестік кезеңге дейін Қазақстан тұрғындарына арналып дайындалған еңбектердің ерекшелігі – орыс халқының өркениеттік рөлін, оның мәдениеті мен дінін атап көрсету болып табылды.

Православие уағызшыларының миссионерлік қызметі туралы кеңестік кезеңде еңбектер жиі жарияланбады. Жарық көргендері тұтастай алғанда діни-философиялық сипатта болып келеді, зерттелетін мәселеге аз ғана орын бөлінеді. Православие миссионерлерінің қызметі бойынша кеңестік кезеңдегі тарихи еңбектердің аз болуы Құдайды жоққа шығару, барлық діни сенімдегі адамдарды жазалау идеяларын ұстанатын партия идеологтарының қырағы бақылауымен түсіндіріледі. Сондықтан ғылыми жұмыстар пайда болғанның өзінде, оларда негізінен орыс православиесіне немесе басқа дінге қатысты сыни материалдар топтасты¹²⁰. Сонымен бірге шіркеудің революциялық қозғалысқа қарсы бой көтерулерге қатысуы суреттелді¹²¹.

Патша үкіметінің орыс емес халықтар арасында православие дінін тарату саясаты ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы патшалық реформалар кезіндегі Сібір аумағын зерттеген Л.М. Дамешектің еңбектерінде көрініс тапты¹²². Тақырыпты зерттеу барысында автор

¹²⁰ Никольский Н.М. История русской церкви. – М.: Политиздат, 1985. – 448 с.; Красников Н.П. Социально-этические воззрения русского православия в XX веке. – Киев: Выща шк. 1988. – 172 с.

¹²¹ Зырянов П.Н. Православная церковь в борьбе с революцией 1905-1907 гг. – М.: Наука. 1984. – 226 с.

¹²² Дамешек Л.М. Политика российского самодержавия в отношении народов Сибири в эпоху капитализма (1861-1917 гг.): Автореф. дис. д-ра истор. наук. – Иркутск, 1987. – 31 с.; Дамешек Л.М. Внутренняя политика царизма и народы Сибири ХІХ– начала ХХ века. – Иркутск. 1986. – 165 с.

Ядринцев атап өткен тікелей әскери «жою» мен «жуасытудан» бастап, осы халықтарды бүкілресейлік мемлекеттік қатынастар жүйесіне тартуға дейінгі «бұратаналарға» қатысты мемлекеттік саясаттың эволюциясына көзін жеткізеді. Алайда мұндай эволюция бұратаналарға пайда әкелуі мүмкін емес еді және әкелмеді де. Л.М. Дамешектің «Внутренняя политика царизма и народы Сибири XIX – начала XX века» монографиясы патшалық Ресейдегі шіркеу мен мемлекет бірлігінің таптық негіздерін көрсететін бірқатар ережелерді атайды. Автордың большевиктер партиясы мен Кеңес мемлекетінің құжаттарын, сондай-ақ мемлекет қайраткерлерінің еңбектерін қолдануы зерттеудің идеологиялық бағытын күшейтті. Идеологиялық қызметкерлердің пікірінше, КОКП-ның сара жолын көрсететін партиялық құжаттар жинағының материалдарын пайдалану орынды болды. Мысалға, зерттеушінің «РК(б)П партиясының ұлттық мәселедегі кезекті міндеттері туралы» деп аталатын X съезінің қарарына жазған үндеуінде, патшалықтың мақсатын «осы халықтарға қатысты саясаты – олардың арасында кезкелген мемлекеттіліктің бастауларын тұншықтыру, мәдениетін бұзу, тілін шектеу, надандықта ұстау және мүмкіндігінше оларды орыстандыру болды» деп атап өтуі осының айқын дәлелі болып табылады¹²³. Шешімді жоққа шығару – шындыққа қарсы тұру деген сөз. Бұл тұжырымды кеңестік шынайылыққа да телуге болады. Мұндағы басты парадокс – осы.

Автор патшалық және кеңестік кезеңдердегі орыс емес халықтардың діни өмірінің жағдайын салыстыруға да тырыспады. Өйткені ол коммунистер партиясы халықтардың теңдігіне қол жеткізе алғанына сенімді болды. Бірақ, көріп отырғанымыздай, самодержавие мен кеңес үкіметі жүргізген саясатта үлкен айырмашылық байқалмайды.

Жерлерді отарлаудағы миссионерлердің рөлі Н.Ю. Храпованың «Место и роль Алтайской духовной миссии в процессе колонизации и хозяйственного освоения горного Алтая. (1828-1905 гг.)» аталатын кандидаттық диссертациясында көрсетіледі¹²⁴. Қырғыз рухани миссиясы, сонымен қатар басқа да миссионерлік мекемелер құрылғанға дейін қазақ халқы арасында православие дінін уағыздаумен Алтай діни

¹²³ Дамешек Л.М. Внутренняя политика царизма и народы Сибири XIX– начала XX века. – Иркутск. 1986. – С. 138.

¹²⁴ Храпова Н.Ю. Место и роль Алтайской духовной миссии в процессе колонизации и хозяйственного освоения горного Алтая. (1828-1905 гг.): Автореф. дис. канд. истор. наук. – Томск. 1989. – С. 29 с.

миссиясының мүшелері айналысты. Сондықтан бұл диссертацияның Қазақстанға да тікелей қатысы бар.

Православие уағызшыларының миссионерлік қызметін сыни тұрғыдан бағалаған кейбір орыс зерттеушілерінің еңбегін атай отырып, Н. Ю. Храпова 1934 жылғы Сібір кеңестік энциклопедиясын мысалға келтіреді. Зерттеушінің пікірінше, оның құнды сипаттарының бірі – энциклопедиядағы Алтай діни миссиясы мүшелерінің миссионерлік қызметіне объективті баға берілгендігі. Миссионерлердің қызметі жергілікті халықты отарлау және орыстандыру құралдарының бірі болды¹²⁵.

Цензура белгілеген идеологиялық шектеулер қатаң сақталды. Соған қарамастан кеңес мемлекеті ыдырай бастаған кезде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан 1917 жылға дейін шіркеудің миссионерлік қызметін ашатын тарауы да бар. «Орыс православиесі. Тарих кезеңдері» атты ұжымдық монография жарық көрді¹²⁶.

Қайта құру жылдарында дінге қатысты жеңілдіктер еңбектің мазмұнына да әсер етті. Бұл біржақты баға беруді шектеуден де көрінді. Бірақ сонымен бірге шіркеуді автократияның жақтаушысы және еркін ойлауға жол бермеуші ретіндегі сипаттамасынан бас тартпады. Мысалы, православие уағызшыларының қызметіне арналған тарауда автор Ресейдегі шіркеу әрқашан православиені ұстанатын халықтар өмірін басқаруға ғана емес, сонымен қатар басқа діндерге жататын адамдар арасында – Ресей империясында да, оның шекарасынан тыс жерлерде де христиан дінін таратуды өзінің міндеті деп санайтынын айтады. «Бүкіл жаратылысты «Інжілді уағыздау» ниетін басшылыққа ала отырып, православие шіркеуі кең миссионерлік қызметті бастады¹²⁷.

Революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі еңбектерде Қазақстандағы православие уағызшыларының миссионерлік қызметі тиісті деңгейде көрініс таппаған. Жергілікті халықтың санасына әсер ету шекараларының кеңеюі жүйелі сипатта болды. Бұл үрдісті әртүрлі қағидалардың өзара байланысы мен әсері тұрғысынан зерделей отырып, біз көптеген мәселелерді ұлттардың теңдігі емес, езілуші

¹²⁵ Храпова Н.Ю. Место и роль Алтайской духовной миссии в процессе колонизации и хозяйственного освоения горного Алтая. (1828-1905 гг.): Автореф. дис. канд. истор. наук. – Томск. 1989. – С. 20.

¹²⁶ Русское православие. Вехи истории / Под ред. А.И. Клибанова. – М.: Политиздат. 1989. – 719 с.

¹²⁷ Сонда, 438 б.

ұлттар ұстанымы арқылы қарастыруға тырыстық. Мұндай бағытты таңдап алған себебіміз, қоғамда жарияланған теңдік патша үкіметінің, кейінірек кеңестік биліктің құрғақ үміттендірумен ғана шектелген уәделерінен өте алыс болуында, ал шынайы өмірде оның мүлде басқа қырынан көрініс беруінде еді.

Тарих ғылымының дамуындағы жаңа кезең – ХХ ғасырдың соңындағы аса маңызды оқиғамен, атап айтқанда кеңестік алпауыттың ыдырауымен және республиканың тәуелсіздік алуымен байланысты. Бұл кезеңде алдыңғы еңбектерден айтарлықтай ерекшеленетін зерттеулер пайда болады. Коммунистік идеологиядан, бұрынғы жүйенің идеологиялық қысымынан босатылған тарихшылар зерттеулерінің салдарынан қорықпай, өткенді боямасыз сипаттауға мүмкіндік алды. Еркін тарих жазудың нәтижесі ретінде миссионерлердің қызметін ашатын діни тақырыптағы зерттеулердің пайда болуын айту қажет. Ойымыз дәлелді болу үшін ресейлік және жақын шетелдік еңбектерге, басқаша айтқанда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының, шетелдік авторлар мен қазақстандық зерттеушілердің еңбектеріне жүгінейік. Мәселен, Ресей Федерациясында алдыңғы зерттеулерден біршама ерекшеленетін жұмыстар жарық көре бастады. Оқулықтар, оқу құралдары пайда болды, ғылыми мақалалар және т.б. жарияланды. Оларда Ресей құрамына кеңестік кезеңде және 1917 жылдың қазанына дейін кірген халықтардың өткеніне объективті көзқарас орын алды. Дегенмен олардың арасында орыс емес халықтардың тарихына қатысты шовинистік ұстанымдар да кездеседі.

ХХ ғасырдың 90-жылдары тек білім алушыларға ғана емес, тарихқа қызығушы барша қауымға арналған А.Н. Сахаровтың редакциясымен «История России. С начала XVIII до конца XIX века», А.А. Радугиннің «История России. Россия в мировой цивилизации» атты дәрістер курсы, А.А. Даниловтың «История России. XX век», В.А. Поцелуевтің «История России. XX столетие», М.Н. Зуевтің «История России» деген жоғары оқу орындарына оқуға түсушілерге арналған құралы және т.б. еңбектер пайда болды¹²⁸.

¹²⁸ Сахаров Н.А. История России. С начала XVIII до конца XIX века. – М., 1996. – 543 с.; Радугин А.А. История России. Россия в мировой цивилизации. Курс лекций. – М., 1997. – 344 с.; Данилов А.А. История России. XX век. – М., 1997. – 356 с.; Поцелуев В.А. История России. XX столетие. – М., 1997. – 400 с.; Зуев М.Н. История России. Пособие для поступающих в вузы. – М., 1996. – 639 с.; Миронов Б.М. Социальная история России. Период империализма (XVIII – начало XX вв.). – СПб., 1999. – Т. 1. – 185 с.; Киселев А.Ф. Новейшая история Отечества. XX век. Учебник для вузов: В 2-х томах. – М., 1999. – Т.1. – 300 с.

Ресей тарихы бойынша жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралдарының кейбір тұстары фактілерді ашық түрде бұрмалайды. Жоғары оқу орындарына арналған «Новейшая история Отечества. XX век» оқулығының бірінші томында студенттерді «Ресей заңнамасы барлық халықтар үшін бірдей болды» деп сендіреді. Олар XX ғасырдың басында дін мәселелерінде төзімділіктің болғандығы туралы жазады: «Басқа діндерге қатысты діни төзімділік болды. Ресейде мұсылмандарға ешқандай шектеулер болған жоқ»¹²⁹. Сонымен бірге Ресей империясында ұлттық мәдениетті, ана тілін және т.б. дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалғанын айтуды да ұмытпаған. Мұндай бұрмаланған сипаттама тарихи фактілерді дұрыс түсінбеушілікті туғызады.

Егер деректі материалдарға жүгінер болсақ, оған ресейлік студенттердің өздері де таңғалуы мүмкін. Егер орыс тәлімгерлеріне, талапкерлер мен студенттеріне мысалы, Ресей Мемлекеттік Думасы отырыстарының материалдарына жүгінуді ұсынса немесе олармен өздері кездейсоқ танысса, олар ыңғайсыздау жағдайға тап болуы мүмкін. Мемлекеттік Думаның Депутаты С.Н. Махсудов 1912 жылы 13 наурызда өткен отырыста баяндама жасай отырып, былай деп атап өтті: «Соңғы уақытта біздің үкімет біз үшін қымбат дүниелерге жүйелі түрде қол сұғушылық жасап келеді: біздің мектептеріміз қудалануда, біздің әдебиетіміз, төл тіліміз, алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен, басқасымен таныстырған, кішкентай кезімізде аналарымыз сөйлеген ана тіліміз қудалануда. Жалпы алғанда, үкімет ежелден біздің арамыздағы мәдениетке деген ұмтылыстың барлық көріністерін басуға бейім»¹³⁰. XX ғасырдың басындағы Мемлекеттік Дума отырыстарының жарияланған материалдарын орыс тарихшыларының қазіргі тұжырымдарымен салыстыруы олардың кейбірінің жас ұрпаққа шындықты айтуға асықпайтындығын айқын көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, идеологияландырылған «жартылай шындық» жалған пайымдауларға жол ашады. Олардың барлық айырмашылықтарына, тіпті сыртқы қарама-қайшылықтарына қарамастан, ортақ тұжырым бар, ол – бүкіл орыстық болмысты империялық дәрежеде асқақтату. Бұл жалғанның шындықпен

¹²⁹ Киселев А.Ф. Новейшая история Отечества. XX век. Учебник для вузов: В 2-х томах. – М., 1999. – Т.1. – С. 11-12.

¹³⁰ Мусульманские депутаты Государственной Думы России. 1906-1917 гг. Сборник докладов и материалов. – Уфа. 1998. – С.179-180.

қақтығысы көпұлтты және көпконфессиялы Ресейде жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Кеңес Одағы құлдыраған тұста, әсіресе ол ыдырағаннан кейінгі кезеңде, ТМД елдері мен Ресей Федерациясы зерттеушілерінің православиенің рөлі мен оның орыс емес халықтардың дамуына қосқан үлесінің мәнін анықтауда кеңестік кезеңге қарағанда қарама-қайшы баға берген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Көптеген еңбектер ресейлік самодержавиенің Ресейдің әртүрлі аумақтарында жүргізген діни экспансиясын көрсететін тақырыптарға арналды¹³¹. Бұл еңбектерде орыс православие шіркеуімен одақтағы самодержавиенің орыс емес халықтарға діни ықпалын кеңейту жөніндегі қызметі көрсетілген. Ғылыми зерттеулер авторларының объективтік көзқарасын Ресейдің мемлекеттік қызметіне тікелей қатысқан адамдарды бірдей сипаттауынан көруге болады. Мысалы, М.С. Корзун өзінің монографиясында былай деп жазады: «XIX ғасырдың екінші жартысында шіркеу мен православие қызметінің халыққа қарсы сипатын Синод пен обер-прокурорлар білдірді». Қасиетті Синодтың басшысы «ұлы державалық шовинизмнің идеологы» ретінде сипатталады. К. Победоносцевтің көзқарастары туралы жазғанда, замандасының сөздерін келтіре отырып, зерттеуші: «Кезкелген жануардың жүрегіндегі қатыгез дұшпандық үстемдікке ие бола алатын нәрсе барлық бөгде дүниеге өлім қаупін себеді» деп көрсетті¹³².

Дәл осындай сипаттама В.И. Жирововтың тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясының авторефератында да келтірілген. Ол XIX ғасырдың соңғы екі онжылдығында Ресейдің қоғамдық-саяси және зияткерлік өмірінде

¹³¹ Корзун М.С. Русская православная церковь на службе эксплуататорских классов. X-1917 год. – Минск, 1984. – 255 с.; Сергеев Ю.Н. Православная церковь в Башкирии – проводник политики царизма (II половина XVI– I половина XIX вв.): Автореф. дис. канд. истор. наук. – Куйбышев, 1990. – 18 с.; Таймасов Л.А. Миссионерско-идеологическая деятельность православной церкви и противцерковное движение чувашского народа: Автореф. дис. канд. истор. наук. – Самара, 1991. – 15 с.; Жировов В.И. Политические взгляды и государственная деятельность К.П. Победоносцева в 80-90 годы XIX века: Автореф. дис.канд. истор. наук. – Воронеж, 1993. – 22 с.

¹³² Корзун М.С. Русская православная церковь на службе эксплуататорских классов. X-1917 год. – Минск. 1984. С. 175.

К.П. Победоносцев «тікелей араласпаған» мәселенің болмағанын атап өтеді. «Баспасөз, мектеп педагогикасы және жалпы алғанда мектеп ісінің барлық тұжырымы, театрлардың репертуарлық саясаты, жоғарғы мектептің дамуы, кітапханалардың мазмұны – діни мекеме басшысы шындығында қамтылған материалдың көлемі мен кеңдігі бойынша адам сенгісіз мәселелер шеңберіне араласты»¹³³.

Әрі қарай авторефератта К. Победоносцев бөтен ойдың кезкелген көрінісіне тым қарсы екендігі және шіркеудің қоғамдағы рөлін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен күшейткендігін атап өтеді. Қасиетті Синодтың обер-прокуроры Победоносцев дінбасылардың, миссионерлердің материалдық жағдайын жақсарту, православие шіркеулерін салу, ұлттық маңызға ие шіркеу мерекелерін өткізу бойынша қомақты жұмыстар жүргізді. Победоносцевтің тарихи тұжырымдамасындағы ең басты түйіні – «самодержавие мен православие шіркеуі Ресей тарихының жалғыз дерлік жемісті факторлары болып табылды»¹³⁴.

Бұл жұмыстарға ортақ үрдістер: Ресей аймақтарындағы патшалықтың діни саясатын теріс бағалау; Ресейдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің орыс емес халықтардың діни өміріне әсері; христиандық ағарту әдістерін көрсету болды. Осы еңбектердің көпшілігінде күштеп орыстандыру мен христиандандыру ерекше сипатталады.

XX ғасырдың 90-шы жылдары Ресейде ғылыми конференцияларды өткізу жиіледі. Олардың тақырыптары көрші халықтардың өзара қарым-қатынасы мәселелерін талқылау, өткеннің оқиғаларын қайта бағалау, басқа халықтардың мәдени құндылықтарына объективті көзқарас және т.б. «XXI ғасыр қарсаңындағы Ислам өркениеті (Сібірдегі исламның 600 жылдығына орай)», «Дала өлкесі: орыс және қазақ халықтарының өзара іс-қимыл аймағы (XVIII – XX ғғ.)», «Ресей және Шығыс: өзара іс-қимыл мәселелері», «Исмаил Гаспринский – Шығыс халықтарының ағартушысы» тақырыптарымен өткізілген

¹³³ Таймасов Л.А. Миссионерско-идеологическая деятельность православной церкви и противоцерковное движение чувашского народа: Автореф. дис. канд. истор. наук. – Самара. 1991. – С. 17.

¹³⁴ Жировов В.И. Политические взгляды и государственная деятельность К.П. Победоносцева в 80-90 годы XIX века: Автореф. дис.канд. истор. наук. – Воронеж. 1993. – С. 19.

конференциялар материалдарынан ғалымдардың мазмұнды әрі тартымды баяндамаларын табуға болады¹³⁵. Мақалалардың мазмұны тарихи оқиғалар мен тұлғаларды объективті бағалаумен ерекшеленді. Олар мұсылман дініне қатысты жүргізілген патшалықтың саясатын басқаша қарастыра бастады. Баяндамаларда патша әкімшілігі саясатының отаршылдық сипаты және орыс мемлекеттілігіне қосу, орыс ұлтына біріктіру мақсатында олардың орыс емес халықтардың рухани өміріне нұқсан келтіруге бағытталған әрекеттері туралы айтылды.

XX ғасырдағы 90-жылдардың соңы, 2000-жылдардың басында, Ресейде, ұлттық аймақтардағы миссионерлік қызмет тақырыбында докторлық және кандидаттық диссертациялар жиі қорғала бастады¹³⁶. Бұл еңбектерде Ресейдің отарлауы, оның барысы, сипаты мен нәтижелері көрсетілген. Патшалықтың отарлық саясаты ресейлік отарлаудың маңызды сипатын, оның тарихи ерекшелігін анықтау үшін сыни талдаудан өтті және сонымен бірге еуропалық алпауыттардың жаңа әлемді отарлауындағы ұқсастықтары көрсетілген. Бірақ бұл еңбектерде басты назар Ресей мемлекетінің орыс емес халықтарды христиандандыру саясатына аударылады.

Орыс православие шіркеуінің мәртебесін көтере отырып, патша үкіметі екі буржуазиялық революция қарсаңында өз позициясын нығайтуға үміттенді. Әрине, басқа сенімдегілер патша үкіметі мен

¹³⁵ Материалы международной научной конференции «Исламская цивилизация в преддверии XXI века (к 600-летию ислама в Сибири)». – Омск, 1994. – 160 с.; Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов: Тезисы докладов и сообщений Международной научной конференции, посвященной 175-летию образования Омской области. – Омск, 1998. – 185 с.; Материалы международной конференции «Россия и Восток: проблемы взаимодействия». – Новосибирск, 1999. – 201 с.; Материалы международной научной конференции «Исмаил Гаспринский – просветитель народов Востока». – М., 2001. – 217 с.

¹³⁶ Шагжина З.А. Миссионерская деятельность Русской православной церкви в Забайкалье (вторая половина XVII – начало XX вв.): Автореф. дис. д-ра ист. наук. – М., 2001. – 30 с.; Вишленкова Е.А. Религиозная политика в России (первая четверть XIX века): Автореф. дис. д-ра ист. наук. – М., 1999. – 50 с.; Белов Ю.С. Правительственная политика по отношению к не православным вероисповеданиям России в 1905-1917 гг.: Автореф. дис. канд. ист. наук. – СПб., 1999. – 48 с.; Ипатьева А.А. Миссионерская деятельность Русской Православной церкви на юге Дальнего Востока во второй половине XIX – начале XX века: Автореф. дис. канд. ист. наук. – Красноярск, 1999. – 51 с.; Воробьева Е.И. Мусульманский вопрос в имперской политике российского самодержавия: вторая половина XIX века – 1917 год: Автореф. дис. канд. ист. наук. – Санкт-Петербург, 2000. – 28 с.

орыс православие шіркеуінің қысымына ұшырады. Мемлекеттік саясат Ресейдегі ислам мен мұсылмандар туралы бұрыннан бар және қолданыстағы түсініктермен өзара байланысты қарастырылды.

Православие шіркеуінің тарихы кейбір мерзімді басылымдарда да қарастырылады. Н. Лифантьеваның «Отечественные архивы» журналындағы мақаласы Ресейдің солтүстік-шығысында православиенің таралу тарихына арналған¹³⁷. Ол осы аймақтағы шіркеулерді салу мәселелеріне және Құдай сөзін уағыздаушыларды дайындауға және жіберуге байланысты мамандарды даярлау мәселелеріне назар аударады.

Посткеңестік кезеңде жарық көрген жарияланымдардың ішінде Батыстың ірі саясаттанушысы, ұлты бойынша шешен, тоталитаризм тарихы бойынша бүкіл әлемге танымал кітаптардың авторы, эмигрант, профессор А. Авторхановтың «Кремль империясы» атты еңбегі көрнекті орын алады¹³⁸.

Аталған еңбекте тек кеңес басшылығының ғана емес, патша үкіметінің де саясатына сын айтылған. Большевиктік тарихшылар Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруін тарихи маңызы бар оқиға ретінде сипаттады. Олар жаулап алынған халықтардың дамуына «Орталық Азияның Ресейге қосылуының» «прогрессивті әсері» туралы үнемі айтып отырды. «Кремль империясының» авторы тәуелсіздіктің жоғалуына өз бағасын береді. Ол зорлықпен орыстандыру саясатына назар аударады: «Американдық ұлт американдық болу үшін Америкаға өз еркімен көшіп келген этникалық топтардан құрылды. Ресей империясы негізінен күшпен жаулап алынған халықтардан құрылды. Олар орыс болғысы келмеді, қазір де болғысы келмейді»¹³⁹. А. Авторхановтың мәлімдемесі жүргізіліп отырған саясатқа тікелей қарама-қайшы болды. Сол жылдары бұл біртұтас мәдениеті, тілі, дәстүрлері бар кеңес халқының қауымдастығын құру туралы ұрандарға қарсы батыл шабуыл болып табылды. Бұл жағдайда діни сенім айтарлықтай ескерілмеді, бірақ орыс болуға қарсылықтар олардың дінді қабылдамауынан да орын алды. Патша өкіметі мен кеңес үкіметінің саясатына объективті баға бере отырып, А. Авторханов өзін тиісті органдардың қудалауы ықтималдығын жоққа шығармағаны түсінікті. Оның құтқарушысы эмиграция болған еді.

¹³⁷ Лифантьева Н. Распространение православия на северо-востоке России // Отечественные архивы. – 2001. - № 4. – С.70-75.

¹³⁸ Авторханов А. Империя Кремля. Минск-Москва: «Полифакт» – «Дружба народов», 1991. – 107 с.

¹³⁹ Сонда, 80 б.

Ресей империясы аймақтарындағы миссионерлік қызметті зерттеу тарихшылардың назарын бүгінгі күнге дейін аударды және өзектілігін жоғалтпайды¹⁴⁰. Самодержавиенің діни саясатында кейіннен православиегеотуі тиіс деп есептелген басқа діндегілерге белгілі бір орын берілді. Осы мақсатқа жету үшін Ресей империясының орыс емес тұрғындары арасында оларды православие дініне тарту үшін миссионерлік жұмыс жүргізу қажет болды. Бұл қызмет сонымен бірге қосып алынған аумақтарды игеру факторларының бірі болды¹⁴¹. Айта кету керек, 2007 жылы миссионерлік қызметтің он ғасыр бойғы тарихын сипаттайтын жалпылама еңбек жарық көрді, ол қасиетті Тихон гуманитарлық университетінде даярланды¹⁴².

Тарихи зерттеуді дереккөздерді пайдаланбай елестету мүмкін емес. Архив материалдары пайдаланылған әдебиеттер тізімінің едәуір бөлігін құрайды. Мысал ретінде В.В. Шабуниннің «Миссионерская деятельность русской православной церкви в конце XIX – начале XX вв.»¹⁴³ атты жұмысының деректанулық шолуы туралы айтар болсақ, ізденуші өзі атап өткендей, ол Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінің (РФМА), Ресей мемлекеттік тарихи архивінің (РМТА), Мәскеу қаласының орталық тарихи архивінің (МОТА) құжаттарын пайдаланған. Осы сияқты көптеген зерттеулерде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттық материалдары орын алмаған. Өйткені Ресей өңірлерінің зерттеушілері үшін отандық

¹⁴⁰ Есикова Е.М. Миссионерская деятельность Русской православной церкви среди нехристианского населения Оренбургской епархии: 1859-1917 гг.: дис. канд. ист. наук. – Челябинск, 2010. – 250 с.; Искхаков Р.Р. Миссионерская деятельность Русской православной церкви в отношении мусульман Среднего Поволжья в XIX–начале XX вв.: 1800-1917 гг.: дис. канд. ист. наук. – Казань, 2008. – 292 с.; Михайлова Е.Д. Миссионерская и религиозно-просветительская деятельность Русской православной церкви в Центральной России в конце XIX– начале XX века: дис. канд. ист. наук. – Курск, 2010. – 188 с.; Остапенко Р.А. Миссионерская деятельность Русской православной церкви среди адыгов Северо-Западного Кавказа: дис. канд. ист. наук. – Майкоп, 2011. – 221 с.

¹⁴¹ Асочакова В.Н., Чистанова С.С. Миссионерская деятельность как фактор освоения Сибири в XVII-XIX вв. / Genesis: исторические исследования. – 2018.- №12. – С. 124-130

¹⁴² Ефимов А.Б. Очерки по истории миссионерства Русской православной церкви. – М., 2007. – 688 с.

¹⁴³ Шабунин В.В. Миссионерская деятельность русской православной церкви в конце XIX – начале XX вв.: автореф. дис. на соискание уч. степени канд. ист. наук. – М., 2013. – С. 24.

архивтерге жүгіну жеткілікті саналады. Алайда біздің елге қатысты мәселені зерттеген жағдайда, ҚРОМА құжаттық мәліметтерінсіз еңбектің толыққанды болуы екіталай.

Ю.А. Лысенконың тарих ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін даярланған диссертациясы XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ОПШ миссионерлік қызметіне арналған¹⁴⁴. Ізденуші біздің елдегі Ресей империясы діни саясатының мәселелері бойынша зерттеу жүргізе отырып, православиелік миссионерлікке ерекше орын береді. Ю. Лысенко оның Түркістан епархиясының ұйымдастыру ерекшеліктеріне назар аударады. Ол ескі ғұрыпшылдар (старообрядцы) мен сектанттықтың кең таралуына байланысты осы кезеңде туындаған мәселелерді зерттейді, православтық, исламдық және раскольниктік миссионерлік қызметті ұйымдастыру мен әдістеріндегі айырмашылықтарды анықтайды. Зерттеуші Ресей мемлекеттік тарихи архиві, Орынбор облысының мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивіндегі құжаттарды ғылыми айналымға түсірген. Диссертацияның хронологиялық шеңбері XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басымен шектелгендіктен, көптеген қорлар ізденушінің назарынан тыс қалғаны түсінікті.

Орталық Азия тарихшыларының зерттеулерінде бүкіл елдің, сондай-ақ жекелеген облыстардың, соның ішінде Түркістанның отаршылдық кезеңдегі тарихын шынайы баяндайтын материалдар бар¹⁴⁵. Өзбек халқының діни өміріне баса назар аударылады. Бұл

¹⁴⁴ Лысенко Ю.А. Миссионерская деятельность Русской православной церкви в Казахстане: вторая половина XIX - начало XX вв.: автореф. дис. на соискание уч. степени д-ра ист. наук. – Барнаул, 2011. – С. 52.

¹⁴⁵ Садыков Х.Д. Колониальная политика царизма в Туркестане и борьба за национальную независимость в начале XX века: Автореф. дис. д-ра ист. наук. – Ташкент, 1994. – 50 с.; Абдурахимова Н.А. Колониальная система в Туркестане (II половина XIX – начало XX вв.): Автореф. дис. д-ра ист. наук. – Ташкент, 1994. – 67 с.; Худайкулов А.М. Просветительская деятельность джадидов Туркестана (конец XIX – начало XX вв.): Автореф. дис. канд. ист. наук. – Ташкент, 1995. – 31 с.; Расулов Б.М. Из истории мусульманских мактабов и медресе в Узбекистане (конец XIX – 20 годы XX в.): Автореф. дис. канд. ист. наук. – Андижан, 1996. – 32 с.; Суюнова А. Национально-освободительная борьба 1916 года в Туркестане (на примере Сырдарьинской области): Автореф. дис. канд. ист. наук. – Ташкент, 1997. – 31 с.; Рустамов Г.К. Колониальная сущность царской и большевистской власти в Туркестане (1867-1924 гг.): Автореф. дис. д-ра ист. наук. – Ташкент, 1999. – 53 с.; Боотаева Б. Кыргызы между Россией, Кокандом и Восточным Туркестаном (II половина XVIII – 70 годы XIX вв.): Автореф. дис. канд. ист. наук. – Бишкек, 1996. – 33 с.; Гафаров Н.У. Культурно-просветительская деятельность джадидов в Бухарском эмирате (начало XX века): Автореф. дис. канд. ист. наук. – Душанбе, 1999. – 31 с.; Алимова Д., Рашидова Д. Махмудходжа Бехбудий и его исторические воззрения. – Ташкент, 1998. – 40 с.

жұмыстарды талдау патша өкіметінің өзбек халқының діни өмірінде қолданған құралдары мен әдістерінің Қазақстандағы отаршылдық өкімшіліктің қызметінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Сондықтан өзбек әріптестердің зерттеулері салыстырмалы талдау үшін қызығушылық туғызады.

Еңбектерде зерттеушілердің патшалық Ресей тарапынан қысым көрген ұлттық және мұсылман құндылықтарын, оларды қайта жандандыру қажеттілігін сезіну жөніндегі мәселелер көрсетіледі. Мұсылман білімінің әсерін бұрынғыдай үзілді-кесілді теріс бағалау басқаша жолмен беріледі. Рухани мұраға деген көзқарас қайта каралады.

Кеңес Одағының ыдырауымен тәуелсіз республикаларда тарихи есімдерді жаңғырту орын ала бастады. Мысалы, Өзбекстан Республикасында өткен ғасырдың 90-жылдарында ағартушы Махмудхожа Бехбудидің рухани мұрасы туралы зерттеулер пайда болды. 1998 жылы тарихшылар Д. Алимова мен Д. Рашидованың «Махмудхожа Бехбуди және оның тарихи көзқарастары» атты кітапшасы жарық көрді¹⁴⁶. Түркістан жадидшілігінің жақтаушысы ретіндегі М.Бехбудидің қызметіне Д. Алимованың «Джадидизм в Средней Азии. Путиобновления, реформы, борьбазанезависимость» зерттеуі арналған¹⁴⁷.

XX ғасырдың басындағы Орталық Азия халықтары тарихының маңызды мәселелері: жадидизм, автономия және көтерілісшілер қозғалысы 1999 жылғы 16-18 қыркүйекте Ташкентте өткен «XX ғасырдың басындағы Орталық Азия: реформалар, жаңару, прогресс және тәуелсіздік үшін күрес» халықаралық конференциясында талқыланды¹⁴⁸. Жекелеген баяндамалар XX ғасыр басындағы исламның жағдайымен байланысты дін, ағарту мәселелеріне және байырғы тұрғындардың қолданыстағы ержелерге наразылығының пайда болуына арналды.

Егер кеңестік заманда Еуропа мемлекеттерінің отарлау саясаты сипатталған Азия мен Африка елдерінің тарихы туралы көптеген

¹⁴⁶ Алимова Д., Рашидова Д. Махмудходжа Бехбудий и его исторические воззрения. – Ташкент, 1998. – С. 40.

¹⁴⁷ Джадидизм в Средней Азии. Пути обновления, реформы, борьба за независимость. – Ташкент, 2000. – С.24.

¹⁴⁸ Материалы международной конференции: «Центральная Азия в начале XX века: борьба за реформы, обновление, прогресс и независимость». – Ташкент, 2001. – 217 с.

еңбектер болса, бүгінде орыс патшалығының орыс емес халықтарға қатысты әрекеттерін сынайтын зерттеулер пайда болуда. А. Каппелер Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жарық көрген тарихи еңбектерді талдай отырып, «Соңғы жылдары ислам мәдениетінің тарихнамасы кеңестік стереотиптерден босатылды және «халықтар достығы» мен Ресейге ерікті қосылу көзқарасының орнына конфронтацияны, олардың аумақтарын әскери жаулап алуды, жаулап алынған халықтардың көтерілістерін қантөгіспен басуды, экономикалық қанаушылықпен христиан дініне күшпен қаратуды атап өтеді» деген қорытындыға келді¹⁴⁹. Ресейдің ислам әлемімен қарым-қатынасында А.Каппелер екі жолды бөліп көрсетеді. Олардың бірі, ғалымның пікірінше, «агрессивті, басым идеологиялар негізінде мұсылмандарды мәжбүрлеп жұтып жіберуге немесе бөлшектеуге деген ұмтылыспен сипатталады». Профессордың «XIX ғасырдың соңғы ширегінде...бұратаналарға дейінгі мәдени дистанция соншалықты едәуір деп есептелуі себепті, оларға қатысты миссионерлік қызмет пен тілдік орыстандыру саясаты қолданылмады; православие шіркеуі негізінен шоқынған татарлардың исламға өтуіне қарсы күреспен шектелді» деген қорытындысымен келісуге болмайды¹⁵⁰. Керісінше, тақырыпты зерттеу барысында материалдарды зерттеу патша үкіметінің аумақтарды басып алумен ғана шектелмегенін сенімді түрде көрсетеді. Қазақстанда өз жағдайын бекіту үшін патша үкіметі мен оның әкімшілігі қазақтардың діни өміріне қысым жасаудың келесі құралдарын – христиандандыру және орыстандыруды қосты. Миссионерлік мекемелердің түзілуі, православие уағызшыларының қызметі осымен түсіндіріледі.

Батыс Еуропа тарихнамасындағы негізгі тақырыптарының бірі – патшалық Ресейдегі діни мәселелерді зерттеу болды. 2001 жылы Лондонда Роберт Джераси және Майкл Ходаровскийдің редакциясымен шыққан «Дін және империя туралы: миссиялар, үндеулер және дінге төзімділік» атты мақалалар жинағы жарық көрді¹⁵¹. Онда императорлық Ресейдегі миссионерлік қызмет, дінге қатысты өтініштер және діни төзімділік тарихын суреттейтін мақалалар жарияланды. Жинақ авторлары миссионерлік қызметте «тәтті тоқаш пен қамшы» саясатының қолданыс аясын көрсетті. Осы жинақтың «Ислам кейпі алдында»

¹⁴⁹ Каппелер А. Две традиции в отношениях России к мусульманским народам Российской империи // Отечественная история. РАН. – 2003. – № 2. – С. 129-135.

¹⁵⁰ Сонда, 132 б.

¹⁵¹ Роберт Джераси, Майкл Ходаровский. О религии и империи: миссии, обращения и веротерпимость // Отечественная история. РАН. – 2001. – № 6 – С. 198-200.

деген бөлімінде Р. Джераси Қазақстандағы православие миссиясының қызметіне назар аударды. Мұндай қызығушылық кездейсоқ емес. Кеңес Одағының ыдырауы және тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы алыс шетел тарихшыларына осындай зерттеулер жүргізуге үлкен мүмкіндіктер тудырды.

Қазақстандық зерттеушілер тәуелсіздік алғаннан кейін өз еңбектерінің салдарына алаңдамай жазуға мүмкіндік алды. Оларда ұлы орыс халқын және оның қазақ халқының дамуына қосқан үлесін мадақтау енді міндетті емес еді. Сонымен қатар әлемдік деңгейде қазақ мәдениетінің орны мен маңызын көрсетуге мүмкіндік туды.

Қазіргі заманғы қазақстандық зерттеушілер: философтар, тарихшылар және басқалары, сондай-ақ жазушылар білім беру, дін мен мәдениеттің жай-күйін зерттей отырып, отаршылдық кезеңдегі Қазақстан тарихына бет бұрады. Өздерінің ғылыми зерттеулерінде олар патша саясатының қазақ халқы өмірінің барлық қырларына деген ықпалын көрсетеді.

Философтар О. Құдышевтің «Жадидшілер – ұлт жанашырлары», «Панисламизм мен пантюркизм деген не?», М. Бұлұтайдың «Дін және мәдениет», Ө. Озғанбайдың «Дала данасы» және басқа да жарияланымдар патша заманындағы қазақ халқының білімі, діні және мәдениеті мәселелерін көтереді. Осы аталған еңбектерге тән ортақ сипат – олар қазақтардың мұсылман дінін соқыр қабылдау түрінде емес, ондағы адамгершілік қағидаттарды бөліп анықтау арқылы танығанын көрсетеді. Мұны діни мәселелерге келгенде қазақтар «немқұрайлылық» танытады деп сөйлейтін ресейлік шенеуніктердің пікіріне жауап ретінде қабылдағанымыз жөн. Екінші жағынан, бұл жарияланымдарда православиелік миссионерлердің жолында кедергі болған жадидтердің қызметіне объективті баға беріледі¹⁵². Өйткені миссионерлер православиені насихаттай отырып, мәжбүрлеп міндеттелген діннен келетін білім нұрын санаға сіңіруге тырысатын.

К.Л. Есмағамбетов «Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасы (көне заманнан ХХ ғасырдың 90 жылдарының басына дейін)» атты докторлық диссертация дайындады. Бұл еңбектің басты ерекшелігі – батыс зерттеушілерінің жұмыстарына деген қызығушылық болды.

¹⁵² Құдышев О. Жадидшілер – ұлт жанашырлары // Қазақ тарихы. – 1996. № 5. – 38-41 бб.; Құдышев О. Панисламизм мен пантюркизм деген не? // Сары-Арқа. – 1995. № 3. – 71-78 бб.; Бұлұтай М. Дін және мәдениет // Шапағат-Нұр. – 2001. № 8. – 12-17 бб.; Озғанбай Ө. Дала данасы / Егемен Қазақстан. – 2002. – 21 мамыр; Өлжожаев Қ. Абай және ислам діні // Ақиқат. – 1998. № 8. – 79-80 бб.

Диссертация авторы Ресей жаулап алғаннан кейінгі Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының өткенін зерттеген және оның салдарына өз бағасын берген батыс зерттеушілерінің жұмыстарын талдады.

К.Л. Есмағамбетовтың докторлық диссертация тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулерінің нәтижесі «Что писали о нас на Западе» монографиясы болды. Ғалым батыс саяхатшыларының естеліктерін, жолжазбалары мен күнделіктерін пайдалана отырып, революцияға дейінгі кезеңдегі Қазақстанды Батыста зерттеудің негізгі кезеңдері мен бағыттарын атап өтті, сондай-ақ шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан Қазақстан тарихының негізгі проблемаларын анықтады¹⁵³.

«Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивті салдары» деп аталатын мәселе бойынша қызу пікірталастар патшалықтың отарлық саясатын бағалаумен тығыз байланысты. Бұл туралы өткен ғасырда батыс тарихнамасында екі қарама-қайшы көзқарас болған. Г. Роулинсон, Г.Кэрзон, Д. Булджер, А. Красс өз еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстандағы орыс шенеуніктерінің мінез-құлықтарындағы «маскүнемдік, күдік, тоқмейілсушілік» сияқты белгілерді атап өтті. Патша үкіметі жүргізген ресми саясаттың түпкі мақсатын олар өздерінің осы аймақтағы отаршылдық үстемдігін мәңгі сақтау үшін тұрғындардың «әл-ауқатын жақсартуға күш жұмсамай-ақ» бағындырылған халықтарды жұту деп есептеді. Еуропалықтардың «өркениеттік миссиясы» концепциясын жақтаушылар оған кейде орыстарды да жатқызатын, Қазақстанның Ресейге қосылуының шаруашылық пен сауданы дамыту, «тәртіп пен заңдылықты орнату» үшін «қайырымдылығы» мен «пайдалылығы» туралы жазды¹⁵⁴.

Кеңестік тарих ғылымында әдетте айтылмайтын мәселелер буржуазиялық тарих ғылымында талқыланды. «Бағындырылған халықтарды сіңіріп алу» саясатын жүзеге асыру Ресей империясында мекендейтін көптеген халықтардың жойылуына әкелуі мүмкін еді. Қазақтарды сіңіру жөніндегі міндеттерді орындауда миссионерлік қызметке белгілі бір орын берілді.

Исламның таралуына қатысты өзекті мәселелер және осы дінмен болып жатқан қазіргі заманғы үдерістер 2001 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ұйымдастырған халықаралық

¹⁵³ Есмағамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – С. 152.

¹⁵⁴ Сонда, 52 б.

конференцияда қарастырылды¹⁵⁵. Конференция тақырыбы: «Ислам: тарих және қазіргі заман». Жинақтың мақалалары әртүрлі елдер мамандарының көзқарастары мен қадамдарын ұсынады, исламды зерттеудің әртүрлі аспектілерін көрсетеді. АҚШ-тан келген Д.Стюарттың «Қазақ халқының исламға қаратылуы: тарихи үдерістердің тамыры» баяндамасы зерттеушілер тарапынан қызығушылық тудырды. Баяндамашының пікірінше, қазақ халқының исламға жүгіну мәселесі күрделі әрі жеткілікті зерттелмеген. Ол «қазақ даласындағы исламдану процесі Қазақ хандығы құрылғанға дейін басталды. Сондықтан одан алдыңғы мемлекеттерді: Ұлық Ұлыс, Моғолстан, Әбілхайыр хандығын қарастыру керек» деп санайтындармен келіседі¹⁵⁶. Аталған баяндамада айтылған АҚШ зерттеушісінің тұжырымдары әлі күнге дейін қазақтар дін мәселелерінде немқұрайды болды және жаңа дінді тарату қиындық тудырмайды деп санайтындар үшін айтарлықтай өнегелі болып табылады.

Көптеген зерттеулерде қазақ халқының діни өміріндегі патшалықтың саясаты отарлаудың мақсат-міндеттерімен тығыз байланыста көрсетіледі. Басты міндет – «барлық орыс емес халықтарды, соның ішінде қазақ халқын да ұлтсыздандыру және күштеп орыстандыру арқылы барлық ұлттық шеткері аймақтарды біртұтас мемлекетке біріктіру» болды¹⁵⁷.

Н.Д.Нұртазинаның «Қазақстан және Орталық Азия: ХІХ–ХХ ғасырлар тоғысындағы рухани ортақтықтың даму тенденциялары» тақырыбындағы кандидаттық жұмысы КСРО ыдырағаннан кейін қорғалды¹⁵⁸. Онда Орталық Азия өңірлерінің басқа да халықтарымен қатар қазақтардың рухани өмірінің аз зерттелген бірқатар мәселелері көтеріледі. Көрші халықтардың тарихи тағдырларының ортақтығын атай отырып, автор «түркі бірлігі идеясы метрополияның мәдени саясатына бірлесіп қарсы тұрудың тәсілі ретінде туындағанын» айтады. Диссертант «осымен бірге прогрессивті қайраткерлердің

¹⁵⁵ Материалы международной конференции «Ислам: история и современность». – Алматы, 2001. – 159 с.

¹⁵⁶ Сонда, 139 б.

¹⁵⁷ Болатбекова Л.З. Культурные связи казахского и татарского народов во второй половине ХІХ – начале ХХ вв.: Автореф. дис. канд. ист. наук. – Алматы, 1996. – С.2

¹⁵⁸ Нуртазина Н. Д. Казахстан и Средняя Азия: тенденции развития духовной общности на рубеже ХІХ – ХХ веков: Автореф. дис. канд. ист. наук. – Алматы, 1993. – 24 с.

көпшілігі тек мәдени ынтымақтастықты қолдап (ортақ мемлекет, біртұтас тіл құру және т.б.) пантүркизмнің кейбір әсіре идеяларын жақтамағанын» жасырмайды. Осыған байланысты диссертация авторы қызықты қорытындыға келеді: «ұлтшылдық пен ислам арасында тұжырымдамалық айырмашылықтар болса да, азаттық қозғалысының жетекшілері отаршылдыққа қарсы күреске жұмылдыру үшін көпшіліктің діни сезімдеріне де жүгінуге мәжбүр болды». Осылайша, орыс патшалығы кейпіндегі ортақ жауға қарсы күштерді біріктіру идеясы ерекше атап өтіледі. Диссертация авторы «дін өзінің ұлттық «мен» түсінігін сақтауға мүмкіндік беретін қорғаныс сауыты ретінде әрекет еткенін» атайды¹⁵⁹.

Жалпы алғанда, Н.Д. Нұртазинаның кандидаттық диссертациясында миссионерлік тақырыбымен байланысатын тұстары аз емес. Алайда қазақтардың рухани өмірінің көптеген мәселелері аумақтық жағынан да, мәдени жақындығы жағынан да жақын көршілік қатынастарда тұратын халықтармен ұқсастық мазмұнында қамтылған.

Н.Д. Нұртазинаның «Отражение ислама в жизни и творчестве казахских поэтов и биев средневековья» атты мақаласындағы діни тақырып XV–XVIII ғасырларда дүниеге келген шығармалар шеңбері арқылы қамтылған. Ақындар мен билер шығармаларының мазмұнын талдауға сүйене отырып, автор сол кезеңдегі дала мәдениетінің қайраткерлерін «толық мағынада исламның уағыздаушылары деп атауға болады, бұл олардың көркемдік мұрасынан көрінеді» деген қорытындыға келеді¹⁶⁰.

Ұлт зиялыларының қалыптасу үрдісін зерттеуде қайғылы жағдайда қайтыс болған жас тарихшы Б.А. Кенжетаевтың «Қазан оқу орындары және XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қалыптасу процесі» атты кандидаттық диссертациясының өңделген нұсқасы ерекше орын алады¹⁶¹. Зерттеуде Татарстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің

¹⁵⁹ Нуртазина Н. Д. Казахстан и Средняя Азия: тенденции развития духовной общности на рубеже XIX – XX веков: Автореф. дис. канд. ист. наук. – Алматы, 1993. – С. 10.

¹⁶⁰ Нуртазина Н. Д. Отражение ислама в жизни и творчестве казахских поэтов и биев средневековья. Материалы международной конференции «Ислам и современность». – Алматы, 2001. – С. 159-161.

¹⁶¹ Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начала XX века. – Казань, 1998. – 83 с.

құжаттары, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы журнал және газет басылымдары кеңінен қолданылған. Диссертация авторы патшалықтың орыстандыру саясатын, орыс емес халықтардың христиандандырылуын сынай отырып, орыс ортасында қазақ зиялыларының қалыптасу үдерісін көрсетеді. Бұл жағдайда қазақ жастары ғасырлық ұлттық дәстүрлерді сақтады. Белгілі бір дәрежеде қазақтардың дін мәселелеріндегі салқындығы туралы мәлімдемелермен келісе отырып, автор «ислам мәдениеті түрлі жолдармен болса да олардың менталитетіне әсер еткенін» көрсетеді. Сондай-ақ автор XIX ғасырдың аяғында Ресейде әртүрлі мақсаттарды көздеген екі білім беру тұжырымдамасы қалыптасты деп санайды, олар: Н.И. Ильминский және И. Гаспринский концепциялары¹⁶². Айта кету керек, бұлардың алғашқысы үкімет тарапынан қолдау тапса, екіншісі үлкен қиындықтарды бастан өткерді.

М. Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы» еңбегін құрастырушылар – Ә.С. Тәкенов пен Б. Байғалиевоны XX ғасырдың 90-жж. басында жарыққа шығарды. Кітапқа XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері жасаған баяндамалар мен ғылыми еңбектер енгізілген. Кітапты шығару жүз жылға жуық уақытқа ұмытылып, Кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшыратқан тұлғалар есімдерінің қайтарылуына байланысты мүмкін болды. Алғысөздің құрастырушылары мен авторлары атап өткендей, тарихты дұрыс жаңғырту қажеттілігі қазіргі заманғы оқиғалардан туындайды. Өз халқының өткенін білмеу «ұрпақтар арасындағы байланыстың үзілуіне әкеліп соғады, уақыт байланысын үзеді»¹⁶³. Оны қалпына келтіру және тарихтың қайғылы беттеріне жол бермеу – мектеп педагогтары мен ЖОО оқытушыларының бүгінгі мақсаты.

М. Тынышбаев сөздерінің кеңес заманында айтылғанын елестету мүмкін емес. М. Тынышбаевқа, М. Шоқайға, Ә. Бөкейхановқа, А. Байтұрсыновқа, Т. Рысқұловқа және тағы басқаларға тағылған «буржуазиялық ұлтшыл» деген жала олардың шығармаларын басып шығаруға және есімдерін атауға кедергі болды. Ш.Ш. Сарыбаев құрастырған «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткішінің» бірінші томына «А.Б.» бүркеншік есімі қойылғандықтан ғана қуғынға түсті. Бұл Ахмет Байтұрсыновтың есімі дегенді білдіретін¹⁶⁴

¹⁶² Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начала XX века. – Казань, 1998. – С. 48-50.

¹⁶³ Тынышбаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 224 с.

¹⁶⁴ Хасанов Б. Репрессии в сфере языковой жизни населения страны // Высшая школа. – 1999. № 5. – С.166-172.

Қазақ «ұлтшылдарының» «кінәсі» тек өз ұлтын, жерін, мәдениетін, дінін сақтау үшін және оның болашағы үшін күрескендігінде еді. Олардың күресі самодержавие мен пролетариат диктатурасы кезеңінде жүргізілді. Олар патшалық және кеңестік режимдердің қудалауына ұшырады. Ақыр соңында өздері де большевиктік биліктің құрбандарына айналды. Ұлт зиялыларының аты-жөндері тұтас бір құбылысты білдіретін жалпы есімдерге айналды, әміршіл-әкімшіл жүйе бұл тұлғаларға «байтұрсыновшылдық», «рысқұловшылдық» және т.б. айдар тағып, «халық жауы» ретінде сипаттады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақ зиялыларының қызметі және қайғылы өмір жолдары туралы тереңірек білуге мүмкіндік беретін көптеген еңбектер пайда болды. Мәселен, ҚР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы К.Н. Нұрпейісов бірқатар еңбектерін атақты күрескерлерге арнады¹⁶⁵. Ғалымның әділ тұжырымы бойынша: «Алашорда қозғалысын ұйымдастырушылар мен көшбасшыларының есімдерін және олардың іс-әрекеттерін ұзақ жылдар бойы ұмыттырмақ болған коммунистік баспасөз оларды жала жабуарқылы танымал етуге тырысты.

Ұлт зиялыларының Қазақ елінің еркін және тәуелсіз болғанын көруге деген ұмтылысы қасіретпен аяқталды. Қатыгез билік оларды жаппай қудалап түрмелерге қамады. Азаттық пен бірегейлікті армандаған зиялылардың қызметі жеке бостандықтарымен қоштасуларына себепші болды. 2001 жылы Қызылорда қаласында «М. Шоқай еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілді¹⁶⁶. Конференция Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейтойына арналды. М. Шоқай күрескен игі іс ол қайтыс болғаннан кейін жарты ғасырдан соң ғана шындыққа айналды. Бұл туралы жиынға қатысушылар: тарихшылар, саясаттанушылар, философтар және басқалар айтқан еді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі журнал мен газет беттеріндегі мақалаларда XVIII–XX ғасырларда Қазақстан аумағында, қазақ

¹⁶⁵ Нурпейсов К.Н. Они боролись за независимость Казахстана (Основные идеи и воззрения партии Алаш в контексте с сегодняшними реалиями) // Казахстанская правда. – 1997, 12 августа; Нурпейсов К.Н. Халел Досмухамедов: государственный деятель, ученый-энциклопедист, педагог // Мысль. 1998. № 2. – С.84-87; Нурпейсов К.Н. Алаш-Орда и алашордынцы: долгая дорога к свободе // Караван. – 1998. – 9,16,23 января.

¹⁶⁶ Республиканская научно-теоретическая конференция: «Идея независимости в трудах М. Чокая». – Кызылорда, 2001. – 175 с.

халқының рухани өмірінде болған үдерістерге сыни баға беру жиі көрініс тапты. Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Қ. Жақыпбек патшалық Ресейдің рухани отарлауы тақырыбына бірқатар мақалалар жазды¹⁶⁷. Ғалым өз еңбектерінде империяның басқару, білім беру, дін саласындағы саясатын батыл сынға алады. Отарлаушылардың келуінің салдарынан орын алған қырғын, автордың айтуынша, шектен шыққан. Жергілікті билік пен олардың қоршаған ортасы тарапынан үздіксіз көрсетілген қысымдар қазақ даласында толқуларға алып келген. Патшалыққа қарсы күреске халықтың көп бөлігі қосылды. «1905–1907 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілеріне қарсы отарлық биліктің қуғын-сүргіні» мақаласында С.Жақыпбек қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы бөлігін панисламизм мен пантүркизмге айыптай отырып, отаршыл билік ұлт-азаттық қозғалыстың белсенділерін қудалауға түсіргендігін көрсетті. Білім беру және дін саласындағы патшалық саясатқа қарсы күрес жолындағы мұсылман дінбасыларының рөлін айқындады¹⁶⁸.

Қазақстан аумағында патшалықтың жан-жақты қолдауымен жүзеге асырылған миссионерлік қызмет қазақстандық зерттеушілердің назарын жиі аударып бастады. Әртүрлі архив деректерін зерделей және талдай отырып, олар кейбір тарихшылардың православие уағызшыларының қазақ халқының санасына әлсіз әсері туралы мәлімдемелерінің негізсіздігін құжаттар бойынша дәлелдейді. Қазақтардың миссионерлердің шабуылына қарсы төтеп бере алғанын анықтап, зерделеу де өзекті мәселелердің бірі саналады.

Ғ.Қ. Батырхановтың кандидаттық диссертациясы ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басындағы патшалық Ресейдің Қазақстандағы миссионерлік саясатына арналған. Диссертант қазақтарды христиандандырудың жолдары мен әдістерін көрсете отырып, миссионерлік отаршылдық саясаттың бір түрі болып табылғандығы туралы тұжырым жасады¹⁶⁹. Зерттеуші С.К. Рүстемов

¹⁶⁷ Жақыпбек С.К. Из истории обучения казахской молодежи при царизме // Вестник КазГУ. Серия историческая. – 1999. № 13. – С. 54-59.; Жақыпбек С.К. Хазіреттер қарсылығы // Ақиқат. – 1997. № 11. – 22-24 бб.; Жақыпбек С.К. Репрессии колониальных властей против лидеров освободительного движения 1905-1907 годов // Вестник КазГУ. Серия историческая. – 2001. № 2. – С. 49-55.

¹⁶⁸ Жақыпбек С.К. Из истории обучения казахской молодежи при царизме // Вестник КазГУ. Серия историческая. – 1999. № 13. – С. 54-59.

¹⁶⁹ Батырханов Г.К. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты (ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. басы): Тарих ғылымд. канд. дис. – Алматы, 1997. – 186 б.

өз жұмысында мұсылман қозғалысын, оның Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі маңызын қарастырады¹⁷⁰. Екі жұмыстың да ғылыми құндылығы жоғары. Өйткені олар алғаш рет патшалықтың отарлау саясатындағы діннің рөлін көрсетуге талпыныс жасады. Дін қызметшілерінің рөлін қарастыру кезінде Ғ.Қ. Батырханов православие шіркеуін патшалықтың көмекшісі ретінде, ал С.К. Рүстемов мұсылман дінбасыларын – самодержавиенің отарлық саясатына қарсы күрескерлер ретінде сипаттады.

Аталған диссертацияларға белгілі бір дәрежеде толықтырулар ретінде діни тақырыпқа, атап айтқанда православие уағызшыларының қызметіне арналған жарияланымдарды атауға болады. Филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметовтің «Патшалық Россияның ұлт аймақтарындағы саясаты», «Ильминский, Алекторов, Остроумов» және басқа да мақалалары үлкен қызығушылық туғызды¹⁷¹. Оларда автор патша үкіметінің Қазақстандағы саясатына сыни тұрғыда сипаттама береді. Ал миссионер және орыстандырушы қайраткерлеріне қатысты кеңестік кезеңге тән үйреншікті «олар Қазақстанның білім беру мен мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосты» деген тұжырымға толық және объективті баға береді. Автор миссионерлердің бірі анық айтқан сөздерді келтіреді: «Мұнда әр православиелік христиан миссионер болуға міндетті (курсив біздікі – З.С.)». М. Мырзахметов патша үкіметінің ұлт мәселесіндегі саясатын, әсіресе қазақтарды орыстандыру үдерісін толығырақ «Қазақ қалай орыстандырылды» еңбегінде ашады¹⁷².

Ж.Шалғынбаеваның «Қазақстандағы патшалықтың миссионерлік саясаты» атты мақаласы да мазмұны жағынан М. Мырзахметовтің мақаласымен үндеседі¹⁷³. Құжаттық деректерді пайдалана отырып, Ж.Шалғынбаева православтық уағыздау үдерісінің басталуын, қоныс аударушылардың қазақтардың діни өміріне әсерін, христиандық мазмұндағы теологиялық кітаптардың таратылуын және т.б. көрсетеді.

¹⁷⁰ Рүстемов С.К. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: Тарих ғылымд. канд. дис. – Алматы, 1997. – 180 б.

¹⁷¹ Мырзахметов М. Патшалық Россияның ұлт аймақтарындағы саясаты // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 26 қаңтар, 2 ақпан.; Мырзахметов М. Ильминский, Алекторов, Остроумов // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 13, 20 көкек; Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 130 б.

¹⁷² Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 130 б.

¹⁷³ Шалғынбаева Ж. Миссионерская политика царизма в Казахстане // Абай. – 1990. - № 1. – С. 52-57.

Алайда біздің ойымызша, миссионерлік қызметтің басталуын ХІХ ғасырдың ортасы деп қатаң мерзімдеу қисынсыз. Миссионерлердің қызметі ХVІІІ ғасырдан бастау алады. Оған дәлел – Тәуке ханның «Жеті Жарғысы». Ханның бұл Жарғыға православие дінін қабылдаған адамдарды жазалау туралы бапты қосқаны кездейсоқ емес еді¹⁷⁴.

Қазіргі қазақстандық зерттеушілердің еңбектері орыс мәдениетінің басқа халықтардың мәдениетіне ықпалын үнемі мадақтауға дағдыланған ресейлік ғалымдар тарапынан сынға ұшырайды. Мәселен, ресейлік тарихшы В.А. Моисеев те «қазақ жүздерінің Ресейге өз еркімен қосылуына» арналған еңбектерді жоғары бағалайды¹⁷⁵. Ол патшалық Ресейден келетін «абсолюттік зұлымдық» тұжырымдамасын ұстанатын қазақстандық зерттеушілер еңбектерінің пайда болуына наразы. Өз монографиясында ол былай деп жазады: «Орыс мемлекеті қазақ тарихшылары мен публицистерінің еңбектерінде «қанқұйлы солтүстік жыртқышы», Жоңғария сияқты қазақтардың тарихи дұшпаны» түрінде көрініс береді»¹⁷⁶. В.А. Моисеевке ойларын қайта өзгерту қиын және ол қазақстандық ғалымдар келтірген жағымсыз мысалдарды біршама ірілендіріп, асыра көрсетеді. Бір жайт анық, бүгінгі қазақстандық зерттеулер мен жарияланымдар Ресейдегі жекелеген зерттеушілерге ұнай қоймайды.

Жекелеген қазақ жазушылары да өз шығармаларының тақырыбына Қазақстандағы патшалық билік кезеңіндегі оқиғаларды таңдаған. Мәселен, жазушы Қ. Жұмаділов өзінің «Прометей алауы» атты тарихи әңгімесінде фактілерге сүйене отырып, ХІХ ғасырда болған оқиғаларды сипаттады. Жазушының баяндауынша, Қазақстан аумағында православиенің таралуынан қорыққан Ақтайлақ би отаршылдық биліктің келуімен Аягөзге мұсылман діни қызметкерлерін шақырады. Біршама уақыттан соң мұнда 200-ден астам адамнан тұратын 40-қа жуық отбасы келеді. Олардың арасында медресені бітірген жастар, қожалар да болады. Данагөй Ақтайлақ би осылайша православие миссионерлеріне исламның даярланған діни адамдарын қарсы қояды¹⁷⁷.

¹⁷⁴ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – С. 369.

¹⁷⁵ Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в ХVІІІ веке. – Барнаул, 1998. – С.7.

¹⁷⁶ Сонда, 9 б.

¹⁷⁷ Жұмаділов Қ. Прометей алауы. Тарихи баян. – Алматы: Атамұра, 2002. – 40 б.

Орыс православие шіркеуі мен миссионерлердің қызметін ашып көрсететін ірі жұмыстардың бірі – З.Т. Садвокасованың «Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX – начало XX веков)» монографиясы. Автор деректі материалдарды талдау негізінде Қазақстандағы патшалықтың рухани экспансия үрдісін көрсеткен. Еңбекте қазақ халқының рухани өміріндегі отарлау саясатының сипаты, ауқымы мен нәтижелеріне объективті зерттеу жүргізіледі. Сонымен бірге ресейлік және кеңестік тарихшылардың зерттеулерінде орын алған тарихи фактілерді біржақты сипаттауды және біржақты бағалауды болдырмау мақсат етілген.

Зерттеуші Қазақстандағы Ресейдің отарлық агрессиясының ушығуы өзара байланысты үш негізгі бағытты, бірінен соң бірі келетін үш фазаны: әскери, саяси және экономикалық экспансияны қамтығанын атап өтеді. Бұл үрдістердің барлығы уақыты бойынша алғанда, қатаң түрде өзара сабақтастықта жүрмеді және келесі кезеңнің басталуы алдыңғы кезеңнің аяқталуын білдірмеді. Керісінше, олар бір-бірімен тығыз байланысты және Қазақстанды отарлауға бағытталған патшалық Ресей саясатының құрамдас бөлшектері болып табылды. Одан бөлек, саяси салада өткізілген іс-шаралар әскери жаулап алуды кеңейту және нығайту үшін өзіндік плацдарм түрін жасады. Өз кезегінде, экономикалық ену ауқымының артуы қазақтардың саяси жағдайының өзгеруіне әкеліп соқты.

Алайда осы бағыттардағы барлық жетістіктері қомақты деп саналғанымен, бағынышты және кіріптар делінген халық өздерінің ұлттық сана-сезімдерін бекітіп, өзіндік мәдениетін, дінін қорғап, ана тілін дамытты, халықтық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырды. Сол себепті патшалық Ресей тарапынан жүргізілген рухани отарлау саясаты тәуелсіз этникалық тұтастық түрінде өмір сүргенге дейін қысқа мерзімді әрі тұрақсыз болды. Дегенмен Ресей империясының Қазақстандағы саясатының шырқау шегі, оның соңғы элементі рухани экспансия болды. Ол бөгде жұрттардың ой-саналарын жаулап алуды, оларды орыстандыруды, христиандандыруды және орыс халқымен сіңіруді мақсат етті.

Патшалық Ресейдің Қазақстандағы рухани жаулауы екі негізгі, өзара байланысты бағыттар бойынша жүрді: негізінен білім беру саласында орыс тілін енгізу және кеңінен тарату арқылы жергілікті халықты орыстандыру; ислам дініне тұрақты қысым жасау арқылы күштеп христиандандыру.

Посткеңестік кезеңде тарихшылардың сектанттыққа қарсы бағытталған миссионерлік қызметке деген қызығушылығы артты, бұл қарастырылып отырған тақырыптағы диссертациялар санының өсуіне ықпал етті. Зерттеушілер Ресей империясының әртүрлі аймақтарындағы православие уағыздаушыларының жұмыстарын зерттеді¹⁷⁸.

Сектанттар мен раскольниктер арасындағы миссионерлер қызметі бойынша зерттеулер азырақ. Раскольниктер арасындағы миссионерлердің қызметі туралы мамандардың қазіргі заманғы зерттеулері Я.С. Андрусенко, Н.А. Антипин, Ю.А. Лысенко, В.В. Катькова, Е.Д. Михайлова, А.А. Секириннің және т.б. еңбектерінде ұсынылған. Аталған еңбектер Орыс православие шіркеуінің сектанттық пен ескі ғұрыптыққа (старообрядчество) қатысты миссионерлік қызметінің пайда болуы мен дамуын зерттеуге арналған (Секирин, А.А., Михайлова Е.Д., Каткова В.В.). «Сектанттар мен ескі сенімдегілер арасында, шіркеулік саясат бөлігі ретінде осы діни топтарға қатысты ХІХ ғасырдың екінші жартысында Православиелік шіркеулер бауырластығы мен Православиелік миссионерлік қоғамының ұстанған миссионерлік қызметін талдауға» ерекше назар аударылады (Секирин). Зерттеу нысаны миссионерлік институттың құрылу үрдісі, оның формалары, ескі сенімдегілермен күресу жолдары, тәсілдері болып табылады. Жарияланымдарда ерекше көзге түскен ОПШ миссионерлерінің аты-жөндері, «миссионерлердің ОПШ аясына ескі сенімдегілерді тартуының біршама мысалдары» келтірілген (Катькова). Мұндай фактілер шіркеу қызметкерлерінің жоғары бағасына ие болатын.

Ғалымдар «Діни төзімділік негіздерін нығайту туралы» жарлыққа байланысты Есік ғұрыптық шіркеуіне қатысты мемлекет пен ОПШ саясатының өзгеруін сипаттайды, сонымен қатар оның зардаптарын ашады¹⁷⁹.

¹⁷⁸ Гусейнова Т.Н. Миссионерская деятельность Русской православной церкви среди старообрядцев Забайкалья: XVIII – начало XX вв.: дис. канд. ист. наук: 07.00.02.– Улан-Уде, 2004. – 249 с.

¹⁷⁹ Катькова В.В. Миссионерская деятельность русской православной церкви среди старообрядцев в Самарской епархии последней трети XIX века / Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Т.11. – № 2. 2009 – С.60-63; Михайлова Е.Д. Миссионерская деятельность православной церкви в Центральной России в конце XIX – начале XX века (на материалах Курской епархии) / Вестник Челябинского государственного университета. – № 16 (154). История. Вып.32. – 2009. – С.88-93; Секирин А.А. Миссионерская деятельность Русской Православной Церкви и церковная политика в отношении сектантства и старообрядчества во второй половине XIX века / Исторические исследования: материалы IV Междунар. науч. конф. – Казань. 2016. – С. 67-71.

Біздің зерттеуіміз үшін Қазақстан аумағындағы ескі сенімдегілер жағдайы көрсетілген жарияланымдар айрықша қызығушылық туғызады¹⁸⁰. Мәселен, Я.С. Андрусенко жұмысында «Орынбор епархиясындағы миссионерлердің әкімшілік аппараты ұсынылған. Ескі ғұрыптық шіркеудің дінге қатысты саясаттың өзгеруіне реакциясын сипаттауға талпыныс жасалады».

Біздің ойымызша, ғалымдардың кейбір тұжырымдары дұрыс деуге келмейді. Мысалы, Ю.Лысенко жарияланымында Орыс православие шіркеуінің ескі ғұрыптағылармен және сектанттықпен қарым-қатынастары «қатаң түрде өрбіген» деген пікірі біз анықтаған құжаттарда расталмады. Ескі ғұрыптағылармен күреске қолда бар барлық әдістер мен құралдарды қолдану жалпы миссионерлікке тікелей қатысты. «Православие тұрғындарының бөлінуге (раскольниктік) өтуінің алдын алу мақсатындағы» қорғаныс шаралары¹⁸¹ исламды қабылдауға ниеттенген орыс қоныс аударушыларына да қолданылды.

Осылайша мәселенің тарихнамасы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында жарық көрген, түбегейлі айырмашылықтары бар еңбектер арқылы талданды. Патшалық самодержавие жылдарында жарияланған еңбектердің мазмұны патша үкіметінің діни саясатын және миссионерлердің қызметін бұратаналардың, оның ішінде қазақтардың да арасында қолдауға, сондай-ақ өз дінінен кетіп орыс сектанттары қатарына кірген адамдар үшін православиені насихаттауға саяды. Кеңестік тарихшылардың зерттеулері идеологиялық қысымға байланысты діннің кез-келген көрінісіне қатысты жалпы проблемалармен, атап айтқанда Құдайды теріске шығару және қатаң сынға алумен байланысты болды.

¹⁸⁰ Андрусенко Я.С., Антипин Н.А. Миссионерская деятельность РПЦ среди старообрядничества в Оренбургской епархии в 1905-1917 года / Вестник Южноуральского государственного университета. Серия «Социально-гуманитарные науки». – 2018. – Т.18, № 3. – С. 16-20; Лысенко Ю.А. Взаимоотношения Русской православной церкви со старообрядничеством и сектантством в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков) / Известия Алтайского государственного университета. Серия «История и политология». – № 4. 2010. – С. 138-145; Камзина А.Д. Старообрядчество как объект миссионерской деятельности Русской православной церкви в Оренбургской епархии: 1859-1917 гг.: автореф. дис. на соискание уч. степени канд. ист. наук.– Оренбург, 2004. – 32 с.

¹⁸¹ Лысенко Ю.А. Взаимоотношения Русской православной церкви со старообрядничеством и сектантством в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков) / Известия Алтайского государственного университета. Серия «История и политология». – № 4. 2010. – С. 138.

Сондықтан миссионерлік қызмет жеке зерттеу нысанына айналмады, тек бағындырылған халықтар арасында отарлаушылардың өз дінін уағыздаған тұстарын көрсететін зерттеулерде аталып өтілді. Діни тақырыпқа деген түбегейлі өзгеріс кеңестік мемлекет ыдырағаннан кейін орын алды. Ғалымдар бұратана халықтар арасындағы миссионерлік қызметке өз бағаларын беруге, Ресей империясының құрамына енген халықтардың діни сенімдеріне жасалған қысымдарды көрсетуге мүмкіндік алды.

1.3. ПРАВОСЛАВИЕ МИССИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ДЕРЕККӨЗДЕРГЕ ШОЛУ

Тақырыбымызды зерделеу барысында әртүрлі жазба деректерге жүгіндік. XIX ғасырдың ортасына қарай тарихи дереккөздердің қасиеттерінде, олардың түр құрылымында түбегейлі өзгерістер болды. Дереккөздердің шежіре, өмірбаяндық әдебиет, фольклор және басқа да ерте кезеңге қатысты түрлерімен қатар естеліктер, ғылыми тарихи еңбектер, мерзімді басылымдар, статистикалық дереккөздер және әртүрлі материалдарды сақтайтын архивтер пайда бола бастады. Заңнаманың, актілердің, іс жүргізу көздерінің сипатына өзгерістер енгізілді.

Мәселені зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздерді патша үкіметі мен оның әкімшілігінің қазақ халқының және т.б. діни өмірде жүргізіп отырған саясатына қатысты алға қойған міндеттерге сәйкес хронологиялық тәртіпте орналасқан әртүрлі үлкен топтарға бөлуге болады. Сонымен бірге ортақ мақсат қою арқылы анықталған және қойылған логиканы бұзу қаупі бар.

Сондықтан біз православие миссионерлерінің қызметін ашатын дереккөздерді былайша жіктедік: архив материалдары, статистикалық материалдар, мерзімді басылымдар, жазбалар, әртүрлі жазбалар мен ережелер, ресей билігін орнату және нығайту, орыс шіркеуінің қызметшілерін православие дініне таратудың мәні. Тіпті ұсынылған жіктеу де пайдаланылған дереккөздерді толық көрсетпейді. Сондықтан дереккөздер топтарын талдау барысында біз ішкі жіктеуге баруға тырыстық.

Православиенің миссионерлер мәселесін зерттеудегі қызметі туралы монографияның тарауын жазу барысында Қазақстан Республикасы

Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ӨР ОМА), Омбы облысының мемлекеттік тарихи архиві (ООМТА), Орынбор облысының мемлекеттік архиві (ОрОМА), Татарстан Республикасының мемлекеттік архиві (ТРМА) қорларының және т.б. материалдар кеңінен пайдаланылды. Ғылыми зерттеу нәтижесінде «Архив 2025» мемлекеттік бағдарламасы барысында Ресей мемлекеттік тарихи архивінен алынған құжаттарды да қолдандық. Архив материалдары православиелік уағыздаушылардың қызметін зерттеудің таптырмас дереккөзі болып табылады. Архивпен жұмыс істеудің қиындығы мынада: жазу машинкалары тек ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғана пайда бола бастады, сондықтан көптеген маңызды құжаттар қолмен және қарындашпен жазылды. Жазбаларды талдау, кейде шифрды ашу кезінде табиғаты тарихи мәселелерден өте алыс болатын техникалық қиындықтарды жеңуге тура келді.

Кейбір қорлардан қазақтар арасында православие дінін уағыздауға қатысты көптеген мәселелер бойынша материалдарды табуға болады. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің мына қорларынан: 4 – Орынбор қазақтарының облыстық басқармасы, 15 – Семей облыстық басқармасы, 25 – Торғай облыстық басқармасы, 41 – Верный уездік басқармасы, 44 – Жетісу облыстық басқармасы, 64 – Дала генерал-губернаторының кеңсесі, 119 – Түркістан уездік басқармасы, 369 – Ақмола облыстық басқармасы, 374 – Сібір қырғыздарының шекара басқармасы, 583 – Петропавл уездік басқармасы. Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қор материалдары: 16 – Сырдария облысы бойынша қоныс аудару ісі басқармасы, 17 – Сырдария облыстық басқармасы, 715 – полковник Серебренниковтың құрастыруымен баспаға дайындалған «Түркістан өлкесі. Оны жаулап алу тарихына арналған материалдар жинағы», 717 – Түркістан генерал-губернаторлық кеңесінде бізді қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша орасан зор ақпарат бар. Жалпы дереккөздерге Омбы облысы мемлекеттік архивінің мына қорларындағы материалдарды атап айтуға болады: 3 – Батыс Сібір басқармасы, 172 – Омбы қалалық басқармасы.

Генерал-губернаторлардың есептерінде, уездік, шаруа бастықтарының, мемлекеттік оқу орындары инспекторларының, православ діні өкілдерінің баяндамаларында, атақты адамдардың хаттары мен корреспонденцияларында және басқаларында қазақ

халқының тұрмыс-тіршілігінің әртүрлі мәселелері бойынша зерттелмеген көптеген материалдар бар. Баяндамалардағы материалдардан діни білім берудің жай-күйі, орыс қоныстанушылар мен православиелік діни қызметкерлердің исламға көзқарасы, патшалық діни экспансияға байырғы халықтың реакциясы бейнеленген. Есептерде облыстар мен аудандардың көлемі, халық саны, келген шаруалар саны, қазақ, орыс-қазақ және т.б. оқу орындарының саны туралы статистикалық мәліметтер бар. Мектептердегі жағдайды, оқу үрдісін, оқу бағдарламаларының құрылымын ашатын құжаттардан қазақ балаларының санасына әсер етудің көрінісі байқалады. Баяндамалардың мазмұнына қарап, сол кездегі миссионерлік қызметтің қай мәселелері өзекті болғанын, әкімшіліктің назары қай мәселелерге әлсірегенін анықтауға болады. Кейбір есептерде уақыттың әсерінен даталар мен жазулардың жай ғана өшірілгендіктен оны анықтау қиынға соғатын жайттарда кездесті. Мұндай құжаттарды мұқият зерттей отырып, мерзімдері нақтыланды. Олардағы қателік шегі бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімді көрсетті. Одан кейін құжат мерзімінің дұрыс қойылғанын тікелей растау қызметін атқарған алдыңғы есепке сілтеме жасайтын басқа есеп беру құжаттары болды.

Миссионерлік қызметті көрсету үшін Орынбор облысы мемлекеттік архивіндегі құжаттардың маңызы зор. 6 қор – Орынбор генерал-губернаторлығының кеңсесі (Орынбор қаласы) 1796 жылдың 12 желтоқсанынан 1881 жылдың 12 шілдесіне дейінгі құжаттарды қамтиды. Құжаттарды зерделеу барысында мынаған назар аударылды, оның ішінде шіркеу қызметшілерінің, миссионерлердің ғана емес, сонымен қатар олардың жаңа сенімнің таралуына қатысуына байланысты шенеуніктердің жұмысы туралы ақпараттарға. Оларға 1852–1881 жылдарға арналған 17 тізімдеме жатады. Оның материалдары азаматтық бөлімін басқару салаларының қызметіне қатысты және Торғай (1869–1872, 1874–1878) және Орал (1870, 1872–1876) облыстары азаматтық губернаторларының есептерін қамтиды. Оған Орынбор қырғыздарының (қазақтарының) өлкелік үкіметінің қызметі (1860, 1863, 1864, 1865, 1866, 1867) туралы есептер, Орынбор өлкесі әкімшілігінің әскери, азаматтық және шекара бөлімдерінің (1861–1863) деректері кірді. Ішкі Қырғыз Ордасын басқару жөніндегі уақытша кеңестің 1862, 1864, 1865, 1866, 1872, 1874 жылдардағы есебі, шіркеу қызметшілері қызметінің жекелеген фактілерін қамтиды.

19 тізбе 1839–1880 жылдар аралығын қамтиды. Онда шекара бөлімшесінің құжаттары, Ішкі Қырғыз Ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің қызметі туралы есептер (1867, 1869, 1870, 1873), яғни материалдары сақталған, жоғарыда аталғандардан басқа уақыт кезеңі.

Кейбір қорлардан біз жеке мәселелер бойынша нақты материалдарды таба аламыз. Сонымен мектеп жүйесінің жағдайын сипаттағанда халық ағарту ісі, оның қазақ балаларына тигізген ықпалы ашылады. Орыс-қазақ мектептерінің ашылуы, ұлттық оқу орындарының езгіге ұшырауы, мемлекеттік мектеп директорларының хаттары, жаңа әдістеме мектептерінің пайда болуы және тағы басқаларды Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорларынан: 27 – Орынбор оқу округіне қарасты Торғай облысындағы халық училищелерінің директоры, 89 – Жетісу облысы және Жетісу облысы Верный қаласы Құлжын ауданы оқу орындарының меңгерушісі, 90 – Жетісу облысы бойынша мемлекеттік училищелердің инспекторы; Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің: 47 – Түркістан өлкесінің білім беру мекемелері басқармасы, 48 – Сырдария облысы халық училищелерінің директоры, 49 – Сырдария облысы бойынша халық училищелерінің инспекторы, 451 – Түркістан облысы халық училищелерінің инспекторы, 455 – Түркістан облысы бойынша білім беретін мектептердің Зинспекторы, 1009 – Остроумов қорынан табамыз. Көбінесе бұл қорларда орыс патшалығының қазақ балаларын орыстандыру, христиандандыру ісіндегі алысты көздеген жоспарларын жасырмаған істері бар. Көптеген мемлекеттік мектептердің инспекторлары мен директорлары өз жазбаларында Ильминский жүйесі туралы оң пікірлерін айтып, оны жан-жақты қолдауға шақырды. Өйткені бұл Ресейдің Қазақстандағы мүдделерінің дамуына ықпал етті.

Орыс православие шіркеуінің қызметі, миссионерлік қызмет, бір діннен екіншісіне көшу жағдайлары, құдайға құлшылық мекемелердің құрылысы және діни мәселелер бойынша басқа да материалдар: 115 – Түркістан епархиялық комитетінің қоныс аударушыларды шіркеу өміріне ұйымдастыру жөніндегі; 153 – Түркістан кафедралдық шіркеуі, 234 – Жетісу православиелік бауырластық кеңесі, 294 – Түркістан епархиясының Верный әскери қолбасшысының қарамағында болған әскери поп, 500 – Томск епархиясының Знаменский соборы. Семей қаласы, 707 – Орынбор епархиясының Александр

Невский соборы. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві Орал қаласы; 85 – Сырдария облысы әскери шіркеулерінің тақуасы, 182 – Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві Ташкент қаласы шіркеулерінің тақуасы және 16 қор Омбы облысы мемлекеттік архивінің – Омбы рухани шіркеу әкімшілік басқармасы.

10 қор – Орынбор қаласы Орынбор губерниясының кеңсесінде 1917 жылға дейінгі 2801 сақтау қоймасы бар. Қордың тізімдемелерінде православиелік Михаил-Архангельск бауырластығының жарғылары мен қызметін бекіту туралы істер (1886–1888), Троицк пен Челябинскідегі еңбек үйінің құрылысы мен ашылуы туралы (1897–1913), император Александр III атындағы қор есебінен шіркеу мен мектеп құрылысына (1898, 1899) қатысты мәліметтер бар. Сонымен қатар құдайға құлшылық етуге арналған ғимараттардың есебі мен діни қызметкерлердің саны туралы мәліметтер жинау туралы материалдар (1889 ж.), христиан баптистеріне рәсімдерді еркін жүргізуге рұқсат беру туралы (1898), Закавказьеде жер аударылған сектанттарға бұрынғы тұрғылықты жерлеріне оралуға рұқсат беру туралы (1901–1903), мұсылмандардың Меккеге баруына рұқсат беру (1904), шаруалардың православиелік сенімнен жікшілдікке ауысуы туралы ақпарат жинау (1887), мешандар мен шаруаларды құлшылық үйлері және монастырларға мәжбүрлеп орналастыру және рұқсатсыз кету туралы (1885–1893) деректер топтастырылған.

172 қордың құжаттары біздің зерттеуіміз үшін аса құнды болып табылады. Онда 1739 жылдан 1858 жылға дейінгі 10 927 іс сақталған. 5-тізімдемеде Орынбор рухани басқармасының материалдары бар. 3-тізімдемеге басқарушы Синодтың жарлықтары (1834–1858 жж.), Орынбор рухани консистенциясының жарлықтары (1807–1854 жж.), Орынбор рухани басқармасы отырыстарының хаттамалары (1815–1840 жж.), Орынбор рухани басқармасы отырыстарының журналдары (1807–1850 жж.), сондай-ақ Орынбор рухани басқармасы бойынша кіріс және шығыс құжаттарды есепке алу (1808–1843 жж.) жатады.

Жоба үшін қажетті мәліметтер 173 қорда (23587 сақтау бірлігі) 19-тізімдеме, Орынбор рухани консисториясының істері тізімделген. Екінші тізімдемеде (1823–1886) қоныстанушыларды шіркеу приходтары, ескі сенушілерді бір діни шіркеудің мүшелері ретінде жіктеу, христиан еместерді шомылдыру рәсімінен өткізу туралы, православиелік сенімдегі адамдардың схизматизмге өтуі туралы істерді

камтиды. Басқа тізімдемелерден раскольниктер мен өзге сенушілер арасындағы миссионерлік қызмет, сектанттықтың таралуы және оған қарсы күрес туралы ақпараттарды табамыз.

Миссионерлік қызметті зерттеу үшін ОрОМА православиелік миссионерлік қоғамының 175 қор Орынбор епархия комитеті (1875–1918) құжаттары құнды болып табылады. Комитеттің құрылуының қысқаша тарихы қазақтар арасында Христос ілімін тарату жұмысын нақтырақ көрсетуге мүмкіндік береді.

Комитет 1875 жылы 21 қарашада Орынбор губерниясы мен Торғай облысындағы орыс емес халықтар арасында христиандық (православие) дінін тарату, сондай-ақ сектанттық және ескі діндарларға қарсы тұру мақсатында ашылды. 1869 жылы 21 қарашада Жоғарғы орган бекіткен қоғамның жарғысы миссионерлік қоғамның қолданыстағы шіркеу-әкімшілік құрылымдармен қарым-қатынасын анықтады: ол «Қасиетті Синодтың жоғары қадағалауында болды». Төраға – Мәскеу митрополиті болды. Ол Мәскеуде орналасқан епархияларда Кеңесті басқарды. Ал жергілікті бөлімдердің төрағалары билеуші епископтар болды. Қоғамның міндеті – епархиялық құрылымдарға миссияны дамытуға көмектесу болды. Қоғамның функциялары миссионерлердің шіркеулердің, мектептердің, ауруханалардың және т.б. құрылысы мен қызмет көрсетуіне материалдық қолдау көрсетуден, сондай-ақ орыс емес халықтардың оқуына бейімделген кітаптарды басып шығарудан тұрды. Комитет өз қызметін жүзеге асыратын аумақтарға бөлінді: Ақтөбе, Александровск, Богодуховск және Макариевск. Миссионерлер қоғамының кеңесі он екі мүшеден тұрды. Басқарушы епископтар басқаратын жергілікті епархиялық комитеттер де дәл осылай жұмыс істеуі керек еді. Епархиялық комитеттер мүшелерінің басым көпшілігі жергілікті дін өкілдері (негізінен приход) болды. Мүшелік жарналардан басқа, комитеттердің қаражаты ерікті қайырымдылықтардан құралды, олардың бір бөлігі тікелей шіркеулерде «Православие апталығында» жиналды.

Бұл комитет саяси жүйенің өзгеруі және шіркеу мен мемлекеттің бөлінуіне байланысты 1918 жылы таратылды. Қорда комитет мәжілістерінің хаттамалары, оның қызметі туралы есептер мен мәліметтер, миссионерлік мектептерді ұстауға қаражат бөлу туралы құжаттар, приходтар мен елді мекендер бойынша сенушілердің статистикалық есебі сақталды. Діни қызметкерлердің еңбекақы

бөлу туралы хабарлары, миссионер мен бақшаның діни мәселелерге қатысты әңгімесінің мәтіні (1913) бар. Кейбір құжаттар Ресейдегі миссионерлік қызметтің жай-күйін ашып көрсетеді. Миссионерлер қоғамының жарғысы (1899 ж.), қоғам мүшелері жиналыстарының хаттамалары, комитеттің қызметі туралы есептер, миссионерлік қоғам мүшелерінің тізімдері православиенің қазақтар арасында таралуының жалпы көрінісін байқатады. Лагерьлер мен мектептердің қаржылық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер, діни қызметкерлердің қызметі туралы нұсқаулар қазақтар арасындағы миссионерлер қызметінің күшті және әлсіз жақтарын көруге мүмкіндік береді.

Бұл қорлардың істерінде миссионерлік қызмет әдістері, шомылдыру рәсімінен өтуге дайындалудың бұрын белгісіз жағдайлары, православиелік уағыздаушылардың азғындық әрекеттерін куәландыратын, отардың теріс реакциясын тудыратын және тіпті ең жоғарғылардың наразылығын тудыратын құжаттар туралы қызықты пікірлер, шіркеу билігі мен азаматтық шенеуніктер туралы мәліметтер бар.

Православиелік уағыздаушылардың миссионерлік қызметі туралы ақпараттың үлкен көлемі Татарстан Республикасы мемлекеттік архивінің қорында сақталған. Мұнда қазақтар арасында жаңа діннің таралуына байланысты құжаттар бар. Олардың қатарында Қазан дін академиясының, Қазан теологиялық консисториясының, Қазан уақытша баспасөз комитетінің, Қазан ерлер мұғалімдер гимназиясының және т.б. қорлары бар. Әсіресе миссионерлік қызметтің көптеген фактілері 10 қор – Қазан теологиялық академиясынан анықталды. Оқытушылар құрамының құрамына, қаржылық мәселелерге, оқу үдерісіне, шіркеу қызметшілерін дайындауға және бітірушілерге қатысты хат-хабарларға қоса, мұнда православиенің таралуы және оны нығайту мәселесіне қатысты материалдар бар. Аталған қордан келесі материалдар табылды: «Жалпы Ресейдің шығысындағы және атап айтқанда Орынбор өлкесіндегі миссионерлік қызметтің тарихы туралы», «Сібір шіркеуін ұйымдастырушылар және қасиетті Христостың сенімін таратушылар туралы». «Орыс шіркеуі пасторларының басқа ұлттарға христиандық уағыздау туралы ойлары», «Қиялдан шыққан ескі сенушілерге қарсы православие сенімі» деген қолжазбалар қызығушылық тудырады. 93 қорда – Қазан ерлер діни семинариясында Жетісу облысынан шоқындырылған бұратаналардан стипендиаттарды семинарияға қабылдауға арналған жеке істер бар.

Діни келіспеушілік проблемалары, атап айтқанда, ескі әдет-ғұрыптарды сақтау Қазан рухани консилиумының 4 қорында көрсетілген. Православиенің жікке бөлінуі қазақтар арасындағы православиелік миссионерлердің қызметіне елеулі кедергі болды. Орыс жікшілдері жақын тұрғандықтан, оларды христиандандыру миссионерлер үшін қиын іс болды. Сондықтан қазақ даласында миссионерлер жікшілдермен күресу үшін көп күш жұмсады.

Зерттелетін тақырыптың маңызды дереккөзі отаршылдық әкімшілік шенеуніктерінің іскерлік хат-хабарлары болды. Жандармерия, іздестіру пункттері, полиция басшыларының хаттары, оларда революционерлерді жасырын қадағалау туралы есептер мен бұйрықтардан басқа, қазақ зиялылары мен мұсылман дінбасыларының өкілдерін барынша қатаң қадағалау туралы бұйрықтар да қамтылды. Мысалы, мұндай материалдар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорында: 48 – Ішкі істер министрлігі Верный қалалық басқармасы, 51 – Верный қалалық полиция бөлімі, 73 – Жетісу облысы Верный қаласы іздеу бөлімінің меңгерушісі, 76 – Верный аймақтық сотының прокуроры, 146 – ПМ Әулие-Ата уездік басқармасы, 396 – Атбасар уездік судьясы, 401 – Сарысу уездік сотының судьясы, сот бөлімінің бастығы. Ақмола облысы, Омбы қаласы; ҚР ОМА-нің 467 – Верный іздестіру бөлімі; ООМА-нің 270 қор Омбы жандармерия басқармасы.

6 қордың 18-ші тізімі – Орынбор генерал-губернаторлығының (Орынбор қ.) 1795–1798, 1804–1881 жылдардағы кеңсесі Орынбор және Самара губернияларында полиция бақылауында болған адамдарды есепке алу жөніндегі іс қағаздарын жүргізетін құпия бөлімге жатады (1831, 1835, 1851–1862, 1865–1880) және Түркістан өлкесі (1873–1878). Құқық қорғау органдарының назарына іліккен тұлғалардың арасында дін саласындағы саясатқа наразылық білдіргендер де бар. Орыс халқының арасында православие дінін қабылдамау және әртүрлі секталарға ену арқылы қазақтарды христиандандыруда қиындықтар тудырған наразылық көңіл-күйін ерекше атап өтуге болады.

Қоныс аударушылардың көпшілігінің алкогольдік сусындарға деген құмарлығы әртүрлі қоғамдардың құрылуына себеп болды. Олардың негізгі мақсаты – байсалды өмір салты үшін күрес болды. Кітапханалардың ашылуы, көркем әдебиетті оқу, ішімдік ішушілердің көбеюінің себебін іздеу, осы зұлымдықты ауыздықтау үшін жүргізілген

шаралар халықтық байсалдылық сақшыларының пайда болуына әкелді. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорларында: 320 – Орынбор қаласы Торғай арнайы қамқоршылық комитетінде, 584 – Ақмола облысы Петропавл уездік қамқоршылық комитетінде маскүнемдікке қарсы күрес мәселелері бойынша көптеген материалдар сақталған. Бұл материалдар миссионерлердің қазақтарды православиеге тартудың бір жолы ретінде ішімдікті пайдаланғаны тұрғысынан қызығушылық тудырады. Екінші жағынан, шіркеу қызметшілерінің алкогольдік сусындарды пайдалану жағдайлары жиі кездесті. Бұл православиені, соның ішінде әсіресе шетелдіктер үшін жаман үлгі болды. Себебі жаңа сенімнің тартымсыздығын көрсетті.

Тарихи дереккөздердің бір түрі – статистикалық деректер. Статистикада әлеуметтік өмірдің сан алуан құбылыстарының сандық аспектілерін көрсететін статистикалық шамалар немесе көрсеткіштердің үлкен саны қолданылды. Бұл цифрлық деректер сапалы түрде анықталған құбылыстардың өлшемдерін, олардың деңгейлерін, көлемдерін, бір құбылыстың әртүрлі белгілері арасындағы сандық пропорцияларды, сондай-ақ әртүрлі құбылыстар арасындағы байланыстарды, олардың комбинацияларын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер жүйесі сандық өзгерістер мен жалпы құбылыстардың даму заңдылықтарын көрсетеді. Статистикалық көрсеткіштердің жалпы нысандарын ашуға арналған мақаласында экономист В.Е. Овсиенко былай көрсетеді: «Статистикалық көрсеткіштер жүйесі статистиканың пәні қоғамдық өмір құбылыстарының сапалық жағымен тығыз байланыста қарастырылатын сандық жағы болып табылатындығына негізделеді»¹⁸². Тақырыпты зерттеу барысында статистикалық көрсеткіштер жиі қолданылды.

Сандық мәліметтерді Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорларының істерінен алуға болады: 318 – Торғай облыстық статистикалық комитеті, 393 – Ақмола облыстық статистикалық комитеті. Бұл құнды статистикалық материалды пайдалану есептер мен есептерді жасауда біркелкіліктің және жүйеліліктің болмауынан үлкен қиындықтар тудырды. Солай дегенмен бұл материалдар Қазақстандағы патшалықтың діни экспансиясы, миссионерлік қызметі туралы сан алуан және бай дереккөзі болып табылады. Оларға сыни көзқараспен қарай отырып, қазақ халқының рухани өміріндегі патшалық саясатты терең зерттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен мұндай сандық

¹⁸² Овсиенко В.Е. Об общих формах статистических показателей // В кн.: Методология анализа, моделирования и прогнозирования статистической информации / Сборник научных трудов.– М., 1993. – С.7.

мәліметтерді тек көрсетілген статистикалық органдардан ғана емес, басқа көздерден де алуға болады. Оларға әртүрлі басылымдар жатады. Мысалы, 1908 жылғы Мемлекеттік Дума жариялаған материалдарда патша билігінің мұсылман мектептеріне қатысты саясатын сынаумен қатар, орыс оқу-ағарту ісіне бөлінген қаржы көлемі, бір кездегі ауқаттылардың иелігінде қалған жер телімдерінің мөлшері қазақтар, т.б. көрсетіледі¹⁸³.

Жалпы алғанда, архив материалдарының ғылыми құндылығы зор. Олардың көпшілігі әртүрлі себептермен зерттеушілердің назарынан тыс қалған. Мысалы, қазақ тарихшылары назардан тыс қалдырған қызықты деректердің бірі – отаршылдық марапаттар. Олар патша үкіметі жүргізген діни экспансияның басқа да құжаттық дәлелдеріне қызықты нақтылаулар мен толықтырулар енгізеді. Бұл марапаттар, сондай-ақ марапаттарға қатысты құжаттар әртүрлі мәселелерді анықтауға көмектеседі. Себебі оларда халықтың қай тобының өкілдері отаршыл биліктің назарын көбірек аударды, награда не үшін берілді, отандастар мен шенеуніктердің марапатталғандарға қатынасы қандай болды дегендей мәселелер қамтылды. Отаршылдық марапаттар көбінесе ресми есептер мен жазбаларға қарағанда уақыттың объективті және нақты дәлелі болып табылады. Наградталғандардың медальдарға деген көзқарасы үлкен қызығушылық тудырады. Құжаттарда мұсылмандардың теріс реакциясын тудырған крест тәрізді пішінді жиі киіп жүруіне байланысты марапаттаудан бас тарту фактілері бар. Сондықтан олар оны жасырып, тек орыс шенеуніктерінің көзінше кигізді, сол арқылы Ресей үкіметіне деген адалдықтарын білдірді.

Омбы, Петропавл, Алматы, Ташкент, Орынбор, Санкт-Петербург, Қазан қалаларының ұлттық және ғылыми кітапханаларының сирек басылымдарының жинақтары ерекше құнды болды. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің кітапхана қорында мерзімдік басылымдардың орасан зор қоры бар. Олардың бір бөлігін біз де осы тақырыбымызды зерттеу процесіне қолдандық.

Маңызды дереккөзді алғаш рет 1867 жылы библиограф және өлкетанушы В.И. Межов жариялады. Ол жазған «Жалпы Орталық Азияға және оның ішінде Түркістан өлкесіне қатысты Түркістан очерктері мен мақалалар жинағының» орны ерекше. Ондағы газет үзінділерімен бірге қолжазба материалдарын да кездестірдік. 1917 жылға дейін 591

¹⁸³ Государственная Дума. Третий созыв. Стенографический отчет. – СПб., 1908. – С. 114.

томдық түрінде жарық көрген бұл жинаққа зерттеушілер «Түркістан өлкесінің энциклопедиясы» деген баға берді¹⁸⁴.

«Түркістан жинағы» бойынша жұмыс барысында біз, әрине, орыс жаулап алушыларының қазақтардың рухани өміріне жасаған шабуылы туралы мәліметтерді қамтитын материалдарға ерекше назар аудардық. Бірақ сонымен бірге бұл дереккөзде патша өкіметінің басқа отаршыл елдер халықтарының отаршылдыққа қарсы күресіне қатынасын сипаттайтын басылымдар да бар. Бұл оқиғаларға ең алдымен патша шенеуніктерінің назар аударғанын байқадық. Оның үстіне олар халықтық қозғалыстардың өзіне емес, отаршыл биліктің осы қозғалыстарды басып-жаншудағы әрекеттеріне үлкен қызығушылық танытты. Әдетте, билік өкілдерінің жанашырлығы отаршылдар жағында болды.

Н.И. Лобачевский атындағы Қазан Федералды университетінің Ғылыми кітапханасының сирек кездесетін кітаптар қорында мұсылмандар арасындағы миссионерлердің қызметі туралы басылымдар сақталған. Мысалы: «Миссионердің мұсылманмен әңгімесі», «Православиелік бауырластықтың қызметі туралы есеп», «Қазандағы миссионерлік съезі», «Жікшілдік туралы қаулыларға шолу». Аталған қорда бұрын еш жерде көрсетілмеген «Миссионерлік дұға» табылды. Оның мәтінінен Кұдайды мадақтау және басқа құдайлар мен пұттарға қарсы тұру байқалады.

Орал казак армиясындағы бөліну тек шіркеуге ғана емес, азаматтық билікке де алаңдаушылық тудырды. Олардың жікшілдерге қарсы бірлескен әрекеттерін ХІХ ғасырдың 30-жылдарында Орал казак армиясында қалыптасқан жағдай растайды. 1831 жылы 17 қарашада П.П. Сухтелен – Орынбор губернаторы Қасиетті Михаилға 314 ер адамнан тұратын кәмелетке толмағандар мен казактардың тізімін ұсынды. «Жиналған мәліметтерге сәйкес, олардың қатарында әйелдердің де бар екені атап өтілді»¹⁸⁵. Әскери кеңсеге аталған адамдарға тиісті шаралар қабылдау тапсырылды. Бұл ретте Орал казак әскерінің атаманы, полковник Василий Осипович Покатиловтың «бұл құрал зайырлы бастықтардың бұйрықтарынан гөрі, ағарту саласында табысты болады, бұл кеңестер мен сенімдер діни қызметкерлердің ілімдері сияқты күшті емес»¹⁸⁶ деген өтініші

¹⁸⁴ Казахстан на страницах «Туркестанского сборника». – Алматы: Центральная научная библиотека, 2002. - С.3.

¹⁸⁵ Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Том 10. Вып. 2. Оренбургская епархия в прошлом ее и настоящем. Оренбург. 1901-1902. – С.272.

¹⁸⁶ Сонда, 383 б.

айтылды. В.О. Покатиловтың мұндай әрекеттері екі жолмен бағаланды: бір жағынан – даналық, соның арқасында жергілікті жайттар мен жағдайларды қолдану ескерілді. Екінші жағынан, бұл бөлінуге жеңілдік ретінде қарастырылды. Тақуа Иоаннов Әскери Кеңседен жікшілдерді шіркеуге қосу туралы батыл және күшті бұйрық алғысы келді.

Бұл мәселе В.Н. Витевскийдің Н.И. Лобачевский атындағы ҚФУ ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорында сақталған «Орал армиясындағы бөліну және оған XVIII – XIX ғасырлардағы рухани және әскери азаматтық биліктің қатынасы» атты еңбегінде атап өтілді.

Дереккөздердің бірі – мерзімді басылымдар. Оның функциялары «қоғамдық пікірді ұйымдастыру, мемлекеттің идеологиялық ықпалын жүзеге асыру, жеке кәсіпкерлік саласындағы экономикалық қызметтің ақпараттық қызметі, басқару жүйесінде кері байланысты орнату» болып табылатын ұзақ мерзімді басылымдармен ұсынылған¹⁸⁷. Мерзімді баспасөз үш түрге бөлінеді: газет, журнал, ғылыми қоғамдардың басылымдары.

Журнал мен газет материалдарының маңыздылығы сонда – оларда жарияланған көптеген мақалалар мен корреспонденцияларда оқиға куәгерлері өз көздерімен көргендерін жазды. Журнал-газет беттерінде қазақ халқының рухани өміріне ықпал ету аясының кеңейгенін көрсететін мол деректі материал өз орнын тапты.

Журнал мен газет материалдарын әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Мысалы, кіші және үлкен топтарға. Бір жіктеу бойынша шағын топтарға мыналар жатады: белгілі бір уақытта шығатын газеттер мен журналдар (күнделікті және апталық газеттер; апталық, айлық немесе тоқсандық журналдар); аумаққа сәйкес (метрополиттік, орталық, жергілікті); басылым тіліне сәйкес (қазақ, орыс, ағылшын және т.б.); ведомстволық (ресми, мемлекеттік, жеке, мемлекеттік, партиялық және т.б.); цензура қатынасына сәйкес (ашық, заңсыз); әлеуметтік (жастар, әйелдер, балалар, студенттер және т.б.); тақырыптық (әдеби, қоғамдық, ғылыми, сатиралық және т.б.). Үлкен бөліммен журнал және газет мақалалары екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа салалары бойынша мерзімді басылымдар жатады: экономикалық, әкімшілік, саяси-құқықтық, ағартушылық-мәдени, тарихи, әдеби-көркемдік, театрлық-музыкалық, әскери-патриоттық, сатиралық-әзіл-оспақ, діни, шіркеулік және т.б. Екінші топқа таптық және қоғамдық-саяси

¹⁸⁷ Источниковедение. Теория. История. Метод / Подред. И.Н. Данилевского, В.В. Кабанова, О.М. Медушевской, М.Ф. Румянцева. – М.: РГГИ, 2000. – С. 31.

ұстанымдарына сәйкес: ұлттық, пролетарлық-маркстік, либералдық-буржуазиялық, консервативті және реакциялық, бульварлы-көше (сары) баспасөзі және т.б.¹⁸⁸

Осы классификацияға сүйене отырып, зерттеуіміз үшін бірінші топтағы діни және шіркеулік басылымдарды ерекше бөліп көрсетуге болады. Зерттелетін кезеңдегі ресейлік мерзімді басылымдардан қызықты ақпараттың үлкен көлемі пайдаланылды: Православиелік миссионерлер қоғамының «миссионерлік» журналы, «Московские церковные ведомости» газеті және т.б. тарихи, әдеби-көркем т.б. мерзімді басылымдар да өз беттерінде православиелік уағыздаушылардың миссионерлік қызметін жариялады. Оларға келесі журналдар жатады: «Сибирский вестник», «Русская старина», «Военный сборник», «Вестник Европы», «Сын Отечества», «Московские ведомости», «Москвитянин», «Астраханский листок», «Тобольские губернские ведомости», «Санкт-Петербургские ведомости», газеттері Санкт-Петербургтегі Ресей ұлттық кітапханасының қолжазбалар бөлімінде, журналдар қорында сақтаулы.

Журналдар мен газет мақалаларының белгілі бір тобымен жұмыс жасау оңай шаруа емес. Олардың барлығын біріктіру мүмкін емес. Сондықтан біз ұсынып отырған классификация біздің ғылыми зерттеу тақырыбымызға қатысты.

Мерзімді баспасөздің әртүрлі материалдарын зерттей отырып, біз өзімізді қатаң түрде ешбір шеңберде шектемей, тек жоба тақырыбына қатысты тақырыптарға назар аудардық. Идеологиялық бағытына, тақырыбына, бөліміне, т.б. қарамастан, көптеген журнал, газет мақалалары қарастырылды. Оларды патша әкімшілігінің қазақ халқының рухани өмірінде жүргізіп отырған саясатына белгілі бір газет-журнал қатынасының картинасын қалыптастыратын материалдардың мазмұнына қарай топтастыру орынды деп санаймыз. Зерттеліп отырған кезеңдегі газет-журнал мақалаларын талдау бұл мерзімдік басылымдарды екі топқа бөлуге әкелді: бірінші топқа қазақ халқының рухани өміріндегі патшалық саясатты жақтаушылар, екіншісіне – қарсыластар жатады.

Бірінші топқа назар аударайық. Тарихи дереккөзі ретінде тәжірибелі, яғни саналы ғұмырын православие туының астына шетелдіктерді

¹⁸⁸ Атабаев К. Мерзімді басылым - XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы: Қазақ университеті. 1998. – 38 б.

жинауға арнаған адамдардың ақыл-кеңесі құнды болып саналады. Олар діни салаға бейімделген бейбіт тұрғындардан көп болды және православие дінін уағыздауда көп күш жұмсады. Олар өздерінің көп жылдық тәжірибесін пайдалана отырып, Құдай сөзін уағыздаушыларға дұрыс бағыт-бағдар беру үшін мұсылман дінбасылары тізбегінің әлсіз тұсын көрсете білді.

Омбылық дін қызметкері И.Сотников «Православное обозрение» журналында шолу материалы және миссионерлерге практикалық кеңес ретінде «Орта Орда қырғыздары арасында миссия жүргізу мүмкіндігі туралы бірер сөз» мақаласын жариялады¹⁸⁹. Ол ең алдымен қазақтар арасындағы мұсылман дінінің жағдайын анықтау қажеттігіне назар аударды, кейіннен исламды әлсірету шараларын ойластырды. Миссионерлердің алғашқы жетістіктері діни қызметкерді қуанышқа бөледі. Миссионерлік қызметтің оң нәтижелерін күшейту үшін орыс тілді мұғалімдерді және христиандық білім мен мұсылмандық ой бағытын ұстанатын адамдарды анықтауды ұсынды. Сондай-ақ олар христиандық идеяларды жақсы және сәтті жүзеге асыру үшін мұсылман дінінің, білімінің кемшіліктерін анықтауға мәжбүр болды¹⁹⁰. Бұл материал қазақтарды христиандандыру әдістерін және православиелік дін өкілдерінің исламға деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді.

Орыс идеологтарының жиі қолданатын сүйікті ісі – қазақтың енжарлығы туралы мәлімдеме. Мәселен, М.Терентьев «Европа хабаршысы» журналында жарияланған «Түркістан және түркістандықтар» мақаласында осы жағдайды сөз етеді¹⁹¹. Ол мешіттердің кедейлігін айта келе, олардың арасында бір кездері зәулім ғимараттар болғанын жасырмайды. Бірақ олар «қазір қираған және қаңырап қалған»¹⁹² деп суреттейді. Молдаларға да ерсі мінездеме береді. Осындай кемшіліктердің бәрі жинақтала келе қазақтарды «дін ісіне мүлдем немқұрайлы қарауға» әкеліп соқты деп мәлімдейді¹⁹³. Тиісті талдаусыз бұл дереккөзді қабылдау мүмкін емес. Автор православие уағыздаушылары басқа конфессиялар өкілдерінің

¹⁸⁹ Сотников И. Несколько слов о возможности учреждения миссии между киргизами Средней Орды // Православное обозрение. - 1872. – Май. – С. 772-790.

¹⁹⁰ Сонда, 779 б.

¹⁹¹ Терентьев М. Туркестан и туркестанцы // Вестник Европы. – 1875. – № 9-11. – С. 514-525.

¹⁹² Сонда, 519 б.

¹⁹³ Сонда, 520 б.

ықпалынан қорықпауы керек еді дегенді айтады. Бірақ М. Терентьевтің пайымдауындағы бір сәйкессіздік оның қазақтарды ислам дінін уағыздаушы ретінде көрінген татарлардың ықпалынан қорғау қажет деп санауында. Қазақтар, автор айтқандай, ислам дініне немқұрайлы қарайтын болса, мұсылман ғалымдарынан келетін қауіп туралы үнемі айтып отырудың не керегі бар еді.

Қазақ тілін білу қазақ халқының өмірін жақсырақ білуге мүмкіндік берді. Әрине, қазақтың өткені мен бүгінгіне қызығатындардың бәрі тілді біле бермейді. Сондықтан басқа ұлт өкілдерінің ауызекі сөйлеу тілін білетін адамдардың еңбектері ерекше қызықты тұжырымдарымен ерекшеленетін дереккөздердің қатарына жатады.

Орал әскеріндегі казак элитасының тумасы А.П. Хорошкиннің отаршылдық әкімшіліктің көптеген шенеуніктерінен айырмашылығы – қазақ, қалмақ тілдерін меңгергені еді. 1865–1875 жылдар аралығындағы ол Түркістан өлкесінде он жыл қызмет атқарды. А.П. Хорошкин Бұхара, Қоқан, Хиуа жорықтарына қатысты. Ол осы уақыт аралығында кездесіп сұхбаттасқан адамдардың өмірі туралы жазбаларын 1876 жылы Петербургте жарық көрген «Түркістан өлкесіне қатысты мақалалар жинағында» жариялады¹⁹⁴.

Ол орыстарды «адамгершілік тенденциялары артта қалған халықтың құрамына қосылғысы келмей, тым алшақтап кетті» деп сынады. «Ал бүкіл әлем жоғары білімді халық ретінде таныған британдықтар үндістерді басқарады. Өйткені олар үндістерді біз сияқты кемсітпейді және бізден әлдеқайда табысты»¹⁹⁵ деп жазды. Үндістандық колонияны басқарған ағылшындарды қуып жету және орыстардың қазақ арасындағы позициясын нығайту үшін сабырлы болу керек дегенді айтты. «Біз әлі күнге дейін қазақтарды жақсы білмейтінімізді, оларға тигізетін моральдік ықпалымыздың күшті еместігін, сондықтан кейде сүрінетінімізді мойындауымыз керек. Дегенмен шыдамдылық танытайық, жабайы елдердің өркениетшісі ретіндегі рөліміз ерте ме, кеш пе ақталады»¹⁹⁶ деп жазды А.П. Хорошкин. Бұл жерде біз «бәсекелестердің» жетістіктеріне қызғанышпен қарайтын, өзінің кемшіліктерін ауыр сезіммен қабылдайтын өте мүдделі адамның ұстанымын көреміз. Шындығында орыс жаулап алушылары Батыс отаршылдарынан мүлде қалыспады.

¹⁹⁴ Хорошкин А.П. Сборник статей, касающихся до Туркестанского края. – СПб., 1876. – 531 с.

¹⁹⁵ Сонда, 73 б.

¹⁹⁶ Сонда, 76 б.

Г. Потаниннің «Заметки о Сибирском казачьем войске» атты мақаласында қазақтар мен орыс қоныстанушыларының өміріндегі әртүрлі аспектілер қарастырылды¹⁹⁷. Орыс және қазақ халықтарының өзара әсер ету процестерін Сібірде осы Г.Потанин ашқан болатын. Оларды автор әсіресе Сібір казак әскерінің Коряковская деревнясында байқаған. Қазақтардың шаруашылық өмірінің құрылымы, тілі, киімі, т.б. казактар жергілікті тұрғындардан қабылдаған. Ол қазақ еркектері мен әйелдерінің шомылдыру рәсімін қабылдауынан екі халықтың араластығын көреді. Мақала авторы казактардың ислам дініне өтуіне қатысты фактілерді келтірмейді. Әрине, бірінші топтағы дереккөздерге шолу жасауды осы басылымдармен шектеп қою мүмкін емес. Жұмыс барысында зерттеліп отырған кезеңдегі мерзімді баспасөзде жарияланған басқа да мақалаларды пайдаландық.

Мәселе бойынша көптеген дереккөздерді зерделеу барысында ресейлік мерзімді баспасөз беттерінде анықталған жеке фактілердің архив құжаттарымен тікелей байланысы анықталды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі Орынбор епархиясының Александр Невский соборы туралы 707 қорынан 70-ші жылдардағы православие діні және осы дінге шетелдіктерді тартудағы қазақ әйелінің миссионерлік қызметі туралы қызықты материал табылды. Санкт-Петербург кітапханасының журнал қорында мерзімді басылымдармен жұмыс істеу барысында діни мәселелерге тікелей қатысы бар газет-журналдарға ерекше назар аударылды. Солардың бірі Православиелік миссионерлер қоғамының апталық басылымы. «Шоқындыру рәсімінен өткен қазақ әйелінің миссионерлік қызметі» деп аталатын мақала бізге бұрыннан белгілі қазақ әйелі Мария Косминична Кабановамен байланысты болды¹⁹⁸. Православие уағыздаушылардың жолында кездесетін қиындықтар екі жылдан кейін жарияланған материалда көрсетілген. Ал күн тәртібінде қазақ миссионерінің жұмысындағы қиындықтар туралы мәселе көтерілді¹⁹⁹. Өзінің айналасындағы адамдарды православие дініне тартумен

¹⁹⁷ Потанин Г. Заметки о Сибирском казачьем войске // Военный сборник. – 1891. - Т. XIX, № 5-6. – С.30-37.

¹⁹⁸ Разные вести. Миссионерская деятельность крещеной киргизки / Миссионер. Еженедельное издание Православного Миссионерского общества. 7 сентября 1875 г. № 36. – С.15-16.

¹⁹⁹ Записка читанная в Общем Собрании членов Православного Миссионерского общества 8 мая 1877 г. / Миссионер. Еженедельное издание Православного Миссионерского общества. 24 июля 1877. № 30. – С.244-245.

айналысқан осы қазақ әйелінің іс-әрекеті таңғалдырмай қоймайды. Себебі тіпті ресейлік миссионерлердің қатарында да ондай әйелдер жоқ.

Отаршылдық саясаттың сипатын, оның өзге халықтарды орыстандыруға деген ұмтылысын айқын көрсететін дереккөздердің тағы бір категориясы – бұратаналарды тәрбиелеудегі ережелер мен тәртіптер. Бұл құжаттарда Ресей өлкелеріндегі ұлттық мектептерді басып-жаншудың барлық түрлері бар.

Мәселен, «Бұратаналардың білімі туралы құжаттар мен мақалалар жинағы»²⁰⁰ «түземдіктерге» рухани әсер ету әдістерін ашатын материалдардан тұрады. Олардың ең маңыздысы, шенеуніктің пікірінше, орыс тілін емес, «христиан дінінің ақиқаттарын» ассимиляциялау болып табылады. Келесі қолданылуға тиісті әдіс, яғни діннен кейінгі екінші құрал «шетелдіктерді орыстандыруға ықпал ету, орыс халқының моральдік артықшылығы туралы түсініктерді бойына сіңіру». «Шетелдіктердің орыс халқымен бірігуінің тәрбиелік мәні» бұл қаражатты біріктіру болды²⁰¹. Ильминскийдің орыстандыру және христиандандыру саласындағы қызметі осы жинақтағы мақалаларында мақұлданды. Ол «түземдіктердің» санасын улаудың бастапқы кезеңінде жергілікті диалектілерге сүйенуді ұсынды.

Мұсылмандардың діни өмірін қамтитын келесі бір еңбек – В.И. Яровой-Равскийдің жетекшілігімен жарық көрген «Ислам туралы материалдар жинағы»²⁰². Онда мектеп пен медреседегі білім мазмұнын, оларда оқытылатын пәндерді көрсететін материалдар, мұсылман дінінің жағдайы, мұсылмандардың православиеге көзқарасы қамтылған.

«Орынбор өлкесіндегі мұсылмандардың оқуы туралы жазбаларды» зерттеу қызықты тұжырымдарға әкелді. «Мұсылман халқының арасында орыс тілінің таралуына басты кедергі молдалардың фанатизмінде жатыр: олардың көпшілігі орыс тілін мүлдем жек көреді»²⁰³. Қазақ даласында молдалардың ықпалы зор, беделі биік болғанын осыдан-ақ байқауға болады. Осыған орай орыс тілін орнықтыру үшін мынадай шараларды ұсынады: «Молдаларды тағайындау кезінде

²⁰⁰ Сборник документов и статей по вопросу об образовании инородцев. – СПб., 1869. – 522 с.

²⁰¹ Сонда, 9 б.

²⁰² Сборник материалов по мусульманству / Под ред. В.И. Яровой-Равского. – СПб., 1899. – 156 с.

²⁰³ Сборник документов и статей по вопросу об образовании инородцев. – СПб., 1869. – 454 с.

олардан орыс тілін жеткілікті деңгейде білуді талап ету керек: тек осы жағдайда ғана табысқа сенуге болады»²⁰⁴. Бұл дереккөз отаршыл әкімшіліктің мұсылмандарға қысым көрсетуге бағытталған әрекеттерін көрсетеді.

Жергілікті тұрғындардың тілін үйренуге қатысты ұсыныстар жоқ. Жинақ авторлары мұсылман оқу орындарының аймақты орыстандыру міндеттеріне сай келмейтініне өкініш білдіреді. Сайып келгенде, самодержавиенің Орта Азия мен Қазақстан халықтарының рухани өміріндегі саясаты мұсылман діні мен оқу-ағарту саласына қысым көрсетуге бағытталғанын көреміз. Сондықтан оқу орындары да православиенің таралу объектісі болды. Кейбіреулері миссионер болса, басқаларында оқушылардың санасына әсер ету міндеттері бөлектелмеген, соған қарамастан олардың діни бағыты болды. Кейбір газет басылымдары әртүрлі топтардың көзқарасын қадағалай алатындығымен ерекшеленді. Дереккөз ретінде олар қарастырылып отырған мәселеге тереңірек үңілуге мүмкіндік беретіндігімен құнды. Мәселен, 1907 жылдың қазан, қараша айларында «Новое время» және «Речь» газеттерінде жарияланған бірқатар мақалалар сондай сипатқа ие²⁰⁵. 1906 жылы 31 наурызда бұратаналардың бастауыш мектептеріне қатысты ережені қайта қарау мәселесі бойынша халық ағарту министрлігінде өткізілген мәжілістің негізгі тақырыбы осы болды. Ережені жақтаушылар мен оған қарсылар газетте өз пікірлерін білдірді. Бұл басылымдарды талдай келе, аталған мәселені қолдаушылар – министрліктің шенеуніктері, Ресейдің әртүрлі губернияларындағы отаршыл әкімшіліктерінің өкілдері, ал қарсыластары – мұсылман халқы, ұлттық зиялы қауым өкілдері болғанын көреміз.

Бұратаналардың үлкен бөлігі негізінен жаңа ережелерге риза екені айтылды. Қазақтар да өз сенімі мен ұлтының мызғымастығына сеніп, ережелерді қолдағандардың қатарында болды²⁰⁶. Дауға қатысушылардың бірінің айтуынша, бұл жаңа ережелер қазақтардың ұлттық ерекшеліктеріне әсер етпейді. «Қазақтар қазақ болып қала береді, бірақ орыс мәдениетіне байланып, бүкіл панисламдық және пантүркілік армандарын жойды» дейді ол²⁰⁷.

²⁰⁴ Сборник документов и статей по вопросу об образовании инородцев. – СПб., 1869. – 454 с.

²⁰⁵ К совещанию об инородческих школах // Новое время. – 1907. – 7 октября; К совещанию об инородческих школах // Новое время. – 1907. – 15 октября; К вопросу об инородческом образовании // Речь. – 1907. - 8 ноября.

²⁰⁶ К совещанию об инородческих школах // Новое время. – 1907. – 15 октября.

²⁰⁷ Сонда.

Ережені жақтаушылардың жаңа ережелерді мұсылман халқының қолдайтыны туралы сенімдерін жоққа шығара отырып, Ибрагим Акчурин былай деп жазады: «Министрлер кеңесінің төрағасы мен халық ағарту министрінің атына наразылықтар Ресейдің түкпір-түкпірінен және барлық жерден келді, ислам дінін ұстанатын халықтардан»²⁰⁸.

Талқылаудың өзі мұсылмандарды орыстандыру және христиандандыру мәселелеріне көбірек тоқталды. Жаңа ережелердің «Ильминский рухымен» сусындағаны осыдан-ақ байқалды. Іс жүзінде бұл ережелер бұрынғылармен салыстырғанда ешқандай ерекше өзгерістерге ұшыраған жоқ. Өйткені барлық «Жаңа ережелерде» Ресейдің барлық халықтарын бір билікке бағындыру саясаты үнемі басты болып қала берді.

«Қазақ», «Дала уәлаяты» газеттерінде, «Айқап» журналында және басқа да бірқатар мерзімдік басылымдарда жарияланған мақалалардың басым бөлігі өзгеше сипатқа ие болды. Оларда жарияланған мақалаларда жергілікті халықтың рухани өміріндегі самодержавие саясатына қарсылықпен байланысты мәселелер жиі көтерілді. Сондықтан біз оларды мерзімді басылым көздерінің екінші тобына жатқызамыз. Біз бұл басылымдардың цензураның бақылауынан толық тәуелсіздігін үзілді-кесілді дәлелдей алмаймыз. Бірақ олар басқалармен салыстырғанда ұлттық бағытты ұстанып, қазақ қоғамының өзекті мәселелерін көтеріп, шешу жолдарын көрсетеді. Олардың барлығы отаршылдық әкімшіліктің көзқарасында болып, кейде үкіметке қарсы шыққан басылымдар үшін түрлі шаралармен жазаланғанына қарамастан, Қазақстандағы патшалық саясатты өткір сынайтын материалдар жариялауға қол жеткізді.

Сондай басылымдардың біріне «Айқап» журналына жатқызуға болады. Бұл журналда қазақ арасындағы араздық туралы мақала (1915 ж.) жарияланды²⁰⁹. Біздің ойымызша, сол кезде жарияланған мақаланың өзектілігі Ресейде және халықаралық аренада болып жатқан оқиғалармен түсіндіріледі. Бір жағынан дүниежүзілік соғыс, екінші жағынан панисламистік қозғалыс күшейіп жатты. Халықты сақтап қалу жолында тек халықтың мұсылман бөлігі өкілдерінің ғана емес, ұлттың өз ішіндегі бірлігін нығайту қазақ қоғамы басшыларының алдында тұрған басты міндеттердің бірі болды. Сондықтан да

²⁰⁸ К вопросу об инородческом образовании // Речь. – 1907. – 8 ноября.

²⁰⁹ Жардай Қарасарт баласы. Қазаққа алалық қайдан келді? / Айқап. Құрастырушылар Ү. Субханбердина, С.Дәуітов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 255-256 бб.

автор Жардай Қарасарт Баласы: «Қазақ арасындағы жаулық қайдан шықты?» деген сұрақты қояды. Сұраққа жауап бере отырып, ол патша Екатерина қол қойған құпия жарлық Санкт-Петербург Императорлық көпшілік кітапханасынан табылғанын келтіреді. Егер ол кезде бұл үлкен құпия болса, Орынбор генерал-губернаторы өз шенеуніктеріне қазақ сұлтандарының арасына жаулық пен төзімсіздік себу, олардың бір-бірімен таласып-тартысуы үшін қазақтың бір руын екінші руға қарсы қойып иттей қырқыстыру қажеттігін жазған жарлығын айтады. Үстем сұлтандар мен ақсақалдар арасында бірлік болмас үшін осындай жағдай жасау керек дейді. Сондай-ақ автор қазақты жерден ғана емес, мұсылмандар арасындағы ең жоғарғы рухани тұлға – мүфтиден де айырған «Уақытша ережелерді» сынаған. «Өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр дейді, өшер елдің жігіттері бірін-бірі қатын дейді» деген қазақтың мақал-мәтелін келтірген Жардай Қарасарттың қорытынды сөзі әсерлі жазылған. Ол өзінің мақаласын «Өсер халықтың жігіттері бірін-бірі батыр дейді, жауласқан халықтың жігіттері бірін-бірі қатын дейді» деп аяқтайды²¹⁰. Осылайша қазақ жігіттерінің қайта түлеген халықтың нағыз батырларына айналатынына сенімді екендігін білдіреді.

«Қазақ» газетіндегі көптеген мақалалар қазақты толғандыратын мәселелерді көрсетуімен назарымызды аударды. Бұл тек экономикалық өмірге ғана емес, рухани мәселелерге де қатысты. Православие уағыздаушыларының қызмет өрісін тазарту мақсатында қазақ балаларын тәрбиелеу мәселелері, патшаның мұсылман дініне шабуылы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді басып-жаншу, байырғы халықтың отаршылдық саясатқа қарсылық көрсету жағдайлары – осының бәрі бірігіп алынғанның дәлелі, өмірдің барлық жақтары дерлік редакциялық алқаның көзқарасында болды. Сондай-ақ қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы бөлігінің халықтың болашағына деген ұмтылысын, ой-пікірлерін білдіруге мүмкіндік болғанын ескерген жөн.

Билікке қарсы сипаттағы басылымдардың қатарына патшалық Ресейдің мұсылман баспасөзінде жарияланған мақалаларды жатқызуға болады. Оларға мыналар жатады: Орынборда – «Вакт» (Уақыт), Санкт-Петербургте – «Иль» (Отан), Уфада – «Турмус» (Өмір), Қазанда – «Кояш» (Күн), Қырымда – «Тержума» (Аудармашы) және т.б. Тізімдегі газет беттерінде ислам дінін миссионерлердің ықпалынан қорғауға қатысты мәселелер көтерілді. Бұл басылымдарды негізінен молдалар

²¹⁰ Жардай Қарасарт баласы. Қазаққа алалық қайдан келді? / Айқап. Құрастырушылар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 256 б.

мен қазақтың ауқаттылары шығарғанын айта кеткен жөн. Кейбір мақалалары қазақ мерзімді басылымдарында қайта басылды. Сондықтан олардың көпшілігі қазақ оқырмандарына жетті. Бұл басылымдар біздің жұмысымызда да көрініс тапты. Алайда көп жағдайда осы жерден табылғандықтан, не мемлекеттік архив қорына, не «Түркістан жинағына» сілтеме жасалды.

Әрине, бұл дереккөздерінде рухани экспансия мәселесінің барлық аспектілері көрсетілмейді. Қарастырылып отырған дереккөздердің материалдарын пайдалану кезінде даталардың болмауына байланысты қиындықтар туындады (бірқатар мақалаларда, ескертпелер мен хабарламаларда «соңғы уақытта», «жақында» деген сөздер қолданылған), авторлардың аты-жөні көрсетілмеген немесе олар бұрмаланған. Соған қарамастан, орасан зор материалды сіңірген журналдар мен газеттер Қазақстандағы патшалықтың рухани экспансиясын зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Анықтамалық материалдар, шіркеу қызметшілерінің, православие миссионерлерінің баяндамалары түрінде жарияланған бірқатар материалдар, сондай-ақ көлемді жазбалар, өлке басшыларының, патша шенеуніктерінің, қоғамның жетекші өкілдерінің жазбалары зерттелетін тақырып бойынша дереккөздердің санына жатқызылады. Публицистика «қоғамдық ортада пайда болатын тарихи дереккөздердің бір түрі. Публицистика кез келген әлеуметтік топтың қоғамдық ойы туралы пікірін білдіруге арналған. Публицистикалық шығармалардың жеке сипаты да, ұжымдық авторы да болуы мүмкін. Орыс журналистикасының айрықша ерекшелігі оның едәуір бөлігінің «билік және билікке қарсы болып бөлінуінде»²¹¹. Біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты жарияланымдар жоғарыда аталған белгілерге сәйкес келеді. Сондықтан біз оларды үкіметті қолдайтын және билікке қарсы деп бөлеміз.

Діни қызметкер И. Голошубин²¹² дайындаған Омбы епархиясының анықтамалығы – орыс православие шіркеуінің қызметін көрсететін таптырмас дереккөз. 1250 беттен тұратын еңбекте Омбы епархиясының құрылу тарихы, стандартың саны, православие отарының саны, жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен қазақтар туралы ақпарат береді. И.Голошубин орыс шаруалары тарапынан шіркеуге қатысты келеңсіз істерді жасырмайды. Христиан дініне берілген адам және шіркеу қызметкері ретінде ол қоныс аударушылардың тағдырына

²¹¹ Источниковедение. Теория. История. Метод / Под ред. И.Н. Данилевского, В.В. Кабанова, О.М. Медушевской, М.Ф. Румянцевой. – М.: РГГИ. 2000. – С. 449.

²¹² Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. – Омск, 1914. – 1250 с.

алаңдаушылық білдіреді және православиеліктердің көбеюіне қуанышты. Сонымен бірге қазақ даласында орыс православие шіркеуінің ұстанымдарын бекіту мәселесіне қатысты аргументтер келтіреді²¹³.

Миссионерлік қызметтің егжей-тегжейлерін православие уағызшылары ашады. Кейде жұмысының қиындығын жасырмай, есептерде табыстары мен сәтсіздіктерін сипаттайды. Мәселен, діни қызметкер Е.Елисеевтің миссионерлік қызметі туралы толық айтады. Еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастаған. 1892 жылы Қазан теологиялық академиясында екі жылдық миссионерлік курсын бітіргеннен кейін Томск епархиясының қазақ рухани миссиясының миссионері болып тағайындалды. Құдай сөзін уағыздаушының бір жарым жылдық еңбегінің нәтижесі Буконский ауылында жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен қазақ балалары үшін миссионерлік мектептің ашылуы болды. Ефремтатар, араб және қазақ тілдерін меңгерген адам.. 1892–1899 жылдар аралығындағы сегіз жыл ішінде миссионер Е.Елисеевтің қолынан 306 адам шоқындыру рәсімінен өтті. Православиелік миссионердің қызметі туралы оның бірқатар жазбаларында дәлелдер келтірілген. Қасиетті Синодтың обер прокуроры мемлекет қайраткері К.П. Победоносцевтың қаржылық қолдауымен жарияланған кітаптардың бірі: «1892–1899 жылдардағы қазақ миссиясы Буконский лагеріндегі миссионерінің жазбалары».

Дереккөз ретінде Е.Елисеевтің кітабында миссионер православиелік уағыз басталар алдында қазақтардың діндарлығын зерттейтін материал бар. Қазақтар мұсылман болғанымен, бұл дін оларға тек сыртқы, ғұрыптық жағымен ғана әсер еткенін бірнеше рет естіп, оқуға тура келгенін айтады. Демек, қазақ даласы – Құдай сөзін насихаттауға қолайлы алаң.

«Қазақтар, – деді олар маған миссияға кетер алдында, – тек заң мен мұсылмандық әдет-ғұрыптарды сырттан орындаушылар. Олардың көпшілігі татарлардан бөлек тұрғанда ешқашан намаз оқымайды; тек соңғыларымен кездесіп, солардан үлгі алған қазақтар бұл қасиетті мұсылмандық рәсімді орындайды. Оның үстіне алдында (имам) табиғи түрде татар тұрғанда қазақтар намаз кезінде барлық рәқағаттарды ебедейсіз оқиды. Қазақтардың арасында екі-үш күн өмір сүріп, кезіккен қазақтармен қорықпай уағыз айта алатыныңызды өзіңіз көресіз.

²¹³ Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. – Омск, 1914. – С. 5.

Қазақтармен қай жерде сенім туралы сөйлессең де, бәрі сені мұқият тыңдайды ...»²¹⁴.

Өкінішке орай миссионер үшін қазақтардың мұндай қасиеті көп жағдайда шындыққа сәйкес келмеді. Ол көшпелілердің исламға татар фанаттары сияқты соқыр берілгендіктерін жиі көрсететініне, сондықтан «Қазақ даласын Христос сенімінің қасиетті ақиқаттарымен сусындату миссионер-уағызшыдан керемет күш-жігерді қажет ететініне» сенімді болды²¹⁵.

Миссионер ретіндегі сегіз жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, ол бұратаналар арасында миссионерлік қызметті жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар әзірледі. «Ең бастысы, жаңа шоқындыру рәсімінен өткендердің өмірін дұрыс ұйымдастыру керек. Бұл олардың христиан дінін терең қабылдауына себепкер болады», – деп жазды Е. Елисеев²¹⁶.

Құнды дереккөздердің қатарында миссионерлік мекемелердің есептері де бар. Мәселен, миссияларға жыл сайын атқарылған жұмыстар туралы ақпарат беріліп отырды. Сонымен қатар оларда миссияның жетістіктері мен кемшіліктері туралы ақпарат берілді, шығындар статистикасы ұсынылды, оқу орындарының саны, тұрғын үйлер көрсетілді. Шығындардың ішінде бөлінген қаражаттың баптары да болды: миссия мүшелері мен жетімдердің жалақысы мен зейнетақысына, шоқындыру рәсімінен өткен заттарға, кедейлер мен науқастарға дәрі-дәрмекке, миссионерлік сапарларға, миссияларды ұстауға және т.б. Шығындармен қатар православиелік миссионерлер қоғамының комитеттерінен, көпестерден, Қасиетті Синодтың обер-прокуроры К.Н.Победоносцевтен, Рухани консистенциядан және басқалардан алынған кірістер туралы мәліметтер берілді. Кестелерде шоқындыру рәсімінен өткен мұсылмандар, жікшілдер, пұтқа табынушылар, көшпелілер және отырықшы халықтардың саны туралы деректер келтірілді. Кәметке толмағандар, әйелдер, т.б. есепсіз қалмады.

Миссияға қолайсыз және миссионерлік қызметтің табысты болуына кедергі келтіретін әсерлер талданды. Қазақтардың

²¹⁴ Елисеев Е. Записки миссионера Буконского стана Киргизской миссии за 1892-1899 годы. СПб., 1900. – С.129

²¹⁵ Сонда, 130 б.

²¹⁶ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Документы и материалы. Сост.: З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы: Литера-М, 2021. – 480 с.

«отандасының» христиандыққа өтуіне» деген дұшпандық көзқарасы дінді жақтаушыны қорғау мақсатындағы салмақты пікірталасқа негіз болды²¹⁷. Уағыз-насихат жолындағы бар кедергілерге діннің өз талаптары қосылды. Шоқындыру рәсімінен өткен адам күндізгі қайталанатын дұғаларды: тамақтанар алдында және кейін, үйге кіре берісте, ұйықтар алдындағыны ұнатпады. Ал православие дінін қабылдағандар үшін міндеттер көбірек болып шықты: көпірлер, жолдар, шенеуніктерге, сондықтан олар шоқындыру рәсімінен өтпегендерге қарағанда екі есе көп төлеуге мәжбүр болды²¹⁸.

Түрлі деңгейдегі ресейлік шенеуніктердің ой-пікірлері жоғары шенділерден бастап, ең төменгі санаттарға дейін әртүрлі құжаттарда көрсетілген. Түркістан облысының әскери губернаторы Д.И. Романовский «Орталық Азия мәселесі бойынша жазбаларда» Ресейдің Орталық Азия аймағындағы мінез-құлқы туралы өз ойымен бөліседі. Ол ХІХ ғасырдың 60-жылдарында Орталық Азиямен шекарада болған оқиғаларға назар аудара отырып, олардың көптен ойластырылған «тірліктің» нәтижесі екенін атап өтеді. Ол патшалық Ресейдің астық егетін жерлері бар және жеткілікті мөлшерде әскерді шоғырландыруға болатын Орта Азия аумақтарын иемденуінен тұрды²¹⁹. Әрине, бұл кезеңде отарлау аяқталмады. Әскерлерімен және орыс қоныстанушыларымен бірге қазақтардың сана-сезімін өзгертушілер де Қазақстанға аттанды.

Шенеуніктердің қазақ жеріндегі қазба байлықтарын тонап, арзан жұмыс күшін пайдаланып, сапасыз орыс тауарларын сатуға болатын отар ретіндегі көзқарасын көптеген еңбектерден байқауға болады²²⁰. Теміржол инженері А.В. Васильев Мемлекеттік Думаның депутаты А.Л. Трегубов Жетісуды «біздің иеліктердің інжу-маржаны» деп атаған. Оның мағынасы – «оның ерте қоныстануына қамқорлық жасау» дегенді білдіреді²²¹. Аталған еңбектерде жергілікті халықтың діни өміріне әсер етудің әртүрлі жолдары көрсетілген.

²¹⁷ Отчет об алтайской и киргизской миссиях за 1887 г. Томск. 1888. – С.13

²¹⁸ Сонда, 26 б.

²¹⁹ Романовский Д.И. Заметки по среднеазиатскому вопросу. СПб. 1868. – С.107.

²²⁰ Веселовский Н.И. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб., 1894. – 71 с.; Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург, 1896. – 89 с.; Васильев А.В. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. – СПб., 1915. – 280 с.

²²¹ Васильев А.В. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. – СПб., 1915. – С.1.

Патша үкіметі бұратаналарға қатысты қабылдаған заңдар, ережелер, тәртіптер самодержавия саясатын сипаттайтын дереккөздер болып табылады. 1898 жылы И.И. Крафттың «Дала облыстарындағы қазақтарды заңдастыру жинағы» Ресей империясының заңдарының толық жинағының құжаттары осында орналастырылғанын ескере отырып, таптырмас дереккөз екендігін айтқан орынды²²². Қазақ өмірінің сан алуан мәселелеріне қатысты ең үлкен жарлықтар осы жинақта берілген. Орыс қоныстанушылары да назардан тыс қалған жоқ. Христиан еместердің рухани істерін басқару, білім беру, шіркеулер салу және оған бөлінген қаражат, жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен бұратаналарды христиандық қоғамдарға тіркеу, ұлттық мектептерді Халық ағарту министрлігіне беру және бірқатар мәселелер мен басқа ережелер де осы жинаққа енгізілген.

1870–1892 жылдары С.Терновскийдің жетекшілігімен жарияланған ғылыми қызығушылық көздерінің ішінде «Қазан теологиялық академиясының трансформациядан кейінгі жағдайы туралы тарихи жазба» ерекше орын алады²²³. Ол – толығымен мұсылмандыққа қарсы рухпен сусындаған және «әртүрлі ұлт өкілдері» арасында христиандықты нығайтуға бағытталған еңбек болды. «Ресейдің жүз миллион халқының 30 пайызы көп те, кем де емес еді²²⁴. Ресейдің бұл басқа діндегі бағыныстары түркі, фин және моңғол тайпаларына жатады»,²²⁵ – деп жазады С.Терновский.

Жетісу облысындағы тараншыларда 112 мешіт және 8 медресе болды. Оның ішінде: Қарасу болысында – 28 мешіт пен 2 медресе, Қарамыр болысында – 39 мешіт пен 1 медресе, Малыбай болысында – 32 мешіт пен 5 медресе және Алексеевка ауылында 13 мешіт болды. Жетісу облысындағы дүнгендердің Палтубай және Қызылжізде ауылдарында – 2 мешіт, Верный қаласында – 2 медресе болды²⁹³. Мешіттер тастан, саздан немесе ағаштан салынған, бірақ бұл қауымның

²⁹⁰ История Казахстана: народы и культуры: Учеб. пособие / Масанов Н.Э. и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000 – С. 230-231.

²⁹¹ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX–начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост. З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы, Литера-М, 2021. – С. 320.

²⁹² Сонда, 396-398 бб.

²⁹³ Сонда, 398-399 бб.

мүмкіндігіне байланысты болды. Мешіттер негізінен мешітке келушілердің қаражатына ұсталды.

Тараншылар мен дүнгендер әртүрлі мәдениеттерді бойына сіңірді, бірақ олар негізгі рәсімдер мен мерекелерді дінді қатаң сақтай отырып орындады. Тараншылардың үйлену тойы қалыңдықты таңдаудан басталады. Әдетте ұлдар 15-18 жаста үйленіп, қыздар 12-15 жаста тұрмысқа шығады. Құдалық күйеу жігіттің келісімімен немесе қалыңдықты таңдағаннан кейін басталады. Жігіттің ата-анасы достарын немесе туыстарын қалыңдықтың үйіне жібереді. Қалыңдықтың ата-анасы бірден жауап бермейді және әдетте құдалар олардың үйлеріне бірнеше рет келеді. Содан кейін қалыңдықтың әкесі туыстарын шақырып, кеңеседі. Егер жауап оң болса, онда құдалар арқылы күйеу жігіттің үйлену тойына жұмсайтын шығындары – селік туралы келіседі²⁹⁴. Селікке сыйлықтар, зергерлік бұйымдар, қалыңдықтың толық киімі, туыстарына сыйлықтар және үйлену шығындары кіреді. Сондай-ақ күйеу жігіт қалыңдықтың анасына қызын тәрбиелегені үшін сыйлық – әнілік береді. Қалыңмалдан басқа күйеу жігіт қалыңдыққа махр береді, бірақ ол тек ажырасқан жағдайда ғана төленеді.

Үйлену тойының өзі қалыңдықтың үйінде басталады. Тойдан бір күн бұрын достарының бірі қалыңдықты үйіне алып кетеді және сол жерде уақыт өткізеді. Некеге тұру кезінде молда мен құрметті адамдар шақырылып, неке қию салты орындалады. Молда дұға оқып, жастарға тұзды суға немесе сүтке батырған түйір нан береді²⁹⁵. Неке қию рәсімінен кейін күйеуінің туыстары қалыңдықты үйіне алып кетеді. Қалыңдықтың туыстары жылап, рәсім бойынша қалыңдықтың белін белбеумен байлап, кілемге отырғызып, аулаға алып келеді. Содан кейін қалыңдық атқа немесе арбаға отырып, күйеу жігіттің үйіне барады. Бұл кезде күйеу жігіт қалыңдықты үйінде күтіп отырады. Ал қалыңдық келгеннен кейін үйдің алдында от жағылады, оның айналасында жас жұбайлар үш рет айналып жүреді.

Әдетте қалыңмал құны күйеу жігіттің жағдайына байланысты болады және ол бірден немесе бірнеше жыл бойы төленеді. Егер күйеу қалыңмалды төлей алмаса, онда ол қалыңдықтың ата-анасының үйінде

²⁹⁴ История и культура малочисленных народов Казахстана / Учебное пособие для 10 класса. Отв. редактор Абусейтова М.Х. – Алматы, Дайк-Пресс, 2001. – С. 55

²⁹⁵ История Казахстана: народы и культуры: Учеб. пособие / Масанов Н.Э. и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000 – С. 56

жұмыс істеп, немесе басқа тапсырмаларды орындау арқылы қарызын өтейді²⁹⁶.

Дүнгендер арасында 15 жасқа дейін неке қиылмаған. Құда түсу үшін күйеу жігіттің әкесіөзінің ең жақын досын таңдап, қалыңдықтың әкесінің достарының біріне жүгінеді. Онымен кеңескеннен кейінқалыңдықтың әкесінебарады. Қалыңдықтың әкесі әйелімен ақылдасқаннан кейін жауап береді. Егер жауап оң болса, онда күйеу жігіттің әкесі қарапайым сыйлықтармен, атап айтқанда, 1 пұт шай, қант, мейіз және кезкелген дүнген тағамдарын алып, дін өкілдері мен төрт құрметті адамдарды таңдап алып, қалыңдықтың ата-анасына екінші рет жібереді. Бұл сыйлықтарды дүнгендер «фейли» деп атаған. Ал қалыңдықтың жақын туыстары да осындай сыйлықтармен қарсы алады. Сыйлықтарды әкелген құдалар қалыңдықтың үйінде шай, тәттілер ішіп, қарапайым әңгіме жүргізеді. Содан кейін құдалық толығымен аяқталды деп есептеледі.

Некелесу күні өзара келісім бойынша белгіленеді. Бұл күні күйеу жігіт ата-анасымен, жолдастарымен және құрдастарымен бірге қалыңдықтың үйіне бірінші рет келеді. Онда әдеттегідей қонақ етіп, сый көрсетеді. Күйеу жігіт қалыңдықтың ата-анасы мен барлық жиналған туыстарының алдында бас иіп, тағзым етеді. Содан кейін қалыңдығын жас жұбайларға арналған бөлек бөлмеге апарарды. Осы уақытта күйеу басқа бөлмеде дін өкілдерімен, шығарып салушылармен, туыстарыжәне жолдастарымен отырады. Жастардың ата-аналары арасында махра туралы келіссөздер аяқталғаннан кейін, арнайы бөлмеде ахун қарапайым неке қию рәсімін жасайды. Содан кейін қатысушыларға тағамдар ұсынылып, сый-сияпат жасалады²⁹⁷.

Үйлену тойының барлық шығындарын күйеу бала төлейді. Үйленер алдында төленетін махр (дүнгенше «кабин» деп аталады) көлемі, байлар үшін –10-50 тіллә (Қашқар мен Бұхарадағы алтын монета 3-4 рубль), кедейлер үшін – 20 рубльге дейін. Егер кабин толығымен дайын болмаса, онда үйлену тойы бұзылады. Дүнгендер ондайға қатал қарайды.

²⁹⁶ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX–начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост. З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы, Литера-М, 2021. – С. 322.

²⁹⁷ Дунгане: история и культура: российские дореволюционные работы о дунганах / сост. М.Р. Мадиван; отв. ред. О.И. Завьялова; Ин-т восточных рукописей (Азиатский Музей) РАН; Ин-т Дальнего Востока РАН. - М.: Наука - Вост. лит., 2017. – С. 187-188.

Екі халықтың жерлеу рәсімі, кейбір сәттерді есептемегенде, бірдей болды. Рәсімнің өзі мұсылман әдет-ғұрыптары бойынша өтеді, молда қайтыс болған адамға дұға оқиды, марқұмның туыстары құшақтасып, бір-бірімен көріседі, содан кейін барлық туыстары мен жақындарына хабарлап, жаназа намазының уақытын белгілейді²⁹⁸. Егер адам түнде немесе таңертең қайтыс болса, онда олар оны күн батқанға дейін сол күні жерлеуге тырысады. Ал егер адам қыста өлсе, келесі күні жерлейді.

Қайтыс болған адамның жаназа намазына ер адамдар жиналады және молда марқұмның үлкен туысынан марқұмның барлық қарыздарын төлеуге дайын ба деп сұрайды. Ер адам ережеге сәйкес оң жауап беруі керек. Содан кейін молда жаназа намазын оқып, марқұмды зиратқа алып барады. Жерлеу алдында, марқұмды ораған көрпе немесе кілемді алып, аяқтарын алдына қойып қабірге түсіріп, басын солтүстікке, бетін батысқа Меккеге қаратып шалқасынан жатқызады²⁹⁹.

Марқұмды еске алу 3, 7, 40-шы күндері және бір жылдан кейін аталып, ас беріледі. 40 күнге дейін әр бейсенбіде марқұмның үйінде еске алу өткізіледі. Жақын туыстары, оның ішінде әйелдер бір жылға дейін ешқандай іс-шаралар мен ойын-сауықтарға қатыспайды. Бір жылдан кейін аза тұту аяқталады.

Дүнгендерде бұл процестің өзі ұқсас әдет-ғұрып бойынша өтеді. Тек бір айырмашылығы, мәйітті жуғаннан кейін, оны киізге не кілемге орамайды, мешітке сақталған, бүйірлерінде тұтқалары бар қызыл морж терісіне («чиндан» деп аталатын зембіл түрі) салады. Содан кейін арнайы ағаш зембілге жатқызады. Қабір басында мәйітті ағаш зембілден түсіріп, чинданмен ләхатқа түсіреді. Соңынан чиндан мәйіттің астынан алынып, мешітке қайтарылады³⁰⁰.

Жоғарыда айтылғандай, тараншылар мен дүнгендер Ресей империясының территориясында тек XIX ғасырдың соңында пайда болды. Сондықтан бұл халықтар мұқият зерттелген жоқ. Қазіргі әдебиетте ұйғырларды суреттейтін кейбір авторлар көшпелі ұйғырлардың тарихы мен мәдениетін біріктіреді немесе оларды сары ұйғырлар мен тараншылар деп атайды. Бірақ бұл екі түрлі халық болған және соңғылары көшпенділер емес, егіншілікпен айналысқан.

²⁹⁸ История Казахстана: народы и культуры: Учеб. пособие / Масанов Н.Э. и др. - Алматы: Дайк-Пресс, 2000 – С. 57

²⁹⁹ Сонда, 58 б.

³⁰⁰ Дунгане: история и культура: российские дореволюционные работы о дунганах / сост. М.Р. Мадиван; отв. ред. О.И. Завьялова; Ин-т восточных рукописей (Азиатский Музей) РАН; Ин-т Дальнего Востока РАН. – М.: Наука – Вост. лит., 2017. – С. 192.

Тараншы көшпелі халықтарға қарағанда, дүнгендер егіншілікпен айналысқан халық ретінде исламды қабылдаған кезде, барлық мұсылман жоралғыларын қатаң сақтаған. Бұл олардың медреседе балаларды оқытуға, сол арқылы діни білім алуға көбірек мүмкіндігі болғандығымен байланысты. Сондай-ақ олар мешіттер салуға, сол арқылы мешітке келушілердің санын көбейтуге көбірек мүмкіндік алды. Әрине, оларда негізінен егіншілікпен байланысты ескі пұтқа табынушылық мерекелер мен рәсімдер сақталды. Бірақ бұл олардың ұлттық дәстүрі еді.

Аталған кезеңде Қазақстанда өмір сүрген тағы бір мұсылман халық–сарттар. Сарттар–Орталық Азиядағы егіншілікпен айналысатын түркітілдес отырықшыхалық. ХІХ–ХХ ғасырдың басында Қазақстан аумағында олар егіншілікпен қоса саудамен де айналысқан. Олар негізінен оңтүстік өңірде, Сырдария және Жетісу облыстарында өмір сүрді. Сарттар туралы алғашқы ақпарат Орта ғасырларда кездеседі. Сондықтан оларды Орталық Азияның байырғы тұрғындарының бірі деп санауға болады.

Сарттар жоғарыда аталған басқа халықтар сияқты сунниттік мұсылмандар болды. Бірақ олардан айырмашылығы – дін мен діни мәселелерді жақсы білді. Олар үшін Құран тек қасиетті кітап қана емес, дауды шешу, қарыз алу және тіпті базарда сауда жасау сияқты күнделікті өмірде қолданылатын ережелер жиынтығы. Сонымен бірге оларотбасылық жағдайларда да шарифат пен Құран қағидаларын қатаң ұстанып өмір сүрді. Вульфсон Э. сарттардың өмірін былай суреттейді: «Мұсылмандардың осы негізгі қасиетті кітабында барлық жағдайлар туралы ережелер бар: заңмен ажырасуға рұқсат етілген кезде күйеуі мен әйелі бір-біріне қалай қарауы керек; әке мұраны балалар арасында қалай бөлуге міндетті; жетімдерге қалай қарау керекжәне тағы басқалар. Бір сөзбен айтқанда, Құранда көрсетілмеген өмірде кездесетінің кішкентай болсын оқиға жоқ; тіпті адамның іс-әрекеті мен сөйлеуі сияқты ұсақ-түйектер де осы дана кітапқа енгізілген. Құран Кәрім былай үйретеді: «Жүрісің қарапайым болсын. Баяу сөйле, өйткені ең жағымсыз дауыс – есектің дауысы». Сондықтан өз-өзін сыйлайтын сарт асықпай жүреді, ән айтудан, билеуден, ысқырықтан аулақ болып қана қоймай, сонымен қатар ақырын сөйлеуге тырысады»³⁰¹. Демек, сарттардың ислам дінін, әсіресе, Құранды қатаң ұстанғаны соншалық, өмірдің ұсақ-түйек істерінде де оны басшылыққа алғанын көреміз.

³⁰¹ Вульфсон Э.С. Как живут сарты. – Москва, 1908. – С. 19-20.

Сарттардың арасындағы діни қызметкерлердің кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, басқа мұсылмандардан аса айырмашылығы жоқ. «Діни лауазымдар таңдау арқылы ауыстырылып отырады. Әрбір сауатты адам сайлауға және молда, яғни, ұстаз атағын алуға құқылы. Ал діни лауазымға сайланғанда «имам» деп аталады. Тек сауат ашумен қатар діннің догматтары мен жоралғыларын, сондай-ақ мұсылман юрисдикциясын түсіндіретін кітаптардың ең маңыздыларын зерттеген адамдар «ғұламалар» деп аталады. Әр мешітке имам және азаншы бар. Олардан астарлы әңгіме, нақыл сөздер тарайды. Оларды қамтамасыз ету мешітке келушілердің мойнында және ауылдарда нанмен төленеді (жан басына бір пудтан біршама көп), ал қалаларда 20 тиыннан мешітке келушілердің шамасына қарай 3 рубльге дейін ақшалай төленеді. Екі жағдайда да жиналған соманы бөлу былай жүргізіледі: жинақтың $\frac{3}{4}$ – $\frac{1}{3}$ бөлігі молдаға және азаншыға $\frac{1}{4}$ - $\frac{1}{5}$ бөлігі беріледі. Сонымен қатар талаптар (үйлену тойлары, жерлеу рәсімдері, сүндеттеу, науқастарды емдеу) арнайы ақыға жасалады. Азаншының пайдасына құрбан ретінде құрбан шалынатын жануарлардың терілері түседі»³⁰². Яғни сарттардың дін басылары сайланады және жоғарыда сипатталған басқа мұсылман халықтары сияқты емес, олар молдалар мен имамдарға белгілі бір мөлшерде ақы төлейді.

Азаншының міндетіне тек азан айту ғана кіретін болса, имам мешітке бес уақыт намаз оқуға, сонымен қатар мешітті таза ұстауға міндетті болған.

Барлық мұсылмандар сияқты сарттар да Рамазан айында ораза ұстауды қатаң сақтаған, тек күн батқаннан кейін және таң атқанға дейін тамақтанған. Қалалар мен ауылдарда ораза кезінде күндіз өте тыныш болады. Бірақ кешке ауыз ашқаннан кейін адамдар серуендеп, көңіл көтереді³⁰³. Жалпы алғанда, сарттар оразаны өте қатаң ұстанған және оны үнемі ұстауға тырысқан.

Қазақстандағы Орталық Азияда тұратын барлық халықтардың мәдениеті мен тұрмысы, салт-дәстүрлері мен тұрмыс-тіршілігі бір-бірінен қатты айырмашылығы болған жоқ. Олардың ұлттық ерекшеліктері негізіненөмір салтына байланысты болды. Бірақ солардың барлығы сияқты сарттар да шарифат заңдары мен мұсылмандық әдет-ғұрыптарды ұстанды. Төменде олардың орыс зерттеушілері, саяхатшылары мен әскерилерінің көзімен

³⁰² Гейер И.И. Туркестан. – Ташкент, 1909. – С. 20.

³⁰³ Вульфсон Э.С. Как живут сарты. – Москва, 1908. – С. 25-26.

көргендәстүрлері сипатталады. Олар белгілі бір дәрежеде әдеттен тыс болып көрінуі де мүмкін. Бірақ ондай ерекшелік сарттарды сипаттаған авторлардың пікіріне байланысты.

Сарттардың жастары өте ерте үйленген. Қыздар 12-13 жасында қалыңдық болып саналған және ересек әйелдер оларға тең дәрежеде өз қатарындай қараған. Оларға көшеге жалғыз шығуға да рұқсат етілмеген, тек ағалары немесе әпкелері еріп жүрген. Қыздар 13-14 жаста тұрмысқа шығады, оларға ата-анасы келісімін береді.

Барлық мұсылмандар сияқты күйеу жігіт қалыңдықтың ата-анасына қалың мал төлеуі керек. Ал күйеу жігіт пен қалыңдықтың ата-аналары неғұрлым бай болса, қалыңмалдың мөлшері соғұрлым жоғары болады. Үйлену тойының уақыты қалыңмалды төлеуге байланысты. Егер күйеу жігіттің ата-анасы қалыңмалды бірден төлесе, олар үйлену тойын кешіктірмейді. Бірақ мұндай процестің бірнеше жылға созылған жағдайлары да болған.

Үйлену рәсімі қалыңдықтың үйінде басталады. Үйлену тойынан бірнеше күн бұрын қалыңдық жас достарымен және туыстарымен қоштасу кешін өткізеді, көңіл көтереді, тойлап, ән айтады.

Той болатын күні күйеу жігіт қалыңдықтың үйіне туыстарымен, куәгерлермен бірге келеді. Сол кезде қалыңдық бөлменің бұрышында перде артында отырады. Үйлену алдында имам: «Өз еркімен үйленеді ме?» – деп сұрайды. Егер қалыңдық жас және кінәсіз болса, онда дәстүр бойынша ол үндемеуі керек. Егер ол ажырасқан немесе жесір болса, жауап беруге міндетті.

Неке қиылып, үйлену тойын тойлағаннан кейін, күйеу жігіт туыстарымен үйлеріне қайтады. Ал қалыңдықты туыстары күйеуінің үйіне кейінірек алып барады, қалада болса, сол күні, ал ауылдарда бір-екі күннен кейін. Қалыңдықты апармас бұрын оны бөлменің ортасына отырғызады, үстіне ақ көйлек кигізіп, басына бірнеше орамал тартады. Содан кейін барлық туыстары қалыңдықпен жылап қоштасады. Үйдің ауласында арба дайындалады. Олардың саны қалыңдықтың жасауына байланысты болады. Қалыңдық үйден шығып, бір арбаға отырады, ал қалғандарына оның жасауы жүктеледі. Осы керуен күйеу жігіттің үйіне кетеді³⁰⁴.

Сарттардың төрт әйелге дейін алуға құқығы болды. Бірақ негізінен тек байларғана осылай үйленетін. Ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болған жағдайда, екінші жартысы екінші рет үйленуіне мүмкіндік

³⁰⁴ Вульфсон Э.С. Как живут сарты. – Москва, 1908. – С. 68-70.

болды. Сарттардың арасында ұлын немесе қызын туысына үйлендіру кең таралған. Өйткені олар туысымен қалыңмал туралы келісу оңай болады деп есептеген. Сондай-ақ қалыңдықтың ата-анасы қызының әрқашан қасында болатынына және оған араша бола алатынына сенімді болады³⁰⁵.

Жалпы алғанда, сарттардың үйлену тойының тараншы немесе дүнген салтынан ерекшелігі көп болған жоқ. Бұл олардың өмір салты мен дәстүрінің ұқсастығын білдіреді.

Адам қайтыс болғаннан кейін жоқтау рәсімі басталады. Марқұмның көздері жабылып, жақтары орамалмен байланады, қолдары дененің бойымен созылып, ақ матамен жабылады. Егер ер адам қайтыс болса, онда оны ер адамдар да, әйелдер де жоқтайды. Егер әйел өлсе, онда оны тек әйелдер ғана, ал ер адамдардан тек ең жақындары ғана жоқтайды. Арнайы жуғыштар келіп, мәйіттіжуғаннан кейін оны ақ матаға –кебінге орап, үстін жайма немесе басқа материалмен жауып, арнайы зембілге салып, аулаға шығарады. Аулада тек ер адамдар жиналып, имам бекітілген дұға – намаз оқиды.

Қайтыс болған адамды зиратқа апарып, басын солтүстікке қаратып, арнайы ойыққа салып жерлейді. Жерлеуден кейін имам құран оқып, содан кейін бәрі үйге оралады. Келесі күні таңертең әйелдер қабірге келіп, қайтыс болған адамды жоқтайды³⁰⁶.

Сарттар марқұмды сол күні немесе келесі күні таңертең жерлейді. Еске алу үшінші, қыркыншы күндері және жылында өтеді. Сарттар үшін қаралы түс – көк түс болып саналады.

Сарттар өте діндар халық болған және өмірдің барлық жағдайларында шарифат заңдарын қатаң сақтауға тырысқан. Кейбір ерекшеліктерді есептемегенде, олардың бүкіл дәстүрі исламмен байланысты болды. Егер қазақ немесе мысалы, тараншылар ескі бақсылық, пұтқа табынушылық немесе тәңірлік әдет-ғұрыптарды сақтаса, сарттарда бұл байқалмады.

Ресей империясының татарлары қазақ даласында патша саясатын таратушы, уағыздаушы болды. XIX ғасырдың басында қазақтар арасында православие дінін тарату әрекетісәтсіз аяқталғаннан кейін патша әкімшілігі татар молдалары арқылы дала тұрғындарына ықпал етуге тырысты. Бұл жерде «татарлар» этнонимі Ресей аумағында Еділ бойында, Оңтүстік Оралда, Сібірде өмір сүрген әртүрлі түркітілдес

³⁰⁵ Вульфсон Э.С. Как живут сарты. – С. 62-63.

³⁰⁶ Сонда, 74-76 б.

тайпаларға және қыпшақ диалектісінің түркі тілінде сөйлейтін Орта Азиядан қоныс аударушыларға тарағанын атап өту қажет. Сондай-ақ Ресейде Қырымның түркітілдес тұрғындарын да «татарлар» деп атады.

Алғаш рет татарлар Қазақстан жерінде XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Олар далаға саудагерлер ретінде келді, сонымен бірге қажетті мәліметтер жинады. Осылайша Империяның шығыс саясатын жүргізуге көмектесті. Олар сонымен қатар аудармашылар мен молдалардың қызметін де атқарды.

XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басында қазақ даласында орыстардың әскери бекеттері мен бекіністері салына бастады. Міне, осы тұста Қазақстан жеріне қоныс аударған татарлар солардың маңында елді мекендердің іргетасын қалады. Басында татарлар Солтүстік және Шығыс Қазақстанда тұрды. Бірақ әскери бекіністер мен қалалар неғұрлым көп салынған сайын, татарлар далаға соғұрлым тереңірек көшіріле бастады. XIX ғасырдың аяғында татарлар негізінен Орал, Петропавл, Ақмола, Өскемен, Қарқаралы уездерінде және Жетісу облысында тұрды. Олар қазақ жеріне Еділ мен Сібірден келді³⁰⁷.

Сібір мен Орталық Азияның барлық мұсылман халықтары сияқты татарлар да сунниттік мұсылмандарға жатады. Олар дін мен діни догмаларға өте қатал қарады. Барлық бұйрықтар мен міндеттерге байыпты қарап, ораза ұстап, үнемі намаз оқыды³⁰⁸.

Татарлар күніне бірнеше рет дәрет алатын. Дәретті тек намаздың алдында ғана емес, лас нәрсеге қол тигізсе болды (оған өлексе, тыйым салынған тағам, жыныстық қатынас, барлық табиғи нәжістержататын) міндетті түрде дәрет алатын. Онда да дәретті сумен, егер су болмаса, құммен алатын³⁰⁹.

Татар дінбасылары 4 дәрежеге бөлінді: мүфти, ахун, хатып-мударис (молда) және мұғалім (мұғалім-азаншы). Соңғысы медреседе балаларға сабақ берді, уағыздар оқыды және намаз алдында адамдарды азан


³⁰⁷ История и культура малочисленных народов Казахстана / Учебное пособие для 10 класса. Отв. редактор Абусейтова М.Х. – Алматы, Дайк-Пресс, 2001. – С. 257-260.

³⁰⁸ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост. З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы, Литера-М, 2021. – С. 466-467.

³⁰⁹ Левек Пьер-Шарль. История народов, подвластных России / Пьер-Шарль Левек; [экспериментальный пер. с фр. канд. филол. наук Л.Ф. Сахибгареевой под ред. канд. ист. наук И.В. Кучумова]; Институт этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН. – СПб.: Дмитрий Буланин, 2016. – С. 340.

айтып, намазға шақырды. Төртеуін де үкімет тағайындады, бірақ оларды мешітке келушілер сайлады. Діни білімдерін Қазан және Семей медреселерінде алды, ал кейбіреулері Бұхарадағы жоғары діни медреседе оқыды³¹⁰.

Молдалар мен имамдар ауқатты болды. Өйткені олар жыл сайын зекет алып отырды. Яғни мешітке келушілерден түскен ақшалай капиталдың 1/40 бөлігін, сондай-ақ мешітке келушілер жинаған астықтың оннан бір бөлігін алып отырды. Рамазан айында мешітке келушілердің әрқайсысы дін өкілдердің пайдасына 1-ден 3 рубльге дейін садақа беріп тұрды. Құрбан мейрамында оларға міндетті түрде сойылған мал терілері берілді. Неке қию немесе жерлеу сияқты діни рәсімдерді орындағаны үшін олар 1-ден 15 рубльге дейін алды. Оның үстіне қайтыс болғаннан кейін көптеген адамдар молдаларға өз капиталының бір бөлігін беретін. Бұл садақалар мен алымдарды молдалар өздері жинады, кейде мешітке келушілер өздері үйлеріне апарып беретін. Ешқандай бақылау болған жоқ. Барлық алымдар дін өкілдерінің жеке пайдасына кетіп, олар өз қажеттіліктеріне есепсіз жұмсады³¹¹.



Көкжар мешіті³¹²

³¹⁰ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост. З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы, Литера-М, 2021. – С. 468.

³¹¹ Сонда, 468-469 бб.

³¹² Көкжар мешіті Ойыл ауылы, Ойыл ауданы Ақтөбе облысы. <https://ruh.kz/ru/2022/01/12/uilkskaia-mechet-2/>

XIX – XX ғасырдың басында Қазақстан жеріндегі татар мешіттері негізінен солтүстік, шығыс және батыс аймақтарда болды. Мешіттер мешітке келушілердің есебінен қамтамасыз етілді және оларды көбіне бай татарлар салдырды. Мешіттер ағаштан немесе тастан және кірпіштен салынды³¹³. Жоғарыда көрсетілгендей, татарлар салған мешіттердің көпшілігі бүгінге дейін сақталған. Мысалы, Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылында XX ғасырдың басында салынған «Көкжар» орталық мешіті осы күнге дейін жұмыс істейді.

Жалпы алғанда, татарлар өте діндар болып саналады және дінді қатаң ұстанады. Француз тарихшысы Пьер-Шарль Левек татарлардың діндарлығын былай сипаттайды: «Олар тақуалық пен ізгі амалдар адамның рухын көкке көтереді деп санайды. Ал зекет беру мен жылына жүз бес күнге созылатын оразаның мақтауға тұрарлық амалдар деп есептейді... Біздің тағдырымыздың орындалуы даусыз және әр пендені өлім періштесі белгілі бір уақытта бұл әлемнен көшіреді деген сенімнің арқасында олар кезкелген бақытсыздыққа қарсы төтеп береді және еш уақытта өзіне-өзі қол жұмсамайды»³¹⁴.

Татарлардың әдет-ғұрыптары басқа түркі тілдес халықтардан ерекшеленді. Бірақ тұтастай алғанда, бәрі де мұсылмандық әдет-ғұрыптар бойынша қатаң түрде орындалды.

Татарлар әдетте 16-18 жасында некеге отырған. Олардың үйлену тойы мен некелесуі құдалықтан басталады. Күйеу жігіт өзіне қалыңдық таңдай салысымен, оның ата-анасына құдалар жібереді. Олар қалыңмалдың мөлшері мен тойдың мерзімін келіседі. Қалыңмал ақша, мал, киім-кешек болып бірнеше бөлікке бөлінеді. Күйеу бақуатты болмаса, қалыңмалды бөліп төлеген. Үйлену тойы қалыңмал төлегеннен кейін ғана ұйымдастырылады. Екі жақ келіскеннен кейін, құдаласу көпшілікке жарияланып, молда қажетті дұғаны оқиды. Содан кейін күйеу жігіт қалыңдық үшін қалыңмал төлеуге кіріседі³¹⁵. Құдалықтан

³¹³ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост. З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы, Литера-М, 2021. – С. 469

³¹⁴ Левек Пьер-Шарль История народов, подвластных России / Пьер-Шарль Левек; [экспериментальный пер. с фр. канд. филол. наук Л.Ф. Сахибгареевой под ред. канд. ист. наук И.В. Кучумова]; Институт этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН. – СПб.: Дмитрий Буланин, 2016. – С. 340.

³¹⁵ Георги Йоганн Готтлиб. Описание всех обитающих в Российском государстве народов и их житейских обрядов, обыкновений, одежде, жилища, вероисповедания и прочих достопамятностей. Часть вторая о народах татарского племени и других не решенного еще происхождения Северных Сибирских. – СПб, 1799. – С. 16-17.

кейін және үйлену тойының алдында күйеу мен қалыңдыққа кездесуге рұқсат берілген.

Үйлену тойының өзі достар мен жақын туыстардың қалыңдыққа келіп, онымен қоштасуынан басталады. Рәсімнен бір күн бұрын қалыңдықты той болатын үйге апарды. Онда ол өзінің жаңа туыстарымен танысады. Неке қию рәсімі өте қарапайым өтеді. Молда қалыңдық пен күйеу жігіттен үйленгісі келетіні туралы сұрайды және оң жауап алғаннан кейін неке дұғасын оқиды.

Татарлар барлық мұсылмандар сияқты 4 әйел ала алды. Бірақ әр жолы жаңа некеге тұрып, әр әйелі үшін қалыңмал төлеуге міндетті. Сондықтан тек ауқатты татарлар ғана бірнеше әйел алған. Бірақ отбасындағы әртүрлі келіспеушіліктерге байланысты байлар тек бір рет үйленген, кейбір жағдайларда олар екінші әйелін егде жаста алған³¹⁶.

Татарлардың салтында адам қайтыс болғаннан кейін, молда дұға оқып, мәйітті жуғызады. Содан кейін оны ақ кебінге немесе мақта матаға орап, екі жерінен байлап, тек бетін ашық қалдырады. Мәйіттің бүкіл денесінекамфорамен араласқан суды шашады. Осыдан кейін молда мәйіттің кеудесіне араб тілінде «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген белгі қояды.

Кілемге оралған мәйітті табытқа салып, зиратқа басын алға қаратып апарды. Марқұмды қабірге табытсыз, басын солтүстікке беріп, жүзін батысқа қарай бұрып жатқызады. Қабір көмілгеннен кейін молда қайтыс болған адамға Құран бағыштап оқып, содан кейін барлығы тарайды³¹⁷.

Марқұмды еске алу үшінші күні өтеді. Туыстары, достары мен таныстары марқұмның үйіне келіп, еске алу түскі асын ішеді. Тамақтанар алдында молда дұға оқиды. Дастарханға жиналғандар марқұмның тек жақсылықтарын еске алып, өмірдегі істерін айтып, қасиетін мадақтап, ас ішіп болған соң тарқайды.

Дәл осындай еске алу кештері, тек имамдарсыз, жетінші, жиырмамыншы және қыркыншы күндері, сондай-ақ бір жыл толғанда өткізіледі. Бұл ас кездерінде намаз оқылмайды, тек Құран бағышталады. Марқұмның әйелі мен балаларының және туыстарының

³¹⁶ Левек Пьер-Шарль История народов, подвластных России / Пьер-Шарль Левек; [экспериментальный пер. с фр. канд. филол. наук Л.Ф. Сахибгареевой под ред. канд. ист. наук И.В. Кучумова]; Институт этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН. – СПб.: Дмитрий Буланин, 2016. – С. 336.

³¹⁷ Сонда, 341 б.

қатты жылауы – қайтыс болғаннан кейінгі мұнның дәлелі. Қайтыс болған адамның жақындары аза тұтып, қаралы киім киеді. Қаралы киім бір жыл бойы киіледі немесе бір жеті, жиырма, не қырық күн ғана киюге де болады. Қара киіммен қоса ешқандай реңсіз киім кию, кедей-кепшіктерге садақа тарату, марқұмды еске алу және ол үшін жақсылық жасау сияқты әрекеттер де аза тұтудың белгісі деп саналады.

Басқа түркі тілдес мұсылман халықтары сияқты татарлар да ислам дінінің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бойына сіңірді. Татарлардың исламды берік ұстағанын түрлі дереккөздерден көруге болады. Олар қазақ даласында саяси қызметті көбірек атқарды және мұнда қарапайым қоныс аударушылар ретінде келмесе де, екі халықтың арасындағы байланыс нығая түсті. Сол достық бүгінге дейін жалғасуда. Егер басында қазақтар татарларға сақтықпен қараса, кейінірек олар жақындаса бастады, тіпті аралас некелер пайда болды.

Қазақстан аумағында тұратын барлық мұсылман халықтарының тамыры ортақ болса да, әрбір халықтың наным-сенімі мен мәдениетінде өзіндік ерекшеліктері болды. Мысалы, қазақтар үшін қасиетті ай тек Рамазан ғана емес, сапар айы да болған. Әдетте олар осы айда үлкен мерекелер жасамады немесе алыс жолға шықпады. Ал басқа этностардың сапар айына деген көзқарасы ондай болмаған. Мұндай ерекшеліктер мәдениетте де кездеседі. Егер кейбір халықтар үшін қонақжайлылық өте маңызды деп саналса, қайсы біреулері ондайға көңіл бөлмеді. Айырмашылықтар тіпті қалыңмалдың мөлшері мен төлемінде де болды. Қорытындылай келе, ислам ІХ ғасырдан бастап Орта Азияда таралғанын және осы аймақта өмір сүрген халықтардың өмірі мен мәдениетіне қатты әсер еткенін атап өтуге болады. Сонымен қатар барлық рәсімдер мен әдет-ғұрыптардың тамыры бірдей екенін де айта кеткеніміз жөн. Сипатталып отырған кезеңде ислам Қазақстан халықтары арасында анимизм, сиқыр, тотемизм, фетишизм, шаманизм секілді архаикалық культтерді бойына сіңірді. Халықтық дәстүрлер мен рәсімдер туралы да осыны айтуға болады. Көп жағдайда ежелгі дәстүрлер исламның арқасында жаңа өмірге ие болды.

2.2 XIX–XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ МЕКТЕПТЕР МЕН МЕДРЕСЕЛЕР

XIX ғасырдың екінші жартысы Орталық Азияда түркі-мұсылмандық өркениет пен православиялық батыстық өркениеттің қақтығысқа түсуімен ерекшеленеді. Алғашқы өркениет өкілдері отарланушылар болса, екіншілері отарлаушылар болды. Отарлаушылардың алдында ендігі жерде өлкені экономикалық жағынан ғана емес, өркениеттік тұрғыдан да игеру міндеті тұрды. Соған орай жергілікті халықты орыстандыру, шоқындыру секілді ұйымдастырылған шараларды жүзеге асыру отаршылардың алдында тұрған басты міндеттердің бірінен саналды. Осылайша қазақтар да Ресей империясындағы өзге түркі-мұсылман халықтары секілді рухани жағынан қанауға ұшырады. Отарлаушылар шеткері отар аймақтардағы халықтардың бойындағы мемлекеттік рухты жою ниетінде ұлттық сананы тұмшалауға күш салды. Мұндай қиын-қыстау кезеңдегі патшалық Ресейдің халық ағарту саласындағы саясаты отаршылдық мүддемен ұштасып жатты.

1788 жылы Уфада муфти басқарған «Мұсылман заңының діни жиыны» құрылды. Ол «ерекше діни» басшылығы бар Таврия облысынан басқа әр түрлі губернияларда тұратын осы заңның діни шенін өз ведомствасында ұстауға тиіс болды. 1789 жылы Уфада Мұсылман діни басқармасы құрылды. Осы сәттен бастап қазақ даласына татар молдаларының ағылып келуіне, ислам дінін кеңінен насихаттауына XIX ғасырдың екінші жартысына дейін патша өкіметі кедергі келтірмеді. Өйткені патша өкіметі мұның өзі қазақтардың орыстарға жақын көзқарас қалыптастыруына бір себебін тигізер деген сенімде болды. Сонымен бірге татар молдаларының қазақ тілін және дәстүрін білуі отарлау саясатын жүргізуде қажет, қызметінде жүктелген міндеттерін адал әрі мұқият орындағаны үшін үлкен сыйлықтар алып отырды. Молдалар өздерінің тікелей міндеттерінен басқа қазақ балаларын татар жазуын және мұсылман дінінің ережелеріне үйретті. 1786 жылы халық училищелерінің уставы бекітілген соң Симбирск және Уфа помещнигі барон Игельстромға «қазақ даласына училищелерді енгізу және ондағы оқытушы қызметке қазақ молдаларын тағайындауды қамқорлыққа алу» тапсырылды³¹⁸.

³¹⁸ Султанғалиева Г.С. Руссификаторская политика царизма в Казахстане (XIX-нач. XX вв.). // Вестник КазГУ, серия историческая. – Алматы, 1993. – С.107.

Сөйтіп, патша саясатының қолдауы нәтижесінде қазақ даласында молда ретінде орналаспаған татар немесе башқұрт кемде-кем еді. Татар молдаларының ықпалыменен қазақтар мешіттер мен намаз оқитын үйлерді ашу жөніндегі өтініштерді жиі беріп отырды. Татар және башқұрт молдаларының қазақ даласындағы рөлінің күшеюі мен санының көбеюі патша өкіметінің теріс реакциясын тудырды. Бірақ орыс әкімшілігі татар молдалары таратқан ислам дінінің өзінен емес, керісінше бұратана халықтардың ұлттық сана-сезімінің оянуы мен бірігуінен үрейленді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша өкіметі қазақ халқының исламдану ісіне қатысты көзқарасын қайта қарауға мәжбүр болды. Татар молдаларын халық ағарту саласына тарту арқылы қазақтарды орыстандыру және сол арқылы орыс халқына сүйіспеншілік көзқарасты қалыптастыру мүмкін еместігін түсінді.

1844 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан құрылған қазақ мектебі патша өкіметінің халық ағарту саласында ұстанған саясатының айнасы болып табылды. Бұл мектепте білім алушыларға орыс үстемдігінің «өркениеттік миссия» атқаратындығы туралы сенімді барынша сіңіруге күш салынды. Патша әкімшілігі, қазақ мектебінің алдына тек тілмаштар мен іс-қағаздарын жүргізушілерді даярлауды ғана қойды. Билік орындары мектептің тәрбиеленушілерінің терең білім алып, жаратылыстану ғылымдарынан хабардар болуына мүдделі болмады. Әкімшілік орындары оқу мен күнделікті өмір арасындағы байланыстың орнауын қаламады. Мектепте тек орталау білім беру, тілмаштыққа, іс-қағаздарын жүргізуге баулу ғана жүзеге асырылды. Тіпті, әскери тәртіп негіздерін мектепке енгізуді басшылық қажетсіз деп тапты.

1868 жылы 21 қазанда «Орынбор генерал-губернаторлығының далалық облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережесі» шықты. Ол бойынша: «1789 жылдан қазақтардың діни істері Орынбор діни басқармасына бағынса, енді ол азаматтық басқармаға берілді. Жергілікті халықтарды оқыту құқығы мен мешіт жанынан мектеп ашу үшін молдалар уезд бастығынан рұқсат алуы қажет болды. Мешіттер жанынан ашылған мектептерде қырғыз (қазақ) қоғамдары өз есебінен қаржыландыруы керек әрі ол ерікті түрде жүруі керек» делінді³¹⁹.

³¹⁹ Васильев А.В. Материалы к характеристике взаимных отношений между татарами и киргизами. – Оренбург, 1898. – С. 197-198.

Патша өкіметі тарапынан ашылған Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ мектебінің 1869 жылы жабылу себептерін Т.Тәжібаев былайша көрсетті: «Біріншіден, патша өкіметі қазақтарды орыстандырып, олардан өзіне бағынышты қызметшілер әзірлеуді мақсат етті. Уақыт өте келе патша өкіметі мұндай нәтижеге қазақ балалары орыс балаларымен бірге оқығанда ғана қол жеткізуге болатындығын түсінді. Патша өкіметі қазақ балаларын өз алдына бөлек мектепте оқыту ұлттық сана-сезімінің оянуына, сөйтіп саяси еркіндікке ұмтылуына әсер етеді деп сескенді. Екіншіден, Шекаралық комиссия жанынан қазақ мектебін ашудағы мақсат өзін-өзі ақтамады. Мектепті бітірушілердің саны аз болды. Сондай-ақ олардың барлығы патша әкімшілігінде тілалғыш тілмаш болып қызмет етуге құлық таныта қоймады. Мектепті аяқтаған кейбір қазақтар халық арасында ағартушылық жұмысын жүргізіп, халықтың саяси оянуына ықпал етуге әрекеттенді. Жағдайдың бұлай болуын патша өкіметі ескермей қалғанын енді түсінді. Үшіншіден, Шекаралық комиссия жанындағы қазақ мектебі сол кездегі басқа оқу орындарынан ерекшеленіп тұрды. Онда нақтылы бекітілген бағдарлама мен оқу жоспары болмады. Мектептің мақсаты мен міндеттері патша әкімшілігінде өткір пікірталастар туғызды. Соған орай мектепті басқару мәселесі күрделене түсті. Мұның бәрі мектептің жабылуына әсер етті. Төртіншіден, XIX ғасырдың екінші жартысында «орыс-түзем мектептері» мемлекеттік негізгі оқу орны ретінде мойындалды. Соған орай ендігі жерде қазақ балалары орыс балаларымен бірге оқулары тиіс болды»³²⁰.

XIX ғасырдағы Қазақстандағы білім беру жүйесінде ресми билік орындарына қарамайтын шіркеулік мектептер болды. Мұндай мектептердің басты мақсаты орыс тұрғындарының білім алуына және олардың православиелік рухта тәрбиеленуіне қолғабыс ету болатын. Бұндай шіркеулік мектептерге 1867–1868 жылғы реформалардан кейін Дала, Орынбор және Түркістан генерал-губернаторлық тарындағы епархиялар себепкер болды. Епархиялар мұндай шіркеулік мектептердің миссионерлік саясатты нәтижелі жүргізуге елеулі ықпал ететінін ескерді. Шіркеулік мектептер қазақ балаларын орыстандыруға, шоқындыруға бейім тұрды. 1894 жылы қазақ жеріндегі шіркеулік мектептердің саны Орал облысында 37-ге жетті. Оларда 879 оқушы оқыды. XIX ғасырдың соңына қарай дәл осындай мектептердің саны Торғай облысында – 9,

³²⁰ Тәжібаев Т.Т. Казахская школа при Оренбургской пограничной комиссии. Алма-Ата, Казгосиздат, 1961. – С.16.

Жетісу облысында – 10 болды³²¹. Шіркеулік мектептерде христиандық діни тәрбие беруге ерекше мән берді. Сондықтан бұл мектептер жергілікті халық арасында ешқандай беделге ие бола алмады.

Ішкі Ордада 1872 жылы 154 мұсылмандық мектеп жұмыс жасады. Оларда жыл сайын 3821 шәкірт сауатын ашты. Мұсылмандық мектептер мен медреселер оқушыларға араб жазу-сызуын үйретті. Балалар Құран кәрімді жаттап, араб әріптері арқылы хат таныды. Мұндай мектептер қазақ даласында кең тарады. Рухани отарлаудың ықпалымен ХІХ ғасырдың соңына қарай қазақтар өздерінің балаларын орыс-түзем мектептеріне оқуға берді.

1866 жылы 17 қазанда Бөкей Ордасының әкімшіліктеріне Мемлекеттік кеңес қазақ балаларына 7 бастауыш мектептерін ашуға рұқсат берді. Сонымен, 1868 жылы мынадай бір сыныпты мектептер ашылды:

- 1 Калмык – Владимировка ауылында.
- 2 Қамыш-Самар – Жаңа Қазан ауылында.
- 3 Нарын – Ұялы көл аңғарында.
- 4 Талов – Талов ауылында (Казталов).
- 5 Торғын – Хан ордасында.
- 6 I - Приморск аймағында – Кокаревский кордонының жанында.
- 7 II - Приморск аймағында – Бакалаев кордонының жанында.

1896 жылы Бөкей Ордасында 24 орыс-қазақ мектебі, соның ішінде екі сыныпты мектептер саны – 2, бір сыныпты ауыл мектептері – 6, старшындық – 14, жеке мектептер – 2, медресе мен мектептерде 2 орыс сыныбы болды. Оларда барлығы 708 оқушы білім алды. Мектептерде 629 қазақ, 64 орыс, 15 татар, 35 қыз балалар оқыды. Білім алушылардың ішінде қазына есебінен (мемлекет қаржысынан) – 167, жеке өздерінің қаржысынан – 541³²² бала оқыды.

ХІХ ғасырдың аяғында патша үкіметі түрлі оқу орындарын ұйымдастыруға белсене кірісті. Бұратаналардың қыздарын оқыту да қолға алынды. Дегенмен қазақтар қыздарын оқытуға құлық таныта қоймады. Соған қарамастан 1883 жылы Хан ордасында бір сыныптық әйелдер мектебі ұйымдастырылды. Онда 24 қазақ қыздары оқыды. Негізгі пәндермен қатар мұғалімнің көмекшілері негізінен екі сағаттан кейін қыздарға қолөнерді үйрететін оқу сабақтарын жүргізген.

³²¹ Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата, Казгосиздат. 1962. – С.50-52.

³²² Адельбаев Н.А. Исторический опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX – начале XX веков. Дисс. д-ра ист. наук. Уральск, 2010. – С.185.

1893 жылдан бастап Үлкен Ганюшкино селосында екінші екі жылдық училище, ал 1895 жылы Басқұншақта орыс-қазақ мектебі ашылды. 1895–1896 жылдары орданың әртүрлі бөліктерінде 14 старшындық мектеп жұмыс жасады. 1883–1891 жылдар аралығында бүкіл Ішкі Ордада, Халық ағарту министрлігіне қарасты мектептерінің саны тұрақты түрде сақталды. Барлығы 8 мектеп және оларда әр жылдары 149-дан (1884) 189-ға (1890) дейін оқушы білім алды. Мектептердің көптеп ашылуы халықтың білімге деген қажеттіліктерінен туындады.

XIX ғасырдың 60-жылдардың басында (1860 жылғы 2 ақпандағы жарғы бойынша) мектептер бекіністердің жанынан ашылды: Троицкде (1861 жылы), Торғай және Оралда (1864 жылы). Б. Алтынсарин Торғай мектебіне мұғалім болып тағайындалды. Оралдағы орыс-қазақ мектептерінің дамуындағы кейбір өзгерістер аймақта 1871 жылы басталды. Сонымен қатар бір сыныпты (немесе оларды болыс деп те атаған) орыс-қазақ мектептері: Гурьевте (1879 ж.), Симбертіде (1881 ж.), Караобада (1882 ж.), Индерде (1884 ж.) және т.б. 1881 жылы Бөрте болысында (1885 жылы екі сыныптық болып, Ақ-Төбе ауылына ауыстырылды) ашылды. 1888 жылы Ырғызда қыздарға арналған орыс-қазақ училищесі жұмысын бастады. Орал облысында 1890 жылы 2 екі сыныпты және 10 бір сыныпты орыс-қазақ мектебі жұмыс істеді. Торғай облысында 4 екі сыныпты, 5 бір сыныпты орыс-қазақ училищелері болды. 1892 жылы Қостанай уезінің №4 ауылында алғаш рет ауыл мектебі ашылды. Жазда мектептер киіз үйлерде, қыс кезінде үйлерде орналасты. Мектеп қажеттілігі үшін бар болғаны 324 рубль бөлінді, оның ішінде 180 рубль мұғалімнің жалақысы еді³²³.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды толығымен отарлаған патша өкіметі бұратаналар арасында орыс мәдениеті мен тілін ислам дініне тосқауыл қойып, мұсылмандық оқу-ағарту саласын реттеу арқылы ғана енгізе алатынына нық сенді. Ресей империясының исламға қарсы ресми саясатын екі кезеңге бөлуге болады. Алғашқы кезеңде, XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін, діни кітаптың таралуына қаржы жұмсалып, мешіттер мен медреселер ашылып, ислам одан әрі күшейе түсті. Бұл жылдары патша өкіметі әр ашылған мектепке 500 рубль бөліп отырды³²⁴. Екіншісінде патша өкіметі исламның таралуына

³²³ Адельбаев Н.А. Исторический опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX – начале XX веков. Дисс. д-ра ист. наук. Уральск, 2010. – С.214.

³²⁴ ҚР ОМА. 33 қ. 1 т. 50 іс. 24-25 пп.

шектеу қойып, жергілікті халықты шоқындыру арқылы орыстандыруға бет алды. Сондай-ақ Түркістан өңіріндегі орыс әкімшілігінің өкілдері ислам дінін қаралауға кірісіп, оны фанатизммен байланыстырып, баспа беттерінде түрлі мақалалар жариялады. Мысалы: «Народное образование в Туркестанском крае» атты мақалада С. М. Граменицкий мұсылмандық білім беру тарихына тоқталып, орыс өкіметінің стратегиялық ұстанымдарын күшейту қажеттіліктерін ұсынған. Автор ислам дінін барынша қаралап, оның білім беруге ешқандай пайда келтірмейтінін сөз етіп, «ислам христиан дініне ғана емес, ғылымға да зиян» – деп жазды³²⁵.

1874 жылы 20 қарашада Халық ағарту министрлігі барлық мұсылман оқу орындарын өзіне бағындыру туралы қаулы қабылдады. Онда халық училищелері инспекторлары басқарған оқу ведомствасына мектептер мен медреселерді бағындыра отырып инспекторларға «біріншіден, медресе және мектептер жанынан жергілікті мұсылман қоғамдары өз қаражаттарына орыс сыныптарын ашу; екіншіден, жаңа мектеп пен медресені ашу үшін мұсылман қоғамдарының есебінен осы оқу орындарына орыс тілі мұғалімін міндетті түрде қабылдау; үшіншіден, мектеп пен медреселерде шетел оқулықтарын қолдануға тыйым салу; төртіншіден, бұл мектептердің жалпы санитарлық-гигиениялық жағдайын қадағалау» тапсырылды³²⁶.

1891 жылғы 30 маусымдағы қаулы бойынша жаңа мектептер мен медреселер ашу үшін халық училищелері директорларының рұқсаты қажет болды. Арада көп ұзамай 1893 жылы шыққан Халық ағарту министрлігінің ғылыми мекемелер мен оқу орындарының жарғысына сәйкес жергілікті мұсылман мектептері Түркістан өлкесінің оқу бөлімі жөніндегі басқармасының рұқсатымен ашылып, оларды өлкенің халық училищелері инспекторлары мен директорлары бақылауға алды. Орыс отарлаушыларының келуімен барлық мұсылман мектептерінің білім беру жүйесіне күдік туып, екі бірдей – полиция мен оқу ведомствосы шенеуніктерінің қадағалауына алынды.

1893 жылы 1 қаңтарда мектептер мен медреселерде тек орыс цензурасы мақұлдаған баспа оқулықтары ғана оқылсын деген бұйрық шықты. Мектептер мен медреселерде бұдан былай қолжазба кітаптар мен шетел басылымдарын оқытуға тыйым салды³²⁷. 1892 жылы 10

³²⁵ Туркестанские ведомости. 1897, 22 июля (4 июля). – № 45.

³²⁶ Мырзалиева Э.Қ. Қазақстандағы мұсылман ағартушылығының мәселелері. Алматы, 2001. – 26 б.

³²⁷ Елеуқенов Ш., Шалғынбаев Ж. Миссионерлік мерез. // Ақиқат. 1999. № 1. 68 б.

шілдеде мұсылман мектептерінде тек орыс цензурасы мақұлдаған баспа кітаптар қолданылып, оқытушылары Ресейде білім алған, орыс азаматы болуы керектігі туралы ереже шықты. Халық ағарту министрлігінің 1892 жылғы 10-шы шілдедегі қаулысының күші 1895 жылдың 1 қаңтарына дейін созылды. Өйткені Түркістан өлкесіндегі мұсылман оқу орындарында Ресейде білім алған, орыс азаматының жұмыс істеуі мүмкін емес еді.

1898 жылы Түркістан генерал-губернаторының бұрынғы көмекшісі Ивановтың төрағалығымен құрылған айырықша комиссия осы мәселе бойынша жаңа ережелер мен нұсқауларды белгіледі. Оған сәйкес Түркістан өлкесіндегі мұсылман мектептері облыстық және уездік әкімшіліктің қарамағына берілді және оларға мектепті тіркеу, бақылау міндеті жүктелді. 1899 жылы Түркістан генерал губернаторы Духовский жергілікті әкімшілікке барлық мұсылман мекемелерін: мектептерді, мешіттерді, мазарларды және тағы басқаларын, сондай-ақ олардың мүліктерін анықтау; тұратын жері, өзіне тиісті ордендері мен мұридтерінің санын көрсетіп, ишандардың тізімін жасауды ұсынды. Осы жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығының уезд бастықтары мен учаскелік приставтарына және барлық облыстардың халық училищелері инспекторларына халықтың рухан дамуын, мектептер мен пен медреселер санын, мүдәрістер мен мектеп басшыларының білім алған жерлері» жөнінде мәлімет жинау тапсырылды. Сырдария облысының Шымкент қаласы мен уезінің діни мекемелер мен оқу орындары жөніндегі 1899 жылғы мәліметі бойынша Шымкент уезінің 15 болысында 171 мешіт, 32 мазар; Шымкент қаласында 30 кіші мешіт пен үлкен Жәми соборлық мешіті болғаны баяндалды³²⁸.

Духовской Сырдария, Ферғана және Самарқанд уалаяттарында ашылған 119 орыс оқу орындарына қарсы 5 246 мектептер мен медреселердің қызмет атқарғаны, өлкедегі 42 православ шіркеуіне қарсы 11 964 мешіттің орналасқанына назар аударып, бұл көрсеткіштің теңестірілуі қажеттігін баса көрсеткен. Оның пайымдауынша ислам діні орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы түркі халықтарын біріктіруші рухани қуатты күш екендігін жазған³²⁹.

Түркістан өлкесін патша үкіметі жаулап алғанға дейін мұнда тек қана конфессиялық мектептер өмір сүрді. XIX ғасырдың екінші жартысында

³²⁸ Мырзалиева Э.Қ. Көрсетілген еңбегі. – 31 б.

³²⁹ Егембердиев М.Ш. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Тарих ғыл. канд. дис. Алматы, 2007. – 53 б.

қазақ даласында көшпелі мектептер солтүстікте татар молдаларының және оңтүстікте өзбек ишандарының көмегімен жедел тарай бастады. 1892 жылы Наливкин көшпелі мектептер жөнінде жасаған есебінде: «жаз айларында осы типтес жүздеген, мүмкін мыңдаған мектептер бүкіл Түркістан өлкесіне шашырап жатты» – деп хабарлады. Бұл көшпелі мектептердің тіркеуден өтпеуіне байланысты нақты саны көрсетілмеген еді. XIX ғасыр соңында қазақтар арасында мектептердің тез таралуы отарлық езгінің ұлттық сана сезімінің өсуіне ықпал етумен жүрді деуге болады.

Дәстүр бойынша мұсылман оқу орындарында молдаға арнайы жалақы берілмейтін. Ата-аналар өздерінің тұрмыс жағдайына қарай молдаға айына бір, екі теңгеге дейін «кокон» (түземдік 20 тиын) төлеу жөнінде уағдаласқан. 1889 жылғы мәлімет бойынша Перовск уезінде ата-аналар молдаға жылына бір түйе және әр оқушыға айына 30 тиыннан төлеп отырған³³⁰. Қазалы қаласындағы мектептер татар және сарттар қауымының қаржыландыруына байланысты ақы төлемеді. Әйтсе де Қазалы уезінің мектептерінде ата-аналар шамасына қарай қой, жылқы, сиыр кейде шапан түріндегі басқа сыйлықтарды молдаға беретін және дәріс байлардың көшпелі киіз үйлерінде жүргізілді.

Жалпы мектептерді ашу мен оларды қаржыландыру жергілікті мұсылман қоғамдарына жүктелді және өкімет бұл іске араласпады, мектептің оқу бағыты бақыланбады және қаражат бөлінбеді. Мектепті дін басылары басқарып, оның материалдық жағын қамтамасыз ету қоғамның берген вакуфтың мүлкінен түскен кіріс немесе мектепке берілетін күнделікті шығындар негізінде жүзеге асырылды.

Мұсылмандар мектеп жасындағы алты, сегіз жасар баланы молдаға оқуға бергенде «еті сіздікі, сүйегі менікі» дей отырып, оның оқу-тәрбие үдерісіне толық сенім білдіретін. Жаңа келген шәкіртті жанына отырғызып, алғашқы дәрісті Құранның сүрелерін жаттаудан бастатып, одан соң шәкірт араб алфавитінің әріптерін меңгеріп, ежіктеп оқу тәсіліне көшетін. Әріптер мен буындарды жаттау шәкірттердің жасы мен мүмкіндігіне қарай үш айдан бір жылға дейін созылатын.

Осылайша жергілікті отарлық билік тек саяси және моральдық жағынан сенімді мектептердің ғана ашылуына, балаларды оқытуға рұқсат беріп отырды. Тиісті рұқсаты жоқ мектептер жабылып, мектептерді бақылау және ережені қадағалау жергілікті әкімшілік пен оқу инспекциясына жүктелді. Мемлекет мұсылман оқу орындарын

³³⁰ Мырзалиева Э.Қ. Көрсетілгененбегі. – 37 б.

ешқашан бақылаусыз қалдырған емес. Патша үкіметі жүргізген орыстандыру саясатына жергілікті мұсылман халқы немқұрайды қарамады. Рухани отарлауға қарсы өз беттерімен «күпия» мектептер ашып, қарсылық білдірді.

Орыс әкімшілігінің қысымына қарамастан XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында мұсылмандық оқу орындарының саны артып, олардың оқу құралдары басылып шығарыла бастады. Мектептер мен медреселер әсіресе Сырдария облысында және Бұқара, Ферғана және Самарқан қалаларында көптеп ашылды. Бұлардың қатарындағы Бұқара медреселерінің орны ерекше еді. Қазақ балалары Қазан қаласындағы «Мухамедия», Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусайния» медреселерінде де білім алды. Мәселен, Уфадағы аталмыш медреседе 1907–1917 жылдар аралығында білім алған 950 шәкірттің 154-і қазақ болған. Олардың арасында мүфтилікке емтихан тапсырған 59 қазақ баланың 51-і мүдәріс, 8-і имам хатиб мұғалімі болып шыққан³³¹.

Ұлы державалық Ресей саясаты сауаттылықтың көзі орыс тілі мен оқу-жазуда ғана деген түсінікті қалыптастыра бастады. Бұл мәселені С.М. Граменицкий өз зерттеулерінде талай рет қозғаған. Ол біріншіден, барлық іс-қағаздары орыс тілінде жүргізілуі қажет деп білсе, екіншіден, мұсылмандық оқу орындардың оқу жоспарына орыс тілі мен тарихы пәндерін міндетті пән ретінде енгізуді ұсынған³³². Кейіннен, С.М. Граменицкийдің ұсынысы қолдау тауып, қабылданған ережеге сәйкес, мұсылмандық оқу орындарына орыс тілін міндетті пән ретінде оқыту жүзеге асырылды. С.М. Граменицкийді М. Михайлов қолпаштап, «Жергілікті тұрғындар арасында орыс тілі» атты мақаласында жағымды пікір жариялаған. Пікірінде «Барлық медреселерде орыс тілін міндетті түрде енгізу – қисынсыз; менің ойымша, мұны тек кейбір медреселерде ғана енгізу керек, ал кейінірек орыс тілін үйрену қалғандарында тамыр тартады деп ойлаймын. Сөйтіп, орыс тілі ең болмаса медреседе оқитындарға жат болады», – деп түйіндеді³³³.

Отаршыл әкімшілік жергілікті тіл тек сауда орталықтарында қолданылуы қажет деген ұғымды енгізуге барын салды. Мұсылман халқының дәстүрлі түрік тіліндегі жазуы сауаттылықтың өлшемі ретінде қарастырылмады. Мұндай жазу-сызуды қолданыстан шығару шаралары жүргізіле бастады. Біріншіден, орыс тілі мұғалімдері

³³¹ Егембердиев М.Ш. Көрсетілген еңбегі. – 59 б.

³³² Граменицкий С.М. Главные правила русского прописания и примеры для упражнений. - Ташкент, 1908. – С. 76.

³³³ Туркестанские ведомости. – 1901, 8 марта. – № 19.

болған жағдайда ғана мектеп-медресе ашуға рұқсат берілді. Екіншіден, шығыс елдерінде, Түркия мен Бұқара медреселерінде білім алып қайтқан мүдәрістер мен молдаларға империя көлеміндегі мұсылмандық оқу орындарында мұғалімдік қызметін атқаруға тиым салынды.

Түркістан тарихын зерттеген тарихшыларының бірі – З.Д. Кастельскаяның зерттеуі бойынша, ағарту саласындағы бұратана халықтың біліміне губернаторлық қазынасынан 1 % бөлінсе, аралас орыс-түзем мектептеріне 25 %, орыс және шіркеулік мектептеріне 74 % бөлінген³³⁴. 1901 жылы Сырдария облысында 29 орыс-түзем мектебінде жергілікті ұлттардың 766 баласы оқыса, 1908 жылы облыстағы 31 орыс-түзем мектебінде 1290 оқушы оқыды. 1917 жылы Сырдария облысында 1 әйелдер прогимназиясы, 7 жоғары бастауыш училищелері, 231 бастауыш мектебі (оның 68 орыс-түзем мектебі) және 13 приходтық-шіркеу мектебі жұмыс жасады. Оларда жергілікті халықтың 3077 баласы білім алды. Орыс оқу орындарының саны үкімет пен шіркеу мектептері және орыс қоныс аударушылары ашқан мектептер есебінен көбейді.

Жетісу өлкесіне патшалық Ресей үстемдігі орнағанға дейінгі кезеңде басқа қазақ жерлеріндегі секілді халық-ағарту саласының негізгі буынын мұсылмандық оқу орындары құрады. Архив құжаттарының мәліметтерінше, 1840 жылдарында ғана Жетісу облысының Лепсіуезінде мұсылмандық білім беру жүйесі белгілі дәрежеде қалыптасып, халыққа нақтылы қызмет жасап жатқан³³⁵. Соның нәтижесінде ХХ ғасыр басына қарай Лепсіуезіндегі әрбір 1000 ер адамнан 63-і мұсылмандық білім алған³³⁶. Белгілі орыс зерттеушісі П.П. Румянцевтің Қапал уезі бойынша жинастырған материалдарында осы уездегі 6265 адам мұсылмандық оқу орындарда білім алғандығы көрсетілген³³⁷. Уез басшыларынан Жетісу облыстық әскери губернаторына 1886 жылы келіп түскен толық емес материалдарға қарағанда, облыста 7909 бала (оның 6157 – ұл, 1752 – қыз бала) мұсылмандық білім алып жатқан. Бұл балаларға

³³⁴ Кастельская З.Д. Из истории Туркестанского края. – Москва, 1986. – С. 35-36.

³³⁵ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 26012 іс. 13 п.

³³⁶ Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т.1. Лепсинский уезд. – СПб., 1911. – С. 306.

³³⁷ Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т.2. Копальский уезд. – СПб., 1911. – С. 157.

мұсылмандық білім беру жолында 361 молда қызмет еткен екен³³⁸. Бұл келтірілген мәліметтердің дәл әрі нақты емес екендігін кезінде патшалық әкімшілік орындарының өздері де мойындаған. Мысалы, Тоқмақ уезі басшысының 1891 жылы желтоқсанда Дала генерал-губернаторына берген мәлімдемесіне қарағанда, қырғыздар 10-15 ай көлемінде шағын ауыл болып көшіп жүреді. Көршілес қонып жүретін ауылдарды қосқанда үйлердің саны кейде ары кеткенде 200–300-ге дейін жетеді. Олардың арасында қырғыздардың өзінен шыққан, әйтпесе татар, не өзбек молдасы болады. Өзінің ұлын немесе қызын оқытқысы келгендер молдамен төлемақы жөнінде келісімгекеліп, ұл-қыздарын оқуға берген. 10-15 шәкірт жиналатындай болса, онда молда балаларды оқытуға кіріседі. Мұндай мектептердің санын дәл анықтау қиын. Соңғы үш жылдағы мәліметтерге сүйенетін болсақ, уезде шамамен 50-ге жуық мектеп бар. Ал уезде 1891 жылғы санақ бойынша 84 522 қырғыз бар. Қырғыздар көшпелілер ретінде тұрақты деревнялар мен селоларға ие емес, сондықтан мектептің қай ауылға қарайтындығын да дәл көрсетіп айту мүмкін емес³³⁹.

Мұсылмандық білім берудің қазақ жерінде қалыптасуы мен дамуы ислам дінінің таралуына байланысты екені белгілі. Қазақ жерін отарлаудың алғашқы кезеңінде патша өкіметі жергілікті халықтың дініне ерік беру бағытын ұстаған. Ол негізінен жергілікті феодалдық топ өкілдерінің сеніміне ие болып, отарлық саясатты онан әрі тереңдете жүргізу мақсатында жасалған айла-әрекет болатын. Сондықтан да патша үкіметі қазақ даласында мешіт, медреселер салып, қазақтардың діни істерін Орынбор муфтилігіне қаратып, ислам дініне еш қарсы келмейтінін, керісінше оған қолдау көрсететіндігін танытып қалуға тырысқан еді. Мұны қазақ даласындағы ислам дінінің жалпы жағдайымен арнайы шұғылданған шенеуніктердің әкімшілік орындарына берген мәліметтерінен аңғаруға болады. Дала өлкесінен орталыққа берілген осындай мәліметтердің бірінде: «Біздің даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қырғыздарға және бүкіл Орталық Азияда олардың дініне қол сұғылмайтындығы жөнінде сенім қалыптастыруды талап етті. Ол өз жағымызға хандар мен сұлтанларды және даладағы ықпалды адамдарды тартуға тікелей байланысты болды. Соған орай үкімет орындары алғашқыда исламға төзімділік танытып ғана қойған жоқ, оған қамқорлық көрсетті»³⁴⁰, – деп

³³⁸ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 48280 іс. 41-п.

³³⁹ Сонда, 64 қ. 1 т. 2674 іс. 17 п.

³⁴⁰ Сонда, 5-7-п.

айтылған.

Патша өкіметінің ислам дініне деген мұндай саясаты Түркістанның алғашқы генерал-губернаторы фон-Кауфманның іс-әрекетінен де айқын көрінеді. Ол өлкеде мұсылмандардың үкіметтік міндеттерді жүзеге асыруға наразылық танытпауына баса көңіл аударып, дала төсінде миссионерлік іс-әрекеттің ашық түрде жүргізілуіне қарсы болды. Сонымен бірге Түркістан аймағында мұсылмандықтың нығая түсуін де қаламады³⁴¹. Мұны Кауфманның 1876 жылы 6 ақпанда Халық ағарту министрі граф Д.А.Толстойдың атына жолдаған өтініш хатының мазмұнынан көрге болады. Хатта былай делінген: «Маған сеніп тапсырылған генерал-губернаторлықта Қазан татарлары аса көп көлемде мұсылмандық түрлі діни шығармалармен сауда жасайтыны жөнінде күнделікті мәліметтер түсуде. Бұл басылымдардың арзандығынан олар өлкедегі ауқаттылар арасында ғана емес, барлық көшпелілерге де таратылуда. Мұсылмандық насихаттың басылымдар арқылы жүруі Орталық Азиядағы орыс мүддесіне, сондай-ақ Халық ағарту министрлігінің жаңа шеткі аймақтардағы атқарар міндетіне зиянды деп санаймын. Жыл өткен сайын ислам діні қырғыздар арасында қазандық татарлардың мұсылмандық діни әдебиеттермен сауда жасауы арқылы нығайып келеді. Сіздің хұзырыңыздан сұрайтыным – Ішкі істер министрлігімен әрі баспасөз басқармасымен байланыс жасап, мұсылмандық әдебиеттердің басылуына және таралуына шектеу жасауға шара қолдансаңыз екен³⁴².

Патшалық билік православиелік Ресейге қарсы ислам дінінің қорғаныс-ұйытқы, рухани қарсылық ұйымдастырушы күш міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан да алдымен ислам дінінің түркі халықтарының өміріндегі ықпалын әлсіретіп, соңынан оны жоюға зор ынта қойды. Патша үкіметі 1868 жылы қазақтарды Орынбор муфтилігінен шығарып тастағанда, болашақта қазақтар христиандықты қабылдайды деген үмітте болған еді³⁴³. 1867–1868 жылғы ережелер бойынша мұсылман дін басыларының құқықтары мен артықшылықтарына шек қойылды. Мұсылмандық діни істер Орынбор діни жиналысының қарауынан алынып, азаматтық әкімшілікке берілді. Мешіттер, мектептер мен медреселер салуға бақылау орнатылды. Әрбір

³⁴¹ Яковлев А.И., Панарин С.А. Противоречие реформ: опыт Аравии и Туркестана. //Восток. Афро-азиатские общества: История и современность. – 1911. – № 5. – С.115.

³⁴² Жолсейтова М.А. Қазақстандағы халық ағартуісі (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Жетісу облысының материалдары бойынша). Алматы. – 2006. – 16 б.

³⁴³ ҚР ОМА. 64 қ. 1-т. 2674-іс. 5-п.

болыста сайланып қойылатын әскери губернатор бекітіп, босатып отыратын бір ғана молда болуына рұқсат етілді. Вакуфтардың болуына тиым салынды³⁴⁴.

Қазақтың әйгілі ағартушы ғалымы Ш.Уәлиханов өзінің «Сахарадағы мұсылмандық туралы» атты еңбегінде: «Мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға сіңіп бола қойған жоқ. ... Татар молдаларының, Орталық Азиялық ишандар мен өздерінің жаңа діниілімін уағыздаушылардың ықпалымен біздің халық барған сайын жалпы мұсылмандық кейпіне түсіпкеледі»³⁴⁵, – деп жазды. Бұл айтылған пікір ХІХ ғасырдың орта шеніндегі қазақ қауымына тән еді.

Қазақ халқының діни нанымдарындағы осы ерекшелікті сезінген патша өкіметінің миссионер ғалымдары мұны өз мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысқан еді. Мәселен, 1860 жылдары Н.И. Ильминский қазақтар мұсылман емес, шамандар, сондықтан оларды православиеге өткеру оңай деп үкіметті нандыруға тырысып бақты. Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту жұмысын өркендетуге үлкен үлес қосты деп дәріптеліп келген Н.П.Остроумов Православиелік миссионерлік қоғамның 20 жылдығы қарсаңында, көшпелі халықтар христиан діні мен мәдениетін қабылдауға қабілетті ме деген мәселе төңерегінде ой-қозғап, миссионерлердің басты назарын қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне бұруға шақырып, былай деп жазады: Ресей боданы, азиялық көшпенділердіңадамгершілік, мәдени жағынан өрлеуі және православиелік орыс халқымен бірігуі үшін христиандықты қабылдаудан басқа жол жоқ. Мұнсыз азиялық көшпелілертөменгі даму деңгейінде қалып, мұсылмандыққа тартылып, мемлекеттің табиғи дамуын тежеп, оның болашақтағы саяси біртұтастығы мен күдіреттілігіне қауіп төндіреді³⁴⁶.

Ислам дінін патша өкіметіөзінің саяси міндеттерін жүзеге асыру жолындағы негізгікедергіретінде бағалады. Шеткері аймақтардағы халықты орыстандыру жолындағы патша өкіметінің сойылын соғушылардың айла-әрекеттерініңбірі – мұсылман халықтарын ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазуын қолданудан шығару болды. Араб жазуын мұсылман халықтарының қолдануынан қалайда ығыстырып, оның орнына кириллицаны енгізуді жүзеге асырып қалуда Н.И. Ильминский, Н.П. Остроумов секілді

³⁴⁴ Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. – 1960. – С. 387.

³⁴⁵ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 197 б.

³⁴⁶ Остроумов Н. Способны ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры. – М., 1886. – С. 15-16.

миссионер ғалымдар белсенділік танытты. Н.И.Ильминскийдің пікірінше, алфавит өз заманында дінмен бірге қабылданған. Мәселен, Батыс Еуропа латын алфавитін латын, орыстар грек алфавитін славян шіркеуі арқылы қабылдаған. Татарлар, қазақтар және т.б. түркі халықтары өзге мұсылман елдері тәрізді араб жазуына ислам дінінің таралуына байланысты көшкен. Араб жазуы – оларды ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан оның ойынша, түркі халықтарының жазуына орыс алфавитін енгізу арқылы екі қоянды бір оқпен атып алуға болады. Біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға, екіншіден, біртіндеп православие дініне көшіруге болады³⁴⁷.

Миссионер ғалымдардың тікелей араласуымен Халық ағарту министрлігі 1870 жылғы 16 наурыздағы ережеге сәйкес оқу-ағарту ісін мұсылман халықтарын рухани құлдыққа түсіру арнасына бұрған еді. Бұл ереженің әзірленуі барысында жергілікті әкімшілік орындарының ұсыныстары ескеріліп, Н.И. Ильминскийдің жүйесі басшылыққа алынды. Міне, сол мерзімнен бастап мұсылман социумына және оның өркениетіне қарсы оқу-ағарту ісін бүркемеленген күрес басталды. Бұл күрес екі бағытта жүргізілді: біріншісі – мұсылмандық оқу жүйесіне соққы беріп, оның дамуын тежеу; екіншісі – мұсылмандарды орыстармен сіңістіріп жіберу міндетін атқаратын орыс-түземдік аралас мектептер ашу³⁴⁸.

Сонымен бірге мұсылмандық оқу орындарында балаларын оқытқысы келгендердің бәрінің оқу орны бастықтарынан арнайы рұқсат берілген куәлігі болуға тиіс. Мұндай куәлік үшін 50 тиыннан алым алынатын. Оқытуға рұқсат беретін куәлік алудан бас тартып, балаларын мектептер мен медреселерге өз бетімен берген адамдарға бірінші жолы 10 сом, екінші жолы 30 сом айып төлеттіретін, ал үшінші ретте ондай адамдар 5 тәуліктен 15 тәулікке дейін абақтыға жабылып, одан әрі балаларын мұсылман оқу орындарына оқытуына тиым салынатын³⁴⁹.

Түркістан өлкесіндегі дәстүрлі мұсылмандық мектептерге генерал-губернатор фон Кауфман негізінен араласпау принципін ұстаған-ды. Мұсылмандық оқу орындар мәселесі жөнінде Кауфманның пікірі Халық ағарту министрлігінің нұсқауымен үйлеспейтін. 1875 жылы үкімет Түркістан өлкесіндегі барлық мұсылмандық оқу орындарын

³⁴⁷ Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. – Казань, 1883. – С. 17.

³⁴⁸ Цаликов А. Кавказ и Поволжье. Очерки инородческой политики и культурно-хозяйственного быта. – М.: Изд-во М. Мухтарова. 1913. – С. 167.

³⁴⁹ ҚР ОМА. 25 қ. 1 т. 3804 іс. 41-42 п.

ағарту басқармасының қарамағына беру туралы ереже шығарды. Халық ағарту министрлігі 1879 жылы халық училищелері инспекторлары үшін жергілікті мектептерді тексеру жөнінде нұсқау берді. Алайда Кауфманның бұл жайлы көзқарасы ерекше еді. Ол жергілікті мұсылмандық оқу орындардың ісіне араласпау қажет деп есептеді. Себебі олар үкіметтің материалдық көмегінсіз, сондай-ақ бақылаусыз өзінен-өзі күйрейді деп санады. Мұндай шараларды Кауфман саяси жағынан сенімді деп есептеді. Шенеунік өлкедегі мұсылмандықтың тірегіне айналған мектеп-медреселерді күнделікті өмірден орыс-түземік мектептердің есебінен бейбіт түрде ығыстырып шығаруға ерекше мән берді³⁵⁰.

1884 жылы Түркістан өлкесі генерал-губернаторлығына тағайындалған Розенбах қызметіне кірісісі мен «көшпелілер арасында мұсылмандық насихаттың барысын қарастыратын комиссия құру жөнінде» шешім қабылдады. Бұл комиссияға Сырдария облысының әскери генерал-губернаторы Гродеков жетекшілі кететін болды. Комиссия тез арада алға қойылған мәселе бойынша қорытынды шығарып, оны генерал-губернаторға тапсыруы тиіседі.

Комиссия көшпелілер арасындағы мұсылманшылдыққа тосқауыл қою шараларын ұйымдастырудан гөрі «мұсылмандық дәстүрдің берік сақтаушылары болып тұрған мектеп-медреселерге» басты көңіл бөлу керек деп ұйғарды. Сонымен комиссия мұсылмандық оқу орындардың дәл жағдайын анықтап, оларды «орыс мемлекетінің бақылауына» алу керек деген шешімгекелді.

Розенбах та Кауфман секілді мұсылмандық оқу орындарына қарсы әрекетті мүмкіндігінше өте сақтықпен жүргізуді жақтай отырып, 1887 жылы Халық ағарту министрі атына көлемді баяндама – хат жолдап, онда мынандай пікірлерін білдірді:

1. Соңғы жылдары Түркістанда, мұсылмандық насихат Үндістан тарапынан да жүретін болды. Ол жақтан араб және парсы тілдеріндегі әдебиеттер жіберілуде. Мұндай әдебиеттер ағылшындар билігіндегі Үндістанның Дели мен Бомбей қалаларындағы баспаханаларда бастырылған. Осылайша Үндістан да Түркістан халықтары үшін зияткерлік орталыққа айналуға қалыптасқан ахуал біздің Шығыстағы ұлттық ықпалымызға зиянды.

³⁵⁰ Кауфман К.П. Проект всеподданейшего отчета генерал-адъютанта К.П. фон Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства. – СПб., 1885. – С. 432.

2. Түземдіктер арасында жүргізіліп жатқан халық-ағарту саласындағы біздің қамқорлықтарымыз тек орыс-түземдік мектептер арқылы ғана көрініс табуда. Бұл орыс үкіметі алдына қойылған мемлекеттік мақсатқа қол жеткізуде тіптен жеткіліксіз. Балаларды мұсылмандық әдебиеттер мен шарифаттан аулақ ұстау үшін біз мұсылмандық оқу орындардың өмірімен танысып, олардың оқу бағдарламасын еуропалық үлгіге сәйкес өзгертуіміз керек. Ресей туралы және еуропалық білім жайлы мәлімет беретін түземдіктер тілінде кітапшалар шығарылғаны жөн.

3. Түркістанда мұсылмандық мектептердің саны 4 мыңнан кем емес. Бұл мектептер жөніндегі мәліметтер бізге тек сырттай жетеді. Мұсылман мектептерінде мыңдаған балалар оқиды. Заңдық құжаттар бойынша әкімшілік мұсылман мектептеріне бақылау орнатуға құқылы. Мұсылмандық мектептердің қызметінтер іске шығару заңға қайшы. Өлкедегі оқу ісі басқармасының штатында халық училищелерінің екі инспекторы бар. Олардың Түркістан өлкесіндегі барлық мұсылмандық оқу орындарға бақылау орнатуға мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан Қазан және Орынбор округтеріндегі секілді Түркістанда да мұсылман мектептерінің инспекторы қызметі болғаны дұрыс. Ондай инспекторларға өлкедегі барлық мұсылман мектептері жөніндегі мәліметтерді ретке келтіріп, дер кезінде пайдалы істерді жүзеге асырып отыру міндеті жүктелер еді»³⁵¹.

Түркістан өлкесіндегі мұсылмандық оқу орындары инспекторының қажеттігін Розенбах 1888 жылы 3 қыркүйекте Халық ағарту министріне жолдаған хатында да айтты. Хатында өлкеде 4000 мударисті (мұсылман мұғалімдерін) қамтитын 206 медресе, 1660-қа жуық мектеп бар екендігін және онда 49 000-дай мұсылман жастары оқитынын да хабарлады. Осылайша Розенбахтың Халық ағарту министрімен хат арқылы пікір алмасуы үш жыл уақытқа созылды. 1890 жылы Розенбахтыңөтініші бойынша мұсылман мектептерінің инспекторы қызметіне Наливкин тағайындалды. Наливкиннің жаңа қызметке тағайындалуымен Түркістан өлкесі әкімшілігі мұсылман мектептеріне нақтылы түрде бет бұруға кірісті. Наливкин Түркістан өлкесі тарихын әрі шығыс тілдерін жетік білетін. Сондай-ақ Түркістан тарихына байланысты бірқатар еңбектер және мұғалімдерге арналған оқулықтар жариялады. Ол қызметіне кірісі мен өлкедегі мұсылман оқу орындарын зерттеуге ден қойды. Наливкин өлкедегі бірқатар облыстардың мұсылмандық оқу

³⁵¹ ӨР ОМА. 2718 қ. 1 т. 2193 іс. 112 п.

орындарымен танысып, ол жөнінде өлке басшысына ақпарат-баяндама тапсырды.

Мұсылман оқу орындарының инспекторы ретінде Наливкин мектеп-медреселер жанында орыс тілі курсы ашып, ондағы оқу жоспарын «мемлекеттік мүддеге сай реформалауды» ұсынды. Бірақ оның алты жылғы инспекторлық қызметі барысында бірде-бір мұсылмандық оқу орнында орыс тілі пәні енгізілмеді. Сонымен бірге мұсылмандық оқу орындарын реформалау да аяқ асты қалды. Көп ұзамай Түркістан өлкесінде мұсылмандық оқу орындардың инспекторы қызметі де жойылып, мектеп-медреселерді реформалау кейінге қалдырылды.

1882–1889 жылдары аралығында Жетісу облысы Дала генерал-губернаторлығына қарағанымен ондағы мұсылмандық оқу орындар негізінен Түркістан өлкесіндегі мектеп-медреселермен тығыз қарым-қатынаста дамыды. Жетісудағы мектептерде Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстарынан шыққан көптеген молдалар сабақ берді³⁵². Жетісу облысындағы мектептерде Қытайдағы Шығыс Түркістанда оқып қайтқан молдалар да қызмет ететін. Ондай молдалар негізінен ұйғырлар мен дүнгендер тұрған селоларда сабақ берген. Мәселен, Пішпек, Құлжа, Пржевальскідегі дүнген мектептерінде сабақ берген дүнген молда Үрімшіде оқыған. Шығыс Түркістандағы Құлжа, Үрімші секілді қалалардан шыққан молдалар татар мектептерінде де сабақ берген. Пржевальскідегі татар мектебінде Құлжада білім алған ұйғыр молдасы сабақ беріп, жылына 180 сом төлем ақы алып тұрған³⁵³.

Көшпелі қазақ болыстарында негізінен татар молдалары сабақ беріп, қазақ ауылдарымен бірге көшіп жүрген. Жергілікті әкімшілік орындары мұндай молдаларды «көшпелі молдалар» деп атады. 1882 жылғы толық емес мәліметтерге қарағанда Жетісу облысында 281 көшпелі молда болып, олардан 4608 қазақ-қырғыз балалары білім алған³⁵⁴.

Жетісу облысындағы мұсылмандық оқу орындар жүйесі мектептерден тұрды. Мектептер мұсылмандық білім берудің төменгі сатысын, яғни бастауыш білім беру жүйесін құрайтын. Мектептер отырықшы мұсылман халықтары арасында, мешіттер жанында ашылатын. Мұндай мектептер татар, ұйғыр, дүнген, өзбек халықтары қаржыларының есебінен ашылуына байланысты татар мектебі, өзбек мектебі т.с.с. аталатын. Бірақ бұл қазақтар арасында тұрақты қызмет ететін мектеп болмады дегенді білдірмейді. Мәселен, Лепсі уезінде татар мектептерімен қатар

³⁵² ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 23030 іс. 7 п.

³⁵³ Сонда, 2 п.

³⁵⁴ Сонда, 48226 іс. 54 п.

қазақ балаларына арналған мұсылман мектебі болған. Бұл мектепте 90-ға жуық балалар оқитын. Оқушылардың жас ерекшеліктері оқу инспекторларының көрсетуіне қарағанда 8 жастан 30 жасқа дейінгілер болған. Тіпті олардың арасында Құран оқуды үйренгісі келген 60 жастағы ер адам болған екен. Мектепте Хаммат Измаилов деген татар молдасы сабақ берген. Ол Бұқарадағы медреседе білім алып, одан кейін өз білімін Меккеде, Мединеде және Түркияда жалғастырған беделді діндарларының бірінен саналған. Хаммат Измаилов қазақ балаларына мұсылмандықтың қыр-сырын терең меңгертуді өз алдына мақсат етіп қойған³⁵⁵.

Қазақ балалары Жетісу өңіріндегі татар мектептерінде көптеп оқыды. Облыстағы Пржевальск және Пішпек (Тоқмақ) уездеріндегі қырғыз балалары өзбек мешіттері жанында ашылған мектептерде де білім алды. Жалпы облыста татар, өзбек мектептерінде барлық мұсылман халықтарының балалары араласып оқи беретін. Бірақ мұндай құбылыс жергілікті әкімшілік орындарына ұнамайтын.

Патшалық Ресейдің жалдамалы жандайшаптары бүкіл империяны мекендеген ұлттар мен ұлыстардың патша өкіметінің саясатына наразылығын ауыздықтауда сан қилы әрекеттер жасап, оның ішінде халықтар арасында алауыздық туғызу саясатын жүргізіп, бір-біріне айдап салып, олардың бірігіп күш қосуына тосқауыл жасауға тырысты. Бұл істебилік орындары алдымен қазақтар мен қырғыздарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Сондықтан мұсылман балаларының бір мектепте оқуына қарсы болып, олардың бөлек оқуын жіті қадағалап отырды. Мәселен, 1876 жылы Жетісу облыстық оқу ісіменгерушісі Верныйда татар мектебінде оқып жатқан қазақ балаларын мектептен қуып жіберіп, олардың бұл мектепке қайтып келуіне тиым салды³⁵⁶. Жетісу облыстық оқу инспекторының бұл әрекеті заңға қайшы болып, бекітілген ережелерге сай келмейтін. Өйткені бірде бір ережеде мұсылмандық оқу орындарда мұсылман халықтарының балалары бөлек оқысын деп көрсетілмегенеді. Сондықтан Жетісу облыстық оқу ісі менгерушісінің әрекетін «Бөліп алда, билей бер» саясатының нақты көрінісі ретінде бағалауға болады.

Жетісу облыстық оқу ісі менгерушісінің әрекеті облыстағы уездерде де көрініс тапты. Мәселен, Қапал уезі бастығының 1879 жылы 14 мамырда Жетісу облыстық әскери губернаторына жолдаған

³⁵⁵ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 2030 іс. 2-п.

³⁵⁶ Сонда, 32721 іс. 685-686 шп.

мәлімдемесінде: «Қапал қаласында екі мұсылман мектебі бар. Оның біреуі бұдан отыз жыл бұрын ашылған. Мұсылман мектептеріндегі балаларды оқыту әдістерімен танысу мақсатымен мен жуырда осы аталған екі мектепте болдым. Осы танысу кезінде уездегі көршілес көшпелі болыстардың қазақ балаларының мектепте оқып жатқанын көрдім. Бұл қазақ балаларының сауат ашуға деген құштарлығын аңғартса керек. Бірақ мұсылман мектептерінде орыстарға рухын себетін Құранның оқылатынын ескеріп, қазақ балаларын мектептен шығарып жібердім және олардың мұнда оқуына тиым салдым. Мен Сіздің құзырыңызға осы әрекетімді хабарлай отырып, мұның жоғарғы әкімшіліктің мүддесіне сай келетіндігіне көз жеткізу үшін уезд басшыларының мұсылман мектептерімен қарым-қатынасын көрсететін нұсқаумен қамтамасыз етуіңізді сұраймын»³⁵⁷, – делінген.

Қапал уезі басшысының осы өтінішінен кейін көп ұзамай Жетісу облыстық әскери губернаторы 1879 жылғы 30 мамырда уезд басшыларына құпия түрде мынандай мазмұндағы нұсқау жолдады: «Барлық мұсылман мектептерінде Құран оқытылады. Оның ілімі негізінде оқушылар бойында орыстарды жек көрсететін сенім қалыптасады. Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у) ілімі өлкені басқарудағы орыс үкіметінің көзқарасы мен мүддесіне сай келмейді. Мұндай мектептерде оқып шыққан қазақ балалары жақын арада даладағы мұсылман миссионерлеріне айналуы ықтимал. Сондықтан уезд және қала басшыларына қазақ балаларының мұсылман мектептерінде оқуын жиі қадағалауды ұсынамын. Мұсылман мектептеріне қазақтардың балаларын беруіне қатаң бақылау орнатыңыздар»³⁵⁸.

Айта кетерлік жайт, кеңестік билік тұсында жазылған әдебиеттерде дәстүрлі оқу орындарының дағдарысын әсірелей суреттеу басым болды, олар тек діни фанатизм, кертартпалық тартатын орындар болып көрсетілді. Ал олардың отаршылдыққа қарсы күресте біріктірушілік рөл атқаратындығына назар аударылмады. Шын мәнінде «капиталистік қатынастар дами қоймаған Түркістан өлкесінде ислам дініжергілікті халықтарды біріктіріп, үйлестіріп отыратын бірден-бір фактор болған еді»³⁵⁹. Шындығында жергілікті халықтың бұрыннан келе жатқан дәстүрлі оқу жүйесін құраған мұсылман мектептері мазмұны жағынан мұсылман дініне негіз делгенеді. Араб және парсы тілдеріндегі діни пәндер үстем

³⁵⁷ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 32721 іс. 684 п.

³⁵⁸ Сонда. 32721 іс. 686 п.

³⁵⁹ Сайдбаев Т.С. Ислам и общество. Опыт историко-социологического исследования. – М.: Наука, 1978. – С.31.

болған мектеп жүйесі жергілікті халықтар арасындағы діни-рухани тұтастықты сақтап, оны ары қарай нығайтатын бірден-біркүшті құралға айналған еді. Мұсылман мектептері мазмұны мен оқу тәсілдерінің бірыңғай болуына байланысты жергілікті Түркістан халықтарын діни-рухани негізде біріктіретін күшті құрал екендігіне патша өкіметінің әкімшілік орындары баса назар аударды. Осы күрделі тарихи жағдайда мұсылмандық факторға үлкен қауіппен қарап, оның отаршылдық жүйеге қарсы күш екенін түсінген патша өкіметі мұсылмандық оқу орындарды құрту мақсатында үлкен шаралар қолдануға кірісті. Мәселен, өлкені зерттеп, бақылау жұмыстарын жүргізген өлкетанушылар: «Біз әсіресе жергілікті ру-тайпалар мен ұлттардың ислам негізінде бірігіп іс-әрекет жасауынан сақтануымыз керек», – деп шешеді³⁶⁰. Сондықтан мектеп-медреселерге қарсы күресте түрлі айла-әрекеттер қарастырылды. Бұларды тек фанатизм, қараңғылық ордасы етіп көрсетіп, осы тұрғыда насихат жүргізу қолға алынды. Оларды үкімет тарапынан қаржыландырмау, қолдамау, қайта олардың бастан кешіп отырған объективтік дағдарысын одан әрі тереңдетіп, ақыры жойылуын тездету көзделді. Осы кезде вакуфтық негізді (мұсылмандық оқу орындардың негізгі қаражат көзі) әлсірету нәтижесін берді. Мектеп не медресе ашу үшін арнайы кеңселерден міндетті түрде рұқсат қағазын алу сияқты басы артық шаралар ойластырылды.

Енді патша өкіметінің сескенуіне себеп болған мұсылмандық оқу орындардың, мектептердің оқу бағдарла/асына тоқталатын болсақ, олар негізінен схоластикалық сипат алған болатын. Мектептерде оқушылар көп уақытын араб алфавитін жаттауға, оның жазылу үлгісін есте сақтауға жұмсайтын. Араб алфавитін меңгерген соң оқушылар «Абджад» деп аталатын оқу курсына көшетін. «Абджад» негізінен ешқандай мағына білдірмейтін, бірақ онда араб алфавитінің барлық әріптері қамтылған мынандай сегіз сөзден тұратын – «абджад», «ғавваз», «хутти», «кәлман», «сағфас», «қарашат», «саххас», «саззага». Міне, осыларды жаттап меңгерген адам араб әріптерінің дыбыстарын үйреніп шығатын³⁶¹.

Араб алфавитін меңгеруге оқушылар бір жыл уақытын сарп ететін. Онан соң барып оқушылар Құранның негізгі бөлімдерін құрайтын үзінділерден тұратын «Хафтиякты» оқуға кірісетін. «Хафтияк» кезінде қазақ-қырғыз халықтары арасында «Әбтиек» деген атпен танымал болғанды. Оқушылар «Хафтиякты» аяқтаған соң Құранды

³⁶⁰ Климович Л.И. Ислам в царской России. – М.: «Безбожник», 1936. – С. 222.

³⁶¹ Остроумов Н. К истории мусульманского образовательного движения в России в XIX и XX столетиях. // Мир ислама. – 1913. – № 11. – С.27.

оқуға көшетін. Құранды аяқтаған соң балалар мұсылмандық шарифат негіздерін оқуға кірісетін³⁶².

Пішпектегі үлкен өзбек мешіті жанындағы мектепте – «Иман шарт», «Хафтияк», «Құран», «Чар – Китеб», «Суфи – Аллаяр» деген пәндер оқытылған. «Чар – Китеб» пәні бойынша мұсылмандық әдет - ғұрып, ал «Суфи – Аллаяр» бойынша пайғамбарлардың ғұжырлары оқытылатын. Сондай-ақ осы аты аталған мектепте Бедил, Фазули, Навои секілді түрік әлеміне әйгілі ақындар шығармалары да оқытылатын болған³⁶³. Мұсылмандық мектептерде жазуға оқушылар оқуды белгілі дәрежеде меңгергеннен кейін барып кірісетін. Есептеу болса (арифметика) көп жағдайда екінші кезекке қойылатын. Негізінен арифметикаға көп көңіл бөлінбеді. Мектептерде төрт таңбалы сандарға дейінгі қосу, алу ережелері оқытылды.

Лепсі уезі бастығының 1887 жылғы Жетісу облыстық әскери губернаторына жолдаған қатынас хатында мұсылмандық оқу орындарда оқытылып жатқан пәндер жайлы былай делінген: «мұсылмандық түземдік мектептерде белгілі бір жүйе бойынша жасалынған нақты оқу бағдарламасы жоқ. Оқу діни мазмұндағы кітаптар бойынша жүргізіледі. Оқушылар бастапқыда намаз оқуды және діни ғұрыптар рәсімін меңгереді, кейіннен жазуға, Құранды оқуға көшеді. Жалпы білім беретін пәндер сирек оқытылады. Оның өзі қарапайым арифметикалық амалдарды орындаумен және геометриялық фигуралардың ауданын өлшеумен шектеледі. Сондай-ақ тарих пен жағрафия бойынша да шамалырақ мәліметтер беріледі. Тарихтан мұсылмандардың жойқын соғыстарда кәпірлерді жеңгендігі баса айтылса, жағрафиядан мұсылман елдерінің орналасқан жерлері жайлы мәліметтер беріледі»³⁶⁴, – делінген. Міне, бұл мәліметтен мұсылмандық мектептерде шамалы болса да дүниауи білім негіздері оқытылғанын аңғаруға болады.

Патша әкімшілігі, әсіресе облыстың әскери губернаторы мен халық училищелерінің инспекторлары, сондай-ақ округтің оқу ісін тексерушісі мұсылман мектептерін жіті қадағалап отырды. Олар Исламға қарсы іс-әрекеттің және мұсылмандыққа қарсы орыстық насихаттың ең тамаша көрінісі қазақтар арасына орыс оқуын тарату әрі орыс-қазақ («орыс-түзем») мектептерін көбірек ашу деп есептеді. Бірақ облыстық әкімшілік мұсылмандар мектептерінде орыс кластарын ашу ертерек деп тапты. Оның себебі Ы.Алтынсарин сөзімен айтқанда: «Қазақтар арасында

³⁶² Коблов Я.Д. Конфессиональные школы казанских татар. Казань. – С.44.

³⁶³ ҚР ОМА. 90 қ. 1 т. 494 іс. 84-86 пп.

³⁶⁴ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 4684 іс. 59-60 п.

түсінбеушілік пен күдіктену болмау үшін әрі мұсылмандық оқу орындарына жіберілетін қазақ оқытушыларының болмауынан» еді³⁶⁵.

Отырықшы тұрмыс кешкен мұсылман тұрғындары арасында білім беру мешіттер жанында ашылған мектептерде жүзеге асырылды. 1886 жылы Жетісу облысында тұрақты түрде қызмет ететін 144 мектеп болған. Оларда 3340 ұл және 1504 қыз бала оқыған. Верный мен Қапалда татарлардың бес мектебі болған. Бұл мектептерде 189 ұл және 139 қыз бала оқитын. 1886 жылғы мәлімет бойынша көшпелі қазақ-қырғыз болыстарында 4179 ұл, 491 қыз бала мұсылмандық білім алған³⁶⁶. Верный уезіндегі 24 қазақ болысындағы мұсылман мектептерінде 1329 ұл және 125 қыз бала, ал екі дүнген болысында 1185 ұл және 553 қыз бала оқыған³⁶⁷.

Шындығына келгенде мұсылман мектептері Верныйдағы және уезд орталықтарындағы бірнеше мектепті қоспағанда, көбі талапқа сай келмеді. Соған қарамастан мұсылман мектептерінде оқушылар саны орыс немесе орыс-түзем мектептері оқушылары санынан басым түсетінеді.

Жетісудағы қазақтар және өзге де мұсылман халықтар арасында мұсылмандық әсері мен ықпалын әлсірету үшін патша әкімшілігі түрлі айла-тәсілді қолданып бақты. Мысалы, жаңа мұсылман мектептерін орыс тілін жүргізбейінше ашуға тиым салумен қоймай, тіпті қызмет істеп тұрған мектептердің өзіне орыс тілін оқытпаса жабуға әрекеттенді.

1885 жылғы Дала генерал-губернаторы мешіттер жанындағы мұсылман мектептері орыс тілін оқытпайтын болса жабылсын деген нұсқауына сәйкес³⁶⁸ жұмыс істеп тұрған мектептерге бірте-бірте, яғни «орыс тілін меңгерген, орыс оқу орнын тәмәмдаған мұсылман мұғалімнің табылуына қарай» орыс тіліненгізуді ұсынды. Генерал-губернатордың пікірінше, мұндай мұғалімдер қазақ балаларының ата-аналары үшін арзанға түсуі тиіс. Себебі «орысша білім алған қазақ балалары көбіне жұмыссыз қалады да, болмашы ақыға мешіт жанындағы мектептерде сабақ беруге келісуге мәжбүр болады». Жетісу облыстық әскери губернатор міндетін уақытша атқарушы генерал-губернатордың бұл бұйрығын алған соң Верный уезі бастығына

³⁶⁵ Алтынсарин И. Избранные произведения. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957. – С. 242.

³⁶⁶ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 952 іс. 3-4 п.

³⁶⁷ Сонда, 48226 іс. 7-8-п.

³⁶⁸ Сонда, 17-19 ш.

мұсылман мектептерінде сабақ беретін барлық молдаларды, сондай-ақ құрметті, сыйлы азаматтарды жинауды және оларға «мұсылман мектептеріне орыс тіліненгізуге деген басшылардың ұмтылысы жәй ғана мұсылман балалар орысша-қазақша оқып, жаза білсе, сөйтіп өзіне де, өзгеге де пайда әкелсе деген ізгі тілектен туындағанын» түсіндіруді тапсырды³⁶⁹.

1899 жылы 10 сәуірде облыстық әскери губернатор генерал-лейтенант Иванов өзінің уезд бастықтары мен Верный қаласы полицмейстріне берген нұсқауларында мұсылман мектептері мәселесін тек орыс тіліненгізуіне орай шешуді тапсырды. Сондай-ақ әскери губернатор мұсылман мектептерін демеуші барлық қоғамдарға «бұл істе ешбір шегіну болмайтындығын» қатаң ескертті. Дегенмен әскери губернатор қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептері, интернаттары мен пансиондары «нәтижелі болмай отырғандығын, орыс оқуы бұратаналар арасына өте нашар таралып жатқандығын» мойындады.

Генерал-губернатор мұндай «тежеуіш» мұсылман балалары арасында мұсылман оқу орындары мен молдалардың екпінді ықпалынан пайда болды деп есептеді. Одан әрі ол мұндай зиянды әсер ықпалы мұсылман мектептерінде бұдан бұрын да байқалғанын, сөйтіп, 1887 жылы әскери губернатор қазақ балаларының өзбек және татар мектептеріне қабылдануына тиым салынғандығын айтты. Бірақ әскери губернатор мұндай нұсқаудың нашар орындалғанын, молдалардың отырықшы елді мекендерде, тіпті кейінгі кезде көшпелі қазақтар арасына да барып, көптеп мұсылман мектептерін ашып жатқандығын баяндады. Сондай-ақ ол бұл әрекеттің үкімет мақсатына керікеліп, халыққа білім беру саласындағы керіағар құбылысқа айналғандығын баса көрсетті³⁷⁰.

Осы нұсқаудан кейін 1899 жылы 26 маусымда Лепсі уездік бастығы әскери губернаторға өзі басқарып отырған уезде мұсылман мектептері бар жерлерге орыс тіліненгізгенде ғана бұл оқу орындарына қызмет етуге рұқсат етіледі, ал бұл шарт орындалмаған жағдайда дереу жабылады деп хабарлағандығын мәлімдеді³⁷¹.

Әскери губернатордың жоғарыдағы нұсқауларына жауап хаттар басқа да уезд бастықтарынан түсе бастады. Мысалы, 1899 жылы 10 шілдеде Верный уездік бастығы болыстық басқарушылар мәлімдемелеріне сәйкес былайша хабарлады: «Барлық қазақ

³⁶⁹ ҚР ОМА. 44 к. 1 т. 952 іс. 4 п.

³⁷⁰ Сонда, 952 іс. 2 п.

³⁷¹ Сонда, 952-іс. 29 п.

болыстарында сауаттылыққа баулу бүгін мұнда, ертең анда жүретін қаңғыбас білімдарлар арқылы жүргізілуде. Осындай жағдайда белгілі дәрежеде сауаттылыққа жету мүмкін емес, мұсылманша білім алған қазақтар өте аз»³⁷².

Болыстық басқарушылардың көбі өздері басқарып отырған жерлерде тұрақты мұсылман мектебі жоқ екендігін айтқан. Олардың көбі қыркүйектің басында ашылып, наурызда жабылған, уақытша қызмет еткен бұл мектептер көбіне қысқа айларда ғана білім берумен айналысқан. Бұл мектептерде оқу жоспары мен оқу бағдарламасы, сабақтар кестесі болмаған. Тіпті білім алу ұзақтығы да айқындалмаған. Әдетте, әр ауылда бірнеше мектептер болып, 5-тен 15-ке дейін бала оқытқан. Кей уақытта сауатты қазақтар өз балаларымен қоса ағайын туыстарының балаларын жинап, тегін оқытатын болған. Ал молда-мұғалім болса балалардың ата-аналарынан оқытқаны үшін еңбек ақысына мал, киім-кешек, азық-түліктүрінде алған. Басқа жерден келген молда мектепті ашқан жылы адамның есебінен тамақтанған. Ақшалай жалақы алу өте сирек болған. Мысалы, Малыбай болысының мұсылман мектебінде оқу үшін әр балаға аптасына 3–тен 10 тиынға дейін төленген. Бұдан өзге әрбір оқушы аптасына бір рет өз оқытушысына сый-сияпаткөрсетіп тұрды. Мұндай сый-сияпат түрі «жұмалық» деп аталатын. «Жұмалықтың» мөлшері оқушы ата-анасының әл ауқатына байланысты болатын³⁷³.

Көшпелі мектептердегі оқушылардың санын көп жағдайда оқу инспекторлары анықтай алмады. Оның себебі, біріншіден мектепте оқитын шәкірттер жөнінде тіркеу кітапшалары болмайтын, екіншіден, көшпелі тұрмыс жағдайында мектеп оқушыларының саны бірде көбейіп, бірде азайып өзгеріп тұратын. Оның үстіне молда-мұғалімдер белгілі бір міндеткерлік алған ережеге сүйенбейтін³⁷⁴.

Жетісу өңірінде әкімшілік орындарының араласуымен кейбір мұсылман мектептеріне орыс тілі пәні енгізілді. Мәселен, Пржевальск уезі бастығының 1899 жылғы 25 шілдеде берген мәлімдемесінде: «Пржевальск қаласындағы екі өзбек мектебінде орыс тілі пәні енгізілді. Ал Маринск болысының дүнгендері балаларын чиновник Трусков дәріс

³⁷² ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 952 іс. 30 п.

³⁷³ Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР. 1950. – С.22.

³⁷⁴ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 2472 іс. 160 п.

беретін орыс мектебіне оқуға жіберетін болып міндеттелді»³⁷⁵, – деп көрсетілген.

Көптеген мұсылмандық оқу орындары орыс тілімұғалімін қызметке алдық деп ресми түрде қағаз жүзінде есеп бергенімен, шын мәнінде арнайы орыс тілінің мұғалімін ұстамаған. Пржевальск уезіндегі татар мектебі орыс тілі пәнін оқытпағаны үшін 1899 жылы әкімшілік тарапынан жабылып қалған. Артынша мектеп басшылары әкімшілік қойған шартты орындаймыз деп кұрғақ уәде беріп, мектепті қайта ашқан.

Жетісу облысында халық училищелері инспекторлары мұсылмандық оқу орындарында орыс тілі пәнінің оқытылуы жолында аса белсенділік танытып қалуға тырысты. Олар мектептерге жиі келіп, халықты ығыр етті. Сондықтан да жергілікті халық тарапынан оқу инспекторларының үстінен жазылған шағым хаттар орталық үкімет орындарына, тіпті Халық ағарту министрі атына көптеп түсіп жатты. Сондай хаттардың бірінде: «Біздің жұртқа халық училищелерінің инспекторлары тіптен таныс емес, бөтен адамдар. Халық училищелері инспекторларының арасында миссионерлік қоғамдардың мүшелері де бар болғандықтан мұсылмандар оларға өз діндеріне қол сұғушылар деп қарайды. Сондықтан халық училищелерінің инспекторлары мұсылмандар арасында ешқандай беделге ие емес. Мұндай адамдар мұсылмандық қоғамдарға әсер етіп, олардың қаржыларына ашылған мектептерге орыс тілін енгізуге ықпал етеді дей алмаймыз. Жаңа мектеп-медреселерді орыс тілін оқытпаса ашуға тиым салу мұсылмандарға ауыр тиюде, тіпті бұл орындалмайтын шарт. Ал бұрыннан келе жатқан мұсылман мектептерінде орыс тілін оқытуды халық училищелері инспекторларының талап етуін халық балаларға ана тілі мен дінінегіздерді үйретуге үкіметтің әдейі жасап отырған әрекетіретінде қабылдауда. Халық училищелері инспекторларына мектеп медреселердегі оқу құралдарын тексеріп тұру, сөйтіп шетелдік басылымдардың оқытылуына тиым салу тапсырылған. Жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен жете таныс емес, шығыс тілдерін меңгермеген және ислам негіздерін білмейтін инспекторлар мұндай істі атқара алмайды, керісінше оны ушықтыра түседі. Бұл іске ол ақшылдықпен қарау халық арасында ашу туғызып, инспекторларды жек көрушілікті қалыптастырып отыр. Оқытылуға тиым салынған басылымдарда діни мәселелерден басқа ештеңе айтылмайды. Оларда саяси мәселелер қозғалмайды. Мұны оқу инспекторлары түсіне бермейді.

³⁷⁵ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 2472 іс. 160 п.

Шетелдік басылымдарға ешқандай негізсіз, беталды тиым салу өзімізге қажетті арзан кітаптарды алуымызға көп кедергі келтіруде. Бұрындары ең жақсы басылымдар Үндістаннан, Хадистердің толық жинақтар Египеттен алынып тұратын, қазіргі жағдайда мұндай мүмкіндіктен де айырылып отырмыз.

Мұсылмандардың тұрмыс-тіршілігімен таныс емес кейбір халық училищелерінің инспекторлары мектептерді тексеру барысында соңғы кездері санитарлық-гигиеналық жағдайды сылтау етіп оларды жаптыру жолына түсті. Қаражаттың тапшылығы көп жағдайда мектептердегі санитарлық-гигиеналық талаптарды бірден қолға алуға мүмкіндік бермеуде. Бірақ мұндай жағдай уақыт өте қолға алынатынын инспекторлар ескермеуде. Сондықтан халық училищелері инспекторларына халық сенімсіздік танытып, оларға дұшпандық көзбен қарауда. Мұсылмандық оқу орындарға орнатылған бақылаулар және онда жүргізілетін тексерулер жүйесі мұсылмандарға деген сенімсіз қате пікірден туындаған. Осындай қалыпта болашақта мұсылмандық оқу орындарының дамуына мүмкіндік жоқ. Сондықтан үкімет орындары қол астындағы мұсылмандардың оқу орындарына сеніммен қараса дейміз», – деп көрсетілді.

Орталық өкімет орындары мұндай шағымдар бойынша белгілібір шара қолдануға асықпады. Бірақ Жетісу облысында орыс тілін оқу бағдарламасына енгізбеген мұсылмандық оқу орындарын жабу халық наразылығын туғызып, толқуларға алып келуі мүмкін деп сезіктенген Түркістан генерал-губернаторы Жетісу әскери-губернаторына арнайы хат жолдап, орыс тіліненгізудің жаңа жолдарын қарастыруды ұсынды. Генерал - губернатор өз хатында: «Бұған қоса айтарым орыс тілінүйретудің жария жолдарын пайдалану керектігін баса ескертемін. Үкіметтік орыс-түзем мектептері және ересек бұратаналарға арналған кешкі курстар бар, солардың қызметіне көңіл бөлу керек»³⁷⁶, – деп жазды. Алайда бұл бағытта іс жүзінде ешқандай шара қолданылмады. Жетісу облысында орыс-түзем мектептері кең қанат жайып кете алмады. Сондықтан жергілікті мұсылмандар өз балаларын мұсылмандық мектептерге беріп оқытуды жалғастыра берді.

Патша өкіметінің Түркістан өлкесіндегі билік орындары XIX ғасырдың соңына қарай мұсылмандық оқу орындар мен мекемелер жайлы толық мәлімет жинап, оның жергілікті халықтарға тигізіп

³⁷⁶ ҚР ОМА. 44 қ. 1 т. 341 іс. 71-72 п.

отырған ықпалымен жете танысуды қолға алды. Үкіметтің мұндай қадамға баруына негізінен 1898 жылғы Әндіжан көтерілісі әсер еткен еді. Әндіжан көтерілісін басып, жаншыған соң патша өкіметі арнайы комиссия құрып, көтерілістің себептерін анықтай бастады. Бұл істе жаңадан тағайындалған Түркістан генерал-губернаторы Духовский аса белсенділік танытты. Ол жөнінде кезінде Мұстафа Шоқай былай деп жазды: «Генерал Духовский 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен кейін бүкіл Әндіжандағы ғұлама, дін басыларды мешітке жинап, өзінің аяғына жығып, тағзым етуге мәжбүрлеген. Аса қадірменді ғұламалардың біразының сәждеге қойған басын желкесінен басып өткен де осы Духовский»³⁷⁷.

Осылайша Қазақстанды патшалық Ресейдің отарлауы тек әлеуметтік-экономикалық сипатты иеленіп қана қоймай, сонымен бірге жергілікті тұрғындардың рухани өмірінде де өзіндіккізін қалдырды. Патша өкіметі шеткері аймақтарға орыс халқының мүддесін көздейтін халық-ағарту жүйесін енгізді. Қазақ даласында орыс мектептерін ұйымдастыруға құлшына араласқандар, ең алдымен, әрине патша өкіметінің ағарту істері саласында қызмет істейтін ірі шенеуніктері, жергілікті басқару орындары қызметкерлері және православие шіркеуінің миссионерлері болды. Олар қазақтың сауатын ашып, білімі мен мәдениетін көтеруден гөрі, орыс мектебі арқылы христиан дінін қабылдатып, шоқындырып, орыстандыруға ерекше мүдделі болды. Сондықтан да патша әкімшілігі жергілікті халық балаларының орыс мектептерінде оқуы империяның тұтастығын қамтамасыз етіп, олардың орыстық рухта тәрбиеленуіне кең жол ашады деп түсінді.

Ресей империясының шеткері отар аймағы болған Түркістан өлкесінде, соның ішінде Жетісу өңірінде алғашқы орыс мектептері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап казактар қоныстанған станицалар мен орыс поселкелерінде ашылды. Бастапқы кезеңде орыс жұртшылығына арналған оқу орындары бастауыш білім беретін станицалық және поселкелік мектептер түрінде, сондай-ақ приход училищелері ретінде бой көтерді.

Орыс-түзем мектептеріне патша өкіметі үлкен сеніммен қарап, оны мұсылмандық оқу орындарға қарсы тұратын білім беру ошағы ретінде есептеді. Жергілікті әкімшілік орындары ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуға ұмтылған мұсылмандық мектеп-медреселерді күнделікті

³⁷⁷ Шоқай М. Түркістанның қилы тарихы. – Алматы: Жалын, 1992. – 120-121-б.

өмірден «орыс-түзем» мектептерін ашу арқылы ығыстырып шығаруды көздеді. Осылайша орыс-түзем мектептері дәстүрлі мұсылмандық оқу жүйесіне соққы беріп, оның дамуын тежейтін мекемеге айналуы тиіс болды.

2.3. ОТАРЛЫҚ ӘКІМШІЛІКТІҢ МҰСЫЛМАН ДІНДАРЛАРЫ ПОЗИЦИЯСЫНЫҢ КҮШЕЮІНЕ ҚАРСЫЛЫҒЫ

Қазақ қауымдары ерте заманнан мұсылман дінін ұстанды. Көшпелі өмір кешкенімен халық арасындағы ислам дінінің орны мен ықпалы айтарлықтай еді. Мұның үстіне XVIII ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қазақ жұрты Түркістан, Ташкент, Бұқара және басқа да оңтүстік өңірлерде және оларға жақын қоныстанып, діни орталықтардан алыстаған жоқ болатын. Кейіннен орасан-зор далалық аумақтарда көшіп-қонып, елдің үлкен бөлігі ірі орталықтардан ұзаған шақта да діннің ықпалы әсіре төмендей қойған жоқ; дала төсінде мұсылманшылықтың барлық шарттары әрдайым орындала қоймаса да әрбір қазақ өзін әлбетте кәміл мұсылманмын деп есептейтін. Қазақ арасында тарихи орныққан дәстүрлерге сай мұсылман дінінің сопылық ілімі (суфизм) кеңінен тарады (Мамандардың пікірінше, Абай мен Ыбырайдың еңбектері олардың имам Матуриди мектебін ұстанғандықтарын көрсеткен, сопылық та осы ілімге негізделген болатын).

Халықтың ертедегі білім алу жолдары да тек діни мұсылмандық бағытта өрбіп, сауаттылық деңгейі де діни білім шеңберімен анықталды. Алдыңғы ғасырларда қазақтың қыстау мекендері де оңтүстік аумақтардағы ірі діни орталықтарда және оларға жақын орналасқан тұста, діннің таралуына бұл жағдай да үлкен әсер етті. Қазақ даласындағы алғашқы білім ошақтары бастауыш мұсылман мектептері мен медреселер болып табылды. Бастапқы діни сауаттарын осындай ауылдық мектептер мен медреселерден ашқан көптеген шәкірттер өз білімдерін Хиуа, Бұқара немесе Орынбор, Уфа, Қазан, Троицк сияқты шаһарлардағы медреселер мен ірі діни оқу орындарында жалғастырды. Толыққанды діни білім алған шәкірттердің дені өз ауыл-аймақтарына оралып, қауымның көмегімен мешіттер мен мектептер ашып, өз шәкірттерін тәрбиеледі. Ғасырлар бойы жалғасқан осы дәстүр XIX ғ. екінші жартысына дейін еш өзгеріссіз жеткен еді. Жалпы дін мәселесінде қазақтар 1869 ж. дейін Орынбор мұсылман

діни басқармасына (жиналысына) қаратылған болатын³⁷⁸. Уақытша Ережеге сай 1869 ж. бастап олардың діни істерін меңгеру ісі басқарма қарамағынан алынып тікелей Ішкі істер министрлігіне берілді.

XIX ғасырдан бастап шет өңірлерді отарлау ісін жедел қарқынмен жүргізе бастаған Ресей империясының әлеуметтік-саяси шаралары жергілікті жерлерде ғасырлар бойы қалыптасқан діни ахуалға да үлкен өзгерістер әкеле бастады. Аталған ғасырдың 20-жылдарынан бастап Ресей империясының қазақ даласындағы, әсіресе оның батыс және солтүстік пен шығыс өңірлеріндегі отарлау саясаты күшейе түсті. Кіші және Орта жүзде хандық билік жойылды, басқару жүйесі түбегейлі өзгертіліп, батыс және солтүстік-батыс өңірлер бөліктер мен дистанцияларға бөлінсе, солтүстік, орталық және шығыс аймақтарда сыртқы округтік приказдар (дуандар) мен болыстар жасақталды. Патша үкіметі қазақ даласын отарлауға бел шеше кірісті. Алдынала жоспарланған бұл ғаламат науқанда қазақ даласындағы білім беру ісі, дәлірек айтқанда оны түбегейлі өзгерту мәселесі үлкен маңызға ие болды. Қазақ сахарасын жемісті игеріп, дала халықтарын бірте-бірте орыстандыру үшін бүкіл далалық өлкелерде бұрынғы мұсылман мектептеріне қарама-қарсы орыс мектептерін ашу қажет еді. Патша шенеуніктерінің пікірінше, мұсылмандық мектептер шәкірттерге орыс саясатына қарсы діни фанатизм идеяларын таратумен айналысты. Сол себепті, патша үкіметінің алдында мұсылман мектептерін бақылауға алып, олардың ықпалын әлсіретіп, кейіннен бірте-бірте жабу арқылы орыс мектептерін көптеп ашу міндеті тұрды. Орыс мектептері орыстық-еуропалық білім беруде оң тұстары көп болса да, бұл жерде онымен қатар қазақ қауымдарына орыс ықпалын сіңіретін бірден-бір құрал ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, орыс мектептері жергілікті халық арасынан тіл білетін мамандар даярлап, оларды өлкені басқару ісіне пайдалану үшін, қысқасы өз арасынан отарлық үкіметтің шенеуніктерін даярлау үшін де аса қажет еді.

XIX ғ. ортасына таман Ресейдің отарлау саясаты одан әрі айқындала түсті. 1844 ж. Орынбор қазақтарын басқару туралы Ереже қабылданды. Бұл Ережеде Кіші жүз (Жайық сырты) қазақтарының балаларына арналған мектептер жасақтау туралы да бап бар болатын. 1844 ж. 14 маусымда қазақ балаларының мектебі жөнінде ереже бекітілді. Оның 22-тараушасында мектептер ашу туралы көрсетілді.

³⁷⁸ Орынбор мұсылман діни басқармасы 1788 ж. құрылған (орталығы Уфа қ.). Алғашқы муфтиі (төрағасы) ахун Мұхамеджан Хусейнов (1788-1824).

1844 ж. 15 қарашасында Орынбор Шекара Комиссиясы жанынан қазақ балаларына арналған мектептің жасақталатындығы туралы өкімхатты (циркулярлық) хабарландырулар таратылады. Қазақ даласында орыс тілінде білім беретін ең алғашқы білім ордасы оның ең батыс түкпірінде – Ішкі (Бөкей) Ордада 1841 ж. Жәңгір хан ашқан мектеп болып табылатын. Орынборда ашылуы тиіс мектеп Жайық сырты қазақтарына арналған орыс тілінде, яғни бастапқы еуропалық білім беретін алғашқы оқу орны болып табылуы тиіс еді. Шекара Комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған бұл мектеп 1850 ж. 22 тамызда ашылды. Орыс мектебінің ашылатыны туралы хабар бастапқыда ел ішінде біраз дүрбелеңдер, қарсылықтар туғызғанын айтып өту керек. Ерте заманнан балаларын тек мұсылмандық мектептерде оқытып келген халық мұндай жаңа шараға үлкен күмәнмен қараған болатын. Ол кезде қазақ даласы Жоламан, Кенесары бастаған көтерілістер салдарынан әлі де толық айықпаған еді. Мектептің ашылуына қарсылықтар Орынбор әкімшілігінің жергілікті аға сұлтандар мен дистанциялар басшыларын салу арқылы жүргізген түсіндірме жұмыстарынан соң ғана тынышталады³⁷⁹. Әділін айтқанда, орыс мектебі саналғанымен Шекара Комиссиясы жанындағы мектеп әсіресе бастапқы жылдары қазақ ұлттық және мұсылман-татар үлгісінде жасақталған болатын.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс мектептері көптеп ашылып, мұсылмандық білім беру жолдары бақылауға алынды. 1868 ж. Уақытша Ереже бойынша әрбір уезд орталығынан орыстарға да, қазақтарға да ортақ мектептер ашу, оларға арнайы қаржылар бөлу қарастырылған болатын. Қазақ балаларына орыс елді-мекендерінде орналасқан мектептерде келісім арқылы оқуға рұқсат етілді. Қазақ даласын орыс мәдениетіне тезірек баулитын әрі отарлауды жеңілдететін әртүрлі санаттағы мектептер ашу ісі XIX ғ. 80-90 жж. одан әрі өрістей түсті. Батыс Қазақстанда да орыс мектептерінің саны жыл сайын ұлғая берді. 1886 ж. Торғай облысында 222 оқушысы бар барлығы 6 орыс-қазақ мектебі болса, 1896 ж. 1 қаңтарына қарай облыс көлемінде 2137 оқушысы бар 65 мектеп жұмыс істеді³⁸⁰. Бұл 10 жылда мектептер санының 11 есе, шәкірттер санының 10 есеге жуық көбейгенін көрсететін.

³⁷⁹ ҚР ОМА.4 қ. 1 т. 3408 іс. 19-20 пп.

³⁸⁰ ҚР ОМА. 25 қ. 1 т. 1613 іс. 1-2 пп.

1859 ж. жазында Батыс Қазақстан далаларын аралаған Орынбор және Самара генерал-губернаторы А.А. Катенин өзінің осы іссапары жайлы Ресей Ішкі істер министріне жолдаған ұсынысында қазақтардың көшпелі тұрмыстарына қарамастан бұл халықтың оқу-білімге ынталы екенін көрсете отырып, олардың кейбірінің өз балаларын оқуға Бұқараға, Орынбор шебі бойындағы мұсылман мектептеріне жіберетіндерін, ауқатты адамдардың үйлерінде молда ұстайтындықтарын айтқан. Генерал-губернатор одан әрі мұндай мектептердің «әлі де болса діни фанатизм ауруына шалдыға қоймаған» қазақтар үшін «саяси және адами мағынада қаншалықты зиянды екені жайлы айтпаса да түсінікті екенін», олардағы білімнің барлығы мұсылмандық заңдарды зерттеуге ғана тірелетіндігін, ал «мұсылман өз дінінің ілімімен неғұрлым көбірек танысса, онда бүкіл мұсылман еместің бәріненжеритін әрі жек көретін тоғышар фанатизм соғұрлым күштірек дамидынын» көрсеткен. Мұндай құбылыстың «кез келген азаматтық табысқа кедергі болатынын» (өлкені отарлау ісін айтып отыр) және «христиандық басқару қол астындағы халықтар үшін қауіпті» екенін айрықша атап өткен. Өлке басшысы ұсынысында мұсылман мектептері мен молдалардан алынатын білімнің «әлі де болса діни фанатизм ауруына шалдыға қоймаған қазақтарға зиянды ықпалына» қарсы тұру үшін әрі «қазақ даласында орыс ықпалын тарату үшін» онда патша үкіметі тарапынан мектептер ашу қажеттігін, бұлардан қазақ балалары «зиянды қоспаларсыз» өз тілдерінде және орысша да сауат алып шыға алатынын көрсеткен³⁸¹.

Қазақтар үшін бастауыш орыс-қазақ мектептерін ашуда оларды жазу ісінде қалыптасып кеткен татар (түркі) тілінде сауаттандыру және әліпби хақында да мәселелер туындады. Осы сауалдар төңірегінде қызу пікірталастар да өрбіген. Мысалы, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек 1869 ж. арнаған есебінде болашақ қазақ мұғалімдері татарша сауатты болуы міндетті деген пікірді ұстанса, Қазан оқу округінің қамқоршысы (менгерушісі) П.Д. Шестаков ол ұсынған мектептер ашу ісін қолдай отырып бірақ қазақтар арасына татар-башқұрт ықпалының таралуына қарсы шықты. Оқу округінің басшысы қазақтарды «татарландыруды» тоқтатып, оларды орыс тіліне өздерінің ана тілдері – қазақ тілі арқылы, ешқандай да араб қарпінде емес орыс әліпбиінде басылған қазақ тіліндегі оқулықтар арқылы оқытуды ұсынған. Оның пікірінше, татар-башқұрт молдалары онсыз да әртүрлі саудагерлер мен қызметкерлер кейпінде қазақтар арасына еніп

³⁸¹ ҚР ОМА. 4 қ. 1 т. 3820 іс. 2-5 пп.

олардың балаларын «орыс ісіне» зиянды ілімдерге үйретуде болған. Губернатордың мектептер ашу ісі бойынша пікірлерін Қазан оқу округіне жолдап, мәліметтер сұратқан Халыққа білім беру министрлігі болатын. Министрлік осы мәселе бойынша құпия кеңесші граф Толстойдың пікірін сұрағанда ол Қазан оқу округінің басшысының ұстанымын толықтай қолдаған. 1871 ж. мамырдың басында Ішкі істер министрлігінің қазақтарды басқару жөніндегі бөлімі осылар жайында Орынбор генерал-губернаторын құлағдар еткен³⁸². П.Д. Шестаков 1869 ж. халықтық училищелер инспекциясын жасақтау ісімен көзге түскен болатын.

Баллюзек болса өз есебінде діни фанатизмнің қауіптерін көрсетіп өткенін, бірақ оның татар тілі мен арабша әліпбиге негізделген жазуға қарап қалмағанын келтіреді. Ол көптеген орыс оқу орындарында олардың ұлттарына жат болып келетін жазулар мен тілдер, соның ішінде шығыс тілдері де оқытылатынын атайды. Француз, неміс жазуын игерген орыс адамының сол ұлттарға айналмайтыны сияқты, орыс тілімен қатар жүргізілетін араб қарпіндегі оқу мен жазу да қазақты татарға айналдырып жібермейді деп есептейді. Себебі сауаттылық пен жазу өзінен-өзі ақыл-ой мен санаға әсер етпейді. Ауыл-ауылда жасырын жүрген молдалар да балаларды татар жазуы мен әліппесіне үйрету үшін ғана жүрген жоқ. Оның ойынша, халық арасынан татар (түркі) сауатын бірден қудалауға асықпай, «орыс ісіне жат» ұлттар өкілдерінің қазақ балаларына «жойқын» ықпалын әлсірету және жою қажет. Себебі татар (түркі) жазуы қазақ ордасына орыс бодандығынан әлдеқайда ерте уақыттарда тараған, далалық аймақта көрші елдермен барлық жазбаша қарым-қатынастар ертеден осы жазумен жүргізілген, осы себепті, балаларына білім беруге ниеттенген қазақтар міндетті түрде олардың тек орыс сауатымен ғана шектелмей дәстүрлі жазуды да игергенін қалайды³⁸³. Жалпы өзінің Қазан оқу округі меңгерушісінің пікірлеріне қарсы жазған көлемді бірнеше беттік уәжінің соңында губернатор Баллюзек қазақтарды орыс әліпбиінде басылған қазақша оқулықтармен оқытуға да ешқандай қарсылығы жоқ екенін атап өткен. Керісінше, Ильминский ұсынған бұл әдістің де пайдалы екенін айтып, бірақ оның халық арасына қолданысқа әбден еніп кетуі үшін әлі біраз уақыттар қажет болатынын еске салады. Ал татар (түркі) әліпбиі болса дала төсінде баяғыда игеріліп қойған. Оны халықтың санасынан бірден

³⁸² ОрОМА. 6 қ. 10 т. 8334 іс. 1-3 пп.

³⁸³ Сонда, 6-7 пп.

өшіріп шығару оңай емес әрі ол бастапқы уақытта «орыс ісі» үшін пайдалы танымдар мен түсініктерді сахараға таратушы құрал бола алады.

Аталған мәселе жөнінде Орал облысының губернаторы Н.А. Верекиннің де пікірі сұралған. Ол да осы сауал жайында бірнеше беттік пікірін білдірген. Оның тоқ етері, орыс әліпбиінде оқулықтар басуды өзінің де ұсынғанын айтумен қатар ол Торғай губернаторының мұғалімдердің татарша сауатты болуын қалаған көзқарасын да толықтай қолдайтынын білдіреді. Өйткені қазақтар «исламизм рухына» әлдеқашан еніп кеткен, өз тілдеріне араб қаріптерін бейімдеп алған, Ресейдегі барлық мұсылмандық кітаптар осы әліпбимен шықса, Құран тіпті таза араб тілінде басылады. Осы себептен қазақтар да балаларының аталған кітаптарды оқи алуы үшін ұстаздың татарша білгенін қадірлейді. Егер мектептерден мұсылман дінін оқытуды мүлдем алып тастаса, онда қазақтар балаларын оқуға бермей қояды. Сондықтан қазақтарды орыс мектептеріне тарту үшін мұғалімдердің татарша білгені қажет. Алайда осы тілмен қаруланған ұстаздар шәкірттердің санасына «адами дұрыс ұғымдарды» сіңірулері тиіс. Жалпы қазақтар арасында білім берудің жаңа жүйесі жасалып орныққанға дейін қалыптасқан әдістемеде ешқандай шұғыл өзгеріс жасаудың қажеті жоқ. Верекиннің ойынша, егер балалар ескіше жазулары арқылы да қосымша орысша оқи алатын, жазып, түсінісе алатын деңгейге жетсе, әзірге осының өзі де жеткілікті. Сонымен бірге, орысша сауаттылықты таратудың маңызды қадамдарының бірі ретінде бүкіл қызметтегі адамдар (болыстар мен билерді айтуда) мен молдалардың осы тілді білуін міндетті етуді атайды. Бірақ мектептердің әлі де ондай көлемде адамдар даярлап шығара алмайтынын ескеріп, бұл қадамды заңдастыру әзірге ертерек екенін мойындайды. Орал губернаторы қазақтар арасында орыс білімін тарату немесе басқа сөзбен айтқанда оларды «орыстандыру» үшін «айтарлықтай» қаржы көздері қажет екенін ескертеді. «...Егер үкімет шынымен қазақ жұртын орыс халқымен жақындастыруды, көршілес ортаазиялық халықтардың зиянды әсерінен ажыратып, оларға дұрыс жалпы адами ұғымдарды сіңіруді қаласа», – дейді ол, – «Онда осы биік әрі игілікті мақсатқа қол жеткізу үшін көптеген құрбандықтарға бару қажет болады, олар болашақта жартылай жабайы күйде ұлан-ғайыр далаларда кезіп жүрген көшпелілер бізге бас иіп бағынушы, елдің табиғи байлығын жетілдіре дамыта алатын пайдалы да алғыр азаматтарға әрі орыс өркениетін

шектес азиаттық елдерге алдыңғы апарушыларға айналған кезде еш күмәнсіз молынан артығымен қайтады»³⁸⁴.

Қос губернатордың пікірлерімен таныса келе, Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский Ішкі істер министріне 1872 ж. шілдеде жолдаған жауабында қазақтарға білім беру ісінде басқа азиаттық халықтардың ықпалына тосқауыл қою, орыстармен тезірек жақындастыру үшін өз ұлттық тілдерін қолданып, білім беру дұрысырақ болып табылса да бұл жерде сақтық таныту қажеттігі туралы жазды. Түбі орыс әліпбиін де қазақ тілінде жазуға икемдей отырып оқулықтар мен басқа да кітаптар құрастыру қажеттігін көрсете келе, өлке басшысы Қазан оқу округі ұсынған жобаны сол тұстағы қалыптасқан жағдайлар өзгерген кездерде ғана қабылдана алатынын мәлімдейді. Оның жазуынша, өйтпеген жағдайда күрес туып кетуі мүмкін, олай болса үкіметке бұрынғы тәртіптерді ұстанушыларды жеңу қиын болмақ. Ал бұл күресте жеңіске жету, жаңа тәртіптерге «елеусіз әрі сездірмей» өту үшін қазақ мұғалімдеріне татар сауатын білулеріне жол беру қажет. Онсыз олар жұрт алдында бүкіл құрметінен айырылады әрі оқу ісіне де сенім жоғалмақ. Татарша (түркіше) сауатты білу зиян еместігі былай тұрсын, керісінше қазақтарды «өркениетке баулу» ісінде күмәнсіз пайда әкелмек, себебі ол «ордалықтар арасына оларды орыс халқымен және орыс үкіметімен жақындастыруға апаратын құрал қызметін атқаратын болады»³⁸⁵.

Белгілі орыс шығыстанушысы, миссионер Н.И. Ильминский де Орынбор өлкесінде басқа ұлттарға арналған мұғалімдер мектебі туралы генерал-губернаторға 1871 ж. 11 наурызда жіберген өзінің пікірінде қазақ даласында орыс ықпалының өте аздығы, татар ықпалының көп екендігі жайында атап өткен еді. Ол орыс ықпалын (білімін) «адамгершілікті (гуманистік), жалпы адами түсініктерге ие, кең пейілді-бейбіт, достық» сипатта деп көрсетіп, татар ықпалын – «фанатизмге толы, діни-дұшпандық» деп суреттеді³⁸⁶. Ильминский татар қоспасынсыз таза қазақ тілінде кітаптар шығаруды ұсынады. Ол татар тілінің үстемдігін, себебі қазақтардың өздері осы тілді құрметтеп, өз тілдерін кітаби емес ретінде қолданбайтындықтарын атаған. Дегенмен Ильминский қазақ тілінің көптеген тұстар бойынша татар тілімен салыстырғанда үздік, анығырақ деп бағалаған. Қазақ тілін татар қоспасынан қорғау үшін оған орыс дирекциясін енгізуді,

³⁸⁴ ОрОМА. 6-қор. 10-т. 8334-іс. 14-15 пп.

³⁸⁵ ОрОМА. 6-қор. 10-т. 8334-іс. 23-п.

³⁸⁶ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 2216-іс, 7-п.

сол арқылы «қазақ білімі мен дамуы мүддесінде өзі де сондай болып табылатын қазақ тілін жеке тіл етіп шығаруды» ұсынды. Миссионер ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан қазақтарда тіл мен халық тұрмысының бірдейлігі жөнінен жалғыз дерлік халық болып табылатынын атап өткен.

Келтірілген сан қилы көзқарастар мен тұжырымдардың бір парасының өзінен қанша пікірталастық байқалса да олардың барлығы тек бір мақсатқа – сахарадағы қазақ жұртын қалайша тезірек әрі оңтайлы орыстандыру мақсатына құрылғаны анық көрінеді. Дегенмен осындай жағдайлардан соң қазақ даласында ертеден таралған араб жазуы өз күшін сақтап қалды. Бұл жерде татар сауаты, татар тілі ретінде көрсетіліп отырған тіл – соңғы ортағасырлардан бастап ХХ ғ. басына дейін ресми құжаттар мен әдеби кітаптарда кеңінен қолданылған түркі тілі (жазуы) болатын. Ол сол замандардағы дәстүрмен жалпылама татар жазуы деп аталды әрі ХІХ ғасырда онда татар тілінің элементтері де басым болған еді. Сонымен бірге «татар» ұғымы жалпы «түрік» терминінің орнына жүрді, түркі тілдес халықтардың өздері «татар» немесе «түркі-татар» халықтары деп аталғаны да белгілі. Сөз болып отырған кезеңде бұл оқыту жүйесін қазақ даласына әкелушілердің айтарлықтай бөлігі татар ұлтының өкілдері болғандықтан үкімет орындары оларды бірыңғай татар ықпалы деп қабылдап, оларды тежеуге тырысты.

Патша үкіметі қазақ даласына орыс білімі мен мәдениетін тарату ісінде ең бастапқы білім табалдырығы саналатын ауылдық мектептер ашуға үлкен мән берді. Білім берудің ең төменгі сатысын құраса да мұндай мектептер ашу ісін билеуші үкімет жедел қолға алды. Жаңа Ережеден соң көп ұзамай, ХІХ ғ. 70-жж. басында зерттеушілердің бірі Ф. Лобысевич өзінің Торғай облысының құрылымына арнаған мақаласында қазақ даласы мемлекеттің аса бай кіріс көзі болып табылатынын, бұл үшін екі басты нәрсе – қазақтың тұрмысын жетілдіру және орыстандыру қажет деп белгілеген болатын. Бұл міндеттерді орындаудағы басты шарттардың бірі ретінде ол ауылдық және уездік мектептер ашудың қажеттілігін атаған. Лобысевич қазақтардың арасына тек орыс тілі мен орыс білімін тарату ғана «бұл халықтың ақыл-ой және өнегелік дамуын көтеруге көмектесе алады» деп көрсетті. Зерттеуші сонымен қатар қазақтар арасына орыс елді-мекендерін, жәрменкелер, әр қыстауда мешіттер ашуды да қажет санаған³⁸⁷.

³⁸⁷ Лобысевич Ф. Тургайская область и ее устройство // «Военный сборник». –

Біз көбірек сипаттап отырған Орынбор өлкесінде ғана емес, мұсылман дінінің өсіп-өркендеуіне тосқауылдар орыс шебінен алыс жатқан қазақтың басқа түпкі аумақтарында да жасалды. Мысалы, 1874 жылы тамыздың басында мұсылмандыққа қарсы миссионерлік жинақтарды шығару бойынша комиссия мүшесі, священник Е. Малов Жетісу православие бауырластығы кеңесіне осындай бес жинақтың жарық көргенін хабарлап, оның барлық шығарылымдарынан бірнеше данадан жаздырып, священниктерге бөліп беруді ұсынды. Осымен қатар ол мұндай жинақтардың оқырмандар тарапынан сұраныстың аз болуына әрі қазыналық есептен шығарылуына байланысты аз ғана данамен басылатынын, сол себепті тек қажетті деген жандарға берілу керектігін көрсеткен³⁸⁸.

Жергілікті қазақ қауымдарының бастапқыда орыс біліміне сезікпен қарап қарсы шыққандықтары белгілі. Алайда оған бірте-бірте бой үйретіп, тіпті қалалық жерде оқу орындарының ашылуын өздері қолдай бастаса да орыс мектептерінің енді тікелей өз ауыл-аймақтарынан ашылуына олар даяр болмаған сыңайлы. 1875 жылдың жаз айларында Орынбор генерал-губернаторы Крыжановский Торғай және Орал облыстарын аралаған сапарынан соң әрбір қазақ болыстығының орталығынан болыстық басқарма үшін болыстық ставка және олардың жанынан мектептер мен мешіттер жасақтауды ұсынған болатын. 1877 жылдың соңында әр уезде болыстық сиездер өткізіліп, оларда болыстық ставка мен оның жанынан мектептер салу жөнінде қаулылар шығаруға ұсыныстар берілді. Ауылдық жерлерде орыс мектептерін ашу туралы ұсыныстардың арты халық наразылықтарына ұласты.

Өте жұтаң мәліметтерге қарағанда, орыс мектептерін ашуға ең алғашқы қарсылықтар 1879 жылы Қобда болысында басталған. Жанама ақпараттарға сүйенсек, Қобдада орын алған наразылықтар нәтижесінде жергілікті халық өз болыстарында орыс мектебінің ашылмауына қол жеткізе алған. Қобда болысында болған осы оқиға бүкіл далаға тез тарап, нәтижесінде басқа болыстардағы мектеп ашу істеріне де кедергі жасаған. Осының салдарынан Орал уезінің Қобдаға шектес екі болыстығы – Жиренқопа және Қиыл-Ойыл болыстары мектеп ашу туралы алдында шығарылып қойылған шншімдерден

1871. № 4.

³⁸⁸ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост.: З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы: Литера-М, 2021. – С. 38.

бас тартып, жаңа қаулылар қабылдаған. Соңғыларында алдыңғы қаулыларды түсінбестікпен бергендіктерін, салынатын ставкалар мен мектептер олардың діндеріне қайшы келетіндерін және ата-бабалары сияқты өздерінің де бұрынғы тәртіпте өмір сүруді қалайтындықтарын жариялаған³⁸⁹. Әр уездегі болыстарда мектептер ашу ісі алдағы бірнеше жылға кезекке қойылған болатын, бір қызығы, қарсы қаулылар қабылданған тұста Жиренқопа және Қиыл-Ойыл болыстарына бұл кезек жетпеген де еді.

Орал облысының әскери губернаторы, генерал-майор Г.С. Голицын генерал-губернаторға жолдаған хатында мұндай қарсылықтың мұсылмандық діни өкілдерінің үгіттерінің салдары екендігіне назар аударған. Ол қазан татарларының да ел ішін аралап, орыс үкіметінің мұсылман дініне қарсы қысымдарын күшейтіп жатқандығы жайлы әңгімелерді таратумен айналысып жатқандығы туралы жазған. Осы хатында әскери губернатор осындай үгіттер мен айдап салулардан бөлек, қазақ қауымдарының мектептердің ашылуына ниет танытпауы, бүкіл далаға тарап кеткен Торғай облысы Елек уезі Қобда болысындағы қарсылықтың өз мақсатына жеткендігі туралы сыбыстардан салдарынан орын алғандығын атап көрсеткен. Осы жөнінде естіген өзінің бірден шешуші шаралар қабылдауға рұқсатсыз бара алмағанын, тек Қалмаққырған болыс басқарушысын ғана қызметінен алумен шектелгенін хабарлаған.

Генерал-губернатор Крыжановский ең бастысы ешқандай да заңнан шықпауды, мектептердің салынуы қазақтардың өз бастауымен ғана жүзеге асырылуын ұсынған. Ол бүкіл Орал облысы бойынша мектептер ашу туралы жергілікті халықтың қаулылар шығарып қойғанын, тек қазақтардың өздерінің мектептер салуға ниеттерінің пайда болуын ғана күтуді тапсырған. Мектептерді зорлықпен салуға тыйым салған, баяу болса да, бәрі тыншыған кезде өздеріне қажетті нәтижеге жететіндіктерін ескерткен: «...сол кезде бәрі реттеледі және мен бұл мәселеде үкіметтің ешбір сәтсіздікке ұшырамайтынына сенімдімін, керісінше, баяу, бірақ міндетті түрде қалаған нәтижеге жетеді...»³⁹⁰.

Бастапқы қарсылықтарға қарамастан біршама уақыттан соң ауылдық мектептер ашу ісі жолға қойылған. Түсіндіру жұмыстары жүргізілген де болар, бірақ жергілікті ауылдар өз аумақтарынан

³⁸⁹ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 2285-іс, 3-п.

³⁹⁰ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 2285-іс. 7-8 пп.

оларды салуға рұқсат бергені байқалады. Өлке басшысы дәл атап көрсеткендей, орыс үкіметі мемлекеттік маңыз берілген өз мақсаттарына жету жолын да басты назарда ұстайтын.

Орынбор оқу округінің қамқоршысы Д. Михайлов та 1885 жылға арналған Торғай облысындағы білім беру ісі жөнінде жоғарғы үкіметке берген есебінде қазақ даласында мұсылман мектептерінің көп екенін, сол себепті қазақтарды «мұсылман фанатизміне» бой алдыртпау үшін ауылдық жерлерде орыс мектептерін ашу кезек күттірмейтін шара болып табылатынын жазды. Ол қазақтардың мектептерге ықыласпен қарайтындықтарын келтіре отырып, олардың әлі де татарлар сияқты діни фанатизмге бой алдырмағанын атаған. «Бірақ мұсылмандық үгіт-насихат, – деп жазады ол, – қалғымайды: молдалар қазақ ауылдарын аралап, оларда қоныстанып, татар мектептерін ашуда. Осылайша, молдалар дала түкпірінде мұсылмандық пен татар тілін таратуда». Михайлов қазақтар мұсылман фанатизміне ұрынбас үшін және Орталық Азияда орыс ықпалын бекіту үшін жедел түрде ауылдық жерлерде орыс мектептерін ашуды ұсынды. Егер бұлай болмаған жағдайда ол «қазақтарды орыстандыру ісініңзая кететінін» атаған³⁹¹. Орынбор оқу округінің одан кейінгі қамқоршысы И.Я. Ростовцев те Торғай облысының әскери губернаторына 1891 ж. 30 қарашада жолдаған ұсынысында ауылдық мектептердің «орыс білімінің анағұрлым кең таралуы» мақсатында ашылатыны туралы көрсеткен³⁹².

Торғай облысының әскери губернаторы Я. Барабаш пен аға кеңесші И. Крафт Ішкі істер министріне 1895 жылы 30 желтоқсанда жолдаған хаттарында қазақ даласында мұсылман мектептерінің өте көп екендігін, оларға қазақтардың өз ұлдарын ықыласпен беретіндіктерін көрсеткен. Губернатор мұсылман мектептерінің (медреселердің) Халыққа білім беру министрлігінің құзырында болса да, іс жүзінде оларға ешқандай бақылау жүрмейтінін, олар толықтай дінге берілген молдалар мен ұстаздардың қарауында екенін келтірген. Облыс басшысы мұны қазақтардың орыс халқымен «рухани бірігуі ісінде орасан кедергі» болып табылатынын ескертіп өтеді³⁹³. Осы хатта губернатор мен оның кеңесшісі болыстық сайлаулар кезінде орын алатын пара берулер мен арыз-шағымдар жөнінде айта отырып,

³⁹¹ Тажибаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. - А.-Ата: Казахское гос. изд-во полит. литературы, 1962. – С. 130.

³⁹² ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 3804-іс, 1-4 пп.

³⁹³ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 1613-іс, 1-2 пп.

өңірде орыс мектептерінің жеткілікті екенін, сол себепті болыс басқарушылығына ең болмағанда бастапқы орыс мектебінде оқыған жандарды тағайындау туралы өтініш жасаған болатын.

Патша үкіметі мешіт-медреселер ашуға рұқсат бергенімен жергілікті халықтың діни фанатизмге бет бұрып кетпеуіне баса көңіл бөлді, молдаларды да өздері бекітіп отырды. Уақытша Ереже бойынша мешіттерге рұқсатты өлке генерал-губернаторлары беріп отырды. Орал және Торғай облыстарының қазақтары осыған сәйкес мешіттерге рұқсатты Орынбор генерал-губернаторынан алып келсе, 1891 жылы Далалық Ереже енгізілген кезден бастап мұндай рұқсатты Ішкі істер министрінен алатын болды. Отарлаушы орталық үкімет ашық тыйым сала алмағанымен мұсылман діні ықпалының күшеюін мүлдем қаламаған еді. Іс жүзінде көрсетілген мерзімдерде жартылай отырықшы тұрмысқа өте бастаған қазақ қоғамында мұсылман дінінің ықпалы айрықша күшейіп келе жатты.

Қазақ халқының бұрынғы мұсылмандыққа дейінгі көптеген салт-ғұрыптары да сақталған болатын, бірақ олар дінмен етене араласып кеткен еді. Алайда даланың сыртқы тұрмысы мен келбетіне, кейбір сақталған бұрынғы салттарына қарап көптеген ертедегі және кейінгі сырт зерттеушілер көшпелілердің арасында ислам діні толық орнықпаған, тамырын терең жаймаған деп немесе тіпті оларды толыққанды мұсылман емес ретінде көрсетуге бейім болды. Бұлар орнығып қалған үстіртін көзқарастар шеңберінде болумен қатар, белгілі бір саяси астарлар аясында жасалған ақпарларды да құрайтын. Кейбір ресейлік авторлар XIX ғ. 60-жж. ертедегі түркі тайпаларының діни наным-сенімдеріне тұңғыш рет «тәңіршілдік» деген ат беріп, осы терминді енгізіп, қазақтарда да осы «діннің» сарқыншақтары көп сақталған, тіпті сол сенімдерді ұстанушылар деген үстіртін пікірлерге де барды. Бұл пікірлердің астарында да үлкен идеологиялық пиғылдар жатты. Орыстандырудан бөлек, қазақтарды бірте-бірте христиан дініне тарту жоспары дала төсінде қиындықтарға ұшыраған тұста патшалық идеология олардың «бұрынғы» діндерін іздестіріп табуға, мүмкін болса оны қайта жаңғыртуға бейілдік танытты. Себебі мұсылман діні халықты біріктіруші рөл атқарып, кез келген отарлау ісіне қарсы тұра алды, оған қарсы ғаламат руханиқаруға айналып отырды. Осы тұрғыда татарлар мен башқұрттарға, оңтүстік жақтағы

туыстас түркі халықтарына қарағанда «діни фанатизмге» ұшырай қоймаған қазақтарды көршілерінің ықпалынан сақтауға, мүмкін болса мұсылман дінінен ажыратуға үкімет орындары мүдделі болды.

Іс жүзінде бұрынғы жоралар ешқандай да жеке дін бола алмайтын, олар тек қана көне ғұрыптар еді, керісінше олар мұсылмандықпен біте қайнасып, өзара үйлесім тауып діни амалдарға толық сіңіп кеткен болатын. Қазақтар арасында кең тараған әруақты (рухты) сыйлау, қастерлеу ислам дінінде де болды. Дәстүр дінге қайшы келген жоқ. Ұлан-ғайыр дала төсінде көшіп жүрген кездің өзінде қазақ қауымдары өздерін әлбетте мұсылман санап, ең үлкен діни мейрамдарды Құрбан айт және ораза айтты мерекеледі. Даладағы ешбір қазақ сақталып қалған кейбір көне жоралғылардан бөлек «тәңіршілдік» деген дінді естіп те білмеген болатын. Керісінше, Тәуке хан мен Әбілқайыр хандар «кәпір» саналған жоңғар-қалмақтармен және соңғысы орыс-казактармен соғыстары үшін «Әз» (қазы, ғазы, Мұхаммед Қазы) атақтарына ие болды. «Жеті жарғы» далалық заңдары бойынша мұсылман дінін мазақ еткен не оны тастап басқа дінге өткен адам өлім жазасына кесілетін. Архив қорларында ұшырасатын кейбір мәліметтерге қарағанда, 1710 жылы Қарақұм жиынында қазақтар құрбандық шалып, Құран оқып дұға еткен. 1731 жылы қазақ даласына келген елші Тевкелев олардың Құрбан айт мейрамын жаппай атап өткендерін жазған. Сырым бастаған даланың билері мен батырлары да 1785 жылы қыркүйектегі кеңестерінің қасиетті ораза айында өткізілуін рақымды шапағат ретінде қабылдап, кеңестен соң Құран ұстап ант беріп, одан кейін «аяттар оқып, Құдайға сиынғандары» да құжаттарда кездеседі. 1822 жылы 9 маусымда келген Құрбан айт мерекесін Ұлы Қобда бойындағы ауылдар жаппай атап өтіп, ұлттық ойындар өткізген. Мұның өзі дін мен дәстүрдің үйлесім тапқанының көрінісі. Осыларға ұқсас мәліметтер деректерде жиі кездеседі.

Қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, шығыстанушы ғалым Шоқан Уәлиханов өзі адал қызмет еткен империя көзқарастарына сай қазақ даласындағы мұсылмандық ісіне сын көзқарас танытқан. Ол да қазақтар арасында сақталған «тәңіршілдік» қалдықтарын зерттеп, оны ертедегі дін ретінде көрсетуге ұмтылған. Өзінің «Даладағы мұсылмандық туралы» атты еңбегінде сахарада ислам дінінің таралуына татар молдаларының ықпалы туралы жазды. Бұған патша үкіметінің назарын аударып, татарлардың өздеріне көрсетілген сенімді ақтамай, дала төсінде ресейлік мүддеге кереғар сенімді таратып

жүргенін айтып ескертті. Шоқан татар мектептерін жауып, оларды орыс мектептерімен ауыстыруды, «исламға сүйемел жасамауды», тіпті «мұсылмандық қағидалардың әрекеттерін жоюды» ұсынды. Ал келесі «Даладағы шамандық іздері жөнінде» атты еңбегінде Шоқан қазақтардың мұсылмандықтан көрі шамандыққа жақын екенін жазған³⁹⁴. Мұнда ол әруақтарды қадірлеуді осы шамандық белгілеріне жатқызды. Бұл дәстүр исламда да, әсіресе қазақтар ұстанған сопылықта да болған еді.

Үкімет орындарының мұсылман дінінің өркендеуін ауыздықтауға тырысқаны төмендегі мысалдардан да көрінеді. Ішкі істер министрлігіне қарасты Дін істер департаменті Торғай облысының әскери губернаторына 1883 жылы 7 желтоқсанда жіберген қатынасында «үкіметтің қазақтар арасында исламшылдықтың (түпнұсқада исламизм) одан әрі таралуын шектеуге тұрақты тырысуына орай олардың арасында жаңа мешіттердің салынуын мүмкіндігінше қажетсіз», – деп табатынын мәлімдеген болатын³⁹⁵. Бұл қатынас Торғай уезі Наурызым болысы тұрғындарының мешіт ашуға деп рұқсат сұраған өтініштеріне жауап ретінде жолданған еді. Қостанай уезі Дамбар болысы № 8 ауыл қауымы жаңа мешіт салуға рұқсат сұрағанда да Діни істер департаменті 1895 ж. 10 ақпандағы жауабында бұл болыста мешіттің бар екенін алға тартып, өтініштің қанағаттандырыла алмайтынын білдірді. Мекеме бұл жерде әр болыста бір мешіттен ғана болатыны көрсетілген Далалық ереженің №№ 97 және 99 баптарын негізге алған. Осы көрсетілген ақпанда Торғай губернаторы Барабаш Ішкі істер министрінен рұқсатсыз салынған мешіттердің жабылу тәртібі жөнінде сұраған. Бұған Департамент рұқсатсыз мешіт тұрғызған жандарды қылмыстық қудалау заң бойынша тоқтатылса да, жергілікті билік орындары қажеттілікке қарай ондай мешіттерді басқа жерге көшіруге немесе мүлдем жабуға өздері шешім шығара алатындарын айтып жауап берген³⁹⁶.

Билік орындарының православие дініне өткен қазақтарды ынталандыруы, әртүрлі жеңілдіктер жасауы да сол дінге тартып, тиісінше даладағы мұсылман дінін мүмкіндігінше ауыздықтау шараларына жатты. Қазақ даласындағы миссионерлік бекеттердің (стан)

³⁹⁴ Валиханов Ч. Собрание сочинений в пят томах. Том 4. – А.-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – С. 48-76.

³⁹⁵ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 461-іс, 1-п.

³⁹⁶ Сонда, 5-6 шп.

бірі шығыс өңірдегі Буконь поселкесінде орналасқаны белгілі. Дала өлкесінің генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский 1886 ж. қарашада өзінің Ресейден қайтып келе жатқан сапарында өзіне қарасты Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының кейбір аумақтарын аралауда осы миссионерлік бекетте де болып, оның қызметімен танысқан болатын. Осы сапарында ол жергілікті казактармен қатар жаңадан шоқындырылған қазақтардың да жағдайларымен танысты. Колпаковский бекет миссионерінен православиеге өткен қазақтарға жер берілмегенін естіп бірден сол жердегі Өскемен уезінің бастығына жер өлшеу жұмыстарын күтпестен оларға жер бөліп беруді бұйырған. Генерал-губернатордың дін ауыстырған қазақтарға деген қамқорлығы тек мұнымен ғана шектелмеген. Буконда тұратын шоқынған далалықтарды ол жаңа діндерімен құттықтай отырып, оның міндеттерін берік орындауға шақырған, егіншілікпен ыждаһатты айналысуға кеңес беріп, Мәскеуден жетілдірілген жер өңдеу құралдарын алдыруға уәде берген. Бұл уәде тек қазақтарды ғана емес, орыс-казактарын да қатты қуантқан. Генерал бұған қоса, әрбір шоқынған қазаққа өз қолымен 5 рубльден үлестіріп шыққан. Бұл ақшаны барлығы 12 адам алған. Олардың барлығы генерал-губернаторға дән риза болып, әрбір естеріне алған сайын оған Құдайдан денсаулық тілеп шоқынып отырған. Колпаковский өз кезегінде бекеттегі жаңа шіркеу мен онды иконостасты көріп, таңданысын жасырмаған. «Осындай шеткері әрі шөлейт жерде, тұрғыны аз мекенде мынадай ғибадатхананы көрудің өзі қандай жағымды әрі қуанышты», – дей отырып, осындай қызметтері үшін миссионер Филарет Синьковскийге асқан ризашылығын білдірген³⁹⁷. Омбыға оралған соң Дала өлкесінің басқарушысы Томск және Семей епископы Исаакийге және Бийск епископы, Алтай және Қазақ миссиясының басшысы Макарийге хат жолдап, онда жоғарыдағы миссионер Синьковскийдің қызметтерін жоғары бағалап, оны марапаттауды сұрады. Генерал-губернатордың келесі жылы тағы да сұрауына байланысты қазақ даласында табысты түрде миссионерлік еткен Ф. Синьковский 1888 ж. протоирей атағымен марапатталды.

Дін ауыстырған қазақтарға жер беру мәселесі Торғай облысында да көтерілген еді. 1893 жылы қарашаның соңында біркласстық

³⁹⁷ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост.: З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы: Литера-М, 2021. – С. 56-57.

Николаев училищесі жанындағы Кирилл-Мефодий шіркеуінің священнигі Федор Соколов әскери губернаторға рапорт жолдап, православие дініне өткен қазақтарға жер бөлуді сұрады. Ол өзінің облыс аумағына соңғы жылда жасаған миссионерлік сапарлары барысында 23 қазақты шоқындырғанын айтқан. Алайда оларға жергілікті уезд басшылығының көңіл бөлмей отырғанын, тіпті шоқынғандарға куәлік етуден де бас тартатындарын хабарлаған. Священник шоқынған далалықтардың өз жұртынан да, басшылықтан да қолдау таппайтынын, ұзақ уақыт жер ала алмайтынын, керісінше қысымдар көретінін айтып, оларға жер үлестерін беру туралы шешімнің шұғыл қажеттігін көрсеткен. Дегенмен Соколов жаңадан шоқынғандарға арнайы поселке салу үшін жер телімі бөлінетінін естігенін, мұның өте-мөте жоғарғы дәрежедегі қуанышты хабар екенін білдірген. Аталған священник қазақ тілін жақсы білген. 1892 жылы жаз айларында жасаған төрт сапарында қазақ ауылдарындағы бас қосуларда әңгіменің ретін тауып христиан діні туралы уағыздарын таратып отырған. Оның қолында көптеген кітаптар, соның ішінде қазақ тіліндегі Інжіл мен православиеге өтуші қазақтарға арналған қазақша кітабы да болған. Жергілікті қазақтарды дәл осы жағдайлар, өз тілдеріндегі бұрын көп естімеген әңгімелер мен ақпараттар қызықтырып, бірқатарының шоқынуына алып келген. Священник өз сапарларын егжей-тегжейлі баяндайтын көлемді есептер қалдырған³⁹⁸.

1894 жылдың басында жаңадан шоқынған мұсылмандарға камқорлық көрсету қоғамы құрылады. Ол православ дініне жаңадан өткен мұсылмандарда «діни-адамгершілік бастамаларды нығайтуға» қолдау көрсетуге деп жасақталған. Қоғамның мақсаты «діни-өнегелік камқорлыққа мұқтаж» шоқынған мұсылмандар мен шіркеулер мен мектептерден алыс қазақ ауылдарында өмір сүретін орыс балаларын өз қолдауына алу болды. Сонымен бірге оларда «орыс ұлттық сезімдерін дамыту», діни-өнегелік бастамаларын нығайту, сауаттылық тарату және мүмкіндігінше материалдық жағдайларын жақсартуға көмек көрсету мақсаттары қойылды. Қоғамның құрылуын Орынбор және Орал епископы Макарий барынша қолдап, өз пікірлерін білдірген³⁹⁹.

Қазақ даласында жергілікті ишан-хазіреттердің өз күштерімен тұрғызған медреселерінің үкімет тарапынан бұзылған жағдайлары да орын алды. Осының жарқын бір мысалын келтіріп өтсек. Орынбор

³⁹⁸ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т.,1426-іс. 40-81пп.

³⁹⁹ Сонда, 98-99 пп.

қазақтарынан ишан Жұмағұл Мұсаұлы Көкпекті деген жерде алғашқы намазханасы мен медресе үйін 1861 жылы салған. Оны кейіннен 1879 жылы қайта жөндеп, жаңартқан. Бұл құрылыстардың рұқсатсыз салынғаны анықталып, 1888 жылы кейінгі Торғай облысының әскери губернаторы осыған жол бергені үшін Елек уезінің бастығын айыптады. Өзіне Мұсаұлы жөнінде мәліметтер жинауды, медресе мен мешітті тұрғызу себептерін, жағдайларын өзіне мәлімдеуді тапсырды⁴⁰⁰. Уезд бастығы келесі 1889 жылдың қараша айында ғана жауап жолдаған. Онда Мұсаұлының аталған құрылыстарды болыстық съездің 1879 жылы 19 сәуірдегі қаулысына сай сол кезде өз қаржысына тұрғызғанын, 1884 жылы барлық болыстар мен ауыл старшындарына әскери губернатордан рұқсат болмай, ешқандай мешіттер салуға жол бермеу қатаң тапсырылса да бұлардың өз аумағындағы мешіт құрылысы туралы біле тұра жоғарыға айтпағанын мәлімдеген.

Губернатор жедел түрде уезд бастығының өзін немесе басқармадан арнайы шенді адам жіберу арқылы Жұмағұл ишан тұрғызған құрылыстарды қарап, оның өзі мен куәлардың қатысуымен хаттама жасап өзіне хабарлауды жүктеді. Облыс басшысы Мұсаұлы мен басқа да мүдделі адамдарға өзінің салынған нысандарды жойғызбай олардың үшін бір жақсылық істей алатынын, ол үшін медреседе қазақша сабақпен қатар орыс тілінде де білім берілуі қажеттігін тапсырды. Губернатордың қатынасына байланысты Орынбор оқу округі шаралар қабылдаған. Торғай облысы мектептерінің инспекторы А.В. Васильев⁴⁰¹ округтік басқармаға ұсыныспен кіру үшін болашақ орыс класына арналған ғимаратты, мұғалімнің жағдайларын өз көзімен көруге 1890 жылы шілдеде Көкпекті сайға келді. Ғимараттардың ескі екенін көрген оған Жұмағұл ишанбасқа жаңа мешіт пен медресе салу ойы бар екенін білдірген. Бірақ бұл құрылыстарды да бұзбай қалдыратынын айтқан. Васильев хазіреттің орыс бөлімін ашуды соза түсуге ниетті екенін, оның жалпы ашуды қаламай оған амалсыздан барып отырғанын байқағанын жазады. Инспектордың күмәні бойынша, хазірет жаңа жерден мешіт-медресе салғанымен қалдырылған ескі орында түрлі-түрлі әдебиеттер алдырып, жасырын түрде жас ұстаздар арқылы мұсылмандық уағызын елге тарата бермек. Васильевтің бұлай ойлауына келесі жайт та себеп болған: ол Жұмағұл ишанның осы медресесінде кітапханасы барын, онда 200-ге жуық араб, бұқарлық және татар (түркі) кітаптарын көрген.

⁴⁰⁰ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 3777-іс, 3-4 пп.

⁴⁰¹ Зерттеуші, Торғай облысында орыс білімінің таралуы жөнінде бірнеше еңбектер авторы. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін де жинаған.

Бұған қоса ол 25-30 жас шамасындағы үш бірдей жас ұстазды да көрген, олардың түрі таза бұқарлыққа келетін, бірі ишанның қасынан шықпай көмектесіп жүрген. Осындай ой түйген инспектор Васильев Торғай губернаторынан Жұмағұл ишан жоспарларының жүзеге асуына шешуші түрде тосқауыл қоюды, жаңа мешіт-медресе салуға мүлдем тыйым салуды және мектебін орыс класына ыңғайламағаны үшін ескі ғимараттарын да бұзуды сұрады⁴⁰².

XIX ғасырдың 90-жылдарында Алтай мен шығыс өңірі қазақтарына православие дінін таратуда священник Ефрем Елисеев айрықша көзге түсті. Қазан діни академиясының мұсылмандыққа қарсы курстарында арнайы миссионерлік даярлықтан өткен ол 1892 жылы шілде айында Буконь бекетіне миссионер қызметіне тұрған болатын. Бұл қызметте ол діни атағы жоғарылап Кавказ өңіріне ауыстырылған Ф. Синьковскийдің орнына келген. Өзінің ауылдарды аралаудағы дін уағыздаулары арқылы Елисеев аталған жылдың өзінде 13 қазақты, келесі 1893 жылы – 28 адамды (16 ер, 12 әйел адам), 1894 жылы – 29 адамды (20 ер, 9 әйел), жалпы 1895–1899 жылдар аралығында тағы да 76 қазақты шоқындырған. Ол өзінің осы жылдар аралығындағы қызметін баяндайтын кітап жазып қалдырған⁴⁰³.

Қалың мұсылман қауымдары қоныстанған Түркістан өлкесіндегі жағдайлар да орталық өкіметтің назарынан тыс қалған жоқ. Аталған өлкенің генерал-губернаторы, инфантерия генералы С.М.Духовскийдің 1899 жылғы императорға берген толық есебінде өңірдегі мұсылмандардың жай-күйі көрініс тапты. Ол бүкіл империядағы барлық мұсылмандардың саны 14 млн болатынын айта отырып, сырттай толық бағынышты көрінгені мен олардың арасында көтерілістерге шақыратын үндеулер де туындап қалатынын жеткізді. Соның алдында ғана Әндіжан көтерілісі болып өтіп күшпен басылған еді. Осы жөнінде баяндай отырып, өлке басшысы қалың мұсылман қоныстанған Түркістанды әлі де бейбіт тыныштық орнаған өңірге жатқызуға болмайтындығын ескертті. Жазбасының соңында Духовский мұсылмандардың жергілікті орыстармен қосылуына кедергілер ретінде христиан мәдениетіне қарама-қайшы, тіпті дұшпандықта болып келетін ислам дінін атады. Себебі Құран мен шарифат бойынша жүретін мұсылман христианға адал дос бола алмайды-мыс. Осы тұрғыда көптеген қатынастары бойынша «анағұрлым зиянды» болып

⁴⁰² ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 3777-іс. 21-22 пп.

⁴⁰³ Елисеев Е. Записки миссионера Буконского стана Киргизской миссии за 1892-1899 гг. СПб: 1900. – С. 187.

келетін сопылықтың анағұрлым қатаң бақылауды талап ететінін көрсетті. Орыс қоғамы мен орыс үкіметі тарапынан осы уақытқа дейін ашық түрде байсалды қабылданбай, бағаланбай келген исламның бұл күнде Ресей империясы өркениетінің жемістерін пайдалана отырып күшеюде, бірігуде және мемлекетке қарсы ұйымдасуда екені айтылды. Оның пікірінше, Түркия мен ресейлік татарлар арасында панисламизм идеясының таралуы саяси тұрғыда өздеріне аса зиян. Бұдан былай мұсылман дініне мән бермеу орынсыз әрі мүмкін емес. Соның ішінде мұсылман дінінің әлемдегі ең басты ошақтарының бірі болып табылатын әрі діни және этнографиялық жағынан халқы барынша ұйысқан Түркістан өлкесі айрықша назар аударуды талап етті. Ғасырлар бойы билеушілерінің жеке-дара әрі қатал билігіне үйренген Түркістан түземдіктері дөрекі күшті құрметтеуге үйренген. Сол себепті олар орыс үкіметінің саясатын өз билігін пайдалана алмайтын әлсіз басшылыққа балады. Мұсылмандарды біріктіретін діни басқарма сияқты органдардың бұдан былай жұмыс істеуін абсолютті зиян деп табу керек. Алайда уақыт пен жағдайлар оған мүмкіндік даярлағанға дейін миссионерлік қызметті де тым жеделдетуге болмайды, себебі тым әсіре әрекеттер керісінше мұсылмандарды біріктіріп жіберуі мүмкін. Генерал оларды өздеріне жақындатудың бір амалы ретінде мектептерді, тіпті аралас некелерді де көрді. Ол ишандарға өздеріне шәкірттер және садақа жинау үшін ел аралауға тыйым салған болатын. Сонымен бірге, мұсылман мектептеріндегі сырттан келген татар және шетелдік мұғалімдерді жергілікті орыс билігіндегі адаммен ауыстыру бұйырылған. Татар және сыртқы отырықшы өңірлерден шыққан жандарға көшпелі қазақ ауылдарына қоныстануға да тыйым салынған. Бұлардан бөлек, барық мұсылман мектептерін халыққа білім беру миинстрлігінен алып жергілікті әкімшілікке беру, бастауыш мектептерді тек уезд бастықтарының, ал медреселерді тек генерал-губернатордың рұқсатымен ғана ашу туралы бұйрықтар даярланған. Егер саяси тұрғыда зиянды деп табылса генерал-губернаторға мұсылмандық мекемелерді жабуға құқық беру жөнінде жарлық қарастырылған. Өлке басшысы мұсылмандарға қатысты ортақ мемлекеттік жоспардың орнатылу қажеттігін қадап айтқан⁴⁰⁴.

Патша үкіметін әсіресе 1898 ж. болған жоғарыда аталған Әндіжан

⁴⁰⁴ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Документы и материалы. Сост.: З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы: Литера-М, 2021. – С. 191-205.

көтерілісі қатты алаңдатты. Діни сипатта өрбіген бұл көтеріліс кезінде 22 орыс әскері өлтірілген болатын. Әлбетте ол күшпен басылды, басшылары ишандар аяусыз жазаланып, көтеріліс болған өлкеге жаза ретінде арнайы орыс поселкесі орнатылды. Осы оқиғадан соң жергілікті орыс әкімшіліктеріне мектептер мен медреселерді тұрақты тексеріп, ондағы шәкірттер мен молдалардан император әулетінің есімдерін білуді талап ету тапсырылған. Сондай тексеріс кезінде шәкірттер тұрмақ, олардың ұстаздарының да орыс патшаларын мүлдем білмейтіндіктері, оның есесіне Бұқара мен Ауғанстан әмірлерін, әсіресе Түрік сұлтанын жақсы білетіндіктері анықталған. Осы себепті тұрақты үкімет бақылауынсыз мұндай мектептердің бағыты әрқашанда орысқа қарсы сипатта болатыны мойындалған.

XX ғасырдың басында Жетісу өңірінде мұсылман мектептерінің тым көптігіне, ал орыс мектептерінің жоқтығына Түркістан өлкесі училищелерінің бас инспекторы Ф.М. Керенский назар аударған. Ол 1902 жылдың желтоқсанында өлке генерал-губернаторы Н.А. Ивановқа Жетісу облысындағы түземдік мектептердің жай-күйін сипаттады. Оның сөзіне қарағанда, аталған облыста орыс-түзем мектебі тек Верный қаласында ғана болған. Қалған уездік қалалардың бәрінде – Қапалда, Лепсіде, Пішпекте, Пржевальскіде татар, қазақ, сарт және дүнген мұсылман мектеп-медреселері ғана орын тепкен. Қапалдағы екі татар мектебінің әрқайсысында 40 шәкірттен білім алса, Лепсідегі қазақтарға арналған арнайы мұсылман мектебінде шәкірт саны 90-ға дейін жеткен. Керенский осы мектепте 60 жастағы шәкіртті де көріп таң қалғанын айтқан. Ол шәкірт Құранды оқып үйренуге ниеттеніп келгенін жеткізген. Осылардың барлығы басым түрде тек мұсылман дінінің қағидаларын үйретуде, ұстаздарының көпшілігі Бұқара, Қазан, Құлжа сияқты қалаларда білім алған адамдар екенін баяндай отырып инспектор Жетісу облысында жедел түрде орыс-түзем мектептерін ашуды сұрады. Егер бұлай болмаған жағдайда аталған оқу орындары жергілікті халыққа ықпал етіп, оның салдары жақсы болмайтынын ескертті. Осы қатынасын оқу инспекторы Жетісу облысының әскери губернаторы М.Е. Ионовқа да жіберген⁴⁰⁵.

Орынбор өлкесіндегі біртіндеп орыстандыру саясаты XX ғасырдың басында да қызу қарқынмен жалғаса берді. Торғай облысы халық училищелерінің директоры М.П. Ронгинский Орынбор оқу округінің камқоршысы Ростовцевке 1903 жылы 8 қыркүйекте жолдаған баяндау

⁴⁰⁵ Сонда, 207-бет.

хатында Ресей империясын тілдері, діні мен тұрмыстары бойынша эралуан көптеген ұлттардың мекендейтіні, оларды орыс халқымен біртұтас ету үкіметтің негізгі мақсаты болып табылатындығын жазды. Ронгинский бұл мақсатты жүзеге асыру тек бұратана халықтарға білім беру арқылы ғана мүмкін болатынын атаған: «...Ресей үкіметінің күрделі міндеті – бұратаналардың орыс азаматтығына қатысты жағымды көзқарастарды сіңіру, олардың бойындағы тайпалық оқшаулану мен жат рухты жою, бір сөзбен айтқанда, барлық бұратаналарды бірте-бірте империяның адал қызметшілерге айналдыру үшін, орыс халқына ортақ азаматтық мүдделермен сусындаған және Ресейге өз Отаны ретінде қарайтын барлық бұратана элементтерді орыс халқымен біртұтас ету үшін біріктіру. Осының барлығын тек қана бұратаналардың білімі арқылы ғана жасауға болады. Өз өмірінің тарихи ағымымен жат ортаға ағартушылық нұрын әкелуге мәжбүр болған бұратаналарды қайта тәрбиелеп, орыс халқына сеніммен қарауға мәжбүрлей алатын халық мектебі ғана. Мектеп қана бұратаналарды орыс мүддесіне сай өсіріп, оларды ортақ орыс отбасына тарта алады...»⁴⁰⁶. Ронгинский облыстағы қазақ және орыс тұрғындары үшін бастапқы оқыту жоспарларын жасаған, ауылдық мектептердің ашылуына көп күш салып, Ы. Алтынсариннің қазақ тіліндегі хрестоматиясын қайта басуды ұсынған. Ол қазақ қыздарын оқытуға да үлкен маңыз берген, олардың жалпы білім беру үрдісіне енгізілуін қолдаған. Дегенмен оның ұсыныстары облыс басшылығы тарапынан қолдау таба бермеген. Торғай облысы халық училищелерінің дирекциясы 1903 жылдың басында құрылған. Өңірдегі халық училищелерінің арнайы дирекциясын құру туралы Ростовцев Халыққа білім беру министрлігіне 1892 жылдың өзінде ұсынған. Ол сол тұста да Орынбор оқу округінің қамқоршысы қызметінде болған⁴⁰⁷.

Іс жүзінде екіжылдық бастапқы білім беретін ауылдық мектептер ашу жөнінде оның алдында Ы. Алтынсарин де жоспарлаған. Қазақ халқының ұлы ағартушысы атанған бұл тұлғаның бар мақсаты өз жұртының көзін ашу болды. Жоғарыдағы империялық пиғылдар оның мақсаттарымен еш қабыспайтын. Керісінше, ол қазақтың бірегейлігіне, дініне нұқсан келмеуіне барынша күш салып, мұсылмандықты айрықша қорғады. 1883 жылы діннің негіздерін үйрететін «Шариат ул Ислам» (Мұсылманшылық тұтқасы) атты кітабын шығарды. Кейбір орыс мұғалімдерінің қазақ

⁴⁰⁶ ҚР ОМА. 27-қор. 1-т., 2-іс, 1-4 пп.

⁴⁰⁷ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 3804-іс, 52-п.

балаларына өз бетімен православие дінін уағыздауына қатты қарсылық танытқаны хаттарынан белгілі. Торғай облысы көлемінде ауылдық мектептер ашу мақсатына қол жеткізе алмады. Бұл іс Ы.Алтынсарин қайтыс болған соң ғана жүзеге аса бастады.

Ресей үкіметінің қазақ даласындағы мұсылмандықты тежеуге бағытталған іс-шараларының бәріне бірдей талдау мүмкін емес екені түсінікті. Келтірілген дәйектердің өзінен жоғарғы билік орындарының дін ісіне бақылау орнатуға ұмтылысы анық байқалды. Дегенмен діни ахуалды бақылауда ұстауға тырысқанымен патша үкіметі қазақ даласында мешіттер мен медреселер ашуға тыйым салмады. Керісінше, көптеген жағдайда ауылдар арасында мешіттер салуға рұқсат етіп, тіпті кейбірінің құрылысының қаржылай шығындарын да көтеріп отырды. Билік орындары дінге тікелей тыйым салу сияқты әсіре қадамдарға әсте бара алмаған, бұл бір сәтте бүкіл халықтың наразылығын туғызатыны сөзсіз еді. Жоғарғы үкімет рұқсат берген мешіттерге өздері бекіткен молдаларды қоюмен шектелді. Дін саясаты орыстандырудың аясында өте мұқият жүргізілді. Мысалы, XIX ғасырдың соңында (1898 жылы) губернатор Барабаш Ішкі істер министрі С.Ю. Витте алдында қазақтардың мешіт салу мәселесін қайта көтерді. Ол алдыңғы министр И.Н. Дурново Далалық ережеге сай әр болыста бір мешітке рұқсат беруді негізге алып, бір болыста бір мешіттен артық тұрғызбау жөнінде түсіндірме бергенін мәлімдеген (жоғарыдағы қатынасты айтып отыр). Оның осы ұсынысына байланысты облыстық басқарма болыстық мешіт болған жағдайда қазақтарға жаңа мешіт тұрмақ, сиыну орындарын да салуға рұқсат бермей келген. Барабаш қазақтардың қыстаулары мен жайлаулары үлкен аумақтарда шашыраңқы орналасқандықтан болыстық мешіттердің тек жақын жердегі қауымдар үшін ғана қызмет ететінін айтқан. Қалған жұртшылық намаз оқу үшін жеке үйлерге немесе арнайы салынған сиыну үйлеріне жиналатын болған. Мұндай шағын сиыну орындарын (намазханалар) анықтау қиындық туғызған, анықталған жағдайда олардың иелерін рұқсатсыз салғандары үшін сотқа тарту мәжбүрлігі туындаған. Мұндай жағдай үнемі қайталанып отырған. Торғай губернаторы мұны болыстық мешіттердің халықтың діни қажеттілігін толық қанағаттандыра алмайтынынан деп көрсеткен. Себебі үкімет орындары бір сиыну орнын тауып қудаласа, басқа жерлерде одан да көп жаңа нысандар пайда болып отырған. Мұның барлығы губернатордың ойынша, үкіметке «кең пейілді және адал» қазақтардың көңілдерінде күмән туғызуы мүмкін

болған. Осындай жайттарға байланысты, губернатор Барабаш құпия ашылатын сиыну орындарымен нәтижесіз күрестен гөрі рұқсат етілген орындардың болуы оларға бақылау орнату үшін де анағұрлым қолайлы болар еді деген ұсыныс жасайды. Осылар туралы баяндай келе ол 1895 жылы 10 ақпандағы ұсыныста айтылған түсіндірмені қазақтардың сиыну орындарына қатысты да қолдана беру керек пе деген сауал қояды. Облыс басшысының бұл ұсынысына Діни істер департаменті 20 сәуірде берген жауабында – әр болыстағы бір мешіттен артық сиыну орындарының салынуы ұсынысын Министрлік толық негізді деп табатынын және талқылау арқылы жүзеге асырылатынын айтқан⁴⁰⁸. Бұл қазақтарға діни істерде аз да болса жеңілдік жасалғанын көрсететін.

Жоғарыдағы жағдайлардың жаңғырығы кейінгі жылдары да жалғасты. Діни істер департаменті Торғай облысының губернаторы А.А. Ломачевскийге 1904 жылы 4 қарашада жіберген қатынасында Тұзтөбе болысы № 8 ауыл қауымына намазхана салуға рұқсат ете отырып, бір болысқа бір мешіттен артық салдырмай келген «соңғы 20 жылда жүргізілген Торғай облысында исламшылдықты әлсіретуге бағытталған жасанды шаралардың» заңға жеткіліксіз негізделген, болжанған мақсаттарға апармайтын әрі іс жүзінде бейбіт мұсылмандар тарапынан үкіметке тек жазғырулар әкелетін шара ретінде өзіне қажетсіз болып көрінетінін жеткізді. Қатынас қағазға қолын қойған Ішкі істер министрі П.Д. Святополк-Мирский қазақтар арасындағы мұсылман дінінің «кезінде өз жолында дұрыс ойластырылған христиандық насихаттар мен мектептер ашу сияқты кедергілер кездеспеуіне байланысты өз тамырын терең әрі жан-жақты жайып жібергенін, онымен әкімшілік шаралармен күресудің еш жеміссіз екені іс жүзінде белгілі болғанын» атаған. Ол мұсылмандардың өз діндеріне шексіз адал болатындықтарын ескерте отырып, жергілікті мұсылмандарға өз діни қажеттіліктерін орындау үшін жоғарыдағыдай тосқауылдарды қоюға негіз жоқ деп көрсеткен. Департаменттің облыс губернаторына 1906 жылы 29 қыркүйектегі қатынасында жалпы қазақ қауымдарына бір болысқа бір мешіттен артық тұрғызбау туралы Министрліктен циркулярлық жарлықтың болмағаны, тек бір Торғай облысының губернаторына ғана нұсқау берілгені және ол нұсқаудың өзінің 1904 жылдың 4 қарашасындағы ұсыныс арқылы алып тасталынғаны мәлімделген⁴⁰⁹. Бұл құжаттардан ислам дінін

⁴⁰⁸ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 461-іс, 13-15, 17 пп.

⁴⁰⁹ Сонда, 22, 28-29 пп.

ауыздықтау әрі бақылау бағытында мешіттердің ашылуына тыйым салу министрдің жеке ұстанымынан 1883 жылы Торғай облысына ғана қатысты пайда болып 20 жылдан астам уақытқа созылғаны байқалады.

Торғай облысында бұрын жабылған шағын діни ғибадат орындарының қайта ашыла бастағаны келесі мысалдан да көрінеді. 1905 жылы 24 қарашада Ақтөбе қаласының татар қауымынан сенімді өкілдер Қадыр Морозов пен Фаткулла Забиров уезд бастығынан өздері 1894 жылы тұрғызған, бірақ басшылықтың шешімімен жабылған намазхананы қайта ашуға рұқсат сұраған. Олар діни жоралғыларды өздері сайлаған молданың үйінде атқарып келгенін, енді бұрын жабылған діни орындарды қайта ашу туралы бұйрықтың шыққанын алға тартқан. Өтініш берушілер намазхана үйін мектепке айналдыруды жоспарлаған, егер бұған рұқсат болмаса, шағын қойма не дүкен қылуды да ойлаған. Уезд бастығынан мән-жайды білген әскери губернатор ғимараттың мектепке не басқа нысанға айналдырылуына қарсылық жоқ екенін білдірген⁴¹⁰. Морозов пен Забиров Ақтөбедегі белгілі адамдар қатарынан болатын. Екеуі де 1901 жылы Ақтөбе қалалық мешітінің салынуына басқа да адамдармен бірге ұйтқы болған. Олардың шағын намазхананы қайта ашпай мектепке пайдалануды көздеулері де осы қалалық мешіттің ашылуы себебінен болған сияқты. Арада бірнеше жыл өткен соң, 1909 жылы Торғай губернаторы уезд бастықтарына облыстағы мұсылмандардың діни істерін басқару тәртібі жөнінде бұйрықтарын таратқан болатын. Мұнда губернатор ғана бекіте алатын молдалардың тек дін үйретуші ғана болып табылатындықтары, метрика кітаптарын, сонымен бірге отбасы және неке істерін жүргізуге өкілеттіліктері жоқ екені аталды. Молдалардың жергілікті отбасы-неке істеріне араласуы өз бетімен билік иеленуі ретінде қылмыстық жазаланатын әрекетке жатқызылған⁴¹¹. Неке-отбасы істерімен айналысу Орынбор діни басқармасы құзырында болатын.

Мұсылман дінінің өсіп келе жатқан ықпалына Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.Н. Сухотин де айрықша зер салған. Ол ертерек кезеңде қазақтардың дінге деген белгілі бір салқындығы болғанын, Левшиннің тіпті дала төсіндегі алғашқы орыс билігі тұсындағы қазақтарды діни жағынан әлі қозғалмаған материал ретінде санағанын келтіре отырып, көп ұзамай жағдайлардың өзгергенін айтады. Оның 1905 жылы даярлаған ақпарына сай, қазақтар дін мәселесінде

⁴¹⁰ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 787-іс, 2-5 пп.

⁴¹¹ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 1383-іс, 63-п.

XIX ғасырдың 60-жылдарының өзінде ислам дінінің тұңғығына сүңги бастаған. Татар ықпалымен оған бір сүңгіген қазақ, қайтадан нағыз қағидатшы мұсылман болып шығып отырған-мыс. Ертедегі орыс және кейбір шетелдік зерттеушілердің, шенеуніктер мен саяхатшылардың қазақтар қатысында олардың «дінге салқындығы» туралы қағидаттарының өзі қатып қалған тұжырым түрінде еді. Бұл олардың саясаты үшін ыңғайлы әрі тиімді тұжырым болатын, ол үнемі шындыққа сай келе берген жоқ. Мұның үстіне кең-байтақ қазақ даласының өзінде дін ұстану әдеттерінде айырмашылықтар да болған еді. Дала өлкесі басшысының ойларын жалғастырсақ, ол да дала төсіндегі ислам ықпалының күшеюін татар молдаларының «зиянды» әрекеттерінен көреді. Мешіттер мен қажылыққа барушы қазақтардың көбеюіне де соларды кінәлі санайды. Оның сөзінше, тіпті қазыналық есептен орыс оқу орындарында білім алған қазақтардың өзі Ресейге қарсы шығушылар сапын толтыруда. Сухотин бұл жөнінде кезінде Ішкі істер министрі Плевеге де мәлімдегенін айтады. Оның пікірінше, өлкедегі «мұсылмандық мәселесі» өздеріне ұнамды шешілмеген, ал саяси өмір, орыс азаматтық жағдайы мен далалық өлкенің тыныштығы оның кейінге шегерілмей шешілуін талап етеді. Осы себепті татарлардың діни жағынан үстемдікке ұмтылуын әлсіретпесе қазақ даласындағы жағдай өздері үшін жағымсыз болуы мүмкін. Бұл істе ол қазақ болыстары мен ауыл старшындарына сенім артпайды.

Дала генерал-губернаторының жазуынша, бүгінде дала төсінде көбейіп жатқан орыс шаруа тұрғындары қазақтарды тезірек сіңіруге және мәдени ықпал жасауға үміт сыйламайды. Керісінше, отарлау ісі қазақтардың ашу-ызасын ғана туғызуда, себебі олардың ең жақсы жерлері қоныс аударушыларға алынып берілуде. Осы тұрғыда отарлану үстіндегі дала ауыр кезенді бастан өткізуде. Ресейдің Қиыр Шығыста соғыс жүргізіп жатқан осындай қиын кезеңге қарамастан, Сухотин қазақтар арасында исламның дамуына қатаң тосқауыл қою қажет деп есептеді. Себебі орыс елді мекендері шашырай орналасқан, Қытаймен шекаралас жатқан ұлан-байтақ даланың тыныштығына кепілдік беру қиын⁴¹².

Ресей империясын мекендеген басқа халықтарға орыс білімін тарату үшін сол халықтардың өз ішінен мұғалімдер даярлау қажеттілікке айналған еді. Патша үкіметінің алдында қазақ арасынан тек әкімшілік қызметкерлер даярлау ғана емес, өз қауымдастарына орыс тілі мен

⁴¹² ҚР ОМА. 64-қор. 1-т., 3475-іс, 27-28 пп.

білімін тарататын ұстаздар дайындау мақсаты да тұрды. Қазақтар мен башқұрттарға арналған мұғалімдер мектептерін ашу мәселесі 1871 жылдан бастап көтерілген болатын, бұл жөнінде жоғарыда айтылды. Орыс миссионері, статтық кеңесші Н. Ильминский Орынбор өлкесінің бұратана халықтарына арналған мұғалімдер мектебі туралы Орынбор генерал-губернаторына 1871 жылы наурыз айында жолдаған пікірінде мұндай мектептерді ашу қажеттілігін жан-жақты талдап көрсеткен еді⁴¹³. Нәтижесінде, бірнеше жылдан соң Орынборда қазақтарға арналған мұғалімдер мектебі ашылды.

Патша өкіметі жергілікті халықты бірте-бірте орыс ықпалына тарту мақсатында ашқан мектептері өздерінің осындай бағыттарына қарамастан болашақ алдыңғы қатарлы қазақ зиялы қауымының пайда болуына да әсер етті. Мысалы, қазақ ұлттық зиялы қауымының ең бір көрнекті өкілдерін даярлауға үлкен үлес қосқан оқу орны – осы аталған Орынбор қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебі болып табылды. Түлектерінің куәліктеріндегі мәліметтерге қарағанда бұл мектеп 1880 жылы 27 қарашада жоғарғы жарлықтың II-бабы негізінде жасақталған. Мектепке тек алдында екі класстық училище немесе кем дегенде болыстық мектеп бітірген түлектер ғана қабылданған. Сондықтан аталмыш оқу орны бүкіл Қазақстан мен Орынбор өңіріндегі ең жоғарғы білім беретін білім ошақтарының бірі болып табылды. Мұғалімдер мектебіндегі толық оқу курсы 4 жылды құрады, өтілетін пәндер – орыс тілі, педагогика, арифметика, география, орыс тарихы, жаратылыстану, гигиена, мұсылмандық білім, таза жазу мен сурет салу, гимнастика, қол еңбегі мен ән-күй, сонымен қатар сабақ беруден практикалық жаттығулар болды.

Орынбор қазақ мұғалімдер мектебінде әр жылдары белгілі Алаш қайраткерлері, ұлттық зиялы қауымның жарқын өкілдері – Ахмет Байтұрсынов, Ғұбайдолла Әлібеков, Сағындық Досжанов, Аспандиар Кенжин, Мырзағазы Есболов, Елдес Омаров, Әбдіхамит Жүндібаев, Тұрмағамбет Қисықов, Телжан Шонанов, Тел Жаманмұрынов, Сейдазым Қадырбаев, Жанқожа Мергенұлы, Нысанғали Бегімбетов, Біләл Аспандиаров, Спандияр Көбеев және т.б. білім алды. 1880–1890 жж. мектеп инспекторы, статтық кеңесші А. Альбанов, орыс тілі мұғалімі Н. Шустиков пен П. Юркевич, математика мұғалімі – В. Борияков, дін негіздері мен тарихынан – М. Боранқұлов, бейнелеу өнерінен – М. Алексеев, жаратылыстану бойынша – А. Кирпищиков

⁴¹³ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 2216-іс, 6-7 пп.

дәріс оқыған. Одан кейінгі жылдарда мектеп меңгерушісі Панков, педагогикалық кеңес төрағасы инспектор Н. Андрусевич, мұғалімдер – Н. Вельменов, Ғ. Аққошқаров, Д. Дәулетияров, В. Титов т.б. болған.

Орынбор, Орал, Троицк, Омбы, Семей, т.б. басқа қалаларда орналасқан оқу орындары қазақ ұлттық зиялы қауымының қалыптасуына елеулі ықпал етті. Бастапқы білімдерін осы қалалардағы бастауыш және орта деңгейлердегі білім ордаларынан алған бірқатар түлектер кейіннен білімдерін жалғастырып, Қазан, Мәскеу, Санкт-Петербург, тіпті Варшава сияқты ірі мәдени орталықтардың әлемдік деңгейдегі жоғарғы оқу орындарына түсе алды. Мысалы, Орынбор азаматтық гимназиясын бітірген 10 қазақ шәкірті білімдерін Қазанда жалғастырып, осы шаһардағы университет пен мал дәрігерлік институтына қабылданған. Жалпы императорлық Қазан университетінде А. Бірімжанов, Ж. Сейдалин, Ш. Бекмұхамедов, И. Қашқынбаев сияқты қазақ ұлттық зиялы қауымының алдыңғы қатарлы өкілдері оқыды. Қазақтың көптеген көрнекті қоғамдық-саяси қайраткерлері Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургте білім алды. Петербург университетінде ірі тұлғалар – Б. Құлманов, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқай, Б. Қаратаев, Ж. Ақпаев т.б. оқыса, аталған шаһардағы орман шаруашылығы институтында Ә. Бөкейханов, теміржол көлігі институтында – М. Тынышпаев, медициналық академияда – Х. Досмұхамедов, С. Асфендияров тәлім алды. Бұлардың барлығының дерлік ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтың саяси элитасын құрағаны белгілі. Жалпы 1917 жылы дейін жоғарғы оқу орындарында қазақ ұлтынан барлығы 120-ға жуық адам оқыған деп есептеледі.

Жетісу облысының Жаркент уезінде 1908 жылы екі медресе, 20 ерлер мектебі және екі әйелдер мектебі болған. Бұлардан бөлек, Ақсу-Шарын болысында – 7, Кетпен болысында – 18 мектеп жұмыс істеген. Бұлар басым түрде мұсылман мектептері болатын. Уезд бастығы полковник Смирнов та Жетісу әскери губернаторына берген рапортында соңғы мектептердің барлығы ешқандай рұқсатсыз ашылған оқу орындары екенін хабарлаған⁴¹⁴. 1911 жылы аталған уезде 32 мектеп болған. Олардың басым бөлігі мұсылман мектептері болып табылған. Қазақ, ұйғыр және дүнген мектептері саналған оларда жүздеген шәкірттер оқыған. Бұл мектептерде «Ақийда», «Әптиек», «Ибадатилисламия», «Иман шарт», «Мұқтасар» және Құран

⁴¹⁴ ҚР ОМА. 44-қор. 1-т., 24236-іс, 11-п.

сияқты көптеген кітаптар арқылы оқытылған.

Аталған жылы жалпы Жетісу облысында ең ірі әрі жақсы жабдықталған мұсылмандық оқу орындары қатарына Верный қаласындағы ерлер және қыздар жәдидтік мектептері (жаңа әдіспен оқытатын мектеп) жатқан. Екеуін де белгілі көпес Исхак Ғабдулвалиев пен оның мұрагерлері ашқан және демеушілік еткен. Верный мешіттерінде орналасқан басқа мектептер ескі әдіспен оқыта берген әрі жабдықталуы нашарлау болып келген. Бұл соңғылары басым түрде Құран ілімі мен аяттарын үйреткен. Бұлардан бөлек, Қапалда төрт ерлер және бір қыздар мектебі жұмыс істеген. Жаңа әдіспен оқытатын білім ордаларынан да бір-бір мектептен болған. Соның ішінде 8 жылдық ерлер мектебі де облыстағы жаңа әрі жақсы ғимаратта орналасқан алдыңғы қатарлы оқу орнынан саналған. Ал осы қаладағы орыс-түзем мектебінің жағдайы нашар екені айтылады. Келесі 1912 жылы қазан айында Жетісу облысы халық училищелері 2-учаскесінің инспекторы Түркістан өлкесі училищелерінің бас инспекторына Верныйдағы басты мұсылман мектептерін орыс тіліпәнін оқытпайтындары үшін жабу жөнінде ұсыныс жасайды. Жабылуы тиіс білім ошақтары қатарына жаңа әдіспен оқытатын басты үш мектеп жатқызылған. Бұл шара өлке басшысының сол жылғы 25 қаңтардағы ұйғарымына сәйкес қолданылған. Оларға орыс мектептерінен мұғалімдер тартылмаса жабылатындары туралы ескертіліп, бір апта мерзім берілген болатын. Оның орындалмауына байланысты аталған үш мектеп те жабылып, ғимараттары мөрленген⁴¹⁵.

Торғай облысындағы орыс мектептерінің үлес салмағы бұл кезде мүлдем басқаша еді. Облыс аумағында 1915 жылы барлығы 608 оқу орны болған. Олардың 93-і шіркеу-приходтық білім орындарына жатқан. Орта білім беретін оқу орындары төртеуді ғана құраған (үшеуі ерлер, біреуі қыздар мектептері). Осы оқу орындарында аталған 1915 жылы барлығы 18 733 ер бала мен 8416 қыз бала оқыған. Облыста 1355 адамға бір оқу орнынан ғана келген. Көрсетілген жылы Халыққа білім беру министрлігі қазынадан және басқа да қаржы көздерінен осы оқу орындарына 562 540 рубль жұмсаған. Бір оқу орнының орташа бағасы 1092 руб., бір оқушыға жұмсалатын шығын 25 руб. шақ келген (Адрес-календарь Тургайской обл. на 1917 год. С. 148). Осы облысқа

⁴¹⁵ Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Документы и материалы. Сост.: З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы: Литера-М, 2021. – С. 238, 248.

қарайтын Ақтөбе уезінде 1907 ж. ауыл мектептерін қосқанда барлығы 41 оқу орны жұмыс істеген. Олар – екі екікласстық ерлер орыс-қазақ училищесі, бір болыстық мектеп, біркласстық қыздар орыс-қазақ училищесі, 27 ауылдық мектеп, біркласстық теміржол училищесі және 9 селолық орыс бастауыш училищелері болған⁴¹⁶. Сонымен бірге Ақтөбе уезінде түзілген орыс-украин поселкелерінде де жаппай бастауыш орыс училищелері ашылған. Ауылдық мектептер іспетті мұндай училищелер саны 1912 жылы 80-ге жуықтаса, 1915 жылы 130-дан асқан.

Қазақ даласында орыс мектептерінің көбеюіне болыстық сайлауларда аса ірі көлемдерде ақша және мал шашатын қазақтардың өздері де ықпал етті. Торғай облысының әскери губернаторы Барабаш пен аға кеңесші Крафт Ішкі істер министріне 1895 жылы 30 желтоқсанда жолдаған хаттарында сайлаулар кезінде орын алатын пара берулер, жала жабулар мен арыз-шағымдар жөнінде айта отырып, өңірде орыс мектептерінің жеткілікті екенін, сол себепті болыс басқарушылығына ең болмағанда бастапқы орыс мектебінде оқыған жандарды тағайындау туралы өтініш жасаған болатын. Министрлік мұндай қадамның өте дұрыс болып табылатынын айтып бірауыздан құптайды. 1897 жылы қаңтардың соңында уезд бастықтарына таратылған циркулярларда 1899 жылы басталатын үшжылдықта болыс басқарушыларын бекітуде бірдей дауыс жинаған үміткерлерден орыс тілін білетін адамға басымдық берілетіндігі; келесі үшжылдық сайлауларда аз дауыс алса да орыс білімін алған үміткерге артықшылық берілетіні; одан кейінгі үшжылдық сайлауларда орысша сауаты жоқтар кей жағдайда қызметке бекітілсе де, олар тек әскери губернатордың жеке өзіне қызметі арқылы жақсы таныс, еңбегі сіңген, үкіметке адал жандар болып табылатыны, ал ереже енгізілгеннен кейінгі төртінші үшжылдықтан бастап орыс білімін алмаған қазақтардың болыстық лауазымға мүлдем жіберілмейтіндігі жарияланды⁴¹⁷. Губернатор Барабаш осы бұйрығында қазақтардың өз қаражаттарын сайлауларда партиялар құруға, ірі мөлшердегі параларға шашқаннан гөрі оларды жаңа мектептер ашуға жұмсауға бет бұратыны туралы сенімде екенін білдірген. Бұл ереже шен-шекпенге, лауазымды қызметтерге ұмтылатын халықты орыс мектептеріне одан әрі жетелей түскені сөзсіз.

⁴¹⁶ ҚР ОМА. 27-қор. 1-т., 49-іс, 1-п.

⁴¹⁷ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 1693-іс, 1-3, 13-22 пп.

XX ғасырдың басында үкімет тарапынан мұсылман дінін бақылау күшейе түсті, жандармерия дінге қатысты кез келген шараларды қатаң бақылауда ұстады. Осы кезеңде Ресей құрамындағы мұсылман халықтарының да діни сана-сезімдері қайта оянып, бірігу және бір орталыққа жұмылу идеялары пайда бола бастаған еді. Нәтижесінде, XX ғасыр басында Ресейдің мұсылман халықтары арасында патша үкіметінің орыстандыру саясатына наразы үлкен саяси күш қалыптасты. Кавказ, Еділ-Орал бойы, Қазақстан мен Орталық Азия мұсылман қайраткерлері ат салысқан бұл саяси қозғалыс Осман империясының қолдауымен бір орталыққа бірігу идеясын ұстанды.

1905 жылы Ресейде болған буржуазиялық-демократиялық төңкеріс, Мемлекеттік Думаның шақырылуы, басқа да маңызды оқиғалар мұсылман халықтарының саяси сана-сезімдеріне әсер етпей қойған жоқ. Көптеген ірі мұсылман орталықтарында саяси ұйымдар пайда болды, Думада мұсылман депутаттар бір фракцияға бірікті. Панисламизм, түрік текті мұсылман зиялыларының арасында пантүркизм идеялары пайда болды. Бұлардың барлығы езгіде жатқан мұсылман халықтарын отарлық бұғаудан алып шығудың жолдарын қарастырды. Жандармерия органдарының жіті бақылауына, қатаң цензураға қарамастан XX ғасырдың алғашқы жылдарында мұсылмандық мерзімді баспасөз басылымдары да күрт көбейді. 1905 жылы дейін Ресейдің бүкіл мұсылман қауымына арналған бар-жоғы екі газет – «Тәржуман» және ресми орган «Түркістан уәлайатының газеті» ғана болса, 1905 жылдан соң олардың саны 30-ға дейін жетті.

Орыс үкіметінің қазақ даласындағы жерге, дін мен білім беруге қатысты отарлау әрекеттері де қазақ қоғамының назарын аудартты, наразылықтарын туғызды. 1905 ж. маусым айының соңында Қоянды жәрмеңкесінде 14,5 мың адам қол қойған он беттен асатын үлкен петиция жазылып, ол Ресей Министрлер Кеңесінің төрағасы П. Столыпинге жолданды. Бұл петицияда көптеген өткір мәселелермен қатар қазақтардың орыстандыру саясатына байланысты діни істерде, білім алуда құқықтарының шектеліп отырғандықтары, сонымен бірге ата-бабалары сыртқы жаулардан қан төгіп қорғаған ең шұрайлы жерлерінің қоныс аударушыларға беріліп, өздерінің нашар деген аумақтарға ығыстырылғандықтары айтылды⁴¹⁸. Аса сауатты жазылған, өз талаптарын ашық қоя білген, мыңдаған халықтың игі жақсылары

⁴¹⁸ ҚР ОМА. 427-қор. 1-т., 120-іс, 37-41 шп.

қол қойған Қоянды петициясы қазақ тарихындағы сөзсіз маңызды оқиғалардың бірінен саналады.

1905 жылы шамамен қыркүйек айында Орал және Торғай облыстарынан 21 адам қол қойған петиция жазылып, ол арнайы адамдар арқылы Петербургтегі Жерге орналастыру мен жер бөлу бас басқармасының басқарушысына тапсырылады. Бұл петиция басым түрде қазақтың жер мәселесіне арналса да, мұнда да діни мәселелер қозғалды. Оған қол қойғандар арасында екі облыста да белгілі заңгер Бақытжан Қаратаев, Ақтөбе уезінен құрметті азамат атағындағы Сабыржан Байеділұлы Кейкин, дворян атағын алған, бұрынғы атақты шенеунік Дербісәлі Беркімбайұлы болса, қалғандарын түгелдей дерлік молдалар құрады. Жалпы бұл петиция Б. Қаратаевтың ықпалымен даярланған деп есептесек, оған қосылушылардың денін молдалар құраған. Торғай облысының Ақтөбе уезінен көпшілігі, Орал облысының – Лбищен, Темір және Гурьев уездері өкілдерінің барлығы осы молдалардан тұрған⁴¹⁹.

Мұсылмандық бірігу идеялары, жалпы мұсылмандық ықпалдың күшеюі үкімет орындарын да алаңдатпай қойған жоқ. Басқа діни ілімнің кең таралуы Ресейдің шағын халықтарды отарлау ісіне, оларды бірте-бірте орыстандыру саясатына үлкен кедергілер туғызатын. Сол себепті билеуші үкімет XX ғасырдың басынан бастап ең алдымен мұсылмандық идеялардың таралуына, оларды таратушы ретінде мұсылмандық мектептер мен медреселердің жұмысына тосқауылдар қоюға тырысты. Бұл істе олар әсіресе «діни фанатизмге» бой алдыра қоймаған қазақтар арасында діни оқу орындарының көбеюіне жол бермеуге тырысып, оларды орыс мектептерімен ауыстыруға ұмтылғандықтары белгілі. Мұндай ұмтылыстар Уақытша Ережеге дейін-ақ байқалған болатын.

Орыс ықпалының жаппай таралуына қарамастан жергілікті халық өз діндерінен айныған жоқ, керісінше орыстандыру мен қоныс аудару саясаттары күшейген тұста дін аясында рухани бірігу үрдістері орын алды. Орысша білім алған жандардың беделдері болғанымен, мұсылманша сауатты молдалардың, ишан-хазіреттердің қоғамдағы орындары еш төмендеген жоқ. Еуропаша білім алуға ұмтылыспен қатар, діни білім алу ісі де жалғаса берді, оның да беделі түскен жоқ. Мекке мен Мәдинаға қажылыққа ниет білдірушілердің саны жыл сайын өсіп отырды. Ресейде білім алып

⁴¹⁹ ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 2822-іс, 222-223 шп.

келген шәкірттердің көпшілігі мұсылман дінінің жолдарын берік ұстанатын. Қорыта айтқанда, қатаң бақылауларға, ұлғая түскен орыс ықпалдарына қарамастан қазақ даласындағы ислам дінінің ықпалы еш азайған жоқ.

Керісінше, XIX ғасырдың соңына қарай дін өкілдерінің, ишан-хазіреттердің мәртебе-беделдері қазақ қоғамында айрықша өскен еді. Қазақтың ишан-хазіреттері тек діни ғана емес, өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерімен де сол тұстағы қазақ қоғамының ең алдыңғы шебіне шықты, әлеуметтік-саяси өмірдің барлық салаларына белсене араласты. Жерлерін күштеп тартып алған қоныс аудару саясатына қарсы жұртшылықты жұмылдырып мүдделерін қорғаған да, петициялар ұйымдастырып діндері мен тілдерінің мүдделерін алға тартқан да осы молдалар мен ишан-хазіреттер еді. Басқаша айтқанда, олар елдің көсемдеріне, оның мұң-мұқтаждарын қорғаушыларға айналды. Олардың қызметтері мен ықпалдары дін шеңберінен шығып мүлдем жаңа сатыға көтерілді. Халық олардың ақыл-кеңестеріне жүгініп, барынша қолдады, бірауыздан сондарынан ерді. Хазірет атанған адамдардың қоғамдағы беделі, кез келген әлеуметтік-саяси оқиғада алдыңғы қатарда жүргендіктері кейбір архивтік құжаттарда да көрініс береді. Мысалы, 1907 жылы Ресей II Мемлекеттік Думасына сайлау жүргенде үміткерлерге дауыс беру құқығына әр болыстан тек екі адамнан (сайлаушы) ғана ие болған. Демек бұл құрметке болыстық қауымы өз ішінен ең беделді деген адамдарды ғана жіберген. Облыс атынан Думаға сайлауға түсетін үміткерге дауыс беру құқығына Қобда және Тұзтөбе болыстарынан басқарушылар не ауылдық билер емес тек бірыңғай хазіреттер ғана таңдалған. Басқа көптеген болыстарда да бұл іске хазіреттер мен молдалар шығарылған. Жоғарыдағы петиция авторларының да денін молдалар құрағаны аталды. Бұл олардың ел ішіндегі құрметі мен салмақтарын тағы да бір айқындайтын.

Бір сөзбен айтқанда, бұрын қазақ қоғамында ішкі-сыртқы қоғамдық-саяси мәселелерді шешуші билер мен батырлар әлеуметтік тобы (институты) болса, саясат пен заман ағымына сай олардың ықпалы құлдыраған соң, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ишандар мен хазіреттер (ахун, қалпе, мақсым т.б.) бұрынғы дәстүрлі қазақ билерінің орындарын толықтай басқан еді.

III тарау. МҰСЫЛМАН МИССИОНЕРЛІГІ

3.1. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРІНДЕ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАН ТҰСТАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ НАСИХАТТАЛУЫ

Ш.Уәлиханов «Сахарадағы мұсылмандық туралы» деген еңбегінде татар молдаларының, Орта Азиялық ишандармен өздерінің жаңа діни ілімін уағыздаушылардың ықпалымен біздің халық барған сайын жалпы мұсылмандық кейпіне түсіп келеді»⁴²⁰ деген болатын. Бұл еңбек жазылған XIX ғасырдың орта тұсында Қазақстанның оңтүстік өңірінде мұсылмандықты насихаттауда Қоқан хандығы да елеулі рөл атқарды. Қоқан хандығы мұсылмандықты насихаттауда мұсылман діндарларға кең жолашты⁴²¹.

XVIII ғасырдың басында Бұхар хандығының әлсіреуіне байланысты оның құрамындағы иеліктердің тәуелсіздікке ұмтылуы күшейді. 1709 жылы Ферғана иелігі билігін өзбектің мыңдар (минг) руының өкілі Шахрух би (1709–1721) қолына алып, дербес саясат жүргізе бастайды. Шахрух бидің ордасы Қоқанға орналасты. Ферғана иелігінен бірте-бірте дербес хандыққа айналған мемлекет Қоқан хандығы деген атауға ие болды. Қоқан билеушілері 1709 жылдан 1805 жылға дейін өздерін би деп атап келсе, 1805 жылы Әлімбек өзін ханмын деп жариялап, соған орай ол басқарған мемлекет те Қоқан хандығы деп атала бастады. Алайда XVIII ғасырдың орта кезінде-ақ күш-қуаты арта түскен Ферғана иелігін Бұхар, Хиуа хандықтары тәуелсіз мемлекет деп таныған. Қоқан хандығының қуатты елге айналуына қазақ және қырғыз рулары да өзіндік үлес қосты. 1709 – 1876 жылдары өмір сүрген Қоқан хандығының қалыптасу кезеңі 1709 – 1804 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде қазақ, қырғыз және тағы басқа халықтардың қоныстануы есебінен Ферғана өлкесінің экономикалық жағдайы нығая түсіп, тәуелсіз Қоқан иелігі пайда болды. Қазақтар мен қырғыздар Қоқан иелігін басқарушылар Әбдікерім бимен, Ердана бимен, Нарбота бимен тең одақ құрып, жоңғар басқыншыларына қарсы тұрып, өздерін сыртқы жаулардың жеке-

⁴²⁰ Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: «Атамұра», 2006. – 114 б.

⁴²¹ ҚРОМА. 64-к., 1-т., 5542-іс. 2-п.

жеке талқандауына жол бермеуге ұмтылды. Алайда Қоқан тағында ең көп уақыт отырған билеуші Нарбота би (1770–1799) өзінің ықпалын қазақтар мен қырғыздар арасына арттыра түсуді ойлап, Кетпентөбе, одан әрі Ыстықкөлге қарай жорықтар жасауға әрекет жасады. Цин империясына қарсы күреске үндеп, қазақтар мен қырғыздарды қарулы көмек беруге шақырып жатқан Сарымсақ қожаның Қашқарға өтуіне де кедергі жасамақшы болып, қытайлықтармен келісімге де келді. Сарымсақ қожаға Бұхар ханы да қолдау көрсетіп жатқан болатын. Сөйтіп, Нарбота бидің саясатына қазақ, қырғыздардың наразылығы күшейе түсті.

Бір-біріне тәуелсіз төрт қыстақтан құралған Ташкенттің Раджаббек басқарған Бесағаш деген бөлігін ыстылар, Мұхамед Ибраһимбек басында тұрған Көкшені – қоңыраттар, Жошы әулетінен шыққан өкіл басқарған Сибзарды – жаныстар, Бабахан төре қарамағындағы Шейхантаурды – сіргелі, ошақты рулары алса, наймандар – Шыназды иеленді⁴²². Қазақтармен қатар Ташкент төңірегінде ертеден қырғыздың бағыш, құсшы, басыз және басқа рулары да тұрды⁴²³. Ташкент төңірегіндегі қырғыздар қаланы басқару ісіне белсене қатысты. Оны әр жылдары билікке келген Бағыш Көкім би, Қырғыз-найман Иса датха, Қарабағыш Мұхамедәлім, Қарабағыш Қойшының және т.б. қызметтері көрсетеді.

Қазақтар мен қырғыздар өздеріне бекінісқорғандар салып алды. Мысалы, Төле бидің ұлы Ниязбек өзінің атымен аталатын Ниязбек бекінісін тұрғызды. 1784 жылы Ташкенттегі билікті қазақтардың алауыздығын пайдаланып, өздеріне сусыз, құнарсыз жер бөлінгеніне наразы болған Ұлы жүздің шанышқылы және қаңлы руларының көмегімен Шейхантаур билеушісінің баласы Жүнісқожа өз қолына алды⁴²⁴. Орыс зерттеушісі А. Добросмыслов Жүнісқожаны XIV ғасырда өмір сүрген жергілікті әулие Шейхантаур (Шейхаунд-и-Таһур) ибн Шейх Омар Багистанидың 16 – ыншыұрпағы деп көрсетеді⁴²⁵. Дегенмен Жүнісқожаның шығу тегі және билікке келуі жөнінде әртүрлі көзқарас

⁴²² Чехович О.Д. Сказание о Ташкенте // Памятники письменности Востока. Историко-филологические исследования. 1868. – М.: Наука, 1970. – С. 156

⁴²³ Бала Айылчысан жырасы // Кыргыз санжырасы. «Ала-Тоо» журналының тиркемеси. – Бишкек: «Ала Тоо» журналының редакциясы, 1994. – 128 б.

⁴²⁴ История Ташкента. С древнейших времен до Февральской буржуазно-демократической революции. – Ташкент: Фан, 1988. – С. 85.

⁴²⁵ Добросмыслов А. Ташкент в прошлом и настоящем. Исторический очерк. – Ташкент: Типолитография О.А.Порцева, 1911. – Вып. 1. – С. 23.

бар. П.П. Иванов Жүнісқожаны Н.И. Гродеков келтірген мәліметтерге сүйене отырып, қалша (галча) руынан шыққан және Төле бидің қол астында қызметте болған, кейін Төле би дүниеден өткен соң, билікке ұмтылып, 15-20 жылдай қазақтармен күрес жүргізді деп көрсетеді⁴²⁶. Қалшаруы – қырғыз-қыпшақтардың бір тармағы. Зерттеуші О.Д. Чехович Жүнісқожаның Ташкентке басшы болғанға дейін Шейхантаурдың билеушісі болғанына күмән келтіре отырып: «Жүнісқожаны және басқа шенеуніктерді сайлау үшін қалалықтар шақырған құрылтайға бүкіл көшпелі даланың ақсүйектері қатысты. Осы құрылтайда билікке таңдалып алынғандар да төртеу болды, олар: аталық – Рүстем төре, паруанашы – Әділ төре, әскер басы – Бабахан төре және хәкім – Жүнісқожа еді»⁴²⁷, – деп жазды. Жүнісқожаны Ұлы жүз қазақтарымен туыстық қарым-қатынас та байланыстырып тұрды. Жүнісқожаның әпкесінің бірін Төле бидің туған жиені – сиқым Шінет батыр алып, одан Рысбек пен Тұрыс батырлар дүниеге келген және тағы бір әпкесін Төле бидің өзі алып, одан Жолан мен Қожабек атты балалары туылған. Жүнісқожа және оның мұрагерлері басқарған, дербес Ташкент уалаяты (Ташкент иелігі) 1784–1808 жылдары өмір сүрді⁴²⁸.

Ташкентке жақын орналасқан Құрама, Шымкент, Сайрам, Әулиеата, Түркістан, Ақмешіт және Сыр бойының біраз бөлігі Ташкент иелігі құрамына кірді. Жүнісқожаның қарамағында Ташкент төңірегіндегі қырғыздар да болды. Ташкент иелігі оңтүстікте – Құрама тауларына, солтүстігінде – Шымкентке дейін, шығысында – Бискан тауларына, батысында Сырдарияға дейінгі жерді алып жатты. Ұлы жүз қазақтарын және қырғыздарды Жүнісқожа өзі таңдап алған ақсүйектер арқылы басқарды. Олардың ішкі істерін басқаруды билерге тапсырды, бірақ өз ықпалын күшейте түсу үшін беделді адамдарды кепілдікке ұстады⁴²⁹. Жүнісқожа қарамағындағы қазақтар мен қырғыздардан зекет жинап отырды. Мысалы, қазақтар 100 керуеннен 1 керуен құн төлеуі тиіс болды⁴³⁰.

⁴²⁶ Иванов В. Казахи и Кокандское ханство: (К истории их взаимоотношений в начале XIX в.) // ЗИВ АН СССР. – М., Л.: Изд-во АН СССР, 1939. – Т. 7. – С. 101.

⁴²⁷ Чехович О.Д. Городское самоуправление в Ташкенте XVIII в. // История и культура народов Средней Азии (древность и средние века) / под ред. Б.Г. Гафурова и Б.А. Литовского. – М.: Наука, 1976. – С. 157.

⁴²⁸ История Ташкента. С древнейших времен до Февральской буржуазно-демократической революции. – Ташкент: Фан, 1988. – С. 85.

⁴²⁹ Иванов В. Казахи и Кокандское ханство: (К истории их взаимоотношений в начале XIX в.) // ЗИВ АН СССР. – М., Л.: Изд-во АН СССР, 1939. – Т. 7. – С. 100.

⁴³⁰ Поездка Бурнашева и Пospelова в Ташкент в 1800 г. // ВРГО. – СПб.: Тип. Имп.

Саяси жағынан Ташкент иелігінің өзге өзбек иеліктерінен айырмасы болған жоқ. Жүнісқожа Ташкенттің төрт бөлігі өкілдерінен құралған Кеңес құрып, өз атынан теңге де шығарды⁴³¹. Мемлекеттік ісқағаз өзбек тілінде жүргізілді⁴³². Бірқатар саяси маңызды істерді жүзеге асырған Жүнісқожа қаланың қорғаныс шебін және армияны күшейтуге күш салды.

Жүнісқожаның әскері, Ә. Диваевтың көрсетуіне қарағанда, қазақ, қырғыз жігіттерінен құралды. Ташкент уезі Ақжар болысының қаңлы руының қазағы Молда Көбей Тоқболатовтың қолжазбасына сүйене отырып, Ә. Диваев Жүнісқожа әскерін басқарған Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардан шыққан батырлардың аты-жөнін көрсетеді. Олардың қатарында қаңлының омыртқасынан: Қожамсейіт, Қаракұм, Найзақұлақ, Барлыбай, Сейітқожа, Ғайыпмырза, Бөлек, Қалып батырлар, ал қаңлының шоқпарынан – Есенбай, Қайдарбек батырлар, есқұлыдан – Құнан, шанышқылының саңғырауынан – Тоқсан, Жабғы батырлар, қырық садақтан – Ырымқұл, Тортқа батырлар, жаныстан – Қазыбек, Құлықбай батырлар болса, ал қырғыздардан, бағыш руынан – Айқынбай, Мыңжасар, Рысбек батырлар және Кіші жүздің рамадан руынан Жұман мен Есенгелді батырлар есімі аталады⁴³³. Ташкент уалаятының қарулы күші көшпелі тайпалардың, атап айтқанда, шанышқылы, қаңлы, бағыш және рамадан руларынан құралғанын Ю.А. Соколов⁴³⁴ та көрсеткен болатын. Тұрақты жасақ үшін қажетті әскери күш отырықшы тұрғындар мен көшпелілер арасынан алынды және олардың саны XVIII ғасырдың соңында 50-70 мыңға жетті. Бұл жасақтың 30 мыңы «қылқұйрық» бойынша⁴³⁵, яғни қазақ, қырғыздардың атқа мінуге жарамды ер азаматтарын соғысқа жіберу міндеткерлігі негізінде⁴³⁶ жиналды. Қарақазақтар деп аталатын жеке мүлкі жоқ адамдардан құралған 6 мыңға жуық әскер шешуші ұрыстарда маңызды рөл атқарды. Олар білте мылтықпен, найза,

Академии наук, 1851. – Ч.1. – Кн.1. – Отд. 6. – С. 22.

⁴³¹ История Ташкента. С древнейших времен до Февральской буржуазно-демократической революции. – Ташкент: Фан, 1988. – С. 86.

⁴³² Набиев Р.Н. Ташкентское восстание 1847 г. и его социально-экономические предпосылки. – Ташкент: Фан, 1966. – С. 7.

⁴³³ Диваев А. Предания о возникновении азиатского города Ташкента // ТС. – 1907. – Т.440. – С. 63-64.

⁴³⁴ Соколов Ю.А. Ташкент, ташкентцы и Россия. – Ташкент: Узбекистон, 1965. – С. 43.

⁴³⁵ Сонда. С. 48

⁴³⁶ Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 21 б.

қылыш, қалқанмен қаруланды және зеңбіректерді де пайдаланды. Қарақазақтарды қарумен, мініс аттарымен және басқа қажетті әскери-тұрмыстық бұйымдармен Жүнісқожаның өзі қамтамасыз етті. Бейбіт кезде қарақазақтар Жүнісқожаның және ірі шенеуніктердің үй шаруасын жүргізді. Сот істерін шарифатқа негіздеп, қазылар жүргізді, алым-салық мәселесімен басшы қожа айналысты. Серкерлер көшпелі және жартылай көшпелі елді басқарды әрі салық жинады. Сауда ісін, тауардың дұрыс өлшенуін қадағалау және діни ғұрыптардың орындалуын раис атқарса, әкімшіліктің төменгі буынын ақсақалдар, жоғарғы буынын бектер басқарды.

Қазақ, қырғыз руларының сенімді болуын және оларға жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін әр рудың беделді билері мен батырларының балалары Ташкентке аманатқа алынды. Ташкент иелігі маңызды сауда жолы бойында орналасты. Н.Т. Небольсиннің мәліметіне қарағанда, Шымкенттен Ташкентке дейінгі жол сол тұстағы халықаралық керуен жолының ең бір маңызды бөлігін құраған⁴³⁷.

Ташкент иелігінің күшейе түсуі Қоқан билеушісін бейтарап қалдырмады. 1794 жылы Нарботаның әскері Ташкент иелігінің жеріне баса-көктеп кірді, бірақ жеңіліске ұшырады. Қоқандықтарға қарсы 1797–1798 жылдары Жүнісқожа мен Ұлы жүз қазақтары және қырғыздар арасында одақ құрылды. Қоқан билеушісі Нарботаның ықпалынан азат болуға деген ұмтылыс қазақ, қырғыз билеушілерін Жүнісқожамен жақындастыра түсті.

Қырғыздардың бір бөлігі, оңтүстіктегілері, қоқандық күштерді құраса, екінші бөлігі – шатқалдықтар, Ташкент иелігі жағында болды. 1799 жылы Қоқан билеушісі Нарбота қаза тапты. Бұхар ханы да Нарбота өлгеннен кейін бүкіл Ферғана өңірін қайта қосып алуды көздеп, Қоқанды қоршауға алды. Осы сәтті пайдаланып, 1799 жылы Жүнісқожа Әзіреті Түркістанды басып алды. Осы жылы Жүнісқожа Қоқан иелігіне жорық жасады⁴³⁸. Алайда Жүнісқожаның Ходжентке жасаған сәтсіз шабуылы қоқандықтарға қарсы одақтың ыдырауына алып келді. 1801 жылы Пункан деген жердегі шайқаста да Жүнісқожа қолы қоқандық әскерлерден жеңіліс тапты. 1803 жылы қазақтар қостаған Жүнісқожа қолы Гурумсарай деген жерде қоқандық

⁴³⁷ Небольсин П. Очерки торговли России со странами Средней Азии, Хивой, Бухарой и Кокандом со стороны Оренбургской линии // ЗИРГО. – СПб.: Тип. В. Безобразова, 1856. – Кн.10. – С. 117.

⁴³⁸ РФ ООМА. 366-қ., 1-т., 293-іс. 15-п.

әскерлермен кездесті. Қоқан билеушісі Әлімбек таулық тәжіктерден құралған Раджапдуанбегі басқарған атты әскерді және өз әскерін қарсы қойды. Ташкенттіктер арасында келіспеушілік туды. Қазақ қолбасшылары – Рүстем төре, Әділ төре және Бабахан төре ұрысқа алдымен шанышқылардан құрылған жасақтың және Жүнісқожаның өз қолының кіруін талап етті. Алғашқы шайқастарда-ақ қоқандық әскербасыларының соғыс жүргізу әдісінің артықшылығы байқалып қалды, қазақ атты жасағының шабуылын қоқандықтар бірден тойтарып тастады. Ташкенттік қол түгел майданға кірмей жатып, шегініп, қаша бастайды. Өз әскерінің Әлімбек жағына шығып кеткенін байқаған Жүнісқожамайдан даласын тастай қашты және толық талқандауға ұшырады⁴³⁹. Осы оқиғадан кейін Жүнісқожа қатты науқастанып, көп ұзамай көз жұмды. Ташкент иелігіндегі ендігі билік Жүнісқожаның үлкен ұлы Мұхамедқожаның қолына өтеді. Таққа таласқан ол өзінің бауыры, Ниязбек бекінісінің билеушісі Ханқожаны өлтірді. Қоқандықтардың да 4 рет шабуылына тойтарыс берілді. Елдің әлеуметтік жағдайы күрт төмендеп, Ташкентте аштық басталды. 1805 жылы Мұхамедқожа өліп, орнын бауыры Сұлтанқожа иеленді. Оның билігі тұсында да қоқандықтарға қарсы күрес тоқтамады.

1807 жылы Қоқан билеушісі Әлімбек бауыры Омарды 12 мың әскермен Ташкентке қарсы аттандырады. Нәтижесінде Ташкент төңірегі басып алынды. Әлімбек 1808 жылы Ташкентті біржола басып алды. Алайда Ташкент үшін қазақ, қырғыз және өзбек билеушілері арасында күрес одан әрі өрши түсті. Ұлы жүздің бас сұлтаны – Әділ сұлтан әкесі Абылай ханның бітімінен соң, қырғыздарды өз қарамағындағы орда деп санап, Ташкентке соғыс ашады. Қазақтардың қолбасшысы Рүстем жеті қаланы басып алады. Рүстем сол аймақты билеуші болып тағайындалады. Осындай оқиғалар кезінде Ташкент түбінде Әділ сұлтан 1815 жылы кенеттен қайтыс болып, қырғыздар сол сәтті пайдаланып, жеті мыңдай жылқыны айдап әкетеді. Саяхатшы Е.К. Мейендорф та қырғыздардың 1818 жылы Ташкент маңындағы бірнеше қыстақты тонап алып, оған қарсы қоқандықтар 5000 әскер шығарып, таудағы қырғыздарды жазалағанын көрсеткен болатын⁴⁴⁰. Халықтың бір бөлігі Ташкентке бағынады да, бір бөлігі Ілеге қарай қашады. Осы кезден қазақ пен қырғыз қоқандықтардың ықпалына

⁴³⁹ Бейсембиев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 96.

⁴⁴⁰ Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – М.: Наука, 1975. – С. 72.

түседі.

Омар хан Ташкентті алған соң оған іргелес орналасқан Құрама, Той-тепе, Қойлық секілді елді мекендерге жорық ұйымдастырып, оларды бағындырғаннан кейін ондағы жергілікті тұрғындардың шағымдарын Шариатқа сәйкес қарастыратындығын жөнінде жарлығын жария етті. Омар ханның мұндай әрекеті ханды халық алдында Шариғатты басшылыққа алатын әділ билеуші етіп көрсетуге септігін тигізді⁴⁴¹.

Омар хан Түркістан қаласын 1814 жылы Раджаб Диуанбеги басшылық ететін әскерді жіберіп жаулап алғаннан кейін Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат етуге келіп, жергілікті халыққа ізгіниетте екенін танытып, кесененің шырақшысы мен Түркістанның атақты деген тұрғындарына сый-сияпат жасады. Сондай-ақ ол Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі тайқазанға тағам әзірлеп, оны тұрғындарға үлестіруге әмір берді. Бұл жағдай халық алдында Омар ханды мұсылманшылдықты берік ұстанған билеуші ретінде дәріптеуге ықпал етті⁴⁴². Омар хан Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне екі рет зиярат жасаған⁴⁴³. Қоқандықтар жаңа территорияларды жаулап алған кезде жергілікті мазарларға зиярат етуді міндетті түрде жүзеге асырып отырған. Киелі орындар Қоқан хандығында өзіндік саяси міндетті де атқарды⁴⁴⁴. Киелі орындарға зиярат етуді қоқандықтар мұсылманшылдықтың бір белгісі ретінде санап, киелі орын орналасқан жердің қожайыны екенін көрсеткісі келді.

Ташкенттегі қазақ төрелері және кейбір қырғыз билері бастапқы кезеңде Қоқан саясатын жүргізушілер болды. Қытай жеріне 10 мың түгінмен пана іздеп көшіп кетіп, қайта оралған Әділ төре Абылайханұлы 1814 жылы өзінің баласы Нұралы төрені Қоқан ханы Омарға аттандырып, қытайлықтардан қол үзіп, қайтып елге келгенін және қалған ғұмырын ислам иеліктерінде өткізгісі келетінін айтып сәлем жолдайды. Әділ төре Абылайханұлы, тіпті, Омар ханнан арғы бабасы Токтамыстың Әмір Темірге жасаған «кінәсіне» салауат жасауын да өтінеді. Әділ төре, осылайша, Қоқан хандарының идеологиялық саясатын қолдайтынын білдірген. Омар хан да Әділ төренің сәлемдемесін жылы қабылдап, Нұралы төреге

⁴⁴¹ Бабаджанов Б.М. Кокандское ханство: власть, политика, религия. – Токио-Ташкент, 2010. – С. 142.

⁴⁴² Сонда. С. 142-143.

⁴⁴³ Сонда. С. 630

⁴⁴⁴ Сонда. С. 631

де құрмет пен қошамет көрсетеді. Әділ төреге Омар хан өзінің қорғауына алынғаны жөнінде жарғыны да береді. Қырғыздар да Қоқан хандығына қарамақшы болып, өз елшілерін жіберіп тұрған. Мысалы, қырғыздың сарыбағыш руынан АтакеТынайұлы, Ерқуат Есенқұлұлы, таластық қырғыздардың сару руынан Әжібек тарту-таралғымен елшілік жіберген. Қоқандықтардың Талас өңіріне бекінуіне 500 жасақпен көмек берген Әжібек би Әлшікенұлы 1838 жылы датқа нәміне және бүкіл таластық қырғыздарға билік етуге құқық алды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығы ірі мемлекетке айналды. Қоқан хандығының гүлденген тұсы 1800 – 1842 жылдар аралығы болып табылады. Хандықтың шекарасының кеңейіп, саяси жағынан күшеюіне Әлім хан (1799–1810), Омар хан (1810–1822) және Мәделі хан (1822–1842) көп еңбек сіңірді. Омар мен Мәделі ханның тұсында Ұлы жүздің негізгі бөлігі, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Сайрам секілді қалалары, қырғыздың Шу, Ыстықкөл, Нарын аймағы Қоқан хандығының құрамына қосылды. Қазақтар мен қырғыздардың Қоқан хандығы құрамына қосылуы қарсылықсыз да болған жоқ. Қоқандықтардың жорықтарына қарсы көтерілген қазақ, қырғыздың біріккен қолына 1821 жылы Рүстем төре Асфендиярұлы (Тентек төре) басшылық жасады. Көтерілісшілердің қатарын Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақ рулары мен таластық қырғыздар құрады. Көтерілісшілер Шымкент, Сайрам қалаларын алды, бірақ нақты әскери жоспардың болмауынан және ұйымшылдықтың жетіспеуінен 12 мың адамның қатысқанына қарамастан, көтеріліс жеңіліспен аяқталды. Тентек төре Омар ханның билігін мойындап, өзінің баласын Қоқанға кепілдікке жіберуге мәжбүр болды.

XIX ғасырдың 20 жылдары Талас бойындағы қазақтар мен қырғыздар да бірлесе Жаңақорғандағы қоқандық билеушілерге қарсы көтеріліп, бекіністі басып алады. Қоқандықтар мен қазақ, қырғыздың арасы кейде болмашы нәрселерге бола бұзылып, оның арты қарулы қақтығыстарға ұласқан кездер де кездеседі. Мысалы, қоқандықтар мен қырғыздың солто, сару секілді руларының арасындағы келіспеушілік ойламаған жерден шыққан. Солто руының бір балуан жігіті өзбек бегінің бір балуанымен күресіп, жеңілген өзбек балуаны абайсызда өліп кетіп, оның арты екі жақтың соғысына алып келген. Қырғыздар қоқандық әскерлердің қуғынына ұшырап, шамамен 1824 – 1825 жылдары қазақ жеріне, яғни Іленің оң жағалауындағы, Балқаш көлінің шығыс жағындағы өңірге қарай үдере көшеді. Қырғыз шежірелерінде

бұл үлкен көш «Ілеге жүріс» немесе «Қанайдың көшуі» деп аталады. Солто Қанай би бастаған бұл көштің ішінде Сарыбағыш Төрегелді батыр, Саяқ Атантай батыр мен Саяқ Тайлақ батырлардың ауылдары да бар болатын. Қанай би бастап келген қырғыз ауылдарына қазақтар алғашында пана болып, дулаттарды басқарған Әли төре қоқандықтар мен қырғыздар арасына ара ағайындыққа түссе керек. Алайда Іледегі қазақтар мен қырғыздар арасы барымтаға байланысты бұзылып, қырғыздар бірнеше жылдан соң, өз еліне қайта көшіп кетеді.

Нарындағы қырғыздардың қоқандықтарға қарсы көтерілісін 1830 жылы ағайынды Атантай мен Тайлақ батыр бастап шықты. Олар бастаған 1000-ға жуық көтерілісшілер Құртқа бекінісін қиратады. Тайлақ батыр жасағы Қоқан ханы Мәделі жіберген Арзы батыр бастаған 500 қолды жеңген соң, Мәделі қазақтың Едіге төресі бастаған қоқандық қолды тағы аттандырады. Едіге төре мен Тайлақ батыр қолы Сусамыр деген жерде кездесіп, қырғыздар жеңіске жетеді. Бірақ Тайлақ батырды қудалау тоқтамайды. Тайлақ батыр Қоқанға бағынуды қаламай, қазақ жеріне, анығырақ айтқанда, Іле бойына көшіп кетеді⁴⁴⁵. Бірақ мұнда көп тұрақтамай, қайта кері көшеді. ХІХ ғасырдың 30 жылдарының аяғында Пішпек түбіндегі қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтары бірлесе бас көтерді. Шерәлі ханның тұсында Бұқа бекінісін қоқандықтардан қорғау кезінде құрамалық Адайбай (Ғадайбай) мен Әбдірахман Бухари тама руын жинап, қатты қарсылық көрсетті⁴⁴⁶.

Қоқан хандары қазақ, қырғызды өз қарамағына алуда түрік сұлтанын ара ағайындыққа салуға әрекеттенді. Мысалы, Мәделі 1835 жылы Түркияға Захидқожа бастаған елшілігін аттандырып, елші арқылы Дешті-Қыпшақта, қазақ даласында орыс бекіністерінің салынуына алаңдаушылық білдіріп, қазақтарды солтүстіктен шабуылдап келе жатқан дұшпандарға қарсы көтерудің қажеттілігін мәлімдеді. Түркия басшысынан әскери нұсқаушылар жіберуді әрі өзін Дешті-Қыпшақ қазақтарының, Дешті-Алай қырғыздарының, Іле хандарының үстінен қарайтын хандардың ханы деп бекітуін сұрады. Түрік сұлтаны қоқандық елшілердің өтінішін қабыл алады.

Қоқан хандығының құрылу үрдісі ХVІІІ ғасырдың басында Ферғана аңғарында басталып, ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде, Әлім хан және Омар хан тұсында аяқталды. Осылайша ХІХ ғасырдың

⁴⁴⁵ Бейшеналиев Ш. Тайлақ баатыр. – Бишкек: Учкун, 2003. – 56 б.

⁴⁴⁶ Набиев Р.Н. Из истории Кокандского ханства (феодалное хозяйство Худояр-хана). – Ташкент: Фан, 1973 – С. 32.

басында дербес мемлекет ретіндегі Қоқан хандығының шекарасы солтүстігінде – қазіргі Қазақстанның оңтүстік шекараларымен шектесіп, Бішкек, Тоқмақ, Әулиеата, Шымкент, Түркістан шебін құрады; батысында – Жизақ, Пешоғар, Ұратөбе, Зомин бекінісі шебі болды; оңтүстікте – Зеравшан аңғары және Шахрисабз иелігімен, Қаратегін, Куляб, Бадахшанмен, ал шығысында – Қытаймен шектесті, Қашқарға Қытайдан гөрі Қоқан ықпалы басымырақ болды.

1822 – 1842 жылдары ел билеген Мәделі хан (Мұхамед Әлихан) Қашқарға әскер кіргізіп, 20-30 жылдары қазақ, қырғыз жерімен шектес жатқан Шығыс Түркістанда ұлт-азаттық күрес басталды. ХІХ ғасырдың 30 жылдарында Қоқан хандығы мен Қытай арасында бейбіт келісім жасалды, бірақ Шығыс Түркістандағы саяси жағдай күрделі болып қала берді. Қоқан хандығының Шығыс Түркістандағы саясатына қазақтар да, қырғыздар да қолдау көрсетіп, өзге мұсылмандар жағында күреске тартылды. Ташкент иелігін қоқандықтар алған соң ерлігімен танылған қазақ-қырғыз батырлары Қоқан хандығы әскерінің құрамында қызмет етті. «Әуелі Әлім хан, соңынан Омар хан үш еркектің бірі әскер болуға тиіс деп жар салып, «үштің бірі ханың» деген сөз осыдан қалған»⁴⁴⁷, – деп көрсетеді Қ. Халид. Мұнан бұрынғылар әскерге өз еркімен жазылып, қазынадан маяна (төлем) алатын болған». Қоқандықтар қажет кезде қазақтардың басшыларына шапан жауып, жігіттеріне ат-құрал беріп, «қылқұйрық» етіп тағайындайтын болған. «Қылқұйрық» деп атқа мінуге жарамды еркектердің бәрін жаппай майданға шығаруды атаған. Мысалы, Ташкенттің бектер бегі Мұхамед Шариф Аталық (Бұхар әмірі Насрулла тағайындаған) қоқандық Шерәлі ханға қарсы шанышқылыларды «қылқұйрық» етіп шығарған⁴⁴⁸. Сондықтан да қоқандықтардың соғыс жүргізу әдісі де қазақ, қырғызға етене таныс болды. Қоқандықтардың соғыста зеңбіректі пайдалана ұрыс жүргізіп, әскери жағынан да, экономикалық қуаттылығы жағынан да басым түсуі қазақтар мен қырғыздардың оларға бас июіне және санасуына мәжбүр етті. Б. Солтоноевтың көрсетуінше, қырғыздар мен қоқандықтарды жақындастырған мынадай себептер болған: Ферғана қырғыздарының қоқандықтармен жақын араласып, биліктен орын алуы; арқа қырғыздары қалмақ, қазақтан қысымшылық көрсе, Ферғанаға қашып барып, бас сауғалауы; егін өнімінен қысылса, Ферғанадан алуы; сауда-саттық қатынастардың да Ферғанамен

⁴⁴⁷ Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 21 б.

⁴⁴⁸ Сонда. С. 21

белсендірек жүруі. Осыған ұқсас себептер қырғыздарды ғана емес, қазақтарды да қоқандықтармен жақындастыра түсті. Қоқандықтар Омар ханның кезінен қырғыз, қазақ жеріне бекіністер тұрыза бастады. Бұл қорғандарда әскер тұрып, басқарушы ұлықтары алым-салық, зекет-күшпыр жинап тұрды. Қоқандық бекіністерде мешіттер, мектеп, медреселер, сауда орындары, керуен-сарайлар, шеберханалар, сондай-ақ тұрмысқа қажетті нысаналар салынды. Қоқан хандарының бірі – Омар ханды Қ. Халид: «Ғалымдар Омар ханды замандасының әділі, қатарының білімдісі, Шаһрух тұқымының бәрінен артық қадірлі, өткір, ақын, сөзге шешен, тіпті, Бабыр тұқымында ғылым мен білімі жеке дара, мінезі келісті адам еді дейді. Оқу жүйесіне жанашыр болған, парсы мен түркі өлеңдерін, риторика ғылымдарын да енгізген. Оның өлең мен өнерді бағалағаны соншалық, өте алыс елдердегі танымал өнерпаздар мен ғалымдар келіп, қызметінде болған. Халық үшін еңбек етіп және аса ірі тарихи іс – Қоқан қаласында мешіт-медреселер салдырғаны үшін ел аузында «Омар хан жаннат мақон» (Омар хан мекені жанат) деген ел аузында мәтел қалған»⁴⁴⁹, – деп сипаттайды. Ал Омар ханның тағына отырған мұрагері – Мәделі ханды да ел мақтап, «Маадил хан» (әділетті хан) деп атаған. Қашқардағы Жаһангер қожаның жеңісі Мәделі ханның тұсында болып, ханның Қашқарға барып, қытайлықтармен соғысып, «ғазы» атағын да алады. Поляк революционері А. Янушкевич Қоқан хандығында жастық шағы өткен Әли төре Әділұлы Абылай хан немересінің мұсылманша жоғары мәдениеттілігіне, шешендігі мен терең ойшылдығына таң-тамаша қалғанын жазған еді. Бұл Қоқан хандығының қазақ, қырғыз арасына мұсылмандық мәдениеттің таралуында ықпалының зор болғанын көрсетеді. Мәделі хан өлген соң, сарт, қырғыз, қыпшақтар бірлесіп, ортасынан Шерәлі Ажыбекұлын хан көтереді⁴⁵⁰.

1842 – 1876 жылдар аралығы Қоқан хандығының саяси-әлеуметтік өмірінің дағдарысты кезеңі болып табылады. Дегенмен де хандықта 1842 – 1852 және 1863 – 1865 жылдары қыпшақтардың үстемдігі орнап, қоқандықтар «қыпшақтар» деп атала бастаған.

XIX ғасырдың 50 жылдары дулаттың Диқанбай биі орыс шенеуніктеріне қыпшақтарды өздерінің халық басшылары ретінде қабылдайтынын жеткізеді⁴⁵¹. Жалпы қоқандықтарға ыңғай танытқан қазақтар мен қырғыздардың көбі оларды қыпшақтар –

⁴⁴⁹ Сонда. 15 б.

⁴⁵⁰ Сонда. 20 б.

⁴⁵¹ ҚРОМА. 3-к., 1-т., 339-іс. 18-п.

бауырлас, өзімізбен түбі бір халық деп таныды. Дулаттарды басқарған Әли төре, Діқанбай би т.б. сол уақыттағы орыс билеушілеріне жолдаған мәлімдемелерінде қоқандықтарды көбіне «қыпшақтар» деп атайды. Қыпшақтардың Қоқан хандығының саяси өмірінде маңызды рөл атқарғаны белгілі. Венгриялық саяхатшы Вамбери қыпшақтардың 80 жыл бойы хандықтағы биліктің тұтқасын ұстағанын және билік басындағылар өздерінің түп атасын Шыңғыс ханнан тарататынын жазады. Вамбери қыпшақтардың хан көтеру әдет-ғұрпын да суреттеп береді: «Ханды ақ киізге отырғызып, ол 4 тарапқа: солтүстік, оңтүстік, батыс және шығысқа қаратып садақ атады. Мұндай әдеп-ғұрып Венгриядағы корольді таққа отырғызу салтанатына ұқсас екен, король болса, қылышпен 4 жаққа қарай сілтейді». Қоқандық тарихшы Мирзоолим Мушриф өзінің «Қоқан хандығының тарихында» қыпшақтардың Шерәлі ханды, Құдияр ханды, Болат ханды ақ киізге отырғызып, хан көтергенін жазады⁴⁵². 1865 жылы Сұлтансейіт ханды ақ киізге салып, Ташкентте қайта хан көтергенде қазақтан Сыздық төре Кенесарыұлы, Арслан төре Күшікұлы және қырғыз өкілдері қатысқан⁴⁵³. Мирзоолим Мушрифтің «Киіз туырлықтылар бас көтерді, бүлік салды, қырғыз-қыпшақ үкіметке дау шығарды»⁴⁵⁴ деген өлең жолдары да қыпшақтардың көшпелі елді біріктіруге, өздерін қолдауға шақырғанда Шыңғыс ханның «Киіз туырлықты бірігіндер» деген әйгілі ұранын ұтымды пайдаланған ба деген ойға жетелейді. Қазақ тіліндегі «Түбіміз бір киіз туырлықты, ағаш уықты ел едік» деген тұрақты сөз тіркестері де осы жайды аңғартқандай. Қазақтар XVII ғасырда-ақ өздерінің тұрақты шабуылдарымен Ферғана өлкесіне бақылау орнатты⁴⁵⁵. XVIII ғасырда Ферғанаға көрші облыстардан түрлі қолайсыз тұрмыс жағдайына байланысты көшпелілер де, отырықшы тұрғындар да қоныс аудару бастады. Қоныс аударушылар арасында самарқандықтар, қырғыздар, қазақтар, ұйғырлар, қарақалпақтар және т.б. болды. Қыпшақтар өздеріне Шығай Барақұлын хан сайлап алып, ол 1848 жылы Наманганды иеленіп

⁴⁵² Мирзоолим Мушриф. Ансобус-салотин ватаворихул-хавокин (Қуқонхонлиги тарихи). – Тошкент: Фафур Ғуломномидаги Адабиёт васанъат нашриёти, 1995. – 94 б.

⁴⁵³ Соколов Ю.А. Ташкент, ташкентцы и Россия. – Ташкент: Узбекистон, 1965. – с. 153.

⁴⁵⁴ Мирзоолим Мушриф. Ансобус-салотин ватаворихул-хавокин (Қуқонхонлиги тарихи). – Тошкент: Фафур Ғуломномидаги Адабиёт васанъат нашриёти, 1995. – 92 б.

⁴⁵⁵ Бейсембиев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. – Алма-ата: Наука, 1987. – с. 17.

тұрған⁴⁵⁶.

Қоқан хандығындағы осы қыпшақтарды зерттеушілер арасында қазақтар⁴⁵⁷ деп те, қырғыздар⁴⁵⁸ деп те атаушылар бар. «XVIII ғасырда болған Бұқарадағы лаң (бүлік) кезінде және жоңғарлардың шабуылына байланысты дұшпандардан қорғану мақсатында Ферғана алқабында әр түрлі этникалық топтар қоныстанды. XVIII ғасырда хандықтағы өзбектер мен тәжіктердің де, қырғыздардың да сан жағынан салмағы бір қалыпта болмады. Ферғанаға жер ауып келген, сан жағынан өте көп болған (250 мыңға таяу) қыпшақтардың есебінен өзбектердің саны арта түсті. Шындығында, әдет-ғұрпы, шаруашылық кәсібі жағынан Ферғана қыпшақтары өзбек, тәжіктерге қарағанда, қырғыздарға жақындау болатын. Бірақ қырғыздарға қарағанда қыпшақтар рулық ұйымшылдығын сақтаған және ұсақ бөлімдерге бөлінуден сақтанған тұтас топ еді», – деп түйіндейді қазақ тарихшысы Р. Бекназаров.

XVIII ғасырдың басында жоңғар шапқыншылығы салдарынан қыпшақтардың басым бөлігі Ферғана аңғарына қоныс аударуға мәжбүр болды. Кіші жүз – батысқа, Хиуаға және Жайық пен Ембінің сол жағалауына, Орта жүз – Орталық Азияның орталық бөлігіне, Зеравшан аңғарына қарай көшті, Ұлы жүз жоңғарларға тәуелді болып қалды. Сырдың төменгі және орта ағысында көшіп қонатын қазақ-қыпшақтар өзге қазақ руларымен және қарақалпақтармен бірге екі бағытта көшті: бірі Сырдария бойымен жоғары көтеріліп, Ташкент оазисіне және Мырзашөл далаларына қарай, екіншілері Зеравшанның орта бойына жылжыды. Бірақ бұл аудандарда қыпшақтар мен қарақалпақтар келгенге дейін отырықшы және жартылай отырықшы құрама, қырық, жүз, мың т.б. топтар бар еді, сондықтан қыпшақтар XVIII ғасырдың 20-30 жылдары Солтүстік Ферғанаға көшуге мәжбүр болды. Қыпшақтардың аз ғана бөлігі Ташкент оазисіне қалып кетті. Қарақалпақтар болса, Орталық Ферғананың далалық аудандарына орналасып, сол өңірді «Қарақалпақ даласы» деп атандырып жіберді⁴⁵⁹.

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында Ферғана аңғарына келіп, өзбек-қыпшақтардың құрамына кірген қырғыз-

⁴⁵⁶ Валидов А.З. Некоторые данные по истории Ферганы XVIII столетия // ПЗТК-ЛА. Год 20-ый. – Ташкент: 1916. – Вып. 2. – С. 114-115.

⁴⁵⁷ Этнографическое обозрение. – М., 1895. – № 3. – с. 81-82.

⁴⁵⁸ Туркестанская область. Заметки ст. советника Бекчурина // ТС. – 1873. – Т.67. – с. 24.

⁴⁵⁹ Шониёзов К. Узбек халқинин гшаклланиш жараёни. – Тошкент: Шарқ, 2001. – 76.

қыпшақтар да Оңтүстік Қазақстан далаларынан келген. Олардың Оңтүстік Қырғызстанға өту жолы әртүрлі болған. Әйтсе де қыпшақтардың басым бөлігі Ферғанаға Сырдарияны бойлай жылжып жеткен. Ферғана қыпшақтарының кейбір бөлігі қырғыз-қыпшақтарға ХІХ ғасырдың 50-60 жылдары Құдияр ханның қудалауы кезінде қосылса, қырғыз-қыпшақтардың келесі тобы ХVІІІ ғасырда қазақ даласынан Солтүстік Қырғызстанға Шу өзенін жағалай жеткен және Шудың жоғарғы ағысы бойына, Ыстықкөл маңына қоныс тепкен, кейбірі Қашқарға кетті. Қырғыздардың жоңғар шапқынына шыдай алмай, Қырғызстанның солтүстік және оңтүстік-шығысынан оңтүстікке және оңтүстік-батысқа қарай жылжуы оқиғасы қырғыз ауыз әдебиетінде «Қазақ қайың сауып, қырғыздың Ысар (Гисар), Кулепке (Куляб) кіргені» деп аталады⁴⁶⁰. Ал қазақтар жер ауып, көшуге мәжбүр болған сол заманды «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп атағаны белгілі. Қ. Халид басқа жерге таралып кеткен қыпшақтардың қытай-қыпшақ, қырғыз-қыпшақ деп аталатынын, қырғыз-қыпшақтар – Қашқария маңындағылар, ал Қоқан, Ош, Марғұлан жақтағылар қытай-қыпшақтар екенін, бұлай аталу себебі көршілеріне байланысты шыққанын ескерте келіп, Ферғанада қытай-қыпшақтан шыққан Мұсылманқұл, қырғыз-қыпшақтан шыққан Молда Әлімқұл деп мәлімдейді және басқа қауыммен араласпағандар саф таза қыпшақтар деп көрсетеді⁴⁶¹. Қыпшақ Мұсылманқұл ХVІІ ғасырдың аяғы – ХVІІІ ғасырдың басында Ферғанадағы қыпшақтардың басты руына айналған тармағы – құлан-қыпшақтарды бастап, Қоқан хандығының саяси өміріне белсене араласып, өзіндік із қалдырды. Құландардың кейбір бөлігі қыпшақ тайпасы құрамында Қазақстанда қалды⁴⁶². Қырғыздың чоңбағыш тайпасының құрамында да құлан руы болған.

Қыпшақтар субэтностының құрамында Ұлы жүздің рулары да көп болды. Сол себепті қыпшақтарды Ұлы жүздің бір руы⁴⁶³ деп танығандар да болды. Сыр бойынан Оңтүстік Қырғызстан жеріне барған қазақ-қыпшақтардың кейбір бөлігі қырғыздармен көрші тұрып, қырғыз-қыпшақ тобын құраған. Өзбек халқының шығу тегінде қыпшақтардың

⁴⁶⁰ Абдырахманов Ы. Казак кайынсаап, кыргыздын Ысаргакиргени // ҚырРҰҒАҚҚ. – Инв. № 202/414. – 3 б.

⁴⁶¹ Халид К. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 64-65 бб.

⁴⁶² Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец ХІХ – начало ХХ в.). – Алматы: Наука, 1968. – С. 75.

⁴⁶³ Показание сибирских казаков Милюшина и Батыршкина, бывших в плену у коканцев с 1849-го по 1852-й год // ТС. – 1886. – Т. 384. – С. 25.

алатын орнын орта ғасырлардан бері қарай тарқата отырып, арнайы зерттеген өзбекстандық ғалым К.Ш. Шаниязов XVIII ғасырдың басында Ферғанаға жоңғарлардан ығысып, «Ақтабан шұбырынды» жылдарында келген қыпшақтардың Орта жүз құрамындағы қыпшақтар екенін көрсетеді және Ферғанадағы қыпшақтар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында 4 ірі топқа: таза-қыпшақ, қырғыз-қыпшақ, қытай-қыпшақ және сарт-қыпшақ болып бөлінгенін, таза қыпшақтардың XVI-XVIII ғасырларда Сырдың төменгі және орта ағысы бойынан келгенін және олармен қатар Ферғанаға жеткен Ұлы жүздің үйсін, шапырашты, ұштаңбалы, сіргелі, Кіші жүздің жағалбайлы, алшын, Орта жүздің арғын (қаракесек), найман және тағы басқа рулардың қыпшақтар аталып кеткенін деректер негізінде дәлелдеп береді. Ферғанадағы қыпшақтар құрамына кірген қазақ, қырғыздар өз руының ұранын шақырып, соғысқа кірген. Мысалы, Ферғанадағы қазақ-қыпшақтар «Айбас» (Айбас батыр) деп ұрандаған. Кей рулар, мысалы шапыраштылар, қыпшақтар құрамына кірсе де өздерінің бұрынғы ру атауын сақтап қалды. Қазақ-қыпшақтар Ферғана аңғарының солтүстік өңірін, ал қырғыз-қыпшақтар Ферғананың шығыс және оңтүстік аудандарын қоныстанды. Әр түрлі рулардың қыпшақтар төңірегіне топтасып, сол тұста Ферғанадағы қыпшақ бірлестігін құруы жоңғарлар шапқыншылығынан мал мен жанды, жаңа ие болған қонысты қорғау қажетілігінен туындаған. Түркиялық ғалым М. Сарайдың саяси ахуалдарға орай бірлесе отырып, жергілікті халықпен де біте қайнасқан қыпшақтар Ферғана өлкесінде «Дешті-Қыпшақ қазақтары» иелігін, яғни Қазақ-қыпшақ иелігін құруға ұмтылды деген тұжырымы орыс тілді құжаттармен де дәлелдене түседі. XIX ғасырдың 40 жылдары Тойшыбек бекінісінде тұрған қоқандық әскерлердің басшысы Аққұлы орыс әкімшілігіне жазған хатында билік басына қыпшақтардың келгенін және олардың енді Абылай хан тұсындағы қонысты, Көкшетауға дейінгі жерлерді азат ететінін баян етсе⁴⁶⁴, 1825 жылы Омбыға келген қоқандық елші С. Сұлтанбеков Батыс-Сібір генерал-губернаторына Ертістің бергі беті ерте кезден біздікі болатын деп мәлімдеген⁴⁶⁵. «Хандықтың басқару жүйесін қолға алған қыпшақтар орыстарға жау болып тұр»⁴⁶⁶, – деп көрсетеді сол тұстағы орыс әскери кеңесшісі Осмоловский.

Ферғанадағы қыпшақтар көшпелі және отырықшы түркілердің

⁴⁶⁴ РФ ООМА. 366-қ., 1-т., 240-іс. 39-п.

⁴⁶⁵ РФМА. 792-қ., 1-т., 11-іс. 7-п.

⁴⁶⁶ ӨРОМА. 715-қ., 1-т., 20-іс. 596-п.

арасында байланыстырушы буын қызметін де атқарды⁴⁶⁷. Олар айналасындағы өзге түркі тілдес халықтармен жеңіл тіл табысып, некелік қатынастар және құда-жекжаттық, туыстық қатынастар орната білді. Мысалы, Қыпшақ Мұсылманқұлдың анасы да, жары да қырғыз қыздары еді. Қоқан хандығының атты әскері негізінен қазақ, қырғыз жігіттерінен тұратынын, қазақтар Қоқан хандығы халқының ең көп бөлігін құрап, бақуатты тұрмыс-тіршілік кешіп жатқанын, қоқандық қазақтардың Әзіреті Түркістанда немесе басқа жерлерде өздері тұрмаса да үйлері бар екенін 1863 жылы қоқандық қазақтармен жүздескен венгриялық саяхатшы А. Вамбери жазған еді. Дегенмен Қоқан хандығы құрамындағы қазақтардың саны қанша болғанын дәл айту қиындау. А. Вамбери олардың санын сұрағанда қазақтар: «алдымен даладағы құмды сана, содан соң бізді сана» деп күле жауап беретін еді», – дейді. Л.Ф. Костенконың мәлімдеуінше, Ферғана аңғарында ХІХ ғасырдың аяғында 70 мыңдай қыпшақ тұрған⁴⁶⁸, ал 1917 жылғы санақтың нәтижесі бойынша, қыпшақтар 42 мыңнан асқан, олардан бөлек ішкі (ичкилик) қырғыздар құрамына кірген қырғыз-қыпшақтар 6 мыңдай болған⁴⁶⁹. Ішкі қырғыздар деп оңтүстік аймақтағы, ал сыртқы (арқалық) қырғыздар деп солтүстіктегі қырғыздар аталған. Қырғыздар тұрған аймағына қарай үш топқа: оңтүстіктегілер – қыпшақ-қырғыз, солтүстіктегілер – қызыл қырғыз, Талас өңіріндегілер – ырдана қырғыз деп бөлінген⁴⁷⁰.

ХІХ ғасырдағы қоқандық және хиуалық тарихшылар сол тұстағы қазақ даласын «Дешті-Қыпшақ» деп атауы да тегін емес. «Дешті Қыпшақтың» көлемі орта ғасырларда Ертістен Еділге дейінгі ұлан-байтақ жерді қамтыған⁴⁷¹. Тарихи жадыны жаңғырта отырып, қыпшақтар өздерін орыстар жойып жіберген Қазақ мемлекетінің мұрагері ретінде танытуға әрі қазақ, қырғызды басқыншыларға қарсы азаттық жолында күреске үндеп, бір орталыққа біріктіруге ұмтылғаны

⁴⁶⁷ Ша Роберт. Очерки Верхней Татари, Яркенда и Кашгара (прежней китайской Татари). – СПб.: Тип. М. Хана, 1872. – с. 30-32.

⁴⁶⁸ Костенко Л.Ф. Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского округа: в 4 т. // Материалы для географии и статистики России. – СПб.: Тип. А. Траншеля, 1880. – Т.1. – с. 326.

⁴⁶⁹ Материалы Всероссийских переписей 1920 г. Перепись населения в Туркестанской республике. Сельское население Ферганской области по материалам переписи 1917 г. – Ташкент: ЦСУ Туркеспублики, 1924. – Вып. 4. – с. 42-55.

⁴⁷⁰ Хасанов А. Очерки по истории Киргизии. – Бишкек-Москва, 2004. – с. 180.

⁴⁷¹ Ахинжанов С. М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – с. 288-299.

байқалады. Бұған тарихи тамырластық, ортақ дін, ортақ тіл, ортақ ділдің, тіпті сыртқы жауларының да ортақ болуы өз септігін тигізді. Қоқан хандығы жерінде, яғни Ферғанада қырғыз, қазақтың және басқа түркі тілді халықтардың қыпшақтар төңірегіне бірлесіп, бас қосуы, сөйтіп, қыпшақ субэтносын құрауы да қазақ, қырғыз билеушілерінің коқандық саясатты қолдауына игі ықпал етті. «Қыпшақтардың түрі көне түріктерге келеді, тілі, әдет-ғұрпы да көне түркі дәстүрлерін сақтап қалған. Аз санды екеніне қарамастан, қыпшақтар Қоқанның саяси істеріне үлкен ықпал етеді. Олар хандарды тағайындайды да, түсіреді де. Көздері қысыңқы, сақалсыз, жақтары шығыңқы, моңғолдарға ұқсайды. Бойлары аласа, бірақ аса сымбатты және епті. Батылдығы жағынан Орта Азиядағы өзге ұлттардан көш бойы озық тұрады. Олардың түркілік тілінен бірде-бір араб, я парсы сөзін естіп, таппадым», – дейді Вамбери. Қоқан хандығының атты әскерінің қолбасшысы сердар деп аталған. Қазақтардан Арслан Күшікұлысердар атағын алған⁴⁷².

Ол дулат, арғын, қыпшақ және т.б. рулардан құралған атты әскерді басқарды. XIX ғасыр басында Әлім ханның, содан соң Омар хан тұсында толықтырылған Алтын бесік туралы идеологиялық шежіреде Қоқан хандарының түпкі тегін Шыңғыс ханнан таратуға ұмтылушылық байқалады, кейінірек Алтын бесікке өзге де түрік тілдес халықтардың қатысы бар екені негізделіп, хандық барлық елдерге тиесілі екенін растауға әрекет жасалады. Сөйтіп, қоқандық хандар өзбек, қырғыз, қыпшақтардың ынтымақтығын бекемдей түсуге шежірені пайдалануға әрекеттенді⁴⁷³. Екінші жағынан, осы идеологиялық баянның өзі Қоқан хандығы өз қарамағында жасаған елдердің біріккен мемлекеті болғандығын растайды. Қырғызстандық зерттеуші К. Молдокасымов Қоқан хандығына қырғыз тарихшыларының көзқарасы жөнінде былай деп пікір білдіреді: «Қазіргі кезде Қоқан хандығының тарихы жаңа бағытта зерттеле бастады. Оның қырғыз еліне де қатыстылығы, қырғыздардың жекелеген тұлғалары хандықты басқаруға белсенді араласқандығы айтылып, қоқандықтар кезінде қырғыздардың отар ел катары бас көтергісіз жағдайда өмір сүргендігі туралы тұжырымдар

⁴⁷² Соколов Ю.А. Ташкент, ташкентцы и Россия. – Ташкент: Узбекистон, 1965. – с. 141.

⁴⁷³ Бейсембиев Т.К. Легенда о происхождении кокандских ханов как источник по истории идеологии в Средней Азии (на материалах сочинений кокандской историографии) // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI – XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – с. 94-105.

дұрыс емес деп дәлелденуде»⁴⁷⁴. Расында өздерінің экономикалық жағдайын нығайта түскен Ферғана өңіріндегі қыпшақ ақсүйектері хандықтағы жоғары лауазымдарды иеленіп, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын жүргізуге зор ықпал жасады. Қоқан хандары қырғыз, қазақ қыздарына үйленіп, олармен тығыз туыстық қатынас орнатты. Қырғыздың тарихшы ғалымы Д.Б. Сапаралиев Қоқан хандығын конфедеративті мемлекет болған деп дұрыс бағалайды. Қоқан хандарының қазақ, қырғызды жерінен қумағандығы осындай ойға жетелейді.Ш. Уәлиханов қырғыздар мен қазақтарды Қоқан хандығының билігін толық мойындап, оның құрамында жасағандар және оны мойындағандар деп екіге бөліп, біріншілер Қоқан хандығында өзбектермен бірдей құқыққа ие болғанын, хандықтың қызметіне кіріп, әскери және азаматтық билік орындарын иеленгендігін, екіншілері зекет салығын төлеп, керек кезде ғана әскерге адам беруге міндеттенгенін жазған болатын. Олардың алғашқыларына Ш. Уәлиханов Алай таулары мен Ферғана аңғарындағы қырғыздардың адыгене, ішкілік, найман руларын және Ұлы жүздің Ташкент маңында көшіп-қонатын шанышқылы, қатаған, қаңлы руларын жатқызады. Шанышқылылар мен қатағандар Ташкент бегі әскерінің негізін құрады деп көрсетеді.Ш. Уәлиханов Іленің сол жағалауындағы қазақтар бәрінен де қоқандықтардың ықпалына көбірек берілді дейді. Мұрағаттық құжаттарда Ферғанадағы қыпшақтардың Қоқан ханы тағына отыр деп Рүстем төре Асфендияровты шақырғаны туралы да мәлімет кездеседі⁴⁷⁵. Ал Әли төренің әкесі Әділ төре Абылайханұлының Қытайға бағынбаймын деп Ташкентке көшіп барып, Қоқан ханы Омар ханға бағынатынын білдіргені жоғарыда айтылған еді.

Қазақ, қырғыздардың орыс жаулаушылығына қарсы күрескен кезі көбіне Құдияр ханның билік еткен тұсына сәйкес келеді. Құдияр ханның әкесі – Қыпшақ Шерәлі хан, ал шешесі – қырғыз қызы Жарқынайым еді. Құдияр таққа алғаш 13 жасында Қыпшақ Мұсылманқұлдың жәрдемімен отырған және Құдиярдың жас болуына байланысты 1853 жылға дейін Қыпшақ Мұсылманқұл жүргізді. Қыпшақ Мұсылманқұл жаңа жерлерді игеру, каналдар қазу, суландыру, көпірлер мен мәдени-көпшілік орындар салдыру жұмыстарын жолға қоюға күш салды. Мұсылманқұл өзінің дара қолбасшылық қабілетімен,

⁴⁷⁴ Молдокасымов К.С. Кокон доорундагы кыргыз мемлекет түлүгү // Асылзат. – 2002. – № 26 (94). – қазан.

⁴⁷⁵ ҚРОМА. 374-к., 1-т., 2902-іс. 17-п.

ел басқарудағы көрегендігімен көзге түсіп, «ұлы уәзір» атанды⁴⁷⁶. «Жартылай көшпелі тайпа өз арасынан Қоканның жаңа тарихындағы екі көрнекті қайраткерді – Мұсылманқұл мен Әлімқұлды шығарды, – деп жазды орыс әскери шолушысы. – Мұсылманқұл елді ақыл-біліктілігімен басқарды»⁴⁷⁷. Бірақ қыпшақтар арасында жікшілдіктің тууы себепті Мұсылманқұл өз тобының мүддесін көп күйттеп кетіп, қарсыластарын көбейтіп алды. Мұның соңы 1853 жылдың басындағы «қыпшақтар қырғынына» әкеліп соқтырды. Қыпшақтарға қарсы топ – ташкенттік және ферғаналық жер иеленуші және қалалық ақсүйектер Құдиярды нақты билеуші ете отырып, өз мүдделерін қорғамақ болды. 1852 жылдың аяғына қарай Мұсылманқұл 600 қыпшақпен бірге дарға асылды. Қыпшақтар Әлімқұлдың билігіне дейін шешуші дауысқа ие бола алмай қалды. Сарай төңкерістерінің жиі болғанына қарамастан, отарлық езгіде қалған қазақтар мен қырғыздар Қокан хандығының көмегіне үмітпен қарады.

Құдияр ханды орыстар Орынборға келіссөзге шақыртып алып, қамауға алғанда, оның қашып шығуына қазақтар жәрдем берген. Әсіресе Кіші жүздің шекті руынан шыққан би әрі батыр Әзберген Мұнайтпасұлы үлкен белсенділік танытқан⁴⁷⁸. Сол үшін Құдияр хан қарындасы Кенжені Әзбергенге қосқан. Ұлы жүздің Ботбай Тойшыбек батыры да Құдияр ханға құда болып келеді. Ол қызы Данагүлді Құдияр ханның ұлдарының біріне ұзатқан. Қокан ханының ордасында қызмет еткен қырғыздан шыққан тарихшы Мағзуни (ЗиябидинМаксым) Құдияр ханның айтуы бойынша жазған «Ферғана хандарының тарихында» Қыпшақ Мұсылманқұлдың қазақ төрелерімен құда-жекжаттық туыстық қатынастар орнатуды жақтағанын⁴⁷⁹ баяндайды. Құдияр ханның бір әйелі қазақ төресінің қызы болған және оны Қокан ордасындағылар шын атын атамай, «Төреайым» деп құрметтеген⁴⁸⁰. Қазақтың белгілі Бодабай ақыны Молда Мұса Байзақұлымен айтысында қокандықтарды қыпшақтар деп жақын тұтатынын көрсетеді⁴⁸¹.

⁴⁷⁶ Набиев Р.Н. Из истории Кокандского ханства (феодалное хозяйство Худояр-хана). – Ташкент: Фан, 1973 – с. 47.

⁴⁷⁷ Военные действия против кокандцев в 1875 и 1876 гг. // ВС. – 1891. – №8. – с. 3.

⁴⁷⁸ РФ ОрОМА. 6-к., 17-т., 231-іс. 23-п.

⁴⁷⁹ Мағзуни. Ферғана хандарының тарихы / чағатай тилинен которгон Молдо Сабыр, О. Соорон-сопу. – Бишкек: Турар, 2007. – 190 б.

⁴⁸⁰ Сонда. 191 б.

⁴⁸¹ Молда Мұса Байзақовтың материалдары // ҚР БЖҒМ ӘЖӨИҚҚ. – 1102 бума.

Жалпы алғанда, қазақтар мен қырғыздар Қоқан хандығының негізгі халқын құрады және оның құрылуы мен саяси жағынан нығая түсуіне де тікелей араласты. Қоқан хандығы әкімшілік-территориялық жағынан уәлаяттарға бөлініп басқарылғаны белгілі. XIX ғасырдың басында уәлаяттың шекарасы жерге салық жинау аумағымен айқындалды. Уақыт өте келе хандық құрамына көшпелі аудандардың қосылуы және хан билігінің орталықтандырылуы нәтижесінде уәлаяттар ірі қала аттарымен байланыстырыла аталады. Себебі, уәлаяттар ірі қалалар маңындағы аудандарды қамтыған еді. Мысалы, ең үлкен уәлаяттар қатарында Әндіжан, Балықшы, Марғилан, Ташкент, Төрөқорған, Түркістан, Ұратөбе, Ходжент, Шымкент, Шуст саналды. Орыс шенеунігі А. Кун Құдияр хан кезінде 15 уәлаят болды деп көрсетеді⁴⁸².

Уәлаятты басқарушы бектер мен хәкімдерді хан өзі тағайындаған. Бек түрік сөзі, яғни билеуші дегенді, ал хәкім бастық дегенді білдірген. Бек пен хәкімнің билігі бірдей болған, тек бектер хан тұқымынан болатын, ал хәкімдер қара халықтан шыққандар еді. Хәкімдердің 2 көмекшісі: азаматтық істерді басқарушы – саркер және әскерді басқарушы – батыр басы болды.

«Бектік Марғұланда, Наманганда, Әндіжанда, Шахриханда, Шусте, Ходжакентте, Ұратөбеде, Кереушіде, Ташкентте, Шымкентте, Шыназда, Түркістанда, Ақмешітте, Меркеде, Пішпекте, Тоқмақта және қазақ даласында Ақмолаға баратын жолда, Иткешуде болды. Әрбір бектіктің өз әскері және бекінісі болды»⁴⁸³, – деп баяндайды Қоқан хандығы тарихын жазған Саттархан Әдіғаларов. Қоқандықтардың билік жүргізуінің өзіндік ерекшелігі болды. Жергілікті биліктіру басылары, манаптар, сұлтандар, билер өздері жүргізді және өзі басқаратын еліне, жеріне қатысты істі өздері қарады. Дегенмен де қоқандықтар қазақ, қырғыз билеушілеріне өз лауазымдарын беріп, басқаруды жеңілдетуді көздеді. Қоқан хандығындағы лауазымдар мен шендерді арнайы зерттеген өзбекстандық тарихшы Ш.Х. Вохид хандықтағы лауазым мен шенді дәрежесіне қарай және қызмет түріне қарай 4-ке бөліп қарайды: 1) әскери және әскери-әкімшілік лауазым мен

– 62 б.

⁴⁸² Кун А. Очерк Коканского ханства // ИРГО. – СПб.: Тип.В. Безобразова, 1876. – Т.12. – Отд. 2. – с. 7.

⁴⁸³ Краткий очерк внутреннего состояния Кокандского ханства перед завоеванием его русскими Саттар-хана Абдул-Гафарова // ТВ. – 1892. – 30 июня. – с. 108.

шен-мансаптар; 2) сарай лауазымы мен мансаптары; 3) діни лауазым мен мансаптар; 4) қазихана мен махкамалардағы лауазым мен мансаптар⁴⁸⁴.

Жетісудағы Ұлы жүз қазақтарына зекет жинаушылар алғаш Мәделі хан кезінде келген. Осы ханның тұсында қырғыздың қалша руынан шыққан іскер де батыл Мұхамедәлім құсбегі Ташкент билеушісі болып тағайындалып, алғаш рет зекет жинауға шыққан еді, қарулы қолмен құсбегі алғаш қырғыздарды, содан соң қазақтарды алды. Жырғалаң өзенінің бойын жайлаған бұғыларды зекетті төлемегені үшін құсбегінің өзі бас болып тонады, оның әскерінің құрамында Ұлы жүздің қазақтары және қырғыздың солто, сарыбағыштары болды. Құсбегі Ыстықкөлде, Теріскей аңғарында Қарақол қорғанын тұрғызды. Сарыбағыш манабы Орманның, Ұлы жүз дулаттарының төресі Әли Әділұлының, жалайырлардың биі Балғынның паруанашы дәрежесі болған. Қоқандықтар орыстар келгенге дейін осындай өздері лауазым берген кісілер арқылы қазақ, қырғыз арасында өз биліктерін жүргізді. «Біз Іленің сол жағалауын алғанға дейін дулаттардың сұлтаны полковник Әли Әділов Қоқан ханының ерекше құрметіне бөленді және паруанашы дәрежесін иеленді, – деп хабарлайды Соғыс министріне генерал-адъютант Веревкин. – Барлық дулаттар, осындағы және Шудың арғы бетіндегілер, оны өз руларының сұлтаны деп қабылдайды және аса құрметтейді»⁴⁸⁵.

Әли сұлтанды өз көзімен көріп, үйінде қонақта болған орыс инженері А. Влангали да: «Сұлтан Әли өте ақылды, Ұлы жүзде ықпалы күшті секілді. Оның жасы келіп қалған, жүзі ойлы да менмен, өзінің отандастарына тәкәппар, шарифатты қатаң ұстайды. Қазақтар одан қорқады және Ордада соны бәрі қатты сыйлайды... Балаларына да талап қойғыш, олардың сауат ашуын қатаң талап етеді. Олардың өз дінінің заңдарынан аттап өтпеуді қадағалауы да далада өте сирек кездесетін құбылыс», – деп тандана жазды. Мұсылманша сауатты болуы және мәдениеттілігі, сөзге шешендігі, даналығы, қонақжайлылығы, аса дәулетті болуы да оны өзге сұлтандардан ерекшелендіріп тұрғандығын талай орыс саяхатшылары мен әскери шенеуніктері жазбасынан кездестіруге болады. Қоқан хандығындағы атақ, мансапты Мулла Олим Махдум Хожи өзінің «Тарихи Түркістон» атты кітабында⁴⁸⁶ 24 дәрежеге

⁴⁸⁴ Вохид Ш. Кукон хонлиги даги унвон вамансаблар // Шарк юлдузи. – 1995. – № 3-4. – 223 б.

⁴⁸⁵ РМӨТА. 38-к., 8-т., 75-іс. 24-п.

⁴⁸⁶ Мулла Олим Махдум Хожи. Тарихи Туркистон. – Қарши: «Насаф» нашриёти, 1992. – 65 б.

бөліп қарайды. Ол паруанашы мансабын мыңбасы немесе әмір ләшкер, құсбек лауазымынан кейінгі үшінші дәрежелі орында тұратынын көрсетеді. Бұл мансаптағылар құсбегімен бірдей қызмет істеген, яғни ханның кеңесшісі ретінде бірнеше қала хакіміне басшылық жасай алған.

«Қоқан хандығындағы шендердің жоғарысы – мыңбасы, я әмірләшкәр мансабы. Бұл мансап әскери министр қатарында болған. Екінші – құсбегі мансабы. Бұл мансап ылғи хан құзырындағы кеңесші қатарында болған және бірнеше қалаларға басшылық еткен. Үшінші – паруанашы, бұл мансаптағылар барлық құсбегі лауазымындағылар қызметін орындай алады»⁴⁸⁷ – деп жазады өзбек ғалымы Ш. Вохид. Құсбегі секілді паруанашы дәрежесіне ие болғандар соғыс жылдары жеке армияға басшылық ете алатын, ал бейбіт өмірде хан кеңесінің мүшесі болды. Паруанашыны бектер мен хакімдер тағайындайтын болған, бірақ кейде ханның өзі де мансап беруге тікелей араласатын кездер болған. Паруанашының барлар Қоқан ханынан жыл сайын ақшалай және заттай сыйақы алып тұрған. Орыс оқымыстысы А.А. Куннің көрсетуіне қарағанда, паруанашыға жылына 1500 тенге, 800 батман астық берілген⁴⁸⁸.

Жалпы қазақтар мен қырғыздар арасында көп таралған – бұл қоқандық датқа лауазымы. Датқалар Қоқан ханының билік дәрежесі ретінде XIX ғасырдың басында енген еді. XVIII-XIX ғасырларда Бұхара және Хиуа хандықтарында да осындай дәреже болған. Молда Әлім Қоқан хандығының билік иерархиясында датқа тоғызыншы орында екенін көрсеткен. Датқа сарай маңындағылар алатын жоғары дәрежелі лауазым саналып, оны иеленгендер ханға басқалардың істері мен мақсаттарын баян етуге құқылы болды. Датқа мәселесіне қалам тартқан қырғызстандық зерттеуші А.Т. Абасбеков бұл лауазым мемлекеттік басқаруда шен бе, әлде қызмет пе немесе дәреже (титул) ме деген сұрақтар төңірегінде ой қозғап, оған жауап беруге ұмтылады. Автор Қоқан хандығының алғашқы құрылу барысында датқа деп мемлекеттік басқарудағы қызмет орны аталды, кейінірек датқа дәрежесін алған адамдар әртүрлі қызметті атқырып кеткен деген ой түйеді⁴⁸⁹. Қоқан хандығындағы датқа дәрежесін алғандар саяси ахуалдар

⁴⁸⁷ Вохид Ш. Кукон хонлигидаги унвон ваман саблар // Шарқ юлдузи. – 1995. – № 3-4. – 215 б.

⁴⁸⁸ Кун А. Некоторые сведения о Ферганской долине // ВС. – 1876. – №4. – с. 447.

⁴⁸⁹ Абасбеков А.Т. «Датқа» даражасынын Кокон хандыгынын башкару бийлигиндеги ээлегенорду жана кыргыз даткалары // Кыргыз улу улттык университетинин

ағысына қарай әкімшілік қызметке де, әскери қызметке де араласып отырған. Сондықтан да орыс оқымыстылары датқаны генералға, генерал-губернаторға тең лауазым деп ұққан. Датқалар ханнан жылына 700 батман (65,2 кг тең) астық, 1000 теңге ақшалай сыйақы алатын болған⁴⁹⁰.

Қоқандықтар қазақ даласын негізінен датқалар арқылы басқарған. Датқалар институты туралы, қоқандық дәуірде датқа нәмін алған қазақтар туралы әлі күнге дейін арнайы зерттеу жүргізілмеуі себепті қазақта барлығы қанша датқа болған және кімдер болған деген сауалға дәл жауап беру қиындау. Қазақ датқаларының сипатын Майлықожа ақынның мына бір жыр жолдары да көрсетеді:

Датқасы шанышқылының Молда Қошық,
Қайтпаған ерегісте тәні шошып.

Датқасы Әулиеатаның Құдайберген,
Ұлы жүзде ұштанбалы соңына ерген.

Халық қайран болушы ед,
Ақылды Асқарқожа деп.

Ордада омырау болушы ед,
Шоқай датқа Қарабек⁴⁹¹.

Түркиялық шоқайтанушы-ғалым А. Қара қазақтың Торғай Қуатбайұлы сияқты танымал датқасының кісілік келбетіне былайша көңіл аудартады: «Мұстафа – қазақтардың қыпшақ руына жататын текті отбасының ұрпағы. Қоқан хандығында жоғары шенді әскер басы болған атасы Торғай датқа Қуатбайұлы Қыпшақ ішіндегі шашты руының биі еді. 1872 жылы қайтыс болған Торғай датқа туралы мағлұматтар тапшы. Бірақ оның Қоқан хандығындағы қызметіне сай жан- жақты білім иесі, араб және парсы тілдерін жетік меңгерген сауатты адам болғандығы байқалады. Діндар болған Торғай датқа екі рет қажылыққа да барып қайтады»⁴⁹². Мұстафа Шоқайдың өзі де «Бүкіл Ақмешіттегі қала тұрғындары мені жақсы білуші еді. «Өзі қадірлі кісінің баласын да сыйлау керек» деген біздің халықтың салтымен ел маған да көп құрмет көрсететін»⁴⁹³, – деп өскен ортасы

жарчысы. – Бишкек, 2003. – № 3. – 13-17 бб.

⁴⁹⁰ Кун А. Некоторые сведения о Ферганской долине // ВС. – 1876. – №4. – с. 447

⁴⁹¹ Майлықожа. Нақыليات / құрастырған, алғы сөзін жазған Ә. Оспанұлы. – Шымкент: Шымған, 1993. – 1-кітап. – 38 б.

⁴⁹² Қара А. Мұстафа Шоқай: өмірі, күресі, шығармашылығы / түрік тілінен аударған Г. Шадиева. – Алматы: Арыс, 2004. – 12-13 бб.

⁴⁹³ Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / құрастырған Б. Серікбайұлы Көшім-

туралы ілттипатпен еске алады. Бұл мысалдар Қоқан хандығы қызметінде болған қазақ, қырғыз датқаларының елін ынтымаққа бастаған, бауырластықты, діни бірлікті қадір тұтқан өнегелі жандар болғанын аңғартады. Датқа лауазымын қоқандық хандар қазақтар мен қырғыздарға ерлігі үшін де берген. Мысалы, Қоқан билеушісі Мәделі ханның 1838 жылы қырғыз биі Әжібекке датқа лауазымын беріп, Талас өңірін билеуге құқықты екенін баян еткен жарлығында: «Әжібек бидің бірнеше мәрте анық та ашық шексіз батылдық көрсеткенін ескеріп, біз аталған биге Құзіретіліміздің рахымы түсіп, хан жарлығымен датқа мансабын берілгенін оғлан етеміз», – делінген. Ә. Марғұлан жинастырған «Қоқан бектері жайлы әңгімеде»⁴⁹⁴ «Даладағы қазақтардың ірілерін «датқа» деп атайды екен» деп айтылады. «Датқа» (дадхох) – парсы сөзі. Қазақ, қырғыз тілдеріне аударылғанда «әділетті сүйеуші», «әділетшіл», «әділетті талап етуші» деген мағына береді. Парсының көне «дат» сөзі де «әділеттілік, талап ету, мұң шағу, тілек айту» деген мағынаны білдіреді⁴⁹⁵. Қоқан хандығына дейін Бұхар, Хиуа хандықтарында лауазым ретінде пайдаланылған датқа сөзі Бұхар хандығы құрылғанға дейін парсы тілді елдерде қолданылған. Ал қырғыздарда билеуші деген мағынада датқа сөзі «Манас» эпосында кездеседі. Қазақ, қырғыз датқалары ханға елдің шағым-өтінішін жеткізіп, содан соң ханның берген жауабын арыз айтушыларға жеткізіп тұрған. Олар Қоқан ханының саясатын өздері билік еткен аймақта жүргізді, ел ішінде даулы мәселелерді шешуге де белсенді қатысып, төрелік етті және алым-салық жинау ісіне де араласты, оны ханға жеткізіп беру ісін де ұйымдастырды.

1846 жылы Құдияр ханның Мырзаәлімді Мерке қорғанының билеушісі етіп тағайындауы туралы жарлығында оның Мерке төңірегіндегі халықты да басқаруға құқылы екені және оны өзгелердің жоғары дәрежелі қызмет иесі ретінде тануы, сыйлауы және құрметтеуі қажет екені көрсетіледі⁴⁹⁶. Қазақ, қырғыз датқалары хан сарайындағы саяси өзгерістерге өзіндік ықпалын тигізіп, хан сайлауда, хандықты басқаруда үлкен рөл атқарды. Қазақ, қырғыздың танымал адамдарын

Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. – 114 б.

⁴⁹⁴ ҚР БЖҒМ ОҒКҚҚ. – 1077-бума. – 13-дәптер. – 1-9-пп.

⁴⁹⁵ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқарған А.Ы. Ысқақов. – Алма-Ата: Ғылым, 1978. – Т.3. – 57 б.

⁴⁹⁶ Грамоты (ярлыки) и приказы кокандских ханов и ташкентского хакима, известные К. Нуракову / пер. А. Ломакина // ПЗТКЛА. Год 8-й. – Ташкент: Тип. при канцелярии Туркестанского ген. губернаторства, 1893. – с. 24.

хандықты басқару ісіне белсенді қатыстырып, солар арқылы жергілікті халықтың қолдауына сүйену мақсатында қоқандық хандар датқа лауазымын беріп отырды. Қыпшақ Мұсылманқұлдың билігі тұсында көптеген қазақ, қырғыз қыпшақтарына датқа лауазымы беріліп, олардың көбі әскери қолбасшылық қызметтер атқарды, сонымен бірге қалаларды басқаруға жіберілді. Мұсылманқұлдың тұсында бекініс басшыларының көбіне датқа лауазымы берілді. Мысалы, қазақтың Досбол биін датқа қылып, Жүлек бекінісін және сол төңіректегі руластарын басқартқан⁴⁹⁷. Мәделі ханның тұсында таластық қырғыздардың Асперді биі, жұмғалдық Медет би сияқты кісілері датқа атанды. 1844 жылы Қоқан ханы Шерәлінің қолынан Орта жүздің алғый руының беделді қазағы Қожамұрат әс-Сәбилан, Мәллә ханның қолынан 1858 жылы қырғыздың Сарымсақ және Алымбек биі, Құдияр ханның қолынан ерлігі үшін Кіші жүздің тамасынан Айгелді (Кедейбай) датқа лауазымын алды. Хан қолынан датқа лауазым алғандар ханға тарту жасап отырған⁴⁹⁸. XIX ғасырдың бірінші жартысында датқа Солтүстік Қырғызстан мен Оңтүстік Қазақстанда жоғары дәрежелі лауазым саналған. Датқалар қырғыз, қазақ билерінен жоғары тұрған. 1804-1876 жылдар аралығында датқа атағын алған тұлғалар саны Ферғана өңірінде 100-ге дейін жеткен. Қоқан хандығында датқа лауазымы бір мезгілде 10 адамға берілген кездер де болған. Қоқан хандығында датқа атағы әйелдерге де берілді. Қырғыз әйелдерінің арасында біліктілігімен көзге түсіп, өз заманының танымал тұлғасы болған, «Алайдың патшайымы» деп те құрметтелген Құрманжандатқайым екендігі белгілі. Құдияр ханның анасының әпкесі Зыйнат қырғыз әйелдері арасынан шыққан бірінші датқайым болып есептеледі.

Жетісудың қазақ, қырғыздарын ташкенттік бек басқарды. 1834 жылы ташкенттік құсбегі Батыс-Сібір генерал-губернаторына Іле бойы қазақтары мен қырғыздарды да басқаруға ханның келісімі бар екендігін хабарлаған. Қоқандықтар билігі тұсында Шу-Іле аңғарындағы қазақтар мен қырғыздар үшін Пішпек қорғаны әкімшілік басқару орталығы ретінде үлкен маңызға ие болды. Пішпек қорғаны қоқандық әкімшіліктің бір буыны ретінде тікелей Ташкент уалаятыхәкіміне бағынды. Архив құжаттарында Пішпек бекінісінің Ұлы жүз қазақтары үшін де үлкен беделі болғаны айтылады⁴⁹⁹. Пішпекті хан тағайындаған бек басқарып, ол Шу, Іле бойы қырғыздары мен қазақтары туралы

⁴⁹⁷ ӨРОМА. 715-к., 1-т., 14-іс. 516-п.

⁴⁹⁸ Троицкая А.Л. Архив кокандских ханов XIX в. // Восточный сборник. – Л.: Редакционно-издат. совет ГПБ, 1957. – Т. II (5). – с. 207.

⁴⁹⁹ ӨРОМА. 715-к., 1-т., 24-іс. 39-п.

Ташкентке, Қоқанға мәлімет жіберіп, хабарлап тұрған. Пішпекте Қоқанның негізгі горнизоны шоғырланды, онда 700-ге дейін сарбаздар тұрды⁵⁰⁰.

XIX ғасырдың 40-жылдарының аяғына қарай Пішпек бегі Шу-Іле аралығындағы орыс үстемдігіне қарсы күреске белсенді түрде жетекшілік етті. Пішпек бектері Шу-Іле өңіріндегі қазақтар мен қырғыздарды патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы жұмылдыруда көп еңбек сіңірді. Мысалы, Атабек қырғыз манабы Орманмен, қазақ төрелері, билері мен батырларын қоқандықтар жағына тартуда көзге түсті. Оның қырғыз манабы Орман ханға, дулаттардың аға сұлтаны Әли төреге, Тойшыбек, Діқанбай Сары билерге, Сұраншы, Сырғабай батырларға, Байзақ, Байдыбек датқаларға жазған хаттары сақталып қалған. Өз хатында Атабек көбіне діни бірліктің мызғымауына шақырады. Шоқан Уәлиханов та Пішпекті «ислам фанатизмінің ошағы» деп сипаттаған болатын. Талас өзені бойындағы қазақ, қырғыздар үшін Әулиеата бекінісі маңызды әкімшілік басқару орталығы болды. Әулиеатаны 16 жыл бойы алайлық бағыш руының қырғызы Атабек басқарып тұрды.

XIX ғасырда қазақтардың ақыл-ойында исламшылдықтың үстем екендігін және оған ортаазиялық дінбасылардың әсерін көптеген оқымыстылар көрсеткен болатын. Мысалы, ғалым Е.Н. Кэмпбелл: «XIX ғасырда патша өкіметіне біртұтас және мызғымас мемлекет жасауға Ресей империясының оңтүстік және шығыс аймақтарындағы ислам қуатты кедергі болды», – деп көрсетті⁵⁰¹.

Мұсылмандық фактор орталықазиялық мұсылман халықтарының өзара байланысында сонау XVIII екінші жартысынан өзіндік рөл атқара бастаған еді. Қазақстанның оңтүстік өңіріне ортаазиялық хандықтардың діни ықпалы аса күшті болды. XVIII ғасырдың соңына қарай Түркістан өңірі Бұхар хандығының саяси-экономикалық жүйесіне тартылса, XIX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанның халқына Қоқан, Хиуа хандықтарының ықпалы күшейе бастады. Оңтүстік Қазақстан жерінде қоқандық бекіністер шебінің салынуымен өзбектердің қоныстары пайда болып, олардың қазақтармен байланысы нығая түсті. Ортаазиялық хандықтар халқы мен қазақтардың өзара байланысында мұсылман дін иелері үлкен рөл атқарды. Бұхара, Хиуа, Қоқандағы мектеп,

⁵⁰⁰ Галицкий В.Я. История города Пишпека. 1878-1917. – Фрунзе: Илим, 1980. – с. 24.

⁵⁰¹ Кэмпбелл Е.И. Мусульманский вопрос в России: история обсуждения проблемы // Из. – М.: Наука, 2001. – Вып. 4(122). – с. 132.

медреселердің қазақтар мен қырғыздар арасында беделі жоғары болды. «Қожа Ахмет Яссауидің дін мен адамгершілік туралы кітабы әлі күнге дейін Қоқандағы көшпелілердің де, отырықшы тұрғындардың да сүйікті кітабы», – деп көрсетеді саяхатшы Вамбери. XIX ғасырдың ортасына қарай Қоқан хандығында 350-ден аса медресе және осыған жуық мектептер болған еді. Қоқан хандығының ірі бектік әкімшілік орталығы – Ташкентте 17 медресе болды. Қазақстанда сол заманда мешіті мен медреселері көп қалалар қатарында Түркістан, Ақмешіт, Шымкент, Өулиеата болды. Медреседе балалар 13-15 жастан бастап кіріп оқыған. Хандықта қыздардың оқуына да көңіл бөлініп, олар оқымысты бибілер дәріс берген қыз-келіншектерге арналған медреселерде білім алды.

Қазақ, қырғыз арасында қоқандықтардың беделін күрт өсірген олардың бүкіл түркі жұрты үшін қасиетті саналатын Түркістан қаласына иелік етуі еді. Түркістан шаһарының XIX ғасыр басында қоқандықтар қолына өтуі олардың қазақ, қырғыз арасындағы діни-саяси беделін күрт өсірді. Халық арасында «Әзірет сұлтан қаласы», я болмаса «Әзіреті Түркістан» деп ардақталған бұл қала XIX ғасырда да түрік жұртының иман бірлігінің символы ретіндегі рөлімен ерекшеленді. Сондықтан да Түркістанға билік жүргізу бүкіл түркі жұртын ықпалында ұстау және халықаралық беделге ие болудың белгісі іспеттес еді. Сол үшін ортаазиялық хандықтардың қай-қайсысы болса да киелі Түркістан үшін кез-келген құрбандыққа даяр-тұғын. Қоқанның Омар ханы 1816 жылы түркі-мұсылман дүниесіне әйгілі Түркістанды басып алу құрметіне 70 ақсарбас қойды құрбандыққа шалып, өзін «әмір әл-муслимин» (діндарлардың әмірі) деп жариялап, бүкіл мұсылман халифы саналатын Стамбулдағы Түрік сұлтанына сүйінші хабар айтып, елші жіберді. Қоқандықтар Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қасиетті жәдігерліктің сақталуына да көңіл бөлді. Түркістанға ең беделді дінбасылар басқаруға жіберілді. Сөйтіп, қоқандық дінбасылар хандар қолындағы қуатты идеологиялық қару болды⁵⁰². Қоқандық дінбасылар орыс отаршылдығына қарсы бір кісідей атсалысты. Олар қазақ, қырғыз ауылдарын да орыс жаулап алушыларына қарсы күреске жұмылдыруға белсенді түрде араласты. Қоқандық беделді дінбасылар қажет кезде әскерге қолбасшылық жасап, қарапайым халықты соңдарынан ерте білді. Мысалы, 1853 жылы Ақмешіт қамалына келген қоқандық әскерді мұсылман

⁵⁰² Сооданбеков С.С. Общественный и государственный строй Кокандского ханства. – Бишкек, 2000. – с. 60.

дінбасылары арасында аса беделді Мұхамед Кәрім Шейх басқарып келген. Ол Ақмешіт үшін күресте діни факторды пайдалануды көздеп, халықтың мұсылмандық сана-сезімін оятуға әрекет жасаған. Діни фактор орыстармен алғашқы шайқастарда қоқандық әскерлердің жеңіске жетуіне де өз септігін тигізді⁵⁰³.

Қоқандықтар мұсылмандықты насихаттауда өз үстемдігін орнатқан жерлерде ғана емес, патшалық Ресейдің үстемдігі орнаған өңірлерде жүзеге асырған. Мәселен, XIX ғасырдың 50-ші жылдары Семей облысының оңтүстігінде қоқандық Шаяхмет есімді діндар мұсылмандық насихат жүргізген. Ол қазақтарды орыс үкіметіне бағынбауға да үгіттеген. Билік орындары оны осындай үгіті үшін тұтқынға алып, Шығыс Сібірге жер аударған.

Шаяхметтің Мағзум есімді ұлы да Қоқан хандығының аумағын патшалық Ресей жаулап алғаннан кейін Семей облысы мен Жетісу облысының түйіскен жеріндегі Еңірекей болыстығында тұратын қазақтар арасында мұсылманшылықты насихаттаумен айналысқан. Бұл іске Шаяхметтің Мағзумнан басқа Шәкір есімді ұлы да тартылған. Олардың мұсылмандықты насихаттауы XIX ғасырдың соңына дейін жалғасқан. Қазақтардан жиналған қаржы есебінен олар Ташкенттің маңында әкелерінің мазарына кесене салуды жоспарлаған⁵⁰⁴.

Патшалық Ресейдің 1864 – 1865 жылдары Қазақстанның оңтүстік өңірінде жүргізген экспансиялық саясатына қарс тұруда да Қоқан хандығы мұсылмандық факторға мән берді. Әулиеата, Шымкент, Түркістан қалаларын қорғау барысында Қоқан хандығы Түркістан өлкесі халқын мұсылман туы астына жиып, патшалық Ресей әскеріне қарсы тұруға әрекеттенді. Бірақ қоқандықтар бұған қол жеткізе алмай, 1865 жылы көктемде Ташкент түбінде орыс әскеріне тізе бүгіп, патшалық Ресейдің протекторатына айналды. Қоқан хандығындағы мұсылман дінбасыларының қарсылық танытуын бәсеңдету мақсатында патша өкіметі жергілікті халықтың діни нанымына, мұсылмандық дәстүрге қол сұқпайтындығы жөнінде кепілдік берді⁵⁰⁵. Патшалық

⁵⁰³ Бейсембиев Т.К. Духовенство в политической жизни Кокандского ханства в XVIII-XIX веках (по некоторым сочинениям кокандской историографии) // Духовенство и политическая жизнь на Ближнем и Среднем Востоке в период феодализма. – М.: Наука, 1985. – с. 41.

⁵⁰⁴ ҚРОМА. 64-к., 1-т., 5542-іс. 2-п.

⁵⁰⁵ Бабаджанов Б.М. Кокандское ханство: власть, политика, религия. – Токио-Ташкент, 2010. – с. 276.

Ресей араға уақыт салып барып, 1876 Қоқан хандығын түпкілікті жоюға шешім қабылдаудан алдын, яғни 1875 жылы Қоқан билеушісі Құдияр ханды Орынборға жер аударды. Жер аударылған Құдияр ханды жол-жөнекей халық мұсылмандықтың қорғаушысы ретінде қабылдап, оған қошемет көрсетуді болдырмауға отарлық билік орындары мұқият кірісті. Мәселен, Құдияр ханмен бірге жер аударылған оның отбасының және сарай қызметкерлерінің мүшелері 1875 жылы тамызда Түркістан қаласы арқылы өткенде патша өкіметі сақтық шараларды күшейтіп, қаладағы мұсылман діндарларын барынша оқшаулауды қолға алды⁵⁰⁶. Мұның өзі Қоқан хандығының қазақтар арасында мұсылмандықты насихаттауда елеулі орынға ие болғанын білдірсе керек.

3.2. ТАТАР МОЛДАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ИСЛАМ ДІНІН ТАРАТУҒА АТСАЛЫСУЫ

Ресей империясының қазақ даласына саяси және экономикалық жағынан әсері XVIII ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай кеңейе түсті. Бұл өз кезегінде империялық ағартушылық идеологияның басым түсуінен байқалды. Алайда осы идеологияда, орыстардың өркениеттілік миссиясындағы монотеистік дін Исламның рөліне жанама ғана көңіл бөлінді. Ислам дініне Ресейде алғашында толеранттық көзқарас танытылды, оның мемлекеттік дін ретінде танылуына әрекеттер де жасалды. Мұны қазақ даласындағы Ислам дінінің жалпы жағдайымен арнайы шұғылданған орыс шенеуніктерінің орталық билік орындарына беріп отырған мәлімдемелерінен де аңғаруға болады. Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті директорының атына жіберілген осындай мәліметтердің бірінде былай делінген: «Біздің даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қырғыздардың (қазақтардың) және Орта Азиядағы өзге де мұсылман халықтардың діни істеріне қол сұғылмайтындығы жөнінде сенім қалыптастыруды талап етті. Мұндай жағдай өз жағымызға хандар мен сұлтандарды және даладағы ықпалды адамдарды тартуға байланысты туындады. Соған орай үкімет орындары алғашқыда исламға төзімділік танытып ғана қойған жоқ, оған камқорлық та көрсетті»⁵⁰⁷.

⁵⁰⁶ ҚРОМА 119-к., 1-т., 16-іс. 6-10-п.

⁵⁰⁷ Рүстемов С. Орынбор мүфтилігі және қазақтар // Қазақ тарихы. – 2004. – №4.

Осы мақсатқа жету жолындағы қадамдар мыналар болды: біріншіден, 1789 жылы Екатерина II патшайымың бұйыруымен Уфа қаласында Орынбор мұсылмандары Діни басқармасының (Орынбор мүфтилігі) құрылуы, екіншіден, Орынбор мұсылмандары Діни басқармасы негізінен татар молдаларынан тұратын указной молдалар институтын қалыптастыруы.

Орынбор мүфтилігін құру туралы мәселені алғаш Уфа және Симбирскнаместнигі барон О.А. Игельстром көтеріп, бұл жөнінде 1787 жылы басқарушы Сенатқа ұсыныс түсірген еді. Оның ұсынысы Басқарушы Сенаттың ғана емес, патшайым II Екатерина тарапынан да қолдау тапты. 1788 жылы 22 қыркүйекте II Екатерина мүфтилікті құру туралы жарлыққа қол қойды⁵⁰⁸.

II Екатеринаның жарлығына сәйкес Уфа қаласында ашылған бұл мүфтилікке 1789 жылы 20 сәуірде Басқарушы Сенаттың ұйғарымымен бас мүфтилікке қазандық татар Мұхаметжан Хусейинов тағайындалды. Патша үкіметі мүфтиліктің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында оған кететін шығынды көтеруді өз мойнына алып, Бас мүфтиге жылына 1 500 сом көлеміндегі жалақы белгіледі, ал оның қол астында істейтін 3 қазы мен мүфтилік кеңсесінің 8 қызметкеріне жылына 900 сом бөлетін болды.

Бұл мүфтилікке дейін Ресей империясында Қырымда Таврия мүфтилігі, оның артынша Кавказда шииттер мен сүнниттердің екі мүфтилігі құрылған болатын. Отаршылдық саясатты қарқынды түрде жүргізу, орыс емес халықтарды шоқындыру бағытындағы шараларды жүзеге асыруға ұмтылған патша өкіметінің империядағы мұсылмандарға арнап өз қолымен діни басқармалар-мүфтиліктер құруының өзіндік себептері бар еді. Ол себептердің өзі сыртқы және ішкі жағдайлардан туындады.

Орынбор мүфтилігінің ашылуына әсер еткен сыртқы жағдайқатарына XVIII ғасырдың соңына қарай Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың шиеленісіп, соғысқа ұласуын жатқызуға болады. Қалыптасқан осындай жағдайда II Екатерина Ресей мұсылмандарына Түркияның ықпал ету мүмкіндіктерін барынша шектеуді көздеп, қауіпсіздік шараларын ұйымдастырды. Өйткені 1788 жылы Түркияның Бұхар әмірлігіндегі елшісі Ресеймен соғыстың астарында «мұсылмандарды орыс үстемдігінен қорғау жатыр» деп

– 83 б.

⁵⁰⁸ РМТА. 821-к., 8-т., 602-іс. – 12 п.

мәлімдеген еді. Өз кезегінде түрік сұлтанын қолдаған Бұхар әмірі қазақ ақсүйектеріне, қаны мен діні бір түріктерге көмек көрсету үшін орыстарға қарсы күресуге шақырған үндеу таратып жатты. Осыған орай патша үкіметі империядағы мұсылмандардың дініне ізгі ниетте екендігін танытуға тырысып, мұсылмандық діни басқармаларды құруды қолға алды.

Мұсылмандық діни жоралғылардың сақталуын қадағалау, мешіттер мен медреселерді салуға басшылық ету және оларға имамдар мен мүдәрістерді тағайындау, сондай-ақ неке қию істерін жүзеге асырып отыру т.б. бірқатар міндеттер жүктелген мүфтиліктерді патша үкіметі қатаң бақылауда ұстап, олардың қызметі империя мүддесімен үндесіп жатуына ерекше назар аударды. Сөйтіп, мүфтиліктерді билік орындары отаршылдық саясат жолында барынша пайдалануға тырысып бақты. Отарлық билік орындарының уысында болуына байланысты мүфтиліктерге патша өкіметінің дегеніне көнуден басқа жол қалмады. Сондықтан да 1789 жылы 4 желтоқсанда Уфадағы мүфтиліктің ашылу салтанаты кезінде мүфти М. Хусейінов мұсылмандарды патшайым II Екатеринаға адал болуға шақырды⁵⁰⁹.

Уфада құрылған мұсылмандық діни басқарма 1797 жылдан бастап Орынбор мүфтилігі деп аталды. Оның былай аталуы жаңадан Орынбор губерниясының құрылуына байланысты еді. Бұл губернияның орталығы Орынбор қаласы болғандықтан, 1798 жылы діни басқарма кеңесі де осы қалаға көшті. Басқарма кеңесі онда 1802 жылдың соңына дейін болып, Уфа қаласына қайта көшірілді. Бірақ бұған қарамастан, мүфтилік сол кезден бастап 1918 жылға дейін, яғни кеңестер билігі орнағанға дейінгі аралықта Орынбор мүфтилігі деген атын сақтап қалды.

Орынбор мүфтилігінің қарамағында XVIII ғасырдың соңғы жылына қарай 28 ахун, 969 молда, 114 мешіт, медреселерде қызмет ететін 1921 мүдәріс болды.

Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату шараларын патша өкіметі 1789 жылдың көктемінде қолға алған еді. Осы мақсатта О.А. Игельстром Кіші жүз қазақтарына татар молдалары арқылы хат жолдап, құрылған мүфтилікке қазақтардың діни істері қарағанын қалайтындығын танытқан еді. Алайда қазақ ақсүйектерінің бір тобы патша өкіметі қолымен құрылған мүфтилікке өздерінің діни істерін қаратқысы келмейтіндіктерін білдіріп, бұл жөнінде Бұхар әмірімен кеңесуді жөн санады. Қалыптасқан осындай жағдайда, 1789 жылы

⁵⁰⁹ Рүстемов С. Орынбор мүфтилігі және қазақтар // Қазақ тарихы. – 2004. – № 4. – 84 б.

желтоқсанда мүфти М. Хусейінов Оралға келіп, қазақ ақсүйектерімен келіссөздер жүргізіп, бұл өңір қазақтарының діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратуға қол жеткізді.

Бұл қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратудың алғашқы қадамы еді. Мұнан кейін патша өкіметінің үстемдігі орнаған қазақ даласының өзге де аймақтарына Орынбор мүфтилігінің ықпалы біртіндеп тарай бастады. Ондай өңірлерде қазылар мен молдаларды бекіту мүфтидің құзырында болды. Мәселен, 1797 жылы Орал өңіріндегі Кіші жүз қазақтарына қазы болып Қазан губерниясының татары Мұхамеджан Қазиев, 1802 жылы Бөкей Ордасында қазылыққа Жүсіп Махмутов бекітілді. Арынғазы сұлтанның сол тұста көрсетуіне қарағанда, М. Қазиев қазақ руларын аралап, халықты тыныштық сақтауға, патша жарлықтарына бағынуға үндеп отырған. Патша өкіметінің билік орындарына мойынсынуды насихаттауда мүфти М. Хусейінов ерекше белсенділік танытып, қазақтар арасындағы бұқаралық және хиуалық дінбасылардың ықпалын әлсіретуге айрықша мән берді.

Патша әкімшілігі Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басуда бас мүфти М. Хусейіновтің қазақтар арасындағы беделін пайдалануды көздеп, оны Сырым батырмен келіссөздер жүргізуге де аттандырған еді. Ол осы мақсатта 1790 жылы мамыр-маусым айларында Сырым батырмен үш рет жолығып, оны Нұралы ханмен келісімге келуге үгіттеді. М. Хусейінов 1797 жылы О.А. Игельстромның ұсынысымен Кіші жүзде құрылған Айшуақ сұлтан басқарған хан кеңесінің құрамына да енді⁵¹⁰.

Орынбор мүфтилігі қазақ балаларын Уфада, Қазанда, Троицкіде, Орынборда және Омбыда ашылған медреселерге тартуда да бірқатар іс-шараларды ұйымдастырды. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде мүфтиліктің араласуымен Ішкі Ордада медресе ашылды. Онда сабақ беруге Еділ-Орал өңірінен татар мүдәрістері жіберілді. Орталық билік орындарына Орынбор мүфтилігі тарапынан мұсылмандық әдебиеттер шығару жөнінде ұсыныстар да түсіріліп жатты. Осындай ұсыныстарды ескерген патша өкіметі 1797 жылы 3600 дана, 1806 жылы 1500 дана, 1853 жылы 82 мың «Құран Кәрімді» баспадан шығарды. Олардың біраз бөлігі Орынбор мүфтилігінің атсалысуымен қазақтарға таратылды. Орынбор мүфтилігінің дін тарату жолындағы осындай іс-шаралар ұйымдастыруы нәтижесінде қазақтар

⁵¹⁰ Сонда. 85 б.

арасындағы беделі белгілі дәрежеде уақыт өткен сайын арта түсті.

Өлке мұсылмандарының діни сенімін қорғауды көздейтін басты мекеме ретінде таныла бастаған Орынбор мүфтилігі билік орындарының қатаң бақылауы мен қысымынан құтылу, өзінің іс-әрекеттерінде ерікті болу жолын да іздестірді, Мәселен, 1807 жылы М. Хусейінов император І Александрға өтініш хат жолдап, мүфтилікті губерниялық әкімшілікке тәуелді болудан құтқаруды сұраған болатын. Бірақ оның бұл өтініші жауапсыз қалған.

Ресей билік орындарында мұсылмандық ұйым ретінде Орынбор мүфтилігі империялық басқарудың бір буыны болуы тиіс деген пікір де болды. Үкімет қолдауымен мешіттердің салынабастауы империяның діни саясатының ғана емес, сонымен бірге империяны мәдени жаршы ретінде көрсететін кең көлемді жобаның маңызды бөлігі саналды. Мешіттерге тартылған қазақтар орыс қалалаларына жиі қатынауы және де уақыт өте келе отырықшы өмір салтына өтуі тиіс-тұғын. Мешітттер қазақтар ұйысатын өзіндік бір орталықтың рөлін атқаруы қажет болды. Қазақтардың мешіттер төңірегінде топтасуы қазақ қауымдарының, я болмаса тұтас бір қазақ қоныстарының пайда болуына бастауы тиіс болды. Батыс-Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцевич өз қарамағындағыларға империя қазақтарға тек қолына қылыш қана емес, сонымен бірге Құран да ұстап баруы қажет деген нұсқаулар беріп жатты⁵¹¹.

Даладағы алауыздықты «басу» және де сауда-саттық жолдарын қауіпсіздендіріп, сауда жасауға жағдайдың жасалуы қазақ өлкесінде татарлардың белсенділігінің артуына жол ашты. Татар көпестері далаға тауарларымен қатар өзінің мәдениеті мен дінін де ала келді. Бұл өз кезегінде қазақтар арасында отырықшылықтың және егіншіліктің таралуына да әсерін тиігізбей қоймады. Татарлар империяның саясатына бұрынырақ тартылғандықтан, олардан қауіп азырақ секілді көрінді. Қазақ даласына оңтүстіктен – Ташкент, Бұхара, Хиуа сияқты дәстүрлі ортаазиялық мұсылмандық орталықтардан келер діни қауіпті экспансияға қарсы тұруға татарлардың жәрдемі тиер деген үміт те басым болды. Сондықтан да мұсылмандық діндарларды адал ниетті татарлардан алынды. Сонымен бірге татарлар сауда-саттық ісіне, аудармашылық қызметке, сондай-ақ хатшылыққа кеңінен тартылды. Татарлар қазақ даласының Ресей империясы құрамына тартылуында

⁵¹¹ Ремнев А. Татары в казахской степи: соратники и соперники Российской империи // Вестник Евразии. – № 4. – с. 5

да көрнекті рөл атқарады деген үміт те болды. Әсіресе, татарлардың қазақ тілін білуі, дәстүр-салтының мән-мағынасын түсінуі, бір дінде болуы, сонымен бірге ғасырларға созылған өзара қалыптасқан байланыстары да ескерілмей қалмады. Татарлар қазақтардың империя құрамына алынуында мәдени арағайындық жасай алады деген болжам жасалынды.

Екатерина II Орынбор мұсылмандар Діни Басқармасын құруда сыртқы саясатты да көздеді. Муфти Мұхамеджан Хусеиновке алдынала Қазақстан мен Орта Азияда ресейлік мүддені қорғау жұмысы тапсырылды. Мұхамеджан өзін «қырғыз-қазақ мүфтиімін» деп атады. Одан өзге елшілер мен барлаушылар ретінде татар молдаларының белсенді тобы тартылды⁵¹². Оларды қызметіне қарай екі түрге бөлуге болады: молдалардың ірі бөлігі сансыз медреселерде өз білімін көтергенсіп, ортаазиялық қалаларда тұрақтап тұрды да, екінші тобы саудагерлер ретінде олардан алған мәліметтерді ары-бері жеткізіп тұрды. Мемлекет тарапынан діни адамдардың бұл қызметіне мол ақы төленді. Қазақ арасына сенімді молдаларды жіберудегі мақсат – ортаазиялық хандықтар тарапынан жіберілген діни адамдардың Ресейге қарсы үгіт-насихатына қарсы тұру болды⁵¹³.

Ресей империясының шекаралық әкімшілігі XVIII ғасырдың 40-шы жылдары Еділ бойы татарларын Орынбор өлкесіне қызметке тартуға елеулі қадамдар жасай бастады. Себебі осы тұста империя құрамына жаңадан қосылған жерлердегі азиялықтармен сауда-саттық жасауда арағайындық жасайтындар, саяси ахуалды барлап, бақылап, хабар-ошар жеткізіп отыратын барлаушылар, түркі тілдеріндегі хабарларды орысша аударып алатын тілмаштар және т.б. қызметтер түрлерін атқаратындарға деген сұраныстар арта түскен болатын⁵¹⁴.

Расында да татар молдалары әрі саудагер әрі оқытушы-молда ретінде қазақ ақсүйектері мен ресейлік билік өкілдерін жалғаушы буын рөлін ойдағыдай атқарды.

Татар тілі патша үкіметі мен өлкедегі билік иелерінің қазақ элитасымен жалғастырушы қатынас тілі рөлін де атқарды. Татар

⁵¹² Махаева А.Ш. Тойбышек би және оның заманы. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 34 б.

⁵¹³ Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII-XIX вв. –Уфа. 1996. – с. 29

⁵¹⁴ Kali A., Makhayeva A., Ilyas E.I., Rustemov S. The Role of the Tatars in the Socio-Political Life of Semirechye at the beginning of the XX century // Bylye Gody. 2022. 17(2). – p. 924

молдалары және көпестері ресейлік қазақтар туралы және де оларға көршілес жатқан орталықазиялық елдер туралы хабар-ошар жеткізіп тұрды.

Қазақ даласына татар баспасөзінің, әдебиетінің таралуына татар молдаларының, мектеп, медресе мұғалімдерінің де қосқан үлесі зор болды. Қазақ балаларының хат танып, мұсылманша сауат алуына татар молдалары атсалысты. Татар молдалары арқылы қазақ оқығандары татар тілін еркін меңгеріп, татар тіліндегі баспасөз материалдарын оқып, танысып отырды. Оған татар тілінің қазақ тілімен туыстығы да әсер етпей қоймады, татарлардың қазақтармен жақын араласуына тілдің, діннің ұқсастығы да өз септігін тигізді⁵¹⁵.

Осылайша, татарлар саудада, басқаруда, білім беру саласында, тіпті Қазақ даласын ғылыми жағынан зерттеуде де империялық араағайындарға айнала бастады. Еділ бойы татарларының осындай қызметіне көңіл аударған А.Каппелер, олардың ендігі жердегі қосымша қызметін Ресей империясы мен қазақтар мұсылмандар деп өздеріне жақын тұтатын және де ерекше жақын көретін Орталық Азия елдері арасындағы шаруашылық, саяси және мәдени араағайындық қызмет айтарлықтай айқындай түсті деп көрсетті⁵¹⁶.

XVIII ғасырдың соңында Орталық Азияда және басқа бірқатар мұсылман мемлекеттерінде татар молдалары Ресейдің сауда және саяси тыңшысы қызметіне тартылды. Сонымен бірге исламның ресми статусы мойындалып, Ішкі Ресей мен Сібірдің мұсылмандары барынша шашыраңқы түрде болса да діни автономияға қол жеткізді, Қазақстандағы мұсылман мен басқа жердегі мұсылмандар бір әкімшілік бірлікке қарады.

«Императрица Екатеринаның қазақтарды Орынбор духовный собраниесіне қаратудағы мақсаты, қазақ арасында ислам дінін тарату емес еді. Ол жалғыз-ақ Қазақ ордасы менен ішкі Россияның бір-бірімен жанасымды, жарасымды болуына ұмтылады, солай болғанда қазақтар өздерінің қарындасы болған татарлардың қызметін пайдаланатын еді», – деп жазды қазақ зиялысы Б. Қаратаев⁵¹⁷.

XVIII ғасырдың соңынан бастап мұсылман діни мекемесінің қызметкерлері (указной молдалар) мемлекет тарапынан құқығы

⁵¹⁵ Сонда. Р. 927

⁵¹⁶ Каппелер А. Россия – многонациональная империя. – М.: Прогресс-Традиция, 1997. – С. 7.

⁵¹⁷ Халид Қ. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. – 211 б.

танылып, қазынадан жалақы алды, салықтан, әскери қызметтен босатылды. Ресейдің отарлау саясатына осылайша тартылған татар молдалары енді қазақ даласындағы түркістандық молдаларды қысымға ала бастады. Олардың арасындағы ықпал ету жолындағы бәсеке қазақтар мен қырғыздарға үлкен зардап шектірді⁵¹⁸.

Қазақ даласындағы указной молдалардың әрекетіне куә болған Қ. Халид былайша әңгімелейді: «Қағаз алған молдалар сондай бір істер істеді: онымен не дінді, не дүниені ұстай алмайсың. Бір адам өлсе, указной молда болмаса, яки оның атынан біреу бармаса жаназа оқылмай, кейбір жағдайларда... біреулер жаназа оқып қойса, ол адам қуғынға ұшырайтын болды. Указной молда... зекет етесің, пидияға мынаны бересің, құранға мынаны ұсынасың, жаназаға мұны төлейсің деп ойына келгенін істейді...»⁵¹⁹.

Дегенмен де указной татар молдалары туралы ел арасында жағымды пікірлер де қалыптасты. 1824 жылдан бастап Сайфулла Усманов деген татар Көкшетау округінің указной молдасы, яғни патша жарлығымен тағайындалған молда болып әрекет етті. Ол, болыс басшысының көрсетуінше, аталмыш қызметті өзінің атақ-дәрежесіне сай бар ынта-жігерімен орындаған, әрдайым жақсы адам қандай болуы керек, солай әрекет етіп, ешқандай жаман қылығымен көзге түспеген. С. Усманов өзінің төрт бауырымен Есіл өзенінің сай-саласындағы бір шатқалды қоныстанып, мешітте тұрғызады. Ағайынды Усмановтардың қырда үйлері, қора-жайлары болған, ұн тартатын диірмендер салады, қазақ балалары білім алатын училище жұмысын жүргізіп, егін егумен де айналысқан⁵²⁰.

Орыс-түрік соғысы жүріп жатқанда татар молдалар мен ортаазиялық молдалар арасы қатты шиеленісті. Себебі муфтий қазақтарды тыныштық сақтауға, Ресейге бағынуға шақырды, ал қазақ билері муфтийдің бұл нұсқауын Бұхара мен Хиуа үлемдеріне сынға салуға жіберді. Олар муфтийдің барлық мұсылмандардың бас азаны – Түрік сұлтанына қарсы әрекетін қатты айыптады. Қазақ жүздері үшін молдаларды даярлау, ахундар мен муфтилердің қызметін бекіту патша үкіметінің отаршыл саясатының нәтижелі әдісі болды.

⁵¹⁸ Махаева А.Ш. Тойбышек би және оның заманы. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 39 б.

⁵¹⁹ Халид Қ. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. – 96-71 бб.

⁵²⁰ Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh Steppe, 1770-1912 / Qurban-ali Khalidi; edited by Allen J. Frank and Mirkasyim A. Usmanov. – Brill, Leiden-Boston, 2005. – P. 101

Орынбор мұсылман діни басқармасын құрудағы мақсат – мұсылмандардың көңілін аулау, екінші шеті оларға патша өкіметінің билігін бекіте түсу еді. Жетісудағы қазақтар мен қырғыздарды Ресей жағына тартуда татар молдаларының, көпестерінің саяси тыңшы, үгіт-насихат жүргізуші және идеология таратушы, аудармашы әрі жол көрсетуші ретіндегі ролі жоғары болды. Мысалы, Жетісуда XIX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ Ресейге бүйрек бұрған Жалайырлардың сұлтаны Сүйік Абылайхановқа татар молдалары мен көпестері Ресейдің қуаттылығы жөніндегі пікір-кеңес беріп, оның патшаға баруына үгіттейді. 1819 жылы Сүйік Абылайхановқа тигізген осы әсері, ықпалы үшін бірқатар татар молдалары: ағайынды Сапар мен Құрбанқұл Құрбанбакиевтер, семейлік көпестер – Әбілғазы Ғұмаров пен Хамит Әміров, аудармашы Хасан Сейфуллиндер алтын медальмен марапатталды және Хасаннан басқасы татар саудагерлері Файзулла мен Сайфулла 10 класты шенге ие болады.

XIX ғасырдың 20 жылдары қазақтар мен қырғыздар арасында табысты сауда-саттық жасай жүріп, олар ел ішінде Ресейдің басқару тәртібінің пайдалы екенін (1822 жылы Орта жүзде енгізілген «Сібір қазақтары туралы жарғы») және қажет екенін түсіндірумен бірге, қырғыз билері мен қазақ сұлтандарына, соның ішінде Сүйік Абылайхановты, Мәмбет Әліпбековты, Қамбар Ибақовты т.б. Ресей бодандығына өтуге және округ ашуға келістіреді. Файзулла Сейфуллин қазақ-қырғыз билеушілерін орыс өкіметі жіберген сый-сияпаттарды, хаттарды әкеліп тапсыру жұмыстарын тыңғылықты орындаумен қатар Омбыға барған қазақ-қырғыз депутаттарының жол шығынын да өзі көтеріп жүрген. Кейін ол шығыны орыс өкіметі тарапынан қайтарылып берілген. Оның тіпті 1813 ж. орыс өкіметі атынан қырғыз билерін Омбыға шақырғаны да мұрағат құжаттарында айтылады. Қазақ-қырғыз арасындағы пайдалы жұмысы үшін Файзулла Ноғаев 1828 жылы «тархан» атағын алады. Министрлер кабинеті татар молдалары мен саудагерлерін ғана емес, олардың айтқанына сеніп, өздеріне үміт артқан Сүйік Абылайхановқа 1819 жылы 18 қаңтарда 8 класты шен, көгілдір баулы алтын медаль және бөрік пен шапан (кафтан), баласына, Жанқожа Сүйікұлына Александр ленталы алтын медаль тапсырады.

1826 жылы Ұлы жүз бен Орта жүз сұлтандармен болған келіссөзде кавказдық мұсылмандар арасында үгіт-насихат жұмыстарын табысты

жүргізіп, үкіметтің сеніміне кірген татар Ғабдулуахит Гайдулвахид Сулейманов қазақтарды Ресейге қосылуға үлкен ықпал етті. Ресейдің шығыстағы көршілеріне қатысты сыртқы саясатына белсене қатысқан Діни басқарманың алғашқы 3 муфтиі – Мұхамеджан Құсейінов, Габдессалам Габрахимов және Габдулвахид Сүлейманов болды⁵²¹.

XIX ғасырда татар молдалары жергілікті халықтың сауаттылығын көтеруде ерекше рөл атқарды. Арнайы мемлекеттік білім беру жүйесінің болмауы жағдайында Қазақстанда татарлар қазақ тұрғындарының арасында ең басты сауаттылықты таратушыларға айналды. 1888 жылға қарай Семейдің қаласының өзінде тұрақты жұмыс істеген 9 жеке меншік татар медресесі білім берді⁵²².

Осылайша қазақ балалары ауылдағы татар мектептерінде бастауыш білім алды. Бұл мектептерде мұғалім болып татар дін қызметкерлері – молдалар жұмыс істеді. Татар молдалары арқылы қазақтар арасында оқу-білімнің таралуы патша үкіметі шенеуніктерін алаңдатпай қоймады. Олар қазақтардың татарлану қаупінен секем ала бастайды. Ресей үшін саяси тұрғыда аса жағымсыз салдарлары болуы мүмкін деген күдік те орын алды. Зайырлы білім беруді жақтаған қазақ зиялы қауымының арасында да діни, мұсылмандық білім беруге наразылар болды.

Дегенмен де мұсылмандық білім беруді қолдаған ауқатты қазақтар медресе, мектептерге материалдық жәрдем көрсетіп отырғаны да белгілі. Қазақтар арасына орыс тілінің таралуына, христиандықтың енуіне наразы болған кейбір қазақ көпестері мен кәсіпкерлері татар молдалары арқылы мұсылмандық білімнің таралуын қолдады. Талай қазақ баласы ауыл молдасынан сауат ашты. Солардың бірі Абай Құнанбаев болатын. Ауыл молдасынан сауат ашқан Абай кейін Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқып білім алады. Ахмет Риза мешіт-медресесі XIX ғасырдың 50-жылдарында Семей қаласында бой көтерді. Қазан қаласындағы «Маржани» медресесінің түлегі Ахмет Риза мешіттің имамы қызметін атқарады. Ол мешіттің қасынан шәкірттер тұрақты жатып оқитын медресе де ашады. Медресенің ұжымы ислам мен түркі ғылымы әлемінде аса үлкен реформаторлық-жәдиттік ілімді қалыптастырған ғұлама Шаһабуддин

⁵²¹ Махаева А.Ш. Тойбышек би және оның заманы. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 39 б.

⁵²² Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh Steppe, 1770-1912 / Qurbanali Khalidi; edited by Allen J. Frank and Mirkasyim A. Usmanov. – Brill, Leiden-Boston, 2005. – pp. 15-16

Маржанидің ағартушылық бағытын ұстануымен ерекшеленді. Медреседе «Шариғат», «Тарихат», «Мағрифат» атты үш негізден тұратын тарихи, философиялық қоғамтану ғылымдары, шығыс тілдері мен поэзиясы, сонымен қатар жаратылыстану пәндері оқытылды. Сондықтан Құнанбайдың Абайды оқыту үшін Ахмет Ризаның мешіт-медресесін тандауы тегін болмаса керек. Аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев, өзінің мешіт салу туралы өтінішінде татарларға жеке ауыл болып қоныстануына рұқсат етілгеннен кейін, көптеген қазақтардың мешіттің жанында өз үйлерінің болуын қалайтынын, татарлармен қатар қоныстану қазақтарға сауда-саттықта пайдалы болатынын көрсетеді. Расында да XIX ғасырдың өне бойында әлеуметтік жағдай өзгеріп, қазақ көшпенділері коммерциялық және діни элита өкілдері қатарын толықтыра түсіп, исламдық білім беру саласында, исламдық ғұламалар қатарында және діни институттарда маңызды рөл атқара бастайды⁵²³.

Алғашқы кезеңде Ресей империясы өзінің алдына үлкен социомәдени міндеттер, соның ішінде қазақтарды шоқындыру міндеті алға қойылмады, тек қазақ даласында саяси-әкімшілік құрылым жасаумен және Дала тұрғындарының бодандықты қабылдауын бекітумен шектелді. Алайда «әкімшілік орыстандыру» кезеңінде империя орыс тілінің іс жүргізуде қолданылуын кеңейте түсті, сонымен бірге жергілікті басқаруорындарына кадрлар даярлауға кірісті. Осы тұста татарлардың араағайындық қызметіне күдікпен қараушылық орын алды. Патша үкіметі татарлардың қазақтарға конфессиялық, білім беру және сауда саласындағы ықпалының күшейе түсуінен секем ала бастады. Ендігі жерде татар молдаларының қазақтарға теріс ықпалы болуы мүмкін деген күдік те орын алды.

Сондықтан болар Омбы облысының бастығы С.Б. Броневский қазақтардың өздеріне татар молдалары мен мұғалімдерін жіберуді өтінген арызына құпия түрде «бас тарту керек» деген нұсқау береді. Бірақ мұндай бас тартулар өзіндік нәтижеге жеткізбеді. Татар аудармашылары мен татар молдаларын ауыстыра қоятын орыстардан шыққан қызметкерлер тапшы еді. Қазақ тілін бір кісідей біледі деген казактардың көбі татарларды ауыстыра алмайтын, себебі олар араб жазуын меңгермеген болатын⁵²⁴.

XIX ғасырдың ортасына қарай қазақтардың империяға

⁵²³ Q. Khalidi. Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh Steppe 1770-1912 – Brill, Leiden-Boston, 2005. – P. 17

⁵²⁴ Ремнев А. Татары в казахской степи: соратники и соперники Российской империи // Вестник Евразии. – № 4. – с. 7

интеграциясына қатысты жүргізілген бұрынғы шаралардың жекіліксіз екені байқала бастады. Соған байланысты қазақтарға қатысты конфессиялық және социо-мәдени саясат өзгеріске ұшырады. Империялық эксперттер көзқарасы бойынша, татарлар және ислам қауіпті саяси және идеялық бақталасқа айналды. Империя үшін негізгі қауіп шығыс халықтарының ұлттық және конфессиялық сана-сезімінің бірігуі, мәдени жағынан озық тұрған Еділ бойы татарлары тарапынан шығатын қауіпті бақталастық сияқты көрінді. Кейбір П.П. Литвинов секілді қазіргі зерттеушілер лениндік «Ресей – халықтар түрмесі» деген тұжырымды өрбіте отырып, патша өкіметінің Орта Азия мен Қазақстандатарларға қарсы ерекше саясаттың қалыптасқаны туралы жазды. Татарлар империяға қарсы қандай да бір бұзық ниет танытпаған жапа шегуші жақ сияқты көрсетіледі⁵²⁵.

Уақыт өте келе татар молдарына деген көзқарас өзгере бастады. Жағдай күрделене түсті. Империяның шет аймақтардағы әскери және саяси басымдылығы оларға, европалық, азиаттық және африкандық колониялардағыдай, дереу экономикалық және мәдени үстемдік орнату дегенді білдірмеді. Ресейлік империялық жоба әртүрлі конфессиялық, этникалық және ұлттық топтармен, жергілікті элитаны айтпағанда қақтығысуы мүмкін болатын. Кейбір кезде осы үстем топтар империялық биліктің қолдауына сүйенді, бірақ империя орыс ұлттық саясаты элементтерін меңгергенде, ахуал күрделене түсті. Әйтсе де империя белгілі бір шет аймақты «орыстандыру» міндетін қойғанда да тактикалық шегініске баруға дайын болды, қуатты бақталастарды тоқтату үшін, әлсіз топтарды қолдайтын. Зерттеуші П.Верт Орта Еділ, Төменгі Еділ, Украинаның бір бөлігінен, Орта Азиядан, Солтүстік Кавказ бен Закавказье секілді Ресейдің орталық губернияларынан шет жатқан аймақтарынан тарихшы үстем орыс халқы мен езілуші жергілікті халықты ғана емес, үш, төрт, тіпті, одан да көп этникалық немесе конфессиялық топтарды байқайды деп көрсетті. Олардың әлеуметтік даму деңгейі әртүрлі, бірақ өзара тығыз байланысқан. Бұл фактілер «империялық қатынасты» өзара ықпалдасқан, қабысқан көпқырлы жүйенің бөлігі ретінде қарастыру қажеттілігін байқатады.

Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский өзінің 1865–1866 жылдары берген есебінде өлкедегі конфессиялық ахуалға жете көңіл бөлу қажеттігін алға тартады және де «зұлымдық тамырын» – түрлі діни сенімді және исламды насихаттауды жоюға шақырады.

⁵²⁵ Сонда.

Губернаторды Орта Азияны қосып алғаннан кейін Қазанның шығысында жатқан бүкіл кеңістікті мұсылман дініндегілер алып жататыны және де олардың басқа да мұсылман елдерімен шектесіп жатқаны алаңдатты.

Еділ бойындағы діни ахуал да алаңдатушылық тудырды, онда бұрындары шоқынған татарлар исламды қайта қабылдай бастады, сонымен бірге татар-мұсылмандардың ықпалы чуваштарға, марийлер мен удмурттарға тарала бастайды.

Мұсылмандарға қатысты жаңа курстың басты идеологтарының бірі, Қазан діни академиясының профессоры Н.И. Ильминский 1858 жылы татар діни-мәдени оянуының қаупі туып тұрғанын нығыздап айтты.

Мұсылман фанатизмінің таралу қаупі туралы шығыстанушы, Орынбор шекаралық басқармасының бастығы В.В. Григорьев іліп әкетті. Ол Поволжье, Кавказ, Қырымда, сондай-ақ Қазақ даласында орыс билігіне соншалықты қауіпті мұсылман фанатизмі татар және башқұрт молдалары, сонымен бірге бүкіл «ораазиялықтар» арқылы таралу қаупі барын алға тартады. В.В. Григорьев қазақтардың Ресей билігіне қарсы бас көтеруін татар және башқұрт молдаларының қызметімен байланыстырды. Татар молдаларының ықпалы әсіресе Даланың солтүстік аймақтарында байқалды.

Бөкей Ордасында болған шенеулік А.Н. Харузин татарлардың өркениетпен қазақтарға қарағанда ертерек танысқанын айта келіп, саудагер татардың қазақты өз ықпалына түсіріп, кешкі намазға бірге баратынын көрсетеді және де қазақ үшін орыстану емес, татарлану арман деп жазады⁵²⁶.

Қазақтар табиғатынан рухы таза болғандықтан, рухани жұмыстарға бейімделгіш, үкімет тарапынан дұрыс бағытталған жұмыстардың игілікті шаралар екенін ұғынады және де Ресейдің адал берілген әрі пайдалы бодандарына айналады деп болжады В.В.Григорьев. Империялық эксперттердің идеологиялық негіздеулерінде исламның эволюциясы өркениетке бастамайтын, тұйыққа тірейтін бағыт ретінде көрсетілді. Сондықтан ол қазақтардың империяға интеграциясына қарсы күш ретінде сипатталды.

Аталған саяси бетбұрыста Кавказдағы және Қырымдағы соғыстармен қатар «поляк мәселесінің» де ушығып кетуі белгілі рөл атқарды. Батыстағы шеткері аймақтарда украиндықтардың,

⁵²⁶ Харузин А.Н. Степные очерки (Киргизская Букеевская Орда). Странички из записной книжки. – М.: Типография А.А. Левенсон, 1888. – с. 96

белорустардың, литвалықтардың поляктануы, эстондықтардың және латыштардың германизациялануы қаупіне кездескен империя шығыстағы шеткері аймақтарда башқұрттар мен қазақтардың орыстануы ісінде поволжелік татарлардың қауіпті қарсылас болуы мүмкін екенін байқады. Мұсылман-татарлар ендігі жерде, К.Мацузато айтпақшы, империяның «сыйлы дұшпанның» қатарына енгізілді⁵²⁷. Сөйтіп, империяның көптеген мәселелерінің арасында «мұсылман мәселесі» пайда болды. Қазақтардың «татарлануы», исламның қаупі туралы дауыстар қаттырақ шыға бастады.

Осы саясаттың аясында мұсылман діни өкілдері қызметіне деген күдікті қатынас қалыптасты, Орынбор діни басқармасы да бұдан былай ресейлік мұсылмандар үшін «исламдық Римге» айналуы мүмкін деген күдік туындады.

Мұфтияттар институтының өзі 1860 жылдардан бастап «мұсылмандарды біріктіру, оларды оқшаулау, сондай-ақ исламды нығайту және оны мұсылмандармен бірге тұратын мұсылман емес шетелдік халықтың көз алдында дәріптеу үшін» қуатты құрал ретінде қарастырыла бастады. XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазан қаласы исламдағы жаңадан туындап келе жатқан татар ұлттық қозғалысымен біріккен реформаторлық қозғалыстың орталығы болумен қатар христиан миссионерлерінің антиисламдық орталығы да болды.

Азиялық далалық шеткері аймақтардағы империялық саясат XIX ғасырдың 60 жылдарынан басынан бастап бірнеше себептерге байланысты өзгерістерге ұшырады. Оған Ресей империясының мемлекеттік шекараларының оңтүстік пен шығысқа жылжуы себеп болды. Сөйтіп, қазақ даласы «ішкі шеткері аймаққа» айналды. Сонымен бірге реформаторлардың буржуазиялық қайта құруларды империяның шығыс халқына тарату ниеті де туындамай қоймады. Сол кезде империялық шеткері аймақтардағы халықтарды «орыстандыру» арқылы империялық және ұлттық синтезді қамтамасыз ету мүмкіндігі мәселесін алға тартқан және де «біртұтас әрі бөлінбейтін Ресей» идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деген жаңа ұлттық басымдықтар пайда болды. Аталған өзгерістер «әкімшілік орыстандыруға» қол жеткізетін, империялық басқару институттарын жаңғырту және

⁵²⁷ Мацузато К. Генерал-губернаторства в Российской империи: от этнического к пространственному подходу // Новая имперская история постсоветского пространства. – Казань: Центр исследований национализма и империи, 2004. – С. 450-451

стандарттау арқылы ішкі губерниялар мен шет аймақтар арасындағы құқықтық және әкімшілік айырмашылықтарды жоюға болады деген сенімге жетеледі.

Далалық саясат 1860 жылдардағы жалпыреформаторлық бағыттан тыс қала алмады. XIX ғасырдың 60-жылдардағы жалпыреформаторлық курс басқару мен сот құрылысы саласына терең әсер етіп, тұтастай алғанда, орыс және қазақ социумдарының өзара іс-қимылының байланыс аймағын кеңейтуге (негізінен шаруалардың қоныс аударуы есебінен) әкелді, сондай-ақ ресейлік кәсіпкерлердің аймақтың экономикасына енуіне, мектеп және конфессиялық саясатты жаңғыртуға жол ашты.

Империя Қазақ даласындағы «ойын ережелерін» өзгертті, дәстүрлі қазақ ақсүйектерімен ынтымақтастықтан «демократиялық империализмге», неғұрлым орталықтандыруға және тікелей әкімшілі басқаруға бет бұрды.

1865–1868 жылдардағы Дала комиссиясының қызметі қазақ даласындағы исламға қатысты империялық саясаттың бетбұрыс кезеңі болды. Аталған комиссияға өзге де мәселелермен қатар қазақтар арасында исламның таралу дәрежесін, сондай-ақ оларды христиандандыру мүмкіндігін анықтау міндеті жүктелді. Бұрынғы кезде жүргізілген мұсылмандыққа қатысты саясат және татарларды мәдени делдал ретінде пайдалану саясаты қате деп танылды. Ендігі жерде ежелгі қазақ наным-сенімдерін қорғау үшін белсенді шаралар қабылдау ұсынылды, себебі, ескі наным-сенімді уақыт өте келе христиан дінімен алмастыруға болады деген болжам жасалды.

«Діни тұрғыдан біз Сперанскийдің ұстанымының мұсылмандық көзқарастарына қарсы болдық. Біз заңды христиан насихатымен әрекет ету қажеттілігін көрсетеміз және біздің қырғыздардан молдалар болуы үшін шетелдік молдаларды шақыруға тыйым салғымыз келеді»⁵²⁸, – деп жазды сол кездегі қазақ ағартушы ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов. Конфессиялық мәселелерде Дала комиссиясы көбіне Ш.Ш. Уәлихановтың осындай сараптамалық пікіріне сүйенді. Дала комиссиясының мүшелері мұсылмандық мәселесі бойынша «алыстағы Қазақ даласының және қазақ халқының ең үздік өкілі» деп таныған Ш.Ш. Уәлиханов та мұсылмандық мәселесі талқыланып жатқанда, шет қалмады. Батыс Сібір әкімшілігі үшін Ш.Ш. Уәлиханов «Сот реформасы туралы жазбаны»⁵²⁹ жазып шықты. Шоқанның сот

⁵²⁸ Уәлиханов Ш.Ш. Сот реформасы жайында хат // Уәлиханов Ш.Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 70 б.

⁵²⁹ Сонда. 47-76 бб.

реформалары туралы жазбаларында XIX ғасырдың 60 жылдары патшалық Ресейдің қазақтар үшін отарлық әкімшілік басқару органдары мен сот жүйесін қайта құру реформалары жөніндегі ойлары мен пікірлері берілсе, «Сахарадағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары» секілді жазбаларында қазақтардың мұсылмандығы жайлы баяндалды. 1863 жылдың аяғында немесе 1864 жылдың басында «Сахарадағы мұсылмандық туралы»⁵³⁰ арнайы жазбаны даярлады. Шоқан денсаулығының сыр беруіне байланысты мұсылмандық туралы жазбаларын аяқтай алмады. Алайда оның көзқарастары мен жазбалары Дала комиссиясының қорытындыларына әсер етті. Комиссия қорытындыларында Уәлихановтың жазбаларына сілтеме жасалды. Ш.Ш.Уәлиханов исламның Қазақ даласында бекінуінің басты кінәлісі М. М. Сперанский деп есептеді, оны тіпті «Сібір даласындағы Мұхамедтің ұлы апостолы»⁵³¹ деп те атады. Шоқан патша өкіметінің тарапынан қазақ даласына татар молдаларының жіберілуін жақтамады және де татар молдалардың қазақтардың бойына сіңірген исламдық үлгіні өз халқына жат деп есептеді. Ол өзінің келіспеушілігін білдіргенімен, қазақтардың мұсылмандығы туралы мәселеге философиялық тұрғыдан қарады.

Татар молдаларының қазақ халқының мұсылмандығына ықпалы жөнінде: «Татар молдаларының, ортазиялық ишандар менөздерінің жаңа діни ілімін уағыздаушылардың ықпалымен біздің халық барған сайын жалпы мұсылмандық кейпіне түсіп келеді. Кейбір сұлтандар мен бай қазақтар өздерінің әйелдерін харамға қамағандай жеке үйге қамап қояды. Діндар қазақтар Меккеге баруды бастап тұр»⁵³² деген Ш.Уәлиханов қазақ даласына татарлардың молдасы қаптап кеткенін⁵³³ де жасырмайды.

Шоқан «жалпы қазақ халқының алдында еуропалық цивилизацияға жетуде, орыстардың византиялық дәуірден өткені сияқты, татар халқы арқылы өтудің өлермен перспективасы тұр»⁵³⁴ деп көрсетті.

⁵³⁰ Уәлиханов Ш.Ш. Сахарадағым ұсылмандық туралы // Уәлиханов Ш.Ш. Алты шаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 114-120 б.

⁵³¹ Уәлиханов Ш.Ш. Сот реформасы жайында хат // Уәлиханов Ш.Ш. Алты шаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 71 б.

⁵³² Уәлиханов Ш.Ш. Сахарадағы мұсылмандық туралы // Уәлиханов Ш.Ш. Алты шаһарғасапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 114 б.

⁵³³ Уәлиханов Ш.Ш. Сот реформасы жайында хат // Уәлиханов Ш.Ш. Алты шаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 71 б.

⁵³⁴ Уәлиханов Ш.Ш. Сахарадағы мұсылмандық туралы // Уәлиханов Ш.Ш. Алты шаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 114 б.

Ол тарихтағы тәжірибені алға тарта отырып, өркениет жолымен дамыған жағдайда ғана қоғам өмірінде қалайда діннің рөлін күшейтуге болатынын алға тартты.

Туған халқының дін мәселесіне алаңдаушылық танытқан Ш.Ш. Уәлиханов Қазақ даласының діни жағынан басқарылуына орай төмендегідей мәселені қамтыған реформа жүргізуді ұсынды:

– Татарлардан дінге сенуі жағынан айырмашылығы бар халық ретінде қазақтарды Орынбор муфтиятының қарамағынан бөліп алып, Жалпыоблыстық қазақ басқармасын құру және оған облыстық ахун тағайындау;

– Молда атағын жергілікті қазақтарға беру немесе халық өтініші бойынша қазақ қожаларына беру;

– Округке 1 молдадан тағайындау;

– Татар семинаристеріне келіп жүрген, кәсібі жоқ ортаазиялық ишандар мен қожаларға қазақ қоныстарында тұруға тиым салу⁵³⁵.

Шоқанның бұл ұсыныстары ескерусіз қалмады. Дала комиссиясы қазақтардың мұсылмандығы мәселесінде татар молдаларының ықпалынан шектеу мақсатында қазақтарды Орынбор мұсылмандар діни басқармасынан шығарды. Татар, башқұрт және ортаазиялық молдалар үкіметке пайдалы бола алмайды, олардың қызметі қазақтарды орыстардан алыстатып, Қазақ даласында діни фанатизм тудыруы мүмкін, ал қазақ молдалары олар сияқты зиян келтірмейді деген болжам жасалды.

Дала комиссиясы осылайша Қазақ даласына молдаларды тек қазақтардан қоюды және олардың Уфада тұратын татар мүфтиінің алдында емтихан тапсыруын тоқтатуды алға тартты.

Қазақ даласында халыққа білім беруде зайырлы мектептердің ашылуы қажеттігіне назар салған Комиссия православиелік миссионерлікті емес, оның татар молдаларының ықпалын азайтуды көздеген саяси маңызына көңіл бөлді.

Қазақтардың мұсылмандану процесі дәрежесінің төмендеуіне стратегиялық ұстаным ретінде қаралды. Исламға қатысты бұрынғы саясатты өзгерутудің қажеттілігін көрсету барысында Комиссия мүшелері исламның өркениетке жетуде тежегіштік қасиетіне, діни фанатизмге, татар және башқұрт молдаларының фанатизмі, қазақтардың фанаттық емес сипаты және де қазақтардың исламға қатты берілмеуі деген сияқты ұғымдарды жиі қолдана бастайды.

⁵³⁵ Сонда. 118-119 бб.

Қазақтарға қарағанда мұсылмандануы және татарлануы жоғары башқұрттар орталықтағы билік орындарына өзінің жағдайына жалқау, надан, селқос қараушы, империяға сенімсіз деп көрсетілсе, ал қазақтар башқұрттардан ақыл-ой, экономикалық дамуы жағынан жоғары етіп сипатталды.

Комиссия Қазақ даласындағы молдаларды тек қазақтардан сайлауға рұқсат беруді және қызметке кіру үшін емтихандарды алып тастауды ұсынды. Қазақтарды исламдандыру дәрежесін төмендету, бұл халықты «Мұсылман шығысы» құрамынан шығаруға деген ұмтылыс өзіндік империялық стратегиялық бағыт болып табылатын еді. Одан қазақтарды орыс мәдениетіне ассимиляциялау мүмкіндігі және олардың болашақ христиандануы туралы тұжырым шығатын еді. Алайда қазақтардың одан әрі мұсылмандануы, татар молдаларының ықпалы көшпенділердің орыстануына қауіп төндіретіні империялық дәуірдің соңына дейін орын алды.

Негізгі назар православтық миссионерлікке емес, зайырлы мектепке аударылды.

Бұл тұрғыда татар мектептері орыс журналистикасының беттерінде және ресми құжаттарда, әрине, қарабайыр, нашар ұйымдастырылған, лас болып көрінеді, ал татар мұғалімдері толығымен надан және төбелеске бейім сияқты етіліп суреттеледі. Олардың қазақ балаларын шығыстық коннотацияларға толы Құранды оқыту тәсілдері, империялық сарапшылардың сипаттамаларында, тікелей физиологиялық бейнеге ие болады. Өкінішке орай, қазақтардың қарапайым көшпелі өмірі, табиғи қызығушылығы мен дарындылығы оларды, империялық бақылаушылардың пікірінше, «фанатиктерді» – татар сауаттылығы мен исламды далада сәтті тарататын башқұрт және татар молдаларын насихаттауға ерекше сезімтал етеді. «Табиғат балалары» қызығушылықпен «қалай да үйренуге, оқуға» дайын, бірақ 1868 жылғы реформадан кейін қазақтардың толқуы байқалды, қазақтарға татар-мұсылманның кері ықпалы күшейгендей көрінеді деп көрсетіледі империялық бақылаушылар есебінде. Ильминскийдің баяндауларында татар молдаларының қазақ балаларына араб графикасын үйретудегі қаталдығы сипатталады⁵³⁶.

1860–1870 жылдары дінге төзушілік саясатынан қазақ халқына мұсылмандық ықпалын шектеуге өту жүзеге асты. Өркениеттілік

⁵³⁶ Ильминский Н. И. Воспоминания об И. А. Алтынсарине. – Казань. 1891 г. – С. 390.

мотиві мен христиандық миссиядан бөлек енді империялық дискурсқа ұлттық императивтер белсенді түрде кіріге бастады. Енді исламға деген толеранттықты мұсылмандарды фанатизммен айыптау, екі діннің қатар өмір сүруі мүмкін еместігі туралы болжамдар орын алады.

Антиисламдық фобияның өршігені соншалық, империя өзін татарлардың экономикалық және мәдени экспансиясына ұшыраған халықтарды қорғаушы ретінде көрсете бастады.

Осылайша, қазақ даласындағы «мұсылман мәселесі» түсінігінің құрамдас бөліктері конфессиялық құрамдас бөліктен басқа, біріншіден, империя өзінің шығыс шеткері аймағындағы мәдени күрестен ұтылып қалады деген қорқынышты, екіншіден, қазақтарды орыстандыру саясаты Орталық Азиядан дәстүрлі мұсылман қауіпімен қатар келетін татар ұлттық-діни жобасымен бетпе-бет келеді деген нанымнан құралды. Сонымен қатар орыс халқының өзіне төнетін татарлану, якуттану, башқұрттану қауіпі жөнінде де сөз қозғала бастайды. Империялық риторика бұдан әрі қарай қазақтардың әлсіз мұсылмандануы, олардың татарларды тарихи қабылдамауы, табиғи бейімділіктер мен мәдени артта қалушылыққа байланысты орыс мәдениетіне қосылуға дайындығы жағына қарай ауады⁵³⁷.

Тіл мен мектеп әрқашан империялық саясатта маңызды рөл атқарды және бұл рөл біртіндеп дамып, христиандық миссионерлік қызметті екінші кезекке, тіпті, алыс перспективағы ығыстырып тастады. Сонымен қатар Ресей империясының байланыстырушы құрылымдары ретінде саяси ниеттестік пен конфессиялық толеранттылық жаңа сәйкестіктермен толықтырылды (немесе ауыстырылды), онда тіл мәселесі ерекше өзекті болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей билігі татарлардың қазақтарға ықпал ету мүмкіндігінен қауіп байқай қоймады. Өз кезегінде қазақтар татар тілі мен жазуын білсе, көп нәрсеге қол жеткізе алатынын, атап айтқанда, ауыл старшинасы немесе болыс хат жүргізушісінің көмекшісі лауазымын иеленетінін, аудармашы бола алатынын түсінді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап жағдай өзгере бастайды, қазақтардың орыс тілін үйренуі маңызды мемлекеттік міндет ретінде тұжырымдалды. Жергілікті тілдерді кириллица негізіне аудару әрекеттері айқын саяси сипат алғанн Батыс өлкесінде ғана емес, сонымен бірге Еділде, Сібірде, Қазақ даласында және Орта Азияда да

⁵³⁷ Ремнев А. Татары в казахской степи: соратники и соперники Российской империи // Вестник Евразии. – № 4. – с. 17

орын алды⁵³⁸.

Империялық саясатты ұлттандыру және әлеуметтік - мәдени міндеттер шеңберін кеңейту жаңа қайраткерлерді-шығыстанушылар мен мұғалімдерді қажет етті. Олар бұған дейін қазақ даласында бас идеологтар мен практиктер болған дипломаттар мен әскерилерді айтарлықтай ығыстырды. Қазақтарға қатысты тіл саясатын анықтаған ең ықпалды теоретиктер Ресейдің көрнекті шығыстанушы ғалымдары – В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Григорьев, В.В. Радлов, Н.И. Ильминский болды. Сондай-ақ олардың сенімді серіктері мен шәкірттері – Ы. Алтынсарин, Н.П. Остроумов, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов және т. б. болды. Шығыстанушы В.В. Григорьевтің өмірбаянын жазған Н.И. Веселовский оның қазақ тілін ресми пайдалануға енгізуі ерекше сіңірген еңбегі болды деп атап көрсетеді. Орынбор өлкесіндегі әкімшілік қазақтардың өз тілі болғанын білген де жоқ. Өйткені татар шенеуніктері қазақтардың толығымен татар тілінде сөйлейді деп сендірді және ордалықтармен барлық хат-хабарларды татар тілінде жүргізілді деп жазды⁵³⁹.

Бұл жаңа тіл саясатындағы басты тұлға қазандық шығыстанушы профессор Ильминский болды. Ол Григорьев сияқты билікке татардың мәдени және діни ояну қаупін табандылықпен атап өтті⁵⁴⁰. Билеуші топтарда татар халқының қазақтарға ықпал етуімен күрестің және қазақ тілі мен жазуын кириллицалық негізде қорғаудың неғұрлым қатал жақтаушылары Халық ағарту министрі Д.А. Толстой, Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский және Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман болды. Соңғы екеуі Батыс өлкесінде қызмет еткеннен кейін генерал-губернаторлық қызметке тағайындалғаны маңызды, онда олар тіл мәселесінің маңыздылығын түсініп, әртүрлі тілдерді империялық контекстке енгізуде белгілі бір тәжірибе жинады.

Крыжановский татарлардың қазақтарға тигізетін зиянды әсерін бірнеше рет атап өтті және орыс тілін тарату қажеттілігі туралы мәселе көтерді. Ішкі істер министрі П.А. Валуевке 1867 жылғы 31 қаңтардағы

⁵³⁸ Миллер А. И. Империя Романовых и национализм: Эссе по методологии исторического исследования. – М., Новое литературное обозрение, 2006. – с. 49

⁵³⁹ Веселовский Н. И. Василий Васильевич Григорьев по его письмам и трудам. 1816-1881. – СПб.: Типография и Хромолитография А. Траншелия, 1887. – с. 217

⁵⁴⁰ Нисияма К. Принятие ислама крещеными татарами и православная церковь: этнокультурное противостояние на Среднем Поволжье в середине XIX в. // Новая волна в изучении этнополитической истории Волго-Уральского региона: сборник статей / под ред. К. Муцузато. Sapporo: Slavic Research Center, 2003. – С. 200

хатында ол татарлар мен башқұрттарға қазақ даласында хат жүргізуші лауазымдарын атқаруға және қазақ балаларын оқыту үшін қабылдауға тыйым салуды, мұсылман мектептерінде орыс тілін оқытуды енгізуді, осындай мектептердің түлектері қазақтар болашақта қазақ қоғамдық басқармасында сайланбалы лауазымдарға ие болуы үшін бұйрық тәртібімен енгізуді ұсынды.

1876 жылы Д. А. Толстойдың Орынборға сапарынан кейін халық ағарту министрі императордың алдына Қазақ даласындағы татар-мұсылман ықпалына қарсы күресбағдарламаны қойды.

Ол империяның шығысындағы мұсылман халықтарын «үлкен немесе аз діни фанатизмге» байланысты үш топқа бөлді. Бірінші орында басқаларға қарағанда орыс біліміне жатырқай қараған татарлар болды, екінші орында башқұрттар болды, өйткені олар айтарлықтай мұсылмандыққа және татарлануға ұшырады, үкіметтің алдындағы мақсат олардың «өзболмысын» сақтап, татарларға айналмауын қадағалау. Ал үшіншісі орында қазақтар, олардың арасында «татарлану» басталды және бұған кінәлілер мыналар: «фанатик шәкірттер» – қазақ даласында саудагерлердің кейпімен жайғасқан татар медреселерінің оқушылары, өз балалары үшін бай қазақтар жалдайтын татар мұғалімдері, татар мұсылман мектептерінде оқып, Қазақ даласына «мұсылмандықты барынша насихаттаушы» болып оралған қазақтар, қазақтарға татар тілінде қаулы шығарып, араб алфавитін қарқынды түрде таратқан императорлық әкімшіліктің өзі⁵⁴¹.

Халық ағарту министрі қайта-қайта қазақтардың татарлануы мен мұсылмандануына қарсы батыл күресу қажет. Олардың татарлармен бірігуіне жол бермеу керек деп мәлімдеді. Өйткені башқұрттармен осындай жағдайдың болғанын естен шығармады. Сөйтіп, 1860-шы жылдары қалыптасқан және қазақтарды басқа мұсылман халықтарынан бөлуге бағытталған жаңа қазақ дискурсы аясында Д.А. Толстой да қазақтарды татарландырудан қорғап, олардың пайда болуына барлық шараларды қабылдау қажет деген пікірін білдіріп жатты⁵⁴². «Бұл халық

⁵⁴¹ Из отчета министра народного просвещения гр. Д. А. Толстого Александру II о состоянии учебных заведений Оренбургского учебного округа и о мерах борьбы с отатариванием башкир и киргизов // Аграрный вопрос и крестьянское движение 50-70-х годов XIX в. Труды историко-археологического института АН СССР. – Т.16. / Материалы по истории народов СССР. Вып.6. Татарская АССР. Материалы по истории Татарии второй половины XIX века. Часть первая. – М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1936. – С. 338

⁵⁴² Сонда. С. 339

кабілетті, ақылды, еңбекқор және ағартуға бейім... орыстар мүлдем бөтен емес, өйткені татарлар, керісінше, орыс білімін іздейді және сол арқылы үкіметтің өздерінің жабайы тайпалары арасындағы жоғары ағартушылық міндетін көрсетеді»⁵⁴³ деген министр қазақтарға қатысты міндеттер олардың өз жазуы мен тіпті әліпбиі жоқтығымен жеңілдейді деген пікірін жасырмады.

Бұл мәселені Орынборда талқылау үшін Халық ағарту министрі Д.А. Толстой Ильминскийді Қазаннан арнайы шақырып, оған бірден генерал-губернатордың қарамағындағы бір ғалым татармен бірге орыс әріптерімен қазақ тілінде бір мақала жазуды тапсырады. Қазақтардан бірнеше гимназия оқушыларын шақырып, оларды осы мақаланы оқуға көндіру туралы шешім қабылданды, егер оларға бәрі түсінікті болса, онда сіз қазақ сөзін орыс алфавитімен жеткізе аласыз деді⁵⁴⁴. Эксперимент сәтті өтті және кирилл алфавиті ресми түрде империялық мәдени үстемдік құралдарының жиынтығына кірді.

Оны қабылдаған Орынбор шенеуніктерінің айтуынша, Д.А. Толстой қазақтардың фанатикалық мұсылмандар емес екенін, олардың исламды білуі өте үстірт, олар басты қауіп төндіретін татар молдаларын жек көретінін білді. Татарларды даладағы молда ретінде сайлауға тыйым салу ештеңені өзгертпеді, өйткені қазақ молдалары да исламды насихаттайтын татар медреселерінде оқиды. Өлкедегі жағдайды жақсарту тәсілі ретінде татар тілін қазақ (мүмкін болған жерде – орыс), араб әліпбиін – кириллицамен, татар жазушыларының орыс немесе қазақтармен алмастыру ұсынылды. Сонда мұсылмандық насихат пен қазақтарды «қаталдатуды» тоқтатуға мүмкіндік туады. Қазақ халқына бағытталған ресми насихатта діни уәждерін жасыра отырып, тек қазақтар есебінен пайда тапқысы келетін татар саудагерлері қызметінің эксплуатациялық сипатына назар аудару керек делінді.

Өз кезегінде Н.И. Ильминский татарлармен, башқұрттармен, содан кейін қазақтармен қарым-қатынас жасай отырып, олардың мұсылман сауаттылығына қарсы тұра алатын таза табиғи тілін байқады. Сондықтан ол қазақ тіліне деген әділетсіз көзқарасты «татар тілінің қандай да бір жаман жаргоны» деп қарауды жеңуге шақырды⁵⁴⁵. Егер біз бастауыш мектепте сабақ беруде бұратана тілдерге жол берсек деді

⁵⁴³ Сонда

⁵⁴⁴ ҚРОМА. 369-қ., 1-т., 2040-а-іс.4 п.

⁵⁴⁵ Ильминский Н. И. Воспоминания об И. А. Алтынсарине. – Казань. 1891 г. – С. 391.

Н.И. Ильминский, онда бұл кішігірім ұлттарды қолдайтынымызды білдіреді әрі олар көпке бармайды, әйтеуір бір уақытта өмірдің тарихи ағысымен орыс халқына қосылып кетеді. Оқыту мен ғибадатта қолданылатын ана тілі бұратанаға мектепті жақсы көруге мүмкіндік береді, сол арқылы орыс тілі, орыс халқы, орыс білімін қабылдайды, татар-орыс бағытын қазақ-орыс бағытымен алмастырады⁵⁴⁶.

Орынбордағы үшжылдық қызметі кезінде Н.И. Ильминский араб-татар әліпбиін, оның қазақ фонетикасына сәйкессіздігін байқайды. Бұл алфавитке алғашында көп мән бермеді және орыс әліпбиін қабылдады. Өйткені шоқындыру рәсімінен өткен татарлар араб әріптік графикасын білмеді. Тек кейінірек ол әліпбиін қазақтар мен басқа мұсылман халықтары арасында мәдени шекара құруға көмектесетінін ұқты. Н.И. Ильминский араб жазуының мұсылмандар үшін қасиетті мағынасын, сондай-ақ алфавиттің қасиетті болуы да бірліктің тірегі бола алатындығын толық түсінді. Кириллица бұл бірлікті бұзуы мүмкін, рас, православие болмаса, бұл шетелдіктерді орыстармен біріктіруге әкелмейді, бірақ кем дегенде бұл үшін алғышарттар жасайды деді⁵⁴⁷.

«Сондықтан қазақ мектептерінде ақпарат пен идеяларды магометандық емес, орыс және жалпыадамзаттық, сонымен қатар татар тілінде емес, қазақ тілінде оқыту керек, қазақтарға татар тілін мүлдем үйретпеу керек. Қырғыздарды татар тілінен едәуір алыстату үшін татар грамотасы қажет емес, бірақ міндетті түрде орыс тілі» деді.

Осылайша, тіл мен алфавит «орыстың» ауқымды жобасының бір бөлігіне айналды, орыстандыру жоспарлары одан да ауқымды жаңғырту ойларымен біріктірілді. Өйткені орыстандыру қазақтардың өздерінің орыс тарапының іс-әрекеттерін саналы қабылдауын және мақұлдауын қамтамасыз етеді деп үміттенді.

Н.И. Ильминский мұндай мектептерді басқарып, оларға оқулықтар жазу үшін орыс біліміне шын жүректен жанашыр қазақтар ғана жарайды деген ойда болды. Оның назары Қазақ даласында Қазан шоқыну-татар мектебінің әдістерін қолдануға шақырылған Ыбырай (Ибрагим, Иван Данилович) Алтынсаринге түседі. Ыбырай Алтынсарин заманында қазақ даласындағы діни оқуларды көбінесе Қазан, Уфа қалаларынан оқып келген татар молдалары оқытты. Пайдаланылатын оқу құралдары да сол қалаларда татар-араб тілдері араластырыла

⁵⁴⁶ Сонда.

⁵⁴⁷ Сонда. С. 162

басылып шыққан кітаптар болды. Ал Ыбырай болса, қазақ тілінің тазалығы үшін күресіп бақты. Осы мақсатпен 1876 жылы Ыбырай орыс педагогтары К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.Ф.Бунаковтардың оқулықтарымен танысып, олардың оқыту жүйесін үйренді. Соларға еліктей отырып, қазақ тілінде тұңғыш оқулықтар жазуға кірісті. Ы.Алтынсарин кириллицалық негізде қазақ жазуын әзірлеу және енгізуді жүзеге асырды. Алайда Алтынсарин ислам негіздерінің оқытушыларынан татарларды ығыстыру үшін қазақ тілінде, бірақ араб алфавитімен арнайы оқулық құрастырды. Ы. Алтынсарин «Мұсылманшылықтың тұтқасы» (Шараит-ул- ислам) атты кітабын жазып шықты. Оны жазудағы мақсатын 1882 жылы 12 қыркүйекте Н.И. Ильминскийге жазған хатында былайша баяндайды: «Қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады. Бұл діни оқуды көбінде татар және Бұхар молдалары немесе татар, Бұхар медреселерінен оқып шыққан қазақтар жүргізіп отыр. Діни оқуға пайдаланатын құралдары – көбіне қазаққа түсініктірек татар кітаптары. Бірақ онда ешқандай жүйе, көбінде мағына жоқ»⁵⁴⁸. Ыбырай татар молдалары оқытатын оқушыларға түсініксіз жаттамалы діни оқуды балаларға түсінікті тілде, жаңаша әдіспен түсіндіріп бере алатын оқытумен алмастыруды аңсады.

Мұндай оқулықтың орыс алфавитіндегі басылымы «әзірге ыңғайсыз және уақтылы емес» деп есептелді. Олар оны қазақтар қабылдамайды және тек мектеп кітапханасында қалады дейді. Ы. Алтынсарин «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы», «Қазақ хрестоматиясы» еңбектерін қазақ тілінде құрастырды. Ы.Алтынсарин бұл еңбектерінде орыс графикасы негізінде жасалған жаңа қазақ алфавиті пайдаланылды.

Ы.Алтынсарин «Қырғыз хрестоматиясының» кіріспесінде: «Жалпы біліммен пайдалы мағлұмат беретін кітап Азия халықтарының бірде-бірінің тілінде жоқ. Сондықтан орыс тіліндегі кітаптан ізденуді мақұл көрдік. Осы себептен біз хрестоматия өзінің мақсатына сай келуі үшін оны орыс алфавитімен шығаруды қолайлы деп таптық»⁵⁴⁹, –деп жазды.

Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін Торғай облысы мектептерінің

⁵⁴⁸ Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9 б.

⁵⁴⁹ Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 120 б.

инспекторы лауазымын атқарған А.В. Васильев бұл қызметін қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін қорғай отырып және оны татарландырудан қорғауға шақыра отырып жалғастырды. Ол ғылыми деректерді пайдалана отырып, қазақтарға, ең болмағанда, олардың ұлттық ерекшеліктерін сақтауына көмекке келу керек, қазақтардың дұрыс болмаған және бейсаналы түрде қабылдаған араб транскрипциясының қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін бұзатынын көрсете отырып, оны сақтау құралдарын көрсетуге міндеттіміз деп жазды⁵⁵⁰. Орыс әліпбиін жақтаушы лингвисттер қазақ тілі мен татар тілінің айтарлықтай айырмашылығын дәлелдеуге және түркі тілдерінің жақындасу тенденциясын басуға тырысты.

XIX ғасырдың 70-жылдарының аяғына қарай татар жазуын ығыстыру және оны қазақ, содан кейін орыс тілдерімен алмастыру бойынша білім беру стратегиясы мен тактикасы бойынша нұсқаулар жергілікті әкімшілікке беріліп жатты. Онда қазақ ауылдарындағы татар мұғалімдері көп жағдайда кедей, сауаты аз, дамымаған адамдар, Қазақ даласында қандай да бір насихат жүргізе алмайды. Бірақ олар татар сауаттылығын тарататындықтан, қазақтарға зиянды, үкіметте мұны құптамайды делінді. Қазақ тілі татар тілімен тамырлас болғанымен, айтылуында да, сөйлеу айналымында да айтарлықтай ерекшеленеді. Тілдің өз жазуы жоқ, сонымен қатар өркениеттің дамуымен қазақтар өз ойларын жазбаша баяндауда шұғыл қажеттілікке ие. Мұнда татар мұғалімдері өз қызметтерімен танысып, қазақ тіліне татар жазуын енгізді. Сонымен қатар қазақтарды орыстандыру жолында олар үйренген татар жазуын орыс тіліне ауыстыру қажет. Бұл оңай іс емес. Көптеген қазақтар татар алфавитімен танысып, олардың тіліне орыс әліпбиінің енгізілуімен бәрі сауатсыз болады. Олар татар тілінде бір-бірімен хат алмасуды және балаларына татар тілін үйретуді жалғастыратыны түсінікті. Сондықтан татар алфавитін орыс тіліне ауыстыру керек, бірақ көптеген жылдар бойы табанды түрде жүргізілуі керек. Қазіргі уақытта бұл бастама жасалды. Қазақ интернаттарында балалар тек орыс тілінде ауызша және жазбаша оқиды, ал татар тілінде оқытылмайды. Интернатта оқыған соңғы жылы балаларды өз ойларын қырғызша орыс әріптерімен жазуға үйретуге болады. Бұл ауыл мектептеріне қажетті және пайдалы мұғалімдер мен мұғалімалар болады. Бұл адамдардың саны далада жеткілікті болған кезде, татар жазуын оқытуды ауыл мектептерінен

⁵⁵⁰ Васильев А. В. О киргизском языке и его транскрипции. По поводу издания «Киргизской Степной Газеты». – Оренбург: Типография П.Н. Жаринова, 1896. – С. 9

толығымен шығаруға болады. Осы уақытқа дейін бұл жазуға төзуге тура келеді делінді⁵⁵¹.

Бірақ татар молдалары қазақ балаларын оқытуда ойлануға жетелейтін материалдарды өздері тапқан татар тіліндегі кітаптардан алды және жетіспеген қажетті білімді өмірлік тәжірибелерімен сүйенді⁵⁵². Татар молдаларының қазақ халқы арасында оқу-білімді, исламды таратудағы маңызды рөліне Алматы қаласындағы архив қорларында сақталып қалған татар тіліндегі діни тақырыптағы және логика, тарих, араб грамматикасы және т.б. ғылымдар бойынша жазылған көптеген кітаптар куә бола алады. Алматы архивтерінде 5000-нан аса құжаттар сақталып қалған, оның басым көбі татартілінде жазылған⁵⁵³.

Татар тілін ығыстыру процесін жеделдету мақсатында қазақ болыстарынан барлық татар мұғалімдерін қуып жіберіп, оларды сауатты қазақтармен алмастыру ұсынылды. XIX ғасырдың соңынан бастап орыс-қазақ болыстық және ауылдық мектептер желісін ашуға бағыт алынды, олар жалпы орыстық тұрғыдан қарағанда жарамсыз әрі зиянды деп есептелінген мектептер мен медреселерді ығыстыруға бағытталды. Татар тілі мен араб транскрипциясы бейнеден белсенді түрде шығарылды.

Ауыл мектебінде оқыту үш жыл бойы жүргізілді, оқытуды қазақ тілін білетін қазақ мұғалімдері немесе орыс тілінде жүргізді. Бірақ орыс тілін үйрену басты мәселе болып жарияланды, сондықтан жергілікті әкімшіліктің пікірінше, мұндай мектептердің басты ұраны мектепте тек орыс тілінде сөйлеу керек дегенді ұғындыруы тиіс болды.

1860 жылдардан бастап империя орыс тілін ресми іс жүргізуге белсенді түрде енгізіп, татар хатшылары мен аудармашыларын орыс тілін білетін орыс шенеуніктері немесе қазақтармен алмастыруға кірісті. Қазақтардың өзін-өзі басқаруына қатысатын және соттың барлық сайланбалы лауазымды тұлғаларынан орыс тілін білуді талап етуге талпыныс жасалды. Үкімет өкімдерін қазақ тілінде жариялауға тура келген барлық жағдайда енді орыс әліпбиін қолдануға

⁵⁵¹ ООМА. 3-қ., 9-т., 15406-іс.1-4 п.

⁵⁵² Галиев В.З. Участие татарских мулл в развитии образования среди казахов в 20–60-х годах XIX века (на материалах внешних окружных приказов) // http://www.idmedina.ru/books/materials/faizhanov/5/pedagog_galiev.htm#_ftnref1

⁵⁵³ Марданова Д.З. Татарское рукописное и старопечатное наследие в архивах г. Алматы // «Beyond the TARTAROS». A Muslim World in the Heart of Europe between Elbe, Bug and Kama = «Потусторону ТАРТАРА». – Казань, 2017. – с. 119

ұмтылыс жасалды. Алайда, іс жүргізудегі татар тілінің позициясы ұзақ уақыт өте берік болып қала берді. Ильминский мен Григорьев Орынбор өлкесінен кеткенде, Қазақ даласында тағы татарлардың ықпалы күшейді. Бұл орыс әкімшілігінің алдағыны дұрыс болжай алмайтындығын және татарлардың өздерінің ықпалын сақтауға деген инстинктивті ұмтылысын көрсетті⁵⁵⁴. Қалыптасқан дәстүрдің күшті болғаны соншалық, тіпті 1868 жылғы «Дала облыстарын басқару туралы Ереженің» өзі қазақтар үшін олардың тіліне емес, татар тіліне аударылды. «Ереженің» тілінен таза орыс емес, татар тілінің лингвистикалық ықпалы байқалып қалды. Алайда орыс әліпбиі бар қазақ тілі тек өтпелі форма ретінде қарастырылды. Билік өкілдері іс жүргізу және білім беру саласындағы татар-араб жазуына қатысты біртіндеп ығыстыру тактикасын ұстанды, алдымен әкімшілік ресурсты абайлап пайдалана отырып, кириллицамен жазылған қазақ жазуына өтуге бастайтын ынтаның артуын күшейте түсуді, содан кейін орыс тілінің өзіне көшуге бел буды.

Осындай шаралардан кейін ХІХ ғасырдың 80-жылдарының басына қарай ресми іс жүргізуде орыс тілінің қолданылу аясы едәуір кеңейе түсті. Билік орындары болыстық старшиналыққа, хатшылық пен молда болуға орыс-қазақ мектептерінің тәрбиеленушілерін өткізуге тырысты. Бірақ бұл тілдік қарама-қайшылықта қазақ молдалар да жеткілікті адал еместей көрінді⁵⁵⁵.

«Өз жерлерінде дін ғылымын оқуға болмайтын болған соң, қазақ жігіттері қазір де Бұхара, Хиуа, Орынбор, Бейрут, Медине, Стамбол, Қазан, Мысыр сықылды зор шәһەرлерге таралып кетіп, оқи бастады. Оқуларын бітіріп қайтқан соң, жасырын мектеп-медресенің санын көбейте бастады. Осы қалпы әлі күш алмақта. Мінеки осындай халдерхүкіметтің 1860 жылдардан бастап қазақтарды орыстарға бейімдеудің себебінен болса керек. Бұл «шейін елеусіз хал емес. Бұл өте қорқынышты, өте мемлекет үшін қорқынышты хал. ... Соңғы жылдарда хүкімет мұсылмандарды, әсіресе қазақтарды бүкіл ислам дініндегі түріктерді бірлеседі деп сезіктенеді»⁵⁵⁶, – деп көрсетеді Б. Қаратаев.

Патша өкіметі жүргізген тіл саясатының тағы бір бағыты – дәстүрлі мұсылман мектебі арқылы орыс тілін қазақ арасына енгізу болды. Бұл жоспарды жүзеге асыру оңай болған жоқ, қажетті кадрларды

⁵⁵⁴ Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. – Казань: Типо-лит. Имп. ун-та, 1883. – с. 22-23

⁵⁵⁵ ООМА. 3-к., 9-т., 15406-іс. 75 п.

⁵⁵⁶ Сонда, 212 п.

даярлауға уақыт қажет болды. Сонымен бірге жергілікті халықтың наразылығының туындау қаупі байқалды. Мектеп медреселерде орыс тілін оқытуға деген қарсылық ашық та жасырын да жүріп жатты. Ақмола әскери губернаторы В.С. Цитович билік орындарына 1877 жылы молдалар мен ахундарға орыс тілін үйретуге қойылатын талаптар айтарлықтай нәтиже бермегенін жеткізеді, ал петропавловтік татарлар діни сенімімізге нұсқан келтіреді деген желеумен орыс тілін оқымау құқығын қорғау үшін патшаға өз өкілдерін жібереміз деп жатқанын мәлімдейді⁵⁵⁷.

Қазақ оқығандары жазуында да татар сөздері бұрынғыдай өте көп кездесетін⁵⁵⁸. Татарлардың оқу-ағарту ісінің қазақ ағартушылығына ықпалы мәселесін А. Байтұрсынов «Қазақша оқу жайынан» атты еңбегінде көтереді. Қазақ оқушылары мен татар молдаларының сабақ жүргізу әдістеріне тоқтала отырып, олардың бала оқытудағы кемшін тұсын: «...қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шоқақ көрінеді»⁵⁵⁹ деп атап көрсетті. Татар медреселерінің арасында да үлгілілері байқаған А.Байтұрсынов «Оқыту жайынан» атты еңбегінде⁵⁶⁰ татарлардың осы тәртіпті мектептерінің оқу бағдарламаларын қазақ мектептеріне ыңғайлап қолдануға болатынын ескертеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында түркі-мұсылман халықтары арасында татарлар кітап шығару, баспасөз ісінде алдыңғы қатарда тұрды. Осы тұста татар баспаларынан тиражы да көлемді 3 мыңнан аса кітап шықты жығылды және олардың тиражы да артты⁵⁶¹.

Патша үкіметі XIX ғасырдың 70 жылдары мұсылман діни мектептеріне қатысты бірқатар шараларды жүзеге асыруға бел буды. Соның бірі зайырлы орыс-татар мектептерін ашып, медресе, мектеп шәкірттеріне орыс тілін оқытуды міндеттеуі еді. Жергілікті халық тарапынан да, мұсылман діни қызметкерлері тарапынан да қарсылыққа ұшыраған бұл шешімді іске асыру қиынға соқты. Орыс тілінде сабақ бере алатын қазақ мамандар да жетіспеді.

Орыс тілін енгізуді жеделдету мақсатында барлық татар

⁵⁵⁷ ҚРОМА. 369-қ., 1-т., 2040-а-іс.51-52 п.

⁵⁵⁸ Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан. 1913 ж. // Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 252-253 бб.

⁵⁵⁹ Сонда, 253 б.

⁵⁶⁰ Сонда, 254 б.

⁵⁶¹ Каримуллин А. Татарское государственное издательство и татарская книга России (1917-1932). – Казань: Татар. кн. издательство, 1999. – с. 5

мұғалімдерін болыстардан шығарып, оларды сауатты қырғыздармен алмастыру ұсынылды. Мұндай ұсыныстардың жазалаушылық сипаты айқын көрінгендіктен, Ильминский де, оның серіктері де мұндай әрекеттерді аса жылдамдатуды күп көрмеді. Бұған ренжіген Алтай діни миссиясының басшысы епископы Макарий Ильминскийді 1890 жылы жазған хатында шамадан тыс икемділігі үшін айыптады. Сіз Қазан татарларынан тым қорқасыз және қазақтарға және жалпы Сібір бұратаналарына қатысты сақтық тактикасын аса сақтағыңыз келді дегенге дейін барды⁵⁶².

Қазақ халқы орта оқу орындарында және халық орыс-қазақ мектептерінде араб тілін оқытуды енгізу туралы өтініш білдіріп жатты. Мұндай өтініш жасағандар Қазақ даласында ондаған мың адам араб әліпбиін меңгергенін және бұл тілде қазақтар да қадір тұтатын қасиетті Құран жазылғанын әрі араб әліпбиін қазақтармен саудасаттықтықыз жүргізетін бүкіл Орта Азия тұрғындары қолданатынын, бұл алфавитте татарлар және башқұрттармен де ақпараттық алыс-беріс барын, сондықтан оны қолданыс аясынан шығарып тастауға болмайтынын баян етті. Жергілікті билік өкілдері бұл өтініштерді қанағаттандыруға әзір болатын. Олар араб тілін білудің зияны шамалы, тек оның үкіметте қарсы фанатизм құралы болуынан қорғану керектігіне назар аударды⁵⁶³.

Бұл соңғылардың санын қысқартуға әкеледі, біртіндеп орыс алфавитіне көшуді және араб әліпбиін ауыстыруды жақтаушылар пайда болады.

Татар тілінің, мәдениетінің орыс тілімен, мәдениетімен байланысы туралы мәселеде татарлардың өзі секілді қазақтар да екіге жарылды. Ел арасында орыс тілін отарлаушылар, миссионерлер тілі деп оны оқуға қарсы болғандар да, орыс тілі арқылы еуропалық өркениет жетістіктерін игеруге болады деп жақтаушылар да табылды. Мысалы, ұлы ағартушы Абай Құнанбаев «Жиырма бесінші сөзінде»: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. ... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі»⁵⁶⁴ деп жазады. Сонымен бірге Абай араб, парсы тілдерін және «дінді де жақсы білу керек» дейді. Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты қазақ ағартушылары патша өкіметінің отарлаушылық саясатын қолдамады. Алайда орыс

⁵⁶² Знаменский П. В. Несколько материалов для истории Алтайской миссии и участия в ее делах Н. И. Ильминского. – Казань, Типо-лит. Имп. ун-та, 1901. – с. 91

⁵⁶³ ҚР ОМА. 25-қ., 1-т., 2022-іс. 82 п.

⁵⁶⁴ Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т.2. – 109 б.

мәдениетін, озық ғылымы мен білімін үйренуді насихаттады. «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деп жазады Абай.

Орыс тілін медреселерге енгізу мәселесіне қатысты Ресей мұсылман жұрты арасында, соның ішінде татар молдалары ішінде де қызу пікірталас жүргені белгілі. Татардың озық ойлы ағартушылары К.Насыри, Ш.Маржани және т.б. орыс тілін үйренудің қажеттілігін және қауіпсіздігін көрсетіп жатты.

Татарлардың молда ұстап, дін күтудегі артықшылығын айтқан Абай⁵⁶⁵ тек орыстардан ғана емес, қазаққа етене жақын татарлардан да өнеге алуға шақырды.

Патша өкіметі шенеуніктері татар молдаларықпалы қаупін бір сәт те естен шығармады. Одан құтылудың бір жолы ретінде татар тілін қазақ тілімен алмастыру қажет деген болжамдар жасала бастады. Бұл мәселе төңірегінде де де қызу айтыс-тартыс жүрді. Ильминскийдің атсалысуымен Қазанда құрылған Аударма комиссиясы қазақ тілінде орыс әліпбиімен дайындаған христиандық кітаптардың тиражы шектеулі болып, қызметі көпке созылмады. Оны оқып кететін қазақтар да жоқтың қасы болатын. Себебі медреселерде әлі де мұсылман ілімін оқыту жалғасып жатты.

Татар діндарлары басымдықтанытқан Орынбор мүфтилігіне кеңшіліктер беруге патша өкіметі құлықсыз болды. Керісінше, оның ықпал ету ауқымын ендігі жерде тарылта түсуге тырысты. Патша өкіметінің мұндай бағыттағы әрекеті Түркістан өлкесін жаулап алғаннан кейін айқын байқалды. 1867–1868 жылдардағы саяси-әкімшілік реформаларға сәйкес қазақтар мен Түркістан өлкесіндегі өзге де мұсылман халықтарының діни істері ешқандай діни басқарма қарамағына қаратылмай, ол жергілікті отарлық билік орындарының қолына берілді. Осылайша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігі қарамағынан шығып қалды. 1891 жылы 25 наурызда қабылданған Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережеде мұсылмандардың діни істері жайлы былай делініп көрсетілді: «Көшпенді және отырықшы бұратаналардың әр болыста бір-бірден өз молдалары болуына рұқсат етіледі. Молданы бұратаналар өз орталарынан сайлайды. Сайланған адамды молда атағына бекітуді,

⁵⁶⁵ Сонда. 90 б.

сондай-ақ оны осы атағынан айыруды әскери губернатор жүзеге асырады»⁵⁶⁶.

Патша өкіметі Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі карамағынан шығарып, жергілікті отарлық әкімшілікке тапсыруының астарында қазақтарды болашақта шоқындыру, православиеге көшіру пиғылы жатқан еді. Қазақтардың діни істерін әскери шендегілерден тұратын әкімшілік қолына тапсырылуын Орынбор мүфтилігі нағыз әділетсіздік, мұсылмандардың діни сенімін аяқ асты етушілік деп бағалап, оған өз наразылығын білдіріп жатты. Осыған орай 1872 жылы Уфа губернаторы Ушаков миссионерлердің кеңес берімен Ішкі істер министрлігіне тез арада Орынбор мүфтилігін жабу жөнінде ұсыныс түсірді. Оның пікірінше, Еділ-Орал өңіріндегі татар-башқұрттардың, қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың діндес және туыстас екендігіне Орынбор мүфтилігі дем беріп, оларды отаршылдық саясатқа бірлесе қарсылық көрсетуге шақырды⁵⁶⁷.

Ушаковтың жоғарыдағы ұсынысы мұсылмандықпен күресуде аса белсенділігімен дараланған Қасиетті Синодтын оберпрокуроры К.П. Победоносцевтің тарапынан қызу қолдау тапты. Бірақ патша өкіметі Орынбор мүфтилігін тарату империядағы барлық мұсылмандардың отарлық саясатқа қарсылығын өршіте түседі деп сескеніп, ондай қадамға барудан бас тартты.

Орынбор мүфтилігінен өздерінің діни істерін шығарып тастауы қазақтардың белсенді азаматтарын бей-жай қалдырмады. Өлкедегі дінбасылары қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді үдете түсті. 1872 жылы Ішкі Ордада бұрын имамның көмекшісі қызметін атқарған, Түркияда білім алып қайтқан Әбсаттар Жәбіров қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жайлы халық арасында үгіт жүргізген. Ол осы әрекеті үшін елден аласталып, Түркияға қуылды⁵⁶⁸.

XIX ғасырдың соңына қарай өріс алған діни толқуларда қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату басты талап етіліп қойды. Осындай толқулар жайында татар тіліндегі «Вақыт» газеті былай деп жазған-ды: «Мұсылмандар үкіметтің ұйғарымын орынсыз, әрі зорлық ретінде санап, оған мойынсынудан бас тартты. Қазан губернаторы

⁵⁶⁶ Рүстемов С. Орынбор мүфтилігі және қазақтар // Қазақтарихы. – 2004. – №4. – 86 б.

⁵⁶⁷ РМТА. 821-қ., 8-т., 612-іс. 143 п.

⁵⁶⁸ РФМА. 109-қ., 212-т., 186-іс. 5 п.

Скарятин әскери күшпен губерниядағы мұсылман елді мекендерін аралап, жүздеген мұсылмандарды тұтқындады. Олардың біразы жер аударылып, каторгалық жұмысқа жіберілді, Ақмолада болса, губернатор жергілікті архиереймен бірге Көкшетау қаласындағы шіркеу алаңына өңірдегі қазақтар мен татарлардың бір тобын жинады. Ол жиналған топқа православиені қабылдауды ұсынып, осы күннен бастап шарифатпен емес, орыс заңымен өмір сүресіңдер деп мәлімдеді. Сухотин бұл үкімге бағынбаған Көкшетау молдасының куәлігін алып, Сібірге жер аударды»⁵⁶⁹.

Қазақтар арасындағы дін істерінің ахуалы 1903 жылы Қызылжарда молда Мұхамеджан Бекишевтің жетекшілігімен құрылған астыртын ұйым тарапынан да көтерілді. Бұл ұйым мүшелері қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолынан алып, мұсылмандық діни басқармаға қарату керектігін айтып, Сәдуақас Шормановқа, Абай Құнанбаевқа, Жәңгір Құдаймендинге және Ғабдулла Исабековке хаттар жолдаған⁵⁷⁰.

1905 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы атынан Ішкі істер министрлігіне «Дала өлкесіндегі ислам жағдайы жөнінде» атты баянхат түсті. Онда өлкедегі діни толқулардың барысы жайында мынадай жолдар бар еді: «1868 жылғы жаңа заң татарларды Орынбор мүфтилігінде қалдырып, қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолына тапсырып, бұл мәселеде ол екі халықтың жігін айырып, бөліп тастаған-ды. Бұл шара өз кезегінде қазақтардың көз алдында татарларды ерекше қамқорлықтағы халық ретінде көрсетіп, өлкеде мерейлерін үстем еткендей болды. Айлалы татарлар қазақтарға «үкіметтің сендерді діни ұйымға біріктірмеуі – жалпы мұсылман ретінде біздердің бас қосуымызға бөгет болуы» дегенді мойындатты. ... Өлкені басқаруға келген алғашқы жылдарында татарлардың мешіттерді қаптату арқылы қазақтарды татарға және кәнігі мұсылмандарға тезірек айналдыру үшін не өз алдарына діни орталың жасауға, не болмаса Орынбор Мүфтилігіне бағындыруға үгіттеуі сияқты зиянды істеріне көз жеткізуіме тура келді»⁵⁷¹.

Бірінші орыс революциясы тұсында орталық билік орындарына

⁵⁶⁹ Рүстемов С. Орынбор мүфтилігі және қазақтар // Қазақ тарихы. – 2004. – №4. – 85 б.

⁵⁷⁰ ҚРОМА. 369-к., 1-т., 871-іс. 144 п.

⁵⁷¹ ҚРОМА. 64-к., 1-т., 28-іс. 4 п.

қазақ халқы атынан елдің түпкір-түпкірінен жолданған петицияларда дін мәселесі назардан тыс қалмаған-ды. Мәселен, 1905 жылы 22 шілдеде жолданған әйгілі Қарқаралы петициясында бұл жайлы былай делініп көрсетілген: «Қазақтар 1868 жылға дейінгі секілді Орынбор мүфтилігіне қаратылып, оның Қазақ мұсылмандары толықтырған ережелеріне бағындырылсын».

1906 жылы 16-21 тамыз аралығында Нижний Новгород қаласында өткен Бүкілресейлік үшінші мұсылман сиезінде дін мәселесі бойынша қабылданған қаулыда Ресейдегі бұрынғы мүфтиліктерімен қатар Түркістан өлкесінде де өз алдына бөлек мүфтилік ашылсын делінді. Сондай-ақ бұл қаулыда съезге қатысқан Ш. Қосшығұлов, Ш. Аллаоңғаров, А. Қойбағаров секілді т.б. қазақ делегаттарының Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Ішкі Орда қазақтарының діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген талап-тілектері де ескерілген болатын.

Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату мәселесі 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан саяси ахуал жағдайында өз жалғасын тапты. 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман сиезінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Ішкі Орда қазақтары делегаттарының өтініші бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген шешім қабылданды. Соңдай-ақ осы съезде Орынбор мүфтилігіне жаңадан мүфти мен қазылар сайланған болатын. Мүфтилікке көрнекті қоғам қайраткері Ғ.Баруди, ал қазылыққа құрамында қазақтардан Ғ. Қарашев пен Қ. Ахметжанұлы бар 6 адам сайланды.

1917 жылы шілдеде өткен бірінші жалпы қазақ съезінде Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал және Закаспий облыстары қазақтарының діни істерінің уақытша Орынбор мүфтилігіне қарауын жөн санаған қаулы мүфтиліктің жанынан қазақ бөлімі ашылсын, оған әр облыстан бір қазы сайлансын, Оларға жылына 4 800 сом төленсін деген секілді т.б. бірқатар ұсыныстар білдірілген-ді.

Міне, осы келтірілген мәліметтерден-ақ Орынбор мүфтилігі өз кезеңінде қазақтардың қоғамдық, рухани өмірінде өзіндік терең із қалдырғанын аңғаруға болады. Сондай-ақ қазақтардың татар, башқұрт секілді т.б. халықтармен бірге бір діни басқарма аясында рухани бірлікте болғанын айғақтай түседі.

3.3. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

Ресей империясының қол астындағы мұсылман халықтары рухани жағынан да қанауға ұшырады. Отарлаушылар олардың мемлекеттік рухын қалайда жою ниетінде, оянып келе жатқан ұлттық санасын тұмшалап, тілінен, дінінен, дәстүр-салтынан айыру бағытындағы ұйымдастырылған шараларды іске асыруға ұмтылды. Алдымен мұсылман халықтарын түгелдей шоқындырып, орыстармен кіріктіріп жіберу мәселесіне шешуші мән берілді.

Қасиетті Синодтың ұйымдастыруымен 1865 жылы «Православиялық миссионерлік қоғам» құрылды. 1869 жылы Қазан қаласында қоғамның I съезі өтіп, оның жарғысы қабылданды. Қабылданған жарғыда «Православиялық миссионерлік қоғамның» басты мақсаты – Ресей империясында тұратын христиан еместерді православиеге көшіру (шоқындыру) және шоқынғандар арасында христиан өмірінің әдет-ғұрпын нығайта беру керектігі баса көрсетілді.

«Православиялық миссионерлік қоғам» құрыла салысымен өз алдына қойған мақсатын орындауға құлшына кірісті. Қоғам құрылғаннан кейінгі 15 жыл ішінде бүкіл империя көлемінде 86 мың, ал 1881–1864 жылдар аралығында 129 мың адам православиеге өткерілді. Бұл қоғамның мұндай «табысқа» қол жеткізуі 1880 ж. Қасиетті Синодтың оберпрокурорлығына тек мұсылмандардың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің қорқынышты жауы саналған К.П.Победоносцевтің тағайындалуымен де байланысты еді.

Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту жұмысын өркендетуге үлкен үлес қосты деп дәріптеліп келген Н.П.Остроумов «Православиялық миссионерлік қоғамның» 20 жылдығы қарсаңында, көшпелі халықтар христиан діні мен мәдениетін қабылдауға қабілетті ме деген мәселе төңірегінде ой қозғап, миссионерлердің басты назарын қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне бұруға шақырып, былай деп жазады: Ресей боданы, азиялық көшпенділердің адамгершілік, мәдени жағынан өрлеуі және православиялық орыс халқымен бірігуі үшін христиандықты қабылдаудан басқа

жол жоқ. Мұнсыз азиялық көшпенділер төменгі даму деңгейінде қалып, мұсылмандыққа және ламанизмге тартылып, мемлекеттің табиғи дамуын тежеп, оның болашақтағы саяси біртұтастығы мен күдіреттілігіне қауіп төндіреді.

Христиан дінін қазақтар арасында насихаттау өлкеде миссионерлік қоғамның бөлімшелері ашылған соң кең өріс ала бастады. Қазақтарды шоқындыру ісін қолға алған миссионерлік ұйымдар өлкеде алғаш XIX ғ. соңына қарай құрылды. 1882 ж. Томск өперхиясы шегінде құрылып, 1895 ж. дербес етіп бөлінген «Қырғыз православиялық миссиясының» ғасыр басында Семей облысында – 5, Ақмола облысында 3 жергілікті бөлімшесі болды.

«Православиялық миссионерлік қоғамның» басшысы, Мәскеу метрополиті Владимир жергілікті епископтарға түз халықтары арасында христиан дінінің насихатталуын жіті қадағалауды ескертіп отырды. Оның 1899 ж. 28 мамырдағы ұсынысы бойынша Түркістан епископы өлкеде миссионерлік қоғамның комитеттерін ашуды қолға ала бастады. Соның нәтижесінде 1901 ж. 11 қарашада Верный қаласында ресми түрде епархиялық комитет құрылып, оған қаланың бас көтерер чиновниктері мен әскери адамдары, көпестер енді.

Қазақ облыстарында үкімет орындары христиан дінінің жағдайын нығайта түсу мақсатында шіркеу, монастырь, приходтар салу үшін жер және қаржы бөліп отырды. Сонымен бірге христиан дінін қабылдағандарға түрлі артықшылықтар жасап, оларға қолдау көрсететіндігін де танытты. Православиеге өткендерге жәрдем ақша бөліп отырды. Патша үкіметі жәрдем ақшаның мөлшерін белгілеуді жергілікті әкімшілік орындарының өз еркіне берді.

Орыстандыру, шоқындыру ісі жер мәселесімен де тығыз байланыстырылды. Мәселен, генерал-губернатор Колпаковский қоныс аударған орыс шаруаларын қазақтар арасына село етіп қоныстандыруға көп көңіл бөлді. Христиан дінін қабылдағандарға орыс мұжықтарына берілетін жеңілдіктерді де жасауға тырысты. Бұл жөнінде орталыққа ұсыныстар да жасады.

Патша өкіметінің өлкеде шоқындыру, орыстандыру саясатының іске асу барысы жайын белгілі қазақ зерттеушісі Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде былайша аңғартады: «Қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, Қазақтар қарсы құрал қылып, исламға өте бейімделді. ...Дүниеге қызығып

шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, ашаршылық жылдарда өлім халіне жеткендерден, рудан пана таба алмай тығылған ғашық жарлардан бірен-саран шоқынғандар болды⁵⁷².

Қазақтар арасында жүргізілген шоқындыру саясаты барысында бүтін бір ауылдардың христиандықты қабылдап, орыс селоларымен сіңісіп кету жағдайлары да болды. Бірақ мұндай құбылыс тым сирек кездесетін. Православиеге өтіп, орыстануға ұшыраған ауылдардың азаматтары аты-жөнін өзгертіп, орыс фамилияларын қабылдағанмен қазақ салтын тастамай, ішінара өз діндерін ұстап келген. Оларға орыстың әдет-ғұрпы мен салты және тілі толық сіңе алмады. Томск губерниясына қарасты Бииск уезіндегі Шарғы деген жерден «Қазақ» газетіне жолдаған шоқынған ауыл азаматының хаты осы жағдайды айғақтай түседі.

Кезінде христиандықты қабылдаған қазақтар уақыт өте келе өз діндеріне өтіп, қазақ ауылдарына оралып та жатты. Міне, сондықтан да жергілікті әкімшілік орындарының чиновниктері бодандыққа айналған бұратаналардың рухани болмысына терең бойлап ену үшін миссионер ғалымдардың алдына ол елдің дінін, тілін, әдебиетін, фольклорын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тарихын, этнографиялық, психологиялық ерекшелігін жан-жақты терең меңгеруді – басты шарт ретінде талап етті. Шығыстану қоғамының міндеті, – деп хат жолдайды, 1881 жылы Түркістан әскери округі комендантының көмекшісі, патша генералы Мациевский, Ташкентте жұмысқа кірісе бастаған Шығыстану қоғамының мүшелеріне, – Шығысты зерттеу емес, Шығыс халықтарын орыстандыру. Миссионер ғалымдар миссионерлік идеяны насихаттау үшін христиан дінінің қасиетті кітаптарын бұратана халықтардың тіліне аудару мәселесімен шұғылданды. 1860 жылдан бастап ХХ ғасыр басына дейін қазақ тіліндегі осындай 72 кітапты көп тиражбен бастырып, таратты. Бұл істе Қазан қаласындағы рухани академияның жанында 1847 ж. миссионерлік мүддені көздеп құрылған «Аудармашылар комитеті» негізгі орталыққа айналды. «Аудармашылар комитетін» белгілі миссионер, шығыстанушы Н.И.Ильминский басқарды.

Бұратана халықтарды орыстандыру жолындағы патша үкіметінің айла-әрекеттерінің бірі – мұсылман халықтарын ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб емлесін негізіндегі жазуын қолданудан шығару болатын-ды. Араб жазуын мұсылман халықтарының қолдануын қалайда ығыстырып, оның орнына кириллицаны енгізуді жүзеге асырып қалуда Н.И.Ильминский, Н.П.Остроумов секілді миссионер

⁵⁷² Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. – М.: «Кіндік баспа», 1924. – 26 б.

ғалымдар белсенділік танытып жатты. Н.И.Ильминскийдің пікірінше, әліпби (алфавит) қай уақытта да дінмен бірге қабылданған. Мәселен, Батыс Европа латын әліпбиін латын шіркеуі, орыстар грек әліпбиін славян шіркеуі арқылы қабылдаған. Татарлар да өзге мұсылман елдері тәрізді араб жазуын ислам дінінің таралуына байланысты көшкен. Араб жазуы – оларды ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, оның ойынша, түркі халықтарының жазуына орыс әліпбиін енгізу арқылы екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады. Біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға болады, екіншіден, біртіндеп православие дініне көшіруге болады. Бұл мәселеге миссионерлердің де, үкіметтің де ерекше мән беруінің басты себебі осында жатса керек.

Н.Ильминский бұратана халықтардың ғылым-білімге ұмтылған Ы.Алтынсарин секілді бірлі-жарымды талантты жастарын өзінің миссионерлік идеясын жүзеге асыру жолында пайдаланып қалуға тырысты. Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман өлкедегі оқу-ағарту жұмысын «дұрыс» жолға қою мәселесінде миссионер-педагог Н.И.Ильминскиймен кеңесіп те отырған. Тіпті оны Түркістан өлкесіне жіберу туралы өтініштер де жасаған. Өз кезегінде Н.И.Ильминский генерал-губернаторға өлкедегі оқу-ағарту ісін біртіндеп, аса сақтықпен миссионерлік жолға түсіру керектігін ұсынған болатын.

Миссионер-ғалымдардың тікелей араласуымен Халық ағарту министрлігі 1870 ж. 26 наурыздағы ережеге сәйкес оқу-ағарту ісін мұсылман халықтарын рухани құлдыққа түсіру арнасына бұрған еді. Бұл ереженің әзірленуі барысында жергілікті әкімшілік орындарының ұсыныстары ескеріліп, Н.И.Ильминскийдің жүйесі басшылыққа алынған-ды. «Міне, сол мерзімнен бастап «мұсылман тұқымына және оның өркениетіне» қарсы оқу-ағарту ісін бүркемеленген күрес басталды. Бұл күрес екі бағытта жүргізілді: біріншісі – мұсылмандық оқу жүйесіне соққы беріп, оның дамуын тежеу бағыты, келесі бағыт – мұсылмандарды орыстандырып, орыстармен сіңістіріп жіберу міндетін атқаратын орыс-түземдік аралас мектептерін ашу»⁵⁷³.

Осы ережеге сәйкес мұсылмандық оқу орындарына орыс тілін оқыту міндетті болды. Отаршыл әкімшілік сауаттылықтың өлшемі орыс тілінде оқу және жазу деген көзқарасты қалыптастырды. Ал түркі тілдес халықтардың өз жазу-сызуы сауаттылық өлшемі болып саналмады. Мектеп, медреселер ашуға орыс тілі мұғалімдері болған

⁵⁷³ Цаликов А. Кавказ и Поволжье. Очерки инородческой политики и культурно-хозяйственного быта. – М.: Изд. М.Мухтарова, 1913. – с. 79.

жағдайда ғана рұқсат берілді. Түркияда, Бұқарада және басқа да Шығыс елдерінде білім алып қайтқандарға империя көлеміндегі мектеп, медреселерде ұстаздық етуге тиым салынды. Сонымен бірге мұсылмандық оқу орындарында балаларын оқытқысы келгендердің бәрінің оқу орны бастықтарынан бұл үшін берілген үлгіде рұқсат алған куәлігі болуға тиіс еді. Мұндай куәлік үшін 50 тиыннан алым алынатын. Оқытуға рұқсат беретін куәлік алудан бас тартып, балаларын мектептер мен медреселерге өз бетімен берген адамдарға бірінші жолы 10 сом, екінші жолы 30 сом айып төлеттіретін, ал үшінші ретте ондай адамдар 5 тәуліктен 15 тәулікке дейін тұтқынға алынып, одан әрі балаларын мұсылман оқу орындарына оқытуына тиым салынатын.

XIX ғасырдың соңына қарай мұсылмандық оқу орындарын жоғарыдағы ережеге сәйкес қатаң бақылауға алу жөніндегі нұсқаулар барлық шет аймақтардағы әкімшілік орындарына жөнелтіле бастады. Мұсылмандар бұл ережеге мойынсұнғысы келмегенге ел арасында жазалаушы отрядтар жіберілді.

М. Дулатов 1929 ж. ОГПУ тергеушісіне берген жауабында патша үкіметі қазақтарға өздері жинаған қаржыға мектептер ашуға тиым салып, мектеп үйін тұрғызуға әрекет жасағандарды, мысалы, Көкшетау молдалары Науан хазірет пен Ш.Қосшығұловты Якут облысына жер аударғанын айтқан. М. Дулатовтың бұл айтқаны жоғарыда «Вақыт» газетінде берілген мәліметті толықтырып, нақтылай түссе керек.

Науан хазірет деген атпен бүкіл қазақ даласына танымал болған Наурызбай Таласов жайлы Ә. Бөкейханов «Қазақтар» атты мақаласында былай дейді: «Жастайынан жоқшылық тауқыметін тартып өскен Наурызбай орыстың Ломоносовы Мәскеуге оқу іздеп барғаны сияқты, Бұқараға барып, 15 жыл оқып, мұсылмандықтың қыры мен сырын меңгерді. Өзінің ерекше дарыны арқасында тамаша жетістіктерге қол жеткізді. Бұқарадағы жоғарғы діни оқу орнында ұстаздық етіп жүрген Наурызбайды арнайы делегация жіберіп, өз елі шақыртып алды. Халық қалаулысы Наурызбай Таласов елі Науан хазірет деп басына көтерген азамат еді».

Қазақ балаларына мұсылмандық білім беру үшін Көкшетау қаласында медресе ашқан осы Н.Таласов болатын. Орыс әкімшілігіне мұсылмандықты уағыздап, қазақтардың орыстануына қарсы тұрған Науан хазірет сияқты азаматтар кедергі көрінді. Сол үшін де ондай адамдардан тезірек құтылу мақсатында жер аудару секілді әрекеттерге

барды. Науан хазіреттей еліне құлшына қызмет еткен азаматтар қазақ даласында аз емес еді. Соның бірі – Ш.Қосшығұлов. Ол Науан хазіреттің ізбасары ретінде қазақтардың мүддесін қорғап, әскери-саяси режимге қарсы шықты, қоныс аудару саясатын айыптады. Науан хазіретпен бірге жер аударылған Ш.Қосшығұловты әкімшілік орындары халықтың талап етуімен босатуға мәжбүр болды.

Орыстандыру мен халықтарды ассимиляциялауды көздеген орыс- түземдік мектептерін ашуда бүкіл мұсылмандарды бір-бірінен ажыратып, араластырмау да ескерілген-ді. Бұл жайлы мұсылмандық қозғалысқа тікелей атсалысқан қайраткерлердің бірі А.Салихов: «Бөліп алда, билей бер» саясаты нәтижесінде орыс-қазақ, орыс-башқұрт және т.с.с. аралас мектептер ашылды. Бұлайша бөлу олардың қарсылық көрсету күшін әлсіретіп, орыстану процесін жеделдете түсетін», —деп жазып, аралас мектептердің саяси астарын ашып көрсетеді.

Осылайша отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті, құралы ретінде аралас мектептерге басты назар аударылды. Патша өкіметі түз халықтарына мектептер ашқанда, оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет ететін төменгі дәрежедегі қызметкерлер даярлау мақсатымен ашып отырған. Түзем (орыс-қазақ) мектептерінің көп дамыған жерлері Ақмешіт, Қазалы, Ташкент, Қостанай, Қызылжар, Верный, Пішкек, Қапал мен ірі темір жол станциялары болды. Бұл мектептерде орыс, қазақ балалары қатар оқыды. XX ғ. басына қарай 4 жалдық түзем мектебі, гимназия әр жерден-ақ ашылып, онда оқыған қазақ балаларының саны өсе түсті.

Патшалық Ресейдің жалдамалы жандайпаштары бүкіл империяны мекендеген ұлттар мен ұлыстардың патша өкіметінің саясатына наразылығын ауыздықтаудан сан қилы әрекеттер жасап, оның ішінде халықтар арасында алауыздық туғызу саясатын жүргізіп, бір-біріне айдап салып, олардың бірігіп күш қосуына тосқауыл жасауға тырысты. Бұл істе миссионерлер алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Себебі татарлар қазақ арасындағы мектеп, медреселерде сабақ берді, дін таратты. Қазақтар арасында татарларға қарағанда ислам діні осалдау болып, өздерінің күнделікті тұрмысында ата-баба жолы әдет-ғұрпы, салт-сана дәстүрі басым жатты. XIX ғасырдың 60-жылдары Ш.Уәлиханов өзінің «Сахарадағы мұсылмандық туралы» атты еңбегінде бұл жайлы: «Мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға

сіңіп бола қойған жоқ. ...Татар молдаларының, Орта Азиялық ишандар мен өздерінің діни ілімін уағыздаушылардың ықпалымен біздің халық барған сайын жалпы мұсылмандық кейіпке түсіп келеді», – деп жазған болатын. Қазақ халқының діни нанымдарындағы осы ерекшелікті сезінген миссионер ғалымдар мұны өз мақсаттарына пайдалану үшін әрекет ете бастады. Алайда бұл кезеңде А.Байтұрсынов айтқандай, «қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік» еді.

Әйтсе де миссионерлер, мысалы Н.И.Ильминский, 1860 жылдары «Қазақтар – мұсылман емес, шамандар. Оларды православиеге өткеру оңай», – деп үкіметті нандыруға тырысып бақты. XXғ. басына қарай бұл істі В.Череванский жалғастырып, қазақтарды дінсіз халық ретінде көрсетіп, оларды православиеге көшіруді ұсынып жатты.

«Метрополия отарлау процесі барысында православиелік Ресейге қарсы ислам дінінің қорғаныс-ұйытқылық, рухани қарсылық ұйымдастырушы күші міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан да ислам дінінің түркі халықтары өміріндегі ықпалын алдымен әлсіретіп, соңынан жоюға ынта қойды». Патша үкіметі 1868 ж. қазақтарды Орынбор муфтилігінен шығарып тастағанда, болашақта қазақтар христиандықты қабылдайды деген үмітте болды. 1868 жылы «Уақытша ереже» бойынша мұсылман дінбасыларының құқтары мен артықшылықтарына шек қойылды. Діни істер Орынбор діни жиналысының қаралуынан алынып, азаматтық әкімшілікке берілді. Мешіттер, мектептер мен медреселер салуға бақылау орнатылды. Әрбір болыста сайланып қойылатын, әскери губернатор бекітіп, босатып отыратын бір ғана молда болуына рұқсат етілді. Вакуфтардың болуына тиым салынды.

Қазақ жерін отарлаудың алғашқы кезеңінде патша өкіметі жергілікті халықтың «дініне ерік» беру бағытын ұстағаны мәлім. Ол негізінен жергілікті феодалдық топ өкілдерінің сеніміне ие болып, отарлық саясатты онан әрі тереңдете жүргізу мақсатында жасалған айла, әрекет болатын. Сондықтан да патша үкіметі қазақ даласында мешіт, медреселер салып, қазақтардың діни істерін Орынбор муфтилігіне қаратып, ислам дініне еш қарсы келмейтінін, керісінше қолдау көрсететіндігін танытып, қалуға тырысқан еді. Мұны қазақ даласындағы ислам дінінің жалпы жағдайымен арнайы шұғылданған чиновниктердің әкімшілік орындарына беріп отырған мәліметтерінен аңғаруға болады. Далалық генерал-губернаторға берілген осындай

мәліметтердің бірінде: «Біздің даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қырғыздарда және бүкіл Орта Азияда олардың дініне қол сұғылмайтындығы жөнінде сенім қалыптастыруды талап етті. Ол өз жағымызға хандар мен сұлтандарды және даладағы ықпалды адамдарды тартуға тікелей байланысты болды. Соған орай үкімет орындары алғашқыда исламға төзімділік танытып қана қойған жоқ, оған қамқоршылық та көрсетті», – делінген.

Патша өкметінің ислам дініне деген мұндай саясаты Түркістанның алғашқы генерал-губернаторы Кауфманның іс-әрекетінен де айқын көрінеді. Ол өлкеде мұсылмандарының «үкіметтік міндеттерді» жүзеге асыруға назарлық танытпауына баса көңіл аударып, дала төсінде миссионерлік іс-әрекеттің ашық түрде жүргізілуіне қарсы болды. Сонымен қатар Түркістан аймағында мұсылмандықтың нығая түсуін қаламады. Түземдік мектептерді күнделікті өмірден бейбіт түрде ығыстырып шығаруды бірінші кезекке қойды.

1867 және 1886 жылдардағы «Ережелерге» сәйкес Түркістан мұсылмандарының діни істері ешқандай діни басқармаға қаратылмады. Орынбор мұсылмандық діни басқармасы муфтиінің Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтар үшін діни басқарма ұйымдастыру жөніндегі 1878 жылғы ұсынысына Кауфман құлақ аспады. Түркістан мұсылмандарының діни басқармасын ұйымдастыру мәселесі үкімет орындарында 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен кейін ғана күн тәртібіне қойылды. Соның нәтижесінде «Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың діни істерін, оқу орындары мен вакуфтық мүліктерін басқару туралы «Уақытша ереже» деп аталатын заң жобасы әзірленді. Бірақ бұл заң жобасы жүзеге асырусыз қалды.

Орталық Азиядағы жергілікті халықтың басқа елдердегі діндес, тілдес халықтармен байланыс жасауына мүлдем тыйым салу наразылық туғызбай қоймайтындығын патша өкіметі жақсы түсінді. Осыған орай патша өкіметі белгілі дәрежеде османдық түріктердің Орталық Азия аумағына енуіне және жергілікті халық өкілдерінің Осман империясы жеріне баруына мүмкіндік беру жайлы, сондай-ақ Ресей империясы аумағына заңды тәртіпке сәйкес келіп, саудамен немесе басқа шаруашылық істермен шұғылданатын османдық түріктер мен өзге де шетелдіктердің әрекеттері зиянды болмаса, ондайларды тек үкіметтің ұйғарымымен ғана елден шығару жөніндегі ережелерді бекітті. Дегенмен осындай ережелерге қарамастан, 1870 жылы отарлық билік орындары османдық түріктердің қазақ даласында тұруы зиянды, олар

жергілікті халықты билікке қарсы айдап салуы мүмкін деп сезіктеніп, Осман империясынан келген адамдарды қазақтар арасында тұрғызбау керек деген пікірде болды. Мұндай күдіктің болуына патша өкіметінің 1867–1868 жылдары жүргізген саяси-әкімшілік реформаларына байланысты қазақтар арасында туындаған көтеріліс өз әсерін тигізген еді. Өйткені осы көтеріліс барысында белсенділік танытқандардың арасында Осман империясы аумағына өтіп кетушілер де болған-ды.

Отарлық билік орындары Орталық Азиядағы жергілікті халық өкілдерінің Осман империясы аумағына рұқсатсыз өтіп кетіп, түрік азаматтығын қабылдауына жол бермеуге тырысты. Бұған 1864 жылы өз бетінше Ыстамбұлға барып, түрік азаматтығын алған Ішкі Ордадағы ахунның бұрынғы көмекшісі және сондағы қазақ мектебінде Ислам дінінің негіздері бойынша дәріс берген Әбсаттар Жәбіровтың 1871 жылы шілдеде туыстарымен көрісу үшін келген кезде патша өкіметі тарапынан тұтқындалуын мысал ретінде келтіруге болады. Бірақ та патша өкіметі Ә. Жәбіровты қатаң жауапкершілікке тарту жергілікті мұсылмандардың наразылығын туғызуы мүмкін деп сезіктенді. Осыған орай Ішкі істер министрлігі Ә. Жәбіровтің халық арасында ешқандай үгіт-насихат пен діни уағыз жүргізбегенін ескеріп, оны 1872 жылы қаңтарда абақтыдан босатты. Сондай-ақ Ә. Жәбіровтің Ресей империясы аумағына қайта келуіне тыйым салып, оны Осман империясы иелігіне өткізіп жіберуді қажет деп тапты.

Осман империясында сол тұста орын алған ішкі қайшылықтарға карамастан, Ресей империясындағы мұсылман жұртшылығы арасында, сондай-ақ Орталық Азияның жергілікті халқының ішінде де түрік сұлтанына құрметпен қараушылық белең алды. Мұсылмандардың қажылыққа түрік жері арқылы баруы және бірқатар имамдардың түрік сұлтанын халиф ретінде іштей мойындауы османдық түріктерге деген ілтипатты арттыра түсті. Соның негізінде түркістандық мешіттердің күмбезіне османдық түріктердің мешіттеріндегідей жарты ай белгісі қойыла бастады⁵⁷⁴. Мұны белгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтың «мешіттердің күмбезіне алтын түстес жарты ай белгісін исламның символы ретінде қою османдық түріктерге ғана тән, Орта Азияны орыстар жаулағанға дейін түркістандық мешіттерде ондай белгі болмаған» деген тұжырымы нақтылай түссе керек⁵⁷⁵.

Түрік сұлтанына деген ілтипат Ресей мұсылмандары арасында

⁵⁷⁴ Загидуллин И.К. Исламские институты в Российской империи: мечети в европейской части России и Сибири. – Казань: Татар. кн. изд-во., 2007. – с. 136.

⁵⁷⁵ Бартольд В.В. К вопросу о полумесяце как символе ислама // Сочинения. – Т. VI. – М.: Наука, 1966. – с. 490.

ғана емес, сол кезде Шығыс Түркістанда бой көтерген Жетішар мемлекетінде де орын алды⁵⁷⁶. Жетісу өңіріндегі қазақтар мен қырғыздар тарапынан қолдаушылыққа ие болған Жетішар мемлекетінің билеушісі Жақыпбек Бақдәулет өзін түрік сұлтанына бас иетіндігін және мемлекеттің болашақ мұрагерін белгілеу де соған тиесілі екенін мәлімдеген-ді. Сондай-ақ Жетішар мемлекетінің әскерлері арасында ерікті түрде келген түрік азаматтары да болды. Жақыпбектің артиллеристері де түрік әскерінің киім үлгісінде киінді. Жауынгерлерді әскери тәртіпке, зеңбірек атуға үйретуге Әли есімді түрік жетекшілік жасаған⁵⁷⁷.

Ресей империясындағы мұсылмандардың түрік сұлтанына деген ішартушылығынан патша өкіметі 1877–1878 жылдардағы орыс-түрік соғысы кезінде қатты секем алды. Өйткені соғыстың басталу қарсаңында түрік армиясының басшылығы Кавказдағы мұсылман дін басылары арасында қызу жұмыстар жүргізіп, кавказдық мұсылмандарды «бүлік» жасауға итермелей бастаған-ды⁵⁷⁸. 1876 жылы шілдеде Ішкі істер министрлігі жергілікті билік орындарына арнайы мәлімдеме таратып, Ыстамбұлдағы дін басылардың Ресей мұсылмандарымен байланыс орнату арқылы олардың «діни фанатизмін» оятпақ ниетте екенін, сөйтіп, толқулар туғызуды көздеп отырғанын, соған орай елге түрік тыңшыларының еніп кетуінен сақтану керектігін ескерткен болатын. Мұндай нұсқаудан кейін отарлық билік орындары шұғыл түрде мұсылман елдімекендеріне қадағалауды күшейтіп, тез арада Орынбор қаласынан, Торғай облысының Елек уезінен және Уфа губерниясының Мензелинск уезінен үш түрікті, сондай-ақ Түркістан генерал-губернаторлығынан екі түрік азаматын қолға түсіріп, тұтқынға алды⁵⁷⁹. Түрік эмиссарларының елдегі мұсылмандар арасына енуіне тосқауыл қою бағытындағы осындай «нәтижелі әрекет» император ІІ Александр тарапынан қолдау тауып, оның нұсқауымен губернаторларға «қатаң бақылауды жалғастыра түсу керек» деген ресми тапсырма да берілді⁵⁸⁰.

Жергілікті отарлық билік орындары түрік эмиссарларын әшкерелеу

⁵⁷⁶ Belgelerle Osmanlı – Türkistan ilişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar). – Ankara. – Başbakanlık Basımevı, 2004. – 94-100 b.

⁵⁷⁷ ӨРОММ. II-715-қ., 1-т., 62-іс. 132-п.

⁵⁷⁸ Русско-турецкая война 1877-1878 г. / Под ред. И.И. Ростунова. – М.: Воениздат, 1977. – с. 60.

⁵⁷⁹ ҚРОММ. 769-қ., 1-т., 2-іс. 3-п.

⁵⁸⁰ ҚРОММ. 25-қ., 1-т., 2251-іс. 9-п.

барысында Орталық Азия аумағына бұдан бірнеше жыл бұрын келіп, белгіленген тәртіпке сәйкес тіркеуден өтіп, түрлі кәсіппен айналысып жүрген османдық түріктерді елдің аумағынан ығыстыруды қолға алды. Мәселен, саудамен шұғылданып жүрген Шейх-Әли деген османдық түрік Дәуіт есімді ұлымен бірге Ішкі Ордада ұсталып, еліне қайтарылды⁵⁸¹. Ақтөбе өңіріне Астраханнан кітап тасымалдап, бұл кітаптарды қазақтар арасында сатумен айналысқан Қапез Хүсейін деген османдық түріктің әрекетінен сезіктенген билік орындары оған іздеу салып, оны еліне қайтаруға талпынды. Осы мақсатта Қапез Хүсейінмен тығыз байланыста болған Ақтөбе болыстығында тұратын хазірет Нүрпейіс Байғарин тергеуге алынғанды⁵⁸².

Патша өкіметі Түркиямен соғыс бастала қалған жағдайда Орталық Азияның жергілікті тұрғындары бүлік шығаруы ықтимал деп сезіктенді. Мұндай күдіктің орыс-түрік соғысы басталғаннан кейін одан сайын күшейгені соншалықты, билік орындары әрбір болыстықтағы қазақтардың көңіл-күйін қадағалауға алды. Сол себепті уез бастықтары өз қарамағындағы болыс басқарушыларына мынандай мазмұндағы нұсқау берді: «Түркиямен болып жатқан соғысқа байланысты өзіңізге сеніп тапсырылған болыстықтағы қазақтардың көңіл күйі мен рухы жөнінде және олардың арасында бізге қастандық жасауға итермелеп жатқан түрік азаматтарының бар-жоғы туралы тез арада мәлімет жинастырып, оны уездік басқармаға жөнелтіңіз»⁵⁸³.

Орыс-түрік соғысы жүріп жатқан шақта Орталық Азия аумағында патша үкіметі күткендей бүлік орын ала қойған жоқ. Мұндай бүлік Ресей империясында тек Солтүстік Кавказ халықтары арасында ғана бой көрсетті⁵⁸⁴. Билік орындары соғыс тұсында Орталық Азия халықтарын патша өкіметіне ізгі ниеттілік танытуға шақырды. Соғыс барысында жарақат алған орыс жауынгерлеріне жәрдем көрсету үшін халықтан қаражат жинастыратын Қызыл крестің бөлімшелерін империяның түпкір-түпкірінде, тіпті, сол кезде орыс билігі орнаған Құлжа өңірінде ашуды да қолға алды⁵⁸⁵. Бірақ мұндай әрекет айтарлықтай нәтиже бере қоймады. Дегенмен осы жерде соғыс кезінде орыс армиясы қатарында Ресейдегі мұсылман халықтарының өкілдері де болғанын айта кеткен

⁵⁸¹ ҚРОММ. 78-қ., 1-т., 168-іс. 9-10-п.

⁵⁸² ҚРОММ. 25-қ., 1-т., 2251-іс. 1-п.

⁵⁸³ ҚРОММ. 769-қ., 1-т., 2-іс. 42-п.

⁵⁸⁴ Авакян А. Черкесский фактор в Османской империи и Турции (вторая половина XIX – первая четверть XX вв.). – Ереван: «Гитутюн», 2001. – с. 79.

⁵⁸⁵ ҚРОММ. 21-қ., 1-т., 377-іс. 1-3-п.

жөн. Мәселен, бұрынғы Бөкей ордасының билеушісі Жәңгір ханның ұлы – Ғұбайдолла Жәңгіров осы соғысқа қатысып, генерал-майор шеніне қол жеткізген еді⁵⁸⁶. Сондай-ақ қазақтар арасында соғыс қимылы жүріп жатқан жердегі орыс әскерлеріне көмек көрсетуге ниет танытқандар да болды. Бұған Жетісу өңіріндегі қазақтардан Балқанда соғыс қимылдарын жүргізіп жатқан генерал М.Д. Скобелевтің әскеріне деп 3 мың жылқыны үкімет қаржысына сатып алуға атсалысқаны үшін Талғар болыстығының басқарушысы Алпысбай Тасболатовтың патшаның атынан алғыс алғаны мысал бола алады⁵⁸⁷.

Түрік армиясы орыс-түрік соғысында жеңіліс тапқаннан кейінгі кезеңде османдық түріктер мен Орталық Азияның жергілікті халқы арасындағы байланыс доғарылып қалмады. Сол кезде Ресей империясында христиан емес халықтарды орыстандыру, шоқындыру әрекеттерінің қарқын алуы мұсылмандардың Осман империясына эмиграцияға кетуге деген талпынысын туындатқан еді⁵⁸⁸. Мұндай талпыныс Кавказ өңіріндегі мұсылмандар арасында қарқынды сипат алды. Кейбір зерттеушілердің келтірген мәліметтеріне қарағанда, осы үрдіс кезінде тек черкес халқының 2 миллионға жуық өкілі Осман империясына қоныс аударған⁵⁸⁹. Бұл қозғалыстың өріс алуы барысында патша өкіметінің Сыртқы істер министрлігі 1890 жылы Еділ-Жайық өңіріндегі мұсылмандарға діни себептерге байланысты шетелге кетуіне рұқсат беретін арнайы қаулы да шығарды. 1892 жылы түрік сұлтаны II Абдулхамид Ресей империясы аумағынан қоныс аударуға ниет танытқан бірнеше мың мұсылманды қабылдауға өз келісімін де берді. Осыдан соң 1893 жылға дейін Еділ-Жайық өңірінен 3 мыңға жуық татар халқының өкілдері түріктер жеріне барып, ол жақта сұлтанның қамқорлық танытуымен үйлі-жайлы болуға қол жеткізді⁵⁹⁰. Осман империясы аумағына сол тұста қоныс аударған Бекнияз Нұрманов секілді қазақтар да болды. Орал облысындағы Қайыңды болыстығының №1 ауылында тұрған Б. Нұрманов түріктер иелігіне өзінің отбасымен 1895 жылы

⁵⁸⁶ Императорская Россия и мусульманский мир (конец XVIII – начало XX вв.). Сборник материалов. – М.: Наталис, 2006. – с. 103.

⁵⁸⁷ ҚРОММ. 44-қ., 1-т., 7330-іс. 25-п.

⁵⁸⁸ Мазин К.А. Религиозная эмиграция из дореволюционной России // Исторические записки. – Вып. 6 (124). – М.: Наука, 2003. – с. 288.

⁵⁸⁹ Бадерхан Ф. Северокавказская диаспора в Турции, Сирии и Иордании (вторая половина XIX – первая половина XX века). – М.: Институт востоковедения РАН, 2001. – с. 50.

⁵⁹⁰ Гайнетдинов Р.Б. Тюрко-татарская политическая эмиграция: начало XX века – 30-е годы. – Набережные Челны: Камский издательский дом, 1997. – с. 159.

көшкен еді⁵⁹¹.

XIX ғасырдың соңына қарай Орталық Азия аумағында діни уағыздар жүргізген османдық дінбасылардың бой көрсетуі жиілей түсті. Ондай дінбасылары Бұқар әмірлігі мен Хиуа хандығы аумағында да, сондай-ақ Түркістан өлкесі мен далалық облыстарда да байқалды. Мәселен, 1891 жылы Семей облысының Зайсан уезінде діни уағыз жүргізумен Мұстафа Сейітата есімді түрік діндары белсенділік танытты. Ол Қара Ертіс болыстығының молдасы Жақып Битімовпен және Қалжыр болыстығының молдасы Болат Шынжырбаевпен жақын қарым-қатынас орнатып, олармен бірге Қытай иелігіндегі қазақтар арасында да болып қайтқан еді. Мұстафа Сейітатаны қазақтар «хазірет» деп қадірлеп, оның діни уағыздарына ден қоюынан Зайсан уезінің бастығы секем алып, оны облыс аумағынан аластау мақсатында әскери губернаторға шағым түсірді. Осы шағымның негізінде, қазақтарға зиянды ықпал жасауда, оларды үкіметтік тәртіпке қарсы қоймақшы деген желеумен билік орындарының қыспағына алынған Мұстафа Сейітата 1892 жылдың соңына қарай Семей облысынан кетуге мәжбүр болды⁵⁹².

Семей облысы аумағында болған османдық түріктердің тағы бірі Махмет-Садық Ахмет Тевфик еді. Ол Семей қаласына 29 жасында, 1887 жылы келіп, онда 10 жылдан астам уақыт тұрып, отарлық билік орындарының талаптарына мойынсұна қоймады. Тіпті 1892 жылы казак атаманының көмекшісі Егор Гареевтің халыққа жасаған қоқан-лоққысына қарсылық көрсетіп, оған қол жұмсағаны үшін Омбы әскери округы қолбасшысының ұйғарымымен бір ай мерзімге абақтыға отырып та шықты⁵⁹³. Сондай-ақ ол 1888 жылы Өскеменге барған кезінде төлқұжатын қалалық полицмейстердің тартып алмақшы болған әрекетіне тегеурінді тойтарыс та берген болатын⁵⁹⁴.

Махмет-Садық Ахмет Тевфик өзіне Семей облыстық басқармасының халықты емдеуге тыйым салғанына қарамастан, өз қызметін жалғастыра түсіп, Семей қаласы мен оның төңірегіндегі мұсылман тұрғындарының ықыласына бөленді. Ол 1897 жылдың қыркүйек айында Ақмолаға бірнеше күнге келген кезінде қаладағы мешітке күнделікті барып, ондағы мұсылман жамиғатын өзінің қызықты әңгімелерімен баурап та алған-ды. Махмет-Садық Ахмет Тевфиктің халық арасында бұлайша

⁵⁹¹ ҚРОММ. 40-к., 1-т., 599-іс. 13-п.

⁵⁹² ҚРОММ. 15-к., 2-т., 250-іс. 1-6-п.

⁵⁹³ ҚРОММ. 15-к., 2-т., 310-іс. 14-п.

⁵⁹⁴ ҚРОММ. 64-к., 1-т., 417-іс. 1-11-п.

беделінің артуынан күдіктенген жергілікті билік орындары оны Семей және Ақмола облыстарының аумағынан кетіруге тырысып бақты⁵⁹⁵. Осы себепті, отарлық билік орындары түрік азаматтарына қатысты жергілікті халық атынан жалған шағымдар түсіруді де ұйымдастырды. Сондай шағымдардың бірі Семей уезінің Белағаш болыстығының тұрғындары атынан түсірілді. Бұл шағымда түрік азаматтарының халық арасында садақа жинаумен айналысып, халықты мазалап жатқандығы айтылған болатын⁵⁹⁶. Оның үстіне 1896 жылдың 23 желтоқсан күні Полиция департаменті губернаторларға құпия мәлімдеме жолдап, түрік сұлтаны барлық мұсылмандарға, соның ішінде Орталық Азиядағы мұсылман тұрғындарға да «халифатқа» қаржылай қолдау көрсету жөнінде үндеу тастағанын хабарлап, мұсылман тұрғындарға ерекше сақтықпен қарауды ескерткен еді⁵⁹⁷. Полиция департаментінің мәліметінше, 1897 жылы Махмет Әмин есімді түрік азаматы Джидда қаласынан шығып, Самарқан қаласы арқылы Қызылқұмға өтіп, жергілікті тұрғындардан түрік сұлтанына деп қаражат жинастырып, мұсылмандарды біріктіру бағытындағы үгіт-насихат жұмысын жүргізген⁵⁹⁸. Қалыптасқан мұндай ахуал жағдайында Махмет-Садық Ахмет Тевфик өзіне қысым көрсету өрши түсуіне байланысты 1897 жылдың соңына қарай өз еліне қайтуға ұйғарым жасады.

Орталық Азия аумағынан түрік азаматтарын қуғындау 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен соң екпін ала түсті. Патша өкіметінің мұндай әрекетке баруына Әндіжан көтерілісі жетекшілерінің бірінен саналған Дукчи ишанның түрік сұлтаны II Абдулхамидке хат жолдап, астыртын байланыс жасауынан көтеріліс ұйымдастырылды деп күдіктенуі әсер етті. Бірақ Әндіжан көтерілісінен соң Түркістан әскери округы штабының бастығы Н. Белявский Дукчи ишанның түрік сұлтанымен астыртын байланыс жасауы және оның нұсқауымен «бүлік» ұйымдастыруы мүмкін емес екеніне көз жеткізген де болатын⁵⁹⁹. Осыған қарамастан жергілікті отарлық әкімшілік Әндіжан көтерілісіне түріктердің қатысы бар деген пікірінен тая қоймады.

Қалыптасқан осындай ахуал жағдайында қазақ қоғамында ХХ

⁵⁹⁵ ҚРОММ. 15-қ., 2-т., 310-іс. 12-п.

⁵⁹⁶ ҚРОММ. 15-қ., 2-т., 150-іс. 4-5-п.

⁵⁹⁷ ҚРОММ. 15-қ., 2-т., 310-іс. 12-п.

⁵⁹⁸ ҚРОММ. 154-қ., 1-т., 20 (а)-іс. 7-п.

⁵⁹⁹ Зиёев Х. Туркистонда Россия тажовузивахукмронлигига қарши кураш (XVIII – ХХ асрбошлари). – Тошкент: «Шарқ», 1998. – 389-390 б.

ғасырдың бас кезінде діни істерді ретке келтіру мәселесін көтеру жиілей түсті. Діни істері Орынбор муфтилігінен шығарылып тасталған қазақтар өлкеде діни жиын ашу әрекетіне кірісті. 1903 жылы бұл іске Ш.Қосшығұлов, С.Шорманов және т.б. қатысты. Ш.Қосшығұлов қазақтардың діни жиынын ашу қажеттігін насихаттап, елдің түпкір-түпкіріне хаттар жөнелткен. Соның бірінде Семей уезіндегі қадірменді адам ретінде Абай Құнанбаевтан қазақтар үшін мұсылмандық діни жиын құру жөнінде өкімет орындары алдында ұсыныс жасау сұралды. Сол үшін Абай үйінде әкімшілік орындарының нұсқауымен тінту де жүргізілген болатын.

Осылайша қазақ халқы орталық саясат нәтижесінде жер мен елдігінен айырылып, діни мен тілі, мәдениеті мүшкіл халге жетіп, XX ғасыр табалдырығын аттады. Осындай ауыр жағдай тек қазақтардың ғана емес, бүкіл Ресей мұсылмандарының назарлығын тудырып, олардың отарлауға қарсылығын күшейтті. Тіліне, дініне қауіп-қатер төнгенін түсінген 30 млн мұсылмандармен бірге қазақ халқы да наразылық білдірді.

Ресей империясында отарлық саясаттың қарқын алуымен қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени өмірдегі өзгерістер мұсылмандық қозғалыстың өрбуіне алып келді. Бұл қозғалыс империядағы тағдырлас мұсылман халықтарының өз мүдделерін бірлесе қорғау бағытындағы әрекет түрінде көрініс тапты.

Мұсылмандық қозғалыстың қалыптасып, дамуына жәдидшілдік зор ықпал жасады. Жәдидшілдіктің көш басында елдегі мұсылман халықтарына еуропалық білім мен озық идеяларды таратуды көздеген қырымдық татарлардың көрнекті өкілі И. Гаспринский (Гаспыралы) тұрды. Ол мұсылмандық оқу орындарында діни сабақтармен қатар математика, география, тарих секілді т.б. дүнияуи пәндерді оқытуды насихаттап, осы мақсатта араб әліпбиін түркі халықтарының тіліне икемдеуді, «қадымшылықтан» «усул-жәдидке» көшуді ұсынды. 1883 жылдан өзі түзген әліпби негізінде «тілде, пікірде және істе бірлік» деген ұранмен «Тарджиман» газетін шығарып, түркі тілдес халықтар арасында ортақ әдеби тіл болуы керек деген мәселе көтерді.

И. Гаспринскийдің діни-схоластикалық мұсылмандық оқу жүйесін дүнияуи білім алуға сәйкестендіріп қайта құру жөніндегі пікірі Еділ бойындағы татар зиялылары тарапынан үлкен қолдауға ие болды. «Тарджиман» газеті Түркістан өлкесіне де жетіп, онда жәдидшілдікті

жақтаушылар қатарын көбейте түсті⁶⁰⁰.

Жәдидшілдердің ағартушылық қызметі реформаторлық сипат алып, қоғамдық өмірде орын алған феодалдық тәртіпке және патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды. Мұсылман халықтары арасында жәдидтік білім беру орындарын ашуда Еділ татарлары белсенділік танытты. В.В. Бартольд атап көрсеткендей, ендігі жерде Еуропа мәдениетін насихаттауда Еділ татарлары орыстардың бірден-бір бәсекелесіне айналды⁶⁰¹. Патша өкіметі елдегі мұсылман халықтары тек орыстану арқылы өркениетті болады деген пікірді ұстанса, ал жәдидтер бұған қарсы шығып, ұлттық, діни ерекшелікті сақтай отырып өркениетті халықтар қатарына қосылуға болатындығын дәлелдеуге күш салды.

Жәдидшілдердің ұстанымына патша өкіметі үреймен, сескене қарап, шет аймақтардағы отарлық әкімшілік орындарына 1900 жылдың желтоқсанында мынандай мазмұндағы нұсқау берді: «Соңғы кезде татар әдебиеттерінде орыс мемлекетінің 14 миллионнан астам мұсылмандарының көп ғасырлық өмір салтын өзгеріске түсіретіндей күшті ықпал байқалуда. Бұл ықпал Гаспринскийдің 1884 жылы шығарған әліппесінен басталды. ...Орта Азиядағы оқиғалар, әсіресе Өндіжан көтерілісі, бізге мұсылмандар арасындағы кез келген әрекетке асқан сақтықпен әрі қырағылықпен қарауды көрсетіп отыр»⁶⁰².

Далалық облыстардағы отарлық әкімшіліктің шенеуніктері тарапынан да Ішкі істер министрлігіне: «Қазіргі уақытта қазандық және басқа да татарлар бәле болды! Олар орыс мәдениетінің нағыз жауыздары, қарсыластары ретінде өздерінің зиянды ықпалымен, діни уағызымен, сондай-ақ түрлі басылымдары арқылы тыныш қырғыздарды азғындық жолға түсіруге тырысуда», – деген шағымдар түсірілді⁶⁰³.

Қазақтар арасында жәдидтік бағыттағы мектептер ашқан татар мұғалімдері ауыл жастарын патша өкіметіне қарсы тәрбиелеп отыр деген желеумен қуылып та жатты. Алайда патша өкіметінің жәдидшілдер әрекетіне қарсы күресуінен елеулі нәтиже шыға қоймады⁶⁰⁴.

Ресей мұсылмандары арасында жәдидшілдердің ағартушылық

⁶⁰⁰ Кеменгерұлы Қ. Езілген ұлттар. – М.: Кіндік баспа, 1924. – 24 б.

⁶⁰¹ Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – М. «Наука», 1963. – Т.2. Ч.1. – с. 340.

⁶⁰² ҚРОММ. 53-Қ., 1-Т., 9(а) –іс. 42-п.

⁶⁰³ Государственная дума. Четвертый созыв. Стенографические отчеты. 1913 год. Сессия первая. Ч. 2. Заседания 31-54. – СПб.: 1913. – с. 1598.

⁶⁰⁴ ТРҰМ. 199-қ., 1-т., 906-іс. 8-п.

жұмыс жүргізуімен қатар отаршылдық саясатқа қарсы үгіт-насихат жүргізу де қарқын алды. Бұл істе Орынбор мүфтилігінде қызмет атқарған татар халқының белгілі қайраткері Ә. Ибрагимов (Рашид қазы) белсенділік танытты. Ол 1893 жылы діни қызметін тастап, Түркияға кеткен соң «Шолпан жұлдызы» атты әйгілі кітабын шығарды. Оның бұл кітабы мұсылман халықтарының ұлттық-саяси мәселелерін көтерген тұңғыш эмигранттық шығарма болды. «Шолпан жұлдызы» патша өкіметінің жандайшаптарынан жасырын түрде Ресей мұсылмандары арасында қолдан-қолға өтіп, мұсылмандардың саяси оянуына өз септігін тигізді⁶⁰⁵.

Ә. Ибрагимов 1904 жылы Ыстамбұл қаласында патша өкіметінің шешіміне орай тұтқынға алынған кезде бұл хабар Ресей мұсылмандары арасына тез тарап, халықтың талап етуімен босатылды. Ол 1904 жылдың қыркүйек айынан 1905 жылға дейінгі мерзімде мұсылмандар қоныстанған өңірлерді аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Петропавл қаласында болған кезінде қазақ, татар халықтарының өкілдері басқосқан жиналысқа қатысып, Министрлер комитетінің төрағасы граф С.Ю. Витте атына жергілікті халықтың дін ісіне байланысты талап-тілектері білдірілген өтініш жіберуін ұйымдастырды⁶⁰⁶.

Бірінші орыс революциясы басталған сәтте Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғаудың жолдарын қарастырып, бір шешімге келу үшін бүкілресейлік мұсылман съезін өткеру керектігі жөнінде идені көтерген Ә. Ибрагимов болды. Ол бұл бағытта қызу әзірлік жұмыстарын жүргізіп, 1905 жылы 8 сәуірде Петербургте И. Гаспринский, әзірбайжан халқының көрнекті қайраткері Ә. Топчибашев секілді т.б. зиялы қауым өкілдері қатысқан мәжіліс өткізді. Мәжілістің ұйғарымы бойынша бүкілресейлік мұсылман съезі тамызда өтетін болып белгіленді⁶⁰⁷.

Осындай әзірлік жұмыстарынан кейін елдегі мұсылман халықтарының белгілі қайраткерлеріне бүкілресейлік мұсылман съезі өткізілетіні жөнінде жеделхаттар жіберіле бастады. Бұл жайлы хабар жоғары билік орындарына петиция (арыз-тілек) тапсыру үшін Петербургке келген делегациялар арқылы да тарады. Қырымнан, Кавказдан және Орталық Азия аумағынан петиция тапсыруға келген

⁶⁰⁵ Валидов Дж. Очерк истории образованности и литературы татар (до революции 1917 г.). – Оксфорд: Общество исследования Средней Азии, 1986. – с. 100.

⁶⁰⁶ РФОММ. 10-к., 1-т., 412-іс. 513-п.

⁶⁰⁷ Бигиев М. Ислахат әсаслари. – Петроград: М.А. Максудов матбугеси, 1917. – 164 б.

делегация өкілдерінің көпшілігі Ә. Ибрагимовпен жолығып, кеңесетін. Мәселен, Торғай және Орал облыстарынан келген, құрамында Б. Қаратаев бар қазақ делегациясының өкілдері Ә. Ибрагимовке жолығып, оған қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратуды көздейтіндіктерін әрі мұсылмандармен бірлікте болуды қалайтындықтарын танытқан⁶⁰⁸.

Бүкілресейлік мұсылман съезін өткізу туралы хабар империядағы мұсылман халықтарына жеткеннен кейін, 1905 жылғы тамыздың ортасына қарай Нижний-Новгород қаласына Түркістаннан, далалық облыстардан, Қырымнан, Кавказдан жіберілген өкілдер келе бастады. 13 тамыз күні делегаттардың Ә. Ибрагимов, И. Гаспринский, Ә. Топчибашев секілді белсенді өкілдері бас қосып, съездің бағдарламасын жасады. Онда Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси ұйым құру ең басты мәселе етіліп қойылды. Бұдан соң съезді өткізуге рұқсат алу үшін Нижний Новгород қаласының басшылығына арнайы делегация жіберілді.

Нижний-Новгород қаласының басшысы қаланың әскери жағдайда екенін желеу етіп, съезді өткізуге рұқсат бермеді. Соған қарамастан делегаттар алған беттерінен қайтпай, 15 тамыз күні жасырын түрде Ока өзеніндегі «Густав Струве» кемесінде бүкілресейлік мұсылман съезін өткізді. Оған қатысушылардың саны 150-ге жуық болды.

И.Гаспринский төрағалық еткен бүкілресейлік мұсылман съезі Ә. Топчибашевтің: «Уа, дінге берік бауырлар! Осы күн мәңгі есімізден шықпас. Бұл күн алдағы уақытта мұсылман жұртшылығының жыл сайын атап өтетін мейрам күндерінің біріне айналатынына шүбә келтірмеймін. Біз, тегіміз, дініміз, тағдырымыз бір түркі халқымыз», – дей отырып, Ресейдегі түркі тілдес мұсылман халықтарын өз құқықтарын қорғауда бірлікке шақырған үндеуімен ашылды.

Съезде сөз алғандар мұсылман халықтарының отаршылдық саясаттан, орыстандыру, шоқындыру бағытындағы іс-шаралардың жүзеге асырылуынан көрген жәбірін, тұрмысының ауырлығын айтып, бұдан былай Ресей азаматтарының тіліне, дініне және нәсіліне қарамай тең құқықта болуын талап етті. Делегаттар Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси құру қажеттігін бір ауыздан қолдап, бұл ұйымның бағдарламасы мен жарғысын әзірлеуді Ә. Топчибашев пен Ә. Ибрагимовке тапсырды⁶⁰⁹. Съездің қабылдаған 5 тармақтан тұратын

⁶⁰⁸ Сонда. 167 б.

⁶⁰⁹ Сонда. 178-179 бб.

қарарында Ресей мұсылмандарын заман талабына сай жақындастыра түсу керектігі, мұсылмандардың прогрессивті тобының елде құқықтық тәртіптің орнығуы жолында әрекеттенуі тиістігі, мұсылмандардың құқықтарының орыс халқының құқықтарымен теңестірілуі қажеттігі, мұсылмандар арасында елдегі саяси өмірдің ерекшеліктерін кеңінен насихаттау және бұл шараларды жергілікті жерлерде қоғамдық ұйымдар құру арқылы жүзеге асыру секілді мәселелер қамтылды⁶¹⁰.

Бірінші съезден кейін Мемлекеттік думаға сайлау науқаның таяп қалуына байланысты мұсылман халықтарының сайлау кезіндегі тактикасын, Ресейдегі саяси партияларға көзқарасын айқындау, мұсылмандардың мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси ұйымның бағдарламасы мен жарғысын қабылдау өзекті бола түсті. Осыған орай Ә. Ибрагимов, Ә. Топчибашев және татар қайраткері Ю. Акчурин (Акчура) кезекті екінші бүкілресейлік мұсылман съезін шақыру керек деген ұйғарым жасап, оның 1906 жылдың 12 қаңтарында Петербургте өтетінін жергілікті жерлерге хабарлай бастады.

Бүкілресейлік екінші мұсылман съезіне 89 делегат жиналды. Олардың қатарында Ішкі Бөкей ордасының өкілдері – У. Танашев пен М. Ысмағұлов, Семей облысының өкілі – З. Құлаев, Сырдария облысының өкілдері – И. Әбуов пен М. Оразаев және Уфа губерниясының өкілі – С. Жантөрин болды⁶¹¹.

Бұл съездің өткізілуіне де билік тарапынан рұқсат берілмеді. Соған орай делегаттардың біразы съезді Финляндия жеріне барып өткізуді ұсынды. Алайда делегаттардың басым бөлігі Финляндия жеріне баруды уақыт көтермейді деп, съезді ресми рұқсатсыз-ақ Петербургте өткізе беруді жөн санады.

1906 жылғы қаңтардың 13-23 аралығында өткен бүкілресейлік мұсылман съезі Ә. Ибрагимов пен Ә. Топчибашев әзірлеген мұсылмандық партияның бағдарламасы мен жарғысын талқылауға баса мән берді. Делегаттардың ұйғарымымен мұсылман партиясы «Ресей мұсылмандарының одағы» («Иттифақ-ул-муслимин») деп аталатын болды.

Съезде «Ресей мұсылмандары одағының» 23 тармақтан тұратын жарғысы қабылданды. Елдегі мұсылмандары осы саяси партия төңірегіне топтасуға үндейтін жарғыда елдегі 16 қалада, соның ішінде Оралда, Петропавлда, Семейде, Верныйда, Ташкентте партия

⁶¹⁰ РФММ. 9599-к., 1-т., 10-іс. 30-п.

⁶¹¹ Петербург михманлары // Ульфат. – 1906. – 19 январь.

бөлімшелері құрылатындығы, мұндай бөлімшелердің жергілікті жиналыста құрылуы керектігі, партияға мүше болып енгендердің жалпы және жергілікті жиналыстардың шешімдерін орындауға міндетті екені көрсетілді⁶¹².

«Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасының жобасы 80-ге жуық тармақтан тұрды. Ондағы мемлекеттік құрылыс пен жер мәселесіне қатысты талаптар кадеттер партиясының бағдарламасымен үндестік тапты. Делегаттар бағдарламаға мұсылмандардың өзін-өзі басқару мекемелерінің құрылуы жайлы талаптың енгізілуін ұсынды. Сондай-ақ мұсылмандардың арасындағы оқу-ағарту ісіне қатысты талаптарды нақтылай түсу қажет деген ескертпелер жасалды. Делегаттардың ұйғарымымен бағдарламаны қабылдау келесі съездің үлесіне қалдырылды.

Съезде Мемлекеттік думаға сайлау мәселесі арнайы қаралды. Бұл мәселе төңірегінде пікір білдірген бірқатар делегаттар 1905 жылы 11 желтоқсанда шыққан сайлау туралы заңның мұсылмандарды кемсітіп отырғанын айтып, Думаға байкот жариялау керек деген ұсыныс білдірді. Мұндай ұсыныс көпшілік тарапынан қолдау таппады. И. Гаспринский, Ю. Акчурина және Ә. Ибрагимов Дума мұсылмандардың мүддесін қорғаудағы бірден-бір мүмкіндік деп бағалады. Осындай пікірталастардан кейін съезд «Мемлекеттік думаға мұсылман өкілдері халықтың санына қарай пропорционалды түрде жіберілсін» деген қарар шығарды⁶¹³.

Делегаттар сайлау кезінде мұсылмандар орыс қоғамы ішіндегі ресми билікке оппозицияда тұрған саяси күштердің қолдауына сүйенуі қажет деген пікірде болды. Осыған байланысты съезд делегаттары Орынбор губерниясы мұсылмандарының Думаға сайлау кезінде кадеттер партиясымен ынтымақтаса әрекет жасауға шақырған ұсынысын қуаттап, мұны қаулыға енгізді⁶¹⁴.

Елдегі мұсылман халықтарын тапқа, жікке бөлмей, тұтастай қорғауды мақсат тұтқан «Ресей мұсылмандары одағының» жарғысын қабылдаған бүкілресейлік мұсылман съезінен кейінгі қоғамдық-саяси өмірдегі ерекше жағдайдың бірі – өз жұмысын 1906 жылы 27 сәуірден бастаған I Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясының құрылуы болды. Мұсылмандардың парламенттік фракциясының құрамы Дума

⁶¹² Политическая жизнь русских мусульман до февральской революции. – Оксфорд: Общество исследования Средней Азии, 1987. – с. 16-29.

⁶¹³ Петербургте мөселманлар жамигати // Ульфать. – 1906. – 2 февраль.

⁶¹⁴ РФОММ. 10-к., 1-т., 412-іс. 515-п.

жұмысына қатысқан 24 депутаттан тұрды. 21 маусым күні мұсылман депутаттары басқосқан жиналыста фракцияның төрағалығына Ә. Топчибашев, оның бюросына құрамында С. Жантөрин бар 6 депутат сайланды.

I Думада Мұсылман фракциясы «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасының жобасын басшылыққа алды. Сонымен бірге бұл жобаны фракция мүшелері талқыға салды.

Фракция мәжілісінде «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасындағы жерге байланысты тұжырымдамасын талқылау барысында А. Бірімжанов пен А. Қалменов бағдарламада қазақтардың қоныс аудару саясатынан көріп отырған қысымшылықтарының ескерілуін талап етті. Сондай-ақ Кавказ өңірінен сайланған мұсылман депутаттар «генералдар мен офицерлерге сыйға тартылған жер телімдері» жергілікті халыққа қайтарылсын деген талап бағдарламаға енгізілуі керек деген ұсыныс білдірді⁶¹⁵. Бұл ұсыныстарды Мұсылман фракциясы өз қызметі барысында басшылыққа алу жөнінде шешім қабылдады⁶¹⁶.

Мұсылман фракциясының өкілдері Думада құрылған комиссияларға мүше ретінде енді. Мұндай комиссиялардың құрылуы барысында шеткері аймақтардан сайланған депутаттарды оның құрамына енгізу ескеріле бермеді. Мәселен, аграрлық комиссия құрамына қазақ депутаттарынан бірде-бір делегат енбей қалды. Осыған байланысты 30 маусым күнгі Дума отырысында сөз алған А. Бірімжанов қазақ халқының жерге байланысты шешілмей жатқан көп мәселелері бар екенін айтып, аграрлық комиссия құрамына қазақ депутаттарынан өкіл енгізу қажеттігін ұсынды⁶¹⁷. Оның бұл ұсынысына Мұсылман фракциясының мүшесі, Уфа губерниясынан сайланған башқұрт халқының өкілі Ш. Сыртланов қолдаушылық танытты⁶¹⁸.

Далалық облыстарда қоныс аударушылар үшін жер телімдерін даярлау үшін қазақтардың пайдалануындағы жерлердің тартылып алуына қарсылық білдірген Думаның 53 депутаты Министрлер кеңесінің төрағасы атына депутаттық сауал жолдады. Бұл депутаттық сауалға қол қойған депутаттардың 9-ы Мұсылман фракциясының

⁶¹⁵ Думада мөселман фиркаси мажелеси // Вақыт. – 1906. – 2 июль.

⁶¹⁶ Галиев М.З. Жир масьэлэсинде мөселман фиркасинин программы // Вақыт. – 1906. – 2 июль.

⁶¹⁷ Государственная дума. Стенографические отчеты. 1906 год. Сессия первая. Заседания 19-36. – СПб.: 1906, – Т.2. – с. 1107.

⁶¹⁸ Мусульманские депутаты Государственной думы России. 1906-1917 гг. Сб. документов и материалов / Сост. Л.А. Ямаева. – Уфа: Китап, 1998. – с. 40.

мүшесі еді⁶¹⁹.

Мұсылман фракциясы Думадағы фракциялар ішінде кадеттермен тығыз байланыста болды. Кадеттердің парламенттік фракциясына карағанда Мұсылман фракциясы жергілікті басқару және жер мәселелері бойынша солшылдық танытты⁶²⁰. 9 шілдеде Думаны тарату туралы патша манифесті жариялануын Мұсылман фракциясының мүшелері әділетсіздіктің көрінісі ретінде бағалады. 16 шілде күні «Выборг үндеуіне» қол қоюшы 167 депутаттың қатарында мұсылман депутаттарынан С. Жантөрин, С. Алкин, А. Ахтямов, И. Зиятханов, Ә. Топчибашев және Ә. Бөкейханов болды⁶²¹.

I Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясының құрылуы Ресей империясындағы мұсылман халықтары үшін елеулі оқиға болды. Бұл жөнінде «Тарджиман» газеті былай деп жазды: «Бірінші Мемлекеттік думадағы мұсылман депутаттары тұтас бір фракция құрды. Бұл фракция бірінші Думаның таратылуына байланысты аз өмір сүргеніне карамастан өз соңында терең із қалдырды. Фракцияның құрылуы 20 миллионнан астам мұсылмандардың талап-тілегінен туындады. Халық өзінің парламенттік фракциясының әрбір сөзі мен қадамын қалт жібермей қадағалап отырды. ...Бірінші Думадағы мұсылман фракциясына үлкен рақмет! Ол өз міндетін айқын түсініп, биіктен көріне білді. Келесі Думадағы фракцияның қызметіне кең, ауқымды жол ашып берді. Енді халық II Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясынан тек ұйымдастырушылық ғана емес, заң шығарушылық қызметін де күтеді»⁶²².

1907 жылдың 20 ақпанында ашылған II Думаның 518 депутатының 36-сы мұсылман халықтарының өкілі болды. Бұл мұсылман депутаттарының барлығы I Думадағыдай бір фракция төңірегіне топтаспады. Солшыл бағыт ұстанған 6 мұсылман депутаты Уфа губерниясынан сайланған К. Хасановтың жетекшілігімен «Мұсылман еңбекші тобы» деп аталатын фракция құрды. Қалған мұсылман депутаттары, сондай-ақ қазақ өкілдері (Б. Қаратаев, Б. Құлманов,

⁶¹⁹ Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение (по материалам Уфимской и Оренбургской губерний). – Уфа: Гилем, 2002. – с. 162.

⁶²⁰ Думада Ислам фиркаси // Вақыт. – 1906. – 4 июня.

⁶²¹ Усал М.Ф. беренче, икенчевәөченче Думада мөселман депутатлары һәмаларның кылган эшларе. – Казан: И.Н. Харитонов типографисеи, 1909. – 43-44 б.

⁶²² Мусульманская фракция Государственной думы // Тарджиман. – 1907. – 19 март.

Х. Нұрекенов, А. Бірімжанов, Ш. Қосшығұлов, М. Тынышбаев, Т. Аллабергенев) Мұсылман фракциясына бірікті. Оның төрағасы болып Уфа губерниясының өкілі, отставкадағы офицер М. Биглов сайланды. Б. Қаратаев, Қ. Тевкелев, Ғ. Мағдиев, Х. Хасмамедов, Ф. Хан-Хойский Мұсылман фракциясының бюросы құрамына енді.

II Думада Мұсылман фракциясын құруда А. Топчибашев белсенділік танытты. Ол II Думаға сайланбаса да, фракция бюросының жұмысына араласып, онымен тығыз қарым-қатынаста болды. Мұсылман фракциясының бағдарламасы «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасы жобасы негізінде жасалды. Фракция бағдарламасын әзірлеу үшін құрылған, 11 адамнан тұратын комиссия құрамында казак депутаттарынан А. Бірімжанов болды. Қабылданған бағдарламада фракцияның мақсаты өмір талабына сай, экономикалық, діни және т.б. бірқатар реформаларды жүзеге асыру жолында Ресейдің мұсылман азаматтарының іс-әрекеттерін бір ізге түсіру керектігі аталып көрсетіліп, ресей азаматтарының дініне, ұлтына, жынысына қарамай тең құқықта болуы талап етілді.

Мұсылман фракциясының өкілдері Думада құрылған комиссияларда, сондай-ақ Дума мәжілістеріндегі жарыссөздерде мұсылман халықтарының талап-тілектерін, жолдаған аманаттарын басшылыққа алып отырды. Фракция мәжілістерінде шет аймақтардан жолданған аманаттар арнайы талқыланды. Мәселен, Ақмола облысының қазақтары атынан жер мәселесіне байланысты жолданған аманаты 1907 жылы 14 сәуір күні фракция мәжілісінде арнайы қаралды. Бұл аманатта былай делініп көрсетілген болатын: «1. Дала ережесінің 120 бабы бойынша қазақтардың иелігіндегі жерлер мал бағып, егін егуге жетерлік болсын; 2. Жер мәселесі Мемлекеттік думада қаралып, шешімін тапқанша Ақмола облысына қоныс аударушыларды көшіру доғарылып, қоныс аударушыларға жер телімін бөлу тоқтатылсын; 3. Бұрын қоныс аударушыларға деп бөлініп, кейіннен жарамсыз деп саналған жерлер қазақтарға қайтарылсын; Қазыналық орман, тоғайлар мен шабындық жерлерді казактар мен орыс мұжықтары секілді қазақтар да пайдалансын».

Фракция мәжілістерінде қазақтардың жер мәселесінен басқа дін ісі жөніндегі аманаттары да қаралды. Мұндай аманаттарда қазақтар өздерінің дін ісін Орынбор мүфтилігіне қаратуды қалайтындықтарын білдірген болатын.

II Думаның отырыстарында Мұсылман фракциясының мүшелерінен

Ф. Хан-Хойский мен Б. Қаратаев қазақтардың мұқтаждығы мәселесін көтеріп, патша өкіметінің жүргізіп отырған аграрлық саясатын өткір сынға алды.

Патша өкіметінің аграрлық және отаршылдық саясатын сынау мінбесіне айналған II Дума 1907 жылы 3 маусымда таратылғаннан кейін Дума жұмысынан шеттетілген Орталық Азия халықтары, соның ішінде қазақтар да Ресейдегі мұсылман халықтарымен бірге өз мүдделерін қорғауға талпынды. Оған 1906 жылы 16 – 21 тамыз күндері Нижний-Новгород қаласында өткен бүкілресейлік үшінші мұсылман съезіне қатысуы дәлел.

Бүкілресейлік үшінші мұсылман съезіне Ресей империясындағы мұсылман халықтарының 800-ден астам өкілі қатысты. Олардың қатарында Ш. Қосшығұлов (Ақмола облысынан), Ж. Аллаоңғаров (Семей облысынан), А. Қойбағаров (Жетісу облысынан) Н. Дауылбаев (Жетісу облысынан), Н. Жапаров (Сырдария облысынан) болды. Съез делегаттары ішінде С. Жантөрин, С. Алкин, А. Топчибашев, Қ. Тевкелев, Ш. Сыртланов секілді Мемлекеттік думаға мүше болған қайраткерлер де болды.

Съездің күн тәртібіне оқу ісі, мұсылмандардың дін ісі және «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасы туралы мәселер қойылды. Оқу мәселесі бойынша съезде 33 тармақтан тұратын қарар қабылданды. Онда мұсылман балалары үшін барлық елдімекендерде бастауыш және орта білім беретін оқу орындары ашылсын, оқу араб әліпбиі негізінде ана тілінде жүргізілсін делініп көрсетілді. Оқу мәселесімен қатар, оқыту мәселесі де съезд делегаттары назардан тыс қалмай, Ресейдің мұсылман мектептерінде бірдей оқу бағдарламасы болу қажет, осы мәселені талқылау үшін 1907 жылы Қазан, Ташкент, Бақшысарай қалаларында мұғалімдер съезі шақырылсын деген ұйғарым жасалды. Делегаттар мұсылмандар бірлігін арттыра түсу мақсатында «ортақ түрік тілі» барлық мектептерде арнайы пән ретінде оқытылсын деп шешті.

Барлық Ресей мұсылмандарын толғантқан дін мәселесі бойынша қабылданған қарарда делегаттар дін ісін реформалау арқылы ғана мұсылмандардың діни-адамгершілік деңгейін көтеру мүмкін екенін атап көрсетті. Сонымен бірге съезде ресейдегі барлық мүфтилер сайланбалы болсын әрі бес жылға сайлансын, діни басқарма «Махкама-и-исламия», ал мүфти «Шейх-ул-ислам» аталсын деп шешті.

Съезде діни мекемелер бойынша Ресейдегі бұрынғы мұсылмандық

діни мекемелермен қатар Түркістанда да өз алдына бөлек діни басқарма ашылсын деген шешімге келді. Қарарда қазақ өкілдерінің Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Ішкі Бөкей ордасының діни істері Орынбор мұсылмандары діни басқармасына қаратылсын деген тілегі ескерілді.

«Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасы съезде қызу талқыланып, оның 72 тармақтан тұратын бағдарламасы қабылданды. Онда Ресей азаматтарының заң алдында тең құқықты болуы талап етіле отырып, Кадеттер партиясы секілді конституциялық монархия идеясы жақталды. Бірақ бағдарламаға сәйкес «Ресей мұсылмандары одағы» ұлттық мәселе бойынша кадеттерге қарағанда солшылдық танытып, съездің оқу, дін мәселері бойынша қабылдаған қарарларын басшылыққа алатын болды.

Бүкілресейлік үшінші мұсылман съезі «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасын қабылдаумен қатар, оның 15 мүшеден тұратын Орталық комитетін сайлады. Олардың ішінде А. Топчибашев, И. Гаспринский, Ә. Ибрагимов секілді қайраткерлермен бірге С. Жантөрин мен Ш. Қосшығұлов болды.

Съезде «Ресей мұсылмандары одағының» Орталық комитетіне 15 мүшеден басқа тағы да 5 мүше енгізу жөнінде шешім қабылдады. Бұл бес мүшенің үшеуі Кавказдан, қалған екеуі Орынбор өңірі мен Түркістан өлкесінен сайланып жіберілуі тиіс болды.

Бірінші орыс революциясы жылдары Ресейдегі мұсылман халықтарының өз мүдделерін бірлесе қорғау жолындағы әрекетінен патша өкіметі секем алып, мұндай әрекетке жол бермеу шараларын жүзеге асыра бастады. Соның нәтижесінде үш бірдей бүкілресейлік мұсылман съездерінің шешімдері негізінде құрылған «Ресей мұсылмандары одағының» ғұмыры ұзаққа бара қоймады әрі оның бөлімшелері Қазақстан аумағында ашылмай қалды.

Патша өкіметінің «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының қызметіне тосқауыл қойғанына қарамастан, қазақтар арасында өз мүддесін империядағы мұсылмандармен бірлікте қорғау жолындағы талпынысы бәсеңдей қоймады. 1907 жылғы үшінші маусым жарлығынан кейін Мемлекеттік дума жұмысынан шеттетілген қазақтар Мұсылман фракциясының өздеріне пана тұтып, өзінің талап-тілектері мен шағымдарын осы фракция атына жолдап жатты. Мәселен, 1907 жылдың қараша айынан 1912 жылдың маусым айы аралығындағы III Думаның жұмысы кезінде Қ. Тевкелев төрағалық еткен, 8 депутаттан

тұратын Мұсылман фракциясы арқылы қазақтардың мүддесін қорғау бағытында қызу жұмыстар жүргізілді. Өз кезегінде Мұсылман фракциясы да қазақтардың мүддесін қорғауды өз борышы санады.

Қазақтардың діни істерінің ешқандай да діни басқармаға қаратылмауына наразылық танытқан Б. Қаратаев, Е. Оразаев және А. Өтегенов 1908 жылы мұсылмандардың діни істері мен мекемелері жайлы заң жобасын әзірлеп, оны Мұсылман фракциясына тапсырды. Тоғыз тармақтан тұратын бұл заң жобасында Ресей империясындағы мұсылман халықтары үшін орталық діни басқарма құру керектігі, бұл басқармаға жергілікті жерлерде құрылатын діни басқармаларды қарату жайы қарастырылған болатын. Сонымен қатар Б. Қаратаев, Е. Оразаев және С. Лапин патша өкіметінің қазақтардан қоныс аударушылар пайдасына деп жер кесіп алуына қарсы тұру үшін қазақтарды жерге орналастыру туралы заң жобасын әзірлеп, мұны қуаттауды Мұсылман фракциясына аманаттаған-ды. Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтары арасындағы мұндай әрекеттер билік орындарында «мұсылмандық мәселені» қарауға итермелемей қоймады. 1910 жылы Ішкі істер министрлігі жанынан «Ерекше комиссия» құрылып, империядағы мұсылмандардың діни және әлеуметтік талаптары астарынан саяси мәселе іздестіріле бастады⁶²³. Бірақ билік орындарының мұндай талпынысы нәтижелі болмай қалды. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін «Ерекше кеңес» өз жұмысын доғарды.

⁶²³ Кэмпбелл Е.И. Мусульманский вопрос в России: история обсуждения проблемы // Исторические записки. –№4 – М.: Наука, 2001. – с. 144.

IV тарау. ПРАВОСЛАВИЕ МИССИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

4.1 ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ

Отаршылдық жаулап алулар кезеңінде кең өріс алып, отаршыл мемлекеттердің позицияларының нығаюына ықпал еткен идеологиялық экспансияның бір түрі миссионерлік қызмет болды. Орыс православие шіркеуінің оккупацияланған территорияларда тұратын басқа ұлт өкілдері арасында дінді тарату жөніндегі қызметі онымен тығыз байланысты еді. Миссионерлер бір ұйымға бірігіп, алдына белгілі мақсаттар мен міндеттер қойды. XX ғасырдың басында әлемде 331 миссионерлік қоғам болды⁶²⁴.

Миссионерлер үлгілі мінез-құлқымен ерекшеленіп, христиан емес адамдармен достық қарым-қатынас орнатып, адамдармен өзара құрмет пен мейірімділікке негізделген қарым-қатынас құруы қажет болды. Сонымен қатар православие дінін уағыздаушыларға қойылатын талаптардың қатарына мыналар да жатады: «Ол елдің мәдениеті мен қоғамдық өміріне араласуы керек, оның ұлттық және діни дәстүрлерін құрметтеуі керек, олардан христиан дінінің «жасырын ұрықтарын» іздеуі керек»⁶²⁵. Миссионерлерден православиелік уағыз жүргізетін халықтың тілін білу талап етілді: «Миссия кезінде аудармашыларға қатысты мәселе болмауы керек, бұл миссионерлер үшін ұят»⁶²⁶. Алайда бұл ережелер мен талаптар негізінен қағаз жүзінде қалды. Миссионерлер көбінесе құрмет пен мейірімділіктен алшақ құралдарға жүгіне бастады.

Православиелік миссионерлер Қазақстанға уағыздарымен келмес бұрын миссионерлік институттар құру және басқа халықтарды христиандандыру тәжірибесін жинақтады. Сібір халықтары зорлық-зомбылық пен үстірт христиандандыруға ұшырады. 1733–1743 жылдары Сібірге географиялық мәселелерді шешумен бірге бүкіл

⁶²⁴ Большая энциклопедия / Под редакцией С.Н. Южакова. - СПб., 1909. – Т. 13. – 262 с.

⁶²⁵ Ястребов И.Б. Проблема миссионерства на Соборе. - М.: Мысль, 1968. – С.338

⁶²⁶ Сонда. С.464

Сібір территориясын және оны мекендеген халықтарды жан-жақты зерттеу мақсатында екінші Камчатка экспедициясы жіберілді. Экспедицияға қатысушылардың көпшілігінің еңбектері мен экспедиция материалдарында Сібірдің байырғы халықтарының христиандандыру процесін сипаттайтын мәліметтерді табуға болады. Бірқатар жағдайларда авторлар Батыс Сібір халықтарының жаппай христиандандыруын жергілікті тұрғындардың дәстүрлі дүниетанымының негіздеріне әсер етпейтін, зорлық-зомбылықпен жүрізілген және тиімсіз деп бағалайды.

Тіпті аса сақтық танытатын орыс этнографы С.П. Крашенинниковтің өзі бұл тұрғыда ұтымды дәлелдер келтіреді. Мысалы, Кузнецк уезіндегі жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен татарлардың (түркілердің) шіркеулерге тек аз ғана бөлігі баратынын, үйлерінде иконалар барын айтады: «Шоқындыру рәсімінен өткендердің көпшілігі кресттерін тастап, зорлықпен шоқындыру рәсімінен өткендерін айтады, олар әлі де өз дінін сақтайды». Алынған мәліметтерге сәйкес, осыған ұқсас жағдай остяктарда да болды: «Остяктар туралы (олардың ішінде шоқындыру рәсімінен өткен адамдар көп), олардың кейбіреулері иконаның үстінде балық тазалайды, сүттің бетін жабады, ал басқалары балаларға ойыншық ретінде береді», – дейді»⁶²⁷.

Біздің ойымызша, кезкелген конфессияның шынайы сенушісі, мұндай әрекеттерді күпірлік деп есептей отырып, басқа діннің, әсіресе өзінің дінінің қасиеттеріне бұлай қарауға жол бермес еді. Иә біздің остяктарды кінәлап пікір айтуға құқығымыз жоқ. Өйткені олар уағыздалған сенімнің ақиқатын түсінбеді, түбегейлі ұғынбады жәнешеттен келген уағыздаушылар олардан не нәрсеге қол жеткізгісі келетінін толық қабылдай алмады. Ал олар, өз кезегінде, остяктарға православие туралы айту, кресттер беру, шіркеу салу, аз ақша беру жеткілікті, ал қалғаны өздігінен келеді деп есептеген сияқты.

Христиан дінінің қазақтар арасында таралуының жаңа жолдарын іздестіру барысында православиелік шіркеу қағидаларына қайшы келетін әдістер ұсынылды. Отаршылдық әкімшілік те, дінбасылар да, миссионерлер де көптеген қиындықтарға кезігіп, оларды жеңе алмайтын мәселе деп қарастырған жоқ.

Жыл сайын өздерінің табын-табынмалдарымен жүздеген шақырым жерге қоныс аударатын және негізінен мал өнімдерін тұтынатын

⁶²⁷ Элерт А. Х. Религиозная ситуация в Сибири в оценках участников Второй Камчатской экспедиции // Гуманитарные науки в Сибири. – 2002. – № 2. – С. 28-31

кырғыздардың арасында күнделікті тіршілікке байланысты христиан дінін тарату оңай болмайтыны атап өтілді. Қиындықтар «көшпелі шіркеулерімен бірге көшпелі православиелік діни қызметкерлерді құрумен, сондай-ақ ауыз бекітуге рұқсат берумен бірге жүруі керек еді» деген мәселелерде көрінді⁶²⁸.

Көшпелі өмір салтын ескере отырып, көші-қонды шоқындыру рәсімінен өткен кырғыздар шоқындыру рәсімінен өтпейтіндерге тап болмайтындай етіп бөлу ұсынылды. Бұл өз кезегінде шынымен өте қиын болар еді. Ал XIX ғасырдың 50-ші жылдарында Батыс Сібір губернаторы Гасфорд өзінің қиялында алысқа кетті. Соның нәтижесінде жылқы етіне, бие қымызына және тіпті көп әйел алуға рұқсат беретін ерекше мұсылман-протестанттық сенімнің құрылуы туралы очерк пайда болды⁶²⁹. Бірақ бұл жобаға үкімет пен православие шіркеуі рұқсат бермеді. Тіпті ресейдің билігі шексіз патшасы «діндер заңдар сияқты құрастырылмайды!» деп жазған «ғалым-губернатордың» жобасына наразы болды⁶³⁰. Өз жоспарларын жүзеге асыру үшін дінбасылар миссионерлермен және отаршылдық әкімшіліктің шенеуніктерімен бірлесе отырып, православие дінінде бұратана халықты жинау үшін өз діндерінің талаптарын бұзуға дейін барды.

Миссионерлік қызметті жетілдіру және табысты дамыту мақсатында 1863 жылы «Ресейде қасиетті жазбаларды тарату қоғамы» пайда болды⁶³¹. 1870 жылы ол жаңасымен ауыстырылды – жергілікті филиалдар мен комитеттердің қызметімен тығыз байланысты Православиелік Миссионерлік қоғам құрылды. Оның мүшелерінің саны айтарлықтай өсті: егер 1888 жылы ол 9,5 мың адамды құраса, 1900 жылға қарай 14 мың адамды құрады, бұл Қоғам төрағасының айтуынша, «өте мардымсыз»⁶³². Қоғамның маңызды міндеті бұрыннан бар миссияларды қолдау және жаңа миссияларды ашу, Ресей империясында барлық христиан еместерді православие дініне айналдыру және «қасиетті сенім ақиқаттарында» жаңадан келген діндарларды бекіту болды. Патшалық

⁶²⁸ Кузнецов Л.А. Краткий исторический очерк города Петропавловска Акмолинской области. – Петропавловск, 1913. – С. 3

⁶²⁹ О миссионерстве в Алтайском крае и в киргизских степях. - СПб., 1887. – С.3

⁶³⁰ Шихатов И. Вера без смуты // Крестьянское слово. Омская областная газета. – 1997. - 22 июля.

⁶³¹ Дамешек Л.М. Внутренняя политика царизма и народы Сибири XIX– начала XX века. - Иркутск, 1986. – С.143

⁶³² ЦГА РК. Ф.44; Оп.1 Д.1507. Л.1.

Ресейде тағы екі миссионерлік қоғам жұмыс істеді: «Императорлық православиелік палестина қоғамы» және «Кавказдағы православиелік христиандықты қалпына келтіру қоғамы». Азиялық Ресейде жыл сайын «екі жыныстағы 5000-ға жуық пұтқа табынушылар православие дінін қабылдады»⁶³³.

Қазақстанда миссионерлік қызметті Православиелік миссионерлік қоғамының мүшелері бастады. Жоғары зайырлы және діни тұлғалардың бастамасымен құрылған бұл қоғамға патша үкіметі мен жергілікті әкімшіліктің көптеген шенеуніктері қосылды. Православиелік миссионерлік қоғам Жарғысының бір данасы облыстардың генерал-губернаторларына жіберілді. Оның бірінші параграфында: «Православиелік миссионерлік қоғам Ұлы Императорлық Мәртебелі Патшайым Императрицаның ең мейірімді қамқорлығында» делінген⁶³⁴. Қоғамның толық мүшесі болуға деген ұмтылыс осындай биік тұлғаларға жақын болу елесін тудыратындығымен түсіндірілді.

Ақшалай түсімдердің негізгі көздері жыл сайын оның пайдасына кемінде үш рубль енгізген қоғамның нақты мүшелерінің мүшелік жарналары болды⁶³⁵. Сондай-ақ қоғамның қазынасын бір жолғы ерікті қайырмалдықтар, үйірмелік жинақтар, «шіркеулер жанында христиан дінінің таралуы үшін орнатылған, сондай-ақ қоғамнан басқа жерлерде биліктің рұқсатымен және қоғам мүшелеріне берілетін жинақ кітапшалары немесе парақтары бойынша қойылған үйірмелер арқылы» толтырылды⁶³⁶.

Ақшалай қаражаттар айтарлықтай өсті. Ол 1870 жылдан 1880 жылға дейінгі онжылдықта 101 676 рубльден 147819 рубльге дейін өсті. Біраз уақыттан кейін, миссиялар мен оның мекемелерін ұстауға жыл сайын 250 мың рубльден астам қаражат жұмсалды⁶³⁷.

Қоғамның жағдайын ұйымдастырушылық және материалдық тұрғыдан нығайтуына қарай, оның православиелік миссияларға да ақшалай көмегі артты. 1914 жылы «Азиялық Ресей» ресми басылымының авторлары орыс шіркеуі, оның қызметшілері мен миссионерлері, «басқа дінге сенушілікпен» күресте билікпен және жан-

⁶³³ Большая энциклопедия / Под редакцией С.Н. Южакова. – СПб., 1909. – Т. 13. – С.220

⁶³⁴ ЦГА РК. Ф.64; Оп.1. Д.747. Л.1-15.

⁶³⁵ ЦГА РК. Ф.44; Оп.1. Д.1507. Л.1

⁶³⁶ ЦГА РК. Ф.64; Оп.1. Д.747. Л.1-15. Л.3 об.

⁶³⁷ ЦГА РК. Ф.64; Оп.1. Д.747. Л.1-15. Л.1

жақты материалдық құралдармен қаруланған» деп атап өтті⁶³⁸.

Кейіннен христиан дінбасылары өз қызметіндегі қателіктер мен олқылықтарды ескере отырып, олардан аулақ болуға тырысты. Бірақ анықталған кемшіліктерді әрдайым айналып өту мүмкін болмады. Керісінше, оларға жаңа жағымсыз сәттер қосылып, әртүрлі себептермен түсіндірілді.

Дегенмен жинақталған тәжірибе христиан дінінің атрибуттарына қатысты жағымсыз жағдайлардың қайталануына жол бермеді. Бұл басқа дін өкілдері мен пұтқа табынушылардың өздерін қалай ұстайтыны туралы естіген басқа ұлттардың оларға еліктеуге шешім қабылдағанымен байланыстыруға болмайды. Белгілі болғандай, XIX ғасырдың екінші жартысы мен соңында теледидар мен радио сияқты бұқаралық ақпарат құралдары болмады, мерзімді басылымдар бірліктермен есептелді. Бөтен діннің догмаларын басқа дін өкілдерінің текқана жеке, өзінше қабылдауы және оған деген көзқарасы – олардың мінез-құлқын осылай түсіндіруге болады.

1896 жылғы Алтай рухани миссиясының есебінде миссионерлердің бірі миссия басшысына олардың күш-жігерінің босқа кеткендігі туралы жазды. Басқа дін өкілдері шоқындыру рәсімінен өткеніне қарамастан, олар православиенің ажырамас аксессуарларымен өзін қалай ұстау керектігін білмеді. Сондықтан «... жабайы пұтқа табынушылар құдайдың үйін бірнеше рет арамдады: олар оған мылтықтан оқ жаудырды, оған отын сүйреп апарды, жоғалған малдардың қамыттары мен терілерін төседі. Қасиетті иконаларды даеркіне қалдырмады: Әулие Ғажайып Шебер Николайдың иконасының көздері ойылып алынды»⁶³⁹.

Ғажайып Әулие Николай – христиан дініндегі ардақты әулиелердің бірі. Ғажайып Әулие Николайдың дінге сенушілер арасында танымал болуына оның сауда мен ауыл шаруашылығының қамқоршысы, кедейлер мен мұқтаждардың қорғаушысы, «қайғы мен қиыншылықтарда қарапайым адамдардың» көмекшісі деп жариялануы ықпал етті»⁶⁴⁰. Егер шоқындыру рәсімінен өткендер православие шіркеуінің қасиетті тұлғаларына дәрекілік көрсетуге жол берсе, онда бұл оларды толық түсінбеудің көрсеткіші немесе миссионерлердің қызметіне қанағаттанбаушылықтың көрінісі немесе немқұрайлылықтың көрінісі. Осы көрсеткіштердің кезкелгені миссиялардың қызметін христиан еместерге

⁶³⁸ Азиатская Россия. – СПб., 1915. – С.208

⁶³⁹ Отчет Алтайской духовной миссии за 1896 год. - Томск, 1897. – С. 11

⁶⁴⁰ Атеистический словарь / Под общ. ред. М.П. Новикова. - М.: Политиздат, 1983. - С.332

үстірт және ресми көзқарас ретінде сипаттайды. Қандай да бір өсімдікке, жануарға, тасқа немесе табиғаттың басқа да заттарына құмарта табынатын пұтқа табынушылардың әрекеттері қасиетті иконалармен мүлдем үйлеспейді.

Алайда православие уағыздаушылары ескермеген ең басты жағдайы: әр халық кезкелген тәсілмен өзінің даралығын, өзіндік ерекшелігін, тартымдылығын сақтауға тырысады. Өз жерінің нағыз патриоттарын, ата-бабалары мұра еткен, барлық күш-жігермен қорғауға тиісті Отанынан, мәдениетінен бас тартуға мәжбүрлеу мүмкін емес.

XIX ғасырдың 50-60-шы жылдары миссионерлік қызметпен айналысудың асығыстық екенін түсіне отырып, қазақ облыстарының басшылары бұрын пұтқа табынушылар іске асырған әдістерді қолданудың зардаптары туралы ескертті. Миссионерлік қоғамның төрағасына 1869 жылғы 16 қаңтардағы хатында Түркістанның бірінші генерал-губернаторы К. П. Фон Кауфман басқарушы аймақта миссионерлік міндеттердің дәл уақытылы еместігін және мүмкін еместігін дәлелдеді: «Түркістан өлкесінің халқының миссионерлерінің Алтай, Забайкалье және Иркутск миссияларында жұмыс істеуге мәжбүр болған халықтармен шатастырмау керек»⁶⁴¹.

Миссияны құрмас бұрын, оның пайда болу мүмкіндігін анықтау үшін белгілі бір жұмыстар жүргізілді. Миссионерлер бастапқыда келесі сұрақтарға мынадай жауап іздеді: 1. Қазақтар арасында ислам қандай дәрежеде дамыған; 2. Оларға қайдан және қандай жолдармен енеді; 3. Оны әлсірету шаралары қандай болады; 4. Қандай жағдайда олардың арасында қандай да бір толқулар тудырмай миссия құруға болады⁶⁴².

Қойылған сұрақтарға жауап іздеу кездейсоқ емес. Бір жағынан қазақтардың дінге деген немқұрайлылығын баса айтса, екінші жағынан миссионерлер православиенің таралуына қазақтардың қарсылық көрсету мүмкіндігін әлі де толықтай жоққа шығарған жоқ. Бұл жағдайда алдын-алу шаралары православие уағыздаушыларының қызметінде оң рөл атқарды. Қазақтардың белсенді қарсылығын болдырмау үшін ақпаратқа ие болу қажет болды. Жергілікті тұрғындардың діни көңілкүйін елемеу күтпеген салдарға әкелуі мүмкін екені түсінікті болды. Кез келген қателік жағымсыз реакция тудырып, жақын маңдағы

⁶⁴¹ Крафт И.И. Сборник узаконений об управлении областями Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской. Свод законов. – Оренбург, 1898. - Т.II. - С.5

⁶⁴² Сотников И. Несколько слов о возможности учреждения миссии между киргизами Средней Орды // Православное обозрение. - 1872. – Май. – С.772

ауылдардағы миссионерлердің жолын ұзақ уақыт жауып тастауы мүмкін еді. Оның үстіне сәтсіз жасалған әрекетті ұзынқұлақ бүкіл қазақ даласына таратып, өмірден жаңа мысалдар қосар еді.

Жағдайды зерттей келе, кейбір миссионерлер ХІХ ғасырдың ортасына қарай миссияларды құру және олардың таралуы үшін қолайлы жағдайлар жасалды деп сенді. Қазақтар арасында толқуларға әкелуі мүмкін миссионерліктұрақтарды өз уақытындақұрмаудан қауіптенген үкіметті сендіре отырып, миссионерлерез миссияларын құру қажеттігін талап етті. Олардың пікірінше, «Орта Орданың қырғыздары Ресей бодандығына шамамен алғанда 50 жыл бойы өтті. Осы уақыт аралығында олар Ресей үкіметінің билігіне үйреніп, оның еркін орындауға дайын болды»⁶⁴³.

Епархия – христиан шіркеуіндегі шіркеу-әкімшілік аумақтық бірлікболып табылады. Ресейде реформаға дейінгі кезеңде олардың саны үнемі өсіп отырды: 1825 жылы – 37 епархия, 1841 жылы – 50, 1851 жылы – 55, 1861 жылы –58 епархия⁶⁴⁴. 1905 жылы 67 епархия болды⁶⁴⁵. Қазақстанда да жаңа епархиялар ашыла бастады.

Қазақ даласында миссиялар құрылғанға дейін көп уақыт бұрын православиелік дінбасылардың еңбектерімен қазақтарды шоқындыру бойынша жұмыстар жүргізілген. Олардың қызметі Тобольск епархиясының миссионерлік қызметі туралы қысқаша эсседе атап өтілген.Онда арнайы миссияның жоқтығына қарамастан, «1860 жылдан 1865 жылға дейін 149 адамды қасиетті шоқындыру рәсімінен өткізді»деп көрсетілген⁶⁴⁶.

Омбы епархиясы пайда болғанға дейін, 1881 жылы Қасиетті Синодтың рұқсатымен Қырғыз рухани миссиясы құрылды. Оның бастамасымен 1883 жылдың өзінде Қазақстанда 14 миссионерлік тұрақтар құрылып, оның жанынан қазақ балаларына арналған 17 миссионерлік мектеп ашылды⁶⁴⁷.

Қырғыз рухани миссиясының міндетіне қазақ халқы арасында православиені тарату да кірді. Православие миссиялары үшін басқа

⁶⁴³ Сонда. С.787

⁶⁴⁴ Дмитриев С.С. Православная церковь и государство в предреформенный период // История СССР. – 1966. - № 4. – С.45

⁶⁴⁵ ЦГА РУ. Ф. И-182; Оп.1, д.5.- Л.66.

⁶⁴⁶ ЦГА РК. Ф.64; Оп.1, д.595.- Л. 41

⁶⁴⁷ Асылбеков М.-А. Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана в конце ХІХ - начале ХХ вв. (1897-1917 гг.). – Алматы: Оркениет, 2001. - С.22

да бірдей маңызды міндеттер алға қойылды: олар «өз қызметін байырғы мұсылмандардың ізбасарларын сатып алуға емес, бір кездері христиан дініне кірген адамдарды жолдан тайдыруына жол бермеуге бағыттауы керек»⁶⁴⁸. Басында Қырғыз рухани миссиясы «Қырғыз епархиясының құрамында өмір сүретіндерді православиеге жүгіндіру және киелі сенім мен христиандық мораль ережелері туралы білім алған басқа діндарларды бекіту үшін» Тобол епархиясындағы Алтай миссиясының бір тармағы ретінде болды⁶⁴⁹.

Алтай рухани миссиясының қызметі 1828–1917 жылдар аралығын қамтыды. Оның басты міндеті – мұсылмандар мен пұтқа табынушылар, сондай-ақ жікшілдердің есебінен православиелік конфессияны ұстанушылар санын арттыру болды. Бұл мәселені Алтай рухани миссиясы басында айтарлықтай сәтті шешті. Миссияның есептері бойынша, мұнда 1830 жылдан 1850 жылға дейін – 1077 шоқындыру рәсімі өтсе, 1851 жылдан 1865 жылға дейін – 1829, 1865–1870 жылдар аралығында – 1965, тек 1873 жылы – 331 шоқындыру рәсімі болды. Содан кейін құлдырау байқалады: 1874 жылы 197 шоқындыру рәсімі болды. Шоқындыру рәсімінен өткендер санының азаюы.

Қырғыз рухани миссиясының жеке бөлініп шығуына себеп болған болуы мүмкін. Бұл миссионерлердің санын көбейтуге, өз шіркеуі немесе кішкене шіркеуі, интернаты болуына және көшпелілерге жақындау болуға мүмкіндік берді.

1890 жылға дейін Қырғыз рухани миссиясы бір миссионерлік діни қызметкерден тұрды. Ол таяу болашақта жергілікті халықты христиандандыру жөніндегі жауапты қызметке дайындық жұмыстарымен айналысты. Бірте-бірте миссия дербес сипатқа ие бола бастады және Омбы епархиясының құрылуымен ол Алтай миссиясынан толығымен бөлініп шықты. Оның архимандрит дәрежесіндегі өзінің бастығы, 4 тұрағы және бір жыл ішінде православиеге 70-ке дейін басқа дін өкілдерін қосқан 11 дін қызметкері болды⁶⁵⁰. Бұдан былай Қырғыз рухани миссиясының қызметі шоқындыру рәсімінен өткен қырғыздардың санын арттыруда жоғары көрсеткіштермен

⁶⁴⁸Миссионерский противомусульманский сборник. Труды студентов миссионерского противомусульманского отделения при Казанской Духовной Академии. - Казань, 1894. - Вып. 20. – С.40

⁶⁴⁹ Всеподданнейший отчет Обер-Прокурора Святейшего Синода Победоносцева по ведомству Православного исповедания за 1886 год. – СПб, 1888. – С.115.

⁶⁵⁰ ГАОМО. Ф.16; Оп.1, д.45.- Л.7-16.

ерекшеленбеді. 1906 жылы миссия мүшелері барлығы 19 адамды, оның ішінде 8 қазақты шоқындырды. Айтпақшы, сонымен бірге Алтай рухани миссиясының көрсеткіштері мүлдем нөлге дейін төмендеді. Өйткені ол «миссионерлердің едәуір құрамына қарамастан» бірде-бір бөтен дін өкілін православие дініне қабылдамаған. Осыған байланысты баспасөзде сыни мақалалар пайда болды. «Речь» газеті Қырғыз рухани миссиясында шоқындыру рәсімінен өткендердің әрқайсысы «700 рубльден астам тұрады» деп жазды⁶⁵¹.

Омбы епархиясы 1895 жылы ашылды. Оның құрамына толығымен екі қазақ облысы кірді: Ақмола және Семей облыстары. Өзінің алғашқы жылында Омбы епархиясында шіркеулердің салыстырмалы түрде саны аз болды, олардың көпшілігі жаңа епархияның ең көп қоныстанған бөлігі ретінде Тобольск губерниясында болды. Біраз уақыттан кейін, 1897 жылдан бастап, жүздеген мың қоныс аударушылар Ресейдің ішкі жері тапшы провинцияларынан, негізінен Чернигов, Полтава, Екатеринослав, Рязань, Орел, Пенза, Курск және басқалардан кең ағынмен ағылды. Жалпы алғанда, 20 жыл ішінде, 1883 жылдан 1903 жылға дейін, Сібірге шамамен 1566 мың қоныс аударушылар келді⁶⁵². Олар үшін және православие дінін жергілікті тұрғындар арасында тарату мақсатында Омбы епархиясы құрылды.

Епархияның пайда болуымен жергілікті тұрғындардың жер мәселесіне байланысты қыспаққа ұшырағандығын айғақтайтынелеулі өзгерістер болды. Бұл туралы орыс православие шіркеуінің дінбасылары таңдана және мақтанышпен жазады. Солардың бірі – И. С. Голошубин. Айтпақшы, біраз уақыттан кейін, Омбының рухани консисториумының 1913 жылғы 8 шілдедегі Жарлығымен оған «қасиетті Синод пен епархия епископына құрметсіз қарағаны» үшін «діни қызмет атқаруға, монах киімін киюге және шоқындыру рәсімінен өтуге» тыйым салынды. Ол орнынан алынып, приходқа тағайындалды. Осы уақыттан бастап Голошубин шіркеуден қол үзді. Ол өзінің Омбы епархиясы дінбасыларының өмірінен алынған әңгімелерінде шіркеудің қулығын әшкереледі, шіркеу қызметшілерінің арам пиғылдарын келемеждеді⁶⁵³. Бірақ шіркеуден алшақтағанға дейін Голошубин «Омбы епархиясының анықтамалық кітабын» құрастырды. Оның құрамына кіретін жерлердің географиялық және экономикалық сипаттамасын

⁶⁵¹ О деятельности миссионеров // Речь. - 1910. - 24 июля

⁶⁵² Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. - Омск, 1914. - С.2

⁶⁵³ Вибе П.П., Михеев А.П., Пугачева Н.М. Омский историко-краеведческий словарь. – М.: Отечество, 1994. – С.62

кіргізді, епархия шіркеулеріне сипаттама берді. Егер бұрын бұл жерлерде қырғыз малдарының табындары жайылып жүрген болса, «қазір көптеген жерлерде креспен көмкерілген православие шіркеулері көз тартады», қазақ көшпелілерінің орнына «тұтас орыс ауылдары және дербес приходтар құрылды». Демек, қоныс аудару Сібір тарихында тек қана саяси және экономикалық маңызға ғана емес, сонымен қатар ол «біздің жас епархиямыздың көптеген жаңа приходтарының тезірек құрылуына және қалыптасуына көмектесті, бұл жабайы қырғыз тайпасы арасында православие орнату үшін, яғни таза миссионерлік мақсаттар үшін алға жасалған үлкен қадам болуымен де маңызды болды. Бәлкім, тұтас бір ғасыр бойында күтуге тура келген нәрсе, 15-20 жылда байқалмай жүзеге асты⁶⁵⁴.

Шоқындыру рәсімінің өзі христиан дінін қабылдау патшаның отаршылдық саясатының әдістерінің бірі екенін айғақтады. Православие дінін сақтай отырып, Омбы епархиясының мүшелері әртүрлі рәсімдер орындады. Православие дінін қабылдамас бұрын, басқа діндегі адам «рухани, қасиетті өмірге қайта туылу» үшін шоқындыру рәсімінен өтуі керек болды. Шоқынуға белгіленген қазақ жеке өңдеуден өткізілді. Миссионер кез келген тәсілмен оны шоқынуға келісуге қол жеткізіп, ол туралы жария етті. Содан кейін оны шіркеуде шоқындыру рәсімінен өткізіп, жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендердің христиан дініне адалдығы туралы жазбаша міндеттемесін жасады. Көптеген жаңа шоқындыру рәсімінен өткендердің сауатсыздығына байланысты, олар дайындалған құжатқа қол қойды⁶⁵⁵. Шоқындыру рәсімінің өзі христиан дінін қабылдау патшаның отаршылдық саясатындағы әдістердің бірі екенін айғақтады.

Кеңес заманында белгілі тарихшы және атеист Н. Никольский «бөтен дін өкілдерін» шоқындыру рәсімі «олардың православие дінін нақты қабылдауы емес, отарлау мен орыстандыру әдістерінің бірі, миссионерліктің тез қол жеткізген сәттілігі емес..., шындығында, бұрынғы бақсының орнына орыс діни қызметкерінің келуіне және қос дінге сенушілікке әкелді» деп дұрыс атап өтті⁶⁵⁶. Қос дінге сенім жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендердің арасында кең таралды.

Уақыт өте келе шоқындыру рәсімінен өту азая бастады. Ал ХХ ғасырдың басында, ХІХ ғасырдың 90-жылдарымен салыстырғанда,

⁶⁵⁴ Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. – Омск, 1914. – С.5

⁶⁵⁵ ГАОМО. Ф.16; Оп.1, д.112.- Л.80

⁶⁵⁶ Никольский Н.М. История русской церкви. – Рязань, 1930. – С.117

өтініштер саны 10-15 есе азайды⁶⁵⁷. Мәселен, 1906–1908 жылдары Омбы епархиясының кейбір тұрақтарында бірде-бір шоқындыру рәсімі болған жоқ⁶⁵⁸.

Омбы епархиясының тарихын зерттей отырып, аймақтың өміріндегі өзгерістерді байқауға болады. Омбы епархиясы жұмыс істеген 25 жыл ішінде ол аймақтың әкімшілік-аумақтық тұрғыдан қайта құрылуына байланысты өз атауын үш рет өзгертті: Омбы-Семей (1895–1911), Омбы-Ақмола (1911–1915), Омбы-Павлодар (1915–1920). 1894–1904 жылдардың онжылдығында Омбы епархиясы шіркеулер санын 100-ге дейін арттырды. Оның ішінде 91 шіркеу император Александр III атындағы қордың қаражатына салынды. Петропавл уезінде – 14, Ақмолада – 10, Атбасар уезінде – 6, Көкшетау уезінде – 18 шіркеу салынды. 1917 жылға қарай епархияда 710 қолданыстағы приход болды⁶⁵⁹. Большевиктер партиясы билікке келгеннен кейін Омбы епархиясының тағдыры, басқа діни ұйымдар сияқты, алдынала шешілді.

Түркістан епархиясы 1872 жылы дербес бірлікке айналды. Бұған дейін Түркістан өлкесінің шіркеу істері Томск епархиясында шешілген болатын. «Шіркеу – қоғам жаршысы» жазғандай, жеке епархияның құрылуымен миссионерлік істер жақсарып қана қоймай, «кейбір қарым-қатынастарда мүлде нашарлады»⁶⁶⁰. Жоғары шіркеу билігінің мазасыздануы епархия әкімшілігінің әртүрлі буындары арасындағы байланыстардың әлсіреуіне себеп болды, бұл өз кезегінде миссионерлік қызметте көрініс тапты. Бұл «епархия басшыларының жаңа шоқындыру рәсімінен өткендердің өмірлік қажеттіліктеріне назар аудармауынан, шоқындыру рәсімінен өтуге ресми түрде өтуінен қысылуынан, Ресейдің кезкелген жерінде ақылға қонымды және мүмкін болатын талаптарды Сарқант приходының тұрғындарымен абайсызда теңестіруден көрініс тапты. Осының барлығы аймақтағы миссионерлік мекеме үшін және басталған миссияның табысты болуы үшін оның одан әрі өмір сүруіне көптеген кедергілер мен өлім қаупін төндіреді»⁶⁶¹.

Миссионерлер қазақтарды жаңа дінге тартудың көптеген әдістерін қолданды. Сібір теміржолы аймағында шіркеу мен мектеп құрылысының жағдайы туралы ісінде оның құрылысы кезінде

⁶⁵⁷ Сонда. С.119

⁶⁵⁸ Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. - Омск, 1914. - С.865

⁶⁵⁹ Сонда. С.5

⁶⁶⁰ Церковно-общественный вестник // Туркестанский сборник. – СПб., 1873-1875. – Т. 77. – С.483

⁶⁶¹ Туркестанский сборник. – СПб., 1873-1875. – Т. 77. – С.483

православие дінін таратуға бағытталған шенеуніктердің әрекетін көрсететін мәліметтер бар. Император Александр III атындағы қордың және теміржол құрылысына байланысты қосалқы кәсіпорындардың қаражатына 1898 жылға дейін 110 шіркеу салынса, олардың 19-ы Ақмола облысының ауылдарында салынды. Аталған қаражатқа қосымша, толық статтық кеңесші 25000 рубль садақа берді. Оған Ақмола облысында тағы 9 шіркеу салуға кірісті. Сонымен қатар қызметкерлердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру және миссияға көмектесу үшін 1896 жылдың 11 шілдесінде вагон-шіркеуді қасиетті дәріптеу рәсімі болды. Және сол айда ол Сібір темір жолының әртүрлі станцияларында шіркеу қызметтерін атқаруға жіберілді⁶⁶².

Шіркеулердің салынуы, әсіресе вагон-шіркеуді қасиетті дәріптеу тек қоныс аударушылардың ғана емес, сонымен бірге жергілікті тұрғындардың да болуымен және олардың арасында христиандандыру жұмыстарын жүргізу үшін де өз-өзін ақтауы керек еді. Сыртқы конфессиялардың рухани істер Департаментінің жаңа шіркеулер салудан және ескі шіркеулерді қалпына келтіруден бас тартулары болды. Бұл жергілікті халықтың өкілдерінің аздығына байланысты болды. Ал православие үшін олар құрылыс салуға асықпады.

Түркістан епархиясының Верный әскери қолбасшысының бақылауындағы әскери діни қызметкер православ миссионерлерінің қамау орындарында жүргізіп жатқан жұмыстары туралы баяндады. Верныйдың түрмесінде шіркеу болды. Оның қызметшілері өмірлерінің қиын сәттерінде тұтқындарға «Құдай сөзін» жеткізді. Бірақ солай бола тұра, олар бөтен дін өкілдеріне ақиқат жолын көрсетті. Соның нәтижесінде олардың кейбіреулері православие дінін қабылдауға ниет білдірді.

Құжатта тұтқын шоқындыру рәсімінен өтпес бұрын діни қызметкерге белгілі бір жұмысты орындау тапсырылғаны көрсетілген: тұтқын туралы ақпарат жинау, оған христиан дінінің негізгі ақиқаттарын үйрету, оны сынап көру, оның қалауы бойынша қандай мотивтер басшылыққа алынғаны және оның ұмтылысының шынайылығына көз жеткізіп, шоқындыру рәсімін өткізу. Бұл іс-шара «мүмкіндігінше, салтанатты және мерекелік немесе жексенбі күні литургия алдында, түрме басшыларының немесе басқа да сенімді куәгерлердің қатысуымен, шоқындыру рәсімінен өту туралы куәлік ету

⁶⁶² ЦГА РК. Ф.51; Оп.1, д.23. л. 6 об.,14

үшін метрикалық кітапқа қол қою арқылы өткізілуі керек болды»⁶⁶³. Осылайша, Верный түрмесінде отырған Түрген болысының қырғызы Алпысбай Мергенбаев Александр Мергенбаевқа айналды, оны растау үшін 1890 жылдың желтоқсанында метрикалық кітаптан үзінді берілді.

Көріп отырғанымыздай, басқа дін өкілінің ауыр халін және оның моральдық жағдайын пайдаланып, оны өз жағына оңай тартуға болатын еді. Мұндай жағдайда мұсылман дін өкілдерінің болмауы, бір жағынан, түрмеде мешітті ашу үшін қажетті қаражат жиналмауымен түсіндіріледі. Екінші жағынан, православие уағыздаушылары өздерінің қызмет кеңістігін ұлғайту мақсатында, олардың болмауына мүдделі болды. Сондықтан түрмеге кіру мұсылман дін өкілдері үшін жабық болды.

Қысқа мерзім ішінде (1896 жылғы 2-5 сәуір аралығында) шоқину рәсіміне дайындалған қазақ қызының мұсылман дінінен православиеге көшуі соның айғағы болып табылады. Бірақ сол жылдың қазан айында Жетісу Облыстық соты Прокурорының қасиетті шоқындыру рәсімінен өткен қырғыз қызы Айша Құлжебекованың мұсылмандыққа бет бұру туралы ұйғарымы тыңдалды. Шоқындыру рәсімі оған «бірнеше күн арақ ішкізіп, алдау» арқылы жүргізілді⁶⁶⁴.

Шынында да істі тергеу үш күн ішінде христиан емес адамды православиеге айналдырған діни қызметкердің азғындық әрекетін көрсетті. Сонымен қатар қолданыстағы заң ережесі – Қасиетті Синодтың Жарлығымен «40 күн бойы православиелік сенімнің ақиқаттарын шоқындыру рәсімінен өтуге ниет білдіргендерге алдын ала берілетін уағыздарға байланысты»⁶⁶⁵. Қысқа уақыттан кейін шоқындырылған әйел өзінің бұрынғы дініне қайта оралғысы келгені ғажап емес. Біздің ойымызша, істің мән-жайы діни қызметшілер «мақсат – қаражатты ақтайды» ұранын басшылыққа ала отырып, өздерінің жоғары рухани басшыларына адамгершілік қағидаларын елемей, қазақтардың шоқинуы жөніндегі қызметінің нәтижелері туралы баяндауға тырысқанын көрсетеді.

Әрине, шіркеу қызметшілері алкогольді ішімдіктерге толығымен тәуелді болды деп айтуға болмайды. Олардың кейбіреулері орыс халқының маскүнемдігіне қарсы табанды күрес жүргізді. Әулие-ата протоиерей Богословскийдің алкогольдің барлық түрлерін толығымен тоқтату жөніндегі күш-жігері құптауға лайық. Бұл әрекеттерге негізінен байсалды өмір салтын ұстанатын байырғы халықтың

⁶⁶³ ЦГА РК. Ф.294; Оп.1, д.10.- Л.19-20 об.

⁶⁶⁴ ЦГА РК. Ф.393; Оп. 1. Д. 129. Л.18

⁶⁶⁵ Сонда. Л. 19

тұрмыс-тіршілігін бақылауы түрткі болған шығар және тағы бір себеп, Түркістан Діни консисториумының алкогольге қарсы шығарылған қаулысында болуы мүмкін⁶⁶⁶.

Осыған байланысты ол көптеген уағыздар айтты, мектептерде және басқа жерлерде аталған тақырыпта сөйлесті. Ол орыс халқына сауалнама жүргізді және өзінің барлық қалауымен және ықпалымен Әулие-Атадағы 5 мың орыс халқынан тек 300-дейінен ғана қол жинай алды⁶⁶⁷. Оның жартысы әйелдер, кейбірі кәмелетке толмағандар, ал кейбіреулері қол қойған соң бір бөтелке араққа рұқсат беруді өтініп, округ басшысына келген. Халықтың орыс бөлігінің науқанға реакциясы мұндай іс-шаралардың бұл зұлымдықтың таралуын болдырмауға көмектесе алмайтынын көрсетті.

Православие дінін уағыздауды жандандыру мақсатында епархиялар жанынан миссионерлік тұрақтарды ұйымдастыру сияқты қызмет түрі кең етек алды. Яғни басқа дін өкілдерінің тұратын жерлерінде немесе олардан алыс емес жерде орналасқан шіркеу қызметшілері мен миссионерлерінің қандай да бір бекініс орындары болды.

Миссия тұрақтарының әрқайсысында міндетті түрде ғибадатхана немесе дұға үйі, миссионерлік аралас мектеп болды, оған барлық ниет білдірушілер қабылданды. Оқу сауат ашу мектептерінің бағдарламасына сәйкес араб жазуын, ислам діні туралы мағлұматтарды және кез келген қолөнерді меңгеруді қоса отырып, орыс, қазақ және татар тілдерінде жүргізілді. Тұрақта кітапхана болды және жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендер кедей бөлігіне қамқорлық көрсетілді. Әр тұрақта апта сайын діни-адамгершілік көпшілік оқулары өткізілді. Миссионерлік тұрақтың өмір сүруіне арналған қаражат Православ Миссионерлік қоғамының Кеңесінен, оның епархиалдық комитеттерінен және тікелей жеке қайырмалдықтардан алынды. Семейден Омбыға құдайға құлшылық жасау қызметтерін орындау және оларға ұлылық сыйлау үшін православтар аса құрметтейтін Қасиетті Ұлы Азапталушы Пантелеймонның иконасы қайта-қайта Афоннан жіберіліп отырды⁶⁶⁸.

1913 жылдың 1 қаңтарына қарай Омбы епархиясының Қырғыз миссиясының құрамына 8 тұрақ кірді: Орталық, Преображенский (немесе Буконский), Мало-Владимирский, Шульбинский, Татар,

⁶⁶⁶ ЦГА РК. Ф.146; Оп.1. Д. 100. Л.3-5.

⁶⁶⁷ ЦГА РК. Ф.146; Оп.1. Д.31. Л.7.

⁶⁶⁸ ГАОМО. Ф.16; Оп.1. Д.104. Л.74.

Атбасар, Знаменский миссионерлік монастыры, Еленинский, Черноярский. Православие діншілдері екі жыныстағы 6312 адамнан тұрды. Олардың 6022-і орыстар және 290-ы жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен қырғыздар болды. Олардан басқа, миссионерлердің назарынан тыс қалған 200-ге жуық адам әртүрлі ауылдарда өмір сүрді. 1912 жылы миссия басқаратын 13 шіркеу мен дұға үйлері және 18 мектеп болды. Жыл соңына дейін 512 ұл және 262 қыз бала болды. Оның ішінде, 12-і жаңа шоқындыру рәсімінен өткен ер балалар, 11-і қыз балдар және 140 мұсылман ер балалар болды⁶⁶⁹.

Миссия мүшелері, өздері атқарған қызметтерден басқа, орыс ауылдарына Құдай сөзін уағыздау үшін даланы аралап, жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендер тұратын орыс қыстақтарына барып, оларға Христосқа сену туралы тәлім берді және діндарларға пасторлық өсиеттер үйретті. Сонымен қатар ислам дініне өткен немесе православие дінінен айнып жүргендерге пасторлық насихаттар жүргізді. Шіркеу қызметкерлері мен миссия мүшелерінің қызметі кейде православие уағыздаушыларын жергілікті халыққа көбірек көңіл бөлуге итермелейтін оң нәтижелер әкелді.

Орталық Ордада Макаревский тұрағы миссионерлік қызметтің бекіністерінің бірі саналды. Оның жанында 43 үйден тұратын жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен қазақтар ауылы болды. 124 неофиттердің өмір салтында олар көрші православтардан көп нәрсе алды және бұл «жағдайда, олардың соңғылардан еш айырмашылығы болған жоқ. Олардың негізінен жеркепе етіпсалынған үйлерінің алдыңғы бұрышында қасиетті иконалары бар Роячницажәне оның алдында шам бар»⁶⁷⁰. Олар православиелік діннен туындаған және Құдаймен үнемі қарым-қатынасы туралы елес құруға бағытталған православие шіркеуі реттейтін діни жораларды орындады. Барлығы дерлік өздеріне крест белгісін қойып, үйге кіре берісте, тамақтанар алдында және тамақтанғаннан кейін дұға етті, крестер киді. Діни қызметкермен кездескенде, олар әрқашан оған батасын алу үшін жақындады және барлығы шіркеуге жиналды.

Діни қызметкерлер мен миссионерлер өз қамқорлығындағыларды қараусыз қалдырмады. Олар жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендердің үйлеріне жиі барып, олармен сөйлесіп, Христостың сенімі дұрыс деп сендіріп отырды. Ерекше ұйымдастырылған үй-

⁶⁶⁹ Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. - Омск, 1914. - С.857

⁶⁷⁰ ЦГА РК. Ф.318; Оп.1. Д.303. Л.203

жайларда ана тілінде діни-адамгершілік әңгімелер жүргізілді⁶⁷¹. Алайда бұл шоқынған қазақтарды олардың бұрынғы ағайындары үшін біржола жоғалған деп есептеуге болмайды. Кейінгі оқиғалар олардың көпшілігінің сырттай ғана христиан болғанын, бірақ жан дүниесінде мұсылман болып қалғанын көрсетті. Сондықтан кешегі неофиттер, біраз уақыттан кейін, тиісті органдарға оларды бұрынғы сеніміне қайтару туралы өтінішпен жүгінді.

Шіркеу бұқараға әсер ету тәсілдерін жетілдірді, өз саясатының жетекшілерін дайындады. Қазақстандағы бауырластықтар күштеп орыстандырумен және православиені орнатумен айналысты. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде патша бекіткен православие шіркеуінің бауырластықтары белсенді болды. Олар «православие шіркеуінің қажеттіліктері мен пайдасына қызмет ету үшін... және рухани ағартушылықты тарату және бекіту үшін құрылды» делінген олардың жарғысында. Басқа діни ұйымдардың қызметі православиенің шіркеуінің құқықтарына қол сұғу деп аталады. 1881–1894 жылдары империяның ірі қалаларында 15 бауырластық ашылды⁶⁷².

Қазақтар арасында да осындай бауырластық ашыла бастады. Қазақстанның оңтүстігінде 1869 жылдан бастап Түркістан епархиалдық Қазан-Богородтық бауырластық ашылып, кейіннен Жетісу бауырластығы болып қайта құрылды, ал солтүстігінде 1897 жылы Омбы епархиалдық бауырластығы құрылды⁶⁷³.

Бауырластықтардың қызметі қалың бұқара арасында «православиелік сенім, Отанға және орыс халқына деген сүйіспеншілік рухындағы тірі сөз бен салауатты ұғымдарды» таратуға бағытталған. Түркістан бауырластығы бүкіл Түркістан Епархиясы бойынша православиенің дінін қабылдауға ықпал етті, оның ішінде: Жетісу, Сырдария, Самарқан және Әмудария бөлімдері 150000 православиені және 3,5 миллионнан астам жергілікті тұрғындар болды. Бауырластықтың толық мүшелері: ер бауырлар мен әйел бауырлар 400 адамнан тұрды⁶⁷⁴.

Жетісу бауырластығы «Түркістан өлкесін мекендеген мұсылмандар мен пұтқа табынушылар арасында христиан дінінің таралуы

⁶⁷¹ Сонда. Л.204

⁶⁷² Ипатьева А.А. Миссионерская деятельность Русской Православной церкви на юге Дальнего Востока во второй половине XIX – начале XX века: Автореф. дис. канд. истор. наук. - Красноярск, 1999. – С.37

⁶⁷³ ЦГА РК. Ф.15; Оп.1. Д.401. Л.94.

⁶⁷⁴ ЦГА РК. Ф.15; Оп.1. Д.401. Л.556

мен нығаюына ықпал етуден тұратын» басты мақсатымен қатар, «қасиетті ғибадатханаларды қастерлеу, өлкенің орыс тұрғындарының арасында халық мектептерін ұстау, мұқтаждарға, негізінен жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендерге көмектесу – жалпы алғанда, христиандық мейірімділік, тәндік және рухани істермен көршісіне қызмет ету мақсаты да тұрды»⁶⁷⁵.

Әрдайым бауырластықтың мүшелері болмаса да, отаршылдық әкімшіліктің шенеуніктері оған дұға кітаптарын, қасиетті бейнелерді және т. б. таратуға белсенді түрде көмектесті. Облыс бойынша олар «300 данадан астам кітаптар, брошюралар және 1000-ға жуық крестерді Жетісу облысының әртүрлі ауылдарының тұрғындарына тегін таратып, арзандатылған бағамен сатты»⁶⁷⁶.

Бауырластық басқа ұлттардың тілінде баспа материалдарымен де қамтамасыз етілді. Түркістандық бауырластыққа тиесілі кітаптардың арасында қазақ тіліндегі кітаптар да болды. Бұл кітаптар, діни қызметкерлердің жоспарларына сәйкес, олардың бір данасы үшін 3-тен 40 тиынға дейінгі «барлық адамдарға өте қолжетімді» арзан бағасының арқасында, оларға үлкен пайда әкелуі керек еді. Оларды Верный қаласының мешандары «өздерінің егістік жерлерінде қызмет еткен қырғыздарды оқыту үшін» ықыласпен алды⁶⁷⁷.

Омбы бауырластығының ағартушылық және миссионерлік қызметі, сонымен бірге кең көлемде Омбы епархиясында шіркеу-теологиялық, діни-адамгершілік, патриоттық, алкогольге қарсы мазмұндағы кітаптардың, Киелі кітаптардың, иконалар мен шіркеу ыдыстарының заттарының тынымсыз және кең таралуымен көрінді. Арзан сату мен тегін таратудың арқасында Бауырластық халықты осы басылымдармен қамтамасыз етті⁶⁷⁸. Осылайша бауырластықтардың қызметі қазақ халқы арасында православие дінін орнатудың мақсаттарымен және міндеттерімен тығыз байланысты болды.

Миссионерлік мекемелердің құрамына басқа дінге сенушілер арасында жұмыс істеуге қажетті кадрлар даярлау жөніндегі оқу орындары кірді. Діни семинариялар дін қызметкерлерін даярлауға арналған орта оқу орны болды. Миссионерлердің айтуынша, Омбыда діни семинарияның ашылуы шұғыл қажеттілікке айналды. Омбы

⁶⁷⁵ Церковно-общественный вестник // Туркестанский сборник. – СПб., 1873-1875. – Т.73. – С.164-167.

⁶⁷⁶ ЦГА РК. Ф.15; Оп.1. Д.401. Л.550

⁶⁷⁷ ЦГА РК. Ф.15; Оп.1. Д.401. Л.551

⁶⁷⁸ ЦГА РК. Ф.393; Оп. 1. Д. 129. Л.23.

епархиясының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, семинарияның болашақ түлектеріне «сектанттар, жікшілдер мен мұсылмандар арасында миссионерлік қызметке» дайын болу мақсаты қойылды. Епископ Габриэльдің айтуынша, бұл үшін латын тілін үйренуге бөлінген сағаттардың санын азайту немесе оны оқу бағдарламасынан шығару арқылы міндетті пәндер ретінде «жергілікті бөтен тілдер» мен гигиенаны енгізу қажет болады⁶⁷⁹.

Омбы қаласында Рухани семинарияның ашылуы туралы Синодтың 1909 жылғы 29 желтоқсандағы жарлығына сәйкес «қалыпты типтегі» семинарияның оқу курсы міндетті пәндер ретінде «мұсылманға қарсы полемика және қырғыз тілі» пәні енгізілуі керек⁶⁸⁰. Жергілікті тұрғындардың тілін білумен және мұсылман дінбасыларының өкілдерімен пікірталас тудырумен қаруланған семинария түлектері жергілікті тұрғындар арасында православтардың санын көбейтуге міндетті болды.

Мұсылмандарға қарсы рух миссионерлерді даярлаумен айналысатын қазан Рухани академиясының ағартушылық әрекетіне сіңіп кетті. Осы оқу орнының қабырғасында студенттер мен магистранттар мұсылман дініне қарсы тұруды үйренді. 1872 жылы академик Е.А. Малов мұсылман дініне қарсы миссионерлік жинақты шығару жөнінде комиссия құруды ұсынды. Оның қорытындысы бойынша, кейбір студенттер мен магистранттардың курстық шығармаларын жинақ түрінде шығару туралы шешім қабылданды. Кейіннен оған академия студенттерінің жұмыстарынан басқа «миссионерлік сипатқа ие және ғылыми қызығушылық танытатын, бөтен адамдардан ұсынылған» шығармалар енгізіле бастады⁶⁸¹.

Жинақтың алғашқы басылымы кейбір қаржылық қиындықтарға тап болды. Бірақ 1886 жылы бұл іс-шараны «миссионерлік жинақтың үздіксіз жариялануының маңыздылығын ескере отырып», Қасиетті Синод жомарттықпен қаржыландырды. Ол 2000 рубль бөлді⁶⁸². Бұл жинақтың мақсаты православиелік пасторларға көмектесу болды. Және де бұл жинақтың пайдалылығын ескере отырып, көптеген даналары тегін таратылды. 1892 жылға дейін мұсылмандыққа қарсы

⁶⁷⁹ ГАОМО. Ф.16; Оп.1, Д.146. Л.17.

⁶⁸⁰ ГАОМО. Ф.16; Оп.1, Д.436. Л.16

⁶⁸¹ Историческая записка о состоянии Казанской духовной Академии после ее преобразования. 1870-1892 / Под ред. С.Терновского. - Казань, 1892. С.50

⁶⁸² Сонда. С.51

миссионерлік жинақтың 18 саны жарық көрді.

Бұл басылымның тақырыбы өте кең және көрнекі. Иллюстрация ретінде біз кейбір магистрлік жұмыстардың аттарын ұсынамыз: «Құрандағы қарама-қайшылықтар туралы», «Татар мұсылмандарға қарсы миссионерлік полемика әдісі», «Татар мұсылмандардың өз сеніміне берік болуының себептері», «Мұсылмандардың пайғамбарлар туралы ілімін сыни тұрғыдан талдау», «Құранның христиан дінін қабылдауға қолайлы келетін жерлері» және т. б.⁶⁸³. Осы шағын тізімнің өзі аталған «трактаттардың» бағыты туралы нақты түсінік береді.

Осындай жазбаша жұмыстардың бірі: «Христиандықпен мұсылмандықтың өзара қарым-қатынасы туралы тарихи очерк» тақырыбындағы шығарма. Оған профессор В.П. Васильевтің «Қазіргі таңда христиандық пен мұсылмандықтың арасындағы ежелгі күрес әлі аяқталған жоқ және біріншінің жағына мүлдем жуықтамайды да» деген пікірі эпиграф болып алынды⁶⁸⁴.

Шығарма авторы мұсылмандардың бірігуінің қауіптілігін ескертеді, олардың жаулап алушыларға деген өшпенділігін атап көрсетеді, шоқынған қырғыздарды назардан тыс қалдырмау қажет деп санайды және «қырғыз даласына қатысты орыс саясатының түпкі мақсаты – даланы Ресейге бекіту және көшпенділерді орыс талпыныстары мен азаматтығы рухында тәрбиелеу» деп көрсетеді⁶⁸⁵. Қазан Діни академиясының студенттері қазақтар арасында өз міндеттерін және осы аймақтағы патша үкіметінің мақсатын нақты түсінді.

Мұсылмандыққа қарсы миссионерлік жинақ Қазақстандағы отаршылдық әкімшілік өкілдерінің арасында танымал бола бастады. Оның біршама данасы 1886 жылы «Жетісу облысы әскери губернаторының өтініші бойынша, кітапхана үшін, Ташкентке және басқа облыстарға жіберілді»⁶⁸⁶.

Рухани азық ретінде қазақтар алуға тиіс кітаптарды шығаруға үлкен мән берілді. 1847 жылы Қазанда аудармашылар комитеті құрылды. Оның құрамына көрнекті миссионерлер Е.А. Малов,

⁶⁸³ Историческая записка о состоянии Казанской духовной Академии после ее преобразования. 1870-1892 / Под ред. С.Терновского. – Казань, 1892. С. 49, 53-54

⁶⁸⁴ Миссионерский противомусульманский сборник. Труды студентов миссионерского противомусульманского отделения при Казанской Духовной Академии. – Казань, 1894. – Вып. 20. С. 37

⁶⁸⁵ Сонда, 305 б.

⁶⁸⁶ Историческая записка о состоянии Казанской духовной Академии после ее преобразования. 1870-1892 / Под ред. С. Терновского. - Казань, 1892. С. 52

Н.Н. Остроумов, В.В. Катаринский және басқалар кірді. Олардың қызметінің нәтижесінде 307 кітап қазақ тіліне аударылды, оның 288-і діни мазмұнда болды⁶⁸⁷. Мұндай кітаптарды басып шығару, православие уағыздаушыларының пікірінше, жақсы нәтиже беруі керек еді. Өйткені олар тегін немесе өте арзан бағамен таратылды. Бұл оқырмандар шеңберін едәуір кеңейтті.

1891 жылы қазанда православтық миссионерлік қоғамы «Ақыл бере тугун книген» (Сирах ұлы Исаның хикметінен) кітабын басып шығарды. Онда 38 уағыз қолжетімді түрде ұсынылды. 1893 жылы орыс алфавитінде басылған «Қасиетті ескі және жаңа өсиет тарихы» кітабы қазақ тілінде жарық көрді⁶⁸⁸. Мектеп оқушыларының бұл кітаптарды оқуының салдары қандай болатынын елестетуге болады. Жалпы білім беретін бағыттағы кітаптармен аз мөлшерде қамтамасыз ете отырып, діни мазмұндағы кітаптарға қаражат аямады.

Христиандандыру саясатының бір бағыты мәдениет пен өнердің көмегімен таратушылары орыстар болған православие дінін қолдаушылардың күшеюі болды. Осы мақсатта Қазан теологиялық академиясында 1857 жылы рухани мәдениет Комитеті құрылды. Әр ай сайын оның рұқсатымен жарық көрген кітаптар мен брошюралар туралы мәлімдемелер дайындалды. Бұл мәлімдемелер Академия Кеңесіне ұсынылды, содан кейін жыл соңында қасиетті басқарушы Синодтың жалпы тізімі жасалды.

Цензура комитетінде діни тақырыптағы суреттер туралы осы органның пікірі енгізілген 1886 жылғы қаулы бар. Онда: «Қарақшылар ұрып-соққан адамға көмектесіп жатқан самаралықты және олардың қасынан көмек бермей өтіп кеткен шіркеу қызметкері мен левитті көрсеткен суретте, басында ақ сәлдесі бар самаралықтың бейнесі мұсылмандар орналасқан аймақтарда бейнеленген тақырыпты дұрыс түсіндірмеуі мүмкін»⁶⁸⁹. Самаралықты адамгершілік танытқан мұсылманмен шатастырып, оны христиандар алдында мадақтайды деп және «бұрыс түсіндірмеге» жол бермеу үшін самаралықты жалаңбас етіп бейнелеу ұсынылды.

Өзінің қаулысында Қасиетті Синод «Қасиетті тарихтан алынған

⁶⁸⁷ Мырзахметов М. Ильминский, Алекторов, Остроумов // Қазақ әдебиеті. – 1990. - 13 көкек

⁶⁸⁸ Тажибаев Т. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның педагогикалық ойы. - Алма-Ата, 1965. - С. 74

⁶⁸⁹ Историческая записка о состоянии Казанской духовной Академии после ее преобразования. 1870-1892 / Под ред. С.Терновского. - Казань, 1892. С.57

суреттерде Ресейдің әртүрлі аймақтарындағы киелі адамдар мен оқиғаларды адастыратын және еліктіретін түсініктемелерге әкелетін ештеңе болмау керек екеніне назар аударады⁶⁹⁰. Қаулы болашақта христиан дініне өз еркімен немесе еріксіз зиян келтіретін әрекеттерге жол бермеуді ғана емес, христианда бөтен дін өкілдерінің алдында көтермелей отырып, тіпті шындыққа қайшы, православие шіркеуінің мүддесі үшін істің нақты жағдайын бұрмалауды талап етеді.

Уағыздау ісінде зор табысқа жету үшін миссионерлік тұрақтарда қырғыздарға орыстардың азап шеккен адамзатқа деген жанқиярлығы мен мейірімділігі туралы айтатын училищелер, баспаналар, ауруханалар құру пайдалы деп есептелді.

Макарьевск миссионерлік тұрағының қарамағында Макарьевск ауылдық сауат ашу мектебі болды. Мұнда 16 адамнан тұратын балалар православиелік миссионерлік қоғамның Орынбор Епархия комитетінің қаражаты есебінен оқыды. Бұл мектептің жұмысы туралы: «...қырғыз балалар, алдымен қырғыз тіліндегі Православие миссионерлік қоғамы шығарған кітаптар мен оқулықтармен айналысып»содан кейін, біртіндеп орыс кітаптарын оқуға көшкен, деп жазылды. «Егделеу қырғыз оқушылары бағдарламаны орыс оқулықтары бойынша орыс оқушыларымен қатар өтеді. Әр оқу күні таңғы дұғадан басталады, оның барысында, қырғыз балаларыоны түрегеп тұрып тыңдайды»⁶⁹¹.

Сауат ашу мектептеріндегі сипатталған сабақтар миссионерлердің өздерінің ана тіліне және мұсылман дініне зиянсыз бағыты туралы мәлімдемелері, көріп отырғанымыздай, шындыққа сәйкес келмейтінін көрсетеді. Яғни бұл мектепте білім беру Н.И. Ильминскийдің жүйесі бойынша өтті. Оның негізгі мақсаты – таза миссионерлік, «оқушыларға православиелік сенімнің ақиқаттарымен білім беруге және оларды осы сенімде нығайтуға» ұмтылу болды⁶⁹². Н.И. Ильминский жасаған жүйені отаршылдық аппараттың миссионерлері мен шенеуніктері қолдады. Сондықтан оның есімі К. П. Кауфман, Г. А. Колпаковский, М. Ж. Черняев, Н.О. Розенбах, Н. И.. Гродеков сияқты генерал-губернаторларға белгілі болды. Миссионерлік қызметі үшін оны граф Д. А. Толстой және граф И. Д. Делянов сияқтыжоғары лауазымды тұлғалар бағалады. Қазан оқу округінің қамқоршысы Н.И. Ильминскийді «Құдайдың адамы» деп, ал Синодтың прокуроры К.П. Победоносцев оны «аз ғана шындықты уағыздаушылардың ішіндегі ұлы күш пен ұлы істерге ие адам» деп

⁶⁹⁰ Сонда. 57-58 б.

⁶⁹¹ ЦГА РК. Ф.318. Оп.1. Д.303. Л. 203 об.

⁶⁹² ЦГА РУ. Ф.И-1010. Оп.1. Д.18. Л.4

атады⁶⁹³.

Миссионерлік елдердің болжамды жетістіктері және ең алдымен неофиттердің пайда болуы ескерілді. Сондықтан «заңнамада мұндайға қатысты кейбір құқықтар мен артықшылықтар нақты көрсетілуі керек» деген ұсыныс айтылды. Мысалы, мұсылмандардың христиан дінін жаңадан қабылдағандарға қысым көрсетуіне және сұлтандар, билер, старшиналарды сайлау құқығына берілуіне қандай да бір кепілдік осындай болды»⁶⁹⁴.

Шоқынған қырғыздар бар елді мекендердің пайда болуы жергілікті халық арасында христиандандыру саясатын жүзеге асыруда таңдалған әдістердің дұрыстығына сенім ұялатты. Расында, жергілікті билік өкілдерінің әрекеттері әрдайым миссионерлер жүргізіп жатқан жұмысты күшейте қойған жоқ. Екі жыл бойы жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендерге қырғыздар рухани миссиясы жердісыйға тартқаны туралы хат-хабарлар жүріп жатты. Өскемен уезінің бастығы түрлі сылтаулармен жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендерге миссионер көрсеткен екі жерден бір десятина да жер бөліп беруге мүмкіндік таппады. Кейін бастық бір жерді тегін ұсынды. Көрсетілген жер «шынымен тегін, оған еш күмән жоқ. Бірақ бұл жер таулы-тасты болғандықтан», егіншілікке де, мал шаруашылығына да мүлдем жарамсыз⁶⁹⁵.

Миссионерлер шағымданған генерал-губернатордың араласуы ғана бұл мәселені шоқындыру рәсімінен өткен қырғыздардың пайдасына шешті. Уездік бастықтың бұл әрекеті түсінікті. Тұрғынның байырғы халыққа қатынасы тұрғысынан: шоқындыру рәсімінен өткен де, өтпеген де жергілікті тұрғын ол үшін жергілікті адам болып қала береді. Және оған деген көзқарасын өзгертуге асықпады. Бәлкім, аймақ губернаторы осы себепті мұсылман дінінен православие дініне өткендердің тағдырына немқұрайлы қараған болар. Бірақ берілген өкілеттіктерге байланысты және аймақтағы істерге патшаның алдында жауап беретінін ескере отырып, ол мәселені оң шешуге мүдделі болды. Сондай-ақ жергілікті халық арасында аймақ басшысының неофиттерге назар аударғаны туралы хабардың таралуы ол үшін пайдалы мүмкіндік еді.

Миссионерлік жұмыс тек жергілікті тұрғындармен ғана шектелмеді.

⁶⁹³ Остроумов Н. Памяти моего незабвенного учителя Н.И. Ильминского // Туркестанский сборник. – СПб., 1909. – Т.520. – С.193.

⁶⁹⁴ Сотников И. Несколько слов о возможности учреждения миссии между киргизами Средней Орды // Православное обозрение. – 1872. – Май. – С.789

⁶⁹⁵ ЦГА РК. Ф.64. Оп.1. Д.312. Л.11.

Сектанттардан тұратын православиеден «аластатылғандар» шіркеу қызметкерлері мен азаматтық шенеуніктердің үлкен алаңдаушылығын туғызды.

XIX ғасырдың екінші жартысында крепостнойлық құқықтың жойылуына байланысты Қазақстан жеріне орыс шаруаларының қоныс аударуы күшейді. Патша үкіметі мен орыс православие шіркеуібасқа дін өкілдерінің ортасында жаңа өмір жағдайына тап болған қоныс аударушылардың діни өмірін назардан тыс қалдырмауға тырысты. Екінші жағынан, исламның зияндылығын және патша мен оның шенеуніктерінің дінінің артықшылығын көрсету үшін қазақтар арасында православиені насихаттау міндеті алға қойылды. Бұл кезеңде сектанттықпен, әсіресе, орыс қоныстанушылары ұстанған жікшілдікпен күрес те маңызды міндет болды. Қазақстанда православ шіркеуінің миссионерлік жұмысы екі жаққа да қатысты жүргізілді. Өзірленген әртүрлі ережелері, миссионерлік мекемелердің заңдары мен жарғылары шіркеу уағызынан, насихаттық әңгімелерден, адасушылықты әшкерелеуден, мектептер мен кітапханалардың орналасуынан тұратын православиені уағыздаушыларының көптеген іс-әрекеттерін қамтыды.

Орыс діни көзқарастарының әралуандылығы туралы тарихи очерктің алғысөзінде «бөліну» сөзінің мағынасы көрсетілген. Жікшілдің сыртқы сипаттамасы мен мінез-құлқы былай берілген: «Дөрекі надандық, сақал, кафтан, приходтық діни қызметкермен жанжал және шенеунікпен қағаз соғысы»⁶⁹⁶. Бұл сипаттама шіркеу қызметкерлерінің, миссионерлер мен шенеуніктердің құжаттарында кездесетін жікшілдердің бейнесіне толық сәйкес келеді.

Жікшілдердің жалпы көпшілігін олардың «неғұрлым зияндыларына» қатысты батыл күресу шараларын күшейту үшін «зияндылық дәрежесіне» қарай санаттарға бөлу әрекеттері жасалды⁶⁹⁷. Кейінірек 1883 жылғы 3 мамырдағы заң жарияланғаннан кейін олар бұрын және кейінгі жасалған жүйелі жіктеулерден бас тартты. Сондықтан қарастырылып отырған кезеңнің құжаттары мен материалдарында «раскольник» («жікшіл»), «старообрядничество» («ескі сенушілік») деген жалпы түсінік қолданылады⁶⁹⁸.

Қазақ даласындағы орыс қоныс аударушылары арасында жікшілдер

⁶⁹⁶ Андерсон В. Старообрядчество и Сектантство. Исторический очерк русского религиозного разномыслия. СПб. 1908. – С. 1

⁶⁹⁷ Сонда. С. 236

⁶⁹⁸ Сонда. С. 237

туралы алғашқы мәліметтер ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Олар жаңа қоныстардың қалыптасуымен байланысты болды. Солардың бірі – Ақмола облысының Атбасар уезіндегі Ақан Бұрлық станицасы еді. 1857 жылы қоныстанушылар шіркеу салды. Бірақ 1862 жылға қарай олар оған баруды тоқтатты. Станица тұрғындары діни қызметкерлерді қабылдамады, балаларын шоқындыру рәсімінен өткізбеді және иконаларға табынудан бас тарта бастады. 326 адамнан тұратын қоныс аударушылар арасында өзара сенімдерін мойындау туралы дау туындады. Шіркеуді ішкі және сыртқы жағынан, діни қауым мүшелерінің есебінен түзету қажеттілігі жағдайды одан сайын ушықтырды. Нәтижесінде, «Казак Иван Караганов, православие сенімі мен Апостолдық шіркеуден бас тартқан адам ретінде, кеудесін жұдырығымен соғып, шіркеу мына жерде, ал Сіздің бос қамбарыңызды мен күзетпеймін және оны ешқашан толтыра алмайсың», – деп айтты⁶⁹⁹. Бұл фактіде казактар шіркеуден өздерінің қиыншылықтары мен проблемаларынан арылу орнын көре алмайтыны анық көрінеді. Оларға ашуланған казак мәлімдегендей, орыс халқының иығына түскен ауыр жүктердің қатарына шіркеудің алым-салықтары да қосылды.

Казактың мәлімдемесін «Степняктың жазбалары» кітабынан алынған алым-салықтар туралы үзінділер растайды. Онда шіркеу мен оның қызметкерлерінің материалдық байлығы шіркеуге келушілерден және басқа да қаражаттардан түрлі алымдар алынғандығы көрсетілген. Орыс жазушысы А. И. Эртель былай деп жазды: «Егер үйлену тойы болса – оған (діни қызметкерге) 3 десятина бересің, шоқындыру рәсімінен өтсең – жарты егістік, дұға етсең – оған десятианың бір шөмелесін алып келесің, егер жерлеу рәсімі болса – 10 күн онынастығын бастырасың»⁷⁰⁰. Орыс халқының шіркеудің алым-салығына наразылығы, шіркеумен келіспеушіліктер, рухани қолдау мен жұбаныштың басқа жолдарын іздеу адвентизм, духоборизм, баптизм, штундизм, молоканизм сияқты т.б. сектанттық ілімдердің таралуына әкелді. Синодтың кеңсе меңгерушісі В. К. Саблер «шіркеулерге, ең алдымен, осы секталар мен бөліністерден қауіп төніп тұрғанын» дәлелдеді⁷⁰¹.

Орыс тұрғындары арасында бөлінудің таралу себептерін азаматтық билік анықтауға тырысты. Олар шіркеу мен оның қызметкерлерін

⁶⁹⁹ ЦГА РК. Ф. 64. Оп.1. Д.354. Л.2

⁷⁰⁰ Корзун М.С. Русская православная церковь на службе эксплуататорских классов. Х-1917 год. – Минск, 1984. – С.188-189.

⁷⁰¹ Клибанов А.И. Русское православие: вехи истории. М., 1989. – С.443

белгілі бір дәрежеде айыптады. Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовскийдің пікірінше, бөлінудің күшеюіне «3000 немесе одан да көп жан басынабір адамнан келетін дінбасылар мен шіркеулердің аздығы ықпалетті—бұл үлкен кеңістіктегі халықтың шашыраңқылығына, бұдан әрі діни қызметкерлердің алауыздыққа тойтарыс беруге дәрменсіздігіне және ең алдымен, күнделіктібір үзімнан табудың қамын ойлау қажеттілігіне алып келді»⁷⁰². Көріп отырғанымыздай, жікшілдікке қарсы күресті қиындатқан объективті жағдайлармен қатар субъективті факторлар да орын алды.

Ресей империясы мен оның ұлттық аймақтарында жікшілдіктің күшеюі осы құбылыспен күресудің ұйымдастыру шараларын әзірлеу міндетін қойды. 1887 жылы Мәскеуде бірінші Бүкілресейлік миссионерлердің бірінші съезі өтті. Онда орыс діни әралуан көзқарас өкілдеріне қарсы бірқатар ұсыныстар әзірленді. Олардың арасында «балаларды қыңыр жікшілдер мен сектанттардан алшақтату және ата-аналарды азаматтық құқығынан айыру» әрекеттері ерекшеленеді⁷⁰³. Ұсынылған қатаң шараларды ресейлік қоғам сыни қабылдады және прогрессивті баспасөзде наразылық тудырды. Мұндай реакцияның арқасында, бұл ұсыныстар іске асырылмаған болуы мүмкін. Өйткені қарастырылып отырған кезеңнің құжаттарында мұндай фактілер анықталмаған.

Жікшілдер арасында миссионерлік қызметті жүргізу Орынбор Рухани консисториумының бақылауында және назарында болды. Ол пастваға моральдық-адамгершілік тұрғыда әсер ету ережелері мен нұсқауларын орындауды белгіледі. 1891 жылы Мәскеуде өткен кезекті миссионерлік съездің шешіміне сүйене отырып, жеке секталардың ілімдерінің мәні туралы негізгі мәселені талқылай келе, рухани мекеме жікшілдер арасында жұмысты ұйымдастырудың бірқатар тармақтарын әзірледі. Олар ғибадат ету және шіркеудің басқа талаптарын орындау, миссионерлік қызмет, жеке өмір және басқа да мәселелерге қатысты болды.

Шіркеу қызметіне қатысты оны «тәртіп бойынша және құрметпен орындауға, анық және ұғымды етіп оқуға, ескі және әсерлі ән айтуға, шулы және шіркеу сипатынан бөтен ән айтудан аулақ болуға, өзінекүрест белгісін шын жүректен міндеттеуге, діни қызметкерлер халыққа батасын құрметпен беруіне ерекше назар аударылды»⁷⁰⁴. Сонымен қатар

⁷⁰² Чернавский Н. Труды Оренбургской Ученой Архивной Комиссии. Оренбургская епархия в прошлом ее и настоящем. Т.10 Вып.2. Оренбург. 1901-1902. – С.617.

⁷⁰³ Клибанов А.И. Русское православие: веки истории. М., 1989. С.442

⁷⁰⁴ ЦГА РК. Ф. И-706. Оп. 2. Д. 3. Л. 91

жексенбі және мереке күндері жарғыға сәйкес кешкі уақытта барлық салтанатпен қызмет көрсету, үлкен қоңыраудысоғу қажет болды. Шіркеу қызметкерлерінің міндеттеріне келесі жарлықтарды орындау кірді: уағыздар айту, иман және имандылық туралы әңгімелер жүргізу, гибраттыүйрету, әулиелер өмірін зерттеп оқу және т. б.

Православие шіркеуінің аясына абайлап жақындату үшін жікшілдердің көзқарастарын ескеру қажет болды. Жікшілдермен күресу шараларын дамыта отырып, Орынбор рухани консисториумы миссионерлік қызмет «Қасиетті сенім шындықтарын, христиан өмірінің ережелерін, Қасиетті шіркеуден бөлінетін әртүрлі ойлардың тақырыбын құрайтын православие шіркеуінің рәсімдері мен құпияларын түсіндіруге бағытталуы керек» деп атап өтті. Діни қызметкер миссионерлердің әңгімелерін ашуы керек. Олар әдеттегі дұғадан басталуы керек. Содан кейін қос Інжілді оқып немесе миссионердің келу мақсатын түсіндіріп, ескі сенушілерді миссионерді мұқият тыңдауға, шындықты білуге деген ұмтылысын басшылыққа ала отырып, онымен сөйлесу керек»⁷⁰⁵.

Көрсетілген іс-әрекеттермен шектеліп қалмай, дін қызметкерлеріне жікшілдермен және сектанттармен әртүрлі ой-пікірлердің тақырыптары туралы сұхбаттасуға және осы адамдарға көмектесуге қабілетті адамдарды таңдауға бұйрық берілді. Оларға көмек ретінде православие шіркеуінің ілімдерін нақты және түсінікті түрде көрсететін нұсқаулары, кеңестері бар қажетті кітаптар бөлінді. Олар сондай-ақ жікшілдер мен сектанттардың қателіктерін қысқаша және мұқият ашатын брошюралармен, парақшалармен қамтамасыз етілді. Миссионерлер зиянды ілімдерді жиі тарататын кітап сатушыларды бақылап, «осындай әрбір жағдай туралы епархия басшылығына есеп беруі» керек болды⁷⁰⁶.

Жікшілдердің жеке өмірінде «өздерінің бағынатын және рухани балаларына өмірдің қуанышты және қайғылы жағдайларында жұбату және тәрбиелеу, нұсқау және түзету сөздерімен бару, және, осы арқылы неғұрлым тығыз және рухани бірліккеқол жеткізу» ұсынылды. Аталған шаралардан басқа, приходтық діни қызметкерлер жыл сайын епархия басшыларына секталардың саны туралы ақпарат беріп, жалған ұстаздардың пайда болуы мен шегіну жағдайлары туралы дереу хабарлауы керек болды. «Сонымен қатар діни қызметкерлер сектанттық отбасыларда тұратын және сектанттар тарапынан православиелік

⁷⁰⁵ ЦГА РК: Ф. И-706. Оп. 2. Д. 3. Л. 91 об.

⁷⁰⁶ ЦГА РК: И-706. Оп. 2. Д. 3. Л.92.

сенім үшін қысым мен зорлық-зомбылыққа ұшыраған православтар туралы фактілерді баяндай отырып, белгіленген тәртіппен епархиалдық басшылыққа жеткізу туралы ерекше қамқорлыққа ие болды»⁷⁰⁷.

Бұл шаралар, шіркеу қызметкерлерінің пікірінше, Ресейде, сондай-ақ империяның ұлттық аймақтарында жікшілдер санының азаюына әкелуі керек еді. Өйткені «шіркеуден аластатылғандар» ресми православиенің таралуына айтарлықтай кедергі болды. Миссионерлер, өз есептерінде, жікшілдердің қазақтар арасында тұруына байланысты олардың қызметіне қарсы келетін фактілерді жиі көрсетеді. 1893 жылы қазақ даласына жасаған сапары туралы Орынбор және Орал епископы Макарийге жіберген хабарламаларының бірінде діни қызметкердің жікшілдермен күресуіне тура келгенін жазған.

Православие дінін уағыздаушының қазақтармен діни тақырыпта жүргізген сұхбаттары олардың жаңа дінді қабылдауына ықпал етуі керек еді. Әйтсе де, оның жолына жікшілдер күтпеген кедергі жасады. Орыстардың қазақ қыстауларына баруы қазақтардың орыс қоныс аударушыларының зәйімкелеріне келуімен алмасып жатты. Егер біреулері Орыс Православие шіркеуінің талаптарын қатаң ұстанса, онда басқалары мінез-құлқымен оған деген теріс көзқарасын көрсетті. Миссионер бір шаруаға шіркеу туралы пікірлері үшін түрмеде отырған қатал жікшіл ретінде сипаттама берді. Уағызшы «ол өзінің міндеттерін мүлтіксіз орындап, өзінің қиялындағы ескі сенімін зәйімкедегі орыс көршілерінің арасына таратады. Осылайша ол қулықпен қарапайым және қараңғы адамдардың көз алдында православиелік діни қызметкердің беделін төмендете отырып, фактілерді нақты білетіндей, орыс діни қызметкерлерінің тек ұры екенін және литургияға мас болып, ішіп-жеп, темекі шегіп баратынын және т. б. туралы қарапайым, қараңғы адамдарға жеткізеді» деп көрсетеді⁷⁰⁸.

Миссионер үшін мұндай мәлімдемелер жұмысты қиындатып жіберді. Өйткені бұл пікірлер ішімдік ішуге тыйым салатын шарифат талаптарын қатаң ұстанатын қазақтарға да жетті. Естіген сөздер олардың көзқарастарынан көрініс тапты. Оларда: шіркеу қызметкерлері орынсыз өмір салтын ұстанғандықтан, әрине, шіркеудің діни қауым мүшелерімен қарым-қатынас жақсы бола қойған жоқ деген пікір туындады.

Жікшілді православиелік діни қызметкерлердің өмірі мен қызметін

⁷⁰⁷ ЦГА РК: Ф. И-706. Оп. 2. Д. 3. Л.92 об.

⁷⁰⁸ ЦГА РК: Ф. И-25. Оп. 1. Д. 1426. Л. 45.

әділетсіз бағалаудан айнытуға тырысып, миссионер «Орск уезіндегі 280 ең ашынған жікшілдердің Құдайдың шіркеуіне қосылуы туралы егжей-тегжейлі айтып берді»⁷⁰⁹.

Жікшілдермен кездесу және оларды православие шіркеуіне қосу әрекеті туралы Қырғыз миссиясының Букон тұрағының миссионері Ефрем Елисеев өз жазбаларында жазды. Жұмысында ол жікшілдердің өмір сүру үшін таңдаған жерін сипаттайды. Бұл, оның айтуынша, «біздің мемлекетіміздің шетінде орналасқан», жан-жағынан өтуге болмайтын таулармен қоршалған алқап⁷¹⁰. Миссионердің айтуынша, жікшілдер мұндай жетуі қиын жерге «сенімін сақтау үшін емес, мемлекеттік міндеттер мен салықтардан аулақ болу үшін»шықты⁷¹¹. Миссионердің жікшілдердіңүш ауылына баруының басты мақсаты – оларды православие шіркеуіне тарту болды. Жікшілдермен қарым-қатынас және сұхбаттасу православие дінімен бірге үзілді-кесілді болғысы келмейтіндігін көрсетті. Бұл жікшілдердің арасында жағдайды өзгертуге әлсіз үміт берген екі православие отбасы болды. Бірақ олар толығымен тәуелді болып шықты.Өйткені православтардың «қасиетті сумен бата алып, дұға ету қызметіне шақыру сияқты менің ұсынысымнан үзілді-кесілді бас тартты.

«Оның не, оның не! Қазірет, – деп олар өз бас тартуының себебін түсіндірді. – Енді біздің ауылдастарымыз сенімен сөйлескеніміз үшін бізге алақөзденіп қарайтын болды. Ал егер біз сенімен дұға жасасақ, олар бізге маза бермей, бізді титықтатып жіберер еді... Жок, одан да , қазірет, сен өзің біз үшін жалғыз дұға жаса, ал біз сенімен дұға жасамаймыз. Бұл өте қорқынышты»⁷¹². Жікшілдердің православтармен ортақ үстелге отырудан бас тартуы және басқа да қолайсыз әрекеттері ниетінің пайдасыз екеніне миссионердің көзін жеткізді.

1895 жылы жікшілдер арасында жүргізілген жұмысы туралы баяндамада көрсеткен Орск уезіндегі Ивановка ауылының діни қызметкерінің әрекеті нәтижелірек болды. Шіркеу қызметкері «өз қателіктерінен бас тартып, Қасиетті шіркеудің аясына оралу үшін» жолдан тайған 4 шаруағаүгіт-насихат жүргізгендігі туралы баяндады⁷¹³. Діни қызметкер өз әрекеттерін шіркеу билігінің назарына жеткізе

⁷⁰⁹ ЦГА РК. Ф. И-25. Оп. 1. Д. 1426. Л. 67.

⁷¹⁰ Елисеев Е. Записки миссионера Буконского стана Киргизской миссии за 1892–1899 гг.: СПб, 1900. – С. 25

⁷¹¹ Сонда. С. 26

⁷¹² Сонда. С. 27

⁷¹³ ГАОр.О. Ф. 173. Оп.5. Д. 10893. Л. 9

отырып, «Мен олармен бірнеше рет сөйлестім, оларды өз үйіме шақырдым, үйлеріне бардым, оларды жікшілдік қателіктерінен бас тартуға барынша шақырдым» деп атап өтті⁷¹⁴.

Оның қызметінің нәтижесі бойынша, біреуі православие шіркеуінің аясына оралды, екіншісі, «жікшілдік нанымдарда шатасқанымен, православиеге деген адалдығын едәуір арттырғандығы байқалды»⁷¹⁵. Екі адам, діни қызметкердің өкінішіне орай, өз адасуларында қалды.

Жікшілдер Қазақстанға қоныстанған орыстардың діни өміріне әсер етіп, оларды православиеден бас тартуға итермелеуге әрекет жасады. 1896 жылы Орск уезінің бірінші тұрағының бастығы жікшілдердің православиеге қарсы заңсыз әрекеттері туралы баяндады. Ол «менің сұрауым бойынша анықталғандай» жікшілдер ғибадатханасынқыстақтың бір шаруасы ашты деп жазды. Діни қызметкердің жүргізген жұмысы жақсы нәтиже берді. Ескі сенушілерден тұратын бұрынғы 89 үй шаруашылығының 33 ауласы ескі сенімде қалды. Олардың иелері «православиені айыптайды және өзқыстағының тұрғындарын секталарына азғырады» және де«православиеден бөлінуге азғырушы» болып табылады⁷¹⁶.

1897 жылы Қазан қаласында өткен үшінші миссионерлер съезі жікшілдерге қарсы миссионерлік әрекетті күшейтуде маңызды рөл атқарды. Съезд Орынбор рухани консисториясымен назарға алынған бөліну мен сектанттылықты дамытуға қарсы іс-шаралар әзірледі. Жікшілдерге қысым жасау шараларына қатысты кейбір тармақтарды қысқартылған түрде атап өтейік:

- жікшілдікке қарсы күресте миссионерлік сұхбаттың ерекше маңыздылығын ескере отырып, епархияның қасиетті өкілдерінің құзырындағы дінбасыларға сұхбаттың бөлінумен және сектанттармен күресудің бір тәсілі ретінде маңыздылығын түсіндіруге шақыру;

- әдетте, біртұтас күшпен православиеге қарсы әрекет ететін сектанттық ортаға қарсы тұру үшін епархия епископтарына православие дінінің жікшілдік пен сектанттықтың залалы тигенприходтарда, бауырластықтар немесе православие жанашырларының қоғамдарын құруға көмектесуді ұсыну;

- халықтың ортасынан жікшілдік пен секталарға қарсы жанашырлықпен күресушілердідайындау түрінде, епархия

⁷¹⁴ Сонда. Л. 9 об.

⁷¹⁵ Сонда. Л. 10

⁷¹⁶ Сонда. Л.10 об.

епископтарына миссионерлік мектептер мен миссионерлік курстарды, егер арнайы болмаса, ең болмағанда, шіркеу-приход мектептері жанынан бөлімдер түрінде ұйымдастыруды ұсыну;

- епархия өкілдеріне бауырластықтар немесе епархиядағы басқа да қайырымдылық ұйымдарының жанында миссионерлік қорлар құруды ұсыну, дәрменсіз жағдайда қалған адамдарға олардың бөлінуінен немесе сектанттықтан православие дініне өтуі бойынша жәрдемақы түрінде көмек көрсету;

- приходтық діни қызметкерлерге жікшілдер мен сектанттарды екі бөлікке бөле отырып, ерекше жазба жүргізу міндетін жүктеу. Біріншісі, туғаннан бастап жікшілдермен сектанттардың қатарына енгендер үшін, екіншісі, ауытқу жылдарының санын көрсете отырып, жікшілдікке немесе сектаға бет бұрғандар үшін. Және осы жазбаның бір данасын консистенциумға беру, екіншісін шіркеуде сақтау. Ал егер жікшілдер қатарына немесе сектаға жаңадан енгендер анықталса немесе жаңа зиянды сектант пайда болса, епархия діни қызметкерлеріне осы билік тарапына байланысты қажетті шараларды қабылдау үшін, бұл туралы дереу епархия басшыларына хабарлауды бұйыру;

- епархия басшыларына тапсыру: «егерде бірде-бір православиелік приходқа бекітілмеген жікшілдік тұрғындары бар мекендер болса, онда осы приходтардың діни қызметкерлері ыңғайлы жағдайларда сол мекендерде тұратын жікшілдерге өздерінің пасторлық әсерін тигізуіне мүмкіндік болу үшін мұндай мекендерді ең жақын православие приходтарына бекіту»⁷¹⁷.

Әрбір тармақ жікшілдер арасындағы миссионерлік қызмет үшін маңызды болды. Өйткені онда бөлінудің таралуына кедергі жасау үшін әртүрлі әдістерді қолдану қарастырылды және ескерілді. Православие уағыздаушыларына көмектесу үшін шіркеу қызметкерлері, епархия дінбасылары және тағы да басқа күштер ұсынылды. Қарапайым халықтың қатысу мүмкіндігі қарастырылды, ол үшін оларды оқыту керек болды. Оралғандарға көмек көрсету үшін әртүрлі ұйымдардың ашылуы оларды православие қатарына бекітуді қамтамасыз етуі керек болды. Жікшіл адамның жеке басына сараланған көзқарас туралы ұсыныс ерекше назар аударуға тұрарлық нәрсе. Бұл тәсіл адамның бөлінуге келу жағдайын талдауға мүмкіндік берді. Жікшілдерді православие шіркеуіне тіркей отырып, оларды қараусыз қалдырмау шарасы оң

⁷¹⁷ ЦГА РК. Ф. И-706. Оп. 2. Д. 4. Л. 30-32 об.

нәтиже берді.

Жікшілдер арасында жүргізілген жұмыс белгілі бір жетістіктерге жетті. Православиелік миссионерлік қоғамның 1912 жылғы есебіне сәйкес 6622 ескі сенушілер православиеге қосылды. Осы уақытта православиеден 4249 адам алшақтады⁷¹⁸. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, православиеге қосылған жікшілдер саны одан алшақтағандардан 2373-ке асып кетті. Сонымен бірге патша манифесттері мен 1905 жылғы діни бостандық туралы заңдарды ескеру қажет. Бұл жікшілдерге оларды өз мақсаттары үшін пайдалануына мүмкіндік берді.

Жікшілдер шіркеу мен мемлекет үшін белгілі бір қауіп төндірді. Олардың сөйлеген сөздерінде, көбінесе шіркеу мен оның қызметкерлерін сынға алумен қатар патша мен үкіметке қатысты жағымсыз пікірлер айтылды. Кейбір жеке миссионерлер атап өткендей, «зұлымдық православиe бекінісіне өз күшімен ашық түрде шабуыл жасай бастады, оның негіздерін қазып, шіркеудің шынайы ізбасарларының қоршауынан шығаруға тырысты»⁷¹⁹. Сондықтан миссионерлер жікшілдердердің шіркеу мен мемлекетке тигізетін зиянын ескеріп, оларға қарсы күресуге күш салды.

Осылайша патшалықтың Орыс православиe шіркеуімен берік байланысы Ресей мемлекетінің отаршылдық мақсаттарына қызмет етті. Миссионерлік мекемелердің кеңейтілген желісі патшаның қол астындағыларының санын көбейтуді мақсат етті. Өйткені жерді жаулап алу әлі толық жеңісті білдірмеді. Соңғы жетістік рухани өмірдің өзгеруінен, мәдениеттің сабақтастығының үзілуінен көрінді. Шіркеулердің құрылысы, дін қызметкерлерінің, миссионерлердің қызметі жеткіліксіз деп саналды. Барлық жерде және кезкелген жағдайда байырғы халықтың ақыл-ойы мен санасына әсер ету сияқты басқа да құралдарды қосу қажет болды.

Жалпы алғанда, орыс православиe шіркеуінің саясаты отарланған аймақтағы патша үкіметінің мақсаттарымен тығыз байланысты болды. Түрлі әдістерді назардан тыс қалдырмай, шіркеу дінбасылары мен миссионерлері отаршылдық аппараттың қызметшілеріне айналды. Орыс православиe шіркеуінің қасиетті функциялары зайырлы функцияларымен осылайша байланысты. Қазақстандағы орыс православиe шіркеуінің мақсаты – қазақ халқының «таққа және отанға»

⁷¹⁸ Клибанов А.И. Русское православие: вехи истории. М., 1989. С. 439-440.

⁷¹⁹ Монастырев М.Я. О миссионерских противосектантских комитетах в Екатеринбургской Епархии. – Екатеринбург. 1891. – С.4

деген адал сезімін тәрбиелеу болды. Сондықтан оның қызметі үкімет тарапынан жан-жақты қолдауға ие болды. Миссионерлер христиан дінін таратуда маңызды рөл атқарды.

4.2. ҚАЛМАҚТАРДЫ ШОҚЫНДЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

Қалмақтар – ойрат тобындағы моңғол халқы. Қалмақтардың арғы тегі – батыс моңғол-ойраттар. XXII ғасырға дейін олар негізінен Байкал өңірінде және Енисейдің жоғарғы ағысында шоғырланып, бірте-бірте батысқа қарай жылжыды. Ойраттардың шорос, хошоут, дурвэд, хойттар Шыңғыс хан ұрпақтары құрған Юань империясы ыдырыған соң (1368 жылы) Батыс Монғолияны мекен етті. XVII ғасырда Батыс Монғолияда Жоңғар хандығы құрылды. XVIII ғасырдың орта кезінде Цин империясы Жоңғар хандығын талқандады. Соның нәтижесінде хандық біржола жойылды. Оның құрамында өмір сүрген тайпалар Қытай иелігіне өтті. XIX ғасырдың 60-жылдары мұсылман емес этникалық топтар Батыс Қытайдан Ресей аумағына қоныс аудару бастады. Қытайдан қашудың басты себебі – аймақтағы Цин әулетінің билігіне қарасты мұсылман емес халықтарды бүлікші мұсылмандардың жаппай қыруы еді. 1864 жылы дәуірлердің төрт тобы Қорғастан Бөріқызыр жеріне орыстардың қорғауына қашты. Солон тайпасының билеушісі Чишаньтараншылар (дүнгендер) Хуйюаньчэнді басып алғаннан кейін Түргеннен Бөріқызырға қарай қашты. Бөріқызырға Шәуешек пен Түргеннен қашқан басқа да солондар қоныс аударды. Құлжаны басып алғаннан кейін дүнгендер үш күннің ішінде 20 мың адамды өлтірді. Шәуешекте де дәл осындай ахуал қалыптасты. Осы оқиғалардың куәгері орын алған жағдай туралы былай деп жазды: «Біздің иеліктерге шекаралас жатқан қытайлықтар мен қалмақтар Сібір ведомствосына қарасты қазақ даласына қашып келді. Екі айдан астам уақыт бойы қаңғырып, азып-тозған, қалжыраған, ыстықтан, шаң мен терлеуден терілері жарылған босқындар көктемнің басынан Қапал және Алатау округтерінің станицалары мен алдыңғы шептеріне келе бастады...»⁷²⁰. Кейінірек Жетісуға тағы да мәжбүрлі 5 мың эмигрант

⁷²⁰ Тумайкина В.В. Вопрос о китайских эмигрантах, пришедших на территорию Семиречья во второй половине XIX в. // <https://cyberleninka.ru/article/>. Электронды ресурс. Қаралған күні: 29.01. 2022

келді. 1865–1866 жылдар аралығында Қытайдан Жетісу губерниясына 15 мың босқын өтті⁷²¹. Олардың арасында қалмақтардан басқа ұйғырлар мен дүнгендер де болды. Ғылымда XIX ғасырдың екінші жартысында Цин империясына қарсы сәтсіз көтерілістен кейін Қазақстанға тек ұйғыр және дүнген мұсылмандары ғана қоныс аударды деген пікір қалыптасқан. Шын мәнінде қазақ даласына қалмақтар да қоныс аударған. Батыс Сібір әскерінің қолбасшысы генерал А. Дюгамель 1866 жылдың 16 қарашасында вице-канцлерге жазған хатында 3695 қытай эмигранттарының Ресей империясының аумағына келгендігі жөнінде хабарлады. Қалмақтардың, әсіресе сибо және солондар жағдайының мүшкіл екендігін жеткізді⁷²².

Қытай босқындарына көмек көрсету мақсатында Қапал және Верный бекінісінде 1866 жылы қайырымдылық комитеттері құрылды. Верный бекінісінде (одан кейін Верный қаласында) құрылған комитет қалмақтарға, солон және сибо босқындарын егіншілікке қолайлы жерлерге орналастыру, баспанамен, азық-түлікпен қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындарға жалданып еңбек ету түріндегі жұмысқа тұрғызу мәселелерімен айналысты. Комитет мүшелері эмигранттардың шарасыздықтан жас балаларын сату әрекеттеріне қатаң бақылау жасады. Сондай-ақ құлдыққа, жезөкшелікке, аштан қырылуға жол бермеуге тырысты. Өйткені босқын қалмақтар арасында қыздардың жезөкшелікке салыну фактілері тіркелді. Қалмақтардың аштықтан өлген малдың етін жеген жағдайлар да кездесті. Сол себепті де Ресей аумағына өткен қытай эмигранттарына көмек көрсетумен қатар олардың тұрмыс-тіршілігін бақылау қолға алынды. Комитет эмигранттар арасында неке қию, жетім балаларды асырап алу істеріне бақылау жүргізді⁷²³.

Қалмақтар негізінен көшпелі өмір салтын ұстанды. Жергілікті билік Жетісуға қоныстанған қалмақтардың нақты санын анықтауға тырысты. Осы мақсатта қалмақтар арасында санақ ұйымдастырылып, өткізілді. Алайда статистикалық мәліметтер толық емес, үзік-үзік болып шықты. Бұл туралы орыс демографы С.А. Новосельский жазды. Оның пікірінше, «Азиялық Ресейдің мұсылман және пұтқа табынушы тұрғындарының, әсіресе қазақ және қалмақ тәрізді көшпелі халықтардың табиғи қозғалысын есепке алу мүлде қанағаттанарлықсыз жүргізілуде, олардың саны туралы мүлде айтуға келмейді»⁷²⁴.

⁷²¹ Сонда.

⁷²² Сонда

⁷²³ ҚРОМА. 723-қ. 1-т. 1-іс. 3-4 пп.

⁷²⁴ Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность,

Ресей жергілікті мұсылмандармен байланысты емес этникалық топтар арқылы аймақтағы өзінің ықпалын арттыруға мүдделі болды. Оның үстіне өлкеде егіншілікпен айналысатын тұрғындар жоқтың қасы еді. Осылайша Жетісу өлкесіне қоныс аударған қытайлықтарды қауіпсіз отарлау орыс үкіметіне анағұрлым қолайлы болып көрінді⁷²⁵.

Жетісу әскери губернаторы Г.А. Колпаковскийдің 1869 жылғы 10 қазандағы жазбаша түрдегі өкімінде уезд бастықтарына өздерінің әкімшілік-аумақтық бірліктерінде қытай эмигранттарының саны туралы мәлімет беру тапсырылды. Нәтижесінде Верный уезінің аумағындағы Надежинский елді мекенінде, Түрген шатқалында, Софийская станицасында және Верный қаласында 6930 қытай эмигранттарының орналасқандығы жайлы мәлімет алынды. Қалмақтар Жетісу облысының Қапал, Көксу, Верный және тағы басқа жерлеріне орналасты. Қапал уезінің Сарқан, Көксу елді мекендерінде 1008 адам тұрақтады. Сергиополь уезінің Үржар станицасына – 4 мыңға жуық, осы уездің Лепі станицасы Баян-Терек шатқалына – 17, Ыстықкөл уезіне – 1311 адам қытай эмигранты келді. Осылайша Жетісу облысының аумағына қоныс аударған қытай эмигранттарының жалпы саны 14 мың адамды құрады. Олардың 5500-і солондар, 8500-і қалмақтар еді⁷²⁶.

Қапал уезінің бастығы эмигранттардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар болғандықтан жаңа тұрғын жерлерге сәтті бейімделу үшін оларға көптеген жеңілдіктер жасап, салықтан босатып, 10 жылға дейін бірқатар міндеткерліктерден босату қажет деп санады. Оның пікірінше, әлеуметтік жағдайлары мүшкіл қалмақтарды жері шұрайлы, егіншілік пен мал шаруашылығына қолайлы Сарқан елді мекеніне орналастыру тиімді делінді. Верный уезінің бастығы қытай эмигранттарын орыс селениелеріне жақын маңнан егіншілікпен айналысуға жер берілуі тиіс. Өйткені орыстармен тығыз қарым-қатынас орнату олардың сенімдерінің бекуіне ықпал етеді деп сендірді. Верный қаласының бастығы қалмақтарға баспана салу үшін жер телімін, егіншілікпен айналысу үшін 1000 десятина жер, шаруалар сословиесіне жазылуға рұқсат және 3 жылға дейін салықтан босату

размещение, состав. 1870-1914 гг.). Алма-Ата, Изд-во «Наука» КазССР, 1981. – С.41.

⁷²⁵ Тумайкина В.В. Вопрос о китайских эмигрантах, пришедших на территорию Семиречья во второй половине XIX в. // <https://cyberleninka.ru/article/>. Электронды ресурс. Қаралған күні: 29.01. 2022

⁷²⁶ Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX-начало XX в.). Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2010. – С. 89-90.

қажеттілігі туралы ой білдірді⁷²⁷. Қытай эмигранттарына қатысты анағұрлым қатал ұстанымды Тоқмақ уезінің бастығы танытты. Оның пайымдауынша, эмигранттарға пайдалануға берілетін жер телімінің көлемі орыс қоныс аударушы шаруасының жерінен кем болмауы тиіс. Тоқмаққа қоныс аударушылардың барлығы – орыстар, сарттар, қалмақтарды бір старостаға бағындырып, бір қоныста христиандар мен мұсылмандардың екі қоғамы болмас үшін олардан бір қоғам құру қажет. Бір старостаның сайлануы мұсылмандықты қатаң ұстанған сарттарды қазақтармен және қалмақтармен жақындастырып, көшпелі ортада ислам дінін таратып, орыс емес халық өкілдерін діни тұғырнамада бірігуге жол ашар еді⁷²⁸.

Қытай эмигранттарын орналастыру барысында оларды жермен, үй-жаймен қамтып, мәртебелерін анықтау қажет болды. Осы бағытта эмигранттардың Ресей бодандығын қабылдауларымен қатар праславие дініне енулері тиіс мәселе стратегиялық жоспардың бірі тармағы болып саналды.

Бастапқыда босқындардың барлығы дерлік Қытайға оралуды көздеді. Алайда олардың кейбіреулері, мыңнан астам адам Ресей бодандығын және православие дінін қабылдағысы келетіндерін мәлімдеді⁷²⁹.

Қытай эмигранттарын православие дініне тарту міндетін іске асыруда 1868 жылы 10 қазанда Сарқанда қытай эмигранттары үшін миссионерлік мектеп ашу қолға алынды. Ол үшін Батыс Сібір әскери округы мемлекеттік кеңес пен мемлекеттік экономика департаментінен 1867 жылы 15 сәуірде Ресей бодандығына кірген және православие діні қабылдағысы келген қытайлық эмигранттарға арналған мектепке діни қызметкерді (священник), шіркеу қызметкерін (церковный причт) және мұғалімін ұстау үшін жыл сайын қазынадан 920 рубль қаржы бөлуді өтінген ұсыныс жасалды⁷³⁰. Ұсыныс қабылданып, бөлінген қаржы 1868 жылдың 29 қаңтарында мемлекеттің Бас Интенданттық басқармасының шығыс сметасына жыл сайын 920 рубль түрінде енгізіліп, бекітілді⁷³¹. Осы шешім Жетісу облысының

⁷²⁷ Сонда. С. 90.

⁷²⁸ Сонда. 91 б.

⁷²⁹ Тумайкина В.В. Вопрос о китайских эмигрантах, пришедших на территорию Семиречья во второй половине XIX в. // <https://cyberleninka.ru/article/>. Электронды ресурс. Қаралған күні: 29.01. 2022

⁷³⁰ ҚРОМА. 44-қ. 1-т. 29261-іс. 2 п.

⁷³¹ Сонда. 2 п.

әскери губернаторы Колпаковскийге хат түрінде жеткізілді. 1868 жылдың қаңтарынан бастап мектепке 920 руб., соның ішінде приход священнигіне – 300 руб., шіркеу қызметкеріне – 120 руб., мұғалімге – 400 руб., оқу құралдарын сатып алуға – 50 руб., жалдамалы жұмысшылар мен күзетшіге – 50 рубль бөлінетін болып шешілді⁷³². Бұл жөнінде Түркістан әскери округының интенданттық басқармасы қаржы бөлімінің 1868 жылдың 24 қаңтардағы әскери губернатордың атына жазған хатында 920 рубльді Түркістанның 11-ші линиялық батальонының поручигі Оманның губернатордың кеңсесіне апарып беретіндігі турасында баяндалды. Интенданттықтың шығындар бөліміне қаржыны алғандығы хабарлама жіберілуі керектігі ескертілді. Оған қоса проручик Оманға белгіленген түбіртекті беру қажеттілігі тапсырылды⁷³³. Қаражат мәселесі шешіліп, миссионерлік мектептің діни қызмектері болып Диамид Чернявский тағайындалды. Д. Чернявский өзінің қызметін адал атқарып, істеген істері туралы есеп беріп отыруға міндеттелді. Осыған орай Д. Чернявскийдің 1868 жылы 23 қарашада Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковскийге жазған хатында өзі тұратын үйді жалға алғанын, миссионерлік қызметті бастап, қалмақ балаларын орыс тілінде оқытып жақтандығы жөнінде айта келе, одан шіркеуге қажетті қандай икона тақтасына (иконостас) тапсырыс бергендігін сұрағаны жайлы айтылды⁷³⁴. Алдымен уақытша шіркеу тұғызылуы туралы қоса жазылды. Миссионерлік мектептің ашылғандығын және онда 24 ер баланың оқып жатқандығы қуанышпен жеткізілді. Бастапқы сәтте бұл көрсеткіш жеткілікті делінді. Дегенмен де балалардың мектепке үнемі келіп жүрулеріне алаңдайтындығын жасырмады. Священник әскери губернатордан өзіне миссионерлік іске келіп түсетін қаржыны тіркеп отыратын дәптер жіберуін өтінді. Мұндай дәптерді сұрауының өзіндік себебін былаша түсіндірді: «Жақында болған бір оқиға мені осы ойға жетеледі. Көпес Масловқалмақтарға деп 3 рубль ақша берді және ақшаны кітапқа жазып қоюға ниет білдірді. Масловтан басқа қайырымды жандардың миссионерлік істің дамуына қосқан үлестеріне арналған кітаптың болуы зиян тигізбейді»⁷³⁵. Священник әрбір басқан қадамын, жасаған әрекеттерін әскери губернаторға баяндап отырды. Мәселен, 1868 жылдың 19 қарашасында жазған рапортында «Жоғары мәртебелі мырзадан қалмақ ұлдарына арналған мектепті жыл сайын ұстауға

⁷³² Сонда. 2 п.

⁷³³ КРОМА. 44-к.1-т. 29261-іс. 31 п.

⁷³⁴ Сонда. 20 п.

⁷³⁵ Сонда. 20 п.

бөлінетін ақшаны маған есептеп беруді сұраймын. Мен мектепке пәтер жалдадым. Қалмақ балаларына орыс тілін оқыту басталды»⁷³⁶ делінген. Өзінің ісіне адал болуды көкसेген священник қажет жағдайларда көзге түсу үшін өз қалтасынан қаражат жұмсаған. Алайда жұмсалған қаржыны кері қайтаруды естен шығармаған. Бұны оның 1868 жылдың 23 қарашасында жазған рапорты дәлелдейді. Рапортта «Мен өзімнің ақшамды біздің іс жүргізуші мен аудармашыға жұмсадым. Жоғары мәртебелі мырза, православие сенімін қабылдаған қалмақтардың іс жүргізуші мен аудармашыға жұмсалған қаржыны маған қайтару туралы бұйрық шығаруыңызды өтінемін. Сол кезде менің ақшам өзіме қайтарылар еді»⁷³⁷, – деп жазылды. Мұның өзі біріншіден, миссионердің өзіне тапсырылған міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға ұмтылысын көрсетсе, екіншіден, қаржы жағынан ол үнемі әскери губернатордың көмегіне зәру болып отырғандығын дәлелдейді. Айта кетерлік жайт, миссионерлік қызметке үкімет қазынасынан үнемі әрі тұрақты түрде қаржы бөлініп отырған. Сол себепті священниктер атқарылған істердің ақысын қағазға түсіріп, қажетті қаражатты сұрап отырған. Айтылғанға дін қызметкерінің 1868 жылдың 17 қаңтарында жазылған рапорты дәлел бола алады. Онда былай делінген: «Сарқан елді мекеніне жақын жерде тұратын жаңадан шоқынған қалмақтар үшін жиналмалы шіркеу салуға менде қаражат жоқ: а) менен мердігер ағаш шеберіне деп 100 рубль сұрап отыр; б) үш пұт қажетті заттарды тасу үшін жергілікті бағамен 15 рубль қажет болады; г) шыныларымен қоса терезе жақтауларына 50 рубльден кем емес ақша төлеу қажет; д) киізді қабырғаларға қағуға бір пұттай шеге қажет. Жалпы айтқанда, тордан шіркеу тұрғызуға кететін шығын 200 рубльден кем болмайды. Қаражат түскен бойда жиналмалы ғибадатхананы салуды бастауға дайынмын»⁷³⁸. Священник жоғарыда айтылған уақытша шіркеу тұрғызу мәселесін осылайша іске асыруға кіріспекші болған. Миссионердің қызметіне қолдау көрсету әрі қытай қоныс аударушыларын православие дініне енгізу үшін орыс үкіметі қомақты қаржы бөлді. Мұны дәйектейтін құжат та бар. 1869 жылы 31 наурызда Жетісу әскери губернаторының атына жазылған хатта Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі Петербордың губерниялық қазынашысының мың рубль (күміс ақшамен) қаржыны салынып жатқан эмигранттардың ғибадатханасына қажетті заттарды, киім-кешек пен кітаптарды сатып алуға жоғары мәртебелінің бұйрығымен бөлінгендігін

⁷³⁶ Сонда. 22 п.

⁷³⁷ Сонда. 24 п.

⁷³⁸ ҚРОМА. 44-қ.1-т. 29261-іс. 32 п.

хабарлады. Генерал-губернаторға бұл қаржының жұмсалғандығы турасында уақытылы есеп беруді өтінді⁷³⁹. Осылайша Қытайдан Ресейдің меншігі деп жарияланған қазақ даласына қоныс аударған қалмақтарды христиан дініне енгізу 1868 жылы Жетісу облысының Қапал уезінде басталып, ондаған адамдарды шоқындыру орын алды.

Мектеп ашылып, эмигранттардың балалары оқи бастағанымен, жиналмалы ғибадатхана салуға қаржы бөлінгенімен миссионердің жұмысы қарқыналуы былай тұрсын, ол бір орнынан жылжымады. Ақыры Д. Чернявский денсаулығына байланысты қызметтен кетуге мәжбүр болды. Осыған орай өзін қызметтен босатуды өтініп, әскери губернатордың атына арыз жазған. Архив қорында осындай мазмұндағы бірнеше өтініш тіркелген. Нәтижесінде оның өтініші қанағаттандырылып, оның орнына священник болып Василий Покровский тағайындалды. Бұл діни қызметкер де жұмысында біраз қиындықтарды бастан кешірді. Бастапқыда оның үгіт-насихатына қоныс аударушылар құлақ аса қоймады. Священник өз ісінің жүрмей жатқандығын ашық мойындап, қызметіндегі қиындықтарын 1869 жылдың 17 қаңтардағы генерал-губернатор Колпаковский не жазған хатында жасырмай жеткізді. Хаттың мазмұны мынадай еді: «3 сәуірде жазылған бірінші хатымда мен сізге шоқыну рәсімінен өткен Сарқан қалмақтарының өздерінің құлшыныстары мен бейімділіктерін шіркеуге білдірмейтіндігін, сондай-ақ олардың ескі әдет-ғұрыптарымен, ұлттық киімдерімен, шаш бұрымдарымен және т.б. қоштасқылары келмейтіндігін хабарлау құрметіне ие болдым. Олардың сыртқы келбеттерінен шоқынған адамдарға ұқсағандары дұрыс болар еді»⁷⁴⁰. Дегенмен орын алған жағдайда өзін ақтау үшін қолынан келгенін бәрін жасап жатқандығын да бүкпесіз жеткізді. Оған дәлел оның мына сөздері: «Менің миссионер ретіндегі ұзақ мәлімдемем және олармен қатардағы қарапайым адам ретінде сөйлесуім әзірше еш нәтиже бермеді. Мен олардың өздерінің бодандықты қабылдағанын және шоқыну рәсімінен өткендерін, ақырында өздерінің жеке қалауы бойынша казактардың қоғамына еруге ниет білдірігендерін айттым. Аталғандардың бәрі бұрынғы қалмақша өмір сүру, жаңа қалмақ киімдерін тігу, шаш қою шіркеуге деген мейірімділікті білдірмейді, бұл Құдайды және Ресей үкіметін алдауды білдіреді»⁷⁴¹. Діни қызметкер генерал-губернатордан осыған жіті назар аударуын өтінді.

⁷³⁹ КРОМА. 44-к. 1-т. 29261-іс. 44 п.

⁷⁴⁰ КРОМА. 44-к. 1-т. 29261-іс. 44 п. 139 п.

⁷⁴¹ КРОМА. 44-к. 1-т. 29261-іс. 44 п. 139 п.

Ал өзі болса, хатында үгіт-насихат істерімен күнделікті айналысып отырғандығын, басынан кешкен жекелеген оқиғаларды хабарлап отырды. Мәселен, неке қиюға келген ерлі-зайыптылардың әрекетін сол күйінше жеткізді. «Кеше маған екі қара қалмақ жұбы неке қиюға келді. Менің ескертуіме қарамастан, күйеу жігіт шаш бұрымымен, ал қалыңдық өздерінің ұлттық көйлегімен, бас киімімен келді. Тіпті шоқынуды қаперлеріне де алмайды. Мен олардың санасына шіркеуге бару керектігін, шоқынуды үйреніп, оны дәстүрге айналдыру және құдайға сенудің қажет екенін қайталаудан жалықпадым. Содан кейін қалыңдық пен күйеу жігіттің әкелерін мектепке шақырып алып, олармен сөйлесіп, сендіруге тырыстым. Мен олардың ұлттық киімдерін кесе де шаштарын кесіп, бас киімдерін шешуді талап еттім. Дегенмен қалмақ киімдерін орыс шаруасының киіміне ауыстыруларын қадап айттым»⁷⁴² – дегені осының айғағы. Миссионер ретінде жаңадан шоқынғандарды өзінің айтқандарына көндіру және діттеген жеріне жету үшін өлке басшысына қалмақтарға шіркеу талаптарын орындатуда ауызша сендірудің аздық ететіндігін, заң талаптарын енгізу қажеттілігі турасында өз ойын батыл білдірді. Осыған баса назар аударуды өтінді. Орын алған жағдайдан Жетісу облысының әскери губернаторының старшинасы Половцевті де құлақдар етті. Половцев орын алған жағдайды Г.А. Колпаковскийге баяндады. Шоқынған эмигранттардың В.Покровскийді тыңдамайтындығын старшинаның 1870 жылы 3 наурызда әскери губернатордың атына жазылған рапорттан көруге болады. Рапортта «Жоғары мәртебелі Сіздің өткен жылдың 31 желтоқсанындағы бұйрығыңызды ағымдағы жылдың 8 ақпанында алғанымды және Сарқан елді мекенінің басшысына жаңадан шоқыну рәсімінен өткен қалмақтардың миссионер діни қызметкер Василий Покровскийдің кеңесіне құлақ аспайтын, ұлттық киімдерін киіп, шаш өрімдерін кесіп тастамайтын болса, оларды солай етуге мәжбүрлеуді ұсынамын»⁷⁴³. Рапорт көшірмесінің Сарқан елді мекенінің басшысы урядник Копейкинге жіберілгендігін қоса хабарлаған. Урядниктен жағдайға көңіл аударып, қарастыруды тапсырды. Урядник Копейкин де бірден I атты әскер отрядының басшысының атына рапорт дайындады. 1870 жылдың 11 наурызындағы рапортта Копейкин миссионерді тыңдамай ұлттық киімін киіп, бұрымдарын кесуден бас тартқан, Ресей бодандығын қабылдаған қалмақтарды жинап, В. Покровскиймен

⁷⁴² ҚРОМА.44-қ.1-т. 29261-іс. 200 п.

⁷⁴³ Сонда. 200 п.

бірлесіп, тағы данасихат жүргізгендерін баяндады. Қалмақтарға өздерінің дәстүрлерін ұстанып жүруге болмайтындығы туралы нұсқаулықты хабарлағанын жазды. Алайда миссионер В.Покровскийдің көзінше қалмақтардың оның зорлығына тайсалмай жауап беріп, «бұрымымызды кестіруге қарсымыз, одан да басымызды алыңыздар» дегендерін жеткізіп, «мен олардың бұрымдарын күшпен кестіре алмаймын»⁷⁴⁴, – деп, заңға қайшы әрекет ете алмайтындығын баяндаған. Шындығында да патша үкіметі орыс емес халық өкілдерін шоқындыруда зорлық, күштеу тәсілдерін қолданбай, материалдық қызығушылық әрекеттері арқылы оларды православие дініне енгізіп отырды. Христиан дініне тартудағы басты қызықтырушылықтың бірі ақша беру болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісуға қоныс аударған, шоқынған қытай эмигранттарына 5 рубльден таратылған. Бұны 1869 жылдың 3 қарашасындағы сотник Дорониннің Колпаковскийге жазған хатынан анық көруге болады. Онда былай делінген: «Үстіміздегі жылдың қазан айында қасиетті шоқындыру рәсімінен өткен, Ресей азаматтығын алған қалмақтардың барлығы 19 отбасы жәрдемақы сұрап отыр. Әрбір отбасы үшін жертөлелерінің төбесін жабуға қажетті жергілікті материалдарды сатып алу үшін толық жәрдемақы берілгенге дейін қазіргі уақытта 5 рубльден ақша беруге рұқсат етуіңізді сұраймын»⁷⁴⁵.

Православие дін басылары мен орыс үкіметі өзге халық өкілдеріне түрлі кәсіп үйрету арқылы христиан дініне тартты. Мәселен, біз әңгімелеп отырған Сарқандағы миссионерлік мектептің жанынан етікші және ағаш шеберлігіне үйрететін орындар ашылды. Сол үшін Түркістанның 12-батальнынан кәсіпке үйрететін шеберлер арнайы алдырылды. Бұл жайында миссионер В. Покровскийдің Г.А. Колпаковскийге 1870 жылы 4 қазанда жазған хатында айтылды. Мұның өзі Ресей үкіметінің байырғы тұрғындар өкілдерімен бірге өзгелерді православие дініне тартуда құйтұрқы шараларды ұтымды пайдаланғандығын дәйектейді. Миссионер жаңадан шоқынғандардың арасында орыс тіліне үйрету ісінің алға басып жатқандығын, 29 адамға солон және қарашақыр қалмақтарынан тағы 10 баланың қосылғандығын айтқан. Алайда Сарқанда қоныс аударушылардың балаларына арналған 1-қыркүйекте құрылысы аяқталуға тиіс мектептің әлі күнге дейін салынбағандығын жеткізді⁷⁴⁶. Сонымен қатар егістік жұмыстарын аяқтаған эмигранттардың кейбіреулерінің етікші және ағаш шебері кәсіптерін меңгеруге құлық

⁷⁴⁴ ҚРОМА.44-қ.1-т. 29261-іс. 201 п.

⁷⁴⁵ ҚРОМА. 44-қ.29302-іс. 99 п.

⁷⁴⁶ ҚРОМА.44-қ.1-т. 29261-іс. 243 п.

танытып отырғандығы туралы баяндады. Құжатта осы турасында былай деп жазылған: «... 12-ші Түркістан батальонынан екі қолөнерші эмигранттарды етікшілік пен ағаш шеберлігіне үйретуге жіберілді. Қазіргі уақытта қоныс аударушылардың дала жұмыстары аяқталды, олардың кейбіреулері осы қолөнерді үйренуге ниет білдіруде»⁷⁴⁷. Алайда кәсіпке үйрететін екі бөлмеден кем емес ғимараттың Сарқан елді мекенінен табылмай отырғандығын және ондай ғимаратты жалдау үшін қаражаттың жоқтығына қиналатындығын қынжыла жазған. Оған мына жазылғандар арқылы көз жеткізуге болады: «Сарқан елді мекенінде кем дегенде екі бөлмені қажет ететін шеберхана үшін мемлекеттік ғимарат болмағандықтан, мен Сіздің мәртебелеліңізден Сарқан елді мекенінен эмигранттарға етік тігу мен ағаш өңдеу шеберлігіне үйрететін шеберхана үшін бөлмені жалға алу үшін қаражатты қайдан алуға болатынын сұраймын»⁷⁴⁸.

Миссионерлік қызметтің бір бағыты христиан дініне енгендерді казак әлеуметтік тобына қосу болды. Бұл да әуел баста терең ойластырылған саясат екендігін аңғартады. Әскери губернатор солондар мен қалмақтардың арасында қаруды меңгере алатын сардарлардың бар екендігін, олардың аймақта қауіп төндіретіндігін ескере отырып, мұндай эмигранттарды бейтараптандыруды көздеді. Осыған орай қалмақтарды казак сословиесіне енгізуді ұсынды. Қалмақтардың кәсіби жер өңдеуші екендіктерін де назарға алып, оларға осы кәсіппен айналысуға жағдай жасау керектігін атап көрсетті. Сонымен қатар қалмақтар казактар арасында дамымаған қыш кірпіш жасау, бақ өсіру кәсіптеріне да маманғандықтан оларды казактарға қосу қажет деп санады⁷⁴⁹. Осы бағытты жүзеге асыруда жанадан шоқындырылғандар казак станицаларына орналастырылды. Г.А. Колпаковский қытай қоныс аударушыларын казак сословиесіне қосуда мынадай жеңілдіктерді қарастыруды ұсынды: 1) шаруашылықтарын дөңгелету, орыс тұрмысымен және тілімен жақынырақ танысу үшін қалмақтарды 15 жылға міндеткерліктерден босату; 2) сардарларын штаб сардарлары қатарына қосу; 3) қалмақтарды Сарқан, Қарабұлақ, Көксу елді мекендеріне шоғырландыру қажет, олар бұл жерлерге қоныс тебуге ұмтылады, себебі молалары әлі күнге дейін көрініп тұрған осы өңірлер өткен

⁷⁴⁷ Сонда. 243 п.

⁷⁴⁸ ҚРОМА.44-қ.1-т. 29261-іс. 243 п.

⁷⁴⁹ Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX-начало XX в.). Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2010. – 91 б.

ғасырда солардың ата-бабаларына тиесілі болған. Сондықтан да казактардың қатарына қосылғысы келген қалмақтардың саны аз болмауы тиіс⁷⁵⁰. Қытай эмигранттарын орналастыруға байланысты Г.А.Колпаковский ұсынған жоба анағұрлым қолайлы болып шықты. Біраз толықтырулардан кейін жоба Петерборға жіберілді. 1869 жылы 29 мамырда патша III Александр қытай эмигранттарын Ресей бодандығына қабылдау туралы жарлыққа қол қойды. Бодандықты қабылдаудың басты шарты қоныс аударушылардың православие дініне өтіп, казак сословиесіне кіру болып саналды⁷⁵¹.

Қалмақтарды казактарға қосумен қатар балаларын да солармен бірге бір мектепте оқыту қолға алынды. Сарқандағы миссионерлік мектептің діни қызметкері де Қытайдан қоныс аударылып келген қалмақтардың балаларына қатысты мәселеде бастапқыда түсінбестік танытқанымен соңында эмигранттардың балаларын казак балаларымен бірге оқытуды қолға алды. Бастапқыда В. Покровский өзінің Г.А. Колпаковскийге жазған кезекті хатында Сарқан елді мекенінің өзінің казактарға арналған мектебінің, онда мұғалім казак Назаровтың сабақ беретіндігі жөнінде жазған. Сондықтан да казак балалары мен миссионерлік мектептің балаларын қосып оқытуға қарсы екендігін ашық білдірген. Миссионерлік мектепте орыс тілін, құдай заңдарын және арифметиканың оқытатындығы, өзінің көмекшісі бар екендігін алдыға тарта келе, балаларды оқытуды ортақ түрде жүргізген жағдайда көмекшісінің немесе мұғалім Назаровтың жұмыссыз қалатындығына аландаған. Казак балалары миссионерлік мектепке қосылған кезде мұғалім қызметінің тоқтатылатындығын хабарлаған⁷⁵².

Алайда мәселе миссионер ойлағандай болмай шыққан. Әскери губернатор Г.А. Колпаковский 1870 жылы 19 қарашада Василий Покровскийге жауап хат жазды. Хатта былай делінді: «Қытай эмигранттары казак сословиесіне енгізілді және Сарқан елді мекені қоғамының құрамына кіргізілді, сондықтан да олар басқа тұрғындар тәрізді ақысыз қоғамдық мектептің ғимаратын пайдалана алады. Ал мұғалім Назаровқа келетін болсақ, оны оқушыларымен бірге балаларды сауат ашуға оқыту міндетімен миссионер священник Покровскийдің қарамағына беру тиімді болады. Осыны сіздің

⁷⁵⁰ Сонда. 91б.

⁷⁵¹ Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX-начало XX в.). Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2010. – 92 б.

⁷⁵² ҚРОМА. 44-қ.1-т. 29261-іс. 300-301 шп.

құзырыңызға мәлімет ретінде және көрсетілген өкімді орындау үшін хабарлап отырмын. Өкімді тезірек орындау және уақытты үнемдеу мақсатында оны Сарқан елді мекенінің атаманына жіберіп отырмын»⁷⁵³. Хат мазмұнынан православие дініне енгізілгендердің барлығының казак қоғамында өмір сүруі және орыс тілін меңгерумен қатар өздеріне қойылған талаптардың барлығын мүлтіксіз орындаулары тиіс болғандығы айқын көрінеді.

Жаңадан шоқынғандардың балалары мен казак балаларын бірге оқыту Қазақ елінің өзге де өңірлеріндегі миссионерлік мектептерде орын алды. Мәселен, Бөкендегі миссионерлік училищеде жаңадан шоқынған балалар мен казак балалары бірге білім алған. Училищеде жалпы 40 бала білім алған. Мектеп жанынан шіркеу міндетті түрде қоса салынған. Шіркеуді казактер өз күштерімен тұрғызған. Кезінде генерал-губернатор Колпаковский Бөкендегі миссионерлік мектепке арнайы ат басын тіреген. Мектепке кіре берісте балалар: «Аспан патшасына» деп ән шырқады. Мұның өзі діни сабақтардың оқытылу деңгейінен хабар береді.

Қазақ елінің әр аймағындағы миссионерлік мектептердің өзгешеліктерінен гөрі ортақ белгілері көп болған. Сарқандағы миссионер православие дінін қабылдағандарды арнайы кәсіпке үйретуді қолға алса, Бөкен миссионері жоғары лауазымды билеушіден училище ғимаратының тар болуы себепті қыздарға арналған мектеп салып беруді өтінген. Генерал-губернатор болса ұсынысты толығымен қолдап, өзінің адютантына өтінішті жазып қоюды тапсырды. Бөкенге мұғалиманы алдырып, оған да, мектепке де қаржы жеке қарамағынан бөлетіндігін жеткізген⁷⁵⁴. Мұның өзі православиелік миссионерлік қызметке мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, қыруар қаржы бөлінгендігін дәйектейді.

Генерал-губернатор Колпаковский Сарқандағы миссионердің қызметін үнемі бақылауда ұстап отырса, Бөкенге арнайы сапарында осы жердің священнигінің үйіне онымен әңгімелесіп, қызметінің қыр-сырын білмек ниетпен әдейі барған. Бұл үйде таңғы ас үстінде генерал-губернатор миссионермен шүйіркелесіп, оның қандай да бір көмекке мұқтаж екенін сұраған. Священник қырғыз миссиясына көрсетіліп жатқан қолдауларға дән ризашылығын білдірген. Сол кезде генерал-губернатор миссионерлік іс-әрекетке кедергілер бар

⁷⁵³ Сонда. 309 п.

⁷⁵⁴ ҚРОМА. 44-к. 1-т. 29302-іс. 4 п.

ма деген сауал қойған. Миссионер ешқандай күрделі кедергілердің орын алмағандығын айта келе, өкінішке орай қазақтардың жаңадан шоқынғандарды ұрлап әкеткен бірнеше оқиғалардың болғандығын атап айтқан. Шындығында қазақтар қытай қоныс аударушыларына қарағанда өздерінің руластарының «кәсірлердің» дінін қабылдауға үзілді-кесілді қарсы шыққан. Шоқынуға шарасыздықтан барғандардың өздерін ұрлап әкетіп отырған. Миссионердің айтуы бойынша, жазасыздықтан, қазақтар шоқынған адамды ұрлау қылмыс емес деп ойлайды, сондықтан мұндай жайт қайталана береді. Солардың бірі, жақында Бөкен казактары ұрылардың қолынан екі қазақты құтқарып қалған. Қазақтар шоқынған руластарының қол-аяғын байлап, алдын-ала дайындалған жылқыларға өңгеріп, алып кетпекші болған. Алайда шоқынғандардың айғайынан казактар ұры қазақтарды ұстап алып, билік қолына тапсырған. Осындай оқиғалар қайталанбас үшін миссионер христиан дінін қабылдаған қазақтарды казак сословиесіне қосуды ұсынған. Казактарға қосылу міндетті емес, әркімнің өз еркінде. Дегенмен казак ортасына түскендер әскери міндеткерліктен босатылатындығы, жаңадан шоқынғандарға арналған жер қорынан ғана емес әскери жер қорынан немесе бос жақтан казак жерлерінен қосымша үлес берілетіндігі айтылды. Казак сословиесіне қосылғысы келмейтіндер жаңадан шоқынғандардың қоғамы құрылғанға дейін бұрынғы мекен жайларында қала береді, бірақ олардың өтініштері казак басқармаларына емес, жергілікті атаманға, қажет жағдайда станица атаманына берілуге тиіс болды⁷⁵⁵. Мұның өзі патша үкіметінің жаңадан шоқынғандарға қатысты жоспарының түбегейлі ойластырылғандығын, стратегиялық мақсаты Қазақ елінің байырғы тұрғындарын біртіндеп кіріптарлықпен орыстандыру болғандығын дәйектейді.

Біраз қиындықтардан кейін қытай қоныс аударушылары Сарқандағы миссионермен тіл табысып, христиан дінін және ресей бодандығын қабылдауды жалғастырған. Ал миссионер болса оны өзінің қоныс аударушылар арасында қарқынды жұмысының нәтижесі деп түсінген. Бұл миссионер Василий Покровскийдің 1871 жылы 18 мамырда Жетісу облысының әскери губернаторына жазған хатынан көрініс тапқан. Оның айтуынша, сол жылдың қаңтар-мамыр айларында Сарқан шіркеуінде 77 қытай эмигранты шоқындырылды. Олардың 36-сы ер адам, 41-і әйелдер болған⁷⁵⁶. Әрине, священниктің қызметін жоққа шығаруға болмайды.

⁷⁵⁵ ҚРОМА. 44-к. 1-т. 29302-іс. 9 п.

⁷⁵⁶ ҚРОМА.44-к.1-т. 29261-іс. 307 п.

Ол үнемі насихат жұмыстарын жүргізіп, уағыз айтып, эмигранттардың санасына христиан дінінің негіздерін сіңіруге тырысты. Онысы зая кеткен жоқ. Дегенмен қытай қоныс аударушыларының православие дінін қабылдауларының басты себебі дәрменсіздік, тұрмыс жағдайларын жақсартуға ұмтылыс деп санаған жөн. Аз ғана қаражат, яғни 5 рубль үшін жат дінге кіруді амалсыздықтан туындаған қадам деп те есептеуге болады. Деректерде 5 рубль бастапқы берілген жәрдемақы деп көрсетіледі. Солай болған күннің өзінде өз заманы үшін ол өте аз ақша. XIX ғасырдың екінші жартысында базар нарқы бойынша бір қойдың бағасы орташа құны 3 болса, қоныс аударушыларға екі қойдан берілді деген сөз.

Көрсетілген мәліметті Ресейдің Астрахань облысында өмір сүрген, шоқынған қалмақтармен салыстыруға болады. Ставрополь өңірінде православие дінін қабылдаған қалмақтарға жан басына шаққанда 30 десятинадан жер телімін, отбасы барларға 2 рубль 50 тиын, бойдақтарға соның жартысын берген⁷⁵⁷. Әрбір отбасына жәрдемақы, баспана, егіншілікпен айналысуға қажетті еңбек құралдары үлестірілген. Алайда мұндай тәжірибе сәтсіздікке ұшыраған. Себебі қалмақтар жерлерін, үйлерін сатып, өздері көшпелі өмір салтын жалғастырған⁷⁵⁸. Осыдан кейін Астрахань епархиясы бұл мәселеге аса ұқыптылықпен қараған. 1871 жылы Чуркин шөлінде шоқынған қалмақтардың балаларына арналған дайындық сыныбы ашылған⁷⁵⁹. Қалмақ балаларына арналған училище ашылып, ата-анасы оқуға рұқсат берген әрбір ер балаға 10 рубльден 20 рубльге дейін жәрдемақы берілген⁷⁶⁰. Астрахань қалмақтарын Орынбор казактарына қосып, ерекше Ставрополь қалмақ әскерін жасақтаған⁷⁶¹. Тарихи фактілерден көрінетіндей, орыс православие шіркеуі Ресейдің барлық аймақтарында шоқынған қалмақтарға қатысты бірдей саясат ұстанған. Қытай эмигранттарына қарағанда Ресей бодандығын XVI ғасырда қабылдаған астрахандық қалмақтардың жағдайы біршама жақсы болған. Дегенмен христиан дінін қабылдаған қалмақтарға

⁷⁵⁷ Миссионерский сборник статей и заметок о калмыках и киргизах кочующих в Астраханской губернии. В двух частях. Издание Астраханского комитета православного миссионерского общества. Часть первая. Статьи по истории христианской миссии среди калмыков и киргизов Астраханской епархии. Астрахань, 1910. – С.36.

⁷⁵⁸ Сонда. С. 144.

⁷⁵⁹ Сонда. С. 146

⁷⁶⁰ Сонда. С.148.

⁷⁶¹ Сонда. С.37.

көрсетілген көмек қытай қоныс аударушыларына ұқсас болғандығы анық көрінеді.

Сарқаннан өзге Жетісу өлкесінде қытайлық эмигранттарды шоқындыру үрдісі Верныйда, Қапалда, Көксуда, Түргенде орын алды, өйткені олар осы өңірлерге де орналастырылды. Мәселен, Көксудағыжаңадан шоқындырылғандарға жәрдем ақы беру ісі арнайы қаралған. Артиллерия комитетінің әскери губернаторға 1869 жылы 16 қаңтарда берген рапортында Көксуда тұрып жатқан, Ресей бодандығын, православие дінін қабылдаған қоныс аударушыларға жәрдем ақы беруде туындаған қиындықтар айтылды. Комитет эмигранттарға арнап 275 рубль қаржыны есептеген, 1869 жылы қолдарында тек 110 руб. 16 тиын болған. Бұл қаржы Қапал және Түрген қоса есептегендегі жаңадан шоқынғандарға жетпейтін болғандықтан қазынадан қайта өкім шығаруын өтініп, қажетті қаражат сұраған⁷⁶². Осыған орай Түркістан қазына палатасы 1869 жылғы 7 қарашадағы хабарламасында мемлекеттік қазына департаменті 13 қыркүйекте Ташкент облыстық қазынасына Верный уезі бойынша бас интенданттық басқарманың ерекше нұсқауымен Жетісу облысындағы қытай эмигранттарына жәрдем ақы төлеуде 16250 рубль несие бөлінгендігін жеткізген⁷⁶³.

Айта кетерлік жайт, Қазақ Елінің барлық миссионерлік мектебі бар аймақтардағы жаңадан шоқынғандарға 5 рубльден беріп отырған. Ал жәрдем ақының жалпы мөлшері турасында деректер архив қорларында кездесе бермейді. Верныйдың маңындағы қоныс аударушыларға 5 рубльден өзге астық қоймасынан күзде қайтарылуға тиіс несие ретінде бидай тұқымын берді⁷⁶⁴. Осылардың қарымтасы ретінде жаңадан шоқынғандардың есімдері мен тектерін өзгертіп, оларды орысшалаған. Мәселен, Верный қаласында тұрақтаған барлығы 37 қалмақтың 25 ер адамның алтауы – Яков, жетеуі – Стефан, жетеуі – Николай, бесеуі – Иван болып өзгертілген. Ал 11 әйелдер мен қыздардың бесеуіне – Екатерина, бесеуіне – Варвара, біреуіне – Иоанна есімдері таңылған. Тектері жағынан үшеуі – Семенов, алтауы – Константинов, тоғызы – Михайлов, төртеуі – Иванов, екеуі – Петров, төртеуі – Дмитриев, тағы төртеуі – Александров, екеуі – Васильев, біреуі – Ксенофонтова болып жазылды. Орын алған оқиғаға көз жеткізу үшін архив қорында сақтаулы құжатты сол күйінше келтіруді жөн санадық.

⁷⁶² ҚРОМА. 44-қ. 1-т. 312-іс. 24 п.

⁷⁶³ Сонда. 24 п.

⁷⁶⁴ ҚРОМА. 44-қ. 1-т.436-іс. 24 п.

1868 ж., 3 желтоқсан. Верный қаласының Алматы шіркеуінде шоқыну рәсімінен өткен және олардың есімдері мен тектері орысша өзгертілген қалмақтар тізімі⁷⁶⁵.

	Имена до св.крещения	лета		Имена после крещения	
1.	Тарбагатай	40		Яков	Семенов
2.	Его жена Туган		25	Екатерина	Семенова
3.	Несиме	40		Яков	Ксенофонтова
4.	Гурдоки	50		Яков	Константинов
5.	Его жена Рата		25	Иоанна	Константинова
6.	Мунки Джиргыл	32		Яков	Михайлов
7.	Его жен аСанджиргыл		25	Екатерина	Михайлова
8.	Дарбадай	25		Яков	Михайлов
9.	Чуйдун	48		Яков	Владимиров
10.	Сестра девица Бюльта		11	Варвара	Семенова
11.	Дала	40		Стефан	Васильев
12.	Брат Дамбил	34		Стефан	Васильев
13.	Манчи	55		Стефан	Петров
14.	Его жена Рала			Екатерина	Петрова
15.	Брат его Бадма	45		Стефан	Михайлов
16.	Альчин	34		Стефан	Константинов
17.	Жен аего Бальтугур		30	Екатерина	Константинова
18.	Мюнда	44		Стефан	Михайлов
19.	Сын его Шубке		7	Николай	Михайлов
20.	Батубаяр	23		Стефан	Александров
21.	Отец Чага-дешы	60		Николай	Александров
22.	Ходокигур	22		Николай	Александров
23.	Отец Раши	71		Иоанн	Александров
24.	Джиринтай	35		Иоанн	Михайлов
25.	Его жена Бадока		25	Варвара	Михайлов
26.	Сын Баин	11		Николай	Михайлов
27.	Брат Дузун	32		Иоанн	Михайлов
28.	Шонха	50		Иоанн	Дмитриев
29.	Его жена Бутылышан		40	Варвара	Дмитриева
30.	Сын Абада	22		Николай	Дмитриев
31.	Его жена Жансыга		20	Варвара	Дмитриева
32.	Амыр-Менде	59		Николай	Константинов
33.	Его жена Тугуз		54	Варвара	Константинова

⁷⁶⁵ ҚРОМА. 44-қ. 1-т. 29302-іс. 9 п.

34.	Раджир	34		Николай	Иванов
35.	Его жена Цаган		18	Варвара	Иванова
36.	Му-Кюбань	28		Николай	Иванов
37.	Брат Шара	14		Иоанн	Иванов

Верный уезі бастығының қызметін атқарушы Советников 1869 жылы 14 қыркүйекте облыс әскери губернаторының атына рапорт жазып, 12-18 тамыз аралығында Алматы станицасында бір топ қалмақ отбасыларының христиан дінін қабылдағанын жазған. Алайда оларға жәрдем ақының берілмегендігін, қалмақтардың барлығы Верный қаласында орналасқандығын, егін егу кәсібімен айналысуды қалайтындарын жеткізген⁷⁶⁶. Верный қаласының бастығы да жоғары діни мекемлерге хат жазып, «қытайлық эмигранттар протоиерей Бенедикттің өтініші бойынша дін ережелерін үйрету үшін жиналмағанын, өйткені олардың көпшілігінің дала жұмыстарында екендігін хабарлаған. Дегенмен қалмақтардың көпшілігі православие дінін және Ресей бодандығын қабылдауға әзір екендігін білдірген⁷⁶⁷.

Шоқынған қалмақтарға дер кезінде жәрдемақы беру мәселесі дін басылары үшін маңызды болған. Сол үшін Түркістан, Том епархия басшылары үкіметке өтініш жасап, қаржының уақытында бөлінуін сұрап отырған. Орыстандыру саясатын жүргізуге, православие дініне бұратаналарды тартуға мүдделі үкімет дер кезінде қажетті ақшаны аударған. Бұған дәлел – Түркістан қазна палатасының 1869 жылы 7қарашадағы Жетісу әскери губернаторына берген хабарламасы. Онда Түркістан қазына палатасында Верный уездік қазына бөліміне Бас Интенданттық басқарманың ерекше өкіміне сәйкес жеңілдетілген несие бойынша 16250 рубльдің қытай эмигранттарына жәрдемақы беру үшін аударылғандығын хабарлады⁷⁶⁸.

Миссионерлердің, шенеуніктердің тұрақты түрде жүргізген жұмыстары өз нәтижесін берді. Қоныс аударған қаламақтардың барлығы бірдей болмаса да, көпшілігі христиан дініне еніп, Ресей бодандығын қабылдады. Дегенмен қалмақтарды шоқындыру ісі үнемі өз уақытында, сәтті жүргізіле бермеген. Біріншіден, қоныс аударушылардың қаладан алыс, әр жерде орналасуына байланысты барлығын жинап, шоқындыру рәсімін өткізу қиынға түскен. Екіншіден, іске олардың барлығының көктемнен бастап, күз

⁷⁶⁶ ҚРОМА. 44-к. 1-т. 29302-іс. 60 п.

⁷⁶⁷ Сонда. 78 п.

⁷⁶⁸ Сонда. 105 п.

айларына дейін егістік басында жұмыста болуы іске кедергі келтірген. Бұны Том епархиясының діни басшысы Жетісу облысының әскери губернаторына 1869 жылы 5 қыркүйектегі түсініктемесінде жазған⁷⁶⁹. Ал қыс айларында қалың қар жауған кезде де шоқындыру рәсімін өткізу мүмкін болмаған. Мұндай жағдайларда жергілікті патша шенеуніктері байырғы тұрғындар арасынан эмигранттар ортасында насихат жұмыстарын жүргізетін, ықпалды адамдарды іздеп тауып, солардың көмегіне сүйенген. Мәселен, 1869 жылдың 19 желтоқсанында Жетісу облысы Оңтүстік Тарбағатай отрядының бастығы есаул Шмаковтың әскери губернаторға жіберген рапортында эмигранттар ортасында орыс бодандығы мен православие дінін қабылдау жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын ашық түрде жүргізудің тиімсіздігі көрсетіліп, бұл істі атқаруға эмигранттарға етене таныс, қоныс аударушылардың құрметтейтін адамы Отыншы бидің баласы Нұрсапаның ниет білдіргені айтылды. Нұрсапаға есаул Шмаковтың көзқарасынша орыс мүддесіне берілген, сенімге кірген, бірнеше тапсырмаларды уақытында, күш-жігерін де аямай, сәтті орындаған адам ретінде мінездеме берілген⁷⁷⁰. Шен-шекпенге, марапатқа құмар Нұрсапа кезекті тапсырманы да табысты аяқтап, қытай эмигранттарын Ресей бодандығын қабылдап, христиан дініне енуге көндірген. Осындай міндетті атқарғаны үшін ол 1870 жылдың 13 наурызында әскери губернатордың мақтау қағазымен марапатталған. Марапатты есаул Шмаков өз қолымен тапсырған⁷⁷¹.

Миссионерлер қоныс аударушыларды христиан дініне енгізгендерін жоғары биліктегілерге, дін басыларына хабарлап қана қоймай, жұмсалған қаражат туралы да есеп беріп отырды. Священник Григорий Студитскийдің 1871 жылы 28 қаңтарда Жетісу әскери губернаторына жолдаған хатында Бақты бекінісіне жақын маңда орналастырылған қытай эмигранттарын шоқындыру рәсімі бүге-шігесіне дейін баяндалған. 1871 жылы 17 қаңтар күні шоқынуға 34 қоныс аударушы және 1 қазақ әйелі жиналған. Рәсімді тамашалауға отряд қолбасшысы штаб капитан Гурдов, дәрігер Колежский, кеңесші поручик Алексей Яковлев, есаул Степан Новоселов, поручик Николай Попов, екіурядник, бір унтер офицер, екі казак, екі қатардағы сарбаз, екі қайырымды әйел, бір казак жұбайы, бір әйел сарбазқатысқан. Бұдан орыс емес халық өкілдерін шоқындырудың әскерилер үшін маңызды оқиға болғандығын анғаруға болады. Алдымен шоқынатындардың тізімі жасалып,

⁷⁶⁹ Сонда. 73 п.

⁷⁷⁰ КРОМА. 44-к.1-т. 29302-іс. 128 п.

⁷⁷¹ Сонда. 131 п.

содан соң православие туралы сөз айтылып, жиналған казактер мен сарбаздардың алдында шоқындыру басталған. Эмигранттар рәсімге ықылас танытып, өздерінің дайын екендіктерін білдірді. Жасы ұлғайғаны, орта жастағылары, жастары және қолдарында нәрестелері бар аналар қасиетті суға шомылды. Құдай әкелер мен аналар шомылудан шыққан әрбір адамға шоқыну кезінде киетін көйлек тігу үшін ақ мата кесіндісін үлестірді. Григорий Студитскийдің Сергиополь уездік бастығына жазған хатында ақ матаның 137 құлашын сатып алуға, әр құлашына 25 тиыннанбарлығы 38 рубль 50 тиын жұмсағаны айтылған. Миссионер 1871 жылы 31 қаңтарда Сергиополь уездік бастығының атына жазған хатында жаңадан шоқынатындарға арналған ақ мата матып алу үшін жалпы 104 рубль 50 тиын қаржыны өз есебінен бергендігін жазды. Сондықтан да ол әскери губернаторға хат жазып, өзіне осы қаражаттың, Тарбағатайға сапарының жол шығындарының және күнделікті ас-суға жұмсалған шығынның қайтаралуын өтінген⁷⁷².

Священник Григорий Студитскийдің айтуы бойынша бұдан кейін келесі рәсім қасиетті Троица бейнесінің алдына келіп, шоқыну басталды, эмигранттардың жүздері бал-бұл жанды. Ұзақ уақытқа созылған шоқындыру аяқталғаннан кейін поручик Бабилов оларға шай берді. Ертеңіне 18 қаңтар күні жаңадан шоқынғандар Ресей бодандығын қабылдап, үкіметке адал болуға ант етті. Ант қабылдап болғаннан кейін әрқайсысына келесіде берілетін жәрдем ақының есебінен әрқайсысына 2 рубльден (күміс ақшамен) ақша берілді. Түстен кейін олар штаб капитан Гурдовтың үйіндегі құдайға мінәжат ету рәсімін орындауға қатысты және жаңадан шоқынғандар крестпен қорғанып, құлшыныспен және жағымды түрде мінәжат етті. Тропарион әні кезінде «Құдай, өз халқыңды құтқар» деп шырқады. Офицерлерден кейін мінәжат ету рәсімі аяқталғаннан кейін жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен адамдар да қасиетті сумен себілген крестке жақындады. Осыдан кейін олар барлығымен қоштасып, жүректеріне терең енген қанағатпен шығып кетті. 19 қаңтарда тағы 6 адам келіп, бодандық пен православие дінін қабылдағылары келетіндіктерін білдірді. Алайда қазіргі уақытта оларға берілетін қаржының жоқтығынан бұл іс кейінге қалдырылды⁷⁷³. Айта кетерлік жайт, миссионерлер өздерінің қызметін және оның нәтижесін көрсетуге келгенде ерекше ықылас танытып, оқиғаны барынша толық көрсетуге ұмтылған. Өздеріне міндеттелген істі адал атқарып

⁷⁷² ҚРОМА.44-қ. 1-т. 29302-іс. 209 п.

⁷⁷³ Сонда. 209 п.

жатқандықтарына биліктегілердің көзін жеткізуге барын салған. Егер Бақты бекінісіне жақын маңда қытай эмигранттарын шоқындырудағы рәсімді миссионер Григорий Студитскийдің өзі баяндаса, Бөкен елді мекеніндегі Филарет Синьковскийдің қызметін дала генерал-губернаторы Г.А.Колпаковскийдің жанындағы шенеунік сипаттап берген. Бөкенде шоқынған қазақтар да казак елді мекенінде бірге тұрған. Егер Сарқандағы жаңа шоқынғандарға жер үлесі беріліп, егін шаруашылығымен айналысуға жағдай жасалса, Бөкенде жер учаскесін бөлуге Г.А.Колпаковскийдің өзі араласып, христиан діні қабылдаған қазақтардың әрқайсысына пайдалануға 15 десятинадан, барлығы 600 десятина егістікке жарамды жерлерді берген. Жер үлесін беріп қана қоймай, христиан дінінің талаптарын берік ұстанып, егіншілікпен ыждағаттылықпен айналысуға кеңес берді. Оның үстіне жер өңдеуге қажетті жетілдірілген еңбек құралдарын Мәскеуден алдырып беруге уәде етті. Сондай құралдармен алқаптарды өңдеу тек қазақтарға ғана емес жергілікті казак тұрғындарына үлгі болады деді. Уәдеге жаңадан шоқынғандар мен казактар қатты қуанды. Генерал-губернатор уәде беріп қана қоймай, жаңа ғана христиан дінін қабылдағандарға 5 рубльден ақша үлестірді. Станицада мұндайлардың саны 12 болғандықтан, барлығы 60 рубль берілді. Ал олар болса «Құдай генерал-губернаторға ұзақ өмір берсін»⁷⁷⁴, – деп, тілек айтып, шоқынып отырған.

Ресей империясы христиан дініне енген, бодандықты қабылдаған қалмақтарға арнайы шіркеу салдырды. Жетісу облысы әскери губернаторының көмекшісі Е.А.Россицкийдің 1874 жылы 14 мамырда Православие бауырластығына жазған хатында жаңадан шоқынған қытай эмигранттары үшін құдайға сыйыну үйін салуға қажетті қаражат туралы айтылған. Осы орайда айта кетерлік жайт, 1869 жылы Жетісуда қытай эмигранттарын христиан дініне тартумен айналысқан арнайы миссионерлік құрылым Түркістан епархиясының Қазан-Богородица бауырластығы құрылды. Кейіннен ол Жетісу православие бауырластығы деп аталды. Бауырластықтың қамқоршысы – Г.А. Колпаковский, құрметті мүшелері – Мәскеу митрополиті Иннокентий, архиепископ Евсений Могилевский, Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман болды. Осындай лауазымды шенеуніктердің бауырластыққа мүше болуы патшалық Ресейде миссионерлік қызметтің билік үшін маңызынан хабар берді. Бауырластық кеңес арқылы басқарылды. Кеңес құрамына старшина, оның көмекшісі, бес мүше кірді. Бес мүшенің үшеуі кітапханашы, қазанашы және іс жүргізуші міндеттерін атқарды⁷⁷⁵.

⁷⁷⁴ ҚРОМА. 44-к. 1-т. 29302-іс. 312 п.

⁷⁷⁵ Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане

Е.А.Россицкий Жетісу православиелік бауырластығына жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен қалмақтар үшін қыш кірпіштен ғибадатхана салу үшін генерал-губернатордан 600 рубль босату туралы өтініш жасауға келісетінін қуанышпен хабарлаған. Егер Аталған ғимараттың жоспарынЗенковтың жасай алатындығы жеткізілген. Мұнымен қоса хатта шоқынған қалмақтардың үйлерін бауырластықтың және станица атаманының рұқсатымен ғана сата алатындары, бұл мәселе бойынша атаманның түсініктеме беруге міндеттелетіні туралы жазылған.

Жаңадан шоқынған қалмақтарға қаладан шығу үшін де арнайы рұқсат алулары тиіс екендігі қадап айтылған. Қаладан шығатындарға станица басқармасының бауырластықтың келісімімен рұқсат қағаз беретіндігі тапсырылды. Жетісу православиелік бауырластығы Түркістан епрахиясына осы мәселе турасында есеп беруге тиістігі атап айтылды⁷⁷⁶. Мұның өзі жергілікті биліктегілердің христиан дінін қабылдаған әрбір адамды жіті бақылап, назарларында ұстап отырғандарын дәйектейді. Айтқанымыздың дәлелі – Е.А. Россицкийдің 1874 жылы 17 шілдеде Жетісу православиелік бауырластығына жазған хаты. Хатта жаңадан шоқынған қалмақтардың үстінен бақылау жасауды қатайту туралы айтылды. 1871 жылға дейін Алматы станицасының атаманы Доронин бастық болған кезде қоныс аударушылардан жаңадан шоқынған қалмақтардың қараусыз қалып, көп жағдайда әр жаққа тарап, ал кейбіреулері тіпті үйлерін тастап кеткені хабарланды. Қоныс аударушыларды қадағалауды қажет деп тауып, сонымен бірге облыстағы уақытша әскерлердің қолбасшыдан шоқындыру рәсімінен өткен қалмақтарды бақылау үшін офицер немесе сенімді урядниктағайындауды сұрады. Қалмақтарды бақылауға адам тағайындалғанға дейін бұл міндеттің Алматы станицасы атаманының көмекшісінежүктелетіндігін, осы бұйрық туралы православиелік бауырластыққа хабарлау қажеттілігі айтылды⁷⁷⁷.

Қытайдан қоныс аударған қалмақтарды шоқындыру ХІХ ғасырдың 70-жылдары одан әрі жалғастырылды. Оны дәйектейтін құжаттар архив қорларында кездеседі. Осының алдындағы уақытта қытай эмигранттары отбасы болып христиан дініне енгізілген. Дегенмен қытай қалмақтарының барлығы бірдейправославиені қабылдамады. Отбасының жекелеген мүшелері христиан дінін қабылдаудан бас тартты. Сол себепті эмигранттарды шоқындыру ісі бірлі - жарым (вторая половина ХІХ-начало ХХ в.). Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2010. – 92 б.

⁷⁷⁶ ҚРОМА. 234-қ. 1-т. 1-іс. 66 п және қайырма беті.

⁷⁷⁷ Сонда. 79 п. және қайырма беті.

адамдарды болсын, топ ретінде жалғаса берді. Сондай деректердің бірі – 1874 жылы 17 шілдеде қытайлық Шарабатаға жәрдемақы беру туралы құжат. Онда Түркістан және Ташкент епископының қытайлық дәуір солон эмигрантының шоқынғысы келетіндігі айтылған. Осыған орай оған христиан дінінің негіздерін, шоқынуды үйрету священник Василий Покровскийге тапсырылды. Священник Василий Покровскийдің Жетісу православие бауырластығына 1874 жылдың 2 қазанында берген есебінде Шарабатаны сол жылдың 2 шілдесінде христиан дініне енгізгенін, Сарқан елді мекеніне орналастырылғанын, жаңадан шоқынған Лукинге жалданып жұмыс жасап жатқанын хабарлады. Есепте Шарабатаның жасы жиырма алтыда, үйленбеген, оған бауырластық тарапынан берілетін қандай да бір көмектің ол үшін қайырымдылық болатындығы көрсетілген⁷⁷⁸. Себебі қалмақтың жағдайы өте ауыр, қайыршылық күйде болған. Шарабатаға қатысты барлық істі Жетісу облысы әскери губернаторының көмекшісі өз бақылауында ұстап отырған⁷⁷⁹. Жетісу әскери губернаторының ұсынысымен дәуір-солон тайпасының өкілі Шарабатаға православие бауырластығы кеңесі 10 рубль жәрдемақы берілген⁷⁸⁰.

1874 жылдың желтоқсан айында Құлжа аймағынан Сарқанға келіп, христиан дінін қабылдауға ниет еткен сибо деген қалмақтардың діни рәсімді орындау кезінде киетін киімдеріне кеңес 36 рубль ақша бөлінген. Шоқынған әрбір қалмаққа 3 рубльден жәрдемақы берілген⁷⁸¹.

Алматы станицасының старшинасы Жетісу православие бауырластығына хат жазып, қалмақ Василий Обжидің шоқынған, шоқынбағаны туралы ақпарат алуды өтінген. Хатты атаманның көмекшісі Соколов дайындаған. Хаттың мазмұны мынадай: «Верный атаманының 1870 жылғы 14 шілдедегі №226 бұйрығымен шоқындыру рәсімінен өткен 59 қытай эмигранттары отбасының ішінде Василий Чобда өзінің ұлдары: Василий Обжа және Василий Баирмен казактар әлеуметтік тобының қатарына алынды. Василий Чобданың Обжа есімді бірінші ұлы шоқынбаған. Сондықтан ол шаш өрімін кеспейді және крест тақпайды. Оның барлық туыстары шоқындыру рәсімінен өткендер деп танылады. Василий Обжаның өзі православие дінін қабылдамағанын мойындамайды. Старшина Василий Обжаның басқалармен бірге 1869 жылы шоқындыру рәсімінен өткенін, ал егер

⁷⁷⁸ КРОМА. 234-к. 1-т. 5а -іс. 24 п. және қайырма беті.

⁷⁷⁹ Сонда. 17 п. және қайырма беті.

⁷⁸⁰ Сонда.

⁷⁸¹ Сонда.

ол болмаған болса, әкесі тәрізді христиан дініне өту мүмкіндігін қарастыру керек. Өтінішке протоирей Путинцев былайша түсініктеме берген: «Василий Обжа өзін шоқынған адам ретінде санайды. Крест тағуды, шашын кесуді қаламайды. Шоқынған қалмақтар сияқты оның да христиан дінінен хабары жоқ екенін байқауға болады. Мен оған крест тағуды (бұл оған Бауырластықта беріледі) және оның шаш өрімін киюды міндеттедім, ол оған ерікті түрде келісім берді»⁷⁸².

Жаңадан шоқынған қалмақтар өздерінің туыстарының арасында христиан дініне өтуді насихаттаулары тиіс болды. Шоқынған туыстарының христиан дінінің ережелерін үнемі ұстанудың қажеттілігін де қалмақтардың өздеріне тапсырды. Айтқандарын заңдастыру үшін жергілікті биліктегілер мен дін басылары қоғамдық үкім шығарып, қалмақтардың өздеріне қол қойдырды. Үкімнің мазмұны қысқа болды. Онда былай делінді: «Біз, төменде қол қойған Верныйда тұратын шоқындырылған қытайлық қоныс аударушылар, қазіргі кездегі Жетісу казактары, шоқындыру рәсімінен өткен көптеген адамдарымыздың бізден алыста тұратынын, нашар өмір сүретінін, православие діні талап ететін көптеген ережелерді орындамайтындығын көріп отырмыз. Олардың көпшілігі кедейшілікте, көшпелі тұрмыста, пұтқа табынулықты ұстанып өмір сүреді. Сондықтан да біз бір ауыздан жаңадан шоқынғандарды жинап, Верный қаласында бізбен бірге тұруға, ортақ күшпен бір-бірімізге көмектесуге шақыру үшін арамыздан Николай Абеданы Құлжа ауданына жіберуді шештік. Бұл үкімге қоса адамдардың тізімі берілген, біз оларды Жетісудағы православиелік бауырластыққа жинап, биліктен Николай Абедаға қандай да бір бұйрық шығаруды және жергілікті биліктен көмек көрсетуді сұраймыз»⁷⁸³.

Миссионерлер губернаторға ғана емес үнемі православие бауырластығына да хат жазып, есеп беріп отырды. Өздері бір орында отырмай уағыздарын жүргізу үшін бүкіл Жетісу аймағын аралады. Қытай эмигранттарымен қатар қазақтарды да христиан дінін қабылдауға шақырды. Қалмақтарды қазақтарға қарағанда дінге енгізу оңай деп есептеді. Себебі бір жағынан олар қоныс аударушылар, екінші жағынан католик дінін ұстанушылар болғандықтан христиан дініне ешбір кедергісіз өтеді деп санады. Бұны священник В. Покровскийдің православие бауырластығына жазған хатынан анық көруге болады. Хатта былай деленген: «Осы шілде айының 24-і күні маған Қапал

⁷⁸² ҚРОМА. 234-к. 1-т. 1- іс 85 п.және қайырма беті.

⁷⁸³ Сонда. 101 п. және қайырма беті.

уезінің әкімшілік адамдарының бірінен мынадай мазмұндағы хат түсті: «Мен қытай қалмақтары мәселесі бойынша Құлжада болдым. Қалмақтармен ұзақ сөйлестім және олардың православие дінін ешбір еңбек сіңірмей-ақ қабылдайтындарына көзім жетті. Олардың ішінде католик дініне сенімді 40 адам бар, алайда қорғаушылары – пасторы жоқ. Сондықтан олар православие дінін оңай қабылдай алады. Ал жергілікті тұрғындар біз үшін бөтен болып табылады. Осы жайтты бауырластыққа хабарлауды парызым деп санаймын»⁷⁸⁴. Ақыры 1874 жылы Сарқан миссионері священник Покровский мәнжүр 8, дәуір-Солондар 239 адам, сибо - 54 адам, қара қалмақтар 268, чахаро-қалмақтар 98 адам, ханба-қытайлар 5 адам – барлығы 688 адамды шоқындырған. Жетісу облысындағы барлық жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен қалмақтардың орташа саны 1000 адамды құраған⁷⁸⁵. Православие дінін қабылдаған қалмақтар үшін шіркеу салынған. Осыншама адамның христиан дінін қабылдауын бауырластық миссионердің қажырлы еңбегімен байланыстырды. Бауырластықтың 1874 жылы атқарған жұмыстарының есебінде «Түркістан өлкесінде бірден-бір миссионер, сарқандық діни қызметкер В.Покровский тәрізді православиелік сенімге шын беріліп жұмыс жасамайды. Қоныс аударушыларды діни-моральдық тұрғыдан қайта тәрбиелеуде Құдайдың құлшынысымен, оларды православиелік сенім негізінде діни-моральдық тұрғыдан қайта тәрбиелеуде аянбай жұмыс істейді. Бұл миссионер жұмысының жетістіктері күннен күнге артып келеді. Оған сарқандық христиандардың және жаңадан шоқынған қалмақтарды бақылай алатын жергілікті биліктегі адамдардың миссионерге берген жоғары бағасы дәлел бола алады. Атап айтқанда, жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен қалмақ балаларына қатысты айтатын болсақ, Покровский оларға орыс тілін, Құдай заңдарын, жазуды, санауды және шіркеу әндерін үйретеді. Ерлер мен әйелдер тобына бөлінген Сарқан мектебінің нәтижелі жұмысы – діни қызметкер Покровскийдің табанды қызметінің дәлелі»⁷⁸⁶ деп жазылған.

Жетісу православиесі бауырластығы Сарқанда тұратын жаңадан шоқынған қалмақтардың тұрмыс жағдайлары жақсы деп көрсеткен. Қалмақтар Жетісу казак әскерінің қатарына қосылған. Егер қалмақтардың анағұрлым шоғырланған аумағы Қапал уезіне қарасты Сарқан елді мекені болса, эмигранттардың біршама үлкен тобы қоныс

⁷⁸⁴ КРОМА. 234-қ. 1-т. 4- іс. 5 п. және қайырма беті.

⁷⁸⁵ Сонда. 1–17 пп.

⁷⁸⁶ Сонда. 1–15 пп.

тепкен екінші өңір Верный қаласының маңы еді. Верный қаласының шетінен оларға арнайы қоныс берілген, ол жер Қалмақ слободасы деп аталады. Шоқынған қалмақтардың тығыз орналасқан үшінші аумағы Сергиороль уезі Үржар станицасына жақын Құлжа ауданы саналды⁷⁸⁷.

Верный маңындағы шоқынған қалмақтарға егістік алқаптарынан жер телімдері бөлінген. Жергілікті әкімшілік тарапынан әрбір отбасына 60 рубльден жәрдемақы берілген. Қалмақтардың үй шаруашылығын ұйымдастыруды, жалпы отырықшы өмір салтына өтуін, орыс әдет-ғұрпына өтулерін қадағалауға міндетті болатын казак офицері тағайындалды. Қалмақтар өздеріне қыштан шағын үйлер тұрғызды, шаруашылықтарын ретке келтірді. 1872 жылы қалмақтарға бөлінген егістік жерлер көшіріліп, олардың қонысынан бұрынғыдан әлдеқайда алыс жерлер бөлінді. Осының салдарынан және ішінара қалмақтарға бақылау жасау үшін тағайындалған офицердің ауысуы мен жаңасының тағайындалуына байланысты қалмақтармен тығыз қарым-қатынас үзілген. Араларында үйлерін орыс шаруаларына сатып, өздері бұрынғы көшпелі өмірлеріне қайта оралғандары да кездесті. Қалмақ слободасы орыс слободасына айнала жаздады. Алайда Жетісу православие бауырластығы дереу шара қолданып, жағдайды қалпына келтірді. Алматы станица бастығының осындай қате әрекеттері көптеген күш-жігердің арқасында жасалған игі істер құрдымға кетудің алдында тұрды. Сол себепті Жетісу әскери губернаторының атына атаманның үстінен шағым түсіріліп, үйлерін сатып, слободаны тастап кеткен қалмақтарды қайтару талап етілді. Сонымен қатар орыс шаруаларының қалмақтардың еңбегін пайдалануларына тиым салынуы қажеттілігі атап айтылды. Мұның өзі қалмақтардың орыс шаруаларына жалданып жұмыс жасау арқылы күн көруге мәжбүр болғандарын дәйектейді. Жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендердің үйлерін өте қажет болған жағдайда ғана, кеңестің келісімімен, қалмақтарды орыстардың қанауын мәңгілікке жою үшін сату міндетті түрде жүзеге асырылатын болды. Сонымен қатар әскери билік өздерінің казак штаб офицерлерінің біріне әскери эмигранттарды бақылауды тапсырды. Содан тамыз айында старшина мен кеңес мүшелері түгелдей қалмақ қонысын аралап, шаруашылықтарымен танысып, үй иелерімен де, үйі жоқтармен де сөйлесіп, меншігі барларды қолдап, үйлері жоқтарға баспана салуға, отырықшылықпен айналысуға шақырды. Бұл сапар нәтижесіз болмады,

⁷⁸⁷ Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX-начало XX в.). Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2010. – 93 б.

үйі жоқ қалмақтар үй салуға кірісті. Жағдайды үнемі қадағалап отыру бауырластықтың хатшысына тапсырылды⁷⁸⁸.

Шоқынған қалмақтардың тұрмысын жақсартып қана қоймай бауырластық кеңесі кейбір жағдайларда мұқтаж адамдарға материалдық көмек көрсетті. Қалмақтарға христиан дінінің ережелері мен орыс салт-дәстүрін үйретуде үгіт-насихат жұмыстарынан өзге мейрамдарда арнайы тартулар жасалды. Қасиетті Пасханың қарсаңында қалмақтарға жұмыртқа, ірімшік, кулич, ет дайындады. Ал дәл мереке күні литургияға байланысты бауырластықтың старшинасы, кафедра протоиерейі Путинцев қалмақ қонысына келіп, аудармашы арқылы христиандар үшін Пасханың, бұл мерекенің мәні мен маңызын, орындалатын әдет-ғұрыптарды түсіндірді.

Кейбір жағдайларда кеңес шоқындыру рәсімінен өткен қалмақтардың діни және тұрмыс-тіршілігіне қатысты өтініштерін жоғары діни және зайырлы биліктегілерге жеткізуді өз міндеттеріне алды. Өтініштер қалмақтардың мүддесінде шешіліп, қанағаттандырылды.

Жетісу православие бауырластығының есебінде жаңадан шоқындыру рәсімінен өткендердің игілігі үшін кеңестің атқарған жұмысының нәтижесі болғандығы атап өтілген. Қалмақтар орыстардың өздеріне жылы бауырластық сүйіспеншілікпен қарайтынына және олардың рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүлде немқұрайлы қарайтынына барған сайын сенімді бола бастады. Бұл сенімнің салдарын сенімсіз және күдікпен қарайтын барлық азияттықтар сияқты қалмақтардың орыстарға деген сенімінің айтарлықтай артуынан көруге болды. Шоқынған қалмақтардың христиан дініне деген жақсы көзқарастары христиан, ал керемет еңбекқорлығымен олар жаңа отанына пайдалы азаматтар бола алады. Жетісу өңірінде бүкіл болыс болып көшіп жүрген және орыстармен тұрақты қарым-қатынаста болған қалмақтар олардың діни сенімдерін сынау үшін кездейсоқ немесе әдейі сөйлескен көптеген тұрғындардың айтуы бойынша шоқындыру рәсімінен өтпесе де Қасиетті Евангелиенің ақиқатын қабылдауға дайын. Шоқынбаған қалмақтардың христиан дінін қабылдауына қатысты өз бақылауларын жасаған кеңес мүшесі, діни қызметкер П.К.Белоярский деп жазды: «Мереке күндері, шіркеу қызметі кезінде қалмақтардың бір бөлігінің шіркеуге келіп, құдайға құлшылық ету көрінетін жерде кіреберістің алдында тұрып, өздерінің салтына

⁷⁸⁸ ҚРОМА. 234-к. 1-т. 5-іс. 1–17 пп.

сай тізе бүгіп, тағзым еткендерін бірнеше рет көрдім. Қалмақтаршіркеу адамдарының шерулерін көрсе, тоқтап, баскиімдерін шешіп, жүздеріндегі құрмет белгісімен шеру өткенше бір орында тұрады. Қалмақтардың тұрмыс-тіршілігімен танысу мақсатында олардың үйлеріне барғанымда мен олардың үй-жайларының қабырғаларында қағазға салынған әулие Николайдың (святитель Николай-чудотворец) бейнесін көрдім. Менің «Бұл қандай сурет? деген сұрағыма жауап ретінде қалмақтар, бұл біздің табынатын піріміз тәрізді орыс Құдайы Николай, оған біз де сыйынамыз», – деп жауап берді. Қалмақтар православие дінбасыларына толық сенім артады, өйткені мен оған бірнеше рет көз жеткіздім»⁷⁸⁹.

Верный уезінде Қапалға қарағанда қалмақтарды шоқындыру анағұрлым баяу жүрген. Небәрі 44 қалмақ христиан дінін қабылдаған. Оның себебі – арнайы миссионердің болмауы. Кафедра протоирейі М.П. Путинцев бірнеше сағат қалмақтарға уағыз айтып, олардың христиан дінін қабылдауына игі ықпал еткен. Нәтижесінде 8 қалмақ баласы шоқындырылған. Үлкендері жексенбі, мейрам күндері шіркеуге келіп, құлшылық етіп, архиерей әндерін айтатын болған. Бір ерлі-зайыпты христиан дінін қабылдауға ниет білдірген. Қалмақтардың орыс тілін білмеулері және жеке священниктерінің болмауы іске кедергі келтірген. Сергиополь уезіндегі шоқынған қалмақтардың саны туралы нақты мәлімет болмаған. Қалмақтардың жеке миссионерінің болмауы, приход священниктерінің жаңадан шоқынғандарға бақылау жасай алмау салдарынан біраз олқылықтарға жол берілген. Шоқынған қалмақтар христиан дінінің талаптарын ұмытып, православие дінін қабылдамаған туыстарының арасына барып, бұрынғысынша пұтқа табынып, ұлттық киімдерін киіп, көшпелі тұрмыс кешкен.

Жетісу өлкесінде рухани-адамгершілік тәрбиені тарату және дамыту мақсатында бауырластық өз қаражаты есебінен шоқынған қалмақ балаларына арналған балалар үйі мен мектеп ашты. Балалар үйі мен мектептің мақсаты қалмақ балаларын орысша оқу мен жазуға үйрету, оларды діни-адамгершілік сезімге тәрбиелеу, қажетті қол өнерге баулу болған. 12 мың тұрғыны болған Верныйда осындай бағытта тәрбие беретін 4 мектеп жұмыс жасаған. Бұлардан өзге шоқынған қалмақтардың арасында христиан дінінің сенімін орнатуға және пұтқа табынушылар мен олардың туыстары арасында евангелия ілімін таратуға пайдалы қызмет ете алатын тағы бір балалар үйін ашу көзделген. Бауырластықтың старшинасы протоиерей М.П. Путинцев

⁷⁸⁹ ҚРОМА. 234-к. 1-т. .5-іс. 1–17 ш.

1874 жылдың 7 тамызында кеңестің талқылауына шоқындыру рәсімінен өткен қалмақтардың балаларын тегін оқыту үшін бауырластық жанынан тегін немесе ата-аналарының жағдайына қарай болмашы ақыға орыс балаларына арналған мектепте оқуға құқығы бар мектеп ашу қажеттігі туралы мәлімдемесін ұсынды. Кеңес осы мәлімдемені жан-жақты талқылай келе, мектеп ашу туралы ұсынысты дереу жүзеге асыруға болатынын қолдады және мектеп ашумен бірге қалмақ балаларын бауырластық есебінен баспанамен қамтамасыз ету үшін балалар үйін ашуды бірауыздан шешті. Мекемеге алғаш рет 10 ұл баланы қабылдау көзделді. Бұл ретте Кеңес мүшесі, діни қызметкер П.К. Белоярский балаларға Құдай заңын тегін оқытуға ниет білдірді, сонымен қатар балалар үйі ретінде қоғамдық үйдің қосалқы ғимаратын тегін беретінін, балаларға қадағалауды өз міндетіне алатындығын айтқан. Белоярскийдің мұндай мәлімдемесін кеңес үлкен ризашылықпен қабылдады, өйткені, біріншіден, бұл арқылы бауырластықтың баспана үшін кететін шығындары айтарлықтай қысқарады, екіншіден, балалар үйін басқарудызаманауи педагогиканы жақсы білетін Павел әкейге тапсыру кеңесті балаларды тәрбиелеуде жақсы жетістіктерге жетуге үміттендіреді. Оқытушы ретінде Омбы әйелдер гимназиясында білім алған Белоярскаянайына 15 рубль жалақымен шақыру ұйғарылды. Балалар үйінде келесідей пәндер оқытылатын болды: Құдай заңы, орыс және славян тілдерінде оқу, арифметиканың бастапқы ережелері, жазу және бауырластықтың қаржысының көбеюіне орай біртіндеп енгізілетін негізгі қолөнер⁷⁹⁰.

Балалар үйі мен мектеп жарғысымен бірге жоғарыда көрсетілген барлық ережелерді 24 тамызда старшина әскери губернатордың қарауына берді. Әскери губернатор мұндай бастаманы қолдап, ұсынысты бекітті. Жексенбі, 15 қыркүйекте балалар үйі мен мектеп ашылды. Мектеп пен балалар үйінің ашылуына арнап кафедра протоирейі құдайға мінәжат етті. Бұл рәсімге әскери губернатордың кеңесшісі Е.А. Россицкий, бауырастық кеңесінің мүшелері, жаңа балалар үйінің тәлімгерлері, шоқынған қалмақтар қатысты. Жиналғандар орыстармен бірге өлкеде бұратаналарға арналған тұңғыш христиан мектебінің ашылуына орай құдайға құлшылық етті. Мәртебелі Е.А. Россицкий жаңадан ашылған мекемеге 300 рубль садақаны губернатор қазынасының есебінен берді.

16 қыркүйекте балалар үйінде сабақ басталды. Төрт ай бойы

⁷⁹⁰ КРОМА. 234-қ. 1-т. .5-іс. 1–17 шп.

бері балалар үйі мен мектеп жұмыс жасап келді. Жаңа оқу орнын бақылаушы протоирей М. Путинцевтің хабарлауы бойынша оның жағдайы қанағаттанарлық. Баспананың үй-жайы айтарлықтай жылы, барынша таза, жалпы, киіз үйде тұратын қалмақ балалары бұл туралы ойламаған жайт. Оқушылардың қазіргі санына қарай (8 пансионер және 1 келуші) баспана тар емес, әзірше жеткілікті. Әр ер балаға бауырластық есебінен боз матадан кафтан және етік тігілді, қысқы бас киім, төсек жайма, матрацтар, жастықтар берілді, осылайша алғаш балалар үйіне келген қалмақ балаларының сырт бейнесі өзгерді. Ер балаларға арналған пайдалы тағам жеткілікті мөлшерде дайындалады. Таңертең таңғы асқа шай беріледі. Үш ай бойы балалардың тек біреуі ғана мекемеге келгенге дейін орын алған созылмалы науқаспен ауырған. Балалардың адамгершілігі айтарлықтай қанағаттанарлық: балаларға тән еркеліктермен қатар, оларда бастапқыда дөрекі қарым-қатынас байқалды, бірақ бас бұзарлық теріс қылықтар байқалмады. Балалар үйіне келгенге дейін қараусыз өмір сүрген ұлдардың еркеліктері мен дөрекіліктері айтарлықтай азайған. Балалардың Құдай заңы мен басқа пәндердегі жетістігі кеңес күткеннен де асып түсті: балалардың кейбір жабайылығы, орыс тілін нашар білулері мұғалімдерге кедергі тудырып, жетістіктерге қол жеткізуге қиын болады деп болжанған еді. Алайда оқуға түскенге дейін мүлде сауатсыз болған балалар үш айдың ішінде жақсы табысқа жетті. Олар барлық әріптерді жақсы танып, мұғалімнің айтуымен шағын сөз тіркестерін өздері жазады. Ал жас жағынан үлкендері өте жақсы оқиды, арифметикалық есептерді ойшатез шешеді және оқығандарын қағазға ұқыпты түрде түсіреді. Құдай Заңын оқып-үйренуде басты назар аударылатын талаптарды балалар тиянақты орындайды. Бірінші кезекте балалар қасиетті оқиғаларды өте жақсы баяндайды және ең маңызды дұғаларды түсіндіреді⁷⁹¹. Оқытушының балаларға сабақ беру әдістері мен балалардың жетістіктерін мектепке екі рет келген, бұл істе құзыретті Жетісу облысы оқу орындарының меңгерушісі Галицкий қолдады. Мектептің шаруашылық, оқу-тәрбиелік жағынан осындай қуантарлық жағдайға жетуі бауырластық есебінде балалар үйінің меңгерушісі священник Павел Белоярскийдің пайдалы да тынымсыз еңбегінің және О.П. Белоярская ұстаздың мақтауға тұрарлық құлшынысы мен парасатты педагогикалық еңбегінің арқасы деп көрсетілген. Бауырластар кеңесі екеуінің де пайдалы қызметін және олардың балалар үйіндегі жемісті еңбектерін жоғары бағалады.

⁷⁹¹ ҚРОМА. 234-к. 1-т. 5-іс. 7 шп.

Бауырластық мекеменің біраз уақыттардан кейін осынлай жұмыс жасай берсе өлкедегі бұратаналардың христиандық ағарту ісіне айтарлықтай пайда әкелетініне сендірді.

Миссионерлердің тікелей өздеріне жүктелген міндеттерімен қатар жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен адамдардың өмірін ұсақ-түйегіне дейін ұйымдастырушысы болуларына тура келген. Осы орайда миссионерлер арнайы дайындықтан өткізіліп, таңдау жасалған. Миссионерге құдайтанулық білімімен қатар жоғары адамгершілік қасиеттерімен танылуға, қазақ, араб және парсы тілдерін жетік білуге, Құран негіздерін және оның барлық түсіндірмелерін, сонымен қатар мұсылмандық, қажет жағдайда өзге де халықтардың құдайға құлшылық ету кітаптарын оқып-үйренуге, науқастарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге тиіс деген талаптар қойылған. Сондықтан да қытай қалмақтарымен тығыз жұмыс жасаған священниктер ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды өзінің қамқарлығына алған. Архив қорында священник Высоцкийдің кілт ұстаушысының (ключар) үйінде тұрған Василий есімді қалмақ баласына жаңадан шоқынған адам ретінде жергілікті мектепке баруға, пәндерді оқуға жағдай жасалған. Высоцкий бауырластыққа кетіп қалғаннан кейін бала қараусыз қалған. Осыны білген Түркістан және Ташкент епископы Софоний баланы өзіне алып, тұрақты тұрғын жайы табылғанша қамқар болды. Епископтың айтуынша Василий нашар оқыған, жазуы да нашар, мектепке сирек барған болып шықты. Епископ баланы жазу-сызуға үйретуді және оған ата-ана боларлық сенімді отбасын табуды бауырластыққа тапсырды. Олай болмаған жағдайда баланы архиерей үйіне өткізуге дайын екендігін ашық білдірді⁷⁹².

Асыраушысынан айрылған отбасыларына да көмек беруді Жетісу православие бауырластығы өз міндетіне алған. Бауырластық кеңесіне үш жас балалы Анна Шаухан есімді қалмақ әйелі өтініш жасап, жәрдемақы беруді сұраған. Бұл отбасы Қорғаста өте кедейшілік жағдайда өмір сүрген. Көмек қолын созатын туысқандары болмаған. Анна Шауханның күйеуі 1873 жылы қайтыс болған. Кеңес жесір әйелдің тұрмысын ескеріп, оған 5 рубль көлемінде бір реттік жәрдемақы және балаларына киім ретінде өзіне, балаларына үш метр мата, мақта матадан бірнеше метр, оған қоса ай сайын ұн беріп тұрған. Жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен мұқтаж жандарға көмек көрсете отырып, кеңес шын мәнінде барлық адамдарға беруге жәрдем әрқашан дайын екендігін білдіре отырып, қалмақтарды

⁷⁹² ҚРОМА. 234-қ. 1-т. 1-т. 1- іс. 86 п

бауырластардың көмегіне сүйенбей, жалқаулық пен арамтамақтыққа бой алдырмай, өз еңбектерімен күн көріс қамын жасауға шақырған⁷⁹³.

Архив қорында бас бостандығынан айрылған қалмақтардың шоқынуды қалағандары жөнінде деректер сақтаулы. Солардың бірі-Верный түрмесінде жылқыны ер-тоқымымен ұрлағаны үшін қамалған Қытай қалмақ азаматы Турбат Табенің түрме бастығына христиан дінін қабылдағысы келетіні жайлы жасаған өтініші жазылған құжат. Жазасын өтеушінің өтініші қабылданып, священник Дмитрий Солнцевке Турбат Табеге православие дінінің негізгі ережелерін және жиі оқылатын дұғаларды үйрету тапсырылды. Одан кейін түрме басшылығынан Турбат Табенің кім екенін, қай жерде туылғанын және ата-анасының аты-жөні, кім болғанын, түрмеге отырғызылғанға дейін қайда тұрғанын, некеге тұрғаны немесе бойдақ екенін растайтын құжатының бар екендігі, үйленген жағдайда балалары мен әйелінің қайда тұратыны және қандай дінді ұстанатыны туралы мәліметтер беруі талап етілді. Түрме басшылығында осыларға қатысты барлық ақпарат болмаса, ондай олқылықтың орнын Турбат Табедан тікелей жауап алу арқылы толтыру керектігі қадап айтылды. Айтылғандарға қоса Турбат Табенің христиан дінін қабылдағысы келгендегі ойын білу тапсырылды. Діни консистория жарғысының 25-бабына сәйкес Турбат Табеге өмірінің соңына дейін православие шіркеуінің мүшесі болып қала беретіндігі жөнінде жазбаша міндеттеме алу қажеттілігі көрсетілді. Турбат Табенің шоқынуды өз еркімен және сана-сезімімен қабылдайтынына көз жеткізіп, ең жақын діни мекемеден өкілді шақырып, рәсімді мүмкіндігінше салтанатты түрде орындау және одан өткеннен кейін тіркеу журналына жазу талап етілді⁷⁹⁴.

Верный түрмесінің бастығы штабс-капитан Захаровтың Үлкен Алматы шіркеуінің священнигі Дмитрий Солнцевке жазған хатында христиан дінін қабылдағысы келген Турбат Табеден жауап алынғандығы айтылған. Қытай қалмағы туралы мынадай мәлімет жазылған: Турбат Табе Верный қаласында туылған, жасы 27-де, әкесінің аты Табе, анасы Бурын-Тёгуз, пұтқа табынушылар болған, Турбаттың өзі де осы уақытқа пұтқа табынған. Ата-анасы және өзі Қытайға қуылған, Турбат үйленіп, әйелі және балалары болған. Әйелі мен балалары қайтыс болғаннан кейін ол 1886 жылы Қытайдан ешбір құжатсыз Жетісу облысына қашып келген. Тұтқындалғанға дейін әр жерде тұрып, 1888 жылдың ақпан

⁷⁹³ Сонда. 86 п.

⁷⁹⁴ КРОМА. 294-к. 1-т. 10-іс. 3-4 шп.

айында түрмеге қамалған. Қазіргі уақытта оның әйелі де, балалары да жоқ⁷⁹⁵. Осындай ақпараттар жинақталып, Турбат Табеның жағдайы анықталғаннан кейін оны православие дініне қабылдаған.

Осылайша архив деректері бойынша ХІХ ғасырдың 60-70-жылдары Қытай эмигранттары – қалмақтардың Ресей бодандығын және православие дінін қабылдау тарихы қарастырылды. Қытайдағы көтеріліс салдарынан босқын болып келген қалмақтар Жетісудың Қапал, Сарқан, Көксу, Верный, Түрген және т.б. аумағына егіншілікпен, бау-бақша, үй кәсіпшілігімен айналысу әрі орыс шаруаларымен тығыз байланыс орнату, тіл үйрену, діни сенімімен танысу үшін әдейі орналастырылды. Жағдайлары нашар қалмақтар Ресей бодандығын және православие дінін қабылдауға мәжбүр болды. Қоныс аударушыларды христиан дініне енгізу үшін жергілікті билеушілер мен діни қызметкерлер әртүрлі амал-айлаға барды. Жаңадан шоқынған қалмақтарға жер телімін, еңбек құралдарын, жәрдемақы берді. Алайда олардың үстінен қатаң бақылау орнатылды. Қалмақтардың жерлерін, үйлерін сатуға, өзге елді мекенге көшуге тиым салынды. Қалмақ балаларына арналған мектептер салынып, панасыз қалғандар балалар үйлеріне орналастырылды. Православие дінін қабылдау қалмақтарды өзіндік есімдерінен, тегінен, мәдениетінен, салт-дәстүрінен айырды. Миссионерлердің құйтұрқы қызметінің нәтижесінде қалмақтар орыс есімдері бар, христиан дінін ұстанған, орыс шаруасы тәрізді киінген, казак сословиесіне енген әлеуметтік топ болып шыға келді. Қазіргі уақытта қалмақтардың ұрпақтары тәуелсіз Қазақстанда басқа да ұлт өкілдерімен бірге өмір сүріп жатыр. Алайда олардың қалмақ этникалық тобына жатпайтындығы анық. Бұл халық өкілдерінің нақты атауы болмаса да өздерінің түп-тамырын, шыққан тегін, дәстүрлі діні мен мәдениетін, салт-санасын тарихтан ғана біле алады.

4.3 ҚАЗАҚТАРДЫ ХРИСТИАНДАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАРСЫЛЫҚТАР

Ресей империясы құрамына енген кезден бастап қазақтар патша билігіне деген айрықша адалдық сезімдерін білдіре қойған жоқ. Қазан университетінде оқылған «Қырғыздар: олардың өткені мен бүгіні» деп аталатын көпшілік дәрісінде профессор Н.Ф. Катанов: «ХVІІІ ғасырдың екінші жартысында Орта жүз бен Кіші жүздің қазақтары Ресейге

⁷⁹⁵ Сонда. 1–2 пп.

бодандыққа ниет етті. Бірақ бұл тек сыртқы форма ғана болатын. Бодандық білдіру арқылы қазақтар Ресей көмегі арқылы өздерін Орталық Азия халықтарынан қорғау ниетінде ғана болды», – деп атап өтті⁷⁹⁶. Профессор қазақ билеуші тобының іс-әрекеттерін түсіндіруге тырысты. Ол бодандықты қабылдауға олардың мен мендігі пен өзімшілдігі итермеледі деп есептеді. Адалдыққа қол қойылған актілер Ресейдің өзін не нәрсеге апарып соқтырғанын атады. Н.Ф. Катановтың пікірінше, «ешқандай қантөгіссіз бірнеше жүз жаңа бодан қосып алып, қалмақтардан сенімді қорған табу мақтан болды. Алайда Ресей қатты қателесті, себебі «оның адал әрі мәңгі делінген бодандары көп ұзамай бұрынғы көрген жәбірлері үшін қарымта сылтауымен» орыс тұрғындарына шапқындар жасай бастады»⁷⁹⁷.

Қазақ жерін қосып алу үдерісі ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ұлы жүз аумағын әскери күшпен басып алумен аяқталды. Түркістан өлкесінің губернаторы А.Н. Куропаткин бұл өңірдің жаулап алынуы мен орыс тәртібінің орнатылуын төмендегідей сипаттады: «Біздің аз ғана әскер өздерінен әлдеқайда көп күштерді талқандады. Осы бір анық көрінген үстемдік жергілікті халықтың орыстарды түземдікке қарағанда жоғарғы санаттың жаратылысы түрінде қабылдауға негіз берді. Өлтірілген әрбір солдаттар мен казактар үшін жазалаулар ерекше қаталдығымен көзге түсті. Егер кінәлі табылмаса, өлтірілген солдат табылған ауылдың барлық ер адамдары жауапқа тартылды. Осындай қатаң шаралар арқылы Түркістандағы орыс билігі біздің солдаттар мен казактардың өлтірілу жайттарының мүлдем сиреуіне қол жеткізді»⁷⁹⁸. Осындай «тыныштандыру» шараларынан кейін олар тұрғындардың өздеріне деген «сенімді қарым-қатынасына» қол жеткізе алды. Қазақтардың шаруашылық өмірінде, басқару жүйесінде, рухани саласында өзгерістер жүріп жатты. Исламды басып-жаншу православиеліктердің көбеюіне әкелуі керек еді. Бір діндегілерді басқару ресейлік биліктің пікірінше, әртүрлі дін өкілдерін басқарумен салыстырғанда үлкен қиындықтар туғызбайтын.

Жаңа өкімет әкелетін «артықшылықтарды» түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Басқарудың дәстүрлі түрлеріне үйренген қазақтар жаңашылдықты бірден қабылдамады, кейде тіпті қарсылық танытты. Бұл кейбір замандастардың пікірінше, жабайы, көшпелі халықтың реформалардың пайдасы мен зиянын әрең бағамдауы, сондай-ақ билік

⁷⁹⁶ ТР ҰА. 969-қор. 1-т., 16-іс, 1-9 пп.

⁷⁹⁷ Сонда, 3-п.

⁷⁹⁸ Куропаткин А. Н. 70 лет моей жизни. Исторический архив. – 1994. – №4. С.186.

тізгінін жоғалтқан сұлтандардың арандатуы деп түсіндірілді.

1867–1868 жылдарғы Ережелерді енгізуге байланысты қазақтардың тұрмыс-тіршілігін қайта құруға қолданылатын кейбір әдістер шенеуніктерге ұнамады. Мысалы, «генерал-губернатор Крыжановский орыс билігінің беделін қатаң шаралармен қалпына келтірудің орнына қырғыздарға жаңа жағдайдың артықшылықтарын түсіндіру үшін Түркістан облысының вице-губернаторы Юрковскийді, доктор Неймарк пен аудармашы сұлтан Жантөринмен бірге далаға жібереді. Бұл топтың күлкі болған нәтижелері бірден көрінді. Комиссия бірде-бір қырғызды кездестірмей, далада бос жүріп қайта оралды»⁷⁹⁹. Шамасы, қазақтар «ұзынқұлақ» арқылы комиссияның жүру бағытын бір-біріне хабарлап, олар жақындағанда орындарын ауыстырып, көшіп-қонып отырған. Кейінірек қазақ халқы наразылық таныта бастады, нәтижесінде хандар мен сұлтандардың билігін қалпына келтіру үшін және жаңа үкімет орнатуға қарсы қарулы көтерілістер орын алды. Алайда қарама-қайшылыққа қарамастан, Қазақстан аумағында ресейлік тәртіптер енгізіліп, біржолата бекітілді. Олар қазақ өмірінің барлық салаларына, соның ішінде дінге де әсер етті.

Халықтың рухани өміріндегі патшалық саясатқа қазақтардың реакциясын біз ағылшын тарихшысы А.Дж. Тойнбидің «Сынақ-Жауап» тұжырымдамасының мазмұнында қарастыратын боламыз. Әйгілі ағылшын ғалымы тарих философиясының екі түрін—«қасиетті» және «дүниелік» бейнеледі. «Қасиетті» түрінде, басқаша айтқанда, «діни, ғұрыптық» жоспарда әрбір «сынақ» адамдарға Құдай берген Жақсылық пен Жамандықтың арасында абсолютті еркін таңдау жасауға ынталандыру болып табылады. «Дүниелік» тұрғыдан алғанда, «сынақ» – өркениет өз тарихи даму жолында кездесетін мәселе: табиғи жағдайлардың нашарлауы, жаңа жерлерді игеру, жаулап алу – жаулап алушыларға да, жапа шегушілерге де қатысты «соққы», «қысым» – уақыт шегінде созылған «соққы», «аналық өркениеттің бөлшектенуі, жаңа қоғамдық күштердің пайда болуы, «жалпыға ортақ мемлекеттің» езгісі, т.б.⁸⁰⁰.

Енді қасиетті терминдер қолданылған «дүниелік» жоспардағы «сынақ-жауап» ұғымына тоқталайық. Сынаққа жауаптар қоғам үшін ізсіз кетпейді. А.Дж. Тойнбидің жазуынша: «Сынаққа жауап

⁷⁹⁹ Федоров Г.П. Моя служба в Туркестанском крае (1870-1906 гг.). Исторический вестник. Историко-литературный журнал. Сентябрь 1913. – С.790-810.

⁸⁰⁰ Мучник В.М. В поисках утраченного смысла истории: эволюция мировоззрения А.Дж. Тойнби. – Томск, 1986. – С.84

бере отырып, қоғам өзінің алдындатұрған мәселені шешеді, бұл құрылымның күрделенуі тұрғысынан өзін жоғары және кемелді күйге айналдырады»⁸⁰¹. Қазақстан тарихында тек XIX ғасырды ғана алғанның өзінде, сыртқы және ішкі сипаттағы «сынақтар» мен «жауаптар», «соққылар» мен «қысымдарға» байланысты көптеген кезеңдерді бөліп көрсетуге болады. Оларға: көршілер тарапынан жасалған шабуылдар көрінісі, халық-азаттық көтерілістер, патша самодержавиесінің жүргізген саясатына наразылықтар. «Сынақтарға» «жауаптар» әртүрлі жолдармен берілді: өтініштер, петициялар, анонимді хаттар жазу, қазақ зиялылары өкілдерінің биік мінберлерде айтқан әшкерелеу сөздері, халық бұқарасының қарулы наразылықтары.

Сонымен бірге әкімшілікті жергілікті халықтың аймақта болып жатқан өзгерістерге, орыс үстемдігінің орнауына байланысты реакциясы алаңдатты. Облыстардың әскери губернаторлары уезд бастықтарына, приставтармен халықтық оқу орындары инспекторларына жергілікті халықтың көңіл-күйін, діни-тұрмыстық тіршілігін бейнелейтін мәліметтерді жинақтау туралы нұсқаулықтар жіберіп отырды. Сондай-ақ нұсқаудың олардың ұстануына әрі басшылыққа алуға тиіс бағдарлама болып табылатыны айтылды. Онда мүмкіндігінше мәлімет жинаудың өзін жария етпей, оларға бағынышты жергілікті тұрғындармен оқу орындарын үздіксіз қадағалау қажет екені атап өтілді. Өз әрекеттерін жарияламау, «тыңшылыққа күдік тудырмас үшін және шаралармен діни жоралғыларды орындауда, жалпы алғанда, жергілікті халықтың өмір-тіршілігінде орынсыз ыңғайсыздықтар және орыс билігіне бейілді қарайтындар арасында наразылықтар туғызбау үшін мұны өте мұқият, алдын-ала ойластырып және ең дұрысы өздерінің жеке жасаулары қажеттілігі» ұсынылды⁸⁰².

Осыған орай әралуан мазмұндағы түрлі есептер түсетін. Кейбіреулері «иә», «жоқ», «байқалмаған», «қалыпты» деген сыңайдағы жалаң жауаптарымен ерекшеленсе, басқалары орын алған жағдайды егжей-тегжейлі сипаттап отырды. Осы орайда Қапал уезінің бастығы Лебедевтің есебі ерекше көзге түседі. «Тұрғындардың өскелең ұрпағы арасында прогрессивті бағыт байқала ма, болса ол қалай көрінеді және жалпы болашақта ықтималдық теориясына сәйкес жас ұрпақтан не күтуге болады?» деген сұраққа ол болып жатқан оқиғалардың объективті көрінісін көрсетті. Ол алдымен «заң мен билік қырғызды алдап соқты»

⁸⁰¹ Тойнби А.Дж. Постигание истории. – М.: Рольф, 2000. – С.126.

⁸⁰² ҚР ОМА. 44-қор. 1-т., 10253-іс, 1-п.

деп көрсетті. Одан әрі сол сынайда былай деп атап өтті: «Қырғызорыс билігіне күн күркіреуі, боран, су тасқыны сияқты табиғи апат ретінде қарайды, оның алдын ала алмайды, бірақ өзін қорғауға толық мүмкіндігі бар. Алайда ол орыс адамын жақсы көрмейді, бірақ бұл жерде оның діні, тегі басқа болғандықтан емес, өзін материалдық езгіге түсіріп, моральдық жағынан қыспаққа алғандығы үшін. Қырғыздар өлкедегі орыстардың биліктің сүйіктілері екенін, олардың билеп-төстейтінін, Ресейден өздеріне емін-еркін келіп, өз араларына қоныстанып, жерлер мен қоныстарды өз еріктерімен тартып алатынын, бұл үшін еш жазаға тартылмайтынын көрмей, түйсінбей отырған жоқ. Бірақ қырғыздар, өздеріне қайдан қорған табатындарын білмейді»⁸⁰³.

Есебін аяқтай отырып, уезд бастығы егер осылай жалғаса берсе, отарлаушы аппарат пен шаруалардың қазақтарды мәдениеттен алыс адамдар ретінде қабылдайтын көзқарасы өзгермесе орыс келімсектері мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынастардың болашағы күңгірт болатынын болжады. Отарлаушы әкімшілік тарапынан үнемі қысымдар, мұсылман дініне қысым жасау, қазақ тіліне тосқауылдар қою, баспа ісіне цензура қою және т.с.с. шаралар із-түзсіз кеткен жоқ. Бұлардың барлығы жергілікті тұрғындар санасында езілу, төмендетілу сезімдерін туғызды, бұлар қырғыздар арасында «әсіресе жас буындар арасында өсіп-көбейе алатын орыстарды ұнатпау» сезіміне өтіп отырды⁸⁰⁴. Көрсетілген жағдайлар Қапал уезінің бастығын айрықша алаңдатты, ол бұған орыстардың өздері кінәлі деп есептеді.

Қазақстандағы орыстардың мінез-құлқына қатысты объективті бағаны М.А. Преображенский өзінің «Түсінетін уақыт келді» деген мақаласында берді: «Біз мұсылмандарды олардың артта қалғандығы мен реакцияшылдығы үшін кінәлаймыз. Ал біз, орыстар Түркістанда 50 жыл болыпөзімізді культретінде жар салғанда не істедік? Бұрынғы өкімет жіберген шенеуніктердің алауыздық пен араздық сепкенін, жергілікті халықты жаншып, тонауда екенін көрдік. Орыс халқының басым бөлігінің жергілікті халыққа құл сипатында қарайтынын, әр мүмкіндікте мұны сөзбен де, іспен де баса көрсетуге тырысқанын көрдік. Мен өзім Түркістанда бес жыл болғанымда орыстардың жергілікті халықты шектен тыс қуғындап жазалағына бірнеше рет куә болдым. Әлбетте, олардың бізді ұнатпайтыны таңқаларлық емес»⁸⁰⁵.

⁸⁰³ Сонда, 65-п.

⁸⁰⁴ Сонда, 65-п.

⁸⁰⁵ Преображенский М.А. Пора понять! // Туркестанские ведомости. – 1912. –

Орыс патшалығына, шенеуніктер мен қоныс аударушыларға деген жағымсыз көзқарастар көрінісі олардың алғашқы іс-әрекеттері мен жарлықтарынан да туындап, ұзақ уақыт бойы жинақталып отырды. Жат жұрттықтар мен қазақтардың балаларына деген қамқорлық іспетті нәрсенің бір көрінісі, соның ішінде, бұрын атап өткеніміздей, казактардың отбасыларына немесе орыс халқының басқа топтарына балаларды сату туралы 1808 жылғы Жоғарғы жарлық шығарылды. XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Орал казак әскері шенеуніктерінің қолында сатылғаннан кейін казактарда қызметшілікте болған казак пен қарақалпақ балаларының тізімі болған. Көрсетілген 74 адамның ішінде 18-і қыз балалар болған⁸⁰⁶.

1831 жылы Қазақстанға жер аударылған поляк жазушысы Густав Зелинскийдің шығармасында да сатылған баланың тағдырыбылайша көрсетіледі:

Көптеген жылдар жоғалды
Бейқам бала кезінен,
Оны бала кезінен,
Еш кінәсіз құлдыққа сатқан...
Қатыгез езгілеу арасында
Қожайынның қу қызметшілері,
Ұятсыз қамқорлық қызметтерін көрсетті,
Өткен күндерді аңсаумен...
Қарғай отырып күнін өткізді,
Түнде ұйқысыз көз жасы төгілді⁸⁰⁷.

Қазақтарға православ дінін қабылдату арқылы олардың санасына орыс, рухын сіңіруге әрекет жасалды. Осы мақсатқа қол жеткізуде сәбилер ең қолайлы болған еді. Патшалық шенеуніктердің пікірінше, жас балалардың арасынан Құдай мен патшаға берілген адамдар шығуы керек. Бәлкім, бұл адамдарда орыс православие шіркеуі мен патша үкіметі Христос ілімінің болашақ уағыздаушыларын көрді. А.Дж. Тойнби өз еңбегінде атап өткеніне діни фанатиктер сипатында: «Османлы жүйесі жайылымдармен соқалардан құлдарды таңдап, оларды ханшайымдардың қызметшілері етті; ғасырлар бойы ата-бабалары христиандық есіммен аталған жастарды өздеріне алып, оларды ұлы мұхаммедтік мемлекеттердің билеушілері етті, оларды жеңілмейтін әскерлердің сарбаздары мен генералдары етіп өсірді және 11(24) октябрь.

⁸⁰⁶ ҚР ОМА. 4-қор. 1-т., 4595-іс, 21-п.

⁸⁰⁷ Зелинский Г. Киргиз (Поэма). – Томск, 1910. – С.26.

олар кресттерді құлшына құлатып, мұсылманның айшықтарын жоғары көтеретін»⁸⁰⁸. Бұл жерде әңгіме құлдардан жасақталған түрік «жаңа әскерін» құрайтын янычарлар туралы болып отыр. Бірақ бала сату әдеті қазақ жерінде тамыр жайған жоқ, XIX ғасырдың 30-40 жылдарындағы құжаттарда мұндай фактілер аз кездесіп, кейін мүлде айтылмайды. Ал шоқынған қазақтардан әскер шыққан жоқ.

Жасы 25-ке жеткен соң, жас жігіт өз кәсіп жолын таңдауы тиіс болды. Таңдау өте шектеулі еді: қыз бала Орал казактарының ұрпағына немесе шоқыну рәсімінен өткен қазаққа тұрмысқа шығуы қажет болса, ал жас жігіт казак әскеріне өтуі керек болатын. Сөйтіп, шынайы өмірде оған орыс ортасында қалуға тура келетіндей жағдай жасалды. Сол Жарлыққа сәйкес, «Отанына оралу ниеті қанағаттандырыла алмайды». Өйткені ол «қырғыз даласында емес, осында өмір сүру жолын таңдауы тиіс»⁸⁰⁹. Өз қандастарына қайтар жол мүлдем жабық болатын.

Балалық шағында бейтаныс адамдардың арасында болғандықтан, бала өз жай-күйін аса түсінбей, ештеңе істемейтін. Бірақ кәмелеттік жасқа жеткенде, қиыншылықты бастан кеше отырып, ол өзінің шыққан тегіне оралуға тырысты. Ресей үкіметінің мұндай жағдайларды «болжауы», «қызметтегі қырғыздарды» тек кейбір орыс қауымдастығына қосуға болады деген тармақтың пайда болуынан көрінді. Яғни құлдыққа сатылған қазақ билік пен дін өкілдері көрсеткеннен басқа жолды таңдай алмаған.

Тыйым салу шараларына қарамастан, балалық шағында күштеп шоқындырудан өткендердің көпшілігі туған даласына оралуға ұмтылды. Баланы сатып алғандағы казактар беретін қолхатта, олардың өлімі туралы хабарлау міндеттілігімен қатар қашып кетуі мүмкін екендігі, мұндай жағдайда дереу полицияға хабарлау керектігі туралы тармақтың болуы кездейсоқ емес еді⁸¹⁰.

Сібірлік бұратаналар шоқындыру рәсімінен бірнеше рет өткендердің қатарында болды. Себебі шоқынғандар өз діндеріне оралып отырды. Олар христиандық ғұрыпты қабылдағаннан кейін өмірлерінің жақсармағанын, тіпті нашарлағанын атады. Сонымен бірге олар православие сенімін қабылдаудан рухани жеңілдік алған жоқ еді. Миссионер бір қарияға шоқыну рәсімін қайталауды ұсынғанда, ол былай деп жауап берді: «Мен жас едім, мені орыстар сүйрелеп,

⁸⁰⁸ Тойнби А.Дж. Постижение истории. – М.: Рольф, 2000. – С.191.

⁸⁰⁹ ҚР ОМА. 4-қор. 1-т., 4595-іс, 236-п.

⁸¹⁰ Сонда. 28 п.

шоқыну рәсімінен өттім. Қазір мен өткенге басқаша, қарттың көзімен қараймын. Шоқыну бізге не берді? Халық кедейленіп, мал сандары азайып, бұғылар көшіп барады, тіпті адамдар көшуде, қарттар жоқтың қасы, көбісі өлді және адамша өлмеді. Жоқ, мен өз дәстүріммен, адамша өлгім келеді»⁸¹¹.

Кейбір шенеуніктер байырғы халықты христиандандыру міндетін орындауда аса құлшыныс танытып, қазақтардың орынды наразылығын туғызған шараларға дейін барды. Миссионерлер өздерін еркін сезініп, ешбір кедергісіз әрекет еткендерімен ғана қоймай, оларға тәртіп сақшылары да көмекке келетін: «Миссионер уағыз айтқанда, полиция шендісі бұл тек діни басшылықтың ғана емес, сонымен бірге биліктің де талабы екенін саналарына сіңіру үшін тұруы керек еді»⁸¹². Миссионерлер арасында мұндай нәрселерді мүлдем дұрыс емес, себебі олар қазақтардың әділ наразылығына әкелуі мүмкін деп санайтын парасатты адамдар да болды.

Егер жаулап алу қазақ мемлекеттілігін жойса, отарлау кезеңінде халықтың рухани өміріне шабуыл жасалды. Патша өкіметі, дінбасылар, шенеуніктер Орталық Азия мен Қазақстан халықтарына өздері білмейтін және осы «білімдерсіз» жасай алатын көп нәрселер әкелді. Сондықтан мұсылмандардың панисламизм туының астына бірігуінің бір себебі дінге аяқ басқан рухани экспансия болған еді.

Кейбір орыс идеологтары мойындағандай: «Біз Орталық Азия халықтары ортасына еуропалық мәдениеттің көптеген келеңсіз жақтарын да енгізгенімізді ұмытпауымыз керек: сыраханалар, апиын шегетін, жезөкшелер үйлері және басқа да осы тәріздес орындар қалаларда ғана емес, сонымен қатар, әрбір азды-көпті үлкен қалалық қоныстарда да көбейді. Бұл орындар «рухани және тән азғындықтары жемтігіне» ұмтылған жастарды бей-жай қалдырмады»⁸¹³. Осындай әрекеттерімен қарттарды қасірет пен қайғыға душар еткен жастар «Құранды және Шығыстың әдептілік, жақсы тәрбие жөніндегі ежелден келе жатқан заңды дәстүрлерін бұрын-соңды болмаған бұзушылықтармен өзатақтарыншығаруда. Түземдік жастар арасында қарақшылар, қанішерлер, айқын азғындар мен бұзақылар пайда болды.

⁸¹¹ Ядринцев Н.М. Сибирские инородцы, их быт и современное положение. – СПб., 1891. – С.223.

⁸¹² Сонда, 160-бет.

⁸¹³ Галузо П.Г. Туркестан – колония. (Очерк истории колониальной политики царизма в Средней Азии). – Ташкент, 1935. – С.201.

Құдайға деген сенім, үлкенге ізет, билікке деген құрмет таңғаларлық жылдамдықпен жоғалып барады. Иmandылықтың осыншама төмендеп кеткеніне өкінішпен қарап отырған қазіргі үлкендер, молдалар, қазылар мен ақсақалдар мұның бәріне орыстарды кінәлайды»⁸¹⁴.

Кейбір өлең жолдары мұсылмандар арасындағы сол кезде қалыптасқан жағдай туралы ащы күйге толы мұңды көрсетті:

«Қарапайым халық шариғат үкімдерін басшылыққа алмайды.

Біздің дүниеде көптеген маскүнемдер мен апиын шегушілер бар.

Бұл не заман, әр жамандық бізге шабуыл жасауда.

Әділетсіздік пен қатыгездік қана қалды, бірақ әділдік жоқ»⁸¹⁵.

Әйтсе де, мұндай жағдайдың өзінде Орталық Азия мен Қазақстан халықтары өз қадір-қасиеттерін жоғалтпады, «көрмеген әрі естімеген» нәрселерге алданып қалмады, жойқын үдерісті дер кезінде тоқтата алды.

Қазақтың рухани өміріне қатысты қандай шаралар қолға алынса да, олар өзінің ежелден келе жатқан дәстүріне берік болды. «Новое время» газеті 1911 жылы былай деп жазды: «Біз жергілікті халықтың қиялдарын техникалық мәдениет ғажайыптарымен, темір жолдармен, телеграфтармен, электр энергиясын қолданудың барлық түрлерімен және т.б. таң қалдырдық Бірақ біздің рухани мәдениетіміз түркістандық мұсылманның жан дүниесін қозғай қойған жоқ»⁸¹⁶. Мұндай бағалау, біздің ойымызша, патшалық Ресейде өмір сүрген барлық мұсылмандарға тән.

Егер кеңестік тарихта орыс және қазақ халықтарының жақындасуы, экономикалық және мәдени тұрғыдан тығыз байланыстары туралы жазылған болса, оларға қалай қол жеткізілгені толық ашып көрсетілмеген. Бұл байланыстар негізінен біржақты сипатта берілді: «Орыс мәдениеті қазақ халқының мәдениетіне өзінің аса күшті ықпалын жасады», «орыс мәдениетінің Қазақстан халқының мәдениетіне прогрессивті әсері», «Қазақстанның Ресейге қосылуының маңызды саяси салдары олардың орыс халқының ұлы революциялық күресіне қосылуы болды» т.б. және т.с.с. Кеңестік мектептер мен жоғары оқу орындарының түлектері бұл тарихи тұжырымдарды әлі де ұмытпаса керек. Шындығында, бұл бір халықтың мәдениетін екінші халықтың үстінен біржақты көтеру емес, тек өзара байланыстар, қарым-қатынастар мен өзара сыйластық қазақ және орыс халықтарына, олардың мәдени

⁸¹⁴ Галузо П.Г. Туркестан – колония. (Очерк истории колониальной политики царизма в Средней Азии). – Ташкент, 1935. – С.201.

⁸¹⁵ ӨР ОМА. И-1009-қор. 1-т., 23-іс. 32-п.

⁸¹⁶ ӨР ОМА. И-461-қор. 1-т. 1260-іс. 60-п.

дамуына көп пайдалы дүниелер бере алады.

Христиандандыру саясатын жүзеге асыру барысында мұсылмандық мешіттер мен мектептер жабылды, молдалар қудаланды. Қазақтар ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық түп-тамырынан: әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрінен ажырап, орыстың тұрмыс-тіршілігі күштеп сіңірілді. Соның салдарынан қазақтардың тәуелсіз ел болып өмір сүруіне қауіп төнді.

Осының бәрі қазақ халқының санасы мен жүрегінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы бағытталған наразылықтар ұйытқысын арттыра түсті. Қарсылықтарда халықтың сауатты, саналы бөлігі ретінде мұсылман дінінің шынайықайраткерлері: молдалар, ишандар, қазылар айрықша орын алды. Олармен бір қатарда қазақ зиялыларының өкілдері де тұрды. Орыс идеологтары патшалық саясатқа наразылық танытқан мұсылман қызметкерлерін бар амалдармен әшкерелеуге тырысты. Осындай дін өкілдеріне олар әртүрлі күнәларды тағуға ұмтылды. Қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы бөлігі де қуғын-сүргінге ұшырады.

Діни наным бойынша аурулардан айықтырып, болашақты болжайтын ишандарды, мысалы, ашкөз алдамшылар ретінде сипаттады. Алайда В. Бартольд «Қазіргі ислам және оның міндеттері» атты мақаласында мұсылман дінінің мұндай өкілдеріне басқаша сипаттама берген. Ол былай деп жазды: «Сонымен қатар осы жолдарды жазушының өзі өлкемен шамалы таныс болғанына қарамастан, ишандар арасынан тек мұсылмандарға ғана емес, орыстарға да сүйкімді әсер еткен шын мәніндегі биік, идеалды дерлік тұлғаларды кездестіре алды. Өз маңыздылығын тек халықты тонау үшін ғана пайдаланатын ишандар бар әрине; бірақ жергілікті тұрғындардың қой терісін жамылған мұндай қасқырларды көретін ақыл-парасаты жеткілікті, мұны сарттар мен қырғыздардың ондай ишандарды мазақ етуіненбайқауға болады»⁸¹⁷.

Шынында да, мұсылман дінінің барлық өкілдері өз халқына камқорлық жасады деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Олардың арасында осы дүниедегі өмірін жеке басының қамымен өткізуді мақсат еткен адамдар да аз болған жоқ. Мұндай жандар мұсылман халықтарының мақал-мәтелдерінде өз өткір сыбағаларын алған. Мысалы, қазақтардың молданың қарақан басының қамы туралы

⁸¹⁷ Бартольд В. Современный ислам и его задачи // Туркестанский сборник. – СПб., 1907. – Т.422. – С.164-165.

айтқандары:

Курай – жерді аздырады,
Қожа, молда – елді аздырады.
Қалтаң бос болса, молдаға барма.
Адам өлмей, молда байымас.

Ұйғыр және өзбек мақал-мәтелдері арасында да осындай сарындар кездеседі:

Молда алғанды біледі,
Бергенді білмейді.
Аларда «Бисмилла!»
Берерде «Астапыралла!»⁸¹⁸.

Мұндай діни қызметкерлер ешбір діндарлар ортасында құрмет пен беделге ие бола алмайтыны анық.

Біз өз білімін, ізгі ниеттері мен тәжірибесін жалпы патшалықтың отаршылдық саясатына, әсіресе діни езгісіне қарсы бағыттауға ұмтылған мұсылман діни қайраткерлерінің қызметін көрсетуге тырысамыз. Әсіресе орыс православие шіркеуі мен олардың арасында неофиттердің санын көбейту үшін қазақтар сеніміне әсер етудің түрлі жолдарын пайдаланған миссионерлер наразылық туғызды.

Қазақтың рухани өмірінде молдалар әрине, ең үлкен рөл атқарды. Олар отаршыл биліктен көбірек теперіш көрді, билік оларды сауатсыз және барлық прогрессивті нәрседен алыс етіп көрсетуге тырысты. Бұл мүлдем дұрыс емес еді. Өйткені олардың бірқатары арнайы мұсылмандық діни мектептерді бітірген болатын. Исламның діни қызметкерлерінің сауатты әрі діни мәселелерден хабардар болғанын кейбір православие уағызшылары да атап өтті: «Алғашқы миссионерлік ілімдер сауатты қырғыздардың Інжілдің қате аударылғаны туралы мәлімдемелеріне кездескені таңқаларлық емес пе? Ал оларға ғұлама молда қарсылық білдірсе не болмақ?»⁸¹⁹.

Сауатты қазақтардың орыс тілін жетік меңгеруі миссионерлер ренішпен атап өтетін жағымсыз салдарларға әкеп соқтырды. Мұның үстіне, орыс тілін білу, молдалардың христиандық теологиялық кітаптарды оқи алуы, православие дінін уағыздаушыларға зиянын тигізді және олардың қызметтерінің тағдыры үшін үлкен қауіптер әкелді. Бұл бекерден емес еді, себебі орыс және кеңестік тарих ғылымында жағымсыздау эпитеттермен жиі сипатталатын мұсылман дінбасылары жергілікті халықтың болашағына алаңдаушылық білдіруден қазақ

⁸¹⁸ Уахатов Б. Дін және иелерін өшкерейтін мақал-мәтелдер. – Алматы, Қазақстан: 1965. – 19-20 бб.

⁸¹⁹ СКОА. 679-қор. 1-т., 47-іс, 4-п.

қоғамының алдыңғы қатарлы бөлігі өкілдерінен кем түспейтін.

Көпшіліктің санасында большевиктік идеологтар жасаған молда бейнесі берік орын алды: ол сауатсыз, түкке тұрғысыз, бейшара шәкірттерін жазалайтын таяғы баршоқша сақалды бір қарт. Оған өз халқының тағдырына мүлде немқұрайдылық танытушы мен үнемі пайдаға ұмтылу теңеулері қосылды. Адамдарды мұндай тұлғалармен қарым-қатынас жасаудан мүлдем бас тартқызу үшін одан да жағымсыз, мүмкін емес нәрсені ойлап тапқан дұрыс па еді.

Қазіргі жағдайда объективті сипаттама беру және жекелеген мұсылман дінбасыларының қоғамдағы орны мен рөлін анықтау мүмкіндігі олардың Қазақстандағы патшалық отарлау саясатына қарсы күреске белгілі бір үлес қосқаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бастапқыда мұсылман дінбасыларының әрекеттері таза діни бағытта болды. Бұл православиеге деген дұшпандық көзқараста көрінді. Өйткені орыс православие шіркеуі исламды үнемі сынап, мұсылмандарды қысымға алатын. Православие мен ислам арасындағы текетірес кейде оғаш жайттарға да әкелді. Меккеден оралған қажылар өздерімен бірге сананы ұзақ уақыттар қозғай алатын сыбыстарды да алып келетін. Біздің ойымызша, кейбір мұсылман дінін ұстанушыларда олардың жаңғырығы осы күнге дейін сақталып қалған.

XIX ғасырдың 80-жылдарының басында қажылар Меккеден аз уақыт ішінде бір тауықтың ішінде кішкентай жылан пайда болып, одан «дәжл» (тәжжал) туатыны туралы хабарды бүкіл Орталық Азияға әкеліп таратқан болатын. Бұл сөздің аудармасы дұрыс емес болуы мүмкін, өйткені мұсылмандар қатысқан кейінгі оқиғалар осы гипотезаны растайды. Біздің ойымызша, бұл исламға қайшы келетін нәрсені білдіреді. Басым түрде құдайға, жаратушыға қарсы. Сондықтан, барлық мұсылман дініндегілерге дерубүкіл тауықтарды жоюды бастау ұсынылды. Өкініштісі, бұл күлкілі қауесеттің таралуы тауықтарда ішекқұрттары ауруының пайда болуымен (жоқ дегенде Түркістан облысында) тұспа-тұс келді. Осылайша бүкіл Түркістан өлкесінде жергілікті тұрғындар «тәжжалды» тудырушыларды бірден соға бастады және «сарттардың шектен шыққан саудасына қарамастан, бұл пайдалы құстардың бірнеше жүз мыңы қысқа мерзімде қырылды»⁸²⁰. Себептерін түсіндіру және құрт ауруына шалдыққан

⁸²⁰ Сборник материалов по мусульманству / Под ред. В.И.Ярвого-Равского. –

тауықтардың ішегін көрсету бойынша жүргізілген шаралар оң нәтиже бермеді. Рас, ең тапқыр әрі зеректеу деген жандар олардың көздерін құртпай-ақ, «тауықтарды христиандар мен еврейлерге 1-2 тиыннан сою үшін сатуды» бастады⁸²¹.

Тауықтарды жоюдың басқа нұсқасы да бар. Олардың ауруына байланысты жергілікті тұрғындар жоғарыда сипатталған жолмен түбегейлі құтылуды ұйғаруы мүмкін.

Ал ең қолайлы болып табылатын соңғы нәрсе – православиенің таралуына қарсы күрес әдісі, осы жолда материалдық әл-ауқатты құрбан етуге дайын болу.

Діни қызметкерлердің кейбір әрекеттері мұсылмандар арасында христиандық діни кітаптардың таралуына наразылықпен байланысты. Орыс Түркістанындағы Інжілдің парсы және түркі тілдеріндегі аудармаларының тағдырын бақылай отырып, мемлекеттік мектеп мұғалімі былай деп жазды: «Бір ауылда жергілікті мұсылмандар бір қазының бұйрығымен бұл аудармаларды жинап, мұсылмандарды бұдан былай азғырмас үшін оларды тоғанға лақтырды»⁸²². Мұндай жағдайлар жалғыз емес еді, бұл миссионерлердің қазақтардың діни сезімдерін толық түйсінбегендерін көрсетеді. Асығыстық пен жазасыздыққа толық сенім де христиан дінін таратушылар үшін тағдырлы рөл атқарды.

Ресейдегі үкіметке қарсы наразылықтар, әскери қақтығыстар кезеңінде қазақ халқын қадағалау күшейді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен отаршылдық әкімшілік орындарына жергілікті жердегі жағдайлар туралы жоғарғы басшылықтарға баяндап тұру тапсырылды. Петропавл уезі бастығының жасырын хабарламаларының бірінде: «Мұсылман тұрғындары болып жатқан оқиғаларға қызығушылық танытқанымен, патриоттық сезімдерінің көтерілгені байқалмайды» деп жазылған. Бұл молдалардың уағыз оқитын жағдайларына қатысты, «бірақ мұны тек патриоттық сезіммен байланыстыру дұрыс болмас еді»⁸²³. Мұсылман халқының бойында

СПб., 1899. – С. 34.

⁸²¹ Сборник материалов по мусульманству / Под ред. В.И.Ярового-Равского. – СПб., 1899. – С. 35.

⁸²² Миссионерский противомусульманский сборник. Труды студентов миссионерского противомусульманского отделения при Казанской Духовной Академии. – Казань, 1894. – Вып. 20. – С.100.

⁸²³ ҚР ОМА. 369-қор. 1-т., 1353-іс, 8-п.

патриоттық сезімнің жоқтығы олардың дінге қатысты өзгерістерге үміттенуімен байланысты болды.

Кейбір қазақ қалаларының мұсылмандары өз халқының жағдайының нашарлап бара жатқанын көріп, оларға көмектесуге тырысты. Осы мақсатта әртүрлі қоғамдар құрылды, олардың міндеттері адамдардың материалдық және моральдық жағдайын жақсарту болды. Солардың бірі – 1898 жылы құрылған Семей мұсылмандарының қайырымдылық қоғамы. Қоғамның негізін қалаушылар 27 адам болды, олардың ішінде: ахун, молда, көпес ұлдары және т.б. бар еді. Қоғамның жарғысында «мұсылман дінінің жынысына, жасына және жағдайына қарамастан қала мен оның төңірегіндегі кедей мұсылмандарға «қаражат жеткізу мақсаты бар» деп жазылған. Олардың көмегі кедейлерді киіммен, тамақпен және баспанамен қамтамасыз ету, мұқтаждарға жұмыс немесе қызмет табуға көмектесу, науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және т.б. болды⁸²⁴. Мұсылман діни қайраткерлерінің осы қайырымдылық қоғамына қатысуы олардың қиын-қыстау кезеңде діндестеріне көмектесуге деген ұмтылысын айғақтайды. Сонымен қатар мұндай қоғамның пайда болуы байырғы халық арасында кедейлер санының көбеюін көрсетеді, мұны патшаның жергілікті тұрғындарды отарлауға бағытталған саясатымен байланыстыру керек.

Жарғыға «қарттар мен мүгедектерді сиыну үйлеріне, қайырымдылық үйлеріне және т.б., ал кәмелетке толмағандарды балалар үйлеріне, паналау жайларына...»⁸²⁵ тапсыру туралы тармақты енгізу жаулап алудың қазақ халқы үшін қаншалықты ауыр зардап әкелгенін растайды.

Ежелден жас ұрпақ қарттарға қамқорлық жасап, қазақ қоғамында «қамқорлық, паналау үйлері», «балалар үйі» деген тәрізді ұғымдар болмаған. Қайырымдылық мекемелерінің бірінің атауы қызықты – «қамқорлық (қадағалау) үйі». Орыс тілінде «қадағалау» етістігі «біреуге баспана, тамақ беру» дегенді де білдіреді⁸²⁶. Қазақтың «көз қырын тастау» тіркесі мағынасы жағынан осыған өте жақын.

Дәстүрлі қазақ қоғамында кедейленген аталастар, жетім қалған балалар әртүрлі жұмыстар істеп, ауқатты туыстарын паналаған. Қайырымдылық орындарының пайда болуы осылайша

⁸²⁴ ҚР ОМА. 15-қор. 1-т., 401-іс, 95-108 пп.

⁸²⁵ Сонда. 97-п.

⁸²⁶ Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М., 1997. – С. 493.

жаңа капиталистік қатынастардың енуі нәтижесінде рулық қауымдастықтың ыдырай бастағанын көрсетеді.

Мұсылман қайырымдылық қоғамы Жарғысының аталған тармағы бір жағынан қамқорлықтың көрінісін берсе, екінші жағынан қазақтардың аянышты жағдайында көрсетеді. Қайырымдылық қоғамдарының күшімен қазақ халқының жағдайын жақсарту мүмкін емес еді. Сондай-ақ өтініштер, ұсыныстар түріндегі басқа да шаралар қабылданды.

Егер бастапқыда өтініштер, мұсылман дінбасыларының сөздері батылсыз дауәрі шорқақтау шығып, өтініш айтылған үндеулерді еске салса, уақыт өте келе өзгерістер орын алды. Талаптар да, наразылықтар да пайда болды, жалпы өңі өзгеріп, наразылық үндері күшейе түсті.

Мұсылман дінбасылары орыс отаршылдығынан қазақтарға төнген қауіпті сезініп, оған қарсы шықты, оларға қарсы күресте күш біріктіруге шақырып үгіт-насихаттар жүргізді. Олардың бірі Ақат Қарымсақов өзін діндар ақын ретінде көрсетті. Ол өз халқын қазақтың сенімін – ислам дінін қорғауға, отаршылдарға қарсы күресуге шақырды⁸²⁷.

Ақат Қарымсақовтың қаламынан төрт эпикалық шығармашыққан. Солардың бірі 1894 жылы жазылған «Ақат Алтай Ғазалы» «Самодержавиенің 1868 және 1891 жылдардағы аумақтарды басқарудағы реформаларының салдарын әшкерелеуге» арналған⁸²⁸. Бұл жұмыс зерттеушілерге жүз жылдан астам белгісіз болып келді. Онда автор патшалық саясатты поэтикалық тұрғыда әшкерелейді, орыс бұйрықтарын таңу салдарын ащы суреттейді. Отаршылдардың келуімен «Зар заман» кезеңі басталды. Бұл қазақтардың түпкілікті тәуелділікке түсуі, орыс казактары мен шаруалардың далаға қарқынды енуі, Қазақстан дербестігінің қалдықтарын жою кезеңі еді. Кеңестік кезеңде орыс ықпалына ашық қарсы шыққандардың барлығы феодалдық-бай элитасын қолдаушылар қатарына, өткен заманды жоқтаушылардың қатарына қосылды. Бұл санатқа Ақат Қарымсақов та жатқызылды.

Өзінің «Ақат Алтай Ғазалы» шығармасында автор былай деп жазады:
Ай, зар заман, зар заман,
Зарлап өткен тар заман.

⁸²⁷ ҚР ОМА. 151-қор. 2-т., 359-іс, 24-27 пп.

⁸²⁸ Ақат Алтай Ғазалы // Таң Шолпан. – 2003. – № 1. – 95-105 бб.

Осы күнде адам жоқ
Ақылдыныбарлаған⁸²⁹.

А.Қарымсақов бұл жолдарында қасірет дәуірінің басталуымен байланысты жан азабын жеткізеді, сондықтан уақыт мұңмен өтсе, адамдарда сана жоқ. Бұдан әрі ақын өз шығармасында бірлікке, ынтымаққа шақырады, сонда ғана қазақ орыс отаршылдығынан азат болмақ. Орыс патшалығы жерді басып алғаннан кейін рухани өмірге араласып, соның салдарынан имандылық жойылады, ұлттық салт-дәстүрлер ұмытылады.

«Ұлы, қызың тіл алмас,
Жақсылығың бола алмас.
Бала атадан ұялмас,
Ата байғұс кия алмас.
Аға тілін іні алмас,
Тату болып жүре алмас»⁸³⁰.

Болашақта мұндай жағдайда бұдан да сорақы заман туады, деп жазады А.Қарымсақов. Соның салдарынан отбасылық қалыптародан әрмен бұзылып, бала тәрбиесіне орасан зор зиян келеді. Ақат Қарымсақовтың айтуынша, балалар ата-анаға бағынбайды, үлкендер сый-құрметтен айырылады.

А.Қарымсақов патшалық отарлау саясатының салдарларын даболжайды.

«Кәпірге болып кіріптар
Мұсылманнан ерік кетті...
Иманды көбі білмейді,
Түзік жолмен жүрмейді»⁸³¹.

Дінсіз – кәпірлердің тәуелділігіне түскен мұсылмандар ержүректік қасиетін жоғалтты. Көбісі енді дінін білмей, қисық жолмен жүр.

Мазмұны жағынан А.Қарымсақов өлеңдері халық өміріне төніп тұрған қауіп-қатерді анық сезінген зарзаман ақындарының шығармаларымен үндес. Олардың кейбірі қазақтардың жеке ұлтретінде жойылып кетуін де болжаған. Ақындардың бірі: «Қазақ халық болудан қалады. Олардың күндері санаулы», – деп жазды⁸³². Сондықтан «Зарзаман» дәуірінің ақындары және олармен бірге А.Қарымсақов та

⁸²⁹ Ақат Алтай Ғазалы // Таң Шолпан. – 2003. – № 1. – 101 б.

⁸³⁰ Сонда, 101-бет.

⁸³¹ Сонда, 97-99 бб.

⁸³² Дулат. Өсиет-Наме. – Қазан, 1910. – 10-бет.

орыс патшалығына қарсы күреске шақырды. Олардың көпшілігі дінге миссионерлер қол сұғып жатқан ұлттық болмыстың құрамдас бөлігі ретінде қарады. Діндарлықты жоғалтуды олар ұлттан айырылу ретінде көрді. Мұсылман қайраткерлері Ресейде қалыптасқан тәртіпке қарсы наразылықтарға жиі қатыса бастады.

Молдалардың жетекшілігімен әр жерлерде отаршылдыққа қарсы көтерілістер болып жатты. Ал 1898 жылы 18 мамырда ишан Мұхаммед Әлидің басшылығымен бүкіл Түркістан өлкесін дүрліктірген Әндіжан көтерілісі болып өтті⁸³³. Әндіжан бас көтеруіне 2 мыңнан астам адам қатысты. Мұхаммед Әли өз тарапына болыс билеушілерін, халық билерін және жергілікті тұрғындардың басқа да таптарын тарта білді. Сөз сөйлеген халықтың алға қойған басты мақсаты – «Орыс билігін жою» болып табылды⁸³⁴.

Көтеріліске қатысушылардан 18 адам қаза тапты, 360-ы қаторгалық жұмысқа жер аударылды, көтеріліс басшысы тұрған ауданға 200 үйден тұратын орыс селосы қоныстандырылды⁸³⁵. Өлке басшылығы үшін мұндай қырғын жеткіліксіз көрінді.

Олар көтеріліс себебін саралай келе, ислам дініне және оны ұстанушыларға қарсы күресті күшейту қажет деген қорытындыға келді. Аумақты жаулап алумен бірге мұсылманның да рухы бағындырылып, бұл қырғыздарды, түрікмендерді және басқа да түземдіктерді ішкі губерниялардағы орыс шаруасымен теңестіруге мүмкіндік береді деген бұрынғы сенімнің қате екені білінді. Отаршылдыққа қарсы бас көтеру туралы қауіптер бұрын сынға алынса, енді ол қауіптердің негізсіз емес екендігіне көз жеткізілді.

Ресей патшалығының жүргізген саясатына наразылық Қазақстанның бүкіл аумағында көрініс тапты. 1905 жылы 2 мамырда Ақмола уезінің бастығы облыстың әскери губернаторына рапорт жолдап, онда Ақмола даласындағы қазақтар арасында «патшалық Ресейге қарсы» діни-патриоттық қозғалыстың кең өріс алғаны жазылған⁸³⁶. Жазалаушы билік үшін бір ғажабы, оның қайнар көзі – Қазақстанның өзінен алыс, Ресей астанасында болған.

Қазақстандағы діни-саяси қозғалыстың жандануына Петербургте полковник Ғазиз Уәлиханов құрған мұсылман қоғамының ықпалы зор болды. Ғазиз Уәлиханов Омбы кадет корпусын бітіріп, патша әскерінде

⁸³³ ҚР ОМА. 649-қор. 1-т., 153-іс, 1-31 пп.

⁸³⁴ Миропиев М.А. О положении русских инородцев. – СПб., 1901. – С.389.

⁸³⁵ ҚР ОМА. 44-қор. 1-т., 1133-іс, 35-п.

⁸³⁶ ҚР ОМА. 369-қор. 1-т., 897-іс, 29-п.

қызмет етіп, өз қызметін әскери министрлікте аяқтаған. Ол полковник шенін алмастан бұрын штабс-ротмистр болған кезінің өзінде, патша саясатына қатысты сөздерімен жоғарғы орындарды абыржытуда болатын. 1869 жылы ақпанда Түркістан генерал-губернаторы әскери министрге штабс-ротмистр Уәлиханов жөнінде алынған жағымсыз пікірлер туралы баяндады. Жетісудың оңтүстік бөлігіндегі қазақтар арасындағы тынышсыздықты олар Уәлихановтың ықпалымен байланыстырды. Ол «жергілікті билік өкілдерімен әңгімелерінің өзінде қазақ даласының ұлы жаулап алушылар Шыңғысханның, Ақсақ Темірдің, Бату және басқаларының бұрынғы отаны екенін, өз күшін қазір декорсете алатынын айтқан»⁸³⁷. Кейбір адамдардың өткен мен бүгінгінің айырмашылығы туралы ескертуіне: «Уәлиханов Ресейдің күштері соншалықты үлкен емес екенін дәлелдеуге тырысқан». Уәлихановтың Жетісу қазақтарына ықпалын тоқтату үшін оны өз атамекеніне «Сібір қырғыздары облысына» жіберу ұсынылды, бұл туралы Батыс Сібір генерал-губернаторлығына хабарланды.

Бірақ бұл жерде де ол үкімет орындарын алаңдатуын тоқтатпады. Бас штаб бастығының әскери министрге 1869 жылы сәуірде жасаған баяндамасынан: «Штабс-ротмистр Уәлихановтың Жетісу өлкесінің қырғыздарының санасына тигізген зиянды әсерінен бұл офицер Батыс Сібірге ауыстырылды. Қазіргі уақытта Батыс Сібір әскери округі әскерінің қолбасшысы өз тарапынан оның өзіне сеніп тапсырылған қырғыз даласында болуының ыңғайсыз екенін мойындайды. Өйткені Уәлихановтар әулетінің Сібір даласы қырғыздары арасындағы сый-құрметіолардың тыныштығына зиянды әсер етуі мүмкін»⁸³⁸. Қорыта келе, Бас штаб бастығы «штабс-ротмистр Уәлихановты оны қоршаған орта жағдайына сай ешқандай зиянды салдарға әкеп соқтырмайтын империя ішіндегі қандай да бір атты әскер полкіне қызмет етуге ауыстыруды» ұсынады. Осылайша F.Уәлиханов толық әскери қызметте жүрген кезінің өзін де самодержавиенің басқыншылық саясатының салдары туралы отаршыл билікке мәлімдеуге батылы барды.

Қызметінің арқасында ол Қазақстандағы патшалық жоспарлары жөнінде мәліметтерге жақсы қол жеткізе алды. Оның Петербургтегі пәтерінің сонда білім алған қазақ жастары мен Ресей астанасындағы белгілі мұсылман зиялылары бас қосатын орталыққа айналуы бекер емес еді. Онда Петербург жұмыстарымен келген қазақтар да тоқтап

⁸³⁷ ӨР ОМА. И-715-қор. 1-т., 39-іс, 65-п.

⁸³⁸ Сонда, 133-п.

отырды. Ғазиз Уәлихановтың пәтерінде жиі өтетін мұндай жиындарда түрлі мәселелер талқыланып, патшалық отаршылдық саясат сынға алынып, ислам дінінің сақталуы мен дамуы, қазақтардың мәдениеті мен тілінің жайы сөз болды.

Отанмен байланыс орнату біржақты бағытта болған жоқ. Ғазиз Уәлиханов мезгіл-мезгіл Қазақстанға келіп, жергілікті зиялы қауыммен, мұсылман дінінің өкілдерімен кездесіп, оларды саяси және діни мазмұндағы әдебиеттермен қамтамасыз етіп отырды. Өз әңгімелерімен ол олардың арасында үкіметке қарсы көңіл-күйлерін оятып, дамыта түсті⁸³⁹. Уәлихановтың қызметі жергілікті билікке белгілі болды, бұл оған уезд бастығының берген мінездемесімен расталады: «Ол ислам идеясына да, қоныс аударушылардың қырғыздарға қысым көрсетуіне де –қысқасы екі жағының да фанаты болып шықты. Оның хан тұқымы ретінде де, еңбек сіңірген адам ретінде де ықпалы өте зор. Онымен бірге Петербургте жергілікті молда, әлдебір заңгер, қырғыздардан келген юнкерлер мен студенттер т.б. әрекет етуде. Оның идеялары таза бүлікшіл сипатта»⁸⁴⁰.

Бастапқыдатәріп сақшыларының Уәлихановтың іс-әрекетіне аса мән бермегенін айта кеткен жөн. Оның келуі мен жанында бірге жүрген адамдар туралы келіп түскен хабарлар қазақтардың әдеттегі дәстүрімен түсіндірілді. Уәлихановтың Көкшетау қаласына кезекті сапары туралы полиция бастығының баяндамасында: «...қырғыздар арасында бір сұлтан пайда болды, оның қасына мыңға жуық қарулы қырғыздар топтасты және халық арасында осы сұлтанға қатысты оның болашақтағы қырғыздар көтерілісінің басты жетекшісі болатыны жайында қауесет тарауда». Полиция бастығы мұның «Петербургдан Көкшетау ауданына келген, өзімен бірге жүретін далада көп туыстары бар полковник Уәлихановпен байланысты екені анық» деп жазады. Полицмейстер мұндай жиналған халықтың себептері басқада жатқанын мүлдем сезінбейді. Сондықтан ол баяндамасын аяқтай, былай деп түсіндіреді: «Ол шынымен де үлкен сый мен құрметке ие, сондықтан онымен бірге жүрген қырғыз тобы да айтарлықтай көлемге оңай ие бола алады»⁸⁴¹. Мұндай түсіндіруазаттық қозғалысқа қолайлылық туғызды.

Ғазиз Уәлихановпен тұрақты байланыс жасау молдалардың белсенді

⁸³⁹ Об антиправительственных настроениях // Нива. – 1891. – № 11. – С.5.

⁸⁴⁰ ҚР ОМА. 64-қор. 1-т., 5614-іс, 19-п.

⁸⁴¹ ҚР ОМА. 369-қор. 1-т., 3722-іс, 32-п.

болуына ықпал етті. 1903 жылдан бастап Петропавл, Көкшетау және Ақмола қалаларында астыртын діни-саяси ұйым құрылды. Оның құрамына молдалар ғана емес, сонымен бірге мұғалімдер мен Санкт-Петербург университетінің заң факультетінің студенті Айдархан Тұрлыбаев та енді. Ол кейінірек Алаш қозғалысының көрнекті көсемдерінің біріне айналды. Бұл ұйымды Петропавл қаласындағы үшінші мешіттің молдасы Мұхамеджан Бекішев басқарды. Ағасы Хұсайын Бекішев Ақмола қаласындағы қозғалыстың негізгі үгітшісі болды. Ол жергілікті молдалардың бәрін жинап, олармен бірге қазақтардың мұң-мұқтажына қатысты барлық мәселелерді жан-жақты талқылады. Жиындардың бірінде тіпті Санкт-Петербургке петиция жіберу туралы шешім қабылданды.

Дәл осындай жұмысты Қарағанды далаларында молда Мұхамеджан Елебаев жүргізді. Петропавлдан Қазақстанның түкпір-түкпіріне діни-саяси мәселелерді жан-жақты талқылау, қазақ халқының барлық өкілдері мен құрметті тұлғаларының сиезін шақыруға дайындалу, қазақ халқының петициясымен Петербургке делегация жасақтау және жіберу қажеттілігіне қаражат жинау туралы ұсыныстар жазылған хаттар жолданды.

Әдебиетте де, халық арасында да Науан хазірет деген атпен танымал молда Наурызбай Таласов мұсылман тұрғындары арасында үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізіп, оларды отаршылдарға қарсы соғысқа шақырып, билікке қарсы хаттар жазып таратып отырған. Науан хазірет қазақ халқының дінін, ұлттық салт-дәстүрін қорғаушы ретінде даңқы шықты. Ол шіркеу қысымына және патшалықтың орыстандыру саясатына қарсы тұруға қабілетті күшті ислам дінінен көріп, соған жүгінді.

Мұхамеджан Бекішев, Шаймердан Қосшығұлов, Смағұл Балжанов молдалар, студент Айдархан Тұрлыбаев және т.б. хаттардаярлап, қазақ қоғамындағы ең беделді тұлғалар: Сәдуақас Шормановқа (Павлодар уезі), Кенжинге (Зайсан уезі), Абай Құнанбайұлына (Семей уезі) және басқаларына таратып, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында халықты біріктіруге көмектесуге шақырды.

Бұл хаттардың мазмұны қазақ молдаларының отаршыл әкімшілікке бағынбаушылықтарын көрсететін. Олар Орынбор мұфтиіне бағыну қажеттігін, шіркеу мен билік тарапынан ислам дінін қудалауды тоқтату, қазақтардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу, мұсылман мектептерін сақтау, қазақ тілінің еркіндігін сақтау, шаруаларды қазақ

жеріне көшіруді тоқтату, шаруа бастықтарының лауазымдарын жою қажеттігін көрсетті. 1903 ж. 28 сәуірде Ақмола облысы Көкшетау уезіне қарасты сегіз болыс қазақтары атынан Ішкі істер министрінің атына жазылған хатта (өтініште): «Шаруаларға өзіміз қоныстанған жерлерді беріп, басшылар бізді пайдасыз жерлерге апарды. Оған да шыдадық. Қасиетті шариғат пен иманымыз жанымыздың тыныштығы еді. Осындай қысымдар келгенде, өтініш жазуға сеніп тапсырылған адамымыздың еш сөзге келтірілмей гауптвахтаға қамалғанына жанымыз шыдай алмады. Құранымыз, кітаптарымыз жаман жерлерге лақтырылды, медреселеріміз жабылды. Шариғаттан ажырағанша өлгеніміз артық»⁸⁴². Ал 1904 жылы 24 ақпанда молда Құдияр Распаев Көкшетау уезінің бастығына: «Біздің әкелеріміз хан Кенесары Қасымұлының серіктері болған... дініміз үшін қолымызға қару алып, ержүрек батырларша өлейік» деген мағынада ашулы хат жолдады⁸⁴³.

Отаршыл билік молдалардың іс-әрекеттерін, әсіресе олардың Қазақстанның әр түкпіріндегі беделді адамдармен хат алмасуын қырағылықпен бақылап отырды. Жергілікті жерлерге жіберілген хаттар тоқтатылды, одан соң мұсылман дінбасыларына және онымен байланысты барлық нәрселерге қарсы репрессиялық шаралар жасалып отырды. Петропавлда, Көкшетауда, Ақмолада, Павлодарда, Семейде тінтулер мен тұтқындаулар жүргізілді. Мешіттер мен медреселер жабылды. Петропавл қаласының үшінші мешітінде 272 кітап, жарлық және көптеген хаттар тәркіленді. Павлодар ауданында Ғабдолла Исабековтен түрлі мазмұндағы 107 кітап тәркіленді. Молдалар Галасов, Қосшығұлов, Қадыров, Түленкин, Бакизин Шығыс Сібірге жер аударылды⁸⁴⁴.

Далада танымал молда Науан хазіреттің жер аударылуы туралы Әлихан Бөкейхан былай деп жазды: «Егер үкімет саналы түрде қазақ халқын орыс ағартушылығынан бөліп, панисламизмнің құшағына итергісі келсе, бұл үшін танымал Науанды қудалаудан басқа ештеңе ойлап таппас еді»⁸⁴⁵.

Расымен де, өз молдаларының жер аударылуына алаңдаған қазақтар оларға ақша жинауға тырысты, бұл уезд басшылығына да белгілі болды. Бұл әрекеттерді жүзеге асыртпау шаралары жүргізілді.

⁸⁴² ҚР ОМА. 64-қор. 1-т., 938-іс, 251-п.

⁸⁴³ Сонда, 330-п.

⁸⁴⁴ ҚР ОМА. 369-қор. 1-т., 3722-іс, 130, 214 пп.

⁸⁴⁵ Ә.Бөкейхан. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1993. – 74-бет.

Жер аударылғандардың пайдасына ақша жинау алдағы жәрмеңкеге ұйғарылды, өйткені онда «қазақтардың қолында ақша болады»⁸⁴⁶.

Діни-саяси астыртын ұйымның қатаң талқандалуы бүкіл қазақ даласын дүрліктірді. Бұл халықтың наразылығының тоқтауына емес, керісінше артуына әкелді. Осы орайда Петропавл уезінің бірінші учаскесінің шаруа басшысы «Қырғыз халқыөзөміріне орыс билігінің тым қатты араласып бара жатқанына алаңдаулы» деп атап өтті⁸⁴⁷.

Осындай жағдайда, тіпті Ресейдегі қанды жексенбіден (1905 ж. 9 қаңтар) кейін ұлғайып келе жатқан революциялық қозғалыс жағдайында қазақтың ұлттық зиялылары, оның ішінде белсенді молдалардан тұратын діни бөлігі империядағы жалпы мұсылмандық саяси қозғалысқа белсенді түрде қосылды. Ол Қазақстанды да қамтыды – империядағы мұсылман түркі халықтарының рухани-саяси бірлігін ағарту ісін реформалау және тең құқылы серіктестік құру арқылы Ресейдегі түркі-мұсылман әлемін жаңарту – Исмаилбек Гаспринский құрған жәдидшілік қозғалысын қабылдап, өрістетті. Бұл қозғалыс өз қызметінде И.Гаспринскийдің негізгі ұстанымы: түркі халықтарының тілдегі, идеядағы, іс-әрекеттегі бірлігін қолдап, басшылыққа алды. И.Гаспринскийдің идеяларын насихаттау және дамыту үшін барлық жерде саяси үйірмелер құрылды. Тек Верныйдың өзінде бұлардың саны он екі болды⁸⁴⁸.

Қазақ зиялы қауым өкілдері мұсылмандар өміріне белсене араласты. Олар Ресей мұсылмандары сиездерінің жұмысына қатысты. 1905 жылы 15 тамызда Төменгі Новгородта Бүкілресейлік мұсылмандардың бірінші сиезі ашылды⁸⁴⁹, оған 150 делегат, оның ішінде Қазақстанның далалық өлкелері мен Түркістаннан дін өкілдері қатысты. Жиында түркі халықтарының мұң-мұқтажына қатысты мәселелер талқыланды. Ресейдегі барлық түркілердің іс-әрекетін біріктіріп, елдің заң шығарушы органдарына өз өкілдерін сайлауға, олардың орыстармен тең құқылы болуына, ұлттық мектептердің ашылуына, газет-журнал, кітап шығаруға қол жеткізу, ұлттық тілдерде өзекті мәселелерді шешуді талқылау үшін мерзімді түрде шақырылатын жергілікті жиналыстар құру туралы шешімдер қабылданды.

1906 жылы 15-23 тамыз аралығында Петербургте Бүкілресейлік

⁸⁴⁶ ҚР ОМА. 369-қор. 1-т., 871-іс, 265-п.

⁸⁴⁷ ҚР ОМА. 64-қор. 1-т., 3698-іс, 19-п.

⁸⁴⁸ ӨР ОМА. И-1009-қор. 1-т., 21-іс, 33-п.

⁸⁴⁹ ӨР ОМА. И-1009-қор. 1-т., 7-іс, 17-п.

мұсылмандардың екінші съезі өтті⁸⁵⁰. Бұл бас қосуға жүз делегат қатысты, олардың ішінде қазақтардан У. Танашев, М. Смағұлов, З. Құланов, М. Оразаев, С. Жантөрин болған еді. Сиез «Иттифак-әл-Муслимин» (Мұсылман сиезі) Бүкілресейлік мұсылман саяси партиясын құрып, партияның 23 тармақтан тұратын жарғысын қабылдады. Жиын партияның Орталық Комитетін 15 адамнан сайлады, оның құрамына Ресейдегі мұсылман қозғалысының Исмаилбек Гаспаралы, Абдулрашид Ибрагимов сияқты көрнекті жетекшілерімен бірге қазақтың өкілі – Сәлімгерей Жантөрин мен Шаймерден Қосшығұлов кірді.

Партияның жарғысында мұсылмандар қоныстанған Ресей губерниялары 16 округтен тұратыны көрсетілген: Кавказ-Баку, Қырым-Симферополь, Мәскеу-Петербург, Литва-Минск, Төменгі Еділ-Қазан, Уфа губерниясы-Уфа, Орынбор губерниясы-Орынбор, Түркістан-Ташкент, Сібір-Иркутск, Дала өлкесі-Орал, Омбы облысы-Омбы, Семей облысы-Семей, Жетісу облысы-Верный, Ақмола облысы-Петропавл, Закаспий облысы-Асхабад болды. Бұлардың ішінде жетеуі Қазақстанға жатты. Осы аудандардың барлығында шағын және жергілікті жиналыстар құрылды. Жарғыда жыл сайын 15 тамызда жалпы жиналыс – съезде баяндамалар тыңдалып, өзекті мәселелер талқыланатыны айтылған.

Екінші сиез 80 тармақтан тұратын бағдарлама қабылдады. Онда діні мен тілі айырмашылығына қарамастан Ресейдің барлық азаматтарының заң алдында теңдігі туралы айтылды. Бағдарлама автономиялы құрылымдардан, соның ішінде түркі халықтарының ұлттық-мәдени автономияларынан Ресейдің федералды құрылымын жақтады. Демек, ұлттық мәселеде Мұсылман одағының бағдарламасы ерекше орын алды. Ал басқа ұстанымдары бойынша кадеттер партиясының бағдарламасына ұқсас болды.

Мұсылман қозғалысының үлкен жетістігі түркі халықтарының тілінде мерзімді басылымдардың дамуы болды. Тек татар тілінде 50-ден астам басылым жарық көрді. Бұл газеттер: «Улфят», «Вахыт», «Юлдыз», «Миллет» т.б. еді. Қазақ тілінде «Дала уәлаятының газеті», «Серке», «Қазақ газеті» газеттері шықты. Бұл баспа басылымдарының беттерінде түркі бірлігі мәселелеріне, түркі халықтарының мұң-мұқтажына, сондай-ақ патшалық биліктің бұл халықтарға жүргізген отарлау саясатының мәнін ашатын мақалалар мен түрлі материалдар жарияланды.

1906 жылы 16-21 тамызда Төменгі Новгородта Мұсылман одағының

⁸⁵⁰ ҚР ОМА. 64-қор. 1-т., 464-іс, 52-п.

үшінші сиезі өтті. Оған 800 делегат қатысты. Қазақ халқы атынан мұнда Ш.Қосшығұлов (Ақмола), Ж.Аллоңғаров (Семей), А.Қойбағаров (Жетісу), Н.Дауылбаев (Жетісу), Н.Жаппаров (Сырдария) қатысты.

Съезд жұмысына Мемлекеттік Думаның депутаты С.Жантөринде қатысты. Жиынның күн тәртібінде көптеген мәселелер қаралды, соның ішінде: білім беру және діни мекемелер туралы. Мәселелерді талқылауда қазақстандық делегаттар үлкен белсенділік көрсетті. Олар өз пікірлерін айтып, қабылданған қаулыларға елеулі толықтырулар енгізді. Съездің басында-ақ төралқа сайланды, оның құрамына қазақтардан С. Жантөрин мен Ш.Қосшығұловенді⁸⁵¹.

Мемлекеттік Думадағы мұсылмандар фракциясының жұмысына қазақ зиялылары белсене қатысты. Оны әзірбайжандық А.Топчибашев басқарды. Фракция мүшелері жеті адам болды, оның ішінде қазақтардан А. Бірімжанов, Б.Қалменов, хатшы С.Жантөрин болды⁸⁵².

Мұсылман фракциясы түрлі мәселелерді талқылады. Мәселен, 1906 жылы 4 шілдеде өткен фракция отырысында жер мәселесіне байланысты А.Бірімжанов пен Б.Қалменов сөз сөйледі. Олар жерді бұрыннан егін салып келгендерге беру керектігін айтқан. Жер қазақ халқының меншігі, өзіне қайтарылуы керек. Ал Ресейден Қазақстанға шаруаларды көшіру мәселесіне келсек, оны тоқтату керек. Осы ұсынысқа сәйкес 53 депутат қол қойған фракция, Қазақстанға шаруаларды қоныстандыруды тоқтату туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, бұл мәселе бойынша Министрлер Кеңесі төрағасының атына сауал жолдады⁸⁵³. Мұсылман фракциясы мұсылман депутаттарының баяндамаларына сұрақтар дайындады, мемлекеттік орындарға сауалдар қойды, басқа сипаттағы күрделі мәселелерді әзірлеу үшін комиссиялар құрды. Осылайша, екінші Мемлекеттік Думада мұсылман фракциясы үш комиссия сайлады: экономикалық, құқықтық және діни. Мемлекеттік Думаның депутаттары Сұлтанов, Елдарханов, Қардашевқа Солтүстік Кавказдағы діни басқарма туралы есеп беру тапсырылды. «Улфат» газетінің редакторы, Бүкілресейлік мұсылмандар одағы Орталық комитетінің мүшесі Абдурашид Ибрагимовке Түркістан өлкесінің діни басқармасының жобасын жасау тапсырылды. Дәл осындай жобаны депутаттар Бақытжан Қаратаевқа – далалық аймақтарға,

⁸⁵¹ Рустемов С.К. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: Тарих ғылымықанд. дис.– Алматы, 1997. – 64-бет.

⁸⁵² Сонда, 9-бет.

⁸⁵³ III Всероссийский мусульманский съезд. – Казань, 1906. –13-бет.

А. Топчибашевке – Закавказье, ал Рашид Мадинге – Қырым аумағынадайында тапсырылды⁸⁵⁴.

Мұсылман фракциясы өз отырыстарында мұсылман халықтарының мүдделеріне қатысты барлық мәселелерді белсенді түрде талқылады. Шығысқа, оның ішінде қазақ жеріне қоныс аудару мәселесін өткір көтерді. Сондай-ақ мектептердің ашылуы, ана тілінде газет-журналдардың шығарылуы, мұсылмандарды орыстандыру және шоқындыру саясатын тоқтату және ислам дінін еркін дамыту, барлық мұсылман халықтарының құқықтарын орыс халқымен тең серіктестік пен шынайы достық негізінде құра отырып теңестіру туралы мәселелерді қойды.

Мұсылмандардың белгілі бірлестіктерінен басқа, жер-жерде шағын топтар құрылып, олар мұсылман дінін жаңғырту, ұлттық негіздерді сақтау мәселелерін талқылап, патшалық режимге қарсы шығып отырды. Мысалы, 1908 жылы Верный қаласында мұсылман жастарының үйірмесі құрылды. Аудандық күзет бөлімінің бастығына берген баяндамадан белгілі болғандай, «Машраб» мерекелерінде мұсылмандардың жиналатын әдет-ғұрыптарының артына жасырынған үйірме пайда болған. Олардың өз ішінен төраға (ақсақал), басқарма мүшелері және қазынашы сайланған. Кейбір жайттардың анық-қанығын анықтау үшін бұл үйірмеге бақылау орнатылды. Солардың ішінде: «Олар Машрабтарда бірде-бір кітап оқымады ма, мұсылмандықтың бірлігіне қатысты баяндамалар жасамады ма?» деген сұраққа жауап беру қажет болды⁸⁵⁵. Панисламистік қозғалыстан қорыққан полиция билігі жаңадан пайда болған мұсылман бірлестіктерін қадағалап отырды.

Жетісу облысы Верный қаласының іздестіру орталығы бастығының 1913 жылғы құпия рапортында мұсылмандар үйірмесі құрылғаны хабарланады. Бұл бірлестікті «халыққа шексіз ықпалдары бар» молдалар Ілияс Ізнабакиев пен Қабылжан Маланқұлов басқарған⁸⁵⁶.

Полиция қызметкерінің айтуынша, «үйірме өз алдына Император ағзам мен жалпыорыс билігінің беделін түсіруді мақсат етіп қойған». Тергеу барысында үйірме мүшелерінің мешіттерде императордың портреттерін қоюға қарсы жалпыхалықтық уағыздар жүргізгені белгілі болды. Олар сондай-ақ ықпалды адамдарды аралап, оларға портреттер туралы бұйрықтың дінге қарсы шабуыл екенін түсіндірді,

⁸⁵⁴ Из Государственной Думы // Тургайская газета. – 1907. – 27 мая

⁸⁵⁵ ОР ОМА. И-467-қор. 1-т., 51-іс, 9-10 пп.

⁸⁵⁶ ОР ОМА. И-467-қор. 1-т. 12-іс. 4-п.

өйткені «мұның ақыры православиелік иконаларды мешіттерге әкелу және мұсылмандарды христиандықты мәжбүрлеп қабылдау туралы бұйрыққа әкелуі мүмкін. Осы үйірмеге қатысушылардың бірі Пірімқұл Әбдірахманов тыңдаушыларды бірігіп, дін қорғау жолында жан беруге, демек қарулы қарсылыққа шақырды»⁸⁵⁷.

Үйірме қызметі тек қала шекарасымен шектелмей, ол бүкіл Жетісу өңіріне дерлік тарады. Нарыннан келген сот приставының хабарлауынша, мұсылман халқының бір бөлігі «Романовтар әулетінің 100 жылдығын тойлау күндері халыққа таратылуы тиіс император ағзамның портреттерін» қабылдаудан бас тартқан⁸⁵⁸.

Патшаның портретін ілуге құлықсыздық тек шарифаттың бұзылуына байланысты емес сияқты. Оның түп-тамыры тура патшалық жүргізген саясатта жатыр еді. Онымен байланысты нәрсенің барлығы қазақтардың наразылығын туғызды. Біздің ойымызша, егер жергілікті билік тәжірибе жасап, қазақ батырларының немесе құрметті адамдарының портреттерін ілуді ұсынса, реакция мүлдем басқаша болар еді. Алайда билік жергілікті халықтың әрекеттерінің шынайы себебінің байыптарына бармастан, мұндай қарсылықтарды қазақтардың жақсылықты білмеушіліктерінен деп қабылдады.

Патша үкіметі қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен жерлерін бір Түркістан генерал-губернаторлығына біріктіріп, онда тұратын халықты ынтымаққа итермеледі. Байырғы тұрғындар жаулап алумен келген қиыншылықтарды бірдей көрді. Оларда отаршылдыққа қарсы күрестің бірдейміндеттері, бірдей мақсаттары және бірдейжолдары пайда болды. Қазақтар сияқты Түркістанды мекендеген халықтардың ішінде азаттық жолын іздеген, өз тұлғалары пайда болды. Мысалы, өзбек халқы өзінің ағартушы, реформаторы, саясаткері, Өзбекстан тәуелсіздігі үшін күрескері болған Махмудқожа Бехбудиді күні бүгінге дейін еске алып, құрмет тұтады.

Махмудқожа Бехбуди 1874 жылы дүниеге келген. 6-7 жасында Құран негіздерін меңгерген. Кейін араб тілінің грамматикасы, математика, заң негіздері, логика, филология пәндерінен дәріс алған. 1910 жылы Бехбуди Бұқара медресесін бітіріп, мүфти атағын алады. Ол өз халқының прогрессивті дамуын саяси жағдайының түбегейлі өзгеруінен, тәуелсіздік алуынан көрді. Бірақ тәуелсіздікке, М.Бехбудидің көзі жеткендей, күрессіз жету мүмкін емес: «Тең құқықтарды алу қажет, бірақ оның оңай берілмейтінін білу керек. Біз мұсылмандар, әсіресе түркістандық мұсылмандар, біздің дініміз бен ұлтымызғаешкімнің

⁸⁵⁷ ӨР ОМА. И-467-қор. 1-т. 12-іс. 4-п.

⁸⁵⁸ Сонда, 5-п.

қысым жасамауын, шектемеуін қалаймыз, бірақ ешкімнің тәуелсіздігіне қауіп төндіруге ниетіміз де, пиғылымыз да жоқ»⁸⁵⁹. Болғаны 45 жас, қысқа, бірақ жарқын өмір сүрген М.Бехбуди басқа діни қайраткерлермен бірге отаршылдық езгіге қарсы күреске үлес қосты.

Қазақстанда патшалық Ресейдің отаршылдық билігінің күшеюі нәтижесінде оның ең сауатты әрі саналы бөлігі ретінде жергілікті халықтың, әсіресе, діни қызметкер молдалардың, ишандар мен қазылардың наразылығы күшейіп келе жатты. Жердің тартып алынып оларға шаруалардың қоныстандырылуы, өлкенің табиғи байлықтарының талан-таражға салынуы, алым-салықтар салу халықтың наразылығын туғызды. Рухани өмірде: ислам дініне қысым жасау, мұсылмандық мектептерге тыйым салу және қазақтарды орыстандыру, христиандандыру мақсатында орыс мектептері мен православиенің дамуы да қазақтардың наразылығын арттыра түсті.

Мұсылман діни қайраткерлері орыс отаршылдығына ашық, батыл қарсы шығып, дінді, ұлттық мәдениет пен тілді сақтап, дамыту үшін халықты отаршылардан азат болуға шақырды. Олар астыртын ұйымдар құрды, хаттар (прокламациялар) жазды, ықпалды адамдармен байланыс жасауға ұмтылды, мұсылмандық саяси қозғалысқа белсене қатысты. Бұл қозғалыста қазақ халқының азаттық, тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресіне жетекшілік еткен қазақ ұлт зиялылары да белсенділік танытты.

Олар ислам дінін қорғады, бұл оның ұлттық дәстүрлерді, өнегелік нормаларды сақтаудағы рөлін мойындау, сондай-ақ православиелік уағыздаушылардың миссионерлік қызметін жандандыру мақсатында исламды қудалауға бағытталған үкімет әрекеттеріне наразылық көрінісі еді. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы бөлігін оның әртүрлі топтарының өкілдері: Ақан сері, Абай Құнанбайұлы, Мұса Шорманұлы, Салық Бабажанов, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышпаев т.б. құрады. Олардың барлығы миссионерлік қызметке қарсы болған және мұсылман дінінің тағдырына алаңдаушылық білдірген. Бұлардың көпшілігі қазақ зиялыларының қатарына жатты. Шығармаларында қазақ елін толғандырған көптеген мәселелер көтерілді. Оларға мынадай мәселелер жатты: жер, орыстандыру, ана тілінің тағдыры, сауаттылық жағдайы, христиандандыру, имандылық, отаршылдық саясатқа наразылық,

⁸⁵⁹ Алимова Д., Рашидова Д. Махмудходжа Бехбудий и его исторические воззрения. – Ташкент, 1998. –С.17.

мемлекеттік құрылыс, сот ісі және т.б. Кейбір мәселелер бір-бірімен аралас және өзара байланысты болды. Мәселен, қазақ жеріне орыс қоныстанушыларын орналастыру үрдісін діни өмірге жасалған шабуылдан бөліп көрсету мүмкін емес еді.

Патшалықтың міндеті жері жоқорыс шаруаларына жер телімдерін бөліп беру ғана емес еді. 1912 жылы Мемлекеттік Думаның депутаттарына жазған ашық хатында Ә.Бөкейхан «Қоныс аудару басқармасы қырғыз даласындағы мемлекеттік жерді «барлық таптағы» адамдарға бөлу мәселесімен ғана емес., сондай-ақ қырғыз халқын православиелік христиан догмасын қабылдауға даярлаумен де айналысады», – деп жазды⁸⁶⁰. Мысал ретінде Ә. Бөкейхан жерге орналастырушы басшылыққа алатын құжаттарды келтіреді. Олардың негізгі мазмұны қазақ-орыс аралас қоныстар жасақтауғасаяды. Бұл шараларды жүзеге асыру міндетті, себебі «Қасиетті Синод бойынша Далалық облыстар мен Түркістан өлкесінің қырғыз халқын православиелік христиандық ілімді қабылдауға жақындатылуы мүмкін». Синодтың мұндай әрекеттері Ә. Бөкейханмен қазақ қоғамыныңнаразылығын одан бетер күшейтеді, себебі 1905 жылғы 17 сәуірдегі патша Жарлығынан кейін «Қасиетті Синод 5 миллиондық қырғыз халқының шаруашылық өміріне қысым жасау формасы арқылыбасқа діндегілер сенімдеріне араласуды мүмкін деп табады»⁸⁶¹. Бұл шіркеу мен миссионерлердің православие дінін тарату үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануының тағы бір мысалы. Өз кезегінде қазақ зиялы қауымының өкілдері де мұндай әрекеттерді назардан тыс қалдырмай, қарсылық білдірді.

Сауатты қазақтар құрастырған, жергілікті халық өз мұң-мұқтажын білдірген петициялардыкөрсетілген жерлерге жеткізу қажет еді. Петерборға петициялар жолдау арқылы қазақтар өз мәселелерінің жоғарғы жақтан шешілетініне үміттенді. Бірақ жаңа мәселелер детуындап отырды, өйткені пошта қызметкерлері мұндай хаттарды алудан бас тартатын. Ә.Бөкейхан бір өтініштің өзін жүздеген верст қашықтыққа алып жүруге тура келген жағдайды да келтіреді: «Олар оны ең жақын қалаға (400 верст) апарды, ол жерде де жағдай қайталанды, тек келесі қалада (760 версттен ары) ғана пошта ақыры мейірім танытып, пакетті қабылдады»⁸⁶².

Қазақтың алғашқы жарлықтарының бірі ретінде Ә.Бөкейханның «Қырғыздар» мақаласында атап өтілген парақшаны (листовка)

⁸⁶⁰ Ә. Бөкейхан. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиялары, 1993. – 409-бет.

⁸⁶¹ Сонда, 409-бет.

⁸⁶² Сонда, 406-бет.

жатқызуға болады. Бұл үндеу 1902 жылы гектографта басылып, далаға кеңінен тарады. Ә.Бөкейхан былай деп жазады: «Осы алғашқы қырғыз үндеуінде авторлар араб және қырғыз тілдерінде Алаш баласын Ресей билігінің дін исламға қол сұғу және қырғыз халқын «шаруа» табына айналдыру, православие дініне өткізу әрекеттеріне қарсы бір кісідей көтерілуге шақырды»⁸⁶³. Үкіметтің исламға қысым жасау шаралары патшаның қазақтардың дініне қатысты теріс саясаты туралы пікірлердің дұрыстығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ұлттық интеллигенция өкілдері бірігуінің нәтижесі мағыналы петициялардың бірі – 1905 жылғы 25 маусымдағы Қарқаралы петициясының пайда болуы еді. Бұл орыс патшалығы мен қазақ қоғамы арасындағы текетірес тарихындағы жалғыз хат емес болатын. Мұндай өтініштер оның алдында, одан кейін де жасалды. Талаптары да әралуан болды. Қарқаралы петициясын ерекшелейтін сипаттары – шындықтың егжей-тегжейлі көрсетілуі, қойылған талаптар және оған қойылған 12767 қолдар саны болып табылды⁸⁶⁴. Дала өлкесінде барлығы кемінде 25 мың адам түрлі петицияларға қол қойды. М.Тынышпаев жазғандай: «Енді генерал Сухотиннің бүкіл қырғыз халқын Сібірге жер аударып, елсіз далада өзі ғана патшалық етуден басқа амалы жоқ»⁸⁶⁵.

Қарқаралы петициясы Министрлер Кеңесі төрағасының атына жазылды. Оның негізгі тұстары Қазақстандағы патшалықтың діни экспансиясын көрсетеді. Алғашқы жолдарының өзі патшалық биліктің қазақ халқының рухани өмірін қысымдауға бағытталған саясатын айшықтай түседі: «Орыстандыру саясаты арқасында қырғыздар соңғы кездері өз діни-рухани істерінде шектелгендіктері сонша, олар әкімшілік рұқсатынсыз еш қадам жасай алмайды. Мешіт салуға, мұсылман мектептерін ашуға, Меккеге қажылыққа баруға және т.б. рұқсат беру немесе бермеу құқығы әкімшілікке заңмен берілген»⁸⁶⁶. 11 тармақтан тұратын Қарқаралы өтінішінде діни қайраткерлерді босату, діни басқарма құру, цензураны жою, оқытушылыққа рұқсат ету, газет шығару, іс қағаздарын ана тілінде жүргізу, заң шығару жиналысына қазақ халқынан шыққан депутаттардың қатысуы сияқты талаптардан тұрды⁸⁶⁷.

⁸⁶³ Ә. Бөкейхан. Тандамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиялары, 1993. – С.74.

⁸⁶⁴ ҚР ОМА. 64-қор. 1-т., 2053-іс, 55-п.

⁸⁶⁵ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С.27.

⁸⁶⁶ ҚР ОМА. 64-қор. 1-т., 2053-іс, 55-п.

⁸⁶⁷ Сонда, 55-58 шп.

Қарқаралы петициясының мазмұны М.Тынышпаев құрастырған қазақтарға діни істерде еркіндік беру талаптарымен үндес. Ол қажет деп санаған талаптар:

«а) қырғыздардың барлық діни-рухани істерін әртүрлі әкімшілік мекемелердің құзырынан алып тастау және оларды қырғыз мүфтиі басқаратын арнайы қырғыз діни басқармасына беру және мүфтидің кез келген әкімшілік мекемелерден, миссионерлік қоғамдардан тәуелсіз болуы; ә) Ресей билігінің рұқсатынсыз мешіттер, намазханалар, медреселер салу; б) қырғыз, араб, татар тілдеріндегі діни кітаптарға цензураны жою; в) метірке журналдарын қырғыз діни басқармасы бөліміне тапсыру; г) әкімшіліктің көмегінсіз миссионерлерге қарсылықтар білдіре алу және ашық пікірталастар жасау»⁸⁶⁸.

Осы талаптарды салыстыра отырып, Қарқаралы петициясын дайындауға, сірә, ұлт зиялылары қатысқан деген қорытынды жасауға болады. Оған М. Тынышпаев әзірлеген талаптардың негіз болғанын жоққа шығаруға болмайды, себебі олар 1905 жылдың 20 маусымында, яғни Семей облысы Қарқаралы уезі қазақтарының петициясы шығуынан бес күн бұрын пайда болған. Басқа да түсініктемесі бар сияқты. Олар бір-бірінен тәуелсіз құрастырылуыда мүмкін. Себебі қасірет біреу ғана. Яғни қазақтарды отарлау саясатын жүргізген патшалық Ресейдің үстемдігі болды.

Мұсылман дініне қысым көрсету діни қайраткерлер наразылығының күшеюіне себеп болды. Олардың ішіндегі отансүйгіш азаматтардың өз халқын орыс езгісінен азат ету әрекеттері қымбатқа түскен еді. Олардан құтылуға тырысқан жергілікті билік оларды Сібірге жер аударды. Ә.Бөкейхан мұсылман қызметкерлерін қудалап жер аудару халықты ашуландырып, қалыптасқан жүйеге одан сайын қарсы қояды деп есептеді. Ұлттық зиялы қауым өкілдері өз істерімен азаттық пен тәуелсіздік үшін күрес мақсатында біріккен дін қайраткерлерін қолдады.

Орта Азия мен Қазақстандағы патшалық отарлау саясатының қасіретті салдары қоғамның прогресшіл бөлігін аландатып, олар осы сынға жауап берудің жолдарын іздестірді. Олардың қатарында ұлт зиялылары, қарапайым еңбекшілер, дін қызметкерлері, қазақ байлары да болды. Бірақ тарихты зерттеудегі таптық көзқарас қоғамның аталған қабаттарын шектеп келді. Мәселен, «Историк-марксист» журналында белгілі кеңестік тарихшылар С.Брайнин мен Ш.Шафино былай деп

⁸⁶⁸ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 16.

жазды: «Алаш қозғалысын идеалдандыруға қарсы күресте толық табыстарға жету марксист-зерттеушіден жетекші топ ішіндегі қозғалыс пен Қазақстандағы шын мәніндегі бұқаралық ұлттық-революциялық қозғалыс арасында лениндік шектеуді талап етеді»⁸⁶⁹. Осы ұстанымды кеңестер елінің барлық тарихшылары ұстанды. Кейін осы ұстаныммен «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің мүшелерін ғана емес, олардың ұйымдарының халыққа қарсы делінген сипатына жаны ашитындарды да «халық жауы» ретінде айыптау қиынға соққан жоқ еді.

Панисламизм, пантүркизм, пантүранизм – бұл ұғымдардың барлығы мұсылман және түркі халықтарының бірігуіне қатысты анықтама болып табылды. Мұстафа Шоқай – қазақ халқының патшалық отарлау саясатына қарсы күресінде белгілі қайраткерлердің бірі, сонымен қатар түркі халықтарының бірлігін қолдаушы әрі насихатшысы болды. Түркі халықтарының бірлігіне ұйтқы болған факторлардың бірі ретінде ол Орта Азия мен Қазақстандағы патшалық саясатты есептеді.

Күштерді біріктіруге себеп болғантағы бір жайт бар. Біздің ойымызша, Орта Азия мен Қазақстанның байырғы халқын «түземдіктер» деп атаған орыстардың өздері де арандатып жіберген тәрізді. Кейде кеңестік кезеңге дейінгі құжаттарды немесе басылымдарды оқи отырып, «түземдік» деген ұғымұшырасқанда, оның кімдер туралы екенін білуге тырысасыз: қазақтар ма, өзбектер, қырғыздар, әлде басқалары ма. Демек, орыстардың өзі мұндай ұғымның салдарына бойламай, ұлт көсемдерін түркі халықтарын біріктіруге қарай итермелегені анық.

Осылайша, мұсылман діни қайраткерлері, қазақ зиялы қауымы және қазақ қоғамының басқа да алдыңғы қатарлы өкілдері шіркеу мен миссионерлерге қарсы шығып, ата-бабаларының сенімі – ислам дінін сақтап қалды. Олар өз қызметінде бейбіт күрес жолын таңдап, қазақтарды жаңа құрбандықтардан қорғады. Олар самодержавие мен оның отарлаушы аппаратының қысым жасау және құдалау саясаты халықтың рухани дамуына кедергі болатынын көрді. Жоғарғы деңгейдегі білімді жандардың қауіпті екенін түсінген шенеуніктер оларға көптеген тосқауылдар жасады. Кейбірін өз пікірлестерінен алыстатты, кейбірі түрмеге жабылды, басқаларын жағымсыз теңеулермен марапаттап сенімсіздер тізіміне енгізді. Мұндай шаралардың барлығы

⁸⁶⁹ Брайнин С., Шафиरो Ш. Против идеализации и упрощенческого понимания исторического прошлого алашского движения // Историк-марксист. – 1934. - № 2 (36). – С.68.

ақырында дәрменсіз болып шықты. Соған қарамастан қазақтар исламды сақтап қалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің зерттеуіміздің тарихи кезеңі қазақтардың мемлекеттілігінен айырылуынан бастап, большевиктер елінің құрамына енгізуге дейінгі көптеген оқиғаларды қамтыды. Сонымен бірге бір нәрсе өзгеріссіз қалды – Ресей империясының орнына коммунистік билік келді. XIX ғасыр көшпенділердің өміріне түбегейлі өзгерістер әкелді. Басқарудың жаңа жүйесі, аумақтық өзгерістер, дәстүрлі шаруашылықтың бұзылуы, қазақ жеріне бөтеннің көптеп келуі, байырғы халықты басып-жаншу, наразылықтар мен қарсылық білдіру, оларды басу және тағы басқалар. Өткеннің аталған беттерін зерделеуде тарихшылар үлкен жұмыстар атқарды. Алайда оның жеке мәселелері тарих ғылымында тиісті түрде қамтылған жоқ. Сондықтан бұл еңбекте халықтың рухани, құрамдас бөлігіне қатысты мәселелерді қарастыруға әрекет жасалып отыр. Солардың бірі – дін. Қазақтар арасында жаңа дінді таратуға баса мән берілген. Сонымен қатар ислам және христиандық сияқты әлемдік конфессияларға ешқандай қатысы жоқ діни ілімдерді насихаттауға көңіл бөлінеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы мұсылман және православие миссионерлерінің қызметін зерттеу қазіргі заманғы дін таратушылармен бірлесіп кітапта көрініс тапқан көптеген ортақ белгілерді анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар миссионерлердің қол жетімді арсеналынан тұратын бірқатар айырмашылықтар атап өтілді. Егер патша заманында, негізінен, православиелік уағыздаушыларға барлық жағынан қолдау көрсетілсе, қазіргі уақытта басқа діндердің өкілдері өз жақтастарын көбейтуге мүмкіндік алды. Қарастырылып отырған уақытта, тіпті ислам дініне де қайта-қайта қысым жасамауға тырысты. Бұл тәсіл, бір жағынан, бұратана халықтың наразылығын болдырмау мақсатында түсіндірілсе, екінші жағынан, пұтқа табынушылықты ығыстыру үшін қолданылды. Бұл мәселе басылымның жеке тарауында талқыланды.

Отаршылдық әкімшіліктің қолдауымен православиелік уағызшылардың шабуылдауы мен агрессивтілігі мұсылман діни қызметкерлерін өздерінің діндестеріне көбірек қамқорлық жасауға мәжбүр етті. Бұл жағдайда діндарлардың діни сезімдерін әр түрлі

құралдармен қолдау және нығайту маңызды болды. Олар түрлі қайырымдылық істерімен қалың бұқараны өзіне тартты. Православие Патшаның діні болды және оған ешқандай қауіп болған жоқ. Қысымға ұшыраған ислам мүлдем басқа жағдайда болды. Көптеген ғасырлар бойы халықтың рухани өмірінде жетекші рөл атқарған патша билігінің мұсылман дініне қатысты саясаты мұсылмандардың наразылығын тудырды. Биліктің исламды қудалауы мұсылмандардың бірігуі мен ұйымдасуына себеп болды. Қазақ қоғамындағы мұсылман діні ұлттық бірегейлікті сақтаудың символына айналды.

Дегенмен зерттеу барысында жоба қатысушылары православиелік миссионерлер өз қызметі барысында ислам мен оның жақтастарын кемсітуге тырысты деген қорытындыға келді.

Миссионерлердің қызмет аясымен ғана шектелу дұрыс болмас еді. Кітапта қазақтардың ғана емес, басқа да мұсылман халқтарының өкілдерін сипаттайтын мұсылман халқының күнделікті өміріне жеке бөлім берілген. Отбасы, неке, мұсылман дінбасыларының жағдайы, мұсылмандардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары біздің жұмысымызда деректі материалдарды қолдану арқылы көрініс тапты. Миссионерлер үшін Құдай сөзін жеткізуге тура келетін адамдардың өмірі туралы түсініктің болуы маңызды болды. Алынған ақпарат уағызшылардың жұмысын жеңілдетті.

Мектептер мен медреселерде оқыту қалай жүргізілді, оқушылар мектеп қабырғасында қандай білім алды, мұсылмандық білім беру жүйесіндегі кемшіліктер, қиындықтар – осының бәрі болашақ жас жақтаушылар туралы түсінік қалыптастырды. Кез келген әлсіз буын миссионерлердің қолайлы болды, олардың жұмысына көмектесті.

Православие уағызының жолында мұсылман діни қызметкерлері тұрды. Христиандандыру саясатын жүзеге асыру барысында мұсылман мешіттері мен мектептері жабылып, молдалар қудаланды. Қазақтар ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тамырлардан: әдет-ғұрыптардан, салт-дәстүрлерден алшақтап, оларға орыс өмір салты күштеп енгізілді. Нәтижесінде қазақтардың дербес ұлт ретінде өмір сүруіне қауіп төнді.

Осының бәрі қазақ халқының санасы мен жүрегінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұйытқысын арттырды. Сөз сөйлеулерде мұсылман дінбасыларының шынайы қызметшілері: молдалар, ишандар, қазылар халықтың сауатты, саналы бөлігі ретінде ерекше орын алды. Орыс идеологтары патшалық саясатқа наразылық

білдірген мұсылман қызметшілерін барлық амалдармен әшкерелеуге тырысты. Дәл осындай өкілдерге олар күнәлардың барлық түрлерін жатқызуға тырысты.

Сауатты қазақтардың орыс тілін жақсы меңгеруі жағымсыз салдарға әкеп соқтырды. Бұл туралы православиелік миссионерлер ренішпен атап өтті. Молдалардың орыс тілін білуі, оған қоса, христиандық теологиялық кітаптарды зерттеп оқуы православие дінін уағыздаушыларға зиянын тигізіп, олардың жұмысының тағдыры үшін үлкен алаңдаушылық тудырды.

Жұмысымыздың бір параграфына арқау болған мұсылман діни қызметкерлері мен отаршыл әкімшілік арасындағы текетірестен құтылу оңайға соқпады.

Ресей империясының қазақ жеріне ілгері жылжуымен православие дінінің одан әрі таралуы орын алды. Казактармен, патша шенеуніктерімен және шаруалармен бірге Орыс Православие шіркеуінің қызметшілері де қоныс аударушылардың жалпы ағымында өз орнын алды. Олар өз діндарларын қараусыз қалдырмастан, қазақтарды православие шіркеуінің аясына тартуға тырысты. Шоқындыру рәсімінен өткен шіркеу қызметкерлерінің санын көбейту мәселелерін шешуге объективті қиындықтар кедергі болды. Шіркеу рәсімдері мен құдайға құлшылық ету қызметтері арнайы салынған ғимараттарда орындалды. Ғибадатханалардың қызметшілері қызметін тастап, ұзақ уақытқа кете алмады. Православие дінін насихаттау үшін, қазақтардың көшпелі өмір салтын ескере отырып, мобилді күштер құру қажет болды. Миссионерлер көшпенділерді православие дініне тарту бойынша қиын жұмысты қолға алды.

Кейбір қазақтардың православие дінін қабылдауының себептерінің бірі – қоныс аударушылардың бұратана халыққа деген жағымсыз көзқарасы болуы мүмкін. Шенеуніктер мен шіркеу қызметшілері орыс шаруаларының байырғы тұрғындарға немқұрайлы, тәкаппар, кейде тіпті қатыгездікпен қарағанын байқады. Жергілікті биліктің кейбір өкілдері мен діни қызметкерлер өздерінің қамқорлығындағы адамдардың қатты өзгеруіне шын жүректен таңғалды: туған жерінде мейірімді, түсіністікпен қарайтын олар жат жерде өздерін басқаша кейіпте көрсетті. Олармен тығыз қарым-қатынаста болу, діндес болу өздеріне деген олардың көзқарастары жыли түседі деген үміт қазақтардың неофитке айналуына әсер еткен болуы мүмкін.

Жобаға қатысушылар бастапқы кезеңде, уағызшылар пайда болғанға

дейін, христиан дінін, негізінен, бұратана халықтың діни көзқарастарына қол жетімді тәсілдермен әсер етуге тырысқан бейбіт тұрғындар жүргізгенін көрсетті. Жаңа дінге алғаш тартылған қазақтардың қатарында шекаралас аймақтардың тұрғындарына қызмет еткен жұмысшылар болды. Бірақ өз жұмыстары барысында, миссионерлер қазақтармен жақынырақ танысып, олардың көзқарастарын, өмір ерекшеліктерін пайдалануға тырысты. Бүкілресейлік православиелік миссионерлік қоғамның құрылуы, Қазан діни академиясында мұсылман дініне қарсы факультеттің ашылуы христиандандыру ісі үшін маңызы зор болды. Әсіресе оқу орны студенттерінің бітіру жұмыстарының жариялануы пайдалы болды. Мысалы, түлектердің бірі христиандық діни принциптер мұсылман діні мен пұтқа табынушылыққа түбегейлі қарама-қайшы екенін атап көрсетті. Ол шоқындыру рәсімінен өткендердің санасында оларды байланыстыратын сенімге деген бұрынғы көзқарасты жою және оның орнына христиандық түсініктерді шығару және нығайту қажет екенін атап өтті. Тәжірибелі және ақылға қонымды тәлімгерлер шоқындыру рәсімінен өткендерге, әсіресе, олардың балаларына христиандықтың мәні немесе рухы неде екенін шабыттандыруы керек болды. Бұл ретте тәлімгерліктің ұзақ уақыт, тұрақты түрде жалғасуы қажет болды. Қазақтарды православиеге тарту әдістері кітапта жеткілікті түрде көрініс тапты.

Генерал-губернаторлар мен басқа да ресейлік шенеуніктердің, Құдай сөзін уағыздаушылардың, орыс православие шіркеуінің қызметшілерінің есептерінде және басқа да деректі материалдарында қазақтарды шоқындыру рәсімінен өткізудің әртүрлі тәсілдерін ашатын көптеген дәлелдер бар. Православие дінін қабылдау әдістері уағыз айту үшін қолайлы сәттерді тауып, пайдалану мақсатында қазақтардың өмір салтының ерекшеліктерін, олардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін ескерді.

Зерттеудің нәтижелері шаруалардың жаппай қоныс аудару кезеңінде сектанттықтың өсуіне қарсы мақсатты күрес жүргізілгенін көрсетеді. Қазақстан тарихнамасында осы мәселеге арналған жұмыстар жеткіліксіз, аз. Сондықтан оны зерттеу ғылыми жұмыстың міндеттерінің бірі болды. Көптеген деректі материалдарды өңдеу православиe дінбасылары мен басқа діндердің, әсіресе жікшілдердің діндарлары арасындағы қарама-қайшылықтың себептерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұрын атап өткеніміздей, орыс діни алауыздығының тарихи очеркіне берілген алғысөзде «жікке бөліну» сөзінің мағынасы

көрсетілген. Жікшілдің сыртқы сипаттамасы мен мінез-құлқы: «ең өрескел надандық, сақал, шекпен, шіркеу дінбасымен ұрыс-керіс және шенеунікпен қағаз жүзіндегі соғыс». Бұл сипаттама шіркеу қызметшілерінің, миссионерлер мен шенеуніктердің құжаттарында кездесетін жікшілдің бейнесіне толық сәйкес келеді. Жаңа ортаға тап болған орыс қоныстанушылар шіркеу мен үкіметтің қолдауын әрдайым сезінбеді. Бұл көбінесе православиеден бас тартуға себеп болды. Қазақтармен көршілес тұрған жікшілдер мейірімсіз орыс адамының кейпінде болды және православие уағызына үлкен зиянын тигізді. Миссионерлер көшпелілерге деген агрессивті көзқарастарымен олардың жаңа дінге өту мәселесін шешуіне әсер еткен жікшілдердің ұнамсыз өмір салты туралы түсіндіру жұмыстарын қазақ халқы арасында жүргізді.

